Türkiye Türkçesinde sınırlı olan tasvir fiilleri Kazak Türkçesinde oldukça yaygın olarak kullanılmaktadır. Tasvirî fiiller, oluş ve kılışın tarzını bildirirler. Tasvirî fiillerin kuruluşunda mutlaka zarf-fiil ekleri bulunur.

“*Tasvirî fiilleri, birleşik fiillerin asıl fiil+zarf-fiil eki + yardımcı fiilden oluşan çeşididir*” (Ergöneneç Akbaba, 2011, s. 20).

Asıl fiil + (-MAy) zarf-fiil eki, yardımcı fiillerle birlikte kullanıldığında cümleye hareket, durum ve zaman anlamı katmaktadır. –MAy zarf-fiil ekinden sonra gelen yardımcı fiiller ise: *qal-*: 29 , *jat-*: 22, *qoy-*: 16, *quw-*: 11, *jab-*: 2 *tur-*: 23, *otr-*: 8 *bar-* 9 şeklindedir. Bu yapılarla ilgili bazı örnekler aşağıda yer almaktadır.

Men şeşemnen ölmey qalarmın... (3/9).

(Ben annemden ölmeden ayrılacağım.)

Men: Ben

Şeşe: Anne

Titıqtap äbden boldırğanda baspay qaladı (26/31).

(Yorulup, gücü kuvvetini kaybedince yere basamaz hale geliyor.)

Titıqta-: Yorulmak

Boldır-: Çelimsiz olmak, bitkin düşmek

Äbden: Çok

Ömirge qalay kelip, qalay ketkenin bilmey qalar bolsa (128/6)!

(Hayata nasıl gelip nasıl gittiğini bilmeyecek olsa!)

Ömir: Ömür, hayat

Qalay: Nasıl

Qal: Kal

Qolñ kir, moynın, kir dep talay ret Mayra meni klasqa kirgizbey quwğan (20/29).

(Kolun kir, boynun kir diye talihi düzgün Mayra beni sınıfa girdirmeyip kovmuştu.)

Talay: Felek, talih, şans

Ret: Düzen

Klas: Sınıf

Oq tiygen torğay tıyrılap uşa almay jatadı... (52/7)

(Ok saplandığında serçe pır pır edip uçamadan yatıyor.)

Oq: Ok

Tiygen-: Temas etmek

Torğay: Şerçe

Tıyrıla-: Kıpırdamak

Uş-: Uç

Küni boyı diñkeletip jetkizbey qoyğan Sarıbastaw osı edi (76/39).

(Günü boyu takatsız kalıp işe yetişemeyen Sarıbastaw bu idi.)

Diñkelet-: Takatsız kalmak, yorulmak

Oısı: Bu

Jetkiz-: Yetiştirmek, ulaşmak

Kün: Gün

Sarıbastaw: Yer adı

Bul aqıl meniñ basıma tünde uyıqtay almay jatqanda kelgen edi (50/6).

(Bu fikir benim aklıma geceleyin uyuyamaksızın yatarken gelmişti.)

Bul: Bu

Uyıqtay-: Uyumak

Aqıl: Akıl, fikir

Jat-: Yatmak

Bir-eki jırtıq körpe üstimizden jappay jabıladı (89/29).

(Bir iki yırtık battaniyeyi üzerimize örtmeden sermekte.)

Jabıl-: Kapanmak, örtülmek

jırtıq: Yırtık

Men qaşanğı tapjılmay otıra bereyin (50/14).

(Ben daha ne kadar kimildamadan oturmaya devam edeyim.)

Men: Ben

2.1.2. Zarf–Fiil Eki İşlevinde Kullanılan Birleşik Şekiller

2.1.2.1. Sıfat–Fiil Ekiyle Oluşan Birleşik Zarf-Fiil Şekilleri

2.1.2.1.1. –GAn Sıfat-Fiil Eki+Bulunma Hâli (-GAndA)

Eski Türkçe döneminde ve Karahanlı Türkçesi döneminde bu ekin varlığına rastlanılmamıştır (Gabain, 2000, s. 84). Harezmi ve Kıpçak Türkçesinde –GAndA şeklindedir. Eski Anadolu Türkçesi döneminde ise –AndA biçimindedir. Çağatay Türkçesinde “-ınca, -dığı zaman” anlamında kullanılmaktadır (Tanç, 2002, s.142).

–Gan sıfat-fiil ekiyle –dA bulunma durumunun birleşmesinden oluşan bu zarf-fiil ekinin, metinden hareketle Kazak Türkçesinde yaygın olarak kullanıldığı görülmektedir.

Bu ek *Balalıq Şaqqa Sayaxat* adlı metninde tek başına ve yardımcı fiillerle birlikte kullanılmıştır. Türkiye Türkçesinde tam karşılığı bulunmamaktadır. Ancak –Dığında zarf-fiil ekiyle aynı işlevde kullanılmaktadır. Türkiye Türkçesinde seyrek olmakla beraber -İlkçA, -ken ve –İnca zarf-fiil ekleriyle de karşılanmaktadır.

Metinde –GAndA zarf-fiil eki 96 adettir.

Bu zarf-fiil eki cümlelerde genel olarak zaman anlamı verir.

Äbden üstinen basar bolğanda tız etip bir-aq uşadı (7/9).

(İyice üstüne basılacağı esnada sıçrayıp uçuverirdi.)

Äbden: Çok, iyice

Biraq: Ama, fakat, lakin

Sosın, sen uzay bastağanda tağı da sayrap jöneledi (7/11).

(Sonra sen ondan uzaklaşmaya başlayınca ola o ötmeye başlıyor.)

Sosın: Sonra

Uza-: Uzaklaşmak

Tağı: Ve, bundan başka

Sayra-: Ötmek

Öskende Sağatbayğa uqsap muğalim boluwdı armandadım (13/20).

(Büyüdüğümde Sağatbay gibi öğretmen olmayı arzuladım.)

Uqsa-: Benzemek

Arman: Hayal

Soğıs bastalğanda Qojaqan özi tilenip maydanğa attanğan edi (17/32).

(Savaş başladığında Kocakan kendi isteğiyle meydana gitti.)

Soğıs: Savaş

Tilen-: Dilemek, istemek

Maydan: Meydan

Bir müyizi talıp, ekinşi müyizine awıstırğanda jer silkinedi (25/1).

(Bir boynuzu yorulup ikinci boynuzuna geçtiğinde adeta yer silkiniyordu.)

Müyiz: Boynuz

Tal-: Yorulmak

Awıstır-: Geçmek

Aspanniñ jarqırap kele jatqanın körgende köñildi tağı da qayğı bultı basadı (28/19).

(Gökyüzünün git gide aydınlanmakta olduğunu görünce gönül dağını da endişe bulutu kaplıyor.)

Aspan: Gökyüzü

Kör-: Görmek

Bult: Bulut

Köñil: Gönül

Tağ: Dağ

Osı quşaq turğanda men başka eşteñeni de arman etpeymin (33/8).

(Bu kucağına aldığı zaman ben başka hiçbir şeyi de arzu etmiyorum.)

Quşaq: Kucak

Arman: Hayal, arzu

Anketa toltırğanda qoldarı dirildep, jürekteri tolqıp turadı (34/19).

(Anket doldururken zaman elleri titreyip, kalpleri küt küt atar.)

Toltır-: Doldurmak

Qol: El

Jürek: Kalp, yürek

Keyin latin ärpine köşkende onu özdiginen meñgerip, bilip alğan (38/24).

(Sonra Latin harflerine geçilince onu kendiliğinden öğrendi.)

Keyin: Sonra

Ärpi: Harf

Meñger-: Bir işi ayrıntılarıyla öğrenmek

Sümbeden Böpke apam kelgende maqtanıp aytıp otırsın (40/1).

(Sümbe'den, Böpke ninem gelince övünüp anlatıp dursun.)

Maqta-: Övmek

Men üyelerine barğanda onıñ janı qala ma (40/6)?

(Ben evlerine varınca onun canı kalır mı?)

Bar-: Varmak

Jan: Can

Mektepten qaytqanda aştıqtan közim qarawıtıp, buralıp, üyge zorğa jetem (50/36).

(Okul dönerken açlıktan gözlerim kararıp, bunalıp, eve zorlukla ulaşıyorum.)

Mektep: Okul

Aştıq: Açlıktan

Köz: Göz

Bural-: Dönmek

Jet-: Varmak, ulaşmak

Oısı sözdi aytqanda jartı jasım qurıp ketkendey boladı (60/27).

(Bu cümleleri söylerken yarı yaşımdan olur gibi oluyorum.)

Oısı: Bu

Jartı: Yarı, buçuk

Qur-: Kurmak, yapmak

Mısıq ta quwa kirmek bolğanda, bası bäteñkege keptelip şığa almay qaldı (63/1).

(Kedi, kovaya girmek isteyince bota sıkışıp bir türlü çıkamadı.)

Mısıq: Kedi

Quwa: Kova

Bäteñke: Bot

Ot janğanda qañiltır peş qızıp ketedi de, terleydi (64/18).

(Ateş yanınca teneke soba birden ısını veriyor ve terliyor.)

Ot: Ateş

Qañiltır: Kalın, teneke

E, jaqsı boldı, şeşem ölgende men de östip julayın degen oymen üyden şıqtım (65/26).

(*Ee, iyi oldu, annem ölünce ben de böyle ağlarım gibi düşüncelerle evden çıktım.*)

Jaqsı: Güzel

Östi-: Böyle yapmak, böyle etmek

Jılayın: Ağlamak

Oymen: Düşünce

Üy-: Ev

Atam ıza bolğanda, qulaqtan sozatin (95/30).

(*Dedem kızmaya başladığında kulakları kızarıyor.*)

Qulaq : Kulak

İza-: Kızmak

Özgeler sabaqpen bas qatırıp jatqanda biz tağı da länği oynap, jetisip qaldıq (127/7).

(*Başkaları dersle meşgul olup dururken, bizde langi oynamak için koşup geldik.*)

Özge: Başka

Sabaq: Ders

Ol kele jatqanda balalar jarılıp, jol berip turadı (131/17).

(*O gelirken çocuklar iki yana açılarak yol veriyorlar.*)

Jarıl-: Yarılmak

Arada bir minut ötkende men tergewşiğe barlıq şınımdı ayttım (135/32).

(*Aradan birkaç dakika geçince ben sorgu hakimine tüm gerçeği anlattım.*)

Minut: Dakika

Tergewşi: Sorgucu

Barlıq: Hep, tüm, bütün

Şın: Doğru, gerçek

Bul xabardı estigende meniñ arqa-basım şımırlap ketti (140/24).

(*Bu haberi duyunca benim başıma ve sırtıma ağrı saplanı verdi.*)

Xabar: Haber

Arqa-Basım: Üstü- başı

Men alğaş kelgende öz inimdi özim tanımay qala jazdadım (140/28).

(*Ben ilk geldiğimde az kalsın kendi küçük kardeşimi tanıyamadım.*)

Alğaş: İlk

İni: Küçük kardeş

Özim: Kendim

Şeşem älginde şoşqaniñ sorpası şığar degende meniñ de denem dir ete qalğan (45/30).

(*Annem biraz önce domuz çorbası çıkacak diyince benimde tenim titremeye başladı.*)

Älginde: Az önce

Sorpa: Çorba

Şoşqa: Domuz

Dene: Beden

Böpke äjem atam tur degende birden uşıp turmaydı (87/11).

(Böpke Ninem, dedem kalk dediğinde birden uçmuş gibi uykudan kalkmadı.)

Äje: Nine

Ata: Dede

Uş-: Uçmak

Tur-: Kalkmak, Uykudan uyanmak

Qiynala turıp, äreñ degende sonı berdi (105/21).

(Eziyet etmeye devam edip güç bela bunu verdi.)

Äreñ: Zorla, güçlkle

Qiynala: Eziyet

Öldim-taldım degende keptelgen kämpit arı etkendey boldı (124/15).

(Öldüm bittim dediğim anda, boğazıma tıkanan şekerin eriyip gitmesi gibi oldu.)

Keptel-: Tıkanmak

Kämpit: Şeker

-GAndA Zarf-Fiil Ekinin Yardımcı Fiillerle Kullanımı

Türkiye Türkçesinde sınırlı olan tasvir fiilleri Kazak Türkçesinde oldukça yaygın olarak kullanılmaktadır. Tasvirî fiiller, oluş ve kılışın tarzını bildirirler. Tasvirî fiillerin kuruluşunda mutlaka zarf-fiil ekleri bulunur.

“Tasvirî fiilleri, birleşik fiillerin asıl fiil+zarf-fiil eki + yardımcı fiilden oluşan çeşididir” (Ergöneneç Akbaba, 2011, s. 20).

Asıl fiil + (-GAndA) zarf-fiil eki, yardımcı fiillerle birlikte kullanıldığında cümleye zaman anlamı katmaktadır. -GAndA zarf-fiil ekinden sonra gelen yardımcı fiiller: ol-: 27'dir. -GAndA zarf-fiil eki metnin tamamında ol- yardımcı fiili ile birlikte kullanılmaktadır. Diğer yardımcı fiillerin varlığına rastlanılmamıştır.

Sapqa eki-ekiden turğanda ol menimen qatarlasıp qaladı (23/15).

(Sıraya iki taraftan sıra oluşturduğunda o benimle birlikte kalıyor.)

Sapqa: Sıra

Eki: İki

Burın anda-sanda kelgende ol meni jaman qarsı almaytın (120/25).

(Önceleri ara sıra geldiğimde o beni kötü bir şekilde karşılamazdı.)

Jaman: Kötü

Anda-Sanda: Ara- Sıra

Burın: Önce

2.1.2.1.2. -GAn Sıfat-Fiil+Eşitlik Hâli (-GAnşA)

Eski Türkçe devresinde bulunmayan bu ekin işlevini -ınça/-ginçe zarf-fiil eki üstlenmektedir (Gabain, 2000, s. 84) Kıpçak Türkçesi metinlerinde bu ekin kullanıldığı görülmüştür. Eski Anadolu Türkçesinde de varlığı tespit edilmemiştir. Çağatay Türkçesinde ise bu ek direkt kullanılmaz ama aynı anlama gelen -gunça/-günçe zarf-fiil eki olarak kullanılmıştır (Tanç, 2002, s. 142).

-GAn sıfat-fiil eki ile -çA eşitlik ekinin birleşmesiyle oluşan bu zarf-fiil ekinin Kazak Türkçesinde işlek bir kullanımı vardır. Kazak Türkçesindeki -ç >-ş değişimine bağlı olarak -çA eşitlik eki -şA biçimine girmiştir. Bu ek cümleye zaman anlamı vermektedir. Türkiye Türkçesindeki karşılığı ise -diğİ kadar, -AcAk, -A kadar, -DığIndA olarak ele alınabilir. Bu zarf-fiil eki, *Balalıq Şaqqa Sayaxat* adlı metninde tek başına kullanılmıştır.

Metinde -GAnşA zarf-fiil eki 34 adettir.

Ol jetkizgenşe, jelkemiz üziletin boldı ğoy (35/18).

(O gönderene kadar bizim boynumuz kopar.)

Jetkiz-: Yetiştirmek, ulaştırmak

Jelkemiz: Ense

Üzil-: Kopmak

Ökil kepti degenşe, jiyılıs kepti dey ber (43/26).

(Vekil geldi dendiğinde toplantıya hemen gelivermelisin.)

Ökil: Ökil, temsilci

Jiy-: Toplamak

Qaşan jetip, estigenşe işime qan quyılğanday bolam (79/15).

(Yanına varana kadar bu düşüncelerle yol boyu kendimi yer bitirirdim.)

Qaşan: Ne zaman

Jet-: Varmak

Esti: Düşünce, akıl

Qan: Kan, soy, usuzluğu

giderme

Quyıl-: Dökülmek, boşaltılmak

Jasqanşaq Ramazanğa bitkenşe, mağan nege bitpegen (85/41)!

(Utangaç Ramazan'da olmaması gerekirken bende niçin yok.)

Jasqanşaq: Utangaç

Mağan: Bana

Nege: Niye, niçin

Altı ay jaz – küzgi jiyin-terin bitkenşe sonda boladı (90/13).

(Altı ay boyunca, yaz – sonbahar aralığında, ekin işleri bitene kadar orda olurlardı.)

Jaz: Yaz

Küz: Sonbahar

Sonda: Orada, o vakit

Keşke mal kelgenşe, kep qalarmın deydi (91/5).

(Akşamleyin hayvanlar geldiğinde kalacağını söyledi.)

Keşke: Akşam, akşamleyin

Mal: Hayvan

Öle-ölgenşe awzına dâri salğanın körgen emespin (91/11).

(Ölene kadar (bir tane)ağzına ilaç saldığını (içtiğini) görmedim.)

Dâri: İlaç

Atamdı tıñdap, kün jılınğanşa nege tıgıp qoymadım (99/5)!

(Dedemi dinleseydim, gün ısınana kadar saklayıp korusaydım!)

Ata: Dede

Jılın: Isınmak

Tilim jetkenşe sıbap boqtap jatırmın (115/17).

(Dilimin döndüğü kadar, arkasından ona küfürler yağdırdım.)

Til: Dil

Jet-: Varmak

Sıba: Küfür

Boqta-: Sövmek

Kenet, men jetkenşe, atına qamşı basıp,quwa jöneldi (115/23).

(Ben yaklaşınca aniden atını kamçılıyıp, koşturmaya başladı.)

Men: Ben

Qamşı: Kamşı

Kenet: Aniden, ansızın

Nağaşılara körsetip, maqtanğanşa jäne asıqtım (117/5).

(Dayılarıma gösterip övünmek için acele ediyordum.)

Nağası: Dayı

Maqta-: Övmek

Asıq-: Acele ettirmek

Körset-: Göstermek

Jane: Yeni

Men Elemespen jetinşi bitirgenşe birge oqudım (125/8).

(Elemesle yedinci sınıfı bitirene kadar birlikte okudum.)

Jetinşi: Yedinci

Birge: Birlikte

2.1.2.1.3. –GAn Sıfat-Fiil Eki+Son Çekim edatı (-GAndAy)

Eski Türkçe döneminde ve Karahanlı Türkçesi döneminde bu zarf-fiil ekine rastlanılmamıştır (Tanç, 2002, s. 116). -GAn sıfat-fiil eki ile –dAy (Eski Türkçede ‘teg’ benzetme edatı) birleşmesinden oluşan bu zarf-fiil eki, eklendiği fiille nitelediği fiil, zarf-fiil, sıfat veya zarf arasında benzerlik ilgisi kurmaktadır (Tekin, 2006, s. 116).

Türkiye Türkçesinde “-mış gibi, -ar gibi, -mışçasına, -mış kadar vb.” zarf-fiil ekleriyle aynı anlam ve görevde kullanılır. Bu ek *Balalıq Şaqqa Sayaxat* adlı metninde tek başına ve bol- yardımcı fiili ile birlikte kullanılmıştır.

Metinde –GAndAy zarf-fiil eki 136 adettir.

Bir üydiñ bükil ümit tirşiligi, kün körisi torı atpen qosa ölğendey edi (9/27).

(Bir evin tüm umudu hayatı, günün manzarası doru atla birlikte sönecek gibiydi.)

Bükil: Bütün, cümle, tam

Tirşiligi: Geçim, hayat, ömür

Köris: Görüşme, buluşma (manzara)

Torı: Doru

Qosa: Birlikte

Men mal ayağanday körip qaldıñdar (32/14).

(Ben hayvan besliyormuşum gibi düşündünüz.)

Mal: Hayvan

Ne aytasiñ degendey kütip tur (64/8).

(Ne söyleceksin dermişcesine beklemekte.)

Küt- : Beklemek

Qabırğasın sırtınan sanap alğanday arıq at (74/11).

(Kaburgalarını sırtından sayabileceğimiz kadar zayıf at.)

Qabırğa: Kaburğa

Sana: Saymak

Arıq: Cılız, çelimsiz, zayıf

Barmısıñdar, tirimisiñder degendey eki nökerime qaraymın (112/34).

(Hayatta mısınız, yaşıyor musunuz diyerek iki askerlerime baktım.)

Tir: Atış alanı

Nöker: Asker

-GAndAy Zarf-Fiil Ekinin Yardımcı Fiillerle Kullanımı

Türkiye Türkçesinde sınırlı olan tasvir fiilleri Kazak Türkçesinde oldukça yaygın olarak kullanılmaktadır. Tasvirî fiiller, oluş ve kılışın tarzını bildirirler. Tasvirî fiillerin kuruluşunda mutlaka zarf-fiil ekleri bulunur.

“*Tasvirî fiilleri, birleşik fiillerin asıl fiil+zarf-fiil eki + yardımcı fiilden oluşan çeşididir*” (Ergöneneç Akbaba, 2011, s. 20).

Asıl fiil + (-GAndAy) zarf-fiil eki, yardımcı fiillerle birlikte kullanıldığında cümleye benzerlik anlamı katmaktadır. –GAndAy zarf-fiil eki metinde bol-: 63 yardımcı fiili ile birlikte kullanılmaktadır. Diğer yardımcı fiillerin varlığına rastlanılmamıştır.

Közqarasınan jıp-jılı nur sebelep turğanday boladı (13/3).

(Göz bebeklerinden parlak nur serpiliyormuş gibi oluyor.)

Jıp-Jılı: Sıcak, ılık

Nur: Işık

Sebele-: Serpmek

Söytip, bizdi keleke etkendey boladı (28/19).

(Böylece bizimle dalga geçer gibi oluyor.)

Keleke-: Alay etmek

Aytarınıñ bärin de sonimen aytıp salğanday boladı (64/3).

(Söyleyeceklerinin hepsini de bununla söyleyi vermiş gibi oluyor.)

Bäri: Bütün, hepsi

Sonimen: Kısaca, öylece

Terge qorınşaqtap, äzer şıqqanday boladı (69/24).

(Soruşturmaya korkarak cevap vererek güç bela çıkar gibi oluyor.)

Terge: Soruşturma yapmak

Qorınşaқта-: Çekinmek, korkmak

Äzer: Zorla, güç bela

Jılağanday bolıp äzer ayttım (76/20).

(Ağlayacak gibi olup güç bela anlattım.)

Jıla-: Ağlamak

Äzer: Güç bela

Jaña kaloştıñ izi jolğa mör basqanday bolıp tüsedı (117/10).

(Yeni ayakkabının izi yola mühür basar gibi oluyor.)

Jaña: Yeni, şimdi, biraz önce

Jol: Yol

Mör: Mühür

Meniñ közim tunıp ketkendey boladı (122/3).

(Benim gözim berraklaşmış gibi oldu.)

Tun-: Berraklaşmak, durulaşmak

Ket-: Gitmek

Men älgı ornımda tañırqağanday bolıp turmın (136/17).

(Ben deminki durduğum yerden sınıfa bakıyorum.)

Älgı: Deminki

Qazbekke kinä tağıp, bürıp alğanday boladı (138/2).

(Kazbek bundan başka suçlarını kabul etmeyip kıvırdı.)

Kinä: Suç, kabahat

Tağı: Bundan başka

Bür-: Kıvırmak, büzmek

Töbemnen jay tüskendey boldı (147/6).

(Tepemden yıldırım düşmüş gibi oldum.)

Töbe: Tepemden

Jay: Yıldırım

2.1.2.1.4. –MAs Sıfat-Fiil Eki+Ayrılma Hâli (-MAstAn)

Bu ekin Eski Türkçe döneminde varlığına rastlanılmamıştır. Harezmi Türkçesinde -MAs+tan biçiminde kullanılmaktadır. Çağatay Türkçesinde de bu ekin varlığına rastlanılmamaktadır. Aynı zamanda bu zarf-fiil eki, -mAs <-mAz geniş zamanın olumsuzu olan sıfat-fiil eki ile çıkma durum eki -tAn'ın birleşmesi ile oluşmuştur (Tanç, 2002, s. 138).

Türkiye Türkçesinde –madan/-meden zarf-fiil ekiyle aynı işlevde kullanılmaktadır. Bu ek *Balalıq Şaqqa Sayaxat* adlı metninde tek başına ve yardımcı fiillerle birlikte kullanılmaktadır.

Metinde –MAstAn zarf-fiil eki 32 adettir.

Toqtamastan üyge zıp berip, kirdim de kettim (105/9).

(Hoplayıp hiç beklemeden eve giriverdim.)

Toqta: Hop

Zıp: Kirdim

Özi tapjilmastan otıra beredi (35/29).

(Özi hareket etmeden oturuyor.)

Özi: Özi, kendisi

-MAstAn Zarf-Fiil Ekinin Yardımcı Fiillerle Kullanımı

Türkiye Türkçesinde sınırlı olan tasvir fiilleri Kazak Türkçesinde oldukça yaygın olarak kullanılmaktadır. Tasvirî fiiller, oluş ve kılışın tarzını bildirirler. Tasvirî fiillerin kuruluşunda mutlaka zarf-fiil ekleri bulunur.

“*Tasvirî fiilleri, birleşik fiillerin asıl fiil+zarf-fiil eki + yardımcı fiilden oluşan çeşididir*” (Ergöneneç Akbaba, 2011, s. 20).

Asıl fiil + (-MAstAn) zarf-fiil eki, yardımcı fiillerle birlikte kullanıldığında cümleye durum anlamı katmaktadır. –MAstAn zarf-fiil ekinden sonra gelen yardımcı fiiller: otır-: 9, ket-: 2’dir.

Men ğana ornımda tapjılmastan otırmin (80/10).

(Sadece ben yerimde kımıldamadan oturuyorum.)

Ornı: Yer, yerli yerinde

Tapjılmastan: Kımıldamadan

– *Sol boyda artıma qaramastan kete bersem ğoy, qalasıñ (82/36).*

(Şu halde arkama bile bakmadan gidiversem, ortada kalacaksın.)

Sol: Bu, o, şu

Boyda: Halde

Qara-: Bakmak

BÖLÜM III

3.1. Kazak Türkçesiyle Yazılmış Berdibek Sokpakbayev'in “Balalıq Şaqqa Sayaxat” Adlı Eserinin Latin Alfabetesine Aktarılmış Metni

1

BERDİBEK SOKPAKBAEV

(1924–1991)

15 qazanda Almatı oblısınıñ Narınqol awılında tuwǵan. Abay atındaǵı Qazaq pedagogikalıq institutın, keyinnen Mäskewde Joǵarı ädebi kurstı bitirgen. Biraz jıl awıl mektebinde bala oqıtqan. «Qazaq ädebiyeti» gazetinde, «Baldırǵan» jurnalında, Ş.Aymanov atındaǵı «Qazaqfilm» kinostudiyasında istegen. Qazaqstan Jazuwşılar odaǵında balalar ädebiyeti jönindegi ädebi keñesşi bolǵan.

Şıǵarmaşılıq jolın öleñmen bastap, 1950 jılı «Bulaq» attı jır jıynaǵın şıǵarǵan. Keyin balalar men jasöspirimderge arnalǵan 20-dan astam äñgime, povest, roman kitaptarın usındı. «Meniñ atım Qoja», «Balalıq şaqqa sayaxat», «Boztöbede bir qız bar», «Ölgender qaytıp kelmeydi» jäne «Qaydasıñ, Gawhar» sekildi tuwındıları KSRO xalıqtarınıñ jäne şetelderdiñ köptegen tilderine awdarılıp, saxnalıq, ékrandıq nusqaǵa aynalǵan. 1967 jılı Balalar men jasöspirimderge arnalǵan filmderdıñ Kann qalasında ötken xalıqaralıq festivalinde «Meniñ atım Qoja» filmi arawlı jüldege iye boldı.

Qazaq KSR Joǵarǵı Keñesiniñ Qurmet Gramotasimen marapattalǵan.

Derek közi: <http://writers.kz>

Berdibek Sokpakbaev

BALALIQ ŞAQQA SAYAXAT

EPUB nusqasın äzirlegen Timur Bektur

Word nusqasın dayındağan Erjan Alaş

Xat-xabarlamalar üşin: yeralash@yahoo.com



3

ÜZİK-ÜZİK SURETTER

Jaz. Jaylaw. Şubala qonğan kiyiz üyler. Qanattas bir awılğa apam meni jetelep, qıdırıstap kelgen. Üş-tört äyel üyde şay işip, äñgimelesip otır da, men sırtqa asıq oynanğan balalardıñ qasında qızıqtap qarap turmın.

Eresektew balanıñ biri kenet iyıǵımnan julqıp qaldı:

-Äne, seni tastap, şeşen ketip bara jadır! Awıldıñ ortasın qaş jarıp, taram-taram soqpaq jol ötedi. Sol jolmen tüyege mingesken eki äyel soqtırıp ketip baradı. Ekewi de kiymeşek kiygen. Artındaǵısı awmağan meniñ şeşem. Meni böten awılta qaldırıp, jöñep baradı.

Men şeşemnen ölmey qalarımın...

- Apa! Apa! - dep, artınan quwıp berdim. Qulındaǵı dawısım qudayğa jetip, baqırıp jügirip kelem. Ayawlı şeşemniñ mağan burılıp qaraǵısı da kelmeydi.

- Apa! Apa!

Baqıruwdan öñeşim jırtıla jazdaydı. Jol şetindegı üylerdiñ adamdarı bari mağan qarap qalğan. Tek şeşem ğana qaramaydı. Uzun ayaqtarımen tayrañday jelgen jürdek tüye oñaylıqpen jetkizbeydi.

Bir äyel köldeneñnen dawıstay:

-Äy, qatın, balañ jılap keledi! – dedi

Şeşem endi ğana mağan jalt burılıp qaradı. Söytsem, şeşem dep jılap kele jatqan adamım müldem böten... Aldındaǵısı da men tanımaytın basqa äyel.

Öz şeşem sol älgı şay işken üyde otır.

Uwaqıttıñ köbin suw boyında ötkizemiz. Suw boyında oynaymız. Mine, endi qaljırap üyge qayıtıp kelem, qarnımda tük qalmağan, aşpın.

Şeşem qur talqan berdi. Dämsiz qara talqan. Jeyin desem, tamaǵımnan jürmeydi...

Bizdiñ awıldan joǵarı bir şaqırımday jerde Kiyıkbay awılı. Sonda küyewge tiygen nemere äpkem turadı. Qalay kelgenimdi bilmeymin, sol üyde qazanğa qarıp japqan küyeleştew nan jep otırımın.

4

Bir kezde esikten şeşem kirip keldi. Meni körip, jılap bas saldı. Nege jılaytınnı tüsinbeymin.

Söytsem, şeşem meni ayaq astınan joğaltıp alğan. Bükil awıldan izdep tappağan. Suwğa ağıp ketken dep oylap, esi qalmağan.

Budan az burın şeşem meni osında ertip kelip, nan jegizgen eken.

Tağı da kiyiz üy tikken köşpeli awıl. Küz kezi bolar, jerdin otı qaşqan. Awılğa tört-törtten sap tüzegen salt attı köp äsker kirip keledi. Bastarında şoşaq töbeli şlem – buwdenovka. Moyındarında nayzalı mılıq. Aldıñğı birew jelbiretip qızıl tuw ustağan. Kileñ şolaq quyrıq attar.

Jurt üydi-üyeleriniñ esikterinen bastarın şıǵarıp, qarap qalğan.

Äsker awıldan öleñdetip şıǵıp ketip baradı. Dawıstarınan jer solqıldaydı.

Awıldın qasındağı qara joldın şaın aspanğa köterip, qora-qora mal aydap ötedi. Attılı-jayaw adamdar malmen birge ketip bara jatadı. Keyi moyındarınan ayqastırıp tapanşa, sumka salğan.

Bul «kämpeske».

Keşqurım ot basın aynala otırıp alıp, ölkender äñgime şertedi. İşterinde meniñ äkem, ağalarım. «Jurt kolxoz boladı. Bir qazannan as işip, bir körpeniñ astında uyıqtaydı»... degen tärizdi üreyli äñgime ayıladı.

Bay-qulaqtı joyadı eken deydi.

Bayı bay, tüsinikti. Joya bersin. Al tanıytın qulaqtı nege joyadı? Kese me sonda? Tüsinbeymin.

«Bälşeybek», «sotsiyalizm», «komsomol» degen tärizdi oǵaştaw jaña sözder jiyi ayıladı. Pälence komsomolğa jazılıptı dese, tıñdap otırǵandar üdireyisip qaladı.

Bizdin üydegi birden-bir xat tanıytın «oqımstı» Satılğan ağayım. Ol ölkendigi toqımday-toqımday qarala qağazdar ustap keledi.

-Ağa, bu ne?

-Käzit.

«Käzit» te bul el üşin sonı zat.

Satılğan oqıydı. Basqalar japırlap qulaq türüp tıñdaydı. Sodan soñ «käzit» olay deпти, «käzit» bılay deпти dep, taratıp äketedi.

5

Oqılğan gazet jırtılmaydı. Üyge körik beretin kilem ornına qabırǵağa jaǵalata ilinip qoyıladı. Är-är jerinde adamnıñ jäne birdeñelerdin suretterı. Men suretterge tamaşalap qarawmen bolam. Munşama uqsas salınǵanına tañırqaymın.

- Ağa, käzit qaydan keledi? – dep suraymın.

- Almatıdan keledi, ökimet şıgaradı.

Almatı jer tübi, ülken qala ekenin bilem. Al ökimet ne?

- Ökimet ol osı jurttıñ bärin biyleydi. Baylardı kämpeške jasadı. Tüsindiñ be?

Men basımdı iyzeymin, emis-emis birdeñelerdi tüsinetin tärizdimin.

Jigit bolıp qalğan Satılğan aǵayım kişkentay oyıq terezeniñ aldında tikesinen tik turıp, kitap pa, gazet pe, birdeñe oqıp tur. Qaraǵım, körgim keledi. Biraq qazekeñ köñili tüsken jerden oya salğan tereze tim biyik, boyım jetpeydi. Satılğanıñ o jaq, bu jaǵına şıǵamın, köre almaymın.

Al biraq körüwim kerek.

Satılğanıñ sol jaq qasında qabırǵaǵa süyelgen kelsap tur. Kelsaptıñ qasında süjewli şalǵı tur. Älginde şeşem kelsaptı töseniş etip, sapsız şalǵımen teri sürgilegen. Sodan soñ ekewin qatar süyep qoya salğan.

Kelsaptıñ qol ustaytın jeri oyıq. Soǵan ayaǵımnıñ uşın tiredim de, satıǵa örmelegen adamşa sozılıp, köterile berdim. Jalañ ayaqpın. Köterilip ülgermedim. Ayaǵım tayıp ketti de, qulap tüstim. Bir ayaǵımdı quşaqtap, zarladım da qaldım. Asıl şalǵınıñ aşçı jüzi may tabanımdı ırsiytip soyıp tüsken.

Burq ete qalğan qara qan jaralı ayaǵımdı şeñgeldep ustap alğan qolımnıñ sırtına köl-kösir jayılp baradı.

As üyden şeşem jetip keldi. Jaraǵa kiyiz küydirip basıp jatır. Istıq kiyiz qarıp öltirip baradı.

-Şıda! Şıda! Qanı toqtaydı.

Sümbeden äjem Böpke kelgen. «Äje, maǵan ne äkeldiñ?» - dep, qalta-qaltasın aqtarıp jatırmin. Äjemniñ qaltalarında tüp bolmaydı. Tüp bolatın şıǵaraw, biraq oǵan meniñ qolım oñaylıqpen jetpeydi. Qoltıǵıma deyin suǵıp jiberip izdegende, qalta tübinen qolıma ilinbeytin närse joq: jip-şuw, qol oramal, oymaq, qurt, kämpit-bäri aralas.

6

Keşki uwaqıt. Bärimiz üyde otırmız. Men äjemniñ moynına asılıp, mazalap oynay berdim. Äjem könbis, äri iyi jumsaq. Mazaladıñ dep renjimeydi. Zekirip, dawıs kötergendi bilmeydi. Qazandıqtıñ aldında jaynap jatqan ottı körsetip:

- Ana otqa tüsesiñ, qoy, - deydi.

Men qoymaymın. Qoy degen sayın eregisip ketem. Art jaqtan taǵı da jügirip kelip, moynına asıla ketem degende, Böpke äjem eñkeyip qalsın. Men ekpinimmen arı asıp, domalap tüseyin. Jaynap jatqan qızıl şoqtıñ tuwra üstine quladım. Otırǵandar şuw ete

qaldı. Äsirese, şeşemniň dawsı aşçı şığıp ketti. Men jäne bir domalap, şoqtıñ üstinen arı asıp kettim. Qazaqşılap aytqanda, quday qaqqan, eş jerim küymegen.

Şildeniň ıstıq küni. Äjem ekewmiz Sümbege nağaşım, üyine jayaw kele jatırmız. Dalanıñ şañdauwıt qara jolı. Jürginşi az. Boyı şağın äjem ayağın tıpıñ-tıpıñ tez basadı. Men enesine ilesken qulın tärizdimin, birese o jağına, birese bu jağına şığamın. Zorğa ilesip kelem.

Suwdıñ arğı öñiri oypat, toğaylı alqap. Odan äri taw. Tawdıñ appaq bası kün nurımen şağılıp, közdi uyaltadı. Äjemnen ol appaq ne ekenin suraymın. Qar deydi. Jazdıgüni de qar bola ma? Boladı deydi äjem. Qızıq. Qalayşa erip ketpeydi?

Tawdan beri jazıq sardala. Dala tösinde jarqırap aqqan özen. Taw özeni. Odan da äri sarjazıqtıñ betinde temir peştiñ qızuwına uqsaghan jalındağan ğajayıp bir tolqın bayqaladı. Jerden buwdaq-buwdaq şığıp jatqanday boladı. Men qızıqtap qarap, köz almaymın.

- Äje, anaw alıstağı buwdaq-buwdaq tolqın nemene? Äjem onıñ sağım ekenin aytadı.

- Sağım degen nemene? Tütin be?

Äjem küledi. Sağımniñ tütin emes ekenin tösindirgen boladı.

- Qasına barıp, qolmen ustawğa bola ma?

- Aqımaq neme, sağım ol jel sekildi. Jeldi qolmen qalay ustamaqsıñ?

Jawınnan soñ kempirqosaq payda boladı. Döñniñ ar jağında jap-jaqın jerde turadı. Men qanşa ret onıñ qasına jaqın barmaq bolıp jügirdim. Biraq jete alğan emespin. Bir döñnen assam jäne bir döñniñ ar jağına sekirip şığıp, alıstay beretin tärizdi. Sağım da soğan uqsas bolğanı ğoy. Körüwinap-ayqın köresiñ. Al biraq jaqındap qolmen ustay almaysıñ. Qızıq. Buğan da meniñ aqılım jetpeydi.

Men şarşay bastadım.

7

- Apa, Sümbe äli alıs pa?

- Bügin Uşqa jetip, qonamız. Sümbege erteñ baramız.

- Uş alıs pa?

- Joq, onşa alıs emes.

Men äjemniñ arqasında kele jatırmın. Ayaqtarım tınığıp, jetisip qaldım.

Joldıñ eki jaq jağası biyik şiyler. Qiyaqtarı jelkildep qaw bolıp körinedi. Şiydiñ arası tolı şırıldawıq şegirtke. Töñirekti mın qubılıp änge toltıradı. Eki közi marjanğa uqsaghan,

şekesinde eki tal qıl müyizi bar, uzın siyraq qanattı kök şegirtkeni kök şöpten ayıruw qiyın. Adam jaqındağan kezde ändetwin qoya qoyadı. Äbden üstinen basar bolğanda tız etip biraq uşadı.

Anaday barıp, laqtırğan tasqa uqsap, tors etip salmaqpen qonadı. Sosın, sen uzay bastağanda tağı da sayrap jöneledi.

Uşta äldkimniñ jer üyinde otırmız.

Töte oquw deytin söz şıqqan. Awıldıñ bar adamın oquwğa, xat tanuwğa şaqıradı. Şaldarğa deyin qoyındarına qağaz, qarındaş salıp jüredi. Jurt bir üygejiynalın, sabaq oqıydı. Oqıtuwşısı Satılğan.

Men esikti aqırın aşıp, sıǵalap qaraymın. Taqtağa jazılğan äriptiñ birewin Satılğan öziñiñ ziñgittey oquwşılarınıñ birinen Minaw qay ärip dep, tayaqşamen körsetip, surap tur. Anaw jawap bere almaydı, şatıp-butadı.

Ol qay ärip ekenin men bilemin. Esikti keñirek aşıp, ayqaylap aytıp jiberem de, tura kep qaşam.

Keyde Satılğan oquwşılarna дәpter, qarındaş ülestiredi. Bir дәpter, jarım qarındaş mağan da tiyip qaladı (Qarındaştıñ azdıǵınan eki adamğa birewin bölip beretin). Quwanışım qoynıma sıymay, üyrenip alğan äripterdı şıymaylap jazuwmen bolam.

Balalıq şaqtıñ eñ arǵı tükpirinen esimde qalğan suretter, mine, osı tärizdi: birewine birewi jalǵaspaydı, üzik-üzik. Mas bolıp nemese uyıqtap otırıp körgen kino tärizdi. Bası bolsa, ayaǵı joq. Ayaǵı bolsa, bası joq. Kögendegen qozıday uwaqıttıñ jelisine tizip tastap, ret-retimen bayandawğa kelmeydi.

8

QOSTÖBE. «ZASTAP». ŞEKARA.

Qazaqstan kartasınan Almatını köziñizdi jumıp turıp tawıp alatınıñızǵa men dawlaspaymın. Astanaǵa дәl barıp tirelgen sawsaǵıñızdı endi taw silemimen şıǵısqa qaray sırgıtıñız. Toqtañız! Men äñgime etip otırğan ürkerdey şaǵın awıl Qostöbe, mine, osı arada şekaraniñ дәl tübinde.

Meniñ Qostöbem.

Meniñ Tekesim.

Äne bir kökşil jiptey tartılğan jiñişke özendi kördiñiz be? Tekes sol. Belgili Ile özeniniñ bası.

Qostöbede, negizinen, Qurmandar turadı. Qurmannıñ «Kiyikbay», «Nayza» dep atalınatın eki ruwı. Biz Nayzamız, durısı Besnayza.

Besnayza ekige bölinedi: Baynazaq, Joliş. Biz – Jolişpız.

Besnayzalar ejelden jawınger, urı el bolğan. Ruwdıñ Besnayza atanuwı da tegin emes. Bir üydiñ şañırağınan sorayğan bes nayzaniñ uşı şığıp turıptı, sodan Besnayza atanıptı degen söz bar.

Tekestiñ küngey-şığıs betindebirewine birewi jalğasa bitken eki qırat-töbe tur. Qostöbe degen söz sodan şıqqan.

Qostöbeniñ tap irgesinen şekara küzetetin qalaşıq (zastava) ornadı. Qazaqtar «zastap» deydi. Konfiskatsiyalaw kezinde şekaradan awa qaşqan baylardıñ qora jayları iyesiz qalğan. Solardı jamap-jasqap jöndedi de, soldattarğa meken-jay etti.

Şekaraşılardıñ köbi orıstar. Qazaqşa bilmeydi. Birli-jarım qazaq soldattar bar, awdarmaşılıq jasaydı. Ukrain, belorus deytin de ulttar barın qarañğı xalıq bile qoymaydı. Tüsi sarınıñ bärin orıs dep qaraydı.

Tuw sonaw Ukrainadan, işki Rossiyadan äkelingen, basqa orta, basqa jağdayda ösken örimdey jas soldattar mundağı tirşilikke bir degennen beyimdele ketpeydi. Elge de, jerge de juğımdarı az. Tawlı aymaqta jön tawıp jürip-turuwdıñ özi olar üşin äwelgi kezde oñayğa tüspeydi.

Sondıqtan soldattar şekarağa naryadqa barıp, qaytqanda adaspas üşin olar jüretin soqpaq joldardıñ boyına sırğawıl ağaştar qadap, ol ağaştardıñ bastarına sıpırğı tärizdenip buwğan şöpter baylap qoyğan.

MAL – ADAMNIÑ BAWIR ETİ

Awılda künde jiynalıs. Eldi kollektivke tartuw.

Salaqtatıp sumka salğan ökilder keledi. Ökil kelse, jiynalıs şaqırıladi. Qarañğı xalıq añqaw bala tärizdi: kim ne aytsa, awızdarın aşıp tıñdaydı. Ökil bop kelgen adamdı quday köredi.

Kolxoz jöninde, bolaşaq ömir jöninde neşe aluwan guw-guw äñgimeler. Kolxoz bolmaymın dep, qaşıp jatqandar bar.

Qazaqtıñ bar ömiri malmen baylanıstı. Mal – tamaq, mal – kiyim, mal – kölik, mal – otın (otqa mal tezegi jaǵılmay ma?), mal – baspana (kiyiz üydiñ bar jamılıǵısı maldıñ jüninen jasalmay ma?).

Järkentten bizdiñ üydimiya tutıp Muqamedi, Jünis deytinder kelgen. Jünis şal, Muqamedi onıñ balası. Jigit, äyelderiniñ attarı esimde qalmaǵan.

Muqamedidiñ men quralpı bir er balası bar, atı Sadıq. Ekewimiz birge oynaymız. Sadıqtıñ sarı rezinkadan istelgen müyizatarı bar (Rogatka). Biz, Qostöbeniñ balaları, burın mundaydı körmegenbiz. Bizdiñ qaruw-jaraq qorımızda munday aspap burın-soñdı bolmaǵan. Bizdiñ qaruwlarımız: sadaq, saqpan.

- Bunimen atsa, adam da öledi! – deydi Sadıq. Biz senemiz. Keremet qaruwına bola basqa balalar Sadıqtan iymenedi.

Adal ettiden Jünis, Muqammedilerde bir kärelew torı at bar. Bizde tük joq. Eki üydiñ ayaq law eteri sol ğana. Otqa jaǵatın kök tal toǵaydan sonimen äkelinedi.

Awıldıñ däl qasındaǵı tübekşege tusap qoyǵan tor at bir küni tusawımen Tekeske túsip, ölip kalıptı. İşine suw tolǵan, qarnın qampıyıp birneşe adam jaǵaǵa süyrep şıǵardı. Mal iyeleriniñ sondaǵı bozdap jılaǵanın körseñiz. Şal da, Muqammedi de, äyelderi de, tipti kişkentay Sadıq, ta mal emes, eñ bir ayawlı jaqın adamdarı ölgendey közderiniñ jası köl bolıp, eñirep jür. Qazaqqa maldıñ qanşalıq jaqın ekenin men sonda bildim. Bir üydiñ бүkil ümit tirşiligi, kün körisi torı atpen qosa ölgendey edi.

OQIYMIN!

Jas kezinde özimiz üyde barda kündiz bizdiñ üydiñ esikteri eş jabılmaydı. Daladan jariq pen taza awa kirgizip, esik jabıq bolsa, murındı derew bitep qalatın kök iyisinen jayımızdı saqtap turadı. Eger bar bolıp, qarınǵa tamaq salıp alsa, jan saqtawdıñ bul da taptırmaytın täsili. Al joq bolsa, uwaqası joq. Adam tamaq işpey de ömir süre alatının biz täjiriybede körip jürgen jandarmız.

Esik jabıq kezde üy işindegi adamdar birewin birewi äzer köredi. Dastarqandaǵı tamaqtı äzer tanıydı. Äynekterin kir basqan bir ğana oyıq tereze üygetüser jariqtıñ qas jawı.

Älgindey terezede jeldetkiş bola ma?

Esik jabıq bolsa, eñseñ basılıp, üyde emes, üñgirde otırǵanday bolasıñ.

Tañerteñgi uwaqıt. Eki esiktiñ ekewi de aşıq. Tör üyde siz edenge töselgen qurım kiyizdiñ üstinde tört közimiz tügel azanǵı şayımızdı işip otırmız. Şay emes-aw, aq suw.

«Tört közge» kiretinder: äkem İdrıs, şešem Äsbet, tätem (äkemniñ inisi) Smağul, ağayım Satılğan jäne men.

Bir üyde bes janbız. Awılдаğı ülken de emes, kişi de emes, ortaşa semya.

Arıq tizesi ağaştay sorayıp, iyegin tiregen awruşañ şešem jez şäwgimmen aq suw quyıp otır. Edenge jaya salğan jamawlı şıt dastarqan. Dastarqanniñ дәl orta tusına qursawlı qoñırjağal ağaş tostağanmen qara talqan qoyılğan. Tostağanda bir ğana ağaş qasıq.

10

Jumısker qasıqta damıl joq. Tostağandı şır aynalıp, ärkimniñ aldına bir baradı. Är awızğa talqandı bir jetkizip qaytadı.

Äkem İdrıs keñ öñeş, qomağay adam. Qasıq onıñ qolına tiygen kezde tostağandağı talqanniñ bir jambası üñireyip qaladı.

Nawqasşañ şešem qasıqqa siyrek qol sozadı. Jutsañ, kebek jutqanday öñeşti tutqırlap ustap qalatin dämsiz qara talqandı ol deni saw bizderge uqsap qarpıp jey almaydı. Mümkün bolsa, bir uwıs, jarım uwıs aq talqandı özine bölek jasap jeydi. Bir tüyir, jartı tüyir tätti tabılsa, awzınıñ dämin alıp, aq suwdı sonımen işedi.

Men işerimdi bağana işip bolğam. Sonda da dastarqan basınan turıp kete almay, jipsiz baylanıp otırmın...

Onıñ soyılday mıqtı sebepi bar...

Kenet, awıl qazağınıñ dağdısimen esik qaqpastan eki adam salañ etip kirip keldi.

- Assalowmağaleykom!

- Äliyksalam. Törletiniñizder.

Uzındı-qısqa eki erkek alasa esikti denelerimen bitep, qalbiip tur. Onıñ biri - täpeltek boylı jalpaq jigit Uzaqbay - osındağı awıl sovet xatşısı. Ekinşisi - dembelşe tolıq deneli aqsarı jigit - beytanıs.

Uzaqbaydıñ qolında papkası bar (Men onıñ papka ustamay jürgenin körgen emespin). Beytanıs jigittiñ de qolında kitap, qağazdarı bar.

- Şayğa keliñizder, - dep, äkem men ağalarım bılay-bılay sırğıp, tosınnan salañ ete qalğan qonaqtarğa törden orın bosatıp jatır.

Papka, qağazdarın tördegi jüktiñ üstine qoydı da, qonaqtar otırıstı. Beytanıs jigittiñ kiygeni qayıрма jağalı sırt jeyde, galife şalbar, etik. Beline jalpaq qayıs belbew buwınğan. Kepkasın şeşip, onı da jük üstine qoyıp jatır. Bası qasqa bas eken. Jaltır keñ mañdayı alakewim üydiñ işinde jarq ete qaldı.

Tosın kisilerdiñ kelüwine baylanıstı tuwğan az qarbalas mağan jaqsı boldı. Dastarqanniñ şeşem jaq burişında şoğır bolıp, tört-bes tal domalaq arzan kämpitter jatqan. Manadan suğımdı qadap, turıp kete almay otırғанım da sol edi ğoy. Qolıma ilingen bir tal kämpitti köz ilespeytin jıldamdıqpen qaqsıp aldım da, men-dağı qonaqtarğa orın bosatqan bolıp, türegep kettim. Urı mısıqşa jumıp, esikke qaray jönep baram.

Däl osı kezde Uzaqbay:

- Äy, toqta! – dep, dawıstay qalsın.

Selk etip, toqtay qaldım. Qolğa tüsti degen osı! Uzaqbay ülken basın äkeme qaray burıp:

- Idıke, mına balañızdıñ jası segizge toldı ma? Neşede?

- Qaytedi?

- Biyıl bizdiñ awılda mektep aşıladı, - dedi Uzaqbay. - Mına kisi bala oqıtuwğa kelgen muğalim. Soğan mektepke baratın balalardıñ tizimin alıp jür edik.

Men uh dedim. Qolğa tüspegen ekem.

Mektep aşıladı degen xabarğa qulağım eleñ ete qaldı. Meniñ jasım tügil öz jasınan jılда şatasatın momın äkem meniñ qanşada ekenimdi däldep ayta almadı.

- Qaydam, Äsbet bilmese? - dep, özinen göri zeyindi şeşeme qaradı.

11

- Aldağı nawrız köjede toğızğa toladı. Rısqan küyewge beriletin jılı tuwğan,

- dedi şeşem.

- Rısqan qayda, munda berilmedi me?

- Munda emey-aq, däl osı jılı bolatın. Kebeje jäkemdiki bärimiz ana ar jaqta qara suwdıñ boyında otırğaında tuwğan. Moldağojanı qutırğan it talaytın jıl.

- İyä, iyä, şöp şabıs kezi bolatın, - dep, äkem esine endi tüsire bastadı.

- Bunıñ tuwğanjılı qay jıl ekenin aytsañız, men eseptep şığarayın, – dedi aqsarı muğalim. Ol salmaqpen baptap söyleytin adam eken.

Şeşem meniñ tısqan jılı tuwılғанımdı ayttı. Qasqa bas muğalim sawsaqtarın jumıp, esepsey bastadı:

-Tısqan jılı bolsa, tısqannan keyin siyır, - bir; siyırdan keyin barıs, - eki; barıstan keyin qoyan, - üş; qoyannan keyin ulu, - tört; uludan keyin jılan, - bes; jılannan keyin jılqı, - altı; jılqıdan keyin qoy, - jeti; qoydan soñ meşin - segiz... Biyıl meşin. Durıs aytasız, balañız segiz jasqa tolıp, endi toğızğa qarağan. Oquw jasına tolıptı.

Qasqa bas muğalim tizimge jazbas burın:

- Oqıǵıñ kele me? - dep suradı. Men qulşınıp:

- Keledi! – dedim.

Ömiri til sindırıp, oquw oqımaq tügil, oquwlıq deytin närseni qolǵa ustap körmegen düm qarañǵı äkem üşinoquw - ol meniñ qolımnan kele qoyatın näse emes.

- Bala neme mıyı aşıp ketip jürmese? - dep, ol muğalimniñ betine şübälana qaradı.

- Aşımaydı, oqıymın! - dedim men.

Bizdiñ üydegi birden bir oquwdıñ dämin tatıp körgen adam Satılǵan aǵayım. Ol budan tört-bes jil burın osı awdanniñ Qoltıq deytin jerinen üş klass oqıp kelgen. Satılǵan meni qostadı:

-Oqıydı!

MEKTEP

-Qostöbede mektep aşılatın boptı! Bala oqıtatın muğalim kepti! – degen quwanıştı xabar är üydiñ tündigin bir jelpen etkizdi. Buǵan, äsirese, balalar mäs. Siz taqır şölge suw kelgenin körgeniñiz bar ma? Bul aspannan nur jawǵanmen birdey. Jurttıñ bäri quwana dabırlasıp, mäs-meyram bolıadı. Üyden üyge jügirip:

- Suw keldi!

- Suw! - desedi.

Ğasırlar boyı qarañǵılıqtan soqqı jep kelgen xalıqqa jarqırıp bilim säwlesiniñ jetüwi quwarǵan quw mekiyen şölge tirşilik närin alıp, sıbdırıp suw jetkenmen birdey edi.

Ürkerdey az awıl Qostöbede buǵan deyin jañaşa mektep bolmaǵan. Jurt balaların Narınqol, Sümbe, Jalañaş tärizdi jıraқтаǵı mektepterge aparatın. Oǵan özi aş-arıq qolı qısqa xalıqtıñ bäriniñ birdey şamaları kelmeydi.

12

Sondıqtan da bizdiñ awıldıñ oquw jasındaǵı balalarınıñ köpşiligi äli künge mektep esigin aşıp körmegen. Oquw olarǵa sozsa qol jetpeytin alıs armanday körinetin. Sol arman bir-aq künde top etip alaqanǵa özi kelip qonǵalı otır.

Qazaq aynalayındı şildey tozdırıp, kögertpey kelgen bir köne dert bar. Ol atalastıq, ruwşıldıq alaközdiği. Kiyikbay men Nayza tübi bir atadan tarasa da, ekewi ilǵiy eki jik.

Bir artelge bas qosıp otırsa da ekewi eki brigada. Irgeleri tiyisse ört şığatınday ekewi bölek qonıstanğan. Nayza awılı, Kiyikbay awılı dep, bölek-bölek ataladı.

Mekteptiñ aşılgan jeri – Kiyikbay awılı.

Tañerteñgi şayımızdı işip alıp, Sadıq ekewimiz, kündegi dağdı boyınşa, jar jağalap, oyun quwıp ketip bara jatır edik. Kenet qarsı aldımızdan salt atqa minip odırañdağan brigadir Nurğazı şığa keldi. Bizdi mal qayırğanday qayırıp:

- Äy, qaytıñdar! Mektepke barasıñdar! Bügin oquw bastalatın kün ekenin bilesiñder me?

- Qaydan bileyik?

- Bügin sentyabrdiñ biri – oquw bastalatın kün eken. Bükil jan-tänim oyınğa beyimdelip kele jatqandıqtan men änewgüni oqıymın dep, tizimge qulşınıp jazılğanıma tap osı arada qattı ökindim. Qazır mağan oquwdan oyun mıñ ese qımbat edi. Oquwdıñ büytip mindet bolıp keletin men qaydan bileyin. Moyınğa buğalıq bolıp tüserin qaydan bileyin. Nurğazı erkimizge qoymadı, aldına salıp aydap aldı. Basımız awğan jaqqa qañğıp jöneletin qayran erkinşilik ömir endi bitken ekensiñ degen qayğılı oyğa keldim. Üyden josparlap şıqqan neşe aluwan qızıq oyındardıñ bäre qalğalı otır...

Ana üy, mına üyden jıynastırğan bala sanı köbeye berdi. Aydawşımız Nurğazı. Qoyşa topırlatıp, quwalağannan quwalap, eki şaqırım jerdegi Kiyikbay awılına alıp keldi.

Mınaw, mine mektep – awıldan şetkerek şañı az kögal jerge tigilgen kädimgi kiyiz üy. Osı kiyiz üyde bizdiñ tuñğış sabağımız bastaldı. Muğalim änewgüni qasqa bas jigiti. Nıspısı – Sağatbay Xasenuli.

Ol kezde jarımınşı klass deytin bolatın. Biz sol jarımınşı klasqa jıynalğan, burın mektep esigin körmegendermiz. Jalpı sanımız otız şaqtı. Jarım-jartımız Kiyikbay, jarım-jartımız Nayza awılıniñ balalarımız.

Parta joq. Birimizge birimiz sığılısıp, maldas qurıp, jerde otırmız. Kiyimimiz bılğanadı, astımızdan sız – ötedi dep, qorınşaqtaytın biz emes. Kül men topıraqqa erkin awnap öskendigimizdi körsetip, muğalim otırıñdar degende şöge-şöge ketkenbiz.

Sawatımız birdey bolğanmen jastarımız birdey emes, ala-qulamız. Eñ kişi degender men şamalas. Eñ ülken degender on bes, on altığa kelip qalğandar. Kädimgidey murt şığıp, jigiti bola bastağan balalar bar.

Bärimiz jarımınşı klass.

Köpekbaydıñ Jünisbayı, Batırqanniñ Janbosını, Şıqabaydıñ Tursınbayı bayağı zaman bolsa, äyel aluwğa jarap qalğan soqtawıday jigitter. Olar da jarımınşı klass.

13

Muğalimniň aldında şağın taqtay stol. Jap-jaña qızıl şüberek jabılğan. Osı qızıl şüberek bugün saltanattı kün ekenin azdap ta bolsa bildirip turğan sekildi.

Qasqa bas muğalim süykimdi jumsaq adam. Közqarasınan jıp-jılı nur sebelep turğanday boladı. Dawısı mänerli de, qulaqqa jağımdı.

Birinşi küngi sabaqtı ol tügeldey ängimemen ötkizgen edi. Özim öz bop, men дәl osınday ängimeşil adamdı körgen emespin. Düniyede bilmeytin närsesi joq: ğılım jaylı, qazaq xalqınıñ ötkeni men bolaşağı jaylı, patşanıñ qulawı jaylı. Lenin jaylı... köp-köp äserli ängimeler aytıp berdi. Biz awzımızdı aşıp, uyıp tıñdağandı ğana bildik.

Sağatbaydıñ ängimelerinen men düniyeniñ tört burışına sapar jasap qaytqanday äser aldım. Bir ğana künniñ işinde bilmesimdi bilip, aqıl-oyğa kemeldenip, iştey tülep şığa kelgendey boldım.

Bağana, Nurğazı oquwğa barasıñ degende, oyındı qiymay, köñilim kürt tüsip ketkenin esime alamın. Oquwdı moynıma buğalıq tuskendey körüp edim. Onıñ bäri bekerşilik eken. Oquwğa jazılğanım qanday jaqsı bolğan, Sağatbay ängimesinen men biz sekildi kedey balalarınıñ oquwğa qolı jetüwi tek Sovet ökimetiniñ arqası ekenin bildim. Leninniñ arqası. Buringi zaman bolsa oquw qayda bizge. Baydıñ qoy-kozısın bağamız, malay bop ömir keşemiz.

Leninniñ «oqı, oqı, jāne oqı» degen äygili sözün sol küni Sağatbaydıñ awzınan estidim. Sağatbay ängimleri ğajayıp qızıq ertegi tärizdi. Qanşa tıñdasam, tıñday bergim keledi. Eş jalıqtırmaydı. Men düniyedegi danışpanniñ danışpanı muğalim eken degen oyğa keldim. Öskende Sağatbayğa uqsap muğalim boluwdı armandadım. Balalardı awzıma qaratıp, men-dağı neşe aluwan qızğılıqtı ängimeler aytıp bersem deymen.

Kiyiz üy mektepte oqıp jürüp jattıq.

Älippe jetispeydi. Ekew ara bir oquwlıq дәpterdi tizemizdiñ üstine qoyıp nemese jerge etpettep jatıp jazamız.

Bir küni bormen jazatın taqta payda boldı.

Klaskom, tazalıqşı saylap aldıq. Klaskom bolıp pısıqtığimen бүkil awılğa äygilengen Jünisbay, tazalıqşı bop işimizdegi eñ taza, eñ uqıptı Mayra saylandı.

Sağatbaydıñ aldında kişkentay sarı jez qoñıraw. Şıldır-şıldır etkizip, üziliske şığaradı. Sağatbay bala minezdi oyun qumar adam. Üzilis kezinde bizben birge qosılıp oynaydı. Qalayda bizdi zeriktirmewdiñ özi de zerikpewdiñ amalın oylap tabadı. Mısıq-tışqan, aq serek-kök serek, üşinşi artıq sekildi oyndar oynaydı.

Sağatbay oyinga jan-tänimen berilip, osıdan özine raqat tawıp, qızıp oynawşı edi. Kişkentay balalardıñ birewin mısıq bop quwalağanda közderi mısıqtıñ közindey jaynap, tür-tüsi bir türli aybattılanıp, elirip ketedi. Sen şın tışqan bolğanda artıñnan nağız şın mısıq quwıp kele jatqanday zäreñ qalmaydı. Awır da mol denesimen qattı qızıp jügirgen kezde Sağatbay iyegin alqımına tıǵıp aluwşı edi. Qaşan tışqandı quwıp jetip, bas salmayınşa janı jay tappaydı.

Oquwlıq qana emes, qarındaştıñ da tapşı kezi.

14

Bir küni Sağatbay klasqa bir uwıs qarındaş alıp keldi. Ekew ara bir qarındaştan ülestirdi de, özderiñ pısaqpen bölip alıñdar dedi. Osı arada klasta biraz daw, janjaldar tuwıp qaldı. Bölingen qarındaştardıñ bir jaǵı uzındaw, bir jaǵı qısqalaw bolıp şıǵadı. Ärkim uzınıraǵın algısı keledi.

– Toqtañdar! Bölmey tura turıñdar.

Sağatbay osını ayttı da, jerden qarındaştıñ uzındıǵınday bir tal şöp tawıp aldı. Onı qarındaştıñ boyına däl etip tuwraladı. Sosın eki büktep sindırdı da, är sınıq qarındaştıñ teñ jarımı bolatının, yaǵni qarındaştıñ däl ortasın tabuwdıñ qarapayım täsili osı ekenin körsetti.

Osı bir op-oñay aqıl bizdiñ basımızǵa neǵıp kelmegen?!

Al endi uzındı-qısqa bop bölünip qoyılğan qarındaştar bar emes pe? Olardı qalay etemiz? Sağatbay buğan da aqıl taptı. Jerebe salıp, eşkim renjimestey etip bölip berdi. Jerebesi mınaday: qarındaştıñ eki böleginiñ de ol kesilmegen uştarın teñestirip, kesilgen jaǵın körsetpey ustap turadı. Talasuwsı balalardıñ birine, qane, qalaǵanıñdı suwırıp al deydi. Suwırasıñ. Uzını kez kele me, qısqa kele me, öz baqıtıñ.

Aqıldılıq tek ülken isten bayqalmaydı. Usaq-tüyekten de anıq körinip turadı. Sağatbay sabaq berüwde ğana emes, turmısta kez bop qalatın eskerüwsiz jäyttardıñ bärinde de tapqır adam edi.

«KIYIKBAY!», «NAYZA!»

Mektep tüpkilikti bolıp basqa üyge köşti.

Sol Kiyikbay awılında burın meşit bolğan bir uzınşa tam üy bardı. Dinnen qadır ketken soñ terezeleri qıyrap, sırt qabırǵasınıñ silaǵın jawın ezip tüsirip, qañırap bos turatın. Sol üy qayta jöndelip, ortasına temir peş ornatılıp, terezeleri bütindelip, mektep bolğan. Biz qazir osında oqıymız.

Bir kezde din ordası bolğan meşit, qazir bilim ordası – mektep.

Jalpiyıp jerde otıruwdan qutılğanbız. Qozğalsañ, şiyqıl salıp birge qozğalatın, mırşaq uzın partalar payda bolğan.

Sağatbaydıñ üyi mekteptiñ bet aldında jaqın. Sabaq soñınan ol bizben xoş aytıladı da, sol arada qalıp qoyadı.

Kiyikbay awılıniñ köpşilik üyleri mektepten berirek – Batırbay tübegi atalatın şağın tübekşeniñ awzında. Sabaq soñınan jol ayırıǵına deyin Kiyikbay. Nayza bolıp birge kelemiz. Kiyikbay balaları osı aradan tömen burılıp ketedi de, Nayzalar qara joldı boylap, awılımızǵa tuwra tartamız. Qay künderi däl osı jol ayırıǵına jetken kezde kewdeni qurt bop jaylap alğan ruwşıldıq alaközdiginen tuwatın soyqandı waqiyǵalar bastalıp kep ketedi.

Bul indet, bul jeksurin awru balalarǵa ülkenderden juqqan.

Päleniñ bası Kiyikbay, Nayza dewden bastaladı. Jik-jik bop, bölektenip şıǵa kelemiz. Birewimizdi birewimiz qalayda kemsitüge tırısamız. Nayzalar Kiyikbaydı, Kiyikbaylar Nayzanı jamandap öleñ aytamız.

Nayza, Nayza, naquris,

15

Kök esektiñ sütün iş! -

Al şıdap kör mıqtı bolsañ!

Sözben jamandasuw örşip, şegine jetedi. Endi aşıqtan-aşıq boqtasuw ketedi. Boqtasuwdıñ artı - töbeles.

Nadandıqtan tuwatın osı bir jikşildikti öte-möte qozdırıp, elirip turatındar töbelesqoy juwan bilek balalar. Olarǵa qanday jolmen bolsa da şataq şıǵaruw kerek. Eñ oñay, eñ sınaǵan senimdi jol älgi – «Kiyikbay!», «Nayza!».

Bir küni muǵalimniñ qarası közden tasa bolıp, jol ayırıǵına jetken kezde, daǵdılı maydandasuw bastaldı. Äweli töbelesqoy ererek balalar şartpa-şurt qoyǵılasıp qaldı. «Ur, Kiyikbaydı!», «Ur, Nayzanı!». Bul uran delebesin qozdırmaytın jan joq. Bizge kişkentay balalarǵa deyin jeligip, qım-qiyǵaş qoyǵılastıq ta kettik.

Bundayda beybitsilik saqtaytındar tek qızdar. Olar töbeleske aralaspaydı. Kimdi kim jeñer eken degendey şetke irkilip şıǵıp, qarap turadı.

Nayzaniñ qarası moldaw, äri bizdiñ balalar ererek. Nayza eñserip, Kiyikbaylar şaylıǵıp, qaşa bastadı. Biz tırqratıp quwıp kelemiz: -Ur, Kiyikbaydı! Ur!

Kiyikbay awılı älgi aradan jap-jaqın.

Men nüziktigime qaramastan, özüm qatar balalardıñ işindegi töbelesqoydıñ biri edim. Şataq şığar jerdi izdep jürem. Şapşañ jügirem. Ospan deytin menimen öşigiñkirep jüretin bir balanıñ soñına tüşip alğam. Jetsem, jelkeden bir tüşsem dep, elirip quwıp kele jatırmin. Awıldıñ qaç ortasına kelgenimdi biraq bayqadım.

Ökpe tustağı bir üydiñ qalqasınan baqan ustağan ere sek bala şığa keldi. Ol da Kiyikbay edi. Uzun baqanmen basımnan qasqaytıp salıp qaldı. Men jasqanıp ta ülgermedim. Şekeme däldep tiygen awır soqqı dıñ ete qaldı da, basımınñ bükil bir qaptalın jarıp tüşkendey boldı. Közim qarawıtıp, jer-düniye aynalıp, döñgelenip baradı. Tayaq tiygen şekemdi ustay alğan kezde qolıma jıp-jılı bop aqqan qan bilindi...

Üyde jer tösekte jatırmin. Şekemdegi jarağa şeşem kiyiz küygizip basıp, dombazday etip baylap bergen. Äri oñay, äri dayar em. Aq baqannıñ ne bolğanın bilmeymin, al meniñ basım äjeptäwir zaqımdanıp qalğan eken. Isik kernegen oñ közim jiltırap zorğa aşılardı. Üstimdegi jeydemniñ bir qaptalı men omırawı qızıl josa qan.

Däriger degendi bizdiñ awıl bilmeydi. Ambulatoriya, emxana osıdan on eki şaqırım Narınqolda ğana bar. Awrular işinara soğan barıp emdeledi. Äytpese, negizinen, awılдаğı baqsı-balgerdiñ aqılınan özderin özderi emdeydi.

Meni eşkim därigerge aparğan joq. Aparuwğa jağday da joq. Bas süyegim sıñannan saw ma, saw emes pe? Onı rentgen arqılı zerttep bilüw mundağı jurttıñ oyı tügil, tüşine de kirmeydi.

Eki-üş künde y sabaqqa bara almadım. Şeşeme salsa, endi tipti meni mektepke jiberetin türü joq. Biyılşa oqımay-aq qoy. Keler jılı, budan ğori eseyiñkire-gende bararsıñ deydi. Meniñ xal-jağdayımdı bilüwge bizdikine ädeyilep Sağatbay keldi. Bolğan waqiyğanı ol tügel estip-bilgen. Aşuwlanğan. Balalar arasında ruwğa bölüwşilik bolmasın dep, qatañ tıyım salğan.

16

«Nayza awılı», «Kiyikbay awılı» dewdiñ ornına Sağatbay bizge «birinşi brigada», «ekinşi brigada» dep aytıñdar deytin edi. Bara-bara osığan ülkender de üyrene bastadı.

KÖPEKBAY JÄNE ONIÑ BALALARI

Köpekbayulı Jünisbaydıñ qolına klaskomdıq tizgin tiymey-aq tur eken. Arba qamşıday şartıldap ol endi bizdi bir şıbıqpen aydaytın boldı.

Jünisbay klastağı ererek balanıñ birewi. Boyı suñğaq, taldırmaş, siriñke öñdi. Minezi äri şapşañ, äri qızba. Sabaqqa alğır. Muğalimniñ awzınan şıqqandı zañday körip, şaş al dese bas aluwğa dayın, lıpı turadı.

Jünisbay Nayza da, Kiyikbay da emes, işkeri Şelek mañındağı Qıstıq deytin ruwdan. Nayzağa jiyen. Äkesi Köpekbay osıdan üş-tört jil burın üyelmeli-süyelmeli tört er balası men şüykebas momın äyeli Äynekti şubırtıp, jekjat-jurağattarın sağalap janbağıs izdep kelgen.

Köpekbay üyiniñ sol kezdegi özgeşe jüdeu xali meniñ köz aldımnan ketpeydi. Awıldan şetkerek tigilgen üş-tört keregelik sompiyğan şurıq-tesik qurım üyleri boluwşı edi. Tañerteñ sol qurım üydiñ işinen ädeyi kisi qorqıtıw üşin solay kiyingendey jalba-julba, şaştarı qulaqtarın jawıp ösip ketken balalar öre şığıp, kiyizüydiñ sırt bosağasına tizilip, küñge qızdırınıp turadı. Eñ ülkeni Bäzil jigit bolıp qalğan. Odan keyin Jünisbay, Jünisbaydan keyin Qojaqan, Qojaqannan keyin Mäsimbay.

Araları eki-üş jastan ğana. Birewinen birewi süyemdey alasarıp, belbewge arqaların tirep, tiziledi de turadı. Äldekim boylarına qaray ädeyi tizip turğız-ğanday. İstewge, is joq. İşiwge tamaq joq. Kün nurı men taza awanı qorek etip, mawjırap turğandı biledi. Ara-tura bala minezderi ustap, birin-biri büyirge türtip oynap ta qoyadı.

Jalba-julba kiyimniñ jırtıǵınan jıltıldap jalañaş etteri körinedi.

Bir ğajabı osınşa awır turmısta jürse de, Köpekbay balaları şetinen pısıq. Közderinde şaqpıqtıñ otınday jıltılğan ot, jiger bar.

Köpekbay özi eñgezerdey tip-tik, şoqşa saqaldı, qara torı jüzi ızbarlanıp aşuwmen qaraytın, zor dawıstı adam. Qaraşa üydiñ köleñke jaq irgesinde sırtta ol qaşanda qamşı örip, nemese ayaq kiyim jamap, äytewir bir ismerlik istep otıradı. Basında ter siñgen qara taqıya, butında buwra san teri şalbar, ayağında qonşı men julıǵına jamaw tüsken jeñil mäsi – etik.

Joqsılıqtıñ tepkisin qanşa jese de Köpekbaydıñ jüni jıǵılmağan, eñsesi tüspegen. Tek bolar-bolmasqa qabağan it tärizdi ars ete qalatın aşuwlanşaq.

Balaları Köpekbaydan keremet qorqatın edi. Onıñ aldında ayaqtarınıñ uşınan jorğalaydı. Äkeleri «Jünisbay!» nemese «Mäsimbay!» dep dawıstay qalğanda, atı atalğan bala qanday qızıq oyındı bolsa da tastay salıp jügiredi. Äkelerin ekinşi ret dawıstatqızbaydı. Ekinşi ret dawıstatsa, odan äri arqanı osıp-osıp tüsetin qamşı dayar turatının olar jaqsı biledi.

Köpekbay öte-möte äyeline qatal edi. Turmıstıñ zardabına degen aşuwın sodan almaq bolğanday şüykebas momın Äynekti keyde ol üyden üyge quwalap sabaydı.

17

Qolına ne ilinse, sonımen uradı. Jetken jerde zildey awır ayaqtarımın ayawsız janşıp, tepkilep jatadı.

Aşuwlanğan kezde Köpekbay qutırğan buwra tärizdenip ketedi. Oñaylıqpen araşa bermeydi.

Araşa tüsetin Köpekbaydıñ tört balası. Äljuwaz bayğus şeşemizdi birjolata öltirip qoymasın degendey olar şır-şır etip Köpekbaydıñ qolına, ayağına jarmasadı. Bir uwıs älsiz Äynekti özderiniñ säbiy denelerimın bürkeydi. Ayawlı analarına jan ayamay pana bolıp, ol üşin bası-közderin Köpekbaydıñ ayawsız qattı soqqısına tosadı.

Eki közi qantalap qutırğan buwra eşteñege qaramaydı. Tört balanı tört jaqqa dopşa laqtırıp, äyelin mıljalap sabay beredi.

Tayaqqa könbis bolıp alğan Äynek ölmeydi de, mertikpeydi. Artınan bası-közi kökale bolıp, türegep, üy şaruwasın istep jüredi. Üş buttı oşaq temirge qara şawgimdi asıp, Köpekbayğa şay qaynatıp beredi.

Äñgime tujırmıdı boluw üşin uwaqıttan jeti-segiz jılday alğa ozıp, Köpekbay semyasınıñ keyingi tağdırı jaylı ayta keteyin.

Keyin, zaman oñala bastağanda, Köpekbay balaları şetterinen jigerli, qasqır jigitter bolıp erjetti. Turmıstarın tez tüzep aldı. Bözili kolxoz qurılısın qoldan turğızısқан eñbekker azamattıñ biri edi. Otan soğısına deyin kolxozda brigadir bolıp istedi. Äyel aldı, bala süydi.

Jünisbay Bözilden asıp ketti. Ol ğajap zerek oqıytın edi. Klastan klasqa mezgilsiz attap (ol kezde buğan jol beriletin), on jıldıqtı bizden burın bitirdi. Armiyağa alındı. Ofitserlik uçılışcede oqıp jürip, 1940 jıldıñ Qızıl Alañdağı Birinşi may äskeriy paradına qatıstı.

Jünisbaydan üyelerine xat üzbey kelip turatın. Äskeriy formamen qatıp tüsken ädemi suretlerin jiberetin. Jaraw attay qağılez, boyşañ jigitke soldat kiyimi ädeyi sol üşin tigilgendey keremet jarasatın. Älgi suretterdi bükil awıl bolıp tamaşalap köretin edik.

Köpekbaydıñ üşinşi ulı Qojaqan jas jağınan menimen şamalas. Onıñ öner-qabileti eki ağasınıñ ekewinen de artıq edi. Sabaqtı ozat oquwmen qabat, talanttı muzıkant bolatın.

Dombıranı jas kezinen bezildetip tartatın. Dombıranı jäne özi jasap alatın.

Muzıka aspaptarınıñ qay türin de Qojaqan özdiginen meñgerip, töpöp äketetin. Qız-bozbala keşqurım Qojaqanıñ mañına jiynalatın.

1940 jılı Qojaqan Almatı peduwçılışçesine oquwğa tüsedi. Ol sonda oqıp jürgende Köpekбай bir ret sonaw üş jüz elüw şaqırım jerdegi Qostöbeden Almatığa balasına salt atpen arağa pälen qonıp, azıq-tülük jetkizip berip qaytadı.

Soğıs bastalğanda Qojaqan özi tilenip maydanğa attanğan edi.

Osı atalğan üş jigittiñ üşewi de say tasınday irik, ayawlı jandar edi. Aşçı ömirdiñ batpağın belşeden keşip jürüp, qayğırıp-qapalanuwdı bilmeytin.

Üşewi de ömirge ğaşıq jandar, jalın atqan arman iyeleri edi. Alda säwletti bolaşaq barına kämil senetin. Sol üşin jan qiyuwğa dayın turatın.

Üşewi de adal kommunister edi. Awıldiñ körki edi, säni edi.

Jurt balalarına «Köpekбай balalarınday nege bolmaysıñ? Solardan nege önege almaysıñ?» – dep urusuwşı edi.

18

Şirkin, amal neşik, üş äsem qızğaldaqtıñ üşewin de soğıs tajal mezigil jetpey mert etti. Üşewi birdey maydanda qaza taptı.

Buwra şal köz jası altı taram bolıp añırap qaldı.

Kişkentay şüykebas Äyneк balalarınıñ qayğısınan odan beter janşılıp ölermen boldı. Köpekбай balalarınıñ eñ kişisi Mäsimbay qazir bar. Irgeli bir sovхозda salawattı partorg.

Äñgimeniñ bastapqı merzimine – 1933 jıldiñ küzine– qayta oralayıq.

Köpekбай üyi birinşi brigadada, yaғni, Nayza awılıniñ işinde. Jünisbay tañerteñ elden burın turadı. Üy-üydi kezip, mektepke baratın balalardı oyatadı. Söytip, bizdi jiynap alıp, tügendep, mektepke bastap keledi. Birde-bir balanı ol sebepsiz mektepten qaldırmaydı.

Bunı öziniñ klaskomdıq mindeti dep uğadı.

Sabaq kezinde de Jünisbay jan-jaғına alaqtap qarap, bizdi baqılawğa alıp otıradı. Birewi qıbir etse, muғalimnen qabattasıp: «Pälenşe, tınış otır!», «Jap, kitabıñdı!» nemese «Artıña burılşaqtamay otır!» – dep, şaq-şaq etedi. «Öte qırğış qazanniñ tübin tesedi» degendey, keyde ol muғalimnen asıp ta ketedi. Bala, artıq ketip qalasıñ degendi Saғatbay oğan ülkendew jumsaq murnınıñ tanawı säл deldiyip, jimiyyumen bildiredi de, Jünisbaydı qas, qabağimen basıp qoyadı.

Muғalim barda östetin Jünisbay, muғalim joqta tipti şırqap ketedi. Bizdi bir şıbıqpen aydap baғındıradı. Keyde Saғatbay klastı Jünisbayğa tapsıradı da, özi onı-munı şaruwamen bir jaқka az uwaqıtqa ketip qaladı. Jünisbay klaskomniñ qatañdığın siz

sonda köriñiz! Alğa muğalimniñ ornına barıp, qazdiyıp turıp aladı da, klasqa degenin istetedi.

Jünisbaydıñ ämirine bağınbaytın, odan seskenbeytin bir jan joq.

Birewge aşuwmen qarağan kezde Jünisbaydıñ közderi nayzaniñ uşınday suwıtıp, eki beti işke qaray surlana qabısıp, jaq jünderi tikireyip köterilip ketedi. Säl ğana tärtip buzğan oquwşını qısıraqtıñ ayğırınşa jimqırınıp, şaynap tastawğa dayın turadı.

Bizben birge Janbosın degen bala oqıydı. Jası Jünisbaymen şamalas. Awıl sovet predsedateli Batırqanniñ balası. Uldan äke-şeşeniñ jalğızı bolıp erke ösken. Mañayındağı balalarğa öktemdik jasap üyrengen şataqqoylaw. Kiyimdi sılıqım bozbalalarğa eliktep, sändep kiyinedi.

Janbosın bugün-erteñ özi de dayın turğan bozbala.

Qostöbede mektep aşılmay turğan kezde Janbosın Köpekbay balaların adam demeytin. Olardıñ mañınan jürüwge jiyrenetin. Jünisbay, Qojaqanğa kemsitip, şekesinen qaraytın. Sol Janbosın ğana burıñğı ädetimen keyde Jünisbayğa qodilana qarap, betine qarsı kelip qaladı. Jünisbaydı tıñdamay, sodırlıq minezder körsetpek bolıp turadı. Tejeletin biraq Jünisbay emes. Ol odan beter şaqıldap, özinen göri deneli Janbosınğa tistene taqalıp:

-Sen nemene, bağınğıñ kelmey me? Äkem awılınay eken dep dandaysıma! Bağınasıñ! Seniñ mına bütün kiyimiñ qunu men üşin biraq tiyin! - deydi.

19

Janbosındı aybınımen eriksiz eñserip aladı. Jünisbay öjettiñ öjeti edi. Eşkimnen qorıqpaytın da, qaymıqpaytın. Aldına äzireyil kelip tursa da qasqayıp, ayılın jiymay söylesetin.

Sabaqtan, mektepten tıs uwaqıtta biz muğalimdi umıtuwğa barmız. Al Jünisbaydı umıta almaymız. Qayda jürsek te Jünisbay oyımızda jüredi. Oquwşığa layıqsız säl ğana qılmıs jasasaq, jerden şıqqanday bolıp Jünisbay sopañ etip şığa keledi de, sol arada turıp, jerbirimizge jetedi.

Bükil Qostöbede Jünisbaydıñ körmeytini, bilmeytini bolmaydı.

Bala biz tügil, Jünisbaydan ülkender qaymığatın edi. Birewdiñ bir arqa şöp äkele jatqanın körse, ol tergemey jibermeydi.

- Mina şöpti qaydan äkele jatırsıñ? Kolxozdan urlap alğan joqsın, ba? - deydi.

Şübalansa, keñsege ertip keledi.

Birew qoy soysa, kolxoz qoyı emes pe? Öz qoyı ma? derew bilip aladı.

Jünisbaydı anadaydan körgen jurtt:

- Köpekbaýdın osı balası öskende ne bolar eken? Qırar birewdi, qırar! – dep, jağaların ustaydı.

MAYRA

Awıl sovet predsedateli Batırqanda bir ul, eki qız bar. Ulı Janbosındı oquwşı azdı-köpti biledi. Teteles eki qızdın ülkeni Mayra, kişisi Sayra.

Qazaq balalarınıñ attarın uyqastırıp qoyuwğa qumar boladı.

Şeşeleri Aysuluw kerbez, kelbetti adam. Üy ustawı, bala ösirüwi keremet. Eki qız egiz qozı tärizdenip birdey kiyinedi, arşığan jawqazınday tap-taza bolıp jüredi. Qazirgidey joqşılıq, qiyın kezdiñ özinde Aysuluw balaların elden erek jutındırıp qoyadı.

Batırqan şalağat bolğanımen ömir sürüwge öte beyim adam. Orıssa biledi, şekaraşılarmen baylanıs küşti. Qol astına eki kolxoz qaraydı. Sırttan kelgen дәrejeli qonaqtar, ökilder Batırqannın üyine tüsedı.

Qostöbedegi bir-eki küyli turatın semyanıñ birewi osı Batırqandiki.

Klastağı eñ taza oquwşı Mayra bolğandıqtan biz onı tazalıqşı etip saylağanbız.

Mayra şeşesi Aysuluwğa tartqan pısıq ta, süykimdi qız. Oyin dese quynşa üyirilip, janıp ketedi. Köbinese, er balalarmen dostasıp oynaydı.

Künde tañerteñ oquw bastalardıñ aldında Mayra bizdi esikten bir-birlep tekserip kirgizedi. Qolımızdın, qulaq, moynımızdın tazalığın qaraydı. Min tapsa, kirgizbeydi.

Bar, juwınıp, taza bop kel. Tırnağındı soyawday etpey, alıp kel deydi.

Mayra öz qızmetine adal, qatal tazalıqşı. Solqıladağandı bilmeydi, kimge de bolsa aytqanın istetedi.

Awıl balalarınıñ qay-qaysısı da üsti-bastarın kütüwge uqıptı emes. Qısı-jazı monşa degendi bilmese, awıstırıp otıratın taza iş kiyimderi bolmasa,

20

üyde kir tösekte, sabalaq jırtıq körpeniñ astında uyıqtaytın bolsa, qalay uqıptı boladı?

Üsti-basın kütüwge uqıpsız balanıñ birewi – aldınıзда otırған äñgimesiñiz.

Jas kezden tazalıq saqtap dağdılanbağandıqtan, äri ol üşin qolaylı jağday bolmağandıqtan tañerteñgi juwınuw mağan bütün bir azap bolıp körinetin. Suwıq suwmen juwınıp jatqım kelmeydi-aq. At üsti juwınuwğa jāne bolmaydı, tekseretin Mayra bar. Qoldın küsin, qulaqtın işine qaq bolıp turıp qalatın kirlerdi qalayda ketirip juwınwın kerek. Azaptıñ azabı emey nemene?

Tırnağı qurğır da öskiş-aq. Izalanıp otırıp bugün alıp tastasañ, erteñ köstiyip şığa keledi. Tırnaqtıñ qanşalıq öskeni astındağı kirden bilinip turadı.

Al şaş aldırıw şe? Men üşin bul azap qana emes, qasiret! Öytkeni tabiyğat meniñ basıma şaş ornına ustara ötpes qalıñ sim temir qadap qoyğan. Şaşımdı kim alsa da bir degennen ustarası jürmey, tutqırlanıp qaladı.

-Tuw, şaşın şaş emes, sim temir ğoy! Munday da qayrattı şaş boladı eken! - dep tañırqap jatqanı.

Şoşqanıñ qılınday qattı şaş küşpen äreñ sıyrıladı.

Küşpen jumsalğan ustara basımniñ quyqasın qosa sıyrığanday boladı. Janım közime körinedi. Tistenip alamin da, şıdap bağam. Eki közimdi birdey tars jumıp alam. Mıqşıyıp jerge kirip kete jazdaymın.

Men şaşımdı ustarası ötkir, qolı jumsaq degen adamdarğa tañdap alğızatın edim. Oндаy adam Äwbäkir Qart. Qiynala bastasam Äwbäkir jigerlendire biledi:

-Öy, jaman neme. Öziñ jigit emes ekensiñ ğoy. Biz sendey künimizde şaşımızdı qabırğamen alğızatınbiz, - deydi. Qabırğa şaştı qalay aldı dep, tañ-tamaşa bolamin.

Juwınuwğa qol sabın tügil, kir sabınıñ özi tapşı.

Awıl qazaqtarı sabındı özderi jasadı. Alabotanı şawıp alıp, örteydi de, küline may qosıp, qaynatadı. Qap-qara sabın payda boladı. Kädimgi qara balşıq tärizdi, äri awır, äri qattı, Qol juwuwğa arnalğan kişkentay qara sabındı buzawşıq deydi.

Bütün qol bizde bola ma? Köbesi şıt-şıt bop jarılıp ketken. Juwınğan kezde qara sabınıñ köbigi tuz qaynağanday duwıldatıp aşıtıp jiberedi.

Qolıñ kir, moynın, kir dep talay ret Mayra meni klasqa kirgizbey quwğan. Men birden moyındamaymın, daw şığaramın.

-Meniñ etimniñ özi osınday - qara, - deymın.

-Joq, mınaw ettiñ qaralıǵı emes, küs, – deydi Mayra. Qolımnıñ köbesin tırnap дәleldeydi. Tırnalağan kezde küs köşedi de ar jaǵınan aqşıldanıp teri körinedi.

Endi moyındamasqa lajım qalmaydı.

Klasta Mayranıñ jelke tusında otıramın. Üziliske şıqqanda ol qayda bolsa, sondamin. Äldeqanday bir siyqır küş meni Mayradan alısqa jibermeydi. Arqandap atşa Mayranıñ tönireginde ustaydı.

Mayra kün bolsa, men künbaǵıspın, onsız tura almaymın. Mayra gül bolsa, men köbelekpin, aynalsoqtap şıqpaymın.

21

Mektepten qayıtıp kele jatqanda boyımda tabiyğat sıyğa tartqan qanday önerim bolsa, Mayraniñ aldında sonı tügel körsetüwge tırısamın. Qus bolıp qubılıtıp ısqıramın. Arıq-ordıñ qaydağı jalpaq, jerin tañdap sekirem. Jayaw jarısta qalayda ozbaq bolıp, janımdı salıp jügirem. Sonıñ bärinde de köz qıyırım Mayrada boladı.

Mayraniñ jüzinen quptağanday belgi kersem, nemese onıñ awzınan bir tamşı maqtaw söz estisem, onda dünüyede menen baqıttı adam joq.

Juwınıp, tazalanuwdı qanşa azap sanasam da, men mektepke, mümkün bolğanınşa, taza kelüwge tırısatın edim. Qoldıñ küsin tırnalap küşpen ketirem. Zorlıqpen tazargan teriniñ tüsi tüte-tüte bolıp qaladı. Meyli. Alaqanımdı tömen qaratıp, aldına jayıp ustay qalğanda bul bätşağar qoldardı meniñ qanşama azaptanıp tazartqanımdı Mayra bilsin qayta. Bağalasin. Öytkeni osınıñ bəri Mayra üşin ğoy. Mayradan eskertüw alıp, qızarmas üşin. Mayrağa uqıptı, taza bolıp körinüw üşin!

BİR, EKİ, SOL AYAQ!

Küz – kolxoz jumısınıñ asa äbiger, qarbalas kezi. Bir jağınan şöp orılıp bitpey, ekinşi jaqtan al, meni ora basta dep, qabattasıp astıq, pisedi. Orılğan astıqtı basuw, tazalaw, on bes şaqırım jerdegi zagotzernoğa arbamen, kölikpen tasuw.

Zyab jırtu. Qoldağı azın-awlaq maldı qısta qırıp almas üşin jılı qoralar saluw.

Jumis köp, adam az. Bir jumısqa bir jumıs qabattasıp, naşar eldiñ esin şığaradı.

Traktor, kombayn sekildi quwattı maşınalar ol kezde jaña payda bola bastağan. Jumis tügel derlik qol küşimen isteledi. Küş köligi jäne jetkiliksiz. Qolda bar at, ögizdiñ moynınan qısı-jazı qamıt túspeydi, arqasınan er túspeydi. Şetinen arıq, şetinen köterem. Salaqtatıp sömke asınğan ökilder keledi. Ekpinderimen ört öşirgendey. Pälen jumıs nege bitpey jatır? Tügen jumıs nege bitpey jatır? Pälen künde bitirmeseñ, qıram, joyam dep keledi. Jurt jumısqa tañqasqadan şığadı, tünde biraq qaytadı. Ay jariqta jumıs tünimen toqtamaydı.

Jeke menşiktiñ at, ögizderi kolxoz jumısına tügel alınadı. Soqağa qulındı biye, buzawlı siyır jekken künder bolğan.

Buwaz biyelerdiñ zorıqqannan adamşa şıñğırıp, tikesinen tik turıp, qulın tastağanın öz közimden kördim...

Awıl üstinen at mingen jolawşı ötip bara jatsa, atın awdarıp alatın künder bolğan.

Kölik jağı älgindey bolğanda, soqa-sayman jağı tipten soraqı. Qamıt, doğa, erşik, postremka, dağar sekildi nârseler müldem jetispeydi. Kolxoz predsedateli, brigadirler, awıl sovet qızmetkerleri üyden üyge qıdırıp, jip-şuw, kiyiz, tuwlaq, noqta-jügen, dağar jiyneydi. Oğan da bolmasa, sen ananı tawıp beresiñ, sen mınanı tawıp beresiñ dep, tütün basına salıq etip saladı.

22

Sumka asınğan şadır köz Sarmanov ökil meniñ köz aldımnan ketpeydi. Ülken tügil odan bala-şağa da qorqıp, qaltırıp turatın. Mañayındağı eldi Sarmanov qırıp kete jazdap jüredi. Eki söziniñ biri – jawsıñ! Kolxoz jumısına ziyankessiñ! Atam, şabam! Aydatam! Şaş al dese, bas alatın älgidey äperbaqan ökilderge äy, batır, bunıñ qalay dep, betine tuwra qaraytın adam ol kezde sanası jaña oyanıp kele jatqan awılda siyrek edi.

Suwırdıñ ayğırındaş şaq-şaq etken Sarmanov bir küni sabaq uwaqıtında qamşısın büktep ustap, klasqa kirip keldi. Teri şuwjuwrka, teri kepka kiygen. Galife şalbarınıñ quyırığına er qajap tozbas üşin teri qaptatıp alğan. Boyı şağın, juwantıq, bultıyğan qozı qarnı bar şântik adam. Qara sur öñdi qabağın ünemi tüyip aladı. Biz sıylağannan burın qorqıp, dür etip türegeldik. Sarmanovtıñ jaqsılıq alıp kelmeytinin bilgendeymiz. Ol Sağatbayğa jaqındap, bizge bir qırınan toqtadı.

-Tak, sabaq buginnen bastap toqtatıladi. Mına mirqımbaylardı künde tañerteñ masaqqa alıp barasıñ. Masaq teredi.

Qarsılıq aytuwğa Sağatbayda şama joq.

Oquw toqtap, biz masaq teretin boldıq.

Jünisbay klaskom Sarmanovtan beter şaqıldawıq. Tañerteñ eñ bir tätti uyqınıñ quşağında jatqan kezde terezeni ört şıqqanday taq-taq urıp oyatadı. Özinde uyqı degen joq pa, bilmeymin. Qañqıladağan dawısı miyındı nayzaşa tesip ötedi.

Turmasqa lajıñ joq. Apıl-ğupıl kinip, bolmaşı birdeñeni qarınğa salıp alıp, uyqımız äli aşılıp bolmağan qabaqpen kirjiyip üyden şığamız. Tüski azıqqa bir bötelke arpa köje quyıp, quşaqtap alğanbız.

Jünisbay üy-üydi kezip, bir bala qoymay jiyneydi. Boyımızğa qaray tizip sapqa turğızadı. Jumısqa sappen alıp jüredi.

Komanda berüwşi özi. Eñsemizdi tüzüw ustap, ayağımızdı durıs alıp jürmesek, päle qıladı.

-Äripbay, köter eñseñdi!

-Äbek, esineme!

-Uldağan, qalma!

Tösekten uyqı qanbay turğandıqtan biz oñaylıqpen sergi almaymız. Ayağımız tüzelmey, buzıla beredi.

-Qane, jügiriñder! – deydi Jünisbay. Jamırağan qozışa dürliğip, birimizden birimiz ozıp, aralasıp ketemiz.

-Toqtañdar!

Toqtaymız. Ärqaysımız öz ornımızdı tabamız. Qaşan ayağımız tüzelgenşe Jünisbay bir orında turğızıp, jer tepkizedi:

-Bir, eki, sol ayaq!

-Bir, eki, sol ayaq! Küläyhan, sol ayaq qaysı ekenin bilmeysiñ be? Tüze ayağıñdı!

Toqtañdar! Qayta bastañdar! Bir, eki, solayaq! Sol ayaq! Pıram şagim marş! Älgiden göri sergip qalğandaymız.

-Qane, öleñ aytıñdar! Mälük, basta!

Mälük eresek qız. Äri äñşi, äri biyşi. Tartınbay bastay jöneledi: Lenin bizdiñ atamız.

23

Sayasına jatamız,

Qarsı kelgen duşpandı

Qaq jürekten atamız!

-Jamırap kettiñder! Jamıramay, jöndep aytıñdar! - deydi Jünisbay. Jäne bir öleñ bastaladı:

Biz jastar jurttıñ tañın atıramız,

Duşpandı suw tübine batıramız.

Eñbekşi el qızıl tuwın tikken jerge,

Kedeydiñ bar balasın şaqıramız.

Qayırması:

Axaw, sotsiyalizm, komzınizm, Jasasın jer jüzinde leninizm!

Boyım kişkene bolğandıqtan meniñ ornım saptıñ art jağında. Buğan qorlanamın. Alğa taman turuwdı arman etem. Sapqa turuw bastalğanda ökşemdi köteriñkirep, nemese jerdiñ tömpegin paydalanıp qaluwğa tırısam.

Äsirese, qızdardan da keyin turuw namısımdı şoqtay qariytın edi.

Mayraniñ boyı menimen şamalas. Sapqa eki-ekiden turğanda ol menimen qatarlasıp qaladı. Bul kezde alğaraq turuwdı arman etpeymin. Qolına qolım tiyisip, Mayramen qatar jürüw – ol men üşin baqıt.

Men quw tildi tıqılğan pısıq bala boldım. Sabaqtı täwir oqıymın. Tız etpe jeñiltek, äri şataq qumar edim. Birewmen dos boluwım da, araz boluwım da tep-tez. Kekşilmin. Birewden tayaq jesem, ızadan öle jazdaymın. Kündiz-tüni öş aluwdıñ jolın oylaymın.

Dene şınıqtıruw sabağın öte süyetin edim. Jügiruw, sekiruw, suwğa maltuw sekildi önerden eşkimge ese jibermeymin.

Sumdıq namısquoy edim. Jurttan kem boluwdı dünüyeniñ qorlığı sanaymın. Üydegi elden erek kedey turmısqa qorlanam da, äkem men ağalarımniñ jurt qatarlı bola almağanı üşin ızalanam.

Üstimdegi kiyimderim naşar-aq. Janbosınşa qatıp kiyinip jürüwdi arman etem. Awılдаğı birden bir sılıqım kiyinetin bala Janbosın. Batırqanniñ balası bolıp tuwmağanıma ökinetin edim.

Biz jaz boyına ayağımız küs-küs bop, jalañayaq jürgende Janbosın bäteñke kiyip jüredi. Bäteñke bolğanda qanday! Ökşesi men tabanında sändi bederi bar. Dımqıl jerge mör basqanday bop sayrap izi tüsip qaladı. Janbosinniñ ayağındağı bujır taban bäteñkege men qattı qızığamın. Şirkin, osınday bäteñkem bolsa dep arman etem.

Köktem şığa bastağannan qaşan qar jawğanşa meniñ ayağımniñ öz kiyimi özinde. Ünemi jalañ ayaq jürgendikten taban süyel bop qatıp qaladı. Onı-munı tiken kirmeydi. Keyde toğaydıñ arasimen elikşe orğıp kele jatqanda qaraağaştıñ soyawday mıqtı şöñgesi may ökşege kirş etip kirip ketetini bar. Qara tikenniñ uwıtı jaman boladı, miyiñnan solq etip biraq şıradı. Oybay dep, mıqşıyıp otıra qalıp, sadaqtıñ oğınday bop qadalıp turğan tikendi küşpen suwırıp alasıñ. Bälekettiñ ornı endi odan jaman aşıydı. Biraq oğan qarap jatwuğa murşa joq. Ozıp ketken balalardıñ soñınan aqsañday jügiresiñ. Birazdan soñ aqşaw basıladı, tabanğa tiken kirgeni esten şığadı.

24

Jaz boyı jalañ ayaq jürgen ayaq krokodildiñ terisindey qara bujır boladı, üsti şıt-şıt jarıladı. Ol jariq tereñdep, qan şığadı. Suw tise, aşıp, janiñ köziñe körinetin boladı.

Şeşeñ bayğus emdeydi.

Emniñ türi mınaday: jatar da qara bujır ayaqtı aşçı qara sabınmen tırnap otırıp juwadı. Sosın qalıñ etip süttiñ kilegeyin nemese vazelin jağadı. Tilim-tilim jariqtar maydı qanşa sılap jaqsa da jutıp ala beredi.

Aşığanniñ kökesin osıdan soñ köresiñ! Bosanatın äyelşe bebewlep, zar jılaysıñ.

Biraq ertesine ayağıñ täwirilenip qalğanın körip, quwanasıñ.

Täwir ayaqpen qatarğa tağı da kelip turasıñ. Jünisbay komanda beredi.

-Bir, eki, sol ayaq!

-Bir, eki, sol ayaq!

Jerdiñ burq-burq etken şaınım endi jigerlene tebesiñ.

ÄDEMİ ÖMİR TUWRALI AÑIZ

Egin qol oraqqen, şalgımen orıladı. Birli-jarım lobogreyka jumıs isteydi. Kombayn joq. Orılğan añızdan biz masaq teremiz. Ärqaysımızdıñ qolımızda atdorba sekildi bir-bir dorba. Sol tolğan kezde qırmanğa äkep tögemiz. Qırmandağı astıq tulıqpen, attıñ tuyağımen basıladı. Kürekpen uşırılıp tazalanadı. Qazirgidey älep-jälep turğan mehanizatsiya ol kezde bizdiñ ölkede dünüyege kelmegen.

Masaq terüw – ol azap jumıs. Belıñ jağılmaydı, bir taldap tergen masaq öndimeydi. Kişkene dorbanıñ özi oñaylıqpen tolmaydı. Jalqawlana bastasañ, Jünisbay äkireñdeydi.

-Jöndep ter! - deydi.

Jünisbay özi şarşaw degendi bilmeydi.

Key küni masaq terüwge Sağatbay da keledi. Ol birge bolsa, şarşağanımız bilinbeydi, uwaqıt köñildi ötedi. Demalıp otırğan kezde Sağatbay neşe aluwan qızğılıqtı äñgimeler aytıp beredi.

Sağatbay köp oquwşı edi. Qolınan kitap, qağaz tüspeydi. Säl ğana demalıs bolsa, Sağatbaydı qorşap alarmız. Äñgime aytıp berüwin ötinemiz. Tekestiñ suwı men toğayınan özge tük körmey, awıl arasınıñ ösek-ayañınan basqa tük estimey körbala bolıp ösken bizdiñ közimizdi keñ dünüyege tuñğış aşqan adam osı Sağatbay. Mañayımızdı qorşağan nadandıqtıñ qara tünek tumanın Sağatbay äñgimeleri dawıl bolıp ısırıp, ar jağınan bizge uşı-qiyırsız keñ ömir, jariq säwle körsetkendey boladı.

Meniñ Idırıs äkemniñ de dünüye tuwrasında öz uğım-bilimi bar. Ol mağan keyde keşki astıñ soñınan köñildenip, erigip otırıp, äñgime aytıp beretin. Jer stol beti tärizdi tört burıştı jalpaq närse, onı müyizimen kök ögiz köterip turadı.

25

Bir müyizi talıp, ekinşi müyizine awıstırğanda jer silkinedi. Aspan, kök, juldız, ay, kün bäreı qudaydıñ jaratqanı. Ölgen adam o dünüyege baradı. Tozaq, beyiş deytinder boladı, t. t...

Sağatbay bunıñ bärin basqaşa aytadı. Jer şar sekildi domalaq... Quday joq, qarañğı adamdar qudaydı qoldan jasadıp alğan deydi. Äkemniñ aytqandarı men Sağatbaydıñ

aytqandarı meniñ basımnıñ işinde talasqa tüsedi. Jer domalaq degen söz aqılıma sıymaydı. Jer domalaq bolsa, biz qulap ketpey, qalay jüremiz? Özen-kölder qalayşa tögilip ketpeydi? Jer aynalsa, anaw taw aynalıp, nege ana jaqqa kelmeydi? Bizdiñ basımız nege aynalmaydı?

Qanday qıyın мәsele bolsa da Saғatbay bizdiñ uғımımızğa layıqtap түsindire biledi. Şubalanuwğa jol qaldırmaydı. Sayıp kelgende, әkemniñ aytqandarınan Saғatbaydıñ aytqandarı bedeldi bolıp şıғadı.

Sayasat мәselesin de Saғatbay әdemi ertegidey etip aytuwşы edi. On jetinşi jılǵı revolyutsiya, patşanıñ taqtan qulawı, bolaşaq kommunist zamanı tuwralı Saғatbay mayın tamızıp aytadı.

-Lenin kim, qazaq pa? - deymiz. Sonşama jaqın bolıp, jüregimizdiñ түbine ornap alǵan adamdı qandas, bawırlas etip, birjola özimizge qosıp almaqşımız. Bizdiñ añqaw suraғımızğa Saғatbay mırs etip küledi. Külgen kezde meyirban kökşil közderi odan beter jadırap, jıp-jılı bolıp ketedi.

-Leninniñ ultı orıs, - deydi Saғatbay, - biraq ol barlıq ulttı birdey körgen. Orıs, qazaq dep bölmege. Ultardıñ tatuwlıǵı, teñdigi üşin küresken.

-Qazaqtardı Lenin bilgen be?

-Bilgen, - deydi Saғatbay. - Qazaqtıñ otırıqşılanuwı, awılда mektepter aşıluwı.

- Osınıñ bäri-bäri de Lenin bastap ketken is ekenin aytadı.

Lenindi Kaplanniñ qalay atqanın biz asa küyzelispen tıñdaymız. Ertegilerde neşe aluwan jawızdıq istep jüretin mıstan kempirler boladı ğoy. Kaplan bizdiñ közimizge sol mıstan kempirdiñ naq özi bop elesteydi.

-Sosın, ustap alǵannan keyin, Kaplandı ne istedi? Attı ma?

Kaplandı atpaǵanın, tek aydawuға jibergenin aytadı Saғatbay.

Joq, biz buǵan riza emespiz. Atuw kerek edi Kaplandı! Atuw az. Basın tömen qaratın, azaptap ilip qoyuv kerek edi! Keskip, qıynap öltirse, sol layıq bolar edi. Men qiyalımmen mıstan kempir – Kaplan jasap alam. Şaşı jalbıraǵan albastınıñ naq özi. Lenindi atqan sensiñ ğoy? Olay bolsa, tart jazañdı!

Qiyalımdaǵı Kaplanğa meniñ körsetpegen azabım qalmaydı. Uramın, atamın, asamın, otqa salam...

-Endi az jıldı sotsializm ornaydı, – deydi Saғatbay. – Kolxozda jaqsı-jaqsı üyer salınadı, kiyim, tamaq köp boladı. Sotsializmnen keyin kommunist ornaydı. Naǵız raqat ömir, mine, sol. Tamaq ta, kiyim de, dүniye-mүliktiñ bäri de tegin boladı.

-Dүkende satuwşы bolmay ma?

-Bolmaydı.

Meniñ közime esigi ayqara aşıq turğan, satuwşı joq düken elesteydi. Jurt şubap kirip jatır, kerek degen nârselerin quşaq-quşaq alıp jatır. Joqşılıqtan köz aşpay kele jatqan men bayğusqa kommunist öte-möte unaydı. Ornasa, tezirek ornasa eken dep arman etem. Kommunist ornağan küni dükenge birinşi bop barar edim. Bastan-ayaq tügel jaña kiyimder almaqşımın. Qalta-qaltamdı toltıra

26

kämpit salıp alam. Erkimşe toyına jeymin. Eşkim alma, jeme dep aytpaydı. Öytkeni kommunist.

Özim qattı qızığatın Janbosınnıñ ayağındağı bujır taban qara batiñke bar emes pe? Bälem, tüstiñ be qolğa deymen de, birewin tañdap kiyip alam. Jäne birneşe parın üye äkep, äbdırağa salıp qoyamın. Burın qolıma tüşpey, ıza qılğanı üşin endi kün sayın jañasın kiyip şığatın bolam.

Kommunistniñ raqatın osılay körmekşimin.

TEPEÑ-TEPEÑ

Meniñ masaqsılıq mamandığım tamamaldı. Kişkentaysıñ, kölikke salmaq az tusedi dep, tulıqtastıñ atına mingizip qoydı.

Qazirgi balalar tulıqtastı bile qoymaydı. Bul uzındığı bir metrdey jumır süyretpe tas. Postremka arqılı attıñ artına jegiledi de, astıq sonımen bastırılardı. Qırmanda üş tulıq jumıs isteydi. Är tulıqtıñ atınıñ üstinde tepeñdegen bir-bir bala.

Qırmanıñ qaq ortasına maya etip, şoqiyp üygen baw. Tulıqtas jegilgen attar sol mayanı aynalıp, jeledi de otırardı. Eresek bir adam bawdan tulıq jolına oqtın-oqtın laqtırıp, şaşıp turardı.

Düniyede qarğıs atqan eki jumıs bolsa, onıñ biri tulıqtastıñ atına minüw.

Jumıs tañqasqadan bastalardı. Tätti uyqıdan tur, tur dep, zorlıqpen turğızıp aladı. Şala uyqı bop atqa kongannan tünge deyin tınım tappaysıñ. Bir basqan iziñe qayta aynalıp kelip, jortaqtaysıñ da otirasıñ. Beyne bir quday qarğap mäñgirtip, toqtawsız zırıldatın qoyğan nârseler tärizdisiñ. Biriñniñ soñıñnan biriñ tınımsız aynala beresiñ, aynala beresiñ. Är-beriden soñ qajıp, mezi bolasıñ. Basıñ aynalıp, köziñ buldırıp, töñirek birge köşip aynala bastaydı. Sonda da toqtamaysıñ.

Astıñdağı atıñ jaraw, jürdek at bolsa ğanibet qoy. Arıq jawır at. Tepeñ-tepeñ tebinüwdiñ küşimen äreñ jüredi. Eki sanıñ saldırap talıp ketedi. Mingeniñ qiyqı-şiyqı jaman er. Tartpa, üzeñgi bawın üzik-üzik jip-şuw birdeñe. Otıruwğa jaylı emes, Taqımğa batıp, qajap, ittey qıladı. Sonıñ birine de qarawğa şamañ bolmaydı.

Arıq keñir attıñ toñq-toñq etken jelisi keli tüygenmen birdey, işek-qarnıñdı üzip jiberer jazdaydı. Qatqıl erdiñ üstinde otıra berüwge quyrıq şıdamay ketedi. Jambastap otırasıñ. Bir jambasıñ talğanda, ekinşi jambasqa awnap, küyzelip bitesıñ.

Tepeñ-tepeñ tebinüw, qamşılanuw – arıq at osınıñ küşimen ğana jüredi. Titıqtap äbden boldırğanda baspay qaladı. Urmaq tügil etinen et kesip al. Öltir. Eki qulağı salbırap, teñselip qularman boladı.

Mal ol adam emes, quwlıq-sumdıqtı bilmeydi. Boldırğanı – äl-quwatınıñ bitkeni. Jılqıbay bezbüyreğ qatal adam. Attıñ boldırğanimen şaruwası bolmaydı.

– Jürgiz! – dep aqıradı.

Qırmanşı jürmegen attı basqa uradı. Basqa urğannan at jasqanşaq boladı. Keyin jay qamşılasañ da basın ala qaşıp turadı.

27

Közine qamşı tiyip, soqır bolıp qalğan attar bar.

Sol tulıqtastıñ atına mingen kezimdi oylap otırsam, qazir dejüregim solq ete qaladı. Oy, şarşawşı edik-aw! Atpen birge sen de qajıp boldırasıñ. Bel omırtqañ sırqırıp, ayaq-qolıñ saldırap, erde otıra almay ketesiñ. Jerge tüsip, bir sağat, jarım sağat boy jazıp jata ketüw qol jetpes armanıña aynaladı.

Adam ol mal emes, quwlıqqa basasıñ. At tizginin bosatıñqırıp jiberem de, eki qolımdı işime basıp, buralıp, qiynala bastaymın. Ortada baw şaşıp turğan qara sur sustı Jılqıbay:

-Äy, ne boldı? Jürgiz! Nemene, şeşeñ esiñe tüsip ketti me? – deydi.

-İşim-ay, oybay, işim.

-E, işiñe ne boldı?

– Burap awırıp baradı.

Quwlıq ekenin Jılqıbay birden bileedi:

-Ottamay, jürgiz! – deydi zekip.

Jılqıbay şın awru bolsañ da tıñdamaydı. Jetti atañnan tartıp boqtap, kerek dese, urıp ta jiberedi. Qarşaday sende äkesiniñ qunı barday-aq qağıp qanıñdı, soğıp söliñdi aladı. Men Jılqıbaydı tajalday jek körüwşi edim.

Keşke jumıs soñınan eki ayağımız taltañdap jüre almay qalamız. Közge uyqu tıgılıp keşki tamaqtı işüwge şamamız äreñ keledi.

Tamağımız – talqan. Qadimgi qara talqan. Kişkene piyalamen tañerteñ bir piyala, tüste bir piyala, keşke bir piyala arpanıñ talqanın beredi.

O, qasiyetiñnen aynalayın, qara talqan! Sen de meni tulıqtastan artıq bolmasa, kem zıgır etken joqsıñ-aw. Tuwğannan közimdi senimen aştım. Awzım alğaş asqa talpınğanda apam bökpen etip talqan bergen. Mine, sodan beri qaray sen, qara talqan, menimen ılgıy da seriktesip, birge jasap kelesiñ. Qayda barsam ayrılmas dosımsıñ. Men mine dep, jarqırıp aldımnan şığasıñ.

Qısta da talqan, jazda da talqan. Erte de talqan, keşte de talqan. Ana üyge barsañ da talqan, mına üyge barsañ da talqan. Talqan... talqan... talqan...

Aqsuwdı talqanmen işemiz. Köjeni talqanнан jasaymız. Mayğa da qosılatın osı talqan, şayğa da qosılatın osı talqan.

Talqandı tamaq etüwdiñ täsili köp-aq. Mäselen, sarımayğa nemese qaymaqqa şılap jew. Oğan şeker sepse, tipten abzal.

Mayğa şılangan talqan şaynaw tilemeydi, öñeşten özi sırğanap ötedi. Sütke, ayranğa şılap jese de awızdan tüsip qalmaydı.

Talqandı tamaq etüwdiñ bul ayılğan baptı täsilderi uwaqıtı tapşı eñbek adamdarı üşin jaramsız. Biz «äwresi az» bolsın deymiz de, talqandı tamaqqa bılay jaratamız: ortada ülken tay qazanda beti jıbir-jıbir etip şımırıp qaynağan bir qazan qara suw turadı. Sodan ıdıspen keregimizşe kösip alıp, tiyesili talqanımızdı üstine salamız. Dämin kirgizip tuz sebemiz. Budan keyin qasıqpen nemese ağaş qalaqpen, ol da bolmasa ortasınan eki büktep sındırğan şiyemen bılğap-bılğap jiber de, awzıñdı küygizip almay, kädimgi balqaymaq jegen sekildi urttap, kömeyiñnen ötkize ber.

Budan soñ kelesi piyala talqanğa qalay da ölmey jetüwiñe men kepil.

Qırman men awıl arası birğawım jer, qonuwğa üyge jibermeydi. Tañerteñ brigadir ayqay salğan kezde uşıp-uşıp türegelüw üşin qırmanın basına tüneymiz.

28

Uyıqtaytın tösegimiz qırman şetindegi üymek sabannıñ işi. Sonı töbesinen tömen qaray üñgip, inge kirgen suwırşa, kiremiz de ketemiz. Moynımızğa topan tü-sip, jıbrılatpas üşin jağamızdı köterip, qımtap alamız. Saban töseniş, saban jastıq, saban jamılğı. Üñgirdiñ awzın awa kiretindey etip sebezdep, bürkemelep jawıp qoyamız. Tañqasqadan brigadir:

-Tur! Turıñdar! - dep, suñqılday bastağanda oyanıp ketemiz. Uyqınıñ eñ tätti kezi. Turğımız kelmeydi. Düniyeni ört basıp bara jatsa da jata turğımız keledi. Alda küni boyı atqa minip tepeñdew, jan qıynaw bar ekenin oylağanda jürekti qayğınıñ uwı kömip ketkendey boladı.

Brigadirmen qabattasıp ayqaylağan qırmanşı Jılqıbaydıñ zärli dawsı estiledi:

-Äy, jügirmekter! Turasıñdar ma, joq pa? Äne, at keldi! Turıp, attarıñdı ustañdar!

Jılqıbaydıñ dawsı uyqını şayday aşıp jiberedi. Endi jatuw qawıp. Uşıp-uşıp turmasaq, buwraşa zirkildeggen Jılqıbay mayanıñ üstine şığadı. Bizdi ayağımen tewip jürüp turğızadı. Qayda tıǵılğaniñdı tappasa, sabanğa ayır suqqılaydı. Ayırdıñ uşı birewiniñ bir jerine kirip keter dep, seskenüwdi bilmeydi ol.

Kün sayın osı. Kün sayın uyqı qanbay mäñgirt bop türegelemiz. Aştıq wayım emes, uyqı wayım. Uyqısı qanıp bir uyıqtağan adamda arman bar ma eken deymiz. Qudaydan jawın tileymiz. Jawın jawsa, jumıs toqtaydı. Demalıp jetisip qalamız. Qaşan jawın basılğansa pırıldap uyıqtağandı bilemiz.

Biraq jawın oñaylıqpen jawmaydı. Kün bulttanıp keledi de, jeldetip, älginde jawar dep ümit etken bulttıñ bäri basqa jaqqa awıp ketedi. Söytip, bizdi keleke etkendey boladı. Aspanıñ jarqırıp kele jatqanın körgende köñildi tağı da qayğı bultı basadı.

Jawın bermegen qudaydan men endi awru tileytin edim. Şın awırsam, üyge qaytam. Tösek tartıp jatqandı bilem. Uyqım meylinşe qanğan bolar edi.

Awru biraq jolamaydı.

Tağı da tepeñ-tepeñ attıñ üsti. Zırıldawıqşa şır kebelek aynaluw...

JILQIBAYDIÑ SUMDIĞI

Jılqıbaydıñ arğı ataları дәwletti adamdar bolğan. Jılqıbay üş ağayındı. Eñ kişisi Jılqıbay. Ata-baba дәwletiniñ bularğa süzile kelip, juǵın-jurnağı ğana buyırğan. Ana eki ağası Jılqıbaydan göri maldıraq bolıp, kämpeşe kezinde malın aydap Qıtayğa qaşqan. Jılqıbay kolxozğa deyin orta şaruwa. Ağalarına ilespey, ata mekendi saǵalap qalıp qoyğan.

Jılqıbay kolxozğa birden kire qoymaydı. Alğasında jekeşe bop, oqşaw jürüp köredi. «Ortaq ögizden oñaşa buzawım» dep, az ğana döñgelek şaruwasın qanatınıñ astına tıǵıp ustaydı.

Biraq jekeşege töngen qurıq köbeydi, jekeşeniñ tınısı künnen küнге tarıla berdi. Jer, suw bäri kolxoz menşigi sanalıp, Jılqıbayğa ayaq basar jer qalmaq bara jattı.

29

Kolxozğa Jılqıbay tistenip, amalsız kiredi. Buringı kewdesine nan pisken bay tuqımı endi ketpen-kürek arqalağan qara qurıq köptiñ birine aynaladı. Burın «Jıqa» dep turatındar endi «Jılqıbay, ey, Jılqıbay» deytin boladı.

Jılqıbaydıñ tüsiniginde, «zaman azdı, el tozdı». Jaña qurılısqa közin alartıp, tisin basıp qaraydı. «Küreserge därmen joq, iş qazanday qaynaydınıñ» naq özi.

Mine, osı sebepterden de qırmanşı Jılqıbay ärqaşan urısqaq, tırısqaq. Öz-özinen şatınap, urnarğa qara tappay jüredi. Bizdi qataldıgımen bezek qaqtırğanda, kolxoz jumısınıñ qamı üşin emes, äriyne. İşindegi zärin retin tawıp tögip galuw üşin. Şıqır-şıqır etip qışığan tisterimen kimdi de bolsa jalbıratıp gabuw üşin.

Ara-tura Jılqıbaydıñ da köñildener kezderi boluwşısı edi. Ondaı kezde ol «qoy üstine boz torğay jumırtqalağan» buringı raqat zamandı añsaydı. Buringınıñ bärin maqtap, armandap otıradı. Qazirginiñ bäri de oğan qubıjıq. «Aqır zaman taqalğanı osı da. Eldigimizden ne qaldı? Balañ kăpirşe oqıydı, tügel kăpir bolıp şığadı», — dep tünilip, mañındağı jurttı da tünildirip, şoşıtıp otırğanı.

Jılqıbay osı kezde de köp jurttan awqattı. Jeke menşiginde eki jılqı, eki siyır, birqawım qoy-eşkisi bar. Jurt onıñ är-är jerde tamır-tanıstarına tıgıp ustaytın maldarı jäne joq emes degen äñgime aytadı.

Jılqıbaydıñ asawdan jaña üyretilgen ädemi ker biyesi bardı. Özi ğana minip, qırmanın mañayında arqandap ustaydı. Üş waq qırmannan jem beredi. Mezgilimen suwarıp, üstin tarap, balaşa kütıp mäpeleydi. Ker biyeniñ üstine özinen basqa adam mingizbek tügil, şıbın jorğalatpaydı.

Bası kişilew, qamıs qulaq, ayaqtarı siydam ker biyeniñ tulğası, şirkin, suwret edi. Kültelenip qalıñ bitken quyırğı jerge tögilip, sawırsını taqtayday bop, aqquw moynın jan-jağına birtürli kerbez burıp, sänmen qaraydı.

Jumıs soñınan Jılqıbay ker biyeni erttep minedi de, tündeletip awılğa barıp keledi. Ayañı jeldey esken, jürisi qanday şirkinniñ. Qamşı saldırmaydı, lıpıp otıradı. Qasına ilesken basqa da attı kisiler bolsa, odan beter jeligip, şabit tatıp ketedi. Özge attan moynı ozıq jürip otırmasa, köñili köñşimey, awızdıqtı qarş-qarş şaynap, tizgindi julqa tartıp, iyesiniñ qolın qarıştırıp bitedi.

Bükil Qostöbede ker biyemen jarıswğa jaraytın at bar ma!

Bir küni meniñ astımdağı tulıqtasqa jegip jürgen at boldırıp, jürmey qaldı. Attı otqa qoyıp, tulıqtı doǵarıp, men qırman şetinde demalıp sulap jatırmin. Osı kezde qırmanǵa ökil Sarmanov kele qalar ma.

- Bir tulıq neǵıp jürmey qalǵan!?

Jılqıbay attıñ boldırǵanın ayttı.

- Tulıqtı toqtatwǵa bola ma eken? Awıstırıp, basqa at jeguw kerek!

- Basqa at joq, — dedi Jılqıbay.

Sarmanov at üstinen jan-jaǵına qodiylana qarap, anadayda arıqtıñ jaǵasında kökpeñbek kök joñışqanı birt-birt orıp, arqandawlı turǵan ker biyeni kördi.

- Ana at kimdiki?

- Ol at emes, biye, Asaw biye...

- Kimdiki? İyesi kim?

- İyesi men, — dedi Jılqıbay.

- Minilip jürgen biye ğoy?

- Minilgenmen, minezi jaman. Özim äreñ dep minip jürmin.

Sarmanov buyıra söyledi:

30

- Boldırǵan attıñ ornına sonı jegiñiz! Tulıqtı bir miynuwt ta toqtatuwǵa bolmaydı! Minilip jürgen biye ğoy, eşteñe etpeydi, köndigip ketedi. Jılqıbay odan beter bezildep:

- Oybay-aw, qamıt salınıp körmegen asaw biye. Tulıqqa jürüwşi me edi? Äweli jekkizbeydi de, - dedi.

Sarmanov qazir osı eldiñ qudayı. Ayttım boldı, kestim - üzildi deydi. Awdan onı ökil etip jibergende, bar biylikti qolına ustatıp jibergen.

Ol sawdalasıp jatpaydı. Buyıradı.

- Niyçego! Niyçego! Osı attıñ qay-qaysısı da asawdan üyretilgen. Jegiñiz, köreyik. Bir tulıqtı toqtatıp qoyuǵa bolmaydı ğoy.

Jılqıbay tuyıqqa mıqtap tireldi. Qaraqoñır jüzi odan beter qarayıp, tütigip ketti. Sarmanovtı tıñdamasqa lajı joq. Bermeymin dep körsin, küşpen aladı. Kolxozǵa ker biyeni bası bütin alam dese, aladı. Tabadı jolın. Jılqıbay bunıñ bärin jaqsı biledi.

Ker biyeni qırmanǵa jetelep kele jatıp, Jılqıbay bırıqıldap söylep keledi:

- Meyli, men aytarımdı ayttım. Biye asaw, minezi jaman desem, tıñdamaysıñdar. Ne üstindegi balanı, ne basqa birewdi jazım etse, men jawaptı emespin.

Sarmanov pen Jılcıbaydıñ arasında nendey añgime bolğanın, qırmanğa ne üşin jetelep kele jatqanın ker biye, äriyne, bilmeydi. Közderi jalt-jalt etip, ädemi jumır tuyaqtarımın taqır qırmandı tıq-tıq basqanğa ürikkendey bop, pısqırınıp qoyadı.

Ker biyeniñ tizginin mağan ustatıp qoydı da, Jılcıbay erttey bastadı. Endi moynına qamıt kiygizgeli jatr. «Bu nesi, mınalardıñ ne oylağanı bar» degendey, ker biye qamıtqa ürkektep qaraydı. Ter siñgen qamıttan jat iyis sezini, seskengendey qors etip, basın awlaq alıp qaşadı. Sarmanov at üstinen baqılap qarap tur. Qamıt ta kiygizildi. Moynındağı ap-awır zattı qolapaysız sezingendey ker biye bükil denesimen dir-dir etip qoyadı. Postremkanıñ uştarı tulıqqa jalğanıp jatqan kezde ker biye bir tıqırdıñ taqalğanın sonda anıq añğarğan tärizdi. Közderinde üreyli uşqın oynap, eki qulağın birdey jımqırıp aldı.

- Kel, min.

- Minbeymin, qorqam, - dedim men. Ker biyeniñ asawdan üyretilgen mal ekenin, burın tulıqqa jegilmegenin jaqsı bilem. Jäne Jılcıbaydıñ älginde: «Üstindegi balanı jazım etse, men jawaptı emespin», - dep sumdıqtı taqap aytqan sözi esimde.

Jılcıbay beker söylemeydi, bir närseni boljap, bilip söyleydi.

Izadan onsız da jarılğalı turğan Jılcıbay:

- Sen minbегende, men minem be, iyttiñ balası! — dep, meni jerden köterip alıp, ürkektep äzer turğan biyeniñ üstine bir-aq attı.

Erge jabısa qalğandı ğana bildim. Endi bitti, bolar is boldı. Endi oybaylap, tıpırlasam, ker biyeni odan beter ürkitem. Taqımımdı qısıp, tizgindi qımqırıp ustap aldım.

- Jürgiz!

Ker biye jürüp ketti. Artındağı toñqılдаған awır tulıqqa oñdı-soldı qorsıldap qarap qoyadı. Birden möñkip, alıp jönelmegen soñ, meniñ köñilim azdap ta bolsa ornığayın dedi. Arbağa, tulıqqa alğaş jegilgende attıñ qay-qaysısı da azdı-köpti tosırqap eleñdeydi. Degenmen, ker biye öte saq mal, qulağın bir jımqırıp, bir qayşılap, jağdaydı mült jibermey barlap keledi. Säl bir oğaş jağday bola qalsa, ıtırılıp alıp jönelwi dawsız. Astımdağı mal emes, tağı añ sekildi mağan.

31

Ker biye tuwlap, alıp jönelse, ne isteymin dep, onı da oylap kelem. Ondayda toqtatam, erkime bağındıram dep äwre boluw bekerşilik. Tek ölmesimdi, öz basımınıñ aman galuwın oylawım kerek.

Ker biye tulıq jolın bir aynaldı, eki aynaldı. Üş aynaldı. Endi eşteñe bola qoymaytınna meniñ de, basqalardıñ da közderi anıq jetti.

- Qane jürmegeni? Jürdi ğoy. Tulıqqa jürmeytin at bola ma? Şetiñnen qırsıǵıp, kolxoz jumısına keseldik keltirgendi ğana bilesiñder! - dep Sarmanov Jılqıbayǵa jäne bir şüyildi de, orta qazan turǵan üyge qaray kete bardı.

Jılqıbay ünsiz. Ortadaǵı maya azayıp, tawsılayın degen. Bawdıñ qalǵan-qutqanın ol tulıq jolına ayırmen şaşa tastap, äkesi bugün ölgendey qabaǵın qars tüyip alǵan.

Öytpey qaytsin. Ker biye onıñ eñ bir ayawlısı edi. Üstine özinen basqa adam mingizbewşi edi. Minip, paydalanwınan da mäpelep kütwi köp bolatın. Sol ayawlısı kolxozdıñ eñ bir awır da, oñay bitpes jumısına jegildi. Endi ker biye ker biye boluwdan qaladı. Kolxozdıñ kön tuwlaq qırşañqı attarınıñ birewine aynaladı. Dänikken kolxoz endi onı iyesine oñaylıqpen qaytarmaydı. Jılqıbaydıñ eñsesin janşıp alǵan, mine, osı oylar. Qara tastay tuñǵıyıp awır oylar.

Men eki tulıqtıñ soñında kele jatırmin, Jılqıbay ortada. Tulıq jolına töselgen astıqtı demil-demil ayırmen qopsıtıp, awdarıstırıp tur. Biz jaqındap kelgende, qopsıtıpay tura turuwdıñ ornına, nege ekenin, ekilenip ketedi. Jerden basın kötermegen qalpı sabandı äweletip şaşadı. Ayırdıñ jarq-jarq etken bolat uşı attıñ bawırına tiye jazdap qaladı.

Jılqıbaydıñ qolındaǵı ayırǵa men sekemdene qaraymın. Onıñ oyında sumdıq birdeñe barın jüregim seze bastaǵanday. Ayır tügil, oqıs qopsıtılǵan sabannıñ bir talı şabına tiyip ketse, ker biye, söz joq, alıp jöneledi.

Osılayşa men Jılqıbaydı, Jılqıbay meni añdıǵan miynuwttar ötip jattı.

Qasına jäne bir kelip qalǵanımda, Jılqıbay oyǵa alǵan sumdıq isin istep te ülgerdi. Sabandı kötere silkip, qopsıtqan bolıp, ayırdıñ ötkir uşimen ker biyeni taqır şaptan türtip jiberdi. Añdıp kele jatqan men anıq bayqap, körip qaldım. Ker biye oq tiygen taǵışa qors etip, alıp jöneldi.

Qırmannan şıǵıp, artındaǵı tulıqtı sart-sart tepkilep, laǵıp baradı. Bul ara egini orıp äketilgen añız edi. Äytewir jer jumsaq.

Qırman jaqtaǵı jurt soñımnan uwlap-şuwlap jatır.

Osınday bir sumdıqtıñ bolıp galuwın äwel bastan kütkendikten, men onşa sasa qoymadım. Aqıl toqtatıp, endi qalayda mert bolmawdıñ jolın qarastırdım.

Osınday at alıp qaşqan kezde öletinderdiñ köbi ayaǵı üzeñgige ilinip qalıp, süyretilip, sodan öledi. Bunı men talay estigem. Eki ayaǵımdı birdey üzeñgiden şıǵarıp aldım. Endi sekiruwge dayınmın.

Artımdağı awız tulıq anda bir tiyip, munda bir tiyip, döñkildep keledi. Men endi sekirgen kezde sol tulıqtıñ astına tüssip qalmawdı oyladım. Zildey tulıq zirk etip, salmaqpen janşıp öitse, külşe qıladı.

Quday oñdap, däl sol kezde tulıqtıñ birdeñesi birt etip sımp ketti. Awır tas öz betimen döñgelep baradı. Ker biye odan qutıldı. Tek şubalğan postremkalar ğana ayağına sart-sart oralıp, esi ketken biyeni odan beter şoşıtıadı. Erdiñ aldıñğı qasın eki qolımnen tirey ustap köterildim de, täwekel dep sekirdim. Laqtırğan tımaqtay bop jumsaq añızğa top ete qaldım.

32

Ker biye, senen de qutıldım ba degendey, artına bir qarap alıp, postrem kalardı artqı ayaqtarımnen şoşına tepkilep, bezip baradı. Qayda barsa, onda barsın, endi meniñ onda şarwam joq.

Şirkin, adam qıyyalınday uşqır ne bar eken! Attan sekirer şaqta, bas-ayağı birneşe sekuwndtıñ işinde, men talay närсени oylap ülgerdim. Qulağan kezde ayağım ne qolım şıǵıp, onşa kep qıyrıp qalmaq, şamalı zaqımdansam. Sonda üyge barıp, biraz kün demalıp alıp, tınıǵar edim deymen. Qanbay jürgen uyqım meylinşe qanar edi.

Qırsıq Quday meniñ bul tilegimdi de bermeydi. Qulap tüsken bette özimdi özim sınamaqqa ornımnan uşıp türegeldim. Söytsem, tört müşem birdey saw. Zaqımdanbaq tügil, murnım da qanamağan. Tek betimniñ, qolımniñ är-är jerin eginniñ tikireygen bayası bolar-bolmas qanatıp, tırnap ketken. Buğan bola meni üyge eşkim de jibermeydi. Eñbegim eş ketkendey bolıp, biraz renjip qaldım.

Päleni öz istep alıp, Jılqıbay endi aytqanı kelgen adam bolıp, masayrap jür:

- Äne, minezi jaman ol iyttiñ dep aytpadım ba? Men mal ayağanday körip qaldıñdar. Bärinen de, birewdiñ qarşaday balasın jazım qıla jazdadı ğoy. Äñgimeniñ ülkeni, mine, sonda bolatın edi. Qayta, bayğustıñ ajalı joq eken.

Jılqıbay meniñ tañdayımdı köterip, jerden topıraq alıp tastap, ırım qılıp jür.

ÜYGE QAŞUW

Tulıqtastıñ atına minüw meni äbden qajıttı. Bir de ret uyqım qanbay, ölermen boldım. Toǵız jasar balağa tañqasqadan tünge deyin at üstinde tepeñdew oñay bop pa?!

Masaq terüw bunıñ qasında peyiş eken.

Bul azaptan qalay qutılam?

Qutıluwdıñ bir ğana jolı bar. Ol – üyge qaşuw.

Bir küni keşki tamaqtıñ soñınan maya sabanğa kirip, uyqtawdıñ ornına, tün jamılıp üyge qaştım.

Jawırtoğandağı qırman men awıl arası tört-bes şaqırımday. Jer jazıq, şıylewit. Qalıñ şıydiñ arasındağı soqpaq jolmen bezip kelem. Ay qarañğı. Birew quwıp kele jatqan joq pa degendey artıma qarap-qarap qoyam. Meniñ boyımnan da biyik qalıñ şıydiñ arası bir türli qorqınıştı. Oyımda qasqır. Şığa kelip, bas salatınday boyım titirkenip qoyadı.

Jäne bir qorqatınım aruwaqtar. Jın-şaytan. Jolda mola bar. Qazirgidey qarañğıda sol tustan ötüwim azap bolıp keledi. Saytan da, aruwaqtar da mola mañında bolatın tärizdi. Keybirewler jın-şaytandı kördik dep, neşe türli qorqınıştı äñgimeler aytatın. Qulağıma tittey bir böten dıbis şalınsa, eleñdep qaraymın. Qalbiğan qorqınıştı birdeñeler körgendey bolam.

Töbe tusı oyılğan ülken jariq kümbez anadaydan körindi. Oyılğan jeri tünnen de beter qap-qara. Qap, älginde qur qol şıqqanımdı qaraşı. Qarañğıda jerden siypalap tas izdeymin. Tas tabılmaydı.

Molaniñ qasınan ötip bara jatqanda janım tırnağımnıñ uşında. Birew äyt dese, jüregim jarılıp, sespey qatar edim. Uh, öttim-aw, äytewir. Endi moladan aruwaqtar şıǵıp quwatınday bezip kelem.

Aldan awıl qarası körindi. Jüregim ornına jaña tüskendey boldı. Eldiñ köbi jatıp qalğan. Bizdiñ üydiñ terezeleri de qarañğı. Tıqıldatıp esik qaqtım.

33

-Bu kim?

-Men, apa.

-Berkenbisiñ? - dedi de, şeşem esikti aşıp jiberdi. Jeti qarañğı tünde sonşa jerden januşırıp jalǵız kelgenimdi bilgende, janım, qalay qorıqpadıñ dep, eljirep bawırına bastı. Men qaşıp kelgenimdi aytım. Ker biyeniñ alıp qaşıp öltire jazdağanın estigende, şeşemde es qalmadı.

Ana bawırı balağa jaw almas qorğan tärizdi. Men mine sol qorğanğa aman-esen jetip, panaladım. Qawip-qaterden qutıldım. Endi alañsız jetisip uyıqtawıma, tınıǵuwıma boladı.

O, jalğan dünüye! Ana quşaǵınday ıstıq ta, meyirban ne bar seniñ jüziñde?! Osı quşaq turǵanda men basqa eşteñeni de arman etpeymin. Eşbir baqıt-baylıqqa, saltanatqa men bul quşaqtı ayırbastamaqşısı emespin. Altın anam, ayawlım, tek sen aman bolsañ, boldı

mağan. Ülkeyip adam bolğan kezde men seniñ osı jaqsılıqtarıñdı qalayda aqtawğa tırısamın. Eñ jaña kiyimder alıp berem, eñ dämdi, eñ tätti tamaq işkizem. Kämpitti jäşigimen satıp ap, qanşa jeseñ je dep, qasıña qoyıp qoyam.

Altın anam, meniñ senen ayaytın eşteñem de bolmaydı.

Ip-ıstıq şoqpıt körpeniñ astında, şeşemniñ körpeden de ıstıq meyirban töşine, salbırağan qur teri arıq mamalarına tumsıǵımdı kömip, raqattana mawjırap, uyqıǵa kettim.

Tätti uyqıdan selk etip, şoşıp oyandım. So bir tajalday jeksurin zärli dawıs. Jılqıbaydıñ dawısı. Qırman şetinde sabanda jatır ekenmin dep, közimdi aşıp alsam, joq, üyde, anamniñ töseginde jatırmin. Şeşem qasımda joq, turıp ketken. Üydiñ işi jap-jarıq. Terezeden jarqırap kün nurı quyıladi. Sırtta esik aldında at üstinen ayqaylap, zirk-zirk etken Jılqıbay:

-Äy, Äsbet. Älgi jetpegir balañ qayda, üyde me? Awız üyden oğan şeşem ün qatadı.

-Jetpegir bop ol sağan ne istedi? Töbeñe quy qazdı ma?

-Aytpay, nege qaşıp ketedi? Bir tulıqtı toqtattıñ dep, ana Sarmanov bärimizdi qıratın boldı.

-Meniñ balamnan basqa bala qurıp qalıp pa? Balam endi barmaydı. Asaw biyege mingizip, öñkey qanıpezer, balamdı öltirip qoya jazdapsıñdar. Jetedi sol da!

-Mağan aytpa ol söziñdi! Mıqtı bolsañ, ana ökilge ayt!

Jılqıbaydıñ attan taqır jerge sekirip tüsken dıbısı estildi. Äne ol üyge kele jatır! Mende es qalmanı.

Jılqıbay tör üyge kirip keldi. Tösekte qorıqqannan közim baqırayıp jatqan meni kördi.

-Jügermektiñ jatwın! Tur, kiyin!

Balapanın qoriğan tawıqşa şeşem Jılqıbaydıñ aldın tosqawılday umtılap edi. Ol onı qolımen turpayı sermep, qaǵıp jiberdi. Meniñ üstimdegi körpeni sıpırıp aldı. Men bar dawsımmen baqırıp, pana izdep, şeşeme umtıldım. Äkem de, aǵalarım da jumısqa erte turıp ketip qalğan. Olar üyde joq edi.

Jılqıbay meni şeşeme jibermedi. Öñgergen laqşa baqırtıp, tösekte köterip aldı. Awruşañ şeşemdi qaǵa-soǵa sol küyde sırtqa alıp şıǵıp baradı. Men odan beter baqırıp, tıpırlap, Jılqıbaydı basqa-közge urǵılap kelem.

34

Üyge kirerde Jılqıbay ker biyeni esiktiñ tutqasına baylay sap kirgen eken. Meniñ oybayımnın şaypaw biye qors etip, ürkip jöneldi. Onsız da äreñ jan saqtap turğan jaman

esikti mañdayşa, tayanıştarımen qosa qoparıp alıp ketti. Jan-jağına qalağan kesekteri saw ete tögilip, üydiñ bükil bir qaptalı üñireyip, qıyrap qaldı.

Şeşem zarlap jatır:

-O, üyiñ küysin, Jılqıbay! Şañırağıñ qıyrap, ortaña tüssin! Jurtım-ay, tal tüste mekenimdi talqandap, bul ne degen sumdıq! Kögerme, kökteme, qanışer neme! Şeşemniñ zarlı dawısı awıldıñ bas-ayağına tügel estilip turdı. Eşkim oğan järdemge kelmedi...

MENİÑ ÄKEM

Men bir jağdayda äkeme öte riza bolatın edim – ol ömirbayan jazıp, anketa toltırğan kezde. Kez kelgen qarapayım anketada äke, şeşen kim bolğan degen suraq turadı. O, bul suraq barlıq suraqtıñ işindegi eñ mañızdısı. Bolaşaq ömir marşruwtınıñ sızılıwına onıñ jasaytın ıqpalı öte zor. Minekey, älgi suraq aldımnan şığa kelgen kezde meniñ közim jaynap ketkendey boladı. Jawaptı qulşına jazamın, - äkem de, şeşem de kedey bolğan! Jay kedey emes, quw taqır kedey.

Men bunı şınayı maqtanış etip jazamın. Ata-tegimniñ kedey boluwı ol sovet ökimeti üşin menen senimdi, menen bağalı adam joq ekenin bildiretin bas burğızbas дәlel sekildi. Ana Jılqıbay balaları öydep – ata-tegimiz kedey bolğan dep jaza almaydı.

Anketa toltırғанда qoldarı dirildep, jürekeri tolqıp turadı. Kedey bolmay, burın bay adamdar bolğanı üşin olar äkelerin tap sol kezde bir-bir boqtaydı. Al meniñ jalqaw äkem dünüyege kim bolıp kelüwdi, tariyh üşin qay taptıñ ökili boluw artıq ekenin erte bilgen. Mine, osı üşin de äkeme riza edim. Idıke, jaraysıñ!

Idıkeñniñ jası bul kezde otızdı ortalap qalğan. Soğan qaramastan, jüristurısı qart adamdar tärizdi. Irğalıp-jırğalıp, ol qozğalıp bolğanşa, ömir kerüwet biraz jerge barıp ta ülgeredi.

Jaqsılıq, jamandıqtıñ bärin de äkem täñiriden kütedi. Durıstaw ömir sürüwge talpınuw, erteñgi künniñ qamın oylap mazasızdanuw ol üşin jat nәрse.

Şeşem Äsbet – tildi de ottı adam edi. Tek awruw iyektep alğan da qor qılğan. Äkemniñ injıqtığın betine basıp, qayrap aytıp otıratın. Biraq äkem aғaş pışaq tärizdi, qanşa qayrasa da ötpeydi.

Kedey izdegen, kedeyşilik ömirdiñ qanday bolatının körgisi kelgen adam bizdiñ üyge kelsin.

Awız üy, tör üy dep atalınatın, soqırdiñ közindey sıғırayğan bir-bir oyıq terezeleri bar alasa eki bölmede turamız. Jer eden. Şiyqıldaq tapal esik. Üydiñ törgi burıştarında

qadimgi birneşe tal kök şöp ösip turadı. Ne şöp eken dep, julıp alıp qarasañ, arpanıñ ne biydaydıñ däni bolıp şığadı.

35

Bizdiñ üyde bir qara jağal ağaş kebeje boluwşy edi. Mülük atawlıdan meniñ esimde saqtalğanı sol.

Jalpiyğan eski ağaş tösek. Onda äkem, şeşem, men üşewmiz uyqtaymıé.

Awılдаğı kez kelgen üyde samawır, temir kerewet, jük etip jiynap qoyatın azın-awlaq körpe-jastıqtarı boladı. Köpşiligi kerewetterine şımıldıq ustaydı. Kestelegen kiyim japqıstarı boladı.

Eki kiyim japqışı bar üy äldi üy. Mäselen, Batırqannıñ üyi. Bir kiyim japqışı bar üy orta şaruwa.

Tügi joq üy – kedey üy. Mäselen, bizdiki. Älgi atalğan närselerden bizdiñ üy tap-taza.

Jurtta bar täwir mülükter bizdiñ üyde nege joq dep, qorlanıp, ıza bolatın edim. Samawır nege jok? Kiyim japqış nege joq?..

Köp üyde sawın siyır bar, azdağan da bolsa, uwaq maldarı bar. Bizde ol da joq. Eñ barıp turğan qara jayaw kedey qazaqtıñ atı bolmasa da, er-turmanı boladı. At suraw uyat emes, al er-turman surap jürüw iñğaysız-aq. Bir jaqqa baruwğa at tabılsa, äkem men ağalarım endi er taba almay jürgeni. Men buğan da ıza boluwşy edim. Jurtta bar zat bizde nege joq?

Jurt qaydan tabadı? Biz nege tappaymız? Jurt qaydan aladı? Biz nege almaymız? Jurt bizden nege artıq boladı? Biz nege kem bolamız?

«Bäri qudaydan, quday özi jetkizedi» deydi äkem. Qaşan jetkizedi? Sarğayıp qanşa tosuwğa boladı onıñ jetkizüwin? Ol jetkizgenşe, jelkemiz üziletin boldı ğoy.

Äkemniñ boyı ortadan tömen, iyıqtı. Özi qusap selbiretip qiyaq murt qoyadı. Wayımsız adam, küyip-piskendi bilmeydi, jaybaraqat. Mezgilsiz tozıp, şarşamaydı. Aş bolsa da, toq bolsa da eki beti qıp-qızıl. Tamaq tañdamaydı, öñeşinen ötkenniñ bärin işip-jeydi. Awırmaydı.

Tañerteñ äkem şaynamsız jaydaq şaydı soraptap, erkine salsañ, tüske deyin qamsız otıra beredi. Ol toğaydan kolxozdıñ usta dükenine kömir jağıp äkelüwşy edi. Kelip müyizi abajaday ülken arıq qızıl ögiz. Äkem şay soraptap otırğanda qızıl ögiz sırtta esik aldında onı kütüp, aş, qañtarılıp baylawlı turadı.

Brigadirdi bes keltirmey äkem jumısqa şığıp körgen emes. Bağana baylanğan qızıl ögizdiñ mızğımay äli turğanın körüp, brigadir tereze tusına şawıp kelip, ayqay saladı.

-Ow, Idiris! Äli otırmısın? Oybay-aw, kün tös bop ketti ğoy! Bolsañşı!

-Qazir, mine, şıqqalı jatırmin, – deydi äkem. Özi tapılmastan otıra beredi.

-Boldı, barsañşı jumısına. Qur suwdı simire bergennen birdeñe şığa ma? – deydi şeşem.

-Tağı bir şını quyıp jiber. Sodan soñ boldı. Sosın tağı bir şını.

Şäwgim sarqılğanda äkem ornınan bir-aq türegeledi.

Idikeñ qısı-jazı birdey qalıñ kiyinedi. Üstinen etegi deldiygen aq tonı, basınan jarbiyğan jaman malaqayı töspeydi. Kün ıssıda malaqayınıñ qulağın qayırap, baylap qoyuvğa bir bawı qalay da şuntiyğan üzik boladı, baylawğa kelmeydi. Sondıqtan malaqaydıñ qulaqtarın äkem jay jımқыrap бүктеп qoyadı. Ämende bir qulaqtıñ бүктewi jazılıp ketip, esektiñ qulağınşa qalqıyıp, bılğañ-bılğañ etip жүргени.

36

Nege ekenin qaydam, äkemniñ tonında tüyme deytin närese bolmaytın. Kiyedi de, tonniñ eki öñirin ayqastırıp, beline may jağudan qap-qara bolğan jıñışke qayıs belbew buwınadı. Qattı tartıp buwınğan belbewdiñ äserinen tonniñ etegi deldiyip, tañqıyqa qaladı. Äkemniñ alasalaw jalpaq denesi sol kezde odan beter alasarıp ketkendey boladı. Şıjığan ıstıq күnde de äkem älgindey qalıñ kiyimmen жүredi. Bunıñ qalay dese:

-Qalıñ kiyimnen ıstıq ötpeydi, - deydi.

Däl arqasına belbewden ötkizip, balta qıstıradı.

Üyde er bolmağandıqtan äkem qızıl ögizge mırşaq ertteydi. Tartpa ornında qur jip. Üzeñginiñ birewi ağaş, birewi temir.

Äri qalıñ kiyinip, sirese qalğan, äri şaynamasız qur şaydı qarnın sızdatıp toya işken Idikeñ qızıl ögizge birden qarğıp mine almaydı. Küşenip, üzeñgige ayağın äreñ jetkizip, artılıp mine bergende, mırşaq awıp ketedi. Nemese sarğayıp tura berüwden jalıqqan qızıl ögiz tıpırşıp жүrip ketip, mine almay äwre boladı. «Öy, äkeñniñ»... dep, Idikeñ qızıl ögizdi kelistire bir boqtaydı da, üyden meni şaqıradı. Ar jaqtağı üzeñgini basıp ustap tur deydi.

Men joq bolsam, tamğa, duwalğa tartıp minedi.

Kün bul kezde säske bolıp qalğan. Özge jurт jumısqa bağana ketken, Jolşıbay kezikken belsendilerden түgel söz estip, äkem jumısqa endi ğana ketip bara jatadı.

Ketip baradı deymin-aw. Äne, awıldan uzay berdi de, ol qayta qayttı. Ne boldı eken? Birdeñesin umıt qaldırğannan saw ma?

-Öy, Idiris, nege qayttıñ?

-Ot jağatın siriñke almappın, - deydi äkem jaylap qana.

Men üyden siriñke alıp şığıp beremin. Siriñke joǵalıp qalmas üşin onı işki qaltasına salıp almaqqa äkem belbewin şeşedi. Belbewin şeşüw üşin belindegi baltanı maǵan bere turadı. Osınıñ bäri eşqanday asıǵıssız kerı qaytalanıp jäne isteledi.

Uwaqıt zımırıp ötip jatadı. Küntüske taqaladı.

-Mınait bugün ayaǵın baspay qalıptı, - dep, kinäniñ bärin endi qızıl ögizge awdarıp, äkem toǵayǵa qaray mañıp ketip bara jatadı.

Äkemniñ iş pıstıratın qıymıldarına meniñ tözımim zorǵa jetüwşi edi. İşimnen ıza bolıp, tistenip, qanım qaynap turam.

Usta dükeni bizdiñ üymen qanattas, jaqın... Ökembay ustaniñ şıñ-şıñ soǵılǵan balǵasınıñ dawısı uzaq küнге bir sembeydi. Kün sayın tam-tumdap äkelingen kömir keyde bitip qaladı da, ol äkemniñ kömir şaǵıp äkelüwin күtip, jumıs istey almay, sarǵayıp күtip otıradı.

Usta dükeniniñ бүkil jumısı maǵan qarap tur-aw dep, Idikeñ abırjiy qoymaydı. Äkem toǵaydan keş qaytadı. Qas qarayǵan kezde eginniñ arasimen kele jatıp, tik turǵan astıqtıñ masaǵınan qoyın-qonşın toltırıp, üzip aladı.

Jatar kezde terezeniñ sırt jaǵınan jariq körinbestey etip işinen biteydi de, älgi alıp kelgen masaqtı tonniñ taqır jaǵına salıp, uwqalawǵa kirisedi. Bul er-teñgi işip, jeytin talqan köjeniñ qamı.

37

Masaq urlawdı äkem egin et alıp, sarala tartqan kezden bastaydı. Pisip jetilmegen dän quwırǵanda tırısıp, şöjip ketedi. Talqanı kökşil, dämi qant qosqanday tättilew.

Köktemgi köközek kezde äkem kök talqanǵa iliksek ölmeymiz dep, bizdi jubatıp, armandap otıradı. Onıñ arman etken kök talqanı älgi.

Eginnen masaq urlap äkeletinder tek meniñ äkem emes.

Tañerteñ brigadirdiñ ayqayımen oyanatın äkem tünde jatar kezde bey-bereket şaşıp tastaǵan kiyimderin taba almay, üy işiniñ astan-kesteñin şıǵaradı. Ärqaysımızdı bir qozǵap, jastıǵımızdı qoparıp, töseniştıñ ar jaq, ber jaǵın aşıp qarap, belbewin, tımaǵın izdeydi. Söytip, bärimizdi tügel oyatıp bitedi. Şulǵawınıñ biri meniñ jastıǵımniñ astınan, malaqayı Satılǵanniñ qoynınan tabıladı.

Äkemniñ joǵalǵış buyımdarınıñ biri onıñ belbewi. Barlıq kiyiminkiyip ap, endi belbewin tappay, esik aldında sileyip turǵanı:

-Oy, toba, bul äkeñniñ awzın... jer juttı ma? Qayda ketti?

Belbew tabılmay, awırıp jatqan şeşeme de maza joq.

-Äsbet, qaraşı, meniñ belbewimdi. Jer juttı deymisiñ, bir jerde jatqan şıǵar. Şeşem beyşara inqıldap qosa izdesedi.

-Tünde şeşkende bir jerge belgilep qoymaysıñ ba? Künde-künde bul ne? – deydi renjip. Qırsıq belbew soñınan qoradaǵı aqırdıñ işinen tabıladı. Tünde äkem bazdan onımen ögizine salatın şöp buwıp äkelgen. Aqırdıñ işinde şöpti şeşken kezde umıt qaldırǵan. Qıstıǵünü äkem ayaǵına qoldan basqan dobalday pima kiyedi. Galoşsız. Eki ayaqtaǵı pimanıñturi eki basqa; biriniñ bası baqanıñ basına, ekinşisiniñ bası buzawdıñ basına uqsaydı. Ol tärizdi pimaǵa tura keletin galoş dünüyede äli jasalmaǵan boluwǵa kerek. Pimalardıñ işine äkem qurım kiyizden ultaraq saladı. Osı üyde iske alǵısız eski-qusqı şüberek qanşa bolsa, sonıñ bärin şulǵaw etip oranadı.

Keşqurım ol büyiri şurıq-tesik qañıltır peşke ottı toltırıp jaǵadı da, küni boyı suwsıñdı bolǵan şombal pimalardı şeşip, jayıp jatadı. Eñ işki oramına deyin suw ötken sarala şulǵawlar, ultaraqtar samsap tügel jayılǵan kezde qaynaǵan qazannıñ buwınday buw köteriledi. Kisi qaqaǵanday qoñırsıq jaman iyis üydiñ işine tolıp ketedi. Jer tösekte peşke arqasın qızdırıp tınıstap jatqan awru şeşem sol kezde üstine ot tükendey basın köterip aladı:

-Idırıs, taǵı da sen be? Tunşıqtırıp öltirdiñ ğoy sıǵır quday. Qaqtamay, qoya turşı. Jatar kezde jaysañ da kebedi ğoy. Tım bolmasa, peşke taqamay, ärirek jay.

Tünde bizdiñ üyge urı kire me, qaydam, tañerteñ älgi atalǵan mülükterdiñ birsıpırası jayılǵan ornında taǵı da joq bolıp şıǵadı. Äkem üydiñ işin qoparıp taǵı izdewge kirisedi.

38

AĞALARIM

Aǵalarımnen tanısuwdıñ reti endi keldi.

Smaǵul – äkemniñ inisi. Murt şıǵa bastaǵanına az ğana jıl. Men bul kisini täte deymın. Şeşem qazaq äyelderiniñ saltı boyınşa atın atamaydı, tergep «şıraq» deydi.

Şıraq üylenbegen, boydaq.

Smaǵul äkemdey sılbır emes, äri pısıq, äri önerli adam. Qolınan örimşilik, ustalıq, bəri keledi. Tegi, ol ne jumısqa bolsa da beyim. Istegen isin japırıp, öndirip isteydi.

Qarşadayınan baylarǵa malay jürıp ısılǵan. Kolxoz qayda jumsasa baradı, eringendi bilmeydi.

Awruşañ şeşeme üyde birden bir qolǵabıs bolatın osı kisi.

Ol äyel jumısın da, erkek jumısın da talğamay, bärin isteydi. Suw äkeledi, otın jaradı, arpa kewzep, qol diyirmenmen talqan tartadı.

Smağul şeşeme äri qayın, äri kelini esepti. Qajet bolsa, kir de juwadı. Şeşem Smağuldı jaqsı köredi.

Tätemniñ mineziniñ şaypawlıǵı bar. Aşuwlansa, suw tamğan ıstıq mayşa şatır ete qaladı. Men üyde tätemnen ğana jasqanıp, şın qorqamın. Aşuwlansa ol urıp ta jiberedi. Qolı balğaday qattı.

Birge tuwğan aǵayım Satılğanniñ jası jiyırmağa jaña ilingen. Azdı-köpti oquwı bar, jañalıqqa beyim intelligentimiz. Minezi, jumsaq, mayda jürüp, mayda turadı. Eşkimmen qaq-soǵı bolmaydı. Az uwaqıttan beri qaray Satılğan awıl sovette sekretar bolıp isteydi.

Satılğan jiyırma toǵızınşı jıldan beri komsomol müşesi, qolınan gazet-jurnal tüspeydi. Künde keşqurım sıǵırayğan bötelke şamniñ tübinde tesilip kitap oqıp otıradı.

Jiyırmasınşı jıldardıñ ortasında osı ölkeniñ Qoltıq deytin jerinen töte oquw boyınşa bastawısh mektep aşılganda, Satılğan sonda üş klass oqıp bitirgen. Keyin latin ärpine köşkende onı özdiginen meñgerip, bilip alğan.

Satılğan mineziniñ sınıqtıǵımen jurttıñ bärine jaǵadı. Birewden ozsam dep, jaǵalasudı bilmeydi. Şaması kelse, boy tüzep, täwir kiyinip jürüwge tırısadı, Aǵayım meni urmaq tügil, dawıs köterip, ursıp körgen jan emes.

Men bolsam aǵayıma tartpağanmın, tez ısıp, tez suwiymın. Iza bolsam, küyip-janıp dızaqtap ketem. Oylanbay istep, oylanbay söylep, ökinetin kezderim köp boladı. Soñınan sol üşin özimdi özim jek körüp jürem.

Satılğandı men öte süyetin edim. Ol men üşin aldımdaǵı önege bolatın. Ilǵıy da jaqsı minez-qılıqqa tärbiyeleytin: ötirik aytpaw, birewdiñ birdeñesin urlamaw, jaqsı oquw, temeki tartpaw, t. t.

Meniñ bilimge, adamgerşilikke tärbiyeleytin tüzdegi ustazım Saǵatbay bolğanda, üydegi ustazım Satılğan edi.

Satılğan Otan soǵısınan oralmadı.

39

ŞEŞEM JAYLI

Äkemdi alsañ, al quday, şeşemdi qoy,

Şekpen toqıp berse de ölmeymin ğoy.

Xalıq bul öleñdi tekke şıǵarmağan. Şeşeli balada bäre bar. Mende qazir bäre bar.

Üyde tük bolmay qalğan künde de şeşem meni aştan öltirmeydi, äytewir birdeñe tawıp, öz awzına salmastañ meniñ awzıma tosadı.

Qız kezinde şeşem körikti bolıptı. Orta boylı, qır murın, qızıl şıraylıñıñ ädemisi bolğanğa uqsaydı. Al men es bilgeli ol nawqassañ. Awru men joqsılıq qosa qabattasıp qur sülderi qalğan. Otırса, tursa, awzınan oybayı tüşpeydi. Soğan qaramastañ küni keşke qıbır-qıbır qiyıldawmen boladı. Joqtı bar etip tütün tütetedi.

Bizdiñ üydegi adamdardıñ qay-qaysısı da şeşemdi sıylaytın edi. Ol ne aytsa, sol boladı. Biz tatuw turatın edik. Ayqay-şuw, janjal bolğanın bilmeymin. Momın äkem şeşeme dawıs köterip, qorazdana almaytın. Qayta, şeşem oğan injıqsıñ dep ursıp otıruwşı edi. Erkektik namısına tiyip, küyiniñ nebir qatal sözder aytatın. Äkem sonda da bılıq etpeytin.

Men oquwğa intalı boldım. Şeşem oğan quwanatın. Şuqşiyıp sabaq jazıp otırsam:

-Meniñ janım ülkeygende ökimetşi boladı, - dep kötermelep qoyatın.

Oqığan, el basqaru qızmetinde jürgen adamdardı awıl qazağı «ökimetşi» deytin. Al mende arman köp. Bir armanım Sağatbayğa uqsap muğalim boluw; ekinşi armanım dükenşi boluw.

Özge balalar sekildi jas kezimde men de tättige quştar edim. Kämpit tügil, qant qolğa oñay tüşpeydi. Dükende qant qabımen turadı. Qanşa jeymin dese de dükenşiniñ erki.

Men dükenşini dünüyedegi eñ baqıttı adam dep esepтейmin. Erteden keşke deyin ol awzı bosamay kämpit jep turmaytınına tañırqaymın. Men bolsam, erkimşe jer edim.

Dünüyede kämpit jegennen basqa da qızıq bar dep men oylamaymın.

Qolıma on, jıyırma tiyın tüsse, dükenge jügiremin. Biraq tiyını qurğır bizdiñ qolımızğa lotoreyanın utısı sekildi tım siyrek tüsetin edi.

Bir küni Satılğan aғayım mağan qant alıp je dep, bütin bir som berdi. Burın on tiyın, jıyırma tiyınberetin. Ömirimde tuñğış ret qaғaz aqşa ustawım osı şıғar. Älginde awılğa arbamen köşpeli düken kelgen. Awıl sovet keñsesiniñ qasında sawda jasap turğanın körgen edim. Jerden jeti qoyan tapqanday bolıp, jügirip sol araға keleyin. Arba joq, ketip qalıptı.

-Äne, ketip baradı, - dedi birewler.

Qos at jekken jürdek arba awıldan şıғıp ketken. Sümbeniñ jolımen zımırıp baradı. Arbada bir qap qant bar. Quwıp bereyin. Jalañ ayaq, jalañ baspın. Eki ökpemdi qolıma alıp, uşıp kelem.

Arbanı quwıp jettim. Satuwşı ne bop qaldı degendey añ-tañ. Men entigip söyley de almaymın. Tek bir somdı usınıp:

-hant... hant, - deymın.

Dükenşi boluwdı armandawıma jäne bir sebep – bütün, jaqsı kiyinüw üşin.

Şeşeme de bastan-ayaq jaña kiyimder alıp bermekpin: jaña mäsi-kaloş, jaña oramal.

Batırqannıñ äyeliniñ kemzalınday jaña barqıt kemzal, t. t. Berkenim

40

äperdi dep, jarqıldap kiyip jürsin. Sümbeden Böpke apam kelgende maqtanıp aytıp otırsın. O, Böpke apam qanday! «Dükenşimin deşi, jaman neme. Jür dükeniñe, ne bar, körset? Köylegim tozıp ketti, köylek alıp ber. Basıma kiymeşek alıp ber. Äsbettiñ mäsi-kaloşınday mäsi-kaloş alıp ber. Sen dükenşi bolğanda, kiymegen kiyimdi qaşan kiymekpin?».

Nemene, ayaymın ba? – Böpke apamdı da bastan-ayaq suw jaña kiyindirem. Basqa kempirler oğan qızğanişpen qaraytın boladı. Nesi bar, kiysin meniñ arqamda. Men üylerine barğanda onıñ janı qala ma? Qalmaydı.

MENİÑ JAWIM – JANBOSIN

Jıyın-terin qarğa aralasıp, äreñ bitti. Astıq, astıq dep qarbalasqan ayqay-şuw basıldı.

Mekteptiñ tars bekilgen esigi qayta aşıldı. Kışkentay jez qoñırawdıñ şıñğır-şıñğır etken süykimdi dawısı bizdi talaydan beri bos qañırap qalğan klasımızğa qaytadan şaqırdı. Awzın aşsa, ğılım men bilim, neşe aluwan qızğılıqtı äñgimeler fontanşa atqılaytın Sağatbay muğalim öziniñ quttı ornına qaytadan kelip otırdı. Bul kündi meniñ qalay sağıp kütkenimdi siz bilseñiz etti.

Men sabaqtan qalmawuğa tırısuwşı edim. Äldebir sebeppen qalıp qoysam, ol kün men üşin eñ bir qayğılı kün. Sağatbay neşe aluwan qızğılıqtı jaña äñgimeler ayttı, men onı esti almay qaldım-aw dep, ökinip qasiret jutam.

Jaqsı oqığan balanı muğalim de jaqsı köredi. Jaman oqısañ, jaman köredi.

Batırqan ulı Janbosın naşar oquwşı edi. Köbeytüw kestesin ayta almay, tüyedey bop, satıp-butıp turadı.

-Berdibek, sen aytıp jiber, - deydi muğalim.

Men ornımnan turar-turmastan quran oqığanday zawlatam:

Eki jerde eki - tört,

Eki jerde üş – altı,

Eki jerde tört - segiz,

Eki jerde bes -on.

Kidirip-müdirimsten «toğız jerde on - toqsan» dep, bir-aq toqtaymın.

-Jaraysıñ! - dep, muğalim meni riza bolıp maqtaydı. Qatarımdağı Janbosın äli otırmay, türegep tur. Sağatbay onı közge şuqıp:

-Mınanı qara, senen jası da, boyı da kişi. Al sen onıñ qasında ögizdeysin, uyalmaısıñ ba? – deytin.

Men maqtağanğa mäz bolıp, Janbosınğa senen asıp kettim be degendey quwtıñ-kuwtıñ qaraymın. Jay kez bolsa ol meni iyigimen qağıp, ayağımen tapap keter edi ğoy. Al qazir öyte almaydı. Mağan degen qıjılı işinde boladı.

Sabaq bitsin, üziliske şıǵayıq, men senimen sonda söylesem degendi Janbosın közqarasımen bildiredi.

Sabaqtan tıs jerde, muğalim joqta ol meniñ itimdi şıǵaradı. Oynağan bop, basımnan toqay alıp, qulağımdı sozıp, jerge awnatıp, moynıma qar tıqqıştap, istemegendi isteydi. Janbosın ekewmiz sondıqtan da jaw edik. It pen

41

mısıq tärizdimiz. Ol meni öle almay jürüp, odan asqan bilgıstıgim üşin, tilimniñ keyde onı şaǵıp alatın qırşañqılıǵı üşin jek köredi.

Janbosındı meniñ jek körüwim üstindegi kiyiminiñ bütindigi üşin. Ayağındağı mende joq bujır taban ädemi bäteñkesi üşin.

Balalar mektepke qaltalarına är türlü tamaq salıp äkelip, üzilis kezinde maljañdap jep jüretin ädet bar. Köp jurt quwırğan biyday äkeledi. Qaltalarına burqıratıp talqan salıp äkelip, üziliske şıqqanda awızdarına uwıstap quyıp jüretinder bar.

Janbosınniñ alıp keletini – appaq nan. Üzilis kezinde anaday körneñki oqşaw jerde turıp, ädeyi bizdiñ közimizdi qızıqtırıp, bappen şaynap jey bastaydı. Biz oğan köñil awdarmağan bolamız. Qaramawğa tırısamız. Biraq qaramaw qayda. Közi qurğır eriksiz burılşaqtap, tüsip kete beredi. Awızğa bir kezderde jegen aq nandardıñ dämi kelip, silekeyimiz şubıradı.

Bizdiñ bul xalimizdi qasköy Janbosın öte jaqsı bileledi. Osıdan soñ onımen qalay jaw bolmassıñ?

Men Batırqanniñ balası bolıp tuwmağanıma ökinetin edim. Batırqanniñ balası bolıp tuwsamğoy - ädemi , aq nan jeymin. Älginde Janbosın jegen aq nan sabaqta otırǵanda da közime elestewmen boldı. Tapa-tapa aq nandar meniñ tüsime de kiredi. Apam esik aldında köñ jaǵıp, kömbege nan pisirip jatadı. Mağan jey ğoy dep, ülken etip üzip

beredi. Men qawjañdap jep jatam. Oyana ketsem, tüşim. İşim uwday bop aşıp ketedi. Közimdi tez qayta jumıp, älgindegi aq nandardı qaytadan izdeymin.

Biraq, amal qanşa, aq nandar sol joğalğannan ğayıp bop joğaladı. Awzımda dämi, oyımda sırqırağan ökinişi ğana qaladı.

Eressek jigitter ne istese, Janbosın bärin isteydi. Muğalimmen jasırıp şılım şegedi. Äkesiniñ papirosınan urlap alatın boluwğa kerek. Tütindi awzınan saqiynaşa döñgeletip, lek-lek etip şıǵarıp, bizdi tañqaldıradı.

Bir küni ol:

-Men tütindi qulağımnan da şıǵara alam, - dedi.

-Şıǵarşı.

- Ol üşin birewiñ awzımdı qoldarıñmen basıp turıñdar.

-Men basayın, - dedim.

Janbosın tütindi işine toltıra sorıp aldı. Men alaқанımnen onıñ awzın bastım. Eki közim qulağında. Qulaqtıñ tesiginen tütinniñ sızdıqtap şıǵa bastağanın körgeñşe asıqpın.

Senip turmın.

Kenet qolımniñ sırtı tız ete qaldı. «Oybay!»

Balalar duwkülisip jatır. Söytsem, Janbosın aldağan eken. Qolımniñ sırtına temekiniñ şoǵın basıp alıptı. Qolımniñ terisi kädimgidey qızarıp, qoldırap küyip qaldı.

Älgindey sasıq quwlıqqa Janbosın şeber bolatın.

42

QOSTÖBEGE QIS KELDİ

Qostöbege qıs keldi.

Tawlı aymaқта awa rayı qubılmalı. Tekes boyınıñ qısı birde qatañ, birde jumsaq. Qar keyde qalıñ tüsedı, keyde juqa tüsedı. Üskirik suwıq bola qalsa, onşa uzaqqa sozılmaydı. Tört-bes kün qısıp-qısıp aladı da, aşuwı tez tarqap, mawjırağan qalıbına keledi.

Onsız da dabır-dubırı, oyın-külkisi az bir şökim bäkene awıl qıstıǵünü jansız denedey bop, suwlıq jatıp qaladı. Köşede beysawat jürgen adam qarası siyrek bayqaladı. Qalıñ qar tumşalağan üyler, qora-jaylar sırt közge burınǵıdan beter mijırayıp, şögip ketedi.

Jurt otqa toǵaydan kök tal äkep jaǵadı. Köligi barlar atqa, ögizge teñdep äkeledi. Köligi joqtar jayaw arqalap jürgeni. Tawday qaraǵay alıp kelüwge şama joq. Otındı jayaw arqalap äkeletinder – äyel, bala-şaǵalar. Qarttar, jigitter buni namıs köredi.

Ömir boyı köşpendi tirşilik qurğan xalıq kirpiştey otıńǵa ünemdi, jiluwdı jaqsı saqtaytın peş saluwdı da bile qoymaydı. Ottı bölmeniń qaq ortasına ornatılǵan temir peşke jaǵadı. Qañıltır peş ot lawlap janǵan kezde birden ısıydı. Ot söngende, birden suıydı. Jiluw saqtamaydı. Üydegi bar jiluwdı bekiteri joq qañıltır truba lezde sorıp äketedi.

Kök tal pış-pış etip jöndi janbaydı. Ürley-ürley öñeşin qurǵap, köziñnen jas şıǵadı.

Mundaǵı jurttas kömirdi äli körmegen de.

Otındı erteñdi-keş tek tamaq dayındaw üşin jaǵadı. Mine, sol kezde är üydiñ esiginiñ aldında şotpen, baltamen toñqañ-toñqañ etip tal butap jatqan adamdar. Awılda qanşa üy bolsa, sonşa tütün şubalıp kökke köteriledi. Alıstaǵı jolawşı osı arada el mekeni bar ekenin tek soǵan qarap biledi.

Qıstıǵünü tirşilik öte-möte köñilsiz: jurttas erte jatadı, keş turadı. Élektrdi bilmeydi, jermaydı ünemdep jaǵadı. Kitap oqımaydı, radiyo tıñdamaydı, kino körmeydi, gazet-jurnal jazdırıp almaydı.

Qazaq toyşıl, sawıqşıl xalıq. Oǵan qazır jaǵday joq.

Toy boladı, öte siyrek boladı. Jäne burınǵı toy emes.

Otız üylik Qostöbede tirşiliktiñ tınısı qıstıǵünü de bäsenedemeytin, işinen eñbek dürsili, adam külkisi üzilmeytin bir üy bar. Ol - usta dükeni. Ökembay ustaniñ balǵasınıñ şıñ-şıñ soǵılǵan dawsı awıldın bas-ayaǵına tügel estiledi. Suwıqtan qorınıp, üylerinen şıǵa almay otırǵan jurttas: zerikseñder, munda keliñder! Äñgime-düken qurıp, biriñmen-biriñ äzildesip, köñil köteriñder degendey boladı. Munda mazdap janǵan ot bar. Birewden birew surap alıp tartatın aşçı kök temeki bar.

Ökembay balǵasınıñ şaqıruwın qabıl aluwşılar tabıladı. Qolı bos, zerigip otırǵan jigitter şılımdarın burq-burq sorıp, ayaqtarın kerew basıp, dükenge qaray kele jatadı. Usta dükeni awıldın däl ortasında. Esiginiñ aldında aşır aspanniñ astında tot basıp, şaşılıp jatqan, keyi bütün, keyi sınǵan neşe aluwan soqa-sayman, arbalar. Bükil qıs boyına Ökembay olardı jamap-jasqap, jöndewmen boladı. Kolxoz bassıları är bes künde köktemgi egis nawqanına qızuw dayındalıp jatqandarı jaylı awdanǵa esep berip otıradı.

43

Ökembay usta ǵana emes, osı eldin on qoldan öner tamǵan zergeri. Kolxoz jumısınıñ ara-arasında sır-sıpatı qazirgi tirşilikten basqaşalaw nızik jumıstarmen de şuǵıldanadı. Qızdarǵa, keliñşekterge sırǵa, bilezik, jüzik, sölkebay soǵadı. Sısqım bozbala, belsendilerge sabına arab ärpimen attarın jazıp, sändep bäki jasap beredi.

Ökembayǵa bäki jasap berşi dep, jalınıp jüretinder köp.

Bul adamniñ dene bitimi qol toqpaqtay ğana. Äri köse, äri kemiyek. Üp-üşkil qıysıq iyegine bir-birine şatısa jabısıp qalğan tört-bes tal qıldı saqal dep ataw qıyın.

Ökembaydıñ ayağı qamıt ayaq, qoldarı uzın. Biz qos qoldap äreñ köteretin awır balğanı ol älgi şağın denemen-aq bir qolmen qamşıday üyiredi. Juwandığı bi-lektey som temirlerdi jalğız qoldap soqqanda, qamırşa iyleydi.

Ökembay eñbekqor jāne eñbek üstinde öte köñildi jüregin adam. Tütün men temir iyisi burqırağan tar dükende balğasın şıq-şıq soğa jürip, ılğıy da ıñırsıp öleñ aytuwmen boladı. Öleñdi ol janınan şığarıp, özi qıyıştırıp aytadı. İdeyalıq turğıdan mığım. Kösemderdi, partiya men memleket başşılarnın madaqtap jır etedi. Eger tağdır joğarı oquw ornınıñ filologiya fakultetin bitirüwge jazsa, ol bayağıda-aq täp-täwir gazet aqını bolıp ketetin adam.

Oqımağan sebepti aqınıñ sanın köbeytpey, awıl ustasınıñ sanın köbeytip jür.

Ökembay Qostöbedegi azın-awlaq partiya müşesiniñ biri. Qatardağı eñbekşiniñ ülgili ökili retinde ärqaşan sanğa ilinip, atı atalıp jüredi. Onı-munı komissiya qurılsa, Ökembay işinde. Ekpindi kolxozşılardıñ jıymı, sleti bolsa, mindetti türde Ökembay baradı.

Meyram sayın tribunadan bir adam kolxozşılar atınan quttıqtaw söz söyleydi, ol – Ökembay. Jıylıs bolsa, Ökembay eki qolın tonınıñ şeletey juwan jeñderine tıǵıp alıp, esinep prezidiumda otıradı.

Jıylıs demekşi, sol kezde jurt jıylıstan bas ala almawşı edi. Awılğa san aluwan ökil keledi: awpartkomniñ, awatkomniñ, awdandıq jer böliminiñ, kom-somoldıñ ökili. Äyelder böliminiñ, oquw böliminiñ, densawlıq, osoviaksimniñ, qudaysızdar uyımınıñ ökili...

Ökil soñınan ökil. Ökil kepti degenşe, jıylıs kepti dey ber. Brigadirüy-üydi kezip, habarlawmen boladı:

-Aw, jiynalısqı jürinder! Jiynalısqı bar! Awdannan ökil kepti. Bayandama boladı. Tez jürinder!

Pälen sağatta bastaladı degen söz qoldanılmaydı. Ol turmısqa siñbegen.

Mal-puldarnın jayğap, jurt keşki tamaqtarnın işip jiynalğanşa, tünniñ bir uwaqtı boladı. Tar keñseniñ işindegi az ğana orındıq kelgen jurtqa tügel jetpeydi. Ülkenderdiñ köbi maldas qurıp jerge otıradı. Aldımen jiynalğandar soñğılar jiynalğanşa qorıldap uyqığa basadı.

May şamnıñ ala köleñke jarıǵımen bir kezde jiynalısqı bastaladı. Basında qazanday tülki tımağı bar Jäkibay predsdatel:

-Äy, köter bastarıñdı! Wälibay! Satıbay! Nemene, sender munda uyıqtağalı kelip pe ediñder? Qıljıymay turıp otırıñdar! – dep, uyıqtap qalğandardı äweli oyatıp aladı. Kün ara jiynalıs aşıp jürse de özine özi senbey abdıray beretin sawatsız predsedatel qasındağı ökiltsiz qıya basa almaydı.

44

-Prizduwm saylaymız ba? - dep, aqıl suraydı.

-Saylaw kerek.

Prezidiwumğa saylanatın adamdar belgili: awdannan kelgen ökil, Jäkibay özi, awıl sovet Batırqan. Jalpı kolxozşılardıñ atınan Ökembay. Äyel kolxozşılardıñ atınan ekspindi äyel. Etekbay kelini Mariya.

Keyde:

-Komsomoldan bir adam saylaw kerek! - degen usınıs tüsedı. Qarsı bolmaydı.

Jünisbay saylanadı. İyâ, bizben birge oqıytın Köpekbay ulı Jünisbay.

Ol awıl da bolıp jatatın jiynalıstardıñ bir de birewin qur jibermeydı.

Jarıs sözde söylemey jäne qalmaydı. Jünisbay söz alğan kezde seziktiler qıypaqtap jandarı murındarınıñ üşine kelip otradı.

Özin nağız bolşewikpin dep esepseytin Jünisbay eşkimniñ bet-jüzine qaramaydı. Äkesi bolsa da tas-talqan etip sınaydı.

Jiynalıs keyde tañğa deyin sozıladı. Qıstıgünü xalıqtıñ qolı bos kezde eşteñe emes, jazda jurt jumıspen qarbalasıp jatqanda ötkiziletin önimsiz mıljıñ jiynalıstardan ötken jeksurin eş närse joq. Adamdardı şarşağan üstine şarşatadı.

Jiynalıs bolsa, tim qursa, bir üyden bir adam qatısuw kerek degen jazılmağan zañ bar. Bul zañ keyde külkili jayğa aparıp soğadı. Aytalıq, äyelder jiynalıısı bolğalı jatır. Şal men kempir. Kempiri nawqas. Endi ol jiynalısqı amalsızdan şalı barıp qatıladı.

Ökembay kolxozdıñ ustası ğana emes, bükil xalıqtıñ ustası. Birewge bäki, birewge pışaq, birewge qısqaş, birewge tağa, birewge şot jasap beredi. Esikke topsa, qulıp salatın ilgeşek istep beredi. Jurt tozğan şelek, şılapşının Ökembayğa tüptetedi. Qañıltır peş, kerney jasatadı. Qostöbede Ökembayğa isi tüspeytin adam joq, onsız eldiñ küni joq.

Bala sanı Ökembayda barşılıq. Salaqtaw Şolpan deytin aqköñil äyeli bar. Ärbir jil jarımda qundaqtalğan bir balanı Ökembayğa mä, tağı da muragerli boldıñ dep, ustatadı da otradı.

Qart şeşesi bar, semyası ülken.

Tuñğışı Altın deytin qız, menimen birge oqıydı. Pısıq.

Ökembay kisi köñilin qaldırğandı bilmeydi. Jurttıñ ötingenin qalay da istep beredi. Jeñil-jelpi jumısqa atap aqı suramaydı.

Aqını basqa jolmen aladı.

Qanşalıq kedey üydiñ de qazanı bülk-bülk qaynaytın köñildi bir küni boladı ğoy. Qaydan biletinin Ökembay bile qoyadı. Qazan tüser kezde salañ etip jetip keledi. Törge şığıp, otırıp aladı.

Irilew jumıs istese, Ökembay aqını atap suraydı. Bir put arpa nemese bir qap tawıq jem, yaki bolmasa bir tabaq un beresiñ deydi. Aqşa ayılmaydı. Aqşağa jurttıñ bäri zärüw.

Aqı aldın ala tölense, Ökembay köñildenip isteydi.

Jumıs üstinde Ökembay ändetip mñırsıp otıradı da, bası joq, ayağı joq bir sözdi qoyıp qaladı:

-Şirkin, Mäskewdi bir körse! - deydi.

45

ARAM SORPA

Awıldıñ tap irgesinen şekaralıq zastava ornağan. Qısqa qaray zastavağa otın kesip jağatın jumıssı qajet boladı. Meniñ äkem men Smağul tätem kolxoz jumısınan moyındarı bosağan soñ janbağısqa sebi tiyer deydi de, endi osığan jaldanadı.

Tawday qosaqtap süyrep äkelingen juwandığı tüyeniñ belindey nän qarağaylar. Zastavanıñ bet aldındağı taqır alañda äkem men tätem sol qarağaylardı küni boyı aramen kertip tuwraydı. Sosın şoyın baltamen jañqalap jarıp tekşelep jiynawmen boladı. Bul üşin olarğa eşqanday da aqı tölenbese kerek. Öytkeni eñbek aqı aldıq dep, üygetiyin-teben ustap kelip jürgenderin körgen emespin.

Aqınıñ ornına soldattıñ tamağınan işedi, keyde üyge de äkeledi.

Bizdiñ üy zastavağa jaqın şetki üylerdiñ birewi. Bir küni Smağul tätem şelexpen buwı burqırağan ıstıq birdeñe äkele jatır. Dalada oynap jürgen men aldınan jügirip şıqtım:

-Täte, bul ne?

-Sorpa.

Üñilip qarasam, betinde kesek-kesek mayı qalqıp jür. Sorpanıñ burın seziniپ körmegeñ ädemi ğajap iyisi murın jaradı.

-Ura! Tätem zastaptan bir şelex sorpa äkele jatır! – dep, üyge atoy salıp kirdim.

Töseginde qıysayıp jatqan şeşem basın äntek köterip aldı. Üyge tätem de kirgen edi. Sorpanıñ burqırağan tamaşa iyisi lezde üydiñ işin alıp ketti.

-Şıraq-aw, bunıñ ne? – dedi şeşem ürikken jüzben.

-Sorpa, jeñeşe.

-Tart äri! Şoşqanıñ sorpası şıǵar. Awlaq äket! Tätem aqталıp jatır:

-Şoşqaniki emes, jeñeşe, Pobır özi ayttı. Keşe ögiz soyǵan, ögizdiñ sorpası.

-Jo-jo, äket! Körsetpe!

Tätem sorpanı awız üyge alıp şıqtı. Äkem de keldi. Satılǵan üyde joq bolatın. Bunı endi ne isteymiz dep, aqıldasa bastadı.

-Pobır ötirik aytpaytın şıǵar? - deydi äkem.

-Keşe ögiz soydı ǵoy, – deydi tätem. Tögip tastawǵa köz qıymaydı.

Şoşqa aram, şoşqa las, şoşqa anday, şoşqa mınday degen söz kişkene künnen äbden siñgen. Şeşem älginde şoşqanıñ sorpası şıǵar degende meniñ de denem dir ete qalǵan. Bastapqıday emes, endi şekekke seskeniñkirep qaraymın. Intıǵım basılıp, desim qaytıñqırap qalǵan. Degenmen äkem, tätem işer bolsa, köppen körgen ulı toy dep, täwekelge basuǵa dayın turmın.

Tätem qasıq alıp, sorpanı aralastırıp, teksere bastadı. Işinde kapusta, kartop jür. Endi oylap otırsam, borşç eken. Bir kezde ülken jalpaq qabırǵanıñ bası şıǵa keldi.

-Mine, ögizdiñ qabırǵası, – dep, tätem quwanıp qaldı.

-Ögizdiki. Şoşqaniki munday bolmaydı, jiñişke boladı.

Şeşem sonda da bezildep jolatpadı.

-Ögizdiki tügil, neniki bolsa da menen awlaq, özderiñ işiñder!

46

Şeşemniñ oyı belgili edi. Zastavada şoşqa da, ögiz de soyılıp jatadı. Tamaq bir qazanda jasaladı. Şoşqa eti pisirilgen qazannan däm tatuw – qaramniñ özin jegenmen para-par. Yaǵni awır künä.

Biz, şeşemnen basqalarımız, musılmandıqtıñ älgindey qatañ jolın saqtay almadıq. Oraz, namaz toqtıqta degende maylı sorpanı qarınǵa salıp aluwdı maqul kördik. Qara suw, qara talqanmen büyirimiz qabısıp, jutap jürgen jandarmız. Mınaday ǵajap astı qur beker tögip tastaǵanımız qılmıs emes pe? Tör üydiñ esigin jawıp qoyıp, üşewmiz sorpanı işip otırmız. Neşe türliiyisti şöpter qosıp, bapta pisirgen astıñ dämi qanday? Alǵaşında köñildegi ses-keniş tarqamay, ürkektep urttasaq ta, birtin-birtin tañdayǵa jaǵıp, tilimizdi suwırıp baradı. Tanawdan kirgen ädemi iyis бүkil denegе jayladı.

Jaqsı tamaq qalǵanşa, jaman qarın jarılsın dedik te, sorpanı түgel qotarıp işip aldıq.

Zastavadan tamaq tasıp äkelüwdiñ bası osılay bastalǵan edi.

Sorpa ğana emes, keyde botqa, kesek-kesek bölke nandar äkeledi. Nan men botqağa sezik joq, odan şešem de jeydi. Al sorpa bolsa, ol bayağışa jolamaydı. Olja tamaqtıñ üstine keyde körşiler kelip qaladı. Qaydan şıqqan tamaq dep, tergep aladı. Birge otırıp, işip-jeydi de, bılay şığa berip, ösek etedi. «Qalıptarı qursın. Zastaptan orıstıñ aram sorpasın äkep işip, jan saqtap otır. Büytip körgen küni qursın», - deydi.

Ağayınnıñ iştirliği qalmaydı.

Bul ösek radiyo xabarınan da tez taraydı.

Jawlasıp jürgen balalar men sırtqa şıqqanda şoşqa etin jegen kăpir dep, endi meni ıza qılatın boldı. Birewinen birewi ilip alıp, şuw-şuw etedi. Aramsıñ, senimen oynamaymız, aramnan awlaqjürinder dep qaşadı.

Men ıza bolam.

MENİŇ ĞAJAP PİMALARIM

Bala aştıqqa da, jalañaştıqqa da tözedi. Al biraq oynamay töze almaydı. Oyn oğan ömir tawqımetiniñ bärin umıttıradı.

Bala işegin süyretip oynaydı degen ras söz.

Qıstığüni sabaqtan tıs uwaqıtta siz Qostöbeniñ bar balasın Tekestiñ boyınan, sırğanaqtıñ basınan tabasız. Tekes qısta qatıp qaladı. Jurt suwdı oyıqtan aladı.

Qar jawmağan kezde muz aynaday jap-jaltır bolıp jatadı. Beti tolğan bala. Bolat konkiy, şaňğı ol kezde taptırmaydı. Qayqı bas bazar konkiy tek Janbosında bar. Basqalardıñ ayaqtarında tabanına sımtemir qağıp, Qoldan jasağan ağaş konkiy. Janbosın juldızday ağıp zımırağanda, biz bortañdap ilese almay qalamız. Janbosın säyğulik at minip, biz ögiz minip jürgendeymiz.

Osı artıqşılığın Janbosın äbden paydalanadı. Ağızıp kelip, aramızdı jarıp ötedi, qağıp-soğıp jığıp ketedi. «Siyırımız» omaqasıp, tırayıp qulap jatqanımız. Tura quwıp, öş aluwğa jete almaymız. Mıqtağanda kelistirip bir boqtaymız.

47

Konkiyi joqtar Tekestiñ tik jarqabağın sırğanaq etip aladı. Sodan şanası barlar şanamen, şanası joqtar astarına siyirdiñ japasın qoyın sırğanaydı. Şanalı jurt az. Balasına qunttap şana jasap beretin önerli ata-ana awılda siyrek uşıraydı.

Awılda siyirdiñ kez kelgen jerge tastap kete beretin japasınan arzan ne bar. Qıstığüni ol japalar toñ bolıp qatıp jatadı. Şanası joqtarğa şana boladı. Tekestiñ suwına bir matırıp

alsañ, tipten lazım. Ayazğa az ğana qoyıp qoysañ, sırtı odan beter toñazıp, kökpeñbek kök jaltır muz bolıp şığa keledi. Şananiñ eñ jüyrigi dayın, otır da sırganay ber.

Muz jolaqtıñ basınan jibergeñinde, joldağılardı basıp ozıp, quyındatıp alıp jöneledi. Şana tärizdi joldan ne olay, ne bulay qiyalap şığıp ketüwdi bilmeydi. Jaltır muzdıñ nağız oyıqtaw ortasımen zımırardı.

Japa - şanada bir ğana ayıp bar - ornıqtı emes. Tay mingendey bultıdap astıñda turmaydı. Säl qıysaysañ, bult etip, jıǵıp ketedi. Sosın etekke quyırqpen nemese jambaspen sırganap jetesiñ.

Osıdan soñ kiyimde tamtıq qala ma?

Qay balanı körseñ de quyırğın qasqır tartıp ketkendey jamaw quyırq. Jırıtqan jilt-jilt etken jalañaş etteri körinip jüredi. Sırğanaqtı ol sonda da qoymaydı.

Künde keşqurım şeşeñ bayğus sıǵırayğan bötelke şamnıñ jariğimen şalbardıñ päre-päre bolğan quyırğın, tizesin bırıq-bırıq ursıp jamap otıradı:

-Sırğanaqta basıñ qalğır, jügermek. Keşe ğana qanday etip jamap berdim. Bir kün bolmay, qaraşı, taǵı da jalbıratıp äkelüwin. Endigäri seniñ jar basına jaqın barğanıñdı köreyin. Moynıñ üzilgir, moynıñdı üzip jibermesem neğilsin!

Qamqor ananıñ küyinüwden aytıp jatqan dombıtпасı. Onı özi de, sen de jaqsı bilesiñ. Sırğanaqqa erteñ moynım üziledi eken dep qorıqpay, taǵı barasıñ. Barğanıñdı şeşeñ de köredi. Biraq ol älgi aytqan antında turmaydı – seniñ qıldırıqtay näzik moynıñdı bir burap, üzip jibermeydi.

Quyırq jalbırap taǵı jırtıladı. Könbis ana bırıq-bırıq ursa otırıp taǵı jamaydı. Ömir osılay öte beredi.

Jalañaş boluwğa tözesiñ. Al biraq oynamay töze almaysıñ.

Özge kiyimniñ naşarlıǵı tük emes, ayaq kiyimiñ naşar bolsa, qıstıǵünü adamniñ qorısıñ.

Mügedeksiñ.

Men bir eski jaman bäteñke kiyip jürüwşi edim. Sırğanaqtıñ kömegimen bir küni birewiniñ ultanı qaqırıp tüsti de qaldı. Qabırşağın jarıp şıqqan balapanğa uqsap ar jağınan kir-kir ayağım körinip turdı. Bir ayağımdı ökşelep basıp üyge keldim.

Jaraqat bäteñkeni äkem tönkerip olay qaradı, bılay qaradı. Emdewdiñ eş retin taba almadı. Jamap-jasqawdıñ neşe türin ol buğan deyin bastan keşip ülgergen. Biz şaşañatın saw jeri qalmağan. Ğumırıñ bitken eken dedi de, äkem älgi bäteñkelerdi qoranıñ art jağındağı küresinge laqtırıp tastadı.

Men endi jalañ ayaqpın. Erteñ oquwğa qalay baram?

48

-Osıǵan durısıraq bir ayaq kiyim qamdap beriñder dep, küz tüskeli qaqsap kelem. Äne, endi oquwınan qalatın boldı, – dep, şeşem äkem men aǵalarımdı jazǵıra bastadı.

Qamsız äkem tap osılay bolar dep, künderdiñ küninde meni jalañ ayaq qalar dep oylamaǵan. Qiyın boldı ğoy dep, jelkesin qasıp biraz turdı. Töñiregine qaraǵıstap, bası artıq beysawat jatqan ayaq kiyim izdestire bastadı. Bası artıq ayaq kiyim bizdiñ üyge qaydan keledi? Bosaǵada şeşemniñ ökşesine jamaw tüsken, üşkil bas aziya kaloşı jatqan. Äkem sonı kördi:

-Äsbet, qaşan ayaq kiyim tabılǵanşa oquwǵa seniñ kaloşıñdı kiyip barıp kelip jürse qalay boladı?

Äkemniñ oylap tapqanı osı edi.

-Oy, jazǵan. Onımen qalay baradı? Ayaǵına qar quyılmay ma?

Amal joq, äkem maǵan ayaq kiyim izdewge kiristi.

Özimizdiñ üyden tük taba almay, körşilerge ketken edi. Bir kezde qonıshınan basqa tügi qalmaǵan eski eki jaman sur pima alıp kele jatır. Quday biledi, älde-kimniñ laqtırıp tastaǵan pimaları.

Äri maǵan şaq emes, ülken pimalar.

Qoraniñ sorayıp şıqqan bel aǵaşına urǵıstap şañın qaǵıp jatır. Şañ tütinşe burq-burq etedi. Ura berse, tawsılmay, şıǵa beretin tärizdi. Tük tappaǵan äkem endi maǵan osı pimalardı tabandap bermek boldı.

Nemen tabandaydı? Jay qurım kiyizben tabandasa, tük bolmaydı. Eki-üş künde tesilip şıǵa keledi.

-Ey, Smaş, zastap jaqqa barıp kelşi. Soldattıñ eski pimalarınıñ qonışı tabılmas pa eken?

- dep, äkem inisin jumsadı.

Smaǵul zastavaǵa ketken edi. Bir kezde avtomobildiñ jartı balonın köterip äkele jatır.

-Bul taban bola ma?

-Men bolǵızamın. Bolǵanda eñ mıqtı taban boladı.

Tätem aytqanın isteytin adam. Balondı ol keskilewge kiristi. Men budan qanday taban şıqpaq dep, qızıqtap qarap turmın. Pışaq jürmeytin ğajap mıqtı zat boladı eken. Qaraǵaydıñ üstine salıp baltalap, odan soñ ustaǵa aparıp, atawızǵa tistetip, küşpen päre-päresin şıǵardı, ultanǵa layıqtap kesip alǵandarınıñ qalıñdıǵı töt eli, ap-awır.

Tätem pimalardı osımen tabandawǵa kiristi. Pışaq tügil, biz zorǵa tesip ötedi. Biz ötken tesikten taramıs ötpey älek qıladı. Ne kerek, tätem qajırlılıǵınıñ arqasında bir kün, bir tün tapjılmay otırıp, pimalardı tabandap bitti-aw äytewir.

Al endi kiyip köreyin. Özi meniñ boyıma layıqsız ülken pimalar, taban degen älgidey şombal birdeñe. Taban emes, zildey tas baylap qoyğanday.

Adımday jürüp köreyin.

Bir ayağım bir ayağıma şalımsıp, jüre almay jıgılıp qala jazdadım. Quday bilede, är pimanıñ salmağı bir put keler. Onıñ üstine şombal tabandar jürgen kezde iylikpeydi.

Meniñ zärem uşıp ketti. Qalay jürem bunımen? Köşege qalay şıgam? Mektepke qalay baram? Meniñ mına türimdi körgen balalar tsirktiñ daraqşısın körgendey mazaqtamay ma?

49

-Kiymeymin! Bunıñ kiyim bolğanınıñ äkesiniñ awzın... – dep, otıra qalıp, jeksurin pimalardı birinen soñ birin esik jaqqa attım.

Pimalar jıgılmay, tabanına qorğasın quyğan saqaşa dik-dik etip tikesinen tüsedı.

Meniñ tuwlawım onşa uzaqqa sozılmadı. Joqqa jüyrık jete me? Bul pimalardı kiymegende, ne kiymekpin? Oquwğa qalay barmaqpin?

Tün. Dala qarañğı. Jurt ayağı basılğan kez. Jeksurin pimalardı ayağıma şulğaw orap, kiyip alıp, sırtqa şıqtım. Anturğan şulğaw şaq kelmeydi. Tabılğannıñ bärin oradım. Tabanıma ultaraq saldım. Qarañğıda olay-bulay jürüp bayqamaqpin. Erteñ mektepke osımen baruwğa bola ma, bolmay ma? Solay, kün burın jattıgıp almaqşımın.

Pimalar awır bolğanımen, işi ıp-ıstıq. Osığan deyin juqaltañ bäteñkemen toñıp jürgen ayaqtarımdı qız-qız qaynatıp quwantadı. Al biraq jürüwge tım qolapaysız-aq. Äri ülken, äri awır, tizemdi bügip, otırayın desem, otıra almaymın. Qıqığan qatqıl qonıstar taqımımdı tirep qaladı.

Jaman bäteñkelermen tereñ qardı keşe almay tek jolmen jürüwge tırısattınmın. Al mına «avtomobil» pimağa joldı-jolsız bärıbir. Tek qonışınan qar asıp ketpese bolğanı. Al qonıstan asatın qar bul ölkede jawmaydı.

Bul pimalardıñ jaqsı jağı men jaman jaqtarı teñ edi.

Bul tüngi uyqım şala boldı. Oyanıp alıp, erteñ jeksurin pimalardı mektepke qalay kiyip baramın dep, qayğırğandı bilem. Joq älde barmasam ba eken?

Oquwdan qaluw jāne qasiret.

Özge balalar men üşin eşteñe emes. Mazaqtar da qoyar, basılar. Öte-möte Mayrağa qalay körinem dep, qasiret şegem. Basqalardıñ külgenin elemespin. Al Mayra külse şe?

Tañerteñ ädettegiden erte oyandım. Tamağımdı apıl-ğupıl işip, mektepke basqa balalardan erte jöneldim. Eşkimniñ közine tüşpey, eşkimniñ mazağına şalınbay, jalğız kele jatırmin.

Klasqa kirdim de, quyırğım partağa jabısıp qalğan adamşa tapjılmay otırıp aldım.

Birewden, ekewden basqa balalar da kelip jatır. Men bolsam qıbr etpeymin.

Ayaqtarımdı partanıñ astına jasıra tüsemın.

Ädette klasqa qoñıraw soğılmay kirmeytin oyın qumardıñ biri edim. Sabaqtan tıs uwaqıtta baylap qoymasa büytıp otırmaytınmin. Qudanıñ qudiretimen endi mine ol minezimnen özgere qalğanmin.

Uşqalaq boluw da, otırğan ornınan tapjılmas şoyın quyırq boluw da op-oñay eken.

Qoñıraw soğıldı, balalar klasqa tügel kirip otırdı. Sabaq bastaldı. Meniñ kütkenim de mine osı edi.

Qasımdağı Köpekbayulı Qojaqandı şınatığına türtip, qaratıp aldım. «O ne» degen türmen Qojaqan betime qaradı. Men sâl jımıyıp küldim de, partanıñ as-tındağı ayaqtarımdı beri taman äkep, nusqap körsettim.

Qojaqan kördi de, bağjañ ete qaldı. Sonımen tındı. Sabaq berip turğan muğalimnen qorınıp, basqa eşteñe ayta almadı.

50

Osılay boların men bilgen edim. Oylağanımnıñ däl özi boldı. Sumdıq pimalarımdı endi birtindep basqa balalarğa da körsete bastadım.

Bäriniñ äseri birdey: közderi bağjañ ete qaladı. Sabaqtı buzıp, ayqay sap, meni mazaqtay almaydı.

Üziliske şıqqanda mazaqtar, küler. Biraq tosın körip, tañırqap şuwlasqanday bolmaydı endi.

Bul aqıl meniñ basıma tünde uyıqtay almay jatqanda kelgen edi.

-Mässağan! Minağan qarañdar! Mınanıñ pimasına qarañdar! Äkesiniñ pimasın kiyip alğan ba, ey?! Oy-oy, tabanın qara! Nemen tabandağan, ey! Kötersi. Mässağan, avtomobildiñ döñgelegi! Äy, sen munı qalay köterip jürsiñ? Qane, jürip körşi! Oy-oy! Izin qara, quddı maşınanıñ izi!

Bunı aytıp jatqan meniñ ata jawım Janbosın. Älginde sabaqtıñ üstinde otırıp, pimamdı oğan da körsetkenmin. Közin bağjıyıp, awzın quwsıra sozıp, tañırqap qarap qalğannan özge ol onda eşteñe dey almağan. Kesir neme üziliske şıguwdı kütken eken.

Men qaşanğı tapjılmay otıra bereyin. Mazaqtaytın itter tezirek mazaqta tınsa eken. Kiyimimniñ naşarlıǵınan mazaqqa kökpar boluwım meniñ osı ğana ma? Ölmespin, budan da tiri qalarımın.

Sırtqa şıǵar-şıqpastan-aq balalar meni qorşap alǵan.

-Buǵan endi taqanıñ da qajeti joq, - deydi birewler.

-Jürrip körşi, qalay jürer ekensiñ? - deydi ekinşiler.

-Jüre alasıñ ba? - deydi üşinşiler. Janbosın sözben tälkektep qoymaydı.

Pimamdı ayaǵımen tewip, jügir dep, qolımnan jetelep, osı tusta meni basınıp-aq jatır.

Toqtay tur, bälem, Janbosın. Öş alatın kez äli-aq keler, «Avtomobil» pimanı men sol jılı qıstap kiyip şıqtım. Biraz künnen keyin özine üyrenip kettim. Ülkendigi de, awırlıǵı da bayqalmaydı. Kadimgi daǵdıly ayaq kiyim tärizdi onşa elemeytin boldım.

Bul pimamen sırǵanaq ta tebem, läñgi de oynaymın. Tek tosın körgen birewler:

-Öy, mınanıñ piması özinen de ülken ğoy! Qalay köterip jürsiñ?! - dep, tañırqasa, ayaq kiyimimniñ boyıma şaq emes ekeni esime sonda ğana tüsedı.

BİR TABAQ UN, BİR TABAQ ARPA

Köktem bası. Juwanniñ sozılatın, jiñişkeniñ üziletin naǵız köközek qiyınkezi. Qay üyge barsañ da şıqpa, janım, şıqpa dep äreñ jan baǵıp otır.

Äkem men Smaǵul tätem bul kezde zastavada jumıs istemeydi. Soldattar otındı özderi kesip-jaratın bolǵan.

Äkem men tätem kündiz qırman qaǵıp keledi. Bir tabaq, jarım tabaqtay dän äkeledi. Ötken jıldan qar astında qalıp, börtip bülingen dän. Awru şeşem onı quwırıp, talqan, köje jasaydı.

Tañerteñ sabaqqa barar kezde şeşem maǵan bir kruwjka suyqıltım arpa köje ısıtıp beredi. Küni boyǵı qoregim sol ğana. Mektepten qaytqanda aştıqtan közim qarawıtıp, buralıp, üyge zorǵa jetem.

51

Osı küngi balalarşa:

-Apa, qarnım aştı, tamaq ber, - dep, esikten dabıra salıp kirmeymin. Ol sözdiñ äri paydasız, äri artıq ekenin bilem. Kitap salǵan şüberekk sumkamdı terezeniñ aldına ünsiz qoyamın da, şapanın üstine ayqara jamılıp, tösekte büktüsip jatqan awru şeşeme möliye qarap turam.

Şeşem bul kelgen men ekenimdi körmey-aq biledi. Basın burıp qaramastan, ıñırsığan naşar dawıspen pälän jerde bir uwıs quwırğan biyday, nemese bir uwıs talqan turğanın aytıp, sonı jey ğoy deydi.

Bir küni oquwdan tağı da işim işime qabısıp, äreñ keldim. Awırıp jatqan şeşeme ölimsirey qaradım. Şeşem ünsiz. Pälän jerde men üşin saqtalıp qoyılğan bir uwıs biyday bar ekenin aytpadı. Üyde awızğa salar tük qalmağanın birden bildim.

Bul birinşi kezdesip otırğan jağday emes.

Bundayda men sol ünsiz-tünsiz qalpımda sırtqa şığıp ketem. Öz janımdı özim bağıwdıñ qareketin oylastıram. Kolxoz predsedateli Jäkibaydıñ nemese tamağı bar basqa birewdiñ üyin toruwıldap kelem. Batırqan üyine jolamaymın. Onda Mayra bar. Aştan ölip ketsem de Mayraniñ közine üy torığan sorlı bop körinbekşi emespin.

Meniñ sağılaytınım köbinese Jäkibay üyi.

Jäkibaydıñ menen üş-tört jas kişi Tilew deytin äri erke, äri sotanaqtaw balası bar. Äkeşeşeniñ alaqanğa salıp yaki otırğan jalğızı.

Predsedateldiñ balası bolğandıqtan Tilew aş boluw degenniñ ne ekenin onşa bile qoymaydı. Qolına dobalday etip nan ustap, jep jüredi. Qurdan qur berşi degenge ol nanınan bere salmaydı, äriyne.

Men asıq boyawğa, saqanı tesip, qorğasın quyuğa, läñgi jasawğa şeber edim. Osı üşin de Tilewdiñ isi tüsip, jalınşaqtap jüretin. Tilew, asıq boyamaymız ba? Nemese, saqağa qorğasın quymaymız ba dep, oniñ köñilin tawıp, quwanta kelem. Bul tärizdi jumıstardı üyiniñ artında oñaşada isteymiz. Qolında nanı bolsa, endi Tilew ayamaydı, mağan suratpay-aq mä dep, jarımın üzip beredi. Üyden tağı da nan äkelüwge ketedi. Qolım qiyıldañ kezde awzım qosa qiyıldawın meniñ jaqsı köretinimdi ol biledi.

Predsedateldiñ üyinde de şaşılıp jatqan esepsiz nan joq. Tilew nandı şeşesinen özim jeymin dep, surap aladı. Onıñ nandı üyde jemey, dalağa tura jügirüwinen seziktengen şeşesi artınan keyde quwa şığıp, üydiñ artında buğınşaqtap turğan meni körip qoyadı.

– Oñbağan, nandı kimge tasıp jürsiñ?! A!

Men qoldan är qıylı oynşıqtar jasaytın edim. Tigin maşınanıñ jibi oralatın kädimgi titimdey jumır ağaştıñ ekewin döñgelek etip, ağaştan özi jüretin traktor jasaymın. Artqı döñgelektiñ quwısına rezinka ötkizem de, rezinkanıñ bir uşın tüyip, quwısqa nığızdap bekitem. Ekinşi uşına titimdey tayaqşa ağaş baylaymın. Döñgelekti traktormen qosa ustap turıp, älgi ağaştı sawsaqpen aynaldırsañ, rezinka şiyratılıp qosa aynaladı. Jerge qoya salsañ, traktordı jortaqtatıp quwıp äketedi. Rezinkanıñ şiyrağanı tarqağanda, bir-aq toqtaydı.

Artqı döñgelekter pısaqpen kertilip, kädimgi traktordıñ döñgelegindey iyrek-iyrek tis jasalğan. Tütün şığaratın murja, baranka ornatılğan. Aldında burap,

52

Ot aldıratın temirine deyin bar. Qısqası, sol kezdegi döñgelek XTZ traktorınan awmaydı.

Bazar oynşıqtı bilmeytin qarañğı awılda meniñ özdiginen jortaqtap qozğalatın osı traktorımdı körip, balalar tügil, ülkender tañ qalatın. Bastarın şayqap, mınanıñ pälesin qara deytin. Tilewge men osınday traktor jasadı bersem, o, onda ol mağan üstindegi köylegin şeşip berüwge dayar.

Kök taldaniyip, sadaqtı ädemi jasadımın. Jebesiniñ uşına qañıltır qaptaymın. Dän uşırğan jerge torğay qaptap otıradı. Däl ortasın közdep, atıp qalsam birewine qalay da tiyedi. Oq tiygen torğay tıprılap uşa almay jatadı...

Qısta ağaş konkiydi de balalardıñ köbinen ädemi etip jasadım edim.

Buniñ bäri söz arasında ayılıp jatqan jaylar. Meniñ aytayın degenim basqa. Söytip sol küni mektepten qarnım aş qasqırşa ulıp, üyge äreñ keldim. Şeşem jatır, töseginde, ündemeydi. Pälen jerde pälenдей tamaq bar, alıp jey ğoy demeydi. Üyde awızğa salar tük joq ekenin birden bildim.

Qazaq bunı nıray qaldıq deydi. Yağni, awadan basqa jeytin tük joq degen sez.

Öz künimdi özim körmek bolıp sırtqa şığıp bara jatır edim, şeşem toqta dedi. Toqtadım. Şeşem oybayına süyenip basın köterdi. Tamaq jasadıtın adamşa beti-qolın juwdı. Bir jaqqa qonaqqa baratınday äbdiradan taza jawlığın alıp kiydi.

Men tosıp, qarap turmın. Bizdiñ üyde ülkendigi kitap betindey bir qalıñ ayna bar. Şeşem sol aynanı biypazdap turıp sürtti de, şüberekke orap, qoltığına qıstı. Sosın meni qolımnan jeteley üyden şıqtı. Awıl sovet predsedateli Batırqanıñ üyine qaray kele jatır. Mağan bäri de tüsinikti boldı.

Barmaymın dep aytuwğa därmensizbin. Mayradan uyalıp äzer kele jatırmın, Batırqanıñ äyeli esiginiñ aldında qazanğa bawırmaq quwırıp jatqanın biz anadaydan kördik. Mayra üyden jaypaq tabaqpen tuwralğan qamır tasıp jür. Şeşem amandasa kelip, tize bükti. Oşaqtağı ottı sıırıp jağısa bastadı. Men tikemnen tik turmın. Eki közim qazandağı quwırılıp jatqan bawırmaqta. Şımır-şımır qaynağan ıstıq mayğa Batırqanıñ äyeli tuwralğan qamırdı tastap kelip jiberedi. Istıq may şij ete qaladı da, köpirşip tuwlağanday boladı. Älgindegi kökşil şiyki qamır lezde qızara isinip, torsiyan qıp-qızıl bawırmaqqa aynaladı. Dayar bawırmaqta kepsermen tegeşke süzip aladı.

Pisken bawırmaq osı kezde orta tegeş bolğan.

Bawırmaqqa qarağan sayın meniñ silekeyim şubıradı. Mayı şıp-şıp şıqqan qızıl jon tompaq bawırmaqtar awızğa tūsuge tilenip-aq jatqanday. Şirkin, awızdı qarığan ıstıq küyde alıp jer me edi!

Jas bawırmaqtañ burqırağan iyisi qanday!

Bawırmaq quwırılıp bitti. Batırqanniñ äyeli bizdiñ üyge kirwimizdi qalamay sol arağa bir tostağan aldırıldı da, bir uwıs bawırmaq salıp, şeşemniñ aldına qoydı. Şeşem odan bir tal ğana awız tiydi de, basqasın qotarıp meniñ qaltama salıp berdi. Sosın manadan qoltığına qısıp otırğan aynanıñ orawın jazdı.

– Mına aynanı Mayrañ betin körip jürsin dep, ädeyi äkeldim. Üyde bir tüyir dän qalmadı. Bir kişkene un ber, balama külşe pisirip bereyin, - dedi şeşem.

Mayra bul sözdiñ bärin de estip turdı.

53

Men bilgen edim osılay boların. Kelgim kelmegeni sondıqtan edi. Körmegenim qara jer, äzer turmın. Telmirip qayır surağannan bizdiñ bul xalimizdiñ nesi artıq?

Usınğan aynanı Batırqanniñ äyeli aldı. Bir tabaq un, bir tabaq arpa salıp berdi. Biz üyge qayttıq.

Kitap betindey qalıñ ayna bizdiñ üydegi birden bir iske tatur mülkimiz edi. Biz odan solay ayırıldıq.

Äkem osı aynağa qarap murt basıp, saqal qıratın. Şeşem künine bir ret osı aynamen awru jüdetken jüzin köretin edi. Eki betiniñ uşındağı sönip, bitip bara jatqan tırşılık nurı azayğan sayın köñili bir türli jabırqaw tartıp qalatın. Sol ayna endi joq.

<<ZDRESTİ, NEŞENDİK>>

Köktemgi egis. Qarbalas. Soqa aydaw, tuqım sebüw. Tağı da atam, şabam, qıram dep, dik-dik etken Sarmanov ökil.

At arıq, jer qattı. Kölik jetispegendikten soqağa buwaz biye, siyır jegiledi. Tağı da tañqasqa. Tağı da mektep jabılıp qalğan. Biz, er balalar, soqanıñ atına minemiz. Soqanıñ atına minüw tulıqtastıñ atına minüwden ötken azap. Bir soqağa tört at jegiledi. Köterem arıq attar. Tañqasqadan tünge deyin tınım bolmaydı. Tepeñ-tepeñ tebinip şarşağanniñ kökesi osında.

Ata-babasınan beri qaray şuygin jer, taza awanı quwalap keşip jürip küneltken qazekñ işi ala köleñke siz tamğa jazı-qısı qamalıp şıdamaydı. Kün jılıp, jer qarayısımen keñistikke şıguwdı arman etedi. Otırışılıq turmıstı eñselerin basqan qapastay köredi. Oğan beyimdelgisi, köngisi kelmeydi.

Bul araññ xalqı burıñğı kezde qıs ketip, jaz oralatın qus tärizdi bolğan. Jaz bolsa qotarılp, Sırt pen Şalködeniñ kökjası jaylawına köşetin, sonda awıl-awıl bop, maldarı mıñğırıp, qasiret pen qayğını tek qudaydan kütip otıratın. Qısta Tek es boyın, tawdıñküngey jaq say-salasın qıstaytın.

Qazir artel bop birikkenmen sol ädet birden üzilip qalmaydı. Xalıqtıñ jelpinip jaylawğa şıqqısı keledi. Oğan biraq artınıp-tartınıp köşüwge jaraytın mal jok.

Jaylaw bul künde poseliktiñ дәl qası bolğan. Kiyikbay men Nayza awılıññ eki arası köñildi kögal jazıq. Sız tamnan jalıqqan xalıq qazir osında kökke şıgıp qoñğan. Kiyizüyi barlar kiyiz üy, kiyiz üyi joqtarqalqıyğan altı ayaq, jappa tigip alğan. Köñ-qoqırğa belşeden batqan poseliktey emes, bul ara qanşa ayt-qanmen köñildi. Qıstay temir peştiñ kök tütinin jutıp, bürisken el tınıstarı keñip, jetisip qalğan.

Köñ-qoqır poselikte qalğanmen aştıq qalmağan. Ol eldiñ tüp eteginen alıp, osında birge kelgen. Taza awağa şıqqan soñ adamdardıñ tamaq tileytin aranı odan beter aşıla tüsken. Jortuwıl dese közderi jaynap, arqaları qozıp, silkinip şığa keletin kökjäl jigitteri Besnayzada köp bolğan. Boqşabay, Jantay degen adamdar mine

54

osındaylar. Elge atı şıqqan batırlar, ömirde qawip-qater bolatın elep körmegender.

Boqşabay da, Jantay da bul kezde tuğırınan tayıp qartayıp qalğan. Kolxozda jumıs istewge jaramaydı. Elge öte sıylı, betti adamdar bolğandıqtan, olardı mazalawğa kim köringenniñ batılı jete bermeydi. Özgege dik-dik etip, qamşı üyirüwge dayın turatın belsendiler Jantay, Boqşabaydıñ üyin alıstan aynalıp ötedi.

Jantay suñğaq boylı, eñkiş. Kişirek qır murındı, surşa köse kisi. Bir jambasınan aqsap basadı. Şekara qataymağan kezde bul ölkede şekaraşılarğa kömektesetin kommunistik otryadtar qurılğan. Jantay sonda qızmet etken. Sovet ökimeti üşin basın oqqa baylap, bandamen talay şayqastı bastan keşken. Talay erlik qiymildar jasağan. Jantaydıñ aqsadı – sol şayqastardan tapqanı – mıqın süyegine bandınıñ oğı tiygen.

Boqşabay qudı jondı, burıl saqaldı, eñgezerdey zor adam. Alpamsa denesi selkildep, kürk-kürk jöteli otıradı. Onısı burınnan bar kökjötel. Boqşabaydıñ qolınıñ ülkendigi

ağaş kürektiñ basınday, är sawsağınıñ juwandığı ketpenniñ sabınday. Bizdiñ awılдаğı eñ zor adam osı edi.

Bayağı jortuwıl zamanniñ kezinde jurт Boqşabaydan suraydı eken:

-Bäke, siz osı urlıqqa qalay qorıqpay barasız? Kürk-kürk jöteliñizben barğan awılıñızdı oyatıp, öziñizdi öziñiz ustap beresiz ğoy? - deydi eken, Boqşabaydıñ jawabı:

-E, jöteletin men ğana ma, höh-höh! Men sekildi köksaw malda da boladı. Qoylı awılğa barğanda, höh, höh, qoyşa; siyırlı awılğa barğanda siyırşa jötelem, höh, höh!

Boqşabaydıñ bunısı şın söz ekenin jortuwılğa onımen birge qatısқан adamdar ras deydi. Qay maldıñ bolsa da dawsına salıp jötelişi ğajap deydi.

Bir ret Bäkeñ qalmaqqa urlıqqa baradı. Tün. Közge türtse körgisiz qarañğı. Qalmaqtıñ üyiniñ tap irgesindegi iri qara qamalğan qorağa kiredi. İtter sezip, şawildep üre bastaydı.

Qalmaqtar oyanıp, sırtqa atıp-atıp şıǵadı. Qoradağı maldı tekserip qaraydı.

Boqşabay bul kezde qatar şökken eki tüyeniñ arasına jata qalğan eken. Jöteli qurğır şıdatsın ba. Öñeşin jıbırlatıp, tirelip kep qaladı. Däl qasında qalmaqtar jür. Köksaw Boqşabay tüye bop jötele bastaydı. Qalmaqtar eşteñe sezbeydi.

Qalmaqtar üyelerine qayta kirip ketken kezde älgindegi «kökjötel tüye» qasındağı başka eki tüyeni buydasınan jetelep tayıp otıradı.

Xalıq kün köristen tarıqqan osı kezde Jantaq men Boqşabay sol bayağı las käsipterin qaytadan esterine aladı.

Biraq, qaşsa qutılıp, quwsa jetkizetin burınǵıday jaramdı jüyrık at joq qoldarında, urlıq jasawğa sol ğana böget.

Bir kölik bar, ol Boqşabaydıñ esik pen tördey jaldas küreñ atı. Jurт onı jambas küreñ dep ataydı. Jambas küreñ Boqşabaydıñ sıralǵı kări joldası. Talay jortuwıldı ol ekewi bastan birge keşken, talay qawıp-qaterden birin-biri aman alıp şıqqan. Küreñniñ jambasına qalmaqtıñ oǵı tiyip, sodan ol artqı ayaǵınıñ birewin sıltıp basatın bolğan. Jambas küreñ atanwı, mine, osıdan.

55

Jambas küreñ qazir iyesi tärizdi ol-dağı kări. Budan jasıraq, äri küyli kezinde onıñ aqsaqtığı onşa köp bilinbeytin. Biraz jürip, eti qıza bastağanda müldem saw at bolıp ketetin. Oq tiyip, jazılğannan keyin de Bäkeñ onı saw attan artıq körıp, oğan saw kölikten artıq senim bildirip, jortuwılğa talay minip baradı. Sonıñ bir de birewinde küreñ at Boqşabaydıñ köñilin qaldırmaydı.

El işinde Boqşabay tuwralı añız köp bolsa, küreñ at tuwralı odan da köp.

İyesi jortuwılğa şıqpaq bop, jiynala bastağannan-aq küreñ at biledi deydi. Erttep jatqan kezde bir türli köñildi oqıranıp, awızdıqtı qarşıldatıp şaynap, silkinip, nege de bolsa men dayın degendey qalıp bildiredi. Biraz kün sapar şekpey qalsa, boyına as batpaytın Bäkeñniñ quddı özi tärizdi. Közge türtse körgisiz qarañğıda jıms toğaydıñ arasımın qoyanjım soqpaq joldı özi tawıp ötedi. Bir de bir butanı sıbdır etkizip, dıbıs şığarğandı bilmeydi. Ayağın tısqan añdığan mısıqşa basadı.

Aldına tüsken malğa iyesi emes, küreñ at iye deydi biletinder. Qos qulağın jımquıtıp, tistelep, awılğa qaray quwalap aydap aladı. Qaşağan tügil, onan beter bezegen mal bolsa da küreñ at qutqarmaydı.

Qawıp töngen jağdayda Boqşabay jat dep belgi berse, küreñ at jata qaladı eken. Tur degende, atıp turadı. Mıltıqtıñ oqıs atılınan, soyıldasudan, ayqay-şuwdan ürkip-qorquwdı bilmeydi.

Jortuwılğa şıqqanda Boqşabay özinen göri küreñ atqa köbirek senedi eken.

Qartayumen qatar küreñ at bul kezde oqta-tekte kolxoz jumısına da jegilip qalıp, sansırap, mäñgürt bola bastağan. Ras, biyılğı köktem şıqqalı Boqşabay onı jumısqa bergen joq. Özim qart adamın, but artar jalğız köligimdi bere almaymın dese kerek. Boqşabaydı awılta kim de bolsa sıylaydı, oğan küş körsete almaydı.

Söytsem, küreñ attı qolğa alıp, Bäkeñniñ kütimdey bastawında män bar eken...

Künde keşqurım ol jambas küreñdi beldewge köldeneñdey baylap qoyıp, erttep jatqanın körüwşi edim. Eki keştiñ arasında qayda baradı? Mal qayıradı, öristen qaytqan maldıñ aldınan şığadı deytin zaman emes. Sodan arada bes-on minut uwaqıt ötkende, börki qazanday, özi şökken narday bolıp, ol ayañşıl küreñniñ üstinde elsiz qırqa jaqqa qaray soqtırıp ketip bara jatadı. Üstindegi tüye jün şekpenniñ eki şalğayın tizesiniñ astına öte bir uqıptılıqpen jımquırıp alğan. Qolında atan ögizdi sawırdan bir salıp jatqızatın tobılğı saptı örmeli äydik, dıraw qamşı.

Jartastıñ şoqısınday bolıp Boqşabay atqa tikesinen tik otıruwşı edi. Küreñniñ jaraqat sanın awırtıp almayın degendey qamşını siypap qamşılanıp, basın jan-jağına burıp ta qaramastan, ketip bara jatadı. Betağan jağı elsiz tüz adırlı qırqa. Öziniñ bir qulqının tığındaw jolında keñ dalanı qajımay, talmay kezetin azuwı altı qarıs tüz tağısı bar emes pe? Boqşabay alıstay tüsken sayın soğan uqsaydı.

Boqşabay tuwısqandıq jağınan bizben atalas. Onıñ sırn menıñ äke-ağalarım täwir bilıñkireydi. Olar özara kübirlesip:

-Äne, kördiñ be, Boqşabay qalmaqqa attanuwğa at jaratıp, özin özi jattıqtırıp jür, - deydi. Şınında da bul solay eken. Küreñ at qalaysıñ? Birli-jarım saparğa jaraytın,

boyıñda birdemeñ qaldı ma? Özim qalaymın, jaraymın ba dep, Boqşabay özin de, atın da sınaq jürgeni eken.

56

-Idırıs, Smağul, tur, turiñdar! Arqan, pışaq alıp şığıñdar! Bol, bolıñdar! Batırbay tübegindegi jaman tamğa tez kele qoyıñdar!

Osı qarbalas dawıs bir küni bizdiñ üydiñ adamdarın dür etkizip oyattı.

Men de oyanıp kettim. Äli tün, üy işi qarañğı. Äkem, ağalarım qarbalasıp kiyinip jatr. Awıldıñ şet jağınan şurqırap kisinegen jılqı dawıstarı estiledi. Äkem men ağalarım jip-şuw, pışaq, qap alıp qudaydan sät tilep jönelisti.

Qaraşa jaman üydiñ işinde şeşem ekewmiz ğana qaldıq. Ne bolğanın men-dağı birden bildim, jas et jep toyınatın boldım-aw degen quwanıştı oydan uyqım şayday aşılıp ketti.

-Apa, qalmaqtan jılqı aydap keldi me?

-Tıss... Ündeme. Jat.

Jerge jariq tüspey äkem men ağalarım qayıp keldi. Üsti-bastarı qan sasiydi, qapqa salıp kötergen awır näreleri bar. Kiyiz üydiñ işki bosağasına gürs etkizip tastay bergende-aq qaptıñ işinde ne zat ekeni bilinip qaldı. Ol et edi.

Jılqı etiniñ iyisi qanday, şirkin. Üydiñ işin bir degennen alıp ketti.

Şeşem de, men de uşıp-uşıp türegeldik. Soyğan jılqınıñ terisin tör aldına jayıp jiberip, äkem men tätem äkelgen etterin derew borşalawğa kiristi. Tañğa deyin jumjulas etip jayğap almaq ta, tük körmegendey bolıp tınış otırmaq. Esik tüsirüwli. Men etşilerge bötelke şamdı jariq etip ustap turmın.

Qızıl dese qazekeñde es qalmaydı. Äsirese qazirgidey aş kezde. Äkem men tätem ettiñ eki jağınan jüreley otırıp, jeñderin sıbanıp alıp kirirken. Bilek tügel qan-qan. Aldarındağı etten özge dünüyeni ekewi birdey umıtqan. Olardıñ osı türleri özderine jemtik tawıp alıp kenelgen dalanıñ aş börilerine köbirek uqsaytın edi. Smağul mal soyuğa şeber qazaqtıñ biri. Bir qoydı bir şılım şekkendey uwaqıtta jayğap tastaydı. Sılбір äkemdey emes, onıñ qiymılı erekşe şiyraq, qolındağı pışaqqa köz ilespeydi. Müyiz sap kişkene qara kezdik süyektiñ jıqpıl-jıqpılın özi izdep tawıp aladı.

Tamaqsaw äkem et qaşan pisip, awzına tüskense şıday almaytın tärizdi. Qazınıñ sap-sarı mayınan bilemdep kesip aladı da, bismilla dep, şiykidey şaynamay-tolğamay qılğıp jiberedi. «Mä, asap qoy» dep, mağan da kesip beredi. Jıp-jılı jumsaq maydı şiykidey qalay asarımdı bilmey ustap turamın.

-Jep qoy. Jılqınıñ mayı şiykilik etpeydi, - deydi äkem.

Qazınıñ mayın şiykidey asap jatqan qazaqtardı men burın da körgem. Men de qazaqpın. Solardan kem bolğım kelmeydi. Qolımdağı maydı özimdi özim küştep, batıldanıp, qılğıp qoyamın. Uwıljığan jumsaq may tamağımnan jılq ete qaladı. Şiyki dämi öñeşimde unamsızdaw bolıp turıp qaladı da, birazğa deyin ketpeydi. Biraq onıñ esesine boyımdı jadıratıp toqtıq sezim jügiredi.

Awılдаğı barlıq üyde de bugün osı xal – eldi bir-aq tünde aspannan aq may jawıp, basqan da qalğan. Täñiriniñ qudiretimen bolğan waqiyğa emes, Jantaq men Boqşabaydıñ arqası edi. Eki kökjal qarındarı qabısqa aştıqqa aqırı şıdamağan. Täwekel dep, bayağıda talay jortqan izderimen attanğan. Sapar sätti bop, bir üyir jılqı aydap kelgen. Batırbay tübegindegi jaman tamdarğa qamap, älginiñ birin qaldırmastan qanjosa etip soyğan da, neni jutarğa bilmey otırğan elge: -Kedeydiñ bir toyğanı - şala bayığanı. Mä, jeñder! - dep taratıp bergen.

57

Ertesi. Täñerteñgilik kez. Tekestiñ jarqabağına iytine qonğan az awıl bugün sırt közge ädetten tıs tım-tırıs. Aspan jarqırıp – kün mawjırıp tursa da üylerdiñ bäri derlik esikterin tüsirip, tündikterin qımtap jawıp alğan. Sırtta beysawat jürgen adam qarası bayqalmaydı. Ärkim öz üyinde, öziniñ quwısında. Jurt bugün äldeneden boy tasalap, özderiniñ qurım üyelerine kirip-kirip alğan.

Bayqağış köz awılда budan basqa da özgerister bar ekenin jäne bayqar edi. Barlıq üydiñ derlik şañırağınan bugün kök tütin tım erte buwdaqtaydı. Şıjğırılğan küyik maydıñ aşqıltım iyisi, asılğan jılqı etiniñ jas iyisi tütinmen aralasıp, jel aydap alısqa taraydı. Awıldıñ ıq jağımnen ötip bara jatqan jolawşı bolsa, tanawın älsin-älsin tıjırıp, mına awıl bugün tügeldey may sasiydi ğoy dep, alaqtap qarap öter edi.

Awılда iyesi belgisiz buralqı itten köp närise joq. Qarındarı qabısıp, täñerteñnen tışqan awlap, qañğıp jöneletin sol aş itter bugün üy mañın toruwıldap şıqpaydı. Et pen maydıñ iyisin kündik jerden sezinetin haywandar bosağanı iyiskelep, qıñsılap jan tappaydı. Üyden oqıs şığa kelgen adam bolsa, dämetip tura jügiredi. Anadayğa birdeñeni laqtırıp jiberse, süyek şığar dep oylap, soñınan qosa jöneledi. Är üyge tañğa juwıq dağar-dağar bolıp kirgen mol olja etten it tügil äli adamdar da suğınıp awız tiye qoyğan kez emes.

Mınaw, mine, bizdiñ üy. Awılдаğı ayaq astınan bereke darıp, may sasığan köp üydiñ birewi. Qaq ortada üş buttı temir oşaqqa asılğan qara qazanda şımır-şımır qaynap, et pisip jatur. Biz, barlığımız, kaqpağı jartılay aşıq qazandı qorşap alıp, et qaşan pisedi, tisiimizge qaşan tiyedi dep, telmirip tosıp otırmız. Pise bastağan ettiñ iyisişiyki etten

müldem bölek, tanawdan kirip, qıtıqtap, bükil asqazandı aralap ötkendey boladı. Jas maldıñ eti pise bastağanda sorpadan joni şığıp, ösip ülkeye beredi, Qazanğa endi sıymawğa aynaladı. Qazınıñ sap-sarı mayı piskendikten är jerinen irip jarıla bastaydı.

Öziñ jewge arnalğan, barlıq babımen şımırıp qaynap pisip jatqan tamaqqa toqmeyilsip qarap otıruw da bir ğanibet-aw.

Äkem özine ermek etip, onsız da ötkir pısağın odan beter ötkirlep qayrap otır. Oqta-tekte tükirigin jutınıp, qazanğa köz salıp qarap qoyadı. Tükirigin jutınsa, öñeşindegi tompaqşası joğarılı-tömen bir jügirip ötedi.

Awruşañ şeşem bul kezde şermiygen ekiqabat. Ayı-küni taqap qalğan. Otırğan ornınan äreñ qozğaladı. Qazannıñ astındağı ottı eñkeyip sırap qoyuwğa şaması äreñ keledi. Sorpanıñ köbigin alıp, tuzın körıp, aspazşılıq istewşi tätem Smağul.

Quday qoyasa, tağı biraz şımırıp qaynağan soñ qazandağı et pisedi. Tätem onı jaypaq tabaqqa buwın burqıratıp tüsiredi. Ortamızğa äkelip qoyadı. Äkem ustaraday qılıpğan ötkir pısağımen japıraqtap tuwray bastaydı.

Aytpaqşı, tuwramas burın ol ärqaysımızğa bir-birden süyek şıǵarıp beredi. Et tuwralıp bolğanşa biz sol süyekti raqattanıp müjimiz. Bügingidey molşılıq küni ol süyekter it qajağanday tap-taqır bolıp kelmeydi. Asap-asap jewge jaraytın mol etimen keledi.

Qarğıs atqır aştıq, seniñ köziñe endi qum quyıladı. Qazan astındağı ot birtindep sönip baradı. Tätem meni sırttan azıraq tezek alıp kelüwge jumsadı.

58

Kiyiz esikti jelpen etkizip aşıp sırtqa şıqtım. Şıqtım da, eki közim baǵıyıp turıp qaldım. Sol jaqta, bizdiñ üydi qos esepsegende, üşinşi üy Särsebek deytinniñ üyi. Sol üydiñ esiginiñ aldında soldattıñ qos at jegilgen qoraptı kök arbası tur. Üyge kirip-şıǵıp jürgen şekaraşılar. Müşe-müşe et alıp, arba qorabına laqtırıp tastap jatır.

Jäne bir üydiñ aldında osı suret.

-Äsker tintip jür! – dep, entigip, üyge qayta qaytıp kirdim.

Üydegilerdiñ töbelerinen jay tuskendey boldı. Üreyleri uşıp ketti. Qurım üyde ne köp, jırtıq köp. Särsebek üyi jaqtağı jırtıqtardıñ bir-birewine jabısa qalıp, äkem de, şeşem de, tätem de sırtta ne bolıp jatqanın öz közderimen kördi. «Endi qayttık desip birewine birewi baǵıya qarastı».

Öreşeniñ işi tola samsatıp jayǵan et. Qazan tolı et jāne pisip jatır. Ne istew kerek? Qayda tıǵuw kerek?

Pısıq tätem bir aqıl taba qoydı. Öreşeniñ işindegi köp ettiñ mändi-mändisin alıp, bosağağa jerdiñ tuwra özine jayıp tastay-tastay saldı. Onıñ üstine birneşe qabat qurım kiyiz töse. Qurım kiyizdiñ üstine körpe jayıp, äri ekiqabat, äri awru şeşemdi iñrantıp jatqızıp qoydı. Jer tösekte burınnan awırıp jatqan adam boldı da şıqtı.

Soldattıñ sıqırılğan kök arbası bizdiñ üyge qarap qozğaldı.

-Kele jadır!

Şeşem janı qiynalğan adam bop, döñbekşip bebewley bastadı. Basqalar awrudı kütken jandar bop, biri onıñ awzına kesemen suw tosıp, biri tamırın ustap, qorşalap töne-töne qalıstı. Osınday äbiger xaldiñ üstine üyge eki-üş şekaraşı kirip keldi. Awırıp qinaluwdan emes, astımdağı etti soldat tawıp alıp, tağı da aş qalar ma ekenbiz dep wayımdap qinaluwdan şeşem, şınında da keremet küyzelip jadır. Ter degeniñ altı taram bolıp ağıp, tınısı tarılğanniñ belgisi tärizdenip tanawları jelp-jelp etedi. Şekaraşınıñ biri zastavanıñ bastığı edi. Äkem men tätem qıs boyı onıñ qol astında jumıs istegen, jaqsı taniydi. Onı körip, aғayındı ekewi birden jamırap amandastı.

-Zdrästi, näşändik! «Näşändik» te tanıdı:

-O, Amanbaevı! Vı zdes jiyvete?

Äkem men tätemniñ orıssa sözdik qorı «zdrästimen» bastalıp, «zdrästimen» bitedi. Näşändiktiñ ne aytqanın olar tügel uqqan joq. Bular endi awdarmaşı qazaq soldat arqılı söylese bastadı.

Äli de bebewlep jatqan şeşemdi nusqap, «Näşändik»:

-Mına kisi neğıp jadır, awru ma? - dedi.

-Awru. Ana mınaday qarın kördiñiz be, tolğatıp jadır.

-Awdanğa awruhanağa alıp baruw kerek qoy?

-Oğan, näşändik, kölik joq. Kolxoz arba bermeydi. «Näşändik» endi kelgen jumısınıñ jayına tike köşti:

-Et bar ma, Amanbaevtar?

-A? Et... bar.

-Körset...

59

Tätem özi de körsetkisi kelip, dayın tur eken. Öreşeni aşıp kelip jiberdi. Keregeniñ boyımen uzın etip baylanğan sıırıq ağašta älginde samsap turğan köp ettiñ äredik juğın-jurnağı, süyek-sayağı ğana qalğan.

-Osı-aq pa?

-Osı, näşändik.

-Basqa tağı qayda bar?

-Basqa joq, näşendik.

-Urlıqqa sender de bardıñdar ma?

- Joq, näşendik, bizdiki barğan joq.

-Endi kimder bardı?

-Bilmeydi, näşendik, bizdiki körgen joq.

«Näşendiktiñ» buyrıǵımen eki soldat üydiñ işin tintip qarağan boldı. Tösektiñ astınan şıǵıruwǵa dayındap tuwrap qoyǵan bir tegeş işmay tawıp aldı. Qazanniñ qaqpası bul kezde jabuwlı. Mınaw ne dep, aşıp qalǵanda bir qazan pisip turǵan etti kördi. Näşendik ojaw alıp, aralastırıp qaray bastadı:

-Amanbaevtar, osınşa bir qazan etti bir-aq jeysiñder me?

-İyä, näşendik, bir-aq jemegende... Tintüwşiler şeşemdi mazalağan joq.

Öreşeniñ işindegi et, bir tegeş işmay, qazandağı pisken et - bärin äketti. Bir soldat qazandı sırtqa köterip şıqtı da, sorpasın sar etkizip tögip, etti arba qorabındağı şiyki etterdiñ üstine qotara saldı. Qazir jeymiz dep jalaqtap, suǵımızdı qadap otırǵan bir qazan etten awız tiye almay qaldıq.

Tintüwşiler awıldıñ bar üyin osılaysa süzip şıqtı. Kün burın birneşe soldattı sırttan baqılatıp qoyǵan. Bir üyden bir üyge qatıstırmaydı, eşkimdi eşqayda şıǵarmaydı. Közge köringen et bolsa tügel alsa kerek. Tünde ğana soylǵan bılırağan jas etke eki kök arba lıqa tolǵan. Äskerdiñ juwan baqay attarı şirenip zorǵa tartıp baradı.

Boqşabay, Jantaq bastatqan bir top erkekti arbanıñ soñınan şubaltıp aydap alǵan. Işterinde Idırıs, Smaǵul da bar.

Şekaraşılar bul jolı meyirbandıq jasadı. Qamalǵandardıñ bärin-aq ertesinde bosatıp jiberdi. Tek ärqaysısınan endi urlıq jasamawǵa qolqat alıp qalıptı.

JILAWIQ TURDIBEK

Şeşem bosanıp, ul taptı. Säbiydiñ atı Turdıbek dep qoyıldı. Şeşemniñ buǵan deyingi birneşe balası turaqtamağan. Mınaw endi turaqtı, ömirli bolsın dep, atı ädeyi solay qoyılǵan.

Bosağan äyelge besaspap kütim qajet. Oндаy kütim jok. Baladan soñ şeşem burınǵısınan beter sansırıp, jüdegen üstine jüdep ketti. Sawdırağan qur ğana süyegi

qaldı. Bas köterip, qalqıyıp otıra da almaydı, kündiz-tüni tösek tartıp jatqandı biledi. Jayalığı sap-sarı ala, tırbañ-tırbañ etken Turdıbek qoynında. Ol jılamas üşin şeşem salpiyğan qur şandır mamasın onıñ awzına salıp qoyadı. Titimdey awzımen Turdıbek bülk-bülk etkizip sorğandı biledi. Qabısqañ qur şandırda süt bola ma? Süt sıqpağannan keyin quw bala eñbegi eş

60

ketkendeý tıpırlap kep jılaydı. Qağıp jubatqañğa jubanbaydı. Şeşem mamasın onıñ awzına zorlap tığadı. Turdıbek jubanbaydı, tamırı joq şandırdan basın alıp qaşıp, şır-şır etedi. Bezildep jılağan kezde közderin tars jumıp, eki beti kökpeñbek bolıp ketedi. Bezildemey qaytsın, kişkentay qarnı qabısıp bos jatadı.

Şeşem şay qasıqpen Turdıbektiñ awzına qaynap suwığan suwtamızadı. Turdıbek äwelgide süt eken dep oylap, tamsanıp juta bastaydı. Sosın süt emes ekenin biledi, şır-şırğa tağı basadı. Awzına tamızğın suwdı jutpay, ezüwinen şığarıp, tağı tögip tastaydı. Jubanar bolmaydı. Sender meni aldaysıñdar degendeý dawsı odan beter aşçı şığıp, örşelene jılap, özi awru şeşemniñ esin alıp bitedi.

Awru şeşem küyzelip aşuwanadı. Bawırındağı säbiydi ayamay silkip-silkip qalıp, quyırığına şapalaqpen tartıp ta jiberedi. Turdıbek odan beter bezildeydi. Şeşem onı jer-jebirine jete qarğap jatadı.

ıp jatjağıñ qarısırğa sonşa ne körindi! Zarlap qal, zarlap qalğır! Öl! Mıyımdı tesip, qurtatın boldıñ ğoy! Ajalımnan üş kün burın öltiretin boldıñ ğoy! O, quday! Qulağı kereñ, kör quday! Soqır quday! Ne jazıgım bär edi munşalıq! Alatin bolsañ, it azapqa salmay, nege almaysıñ!

Qudaydıñ kereñ ekeni de, soqır ekeni de ras boluwı kerek. Şeşemniñ zarlap aytqañ qarğısın ol estimeydi, köziniñ altı taram bop ağatın jasın körmeydi. Estise, körse, mümkün, bir raqımşılıq jasar edi.

Şırıldawı şegine jetken Turdıbek bir kezde silesi qatıp, üni öşip, jılay da almay qaladı. Eki beti kögerip, sazarıp äldekim buwındırıp jatqanday xalge tüsedı. Endi onı ayamasqa mümkün emes. Şeşem meni sawını bar üylerdiñ birewine süt suratıp jiberedi. O, jalğan! Birewden bir närse surap telmirüwden ötken jaman ne bar eken! Jigerim qum bolıp, amalsız bara jatamın. Qolımdağı süt surawğa arnalğan ıdısimdı körsetpey, tığıp alam.

Qılmısı bar adamşa üyge qorınşaqtap äzer kirem. Bosağamen bosağa bop, jabısıp turıp qalam. Üy iyisiniñ qas-qabağın bağam. Ne üşin kelgenimdi olar da bile qoyadı. Sonda da:

-Nege keldiñ? - dep suraydı.

-Apam kişkene süt bersin deydi Turdıbekke...

Osı sözdi aytqanda jartı jasım qurıp ketkendey boladı. Ünimdi tamağımnan küşpen sıǵıp şıǵaramın. Key üy bir-eki qasıq süt beredi, keyi joq dep bermeydi.

Surap äkelingen bir qasıq sütkel sol şamalı qaynağan suw qosıladı. Molaytıladı. Awzına şay qasıqpen tamızğan kezde Turdıbek endi süttiñ dämin birden sezinedi, obırlanıp, tamsanıp juta bastaydı. Tirşilik, ömir üşin quw säbiyosılay küresedi.

MENİN SALAK JENGEM

Men birewine birewi uqsamaytın neşe türli jeqgelerdi bastan keştim.

61

Şeşemniñ nawqası künnen-künge asqına berdi. Arı qaramasa, beri qaramaytın boldı. Basın da jöndep kötere almaydı. Tamaqtı tätem jasadı, ıdıs-ayaqtı tätem juwadı. Tipti arpaǵa deyin Smaǵul tätem quwıradı. Quwırılğan arpanı men keli surap äkelip, kewzeymin. Keli tüyuge äbden-aq jattıǵıp alǵam. Alaqanımdı tükiriktep, qulaşımdı keñ jazıp soqqanda, keliniñ tübintüsire jazdaymın.

Kewzelgen däнди tätem uşıradı.

Talqandı qol diyirmenmen tartamız. Bul azap jumıs. Ap-awır şombal tastı aynaldıruwǵa meniñ şamam äreñ keledi. Jiñişke bilekterim saldırap talıp ketedi.

Tartılğan talqandı elep, maydasın bir bölek, sağın bir bölek alamız. Satılğan men İdris dayar tamaqtı jegendi ğana biledi. Birewi üy tirşiligine namıs körip, mırzalıqpen jolamasa, ekinşisi ayuday ebedeysiz bolǵandıqtan jolamaydı.

Üyde äyel qolı bolmay, bereke bolmaytını qattı bilindi. Ol üşin aǵalarımniñ biri üylenüwi kerek. Kezek, äriyne, jası ülken Smaǵuldiki.

Qaydan qalay tawıp äkelgeni esimde joq, tätem bir küniqalbiğan bir qara äyel alıp keldi. Şekten şıqqan olaq ta, salaq ta jan ekeni körinip tur. Şaş degeniñ taralmay, duwdırap,oramaldıñ jan-jaǵınan şıǵıp ketken, börenedey ayaq-qolı qap-qara. Beti balşıqtan jasaǵanday bittiyğan may bet. Üstindegi kiyimderi äri las, äri tozıp bitken. Qap-qara küs şıntaǵı köylektiñ jırtıq jeñinen körinip jüredi.

Tür-tüsi osınday bola turıp, äyeldiñ atı tamaşa-aq edi – Biybijamal. Soñınan ere kelgen, özine awmay tartqan bes-altı jasar qızı bar. Onıñ da atı osal emes

- Aygülsim. Biybijamaldıñ bir qolı üy tirşiligini istep jürse, ekinşi qolı şaşınıñ arasına, kiyimniñ tigis-tigisine kirip alıp, şağıp maza taptırmaytın aramza usaq maqulıqtarmen ünemi küresüwde boluwşısı edi. Qazandağı tamaqtı sapırıp, nemese ottı sıırıp jatıp, mıqımın qasıp-qasıp aladı. Eki şaruwa, eki qanağat birden orındalıp jatadı..

Qazan-oşaq küyesiniñ jarım-jartı bölegi ämende Biybijamaldıñ qolına, betine jabısıp jüredi. Kazannıñ küyesine bılğap alğan qolımen ol qulağın qasıydı. Sodan qarala qulaq bolıp şığa keledi.

Qolı bos kezde Biybijamaldıñ jamı süyetin bir isi boluwşısı edi. Ol üy sırtındağı küneske astına tuwlaq tösep, teñkiyip jatıp alıp, qızınıñ tizesine basın qoyıp, şaşın qaratı. Aygülsim bul istiniñ şeberi boluwı kerek. Tırnağı nayzaday bolıp ösip ketken, sawsaqtarmen şaştıñ arasın bir-birlep aşıp, ärbir tal şaştıñ tübindegi qayızğaqın ayawsız qıratın.

Aqıl-oy jağınan da jeñgem öziniñ tür-tüsinen onşalıq alıs kete qoymağan.

Bir küni Qostöbege Ömirbek deytin bir militsioner keledi. Biybijamalğa kezigip:

-Jeñge, sizdiñ awılda jaqsılap pima basa alatın äyel bar ma? - dep suraydı.

-Bar. Mına men basamın, - deydi jeñgem.

-«Jolı bolar jigittiñ jeñgesi aldınan kezdesedi» degen osı eken ğoy. Onda mağan bir pima basıp berseñiz qalay boladı? Eñbegiñiz aqталadı, - deydi Ömirbek.

-Öziñ bir sılıqım jigit körinesiniñ, qaynım. Bassam, basıp bereyin.

Ertesinde Ömirbek bizdikine orta qap jün jäne aldın ala jeñgemniñ köñilin awlap biraz şay-şamalaq äkep tastaydı.

Wädeli kün boladı. Ömirbek dayar pimaların aluwğa keledi. Biybijamal basıp bola almay jatırmin, üş-tört künnen keyin kel dep, qayırıp jiberedi.

62

Tağı kelse, tağı basıp bolmağan.

Bul eki arada, obalı neşik, jeñgem bizdiñ üydi pima basatın zavodqa tolıq aynaldırıp bitip edi. Kündiz-tüni qazanda burqıldap qaynağan suw, üydiñ işi tolı buw. Birimizdi-birimiz köre almaymız. Osı bir şuwaş sasığan soqır tumannıñ işinde jeñgem birdeñeni oqtawmen bılş-bılş uradı da jatadı. Jaqın barıp qarasañ onısı kölemi jayalıqtay kiyiz bolıp şığadı. Endi bir kezde älgi kiyiz baypaqqa, odan kiyiz etikke uqsaqanday boladı.

Pimanıñ uzın sanı ekew bolmay, köbeyip baradı.

Ömirbek üşinşi ret keledi.

– Jeñge, dayın boldı ma?

– Dayın...

Ömirbek üyge kiredi. Biybijamal onıñ aldına birewine-birewi uqsamaytın eki pimanı tastay beredi:

– Mä, qaynım, kiyip kör. Qaynısımñ közi badanaday boladı.

– Oybay-aw, jeñge, mınalarıñız pima ma, ne zat? Ekewi eki basqa ğoy?

– Endeşe, mınanı kiyip kör. Osılardıñ işinen öziñe unağandarın tañdap al, – deydi de, jeñgem sılqım jigittiñ aldına tösektiñ astınan topırlatıp jäne birneşe pima alıp tastaydı. Birinen-biri ülkenqiyqı-jiyqı usqınsız birdeñeler.

Ömirbek jer qapqanın bir-aq bileđi. Uyalıp, qızaratın Biybijamal emes, sampıldap aytıp otır:

– Bir kezde pimanı täwir-aq basatın sekildi edim. Ne qara basqanın, qara basıp, seniñ pimalarıñdı uqsata almay qoydım, qaynım. Tabısker jigitsiñ ğoy jäne birewge bastırıp alarsıñ, qapa bolma oğan. Al mına oymalardı alam deseñ al. Unağanın öziñ kiyersıñ, unamağanın äyel, bala-şağalarıñ bar şıǵar, solar kiyer...

– Sağan pima basıp beredi dep, senip jürgen men de aqımaq ekenmin! – deydi de, Ömirbek jerde üyilip jatqan pimalardı törge qaray bar pärmenimen şaşa bir tewip, üyden şıǵıp ketedi. Jeñgem endi bırıqıldap ursıp, Ömirbekti soñınan tildep jür:

– Öy, qarañ qalǵır, o nesi! Jartı qap jünim şıǵın boldı dep öle me! Almasañ, adıram qal! Özim kiyip alam. Qızım kiyedi. Sonşama eñbektenip, men endi bulardı laqtırıp tastar deymisiñ! Buzawbas qiyqı-jiyqı usqınsız pimalardıñ ekewin, şınında da, jeñgem özi, ekewin qızı kiyip aldı. Söytip, qıstan ayaqtarı köpirip toñbay şıqtı.

KONCERT

Qazir men ekinşi klastamın. Sawatım aşılıp, özdigimnen oquwǵa, jazuwǵa jarap qalǵan kezim. Älippedegi бүkil öleñ, äñgimelerdi jatqa bilem. Öytkeni odan basqa ermek etip oqıyıtın kitap joq. Kündiz-tüni aynaldıratınım sol bir kitap.

Tısqan men mısıq jönindegi äñgime küni büginge deyin esimnen ketpeydi. Kitaptaǵı sureti köz aldımında. Mısıq tısqandı quwıp beredi. Tısqan qaşıp beredi. Meniñ bäteñkem sekildi tumsıǵı irsiyǵan jırtıq bäteñke kezdesedi.

63

Tısqan bäteñkeniñ qonışınan kirip, tumsıǵıman şıǵadı. Mısıq ta quwa kirmek bolǵanda, bası bäteñkege keptelip şıǵa almay qaldı. Äñgime mazmunı osı.

Mağan bul äñgime öte unaydı. Kişkentay älsiz tısqanniñ aylakerligine süysinip, aman qalğanına quwanamın. Aqımaq bolğan mısıqqa külemin. Özimdi aylaker tısqanğa, Janbosındı döreki mısıqqa teñeymin.

Sağatbay aqındıq önerden de qara jayaw emes. Bir küni masaq terüwge barğan edik. Ayşa deytin eresek qız awırdım dep, jumıs istemey, üyge qayıp ketti. Sonda Sağatbay älgini bılay dep öleñ etken edi:

Masaqtan Ayşa qaştı üyge taman.

Ketipty işi awırıp öte jaman.

Orındap normamızdı top oquwşı

Esen-saw üyimizge qayttıq aman.

Jazıluwı olaq bolğanimen bul tärizdi äzil öleñder awızdan-awızğa tarap ketkiş, sınılap otırğan adamğa äser etkiş boladı.

Älippedegi öleñderge jäne ustazım Sağatbayğa eliktep men-dağı öleñ jazuwğa qumartam.

Oktyabr merekesiniñ qurmetine biz aldın ala dayındalıp, kolxozşılarga koncert qoyıp berdik. Sol keş meniñ esimnen eş uwaqıtta ketpeydi.

Jaman mekteptiñ işi öziñse tap-taza bolıp sıyrıılğan. Temir peşte erekşe jomarttıqpen mazdap janğan ot. Üy işi jılı. Eki jerden şiyşalı ondıq şam qoyılğan. Şarşılaw kelgen klastiñ tereze jağı şımıldıqpen bölünip, saxna jasalğan.

Umıtpasam, sarı şımıldıq.

Osınıñ bärin uyımdastırıp, älekke tüsip jürgen adam Sağatbay.

Koncertke qatısuwşınıñ biri menmin. Önerim - taqpaq aytuw. Biz, «artister», jurt jıynalmastan burınraq kelgenbiz. Jüregim quwanıştan kewdeme sıymaydı. Däl munday saltanattı köñildi keşti ömiri körgen emespin. Qoltığımnan qanat bitkendey özimdi-özim qoyarğa jer tappaymın. Älsin-älsin şımıldıqtıñ sırtına jügirip şığam, qanşa adam jıynalğanın qaraymın.

Koncertke Mayra da qatıladı, än aytadı. O, siz Mayraniñ än salğanın körseñiz! Mayraniñ dawısındañ äsem dawıs qızdardıñ birewinde joq.

Meniñ bir bayqağan närsem, tabiyğat öziñiñ süykimdi etip jaratqan pendesin önerden eş uwaqıtta da qur tastamaydı. Bir önerdi onıñ kewdesine qalay da quyıp, birge jaratadı. Keyde tipti süykimdi sulu adamğa onıñ tән sululuğı azdıq etetindegı üyip-tögip, bärin beredi.

Özi sulu bolıp, özi aqımaq bolğan pendeni men sirä, körmegen tärizdimin. Sol sekildi aqıldı, talanttı adamdardıñ öñsiz, döreki jaraluwı jäne siyrek .

Qalay deseñiz de, neni nemenege orawdı bilgen jaratılıs. Mayrada, meniñ Mayramda, bäre bar: aqıl da, talant ta bar. Sululığı öz aldına, bügingidey ömirde siyrek kezdesetin ädemi keşte Mayra tipten ädemi. Ol öziniñ eñ jaña, eñ qonımdı kiyimderim kiyip kelgen. Burımdarınıñ uşına jibek lenta taqqan. Ayağında qarday appaq, aq pima. Özi de appaq, marjanday tisi de appaq.

Mayraniñ tal boyında iynejasuwınday bir min bolsa, ol onıñ murnında. Murnı säl tampaştaw. Biraq ol da min emes. Qazaq jaqsı körgen balasın tampaşım demey me? Tompañ qaqqan Mayrağa kişkene tampaş murın, qayta, jarasatın tärizdi. Külimdegen kezde ädemi tanawlarıdeldiyip, qosa külimdegendey boladı.

64

Mine, mine, däl osı kezde eki betiniñ uşında äsem bir tompaqşalar orнай qaladı. O, Mayraniñ kisige közqarası qanday! Ol jaqsı körsin, jaman körsin, bir ğana ret qarağan közqarasımen bildiredi. Aytarınıñ bärin de sonımen aytıp salğanday boladı. Keşçe bolmasañ, uğasıñ, tüsinesin.

Söytip, men koncerttiñ bastaluwın kütip, özimdi qoyarğa jer taba almay jürmin.

Jıynalğan adam sanı qanşa bolğanın bayqamaqqa tağı da şımıldıqtıñ sırtına jügirip şıqtım. Däl osı arada betpe-bet Mayra uşirasıp qalsın. Oldağı köbelekter uşıp-qonıp, tınım tappay jürgenniñ birewi. Men Mayraniñ bileginen qalay şap berip, ustay alğanımdı özim de bayqamay qaldım. Ol kilt toqtadı. Ne aytasın degendey kütip tur. Jür beri degen kisişe jeteley jöneldim. Mayrada qarsılıq joq, ilesip berdi. Klastıñ büyir qabırğasınıñ orta tusında bir kisilik bultıq quwıs bar. Qupiya birdeñe aytatın adamşa Mayranı sol quwısqa ertip keldim. Biraq kelip alıp, melşiyipünsiz turmın, eşteñe ayta almay turğan sözimdi estip bilgenşe ıntıq boladı.

-Keyin aytam, - dedim de, qaşa jöneldim.

Soñımnan Mayra jügirip keledi.

Keyin ne aytpaq bolğanımdı özim de bilmeymin.

QAZA

Şeşemniñ xali kürttüsip ketti. Dalağa äreñ şıǵadı. Tösegi qañıltır peştiñ tübine jerge salınğan. Kündiz-tüni inıranıp jatadı da qoyadı. Ot janğanda qañıltır peş qızıp ketedi de, terleydi. Ot sönse, tez suıydı da, jaña ğana bılıraap terlep jatqan anam endi toñazi bastaydı. Söytip, asa jaysız jağdayda jatqandıqtan awruına awru jamala beredi.

Şeşemniň qoynında kündiz-tüni jılawdan jağı sembeytin Turdibek. Awru ananıň qur sülder şandır mamasın süliktey qadalıp soruwdan ol da jalıqpaydı.

Biybijamal jeňgem, öziniň şekten şıqqan lastığına qaramastan, Turdibekten sonday jiyreniş. Balanıň jörgek-jayalığın töseginde iňiranıp otırp, şeşem özi juwıp tazalaydı.

Şeşemniň xali tömendegen sayın üy işinde ülkender menen jasıruwğa tırısatin qupiya bir äbiger kire bastadı. Olardıň özara kübir-sıbirı köbeydi. Äňgimeleriniň şet jağasın keyde qulağım şalıp, estip qalam. Şeşem jöninde söylesedi. Beti beri qarawı qiyın ekenin, qamsız bolmaw kerektigin aytadı.

Jalqaw, jaybasar äkem endi şıyray bastadı. Otın-suwı dayındap, üy mañınan onşa köp uzamaytın boldı, Şeşemniň köñilin surawğa kelgen äyelder esikten şıgar-şıqpastan-aq oyındağısın aytıp qaladı. «Bitken adam». «Mal bolmaydı» deydi. Kim jöninde ekeni belgili. Älgidey sumdıq sözdi estigende jüregim suwetip, işime bir qap ürey bir-aq kirgendey boladı.

Şeşemniň öletinine meniň de közim jete bastadı. Jılawdan silesi qatqan Turdibek qaljırap, uyiqtap ketedi. Sol kezde şeşemniň de bir sätke közi ilinip, üy işi tım-tırıs bola qaladı. Men ayağımdı uşınan basıp, apatayımniň qasına kelem. Onıň qayğı men qasiretten, janına batqan sırqattan äbden

65

jüdep bitken, al biraq, dal qazir sonıň bärinen de birneşe minutke tınıştıq tapqan jüzine barlap qarawmen bolam. Ölimge bet alğan adam qaňday boladı. Şınımen-aq ras pa öletini? Osını bayqağım, bilgim keledi.

Şeşemniň bir kezdegi ädemi nurlı jüzinde tek bozarğan teri ğana qalğan. Terinin ar jağınan süyek körinip turğanday. Ädemi qır murını äri juqarıp, äri biyiktep öse túsken. Kirpiginiň talşığı da up-uzın, säl ğana aşılğan qansız-sölsiz erinderi bop-boz. Eki köziniň aldına ölik tañbasınday sup-suwıq bolıp köktañdaq köleñke juqqan. Men öte-möte osı köleñkeden qorqıp, selk ete qalğanday boluwşy edim.

Üñilip köp qarawğa dätim şıdamaydı da, tağı da ayağımniň uşınan basıp, derew şeginip ketem. Şeşemniň quw ağaşqa uqsağan arıq denesi juqalañ körpe astında bir türli up-uzın bop, beyne bir jansız denedey, sozıla túsip jatadı.

Şeşem öledi, meniň künim ne boladı degen oy kündiz-tüni basımnan şıqpaydı. Jetimdik, panasızdıq ömir betpe-bet kelip, şabayın dep turğan qasqırday sumdıq qorqınıştı. Men oğan qanday qayrat körsetemin? Qalay qarsılasıp, jan saqtaymın! Tipti qarsılasa alam

ba? Äli ömir bosağasınan sığalap qaramay jatıp meniñ de bitken, qurığan jerim osı bolğanı ma?

Jetim! Ne degen suwıq ta, jeksürin söz!

Awılda ol kezde qaza köp. Quday tağala özi jaratqan pendesiniñ asıl-asıldarın özi tañdap äketip jatadı. Bir küni menimen birge oqiytın Qanşayım degen qızdıñ şeşesi ölip qaldı. Üyeleriniñ işi uw-şuw. Awıl adamdarı jılap kelip jatır. Abısın-ajındarı üyge jeter-jetpesten dawıs salıp, az awıldı bastarına köteredi.

Topırdıñ arasimen älgı üyge men de bardım. Qanşayım qalay jılap jatır? Ne aytıp jılap jatır? Körmekşimin. Erteñ meniñ de anam öledi ğoy. Sol kezde jöndep jılay almasam, masqara emes pe? Topırdıñ arasimen üyge kirip, Qanşayımdı izdedim.

Qanşayım şeşesiniñ töseginiñ üstinde eki betin qolımen basıp alıp, etpettep jılap jatır eken. Mağan bul birden unadı. Tikeden-tik turıp, nemese otırıp, jurta qarap jılawdan betiñdi qolıñmen kömip alıp jılaw tiyimdi körinedi. E, jaqsı boldı, şeşem ölgende men de östip jılayın degen oymen üyden sıqtım. Äytpese, şeşem ölgende qalay jılaymın, ne aytıp jılaymın dep, wayım şegip jür edim.

Noyabrdıñ işi. Qaqağan qara suwıq. Jırılğan qağaz tärizdi dalada bolar-bolmas ağarañdap jatqan qar bar. Mektepten üyge qayıp kele jatırmin. Oyımda üydegi bağana tañerteñ men keterde xali kündegiden de naşarlay, jön tartıp jatqan şeşem, Sabaqta otırıp ta men şeşemdi oylawmen bolğan edim.

Şeşemdi kütimildep jürgen ülkenderdiñ qas-qabağı da bugün erekşe bolatın. Talaydan kütken sumdıqtarı taqalğanday abırjısıp, awru adam şındap jön tartqanda isteytin äreketter istep jatqan. Körşi Kiyikbay awılınan Jaqay moldanı şaqıruwğa tezdetip adam jibergen.

Odan keyin ne bolğanın men äzirşe bilmeymin. Özimmen özim bop, mine endi mǎngirip, balalardan bir oqşaw kele jatırmin. Uw-şuw birdeñe estilmes pe eken degendey özimizdiñ üy jaqqa eleñdep köz tigemin. Äzirşe tınış sekildi.

66

Üyge keldim. Biraz äyel-erkek jiynalıp qalğan. Eki-üş şaldıñ ortasında közi sumdıq jaynañdağan Jaqay molda. Birewler şeşemdi qorşalap alğan. Mağan öte bir jat közben qarasadı.

Jüregim jamañşılıq taqap qalğanın birden sezindi. Şüberek sömkemdi terezeniñ aldına elewsiz tastay berip, derew sırtqa sıǵıp kettim. Jamañşılıqtı körmeyin, onıñ bası-qasında bolmayın, soñınan bir-aq estiin dedim.

Jardıñ astımen Tekestiñ suwın jaǵalap kele jatırmin. Qayda baram, ne isteymin, özim de bilmeymin. Tek tezirek üy mañınan uzap ketsem, eşkimniñ közine tüspesem bolǵanı.

O, Tekes! Janım qısılıp sasqanda men saǵan kelippin. Sendaǵı meniñ anamsıñ. Kışkentayımnan suwıña şomılıp, jaǵańda östim. Isterge is tappay zerikkende, qoldan jasaǵan, jalmansız teben qarmaqpen balıǵıñdı awlaymın. Söytip, senen ermek tabamın, senimen köñil köteremin. Aş, jalañaş jürsem de awırmawım, berik boluwım, Tekes, ol-daǵı seniñ arqañ. Seniñ qoymaljıñ lay suwıña tüse-tüse şınıǵuwdıñ arqası. Jurt:

Tekestiñ suwı arıq emes pe!

Berdibek balıq emes pe! -

degen sözdi beker şıǵarmaǵan.

Tekes, sen meni balıǵıñmen asıraǵan, şınıqtırǵan anam bolsañ jāne bir meni osı jariq dūniyege alıp kelgen anam üyde xal üstinde. Ol-daǵı öziñ sekildi ayawlım, qıymasım edi. Sol asıl anam bul dūniyeniñ tiziminen sızılıwǵa jaqın jatqan sekildi. Osı bir men üşin til jetpes awır kezeñdi men onıñ şıraǵı jalp etip söngen şaǵın közben körüp, şıday alar emespin. Sondıqtan da basım awǵan jaqqa qañǵıp ketip baram. Aynalayın, Tekesim, ol üşin sen meni kinälama, keşir. O, ğajap! Adam men tabiyǵat bir-biriniñ tilin tüsinetin, birimen-biri uǵınısıp, söylesetin kez boladı eken. Jaǵasına jırım-jırım muz tura bastaǵan Tekes meniñ basımdaǵı awır xaldi tüysinetin tärizdi. Menimen kädimgidey tildeskisi kelgendey muz qabaqqa jöñkip kelip, ışqına soǵıladı. Muzdıñ üstine asıp şıǵıp, quldır-quldır etedi de, qayta şeginip ketedi. Aǵınnıñ öz tilinde bildirlap, birdeñe aytqanday boladı. Ne deydi? Ne aytadı? Ana tilin bala qalay da uǵadı ğoy. Tekes ana, men de seniñ ne aytıp jatqanıñdı bilemin. «Men osı ölkege atı mälim kəri Tekespin. Mıñdaǵan jıldar boyında mal men jańǵa, dalanıñ añ-qusına sarqılmas susınımın. Ğasırdan ğasırǵa sozılǵan uzaq ömirimniñ işinde meniñ körmegenim qalǵan joq. Bärin de kördim, sendey jetimderdiñ talayımıñ köz jasınıñ küwäsi boldım. Balapanım, egilme! Egilgenmen eşteñe önbeydi. Tirliktiñ osınday bet qaratpas surapıl zañı boladı. Soǵan tötep bere alǵandar ömir keşedi de, tötep bere almaǵandar qawsap qaladı. Odan da öziñe-öziñ berik bol. Silkin de bekin!

Jıy esiñdi, balapanım! Qayt üyiñe. Aqımaq bolma! Ayawlı anaşıñnıñ şıraǵı mäñgilikke sönetinin bilip, östemisiñ? Soñǵı iyek qaǵısına deyin, tım qurısa, köz aldında bolıp, qoştasıp qal. Anañ seniñ bul sapardan endi qaytıp kelmeydi. Sen onıñ analıq meyirban jüzin endi qaytıp eş uwaqıtta da köre almaysıñ. Ökinbey, keşikpey turǵanda, qayt! Tezirek qasına jet şeşeñniñ! Ömiriniñ eñ soñǵı minutında, üziletin şaǵında ol qalay da

seni izdeydi. Berkenim... Berdibegim qayda? Äkeliñdersi, körsetiñdersi deydi. Özeğin jarıp şıqqan

67

balapanı bolğandıqtan seniñ iyisiñdi bir iyiskep, betiñnen bir süyüdi arman etedi. O dünyege seniñ jupar iyisiñdi öziñmen birge alıp ketkisi keledi. Aqımaq bala, sen osını tüsinemisiñ, sezemisiñ? Boyındağı eñ soñğı tirşilik quwatın uwısınan şığarmay, anañ sen üşin, seni bir körip, qoştasu üşin ajalmen arpalısıp jatqanın bilemisiñ? Qayt! Qayt üyiñe.

Qayğımıñ qara düley jartası üstime qañğır-küñgir qulap kele jatqanday Tekes ananıñ mağan aytıp jatqan aqıl-ösiyeti mine, osınday edi.

Dalada mäñgirip, qanşa qañğırıp jürgenim esimde joq. Bir kezde üyge qayttım. Özimizdiñ üy jaqtan jılağan dawıs kütüp, eleñdep qaraymın. Äzirşe eşteñe estilmeydi. Qazir, osı endi qazir estiluwi kerek, jüregim onı anıq sezedi de, üy jaqqa jolağısı kelmeydi.

Qıstaqtıñ suw jaq şetinde özimmen birge oqıytın Sıdıqjan dosımniñ üyi bar. Men sonda keldim. Sıdıqjanniñ äkesi de, şeşesi de meyirban jaqsı adamdar. Men bul üyge bılay da jiyikelip turamın. Sıdıqjanmen oynap, uwaqıt ötkizip qaytam. Nuraqın üyinde sawın bar. Aq üzilmeydi. Ayran, süt işip, işegimniñ bir süyem jeri ağarıp qalğanday boladı.

Sırt kiyimimdi de şeşpesten Nuraqın üyinde otırmın. Temir peştiñ art jağında bir şöñke tur eken, soğan qalay bolsa solay janşılıp otıra kettim. Kenet esikti qattı julqıp aşıp, kolxoz predsedateli Jäkibaydıñ äri erke, äri sotqar balası Tilew kirip keldi. Äldekimdi izdegendey alağ-julağ etip, meni kördi de:

-Ey, neğip otırsıñ? Şeşeñ ölip qaldı! - degeni.

Töbemnen şatır etip aspan qulağanday boldı.

Älginde meniñ osında kirip bara jatqanımdı Tilew körgen edi.

Otırğan ornımnan qalay atıp turğanımdı bilmeymin. Añırap esikke umtıldım. Bizdiñ üy älgi aradan körinip turadı, äri jap-jaqın. Esiktiñ aldına biraz jurt jıynalıp qalğan. İşten jılağan dawıstar estiledi. Mine, endi enesinen ayırılğan botaşa bozdap kele jatırmın.

Esikten kire berip oñ jaq bosağağa şiy qurılıp qalğanın bayqadım. Ölikti soğan salğan eken. Añırağan boyda şiydiñ awzına umtıldım. Biraq älgi arada turğan äyelder jibermedi, ustap aldı. Sosın änewgi Qanşayımşa jılamaqsı bolıp, anamnıñ ağaş tösegine etpettey barıp quladım.

Ökürp, baqırıp jılap jatqandar, negizinen, özimizdiñ üydiñ adamdarı. Biybijamaldadawıs degeniñ bar-aq eken. «Oyboy, jeñeşe-aw! Basie, aqılşım-aw!» dep añırağanda üni köktegi qudayğa jetedi. Bölmeniñ däl orta tusında jerde otır. Eki büyirinbaluwanqoldarimen tayanıp alğan. Tebirenip, şın jılap otırğanımdı körinder degendey semiz betinen segiz taram bop sorğalağan köz jasın, quday üşin, sürtip te qoymaydı.

Satılğan aғayım Turdıbekti quşaqtap, tikesinen-tik jılap tur. Altı-jeti aylıq jas näreste ayaq astı nendey sumdıq bolıp qalğanın bile almaydı. Bas-basına şuwlağanı nesi degendey jan-jağına bağjañ-bağjañ qaraydı.

Äkem arqasın qabırğağa tirep, jüresinen otırıp alğan. Dawısın onşa şığarmay, pış-pış jılaydı.

Daladan oybay salıp kirgen äyelder üy işinde jäne azıraq oybaylap jılağan boladı da, qoya qoyadı. Sosın, biraz uwaqıt ötken soñ susıp şıǵıp ketip, jañadan jılap keletinderge orın bosatadı.

68

Ertesinde şeşemniñ denesi ata-babamızdıñ talay urpağı mäñgilik meken tapqan Jawırtoğandağı beyitke aparıp jerlendi. Jol şetine taman jaña bir jas töm-peşik qabir payda boldı da, biraz kün arlı-berli ötken jolawşınıñ nazarına şalınıp, muñlı oy salıp jattı.

Şeşemniñ basına qorğan soǵılğan joq, eskertkiş turǵızılmadı. Birdeñe qalqiytuwğa bizde eşqanday da şama joq edi. Bizdiñ qolımızdan kelgeni közimizdiñ jasın köl etip, jılaw-sıqtaw ğana boldı.

Mäñgilikke köz jumar kezde şeşem jantalasıp meni izdepti. «Älgi Berdibek qayda? Berdibek... şaqırındarşı» dep sandıraqtap jatıp, meniñ atımdı atay beripti. Altın anamniñ düniyeden qaytar aldındağı bir awız lebizin esti almağanıma küni büginge deyin ökiniştimin. Xoş bol, ğaziyz anam!

...Qazekeñ de aytadı-aq: «Şeşesiz jetim – şerli jetim. Äkesiz jetim – arsız jetim». Men şerli jetimmin.

Şerli ekenim ras. Qaytı bolğan şeşemdi kündiz-tüni oylaymın. Ölüw ol – mäñgi-baqiy ğayıp boluw, joǵaluw. Men endi şeşemdi eş uwaqıtta da köre almaymın. Osını oylağanda işi-bawırım bir türlijiydip ketkendey boladı.

Ölgen adam mäñgilik ölmeytin bolsa. Arada on jıl ma, on bes jıl ma ötkende, tirilip qayta qaytıp kelse. Men onda qayǵınıñ tüpsiz şıñrawına qulamas edim. Ayawlı

şeşemniň qayıp keler merzimin qalay da şıdap, küter edim. Basıma nendey awırtpalıq tüsse de, tözer edim. Özimdi-özim jubatar edim.

Altın anam endi on bes jıl tügil, mıñ jıl ötken soň da qayıp tirilmeydi. Men bunı jaqsı bilemin. Sondıqtan da ömirden qarmanar süyeniş taba almaymın. Bärei bitti, söndi. Men onıñ Berkenim degen analıq meyrban sözini endi eş uwaqıtta da estimeymin.

Özegimdi örtegen aşçı qayğy oñaşada közimnen monşaq bolıp, domalap-domalap ketedi. Biraq eşkimge körsetpewge tırısamın.

Söytip, jetimdik ömirdi bastan keşe bastadım. Jetim degen sözde nendey suwıq mağına jatqanına men burın zeyin qoymaydı ekem. Şeşem ölgen soň endi bildim. Adamniñ arjıdanın tildewge de dünıyede budan qatal, budan ayawsız söz bolmaydı eken.

Ülkender jetim ekenimdi ayawşılıqpen esime saladı. Al balalar ursıp qalğanda jetim dep boqtaydı. Men üşin ekewiniñ mağınası birdey. Ayap aytsa da, ursıp aytsa da jetim degen söz meniñ jüregime qanjar bolıp qadaladı. Dünıyede men üşin budan jeksurin söz joq. Taqiyasın qorığan tazşaday osı söz qay jağımnan sap ete qaladı dep zärem uşıp, üreylenip turamın.

Meniñ osı osaldığımdı jawkes balalar öte jaqsı biledi. Säl şekisip qalsa, dayar turğan özge boqtıq sözdıñ birin de awzına almay, «öy, äkeñniñ awzıñ..jetim! Şeşesin jalmağan quw jetim!» dep şığa keledi. Boldı, men öldim, küyrep tüstim. Budan keyingi qarsılığım - ol arsızdığım.

Balalar, meniñ qımbattı, jas dostarım! Mınaw qatal dünıyede äkesi ne şeşesi ölip, jetim qaluw sekildi baqıtsızdıq ärkimniñ-aq basında kezdesüwi mümkin. Ol sekildi janı jaralı balalar, mümkin, aralarıñda da bar şığar. Sender qanşa araz bolsañdar da olarğa jetim degen tajalday suwıq sözdi aytpañdar, aynalayındar. Ur, soq, töbeles. Tipti etinen et kesip al. Al biraq älgidey dep tildeme. Tağdır onsız da ayawsız jazalağan beyşaranın adamşılıq menmendigin jetim degen söz birjolata jer etip, taptap ketetinin sender uğıñdar! Ayañdar!

69

MENİÑ ÖNERLİ JEŇGEM

Biybijamal bizdiñ üyge pende bolıp jarıtpadı. Şeşem ölgen soň, az uwaqıttan keyin, ol Smağul tätem ekewi ajırasıp ketti. Bizdiñ üy endi kil erkek turatın üyge aynaldı.

Kil erkek turatın üyde eşqanday da bereke turmaydı eken. Tütün waqtılı tütemeydi, kir juwılmaydı, jurtığımız jamalmaydı... Äkem men ağalarımınñ birewisi tezirek üylenbese, bolmaytın boldı.

Bul jolğı kezek Satılğandiki. Kolxozda esepşi bolıp isteytin mirzalawımız. Solqıldığan jas jigit, burın bul tärizdi buğalıqqa bası ilinip körmegen.

Bir küni ayaq astınan üylendi Satılğan. Narınqol jaqtan tündeletip bir äyeldi alıp qaşıp keldi. Atı Äliman. Küyewi qaytı bolğan kelinşek eken. Eriniñ tuwıstarı ämengerlik jolmen qaynağalarınñ birine qospaq bolğan. Äliman oğan könbegen. Özinen de göri jastaw körikti jigit Satılğanmen qol ustasıp, tartıp otırğan.

Äliman aqıldı da, minezdi, biyazı jan edi. Jüris-turısı öte sabırlı. Şeşek şığıp, şubarlaw bolıp qalğan aqşıl öni sulu bolmağanmen bir türli meyirban, süykimdi.

Qasıp ketken äyeldiñ soñınan baqan alıp quwatın bayağı zaman joq. Ärkim süygenine baradı. Qostöbege aman-esen jetken soñ, Äliman bizdiki bolıp qala berdi.

Joqtı bar etip, uqsata biletin altın sawsaq äyelder boladı ğoy, Äliman sonıñ naq özi edi. As joqta, tütün tütetip, as pisiredi. Kiyim joqta, burın iske aspay jatqan birdeñelerdi jañartıp, kiyim jasap beredi. Ol keldi de, bizdiñ üyde burın bolmağan bereke, tazalıq ornadı. Onıñ özimen birge ala kelgen biraz tösek-ornı, dñniye-mülki de bar edi. Solar bizdiñ jaman üydi müldem basqaşa etip jaynatıp jiberdi. Daladan kirip kelgende men talayğa deyin, basqa bir üyge kirip kelgende äser alıp jürdim. Buringı ıbrısğan köñilsizdiktiñ qarası oşken.

Üy-işi tap-taza bolıp jatqan soñ äkem ekeş äkem de sırttan ayağın tarp-tarp basıp kire bermeytin boldı endi. Etigin tazalap sürtip kiredi. Terge qorınşaqtap, äzer şıqqanday boladı. Keşke qaray ultaraq-şulğawların, buringışa peştiñ jan-jağına qoñırsıtıp jayın tastamaydı.

Burın joq jez samawır, azın-awlaq bütün şını şäyneq payda bolğan bizdiñ üyde. Taza dastarqan payda bolğan. Bular da jeñgem alıp kelgen mülükter.

Jeñgemniñ biypaz qolı tamaqtı da dämdi etip istewşi edi. Ol quwırğan arpa-biyday eş uwaqıtta jalındamaydı, badırap ädemi quwırılardı. Ol tartqan talqan unday mayda äri appaq. Ol pisirgen nan almaday qıp-qızıl. Siz Äliman jeñgemniñ qolına bir uwıs un, bir borşa et qana äkep berip, qarañızşı. Ol odan ne ister eken. Bir üydiñ işi lıqa toyatın, dämi awızdan ketpeytin şiykespe istep beredi.

Jeñgem az söyleytin, dawıs köterüwdi bilmeytin. Aqılğa da, minezge de bay adam edi. Kiyimdi taza kiyinedi. Basındağı jawlığı, qaşan körseñizder de, şañqanday appaq.

Köylekti mol etip, äri uzun kiyedi, ülken körse, aldınan qıya basıp ötpey, iyilip, sälem etip turadı.

70

Äliman mağan öz şeşemdey qaltqısız meyirban edi. Bir üyge qıdırıp barsa, jetektep ertip aladı. Dastarqanğa qolım erkin jetetin jerge, öziniñ qasına otırğızadı.

O, siz jeñgemniñ kiyim jamağanın körseñiz! Jırtıq, kiyim onıñ qolınan ötkende bütinkiyim bolıp şıǵadı. Qaydan tapsa da kiyimniñ öz tüsine üylesimdi jamaw tabadı. Ol jamağan jamaw kiyimge bir türli sän beretin edi.

Kädimgi aq kiyizdi sıırıp, ol mağan äri jeñil, äri jılı tamaşa pima istep bergeni esimde. Ayaqta bar-joǵı bilinbeydi, jup-jumsaq. Kiyip alsañ, öz-öziñnen jügirgiñ kelip turadı. Tap-tuynaqtay ädepti kelinnen iyemenip, äkem endi tañerteñgi şayǵa awı men bawı salbırağan dabı dambalmen kelip oturuwdı jäne qoydı.

Qayran ğana, Äliman jeñgem!

Qayran demey qayteyin, bizdiñ sorlı bop jaralğan mañdayımızǵa ol da sıymadı...

Äliman jeñgem Satılğannan üş-tört jas ülken edi. Äri burın küyewde bolğan adam ğoy. Bizdiñ üydiñ el sanatına qosıluwın köre almağan işitar aǵayınǵa endi birinen-biri qaǵıp äketüwge jaraytın ösektiñ tozbas do bı tabıladı. «Satılğan jigit bolmay jiydip qalsın! Osı elde qız qurıp qalǵanday bayı ölgen qatındı alğanı nesi? Öz teñi tabılmaǵanday, sarıqarın qatındı alıp, ne basına kün tuwdı? Şeşe ete me?». «E, Älimanniñ körpe-jastıq dünüyesine qızıqqanı da...». Aǵatayımdı aǵaş atqa mingizgen osı tärizdi şaqpa äñgimeler Qostöbede ısqayaq jeldey ese bastaydı. Aǵayım qayda barsa da quyn bop, aldın orap, jürgizbewge aynaladı. On ekide bir güli jaña aşılgan jas jigit buğan, äriyne, namıstanadı. Satılğanniñ Älimanğa degen jılı qatınası özgere bastaydı.

JUMABAY

Saǵatbay basqa mektepke awısıp ketti de, onıñ ornına ayaq-qolı bir tutam, täypigen özge muǵalim keldi. Atı Jumabay. Özimiz jaqsı köretin, üyrenisken ustazben ayırılısu biz üşin, awır qayǵı boldı.

Mine, endi künimiz jatqa qaraǵanday bop, burın sıрын bilmeytin tosın muǵalimniñ aldında otırmız. Qanday adam? Saǵatbayday süykimdi bola ala ma, joq pa?

Eki iyıǵıquwşıyǵan täpeltek Jumabaydı art jaǵınan qarağan adam bala eken dep qaladı. Basın tömen salıp, ayaǵın tırp-tırp etkizip, süyrete basıp jürgen jürisi de quddı bala

tärizdi. Biraq qoltığında küyektey qara papkası bar. Äne, ol toqtadı. Paltosınıñ sırt qaltasınan ätirden bosağan tört qırlı kiş-kentay qara flakon alıp şıqtı. Onısı nasıbay eken. Alağanına salıp, atıp tur. Art jağınan kele jatqan seniñ ayaq tısrıñdı estidi de, jalt burılıp qaradı. Söytsem bala emes, beti qatpar-qatpar qartamış birew...

Jumabay sabaq berip turıp ta nasıbay ata beredi. Salpiyğan köntek erni işindegi nasıbaydı awırlağanday salpiyıp tüsip ketedi, ara-arasınan el ketkendey sapsarı şirik tisteri ünemi körinip jüredi. Bul adamnıñ kiyim kiyisi de saldır-salaq. Paltosınıñ biraz tüymeleri bayağıda üzilip, qurığan. Birazı salbırap

71

üzilüwge jaqın. Meniñ äkeme uqsap, Jumabay jazdıgını de pısınap, qalın kiyinip jüredi. Üziliske şıqqanda Jumabay mekteptiñ aldında täştiyip turıp mañaydan arlı-berli ötetin awıl adamdarın izdeydi. Közine tüsken birewdi, ey, beri kel dep, şaqırıp aladı da, nasıbay suraydı. Nasıbay surawı äri ökte, äri turpayı.

-Äy, şal, äkel şaqşañdı!

Öz nasıbayın ünemge saqtaydı.

Keyde Jumabaydıñ nasıbayı şın bitip qaladı. Nasıbay atıp, köñili jay tappay, ol endi sabaqtı jürgizbeydi. Bir balanı birewden nasıbay tostağan äkelüwge, bir balanı arşanıñ külin tawıp kelüwge jumsaydı. Sodan soñ klasqa tapsırma beredi de, özi älgi arada otırıp, nasıbay jasawğa kirisedi. Kök temekiniñ ağaşın bäkimen biypazdap turıp tuwraydı. Üstine kül qosadı. Sosın tayaqpey mijğılap eze bastağanda, üydiñ işi temekiniñ aşçı iyisine tolıp ketedi. Balalar şetinen tüşkirip, qaqala bastaydı.

Talğampaz äyel zatınıñ bir minezine tañqalamın. Keyde Mınaw degen ädemi sulu qızdar özinen on ese tömen sumurındarğa tiyedi. Ne basına kün tuwdı? Nemenege mäjbür bolıp tiydi, tüsine almaymın.

Jumabaydıñ äyelindey körikti äyel «bul ölkede siyrek. Suñğaq boylı, aqquba, aldınan da, artınan da qarasañ qarap turğıñ keletin kelbetti jan. Jumabay äyelimen qatar kele jatsa, bulardı tanımaytın adam anaw ananıñ äyeli, anaw ananıñ küyewi dep tipti de oylamaydı.

Jumabaydıñ minezi äri uşqalaq, äri turaqsız. Bolmaşı birdeñe üşin ayaq astınan bulqan-talqan boladı, Ustazğa layıqsız boqtıq sözder awzınan molotilkanın topanınday atqılaydı, Qol jumsap, urıp ta jiberedi. Qıms etse, jazalawğa dayın turadı.

Onıñ jazasınıñ türi sanawlı-aq: klastan tırqıratıp quwıp şığadı. Nemese qoliñdı tik kötertip, qarsığa turğızadı.

Jumabay ekewmizdiň juldızımız ol alğaş kelgen künnen-aq jaraspadı.

Üzilis kezi. Bärimiz esik aldına şıqqanbız. Köktemniň jas iyisin tamaşalap, küñşuwaqtapturmız. Men Jumabaydıň artına taman tur edim. Ayağımniň astına tömpektew jer kez kelip, boyım Jumabaydıň boyımen teñelip qalğanın bayqadım. Balalardıň işindegi eñ kişkentay tapalımın dep jürsem, onım beker eken. Oyıma osı kelip, qızıqtap, betaldıma turğan balalarğa Jumabay ekewmizdiň boyımız birdey ekenin körsetip, quwtıñ qaqtım. Balalar külip, mäs bolısıp jatır.

Eñsemdi odan beter sozıp, endi tipti Jumabaydıň töbesinen qaray bastadım.

Kenet Jumabaydıň ağaştay qattı şapalağı betime sart ete qalsın. Közimniň otı saw etip tögilip tüssin. Men bunı tipti de kütken joq edim. Soqqınıñ qattılığı sonşa, bir sätke kädimgidey mäñgirip, eseñgirep qaldım.

Söytsem meniň sotqarlıq qılığımniñ bärin de Jumabay köziniñ qiyıgımen bayqap turğan eken.

Qutiram dep tayaq jep qalğan ittey boldım. Balalardıñ aldında kirerge jer tappadım. Izadan jarıla jazdap biraz turdım da, baqırıp jılap jiberdim, Klasqa kirip, kitabımdı aldım da, Jumabaydı jeti atasınan tartıp boqtap, endi oqımaymın dep, jönep otırdım.

72

Oqımaq qayda, ertesinde-aq Satılğan ağayım qolımnan jetektep äkep, Jumabaymen tabıstırğanday boldı. Biraq şekisken köñilden sız ketsin be? Jumabay osıdan osılay menimen jawıgıp aldı da, bolar-bolmas birdeñe istep qoysam, mısıq körgen itşe ır-r ete qalatındı şığardı.

Körkem ädebiyetke, äsirese öleñge jasımnan qumar boldım. Qulağıma öleñ-jır tıñdağanda işken asımdı jerge qoyatın edim. Xat tani bastağan soñ gazet-jurnal betinen öleñ körsem, tönip tüsem. Oquw kitabındağı öleñderdin bärin derlik jattap alğanmın. Öleñdi aqındar şığaratının bilem. Aqın-jazuwşı degendi quday körem.

Ekinşi klastıñ oquw kitabında Abaydıñ «Qıs» deytin öleñi bartın. Bir küni Jumabay mağan sol öleñdi oqı dedi. Men zawlatıp oqıp şıqtım.

-Al aytşı, Abay osı öleñinde neni jazıp otır? – dedi Jumabay.

-Qıstı jazıp otır.

-Joq, durıs emes, – dedi.

Men tañmın. Nesi durıs emes? Qıs jönindegi öleñ ekeni taqırıbınan da, mazmunınan da ap-ayqın körinip turğan joq pa?

-Qane, kim aytadı? Abay osı öleñinde neni jazıp otır? – dep, Jumabay endi özge balalardan suray bastadı. Olar da: qıstı jazıp otır, qardı jazıp otır, suwıqtı jazıp otır degen sekildi jawaptar ayttı.

-Durıs emes.

Jumabay endi özi túsindire bastadı.

-Öleñdi sender qur öleñ dep qaraysıñdar. Ol durıs emes. Öleñde män boladı, ideya degen boladı. İdeya dep öleñniñ jasırınıp jatqan mazmunın aytadı. Aqındar öleñdi erikkendikten jazbaydı. Öziniñ jasırın oyın, yaғni ideyasın jurttı jetkizüw üşin jazadı. Minekey, oqıp köreyik.

Aq kiyimdi, deneli, aq saqaldı,

Soqır, mılqaw tanımas tiri jandı

Üsti-bası aq qıraw, tüsi suwıq,

Basqan jeri sıqırlap kelip qaldı

-Sender bunı qıstı jazıp otır deysiñder. Joq, qıs emes. «Aq kiyimdi, deneli, aq saqaldı, soqır mılqaw» degeni ol burıñǵı el qanawşı buwrıjuwy men baylar. Solardı jazıp otır. «Üsti-bası aq qıraw, tüsi suwıq!» Baydıñ tüsi suwıq bomaғanda, jılı bolatın ba edi? «Basqan jeri sıqırlap kelip qaldı». Aqın munda baydıñ jüris-turısın jazıp otır. Jäne kedeylerge bay kelip qaldı, qazir senderdi sabaydı dep, eskertip otır...

Jumabaydıñ Abay öleñin taldap, túsindirüwi, mine, osınday edi. Men awzımdı aşıp, ğajap qalıp tıñdadım. Muғalimniñ sözini biz quran sözindey köremiz, oğan qaltqısız senemiz. Olay bolsa, öleñ jöninde men buğan deyin tük bilmeydi ekem. Mınaw men üşin jañadan aşılgan Amerikaday boldı. İyä, men öleñge şınında da, tek öleñ dep, qulaqqa jaғımdı ädemi söz tirkesi dep qarawşı edim. Öleñdegi sözderdiñ uyqaswına, közge elestey ketetin surettiligine qızıǵatın edim. Tilge jeñil bolğan soñ jattap alıp, aytıp jürüwşi edim. Söytsem... öleñ ol jay öleñ ğana emes eken. Jatqan sayasat eken. Osı küni jurttı erteden keşke deyin söz etegin tap tartısı deytin munda da boladı eken.

Boranday burq-sarq etip doldanғanda,

Altı qanat aq orda üy şayqaldı.

73

Jumabay bunı baydıñ doldanıp kelip, kedeydiñ üyin soyıldırap sabawı dep túsindiredi. Meniñ közime uwıqtar bıtır-bıtır sınıp, qatın-bala şurqırap jılaғanday bop elesteydi.

Sonıǵa maldı jayıp, küzetiñder,

Uyqı öltirmes, qayrat qıl, buz qamaldı.

-Abay munda qayrat qıl, buz qamaldı dep neni ayıp otır, bilesiñder me? – deydi Jumabay, Jawabın özi ayta bastaydı: – Ezilgen eñbekşi xalıqtı baylarğa qarsı küresuge, tönkeriske şaqırıp otır. Teñdikti qoldarıña alıñdar dep otır. Minekey, bul öleñde qanşama jasırın mağına jatır. Kördiñder ğoy?

-Kördik, - deymiz biz.

-Suraqtarıñ bar ma?

-Suraq köp. Aqındar aytayın degen oyın bürkemey, jumbaqtamay, aşıq nege aytpaydı?

-Sender äli balasıñdar, tük bilmeysiñder, - deydi Jumabay.

-Ol kezde ükimet kimniñ qolında edi? Baylar men buwrjuwylardıñ qolında bolatın. Aqındar älginiñ bärin aşıq aytsa, olar ne ister edi? Közderin joyıp jiberer edi. Abaqtığa tığar edi.

Bizge ekinşi klastıñ oquwşılardıña, bul da nanımdı.

-Budan bilay öleñ oqığanda, - deydi Jumabay, - qur öleñ eken dep oqımay, ideyasına tüşinip, aqınnıñ jasırın oyın bilip oqıñdar.

Şınımdı aytsam, osıdan keyin men öleñ atawlığa basqaşa qaraytın boldım. Är sözdi oqıymın da, astına üñilemin. Jasırınbaq oynağan balaşa meni tap dep, buğıp jatqan ideyasın izdeymin.

Teksten adam neni izdese, sol tabıladı eken. Sonaw tarşılıq zamanda aqınnıñ aytpaq bop, biraq ayta almay ketken buwda-buwda oyların jariqqa süyrep şığaramın.

Oquw kitabında Abaydıñ «Jaz» deytin öleñi bar. Qanday tamaşa körkem öleñ! Bul öleñdi oqığanda burın meniñ köz aldım jazdıñ tizbek-tizbek ğajayıp suretteri kelüwşi edi. Endi osı öleñdi Jumabay sawatımdı « aşqannan » keyin oqısam, müldem basqa. Bulaqtay sınığırağan ädemi söz tizbegi emes bul. Är söz, är nüktesine bas qatırıp, oylanuwdı qajet etetin tas tüyin sözjumbağ (krossvord) sekildi birdeñe. Bir oqıp, bir bögelem. Eki oqıp, eki bögelem. Oyıq suwdan balıq awlağanday üñilip ideya izdeymin.

Jazdı küni şilde bolğanda,

Kökoray şalğın, báyşeşek

Uzarıp, ösip tolğanda...

Aqın osında quday bileđi, baylardıñ raqat ta, äsem ömirin siypattap otır-aw deymın.

At, ayğırlar, biyeler

Büyiri şığıp iñqıldap

Bul baylardıñ özi jäne äyelderi. Tamaqqa toyıp aladı da, iñq-iñq etedi.

Arasında qulın-tay

Aynala şawıp, bultıldap.

Bular baylardıñ balaları, nemere-şöbereleri. Qayğ-ı-qasiret degendi bilmeydi. Tek asır salıp oynawmen uwaqıt ötkizedi.

74

Abay öleñin men endi özdigimnen osilay talday bastaymın. Aqınnıñ quwın-ay, ä, deymın. Öz oyın sol kezdegi üstem tapqa bayqatpay, qalay ayta bilgen!

Biraq öleñge qızıǵuwşılıǵım burınǵıday emes, bäsēñ tartıp baradı. Öleñ körsem, endi tönip túspeytin boldım. Tipti öleñ atawlını älgidey túsınüwge qiyın maşaqaatı, jaltaqtıǵı üşin jek köre bastadım.

« Dümşe molda din buzar » degen maqal bar. Jumabay, äriyne, dümşe edi. Onıñ kesirinen özim keremet qadirleytin poéziyamen talay uwaqıtqa deyin osilayşa araz bolıp jürdim.

SARIBASTAW SAPARI

Qar basqan meñirew dala. Kün şıtqıl. Tüni boyı jel soǵıp, jayaw borasın bolǵan. Şana joldıñ köp jerin tıp-tıypıl etip, jasırıp ketken. Temirdey bop bet qarıǵan ızǵar äli de basılmay tur.

Bawırımen jer sızǵan qazaqı taypaq şana. Qabırǵasın sırtınan sanap alǵanday arıq at. Şana tolı bultıyǵan-bultıyǵan qorjın-keşek jük. Sol jükterdiñ üstin basıp, üymelesip otırıp alǵan jeti-segiz bala. Şana Qostöbeden şıǵıp, on eki şaqırım jerdegi Sarıbastawǵa bara jatır.

Ekinşi toqsan bitken soñ, bizdiñ awıldaǵı mekteptiñ üşinşi klası müldem jabılıp qaldı. Bir muǵalim üş klastı qabat oqıta almaytın boldı. Jabılǵan klastıñ oquwşıları osı awıl sovetke karaytın Sarıbastawǵa barıp oqısın degen uyǵarım boptı. Kolxoz at, şana berip, Mınaw bizdiñ Sarıbastawǵa ǵılım qazınasın odan äri üñgiy túsuge kele jatqan betimiz. Aramızda üşinşi klastan tek eki oquwşı ǵana joq – Mayra men Janbosın. Batırqan balaların Sarıbastawǵa jibermedi, orısı bar, orıs tilin üyrenüwge qolaylı Narınqolda oqıtıwǵa alıp qaldı.

Narınqolǵa tek qolı jetken barıp oqıydı, Narınqol qala, onda är aluwan keñseler, şatırılı üyler köp dep estimin. Biraq äli körgen emespin.

Narınqoldıñ köşeleri tüp-tüzüw, onda qoldıñ salasınday bolıp zäwlim bätterekter ösedi deydi. Bir körüwge qumar-aqpın.

Sarıbastawdın qayda ekenin bilemin. Bıltır Birinşi may merkesin eki kolxoz birigip toylaw üşin arbamen ubap-şubap osında kelgenbiz. Sarıbastaw deytin poselkeni sonda körgem. Awıldın däl qasında üsti jap-jazıq kögal döñ bar eken. Är türli oyın-tamaşalar sol jerde ötken. Soñınan mektep üyinde Qostöbeden kelgen qonaqtarğa qonaqası berilgen. Et, kartop tuwrap istegen bir-bir tabaq maylı sorpa işip, qarıq bolıp qalğanbiz. Qartoptı bul meniñ birinşi ret tatıp aluwım bolatın. Kartop mağan ğajap unağan.

Meni bul toyğa tastamay ertip äkelüwşi qayran ğana Äliman jeñgem edi ğoy. Qalıñ nöpir jat adamdardıñ arasında jeñgemnen ajrap qalmaw üşin men onıñ qolınan mıqtap ustap alğam. Dastarqandağı dämdi tağamnın ol birin öz awzına alıp salsa, birin meniñ awzıma salatın edi.

Aytpaqşı, biz sol jolı Sarıbastawda qonğanbiz. Keşinde mundağı bastawış mekteptiñ ersek oquwşılardı bizge pesa körsetken.

75

Bul meniñ tuñğış ret pesa körüwim. Atı esimde qalmaptı, äytewir işinde bay, kedey, kempir, şal bar.

Balalar saxnaniñ tuwra aldına edenge jayğasıp otırıp alğanbiz. Pesadan alğan äserim keremet! Özimizdey jap-jas balalardıñ saqal baylap, şal bolıp oynawınıñ özi-aq mağan tapqırlıqtıñ şınınday bop köringen. Kileñ stoldardı tizip, üstine kiyiz tösep, saxnanı solay jasağan eken. Körüwşi xalıq bölmege sıymaydı. Artister bir söz aytsa, körermender bir söz jalğap aytıp, duw-duw etedi. Bul keş meniñ esimnen ketpestey bolıp saqtalğan edi.

Sol Sarıbastawğa mine, endi turğın boluwğa, oqıp, bilim aluwğa kele jatırmız.

Arıq at awıldan şıqqan kezde bükeñdep jelgen bolğan. Biz şuw-şuw etip, elirip, qamsını üsti-üstine basa tüskenbiz. Qardı boratıp, itti abalatıp, Sarıbastawğa mine biz keldik dep, quyındatıp jetip barmaqız. Söytsek, bunıñ bäri orındalmas arman eken. Awıldan nebäri üş-tört kilometr uzağan soñ atı tüskir sır aldıra bastadı. Jol kömilgen jerde ombılap, jüre almawğa aynaldı. Tağı biraz jürgen soñ bükil denesin qara ter basıp, qulaqtarı salpiyip, usqını ketti. Bul attıñ boldıra bastawınıñ nışanı edi. Eki ökpesi solq-solq etip, urmaq tügil basımdı alsañ da jürerge xalim joq dep, entigin turıp qala beredi

At aydawşı bizdiñ barlıq uwaqıt tağı komandirimiz Jünisbay edi.

-Tüsiñder! Endi jayaw jürinder! At boldırdı, - dedi. Balalardıñ işinde jas jağınan da, dene jağınan da eñ kişisi menmin. Üstimde Äliman jeñgemniñ söl-bireygen qara şapanı. Jat elge alım-salım jutap barmasın dep bergen edi. Jılı boluw üşin belimdi sırtınan

äkemniñ jiñişke qayıs belbewimen buwınıp alğam. Şananiñ artınan zorğa ilesip kelem. Qardıñ tereñdigi qonışımnan keledi. Maltañdap äreñ attaymın. Jel aldan, Arıq atqa qamşı awır degendey, tentek jel kökiregimnen kerı iyterip, odan beter şarşatadı. Bir kezde meniñ de älim bitti, diñkelep jüre almawğa aynaldım. Balalardan anaday jırılıp, qalıp qoydım.

-Adımda! Jür! - dep buyıradı Jünisbay. Men jerüwge xalim qalmağanın aytam.

-Jaraydı, otır şanağa. Men quwanıp otırıp aldım.

Jünisbay özi şanamen qatarlasıp, jayaw aydap keledi.

Malaqayınıñ bawın tartıp baylap alğan. Eki betine, mañdayına, qastarına qıraw turğan. Key jerde tizeden keletin ombı qardı ol uzın siyraqtarımnen eki-lene keşedi, şarşaw tügil entigüwdi bilmeydi. Qıraw basqan burıl qabaqtıñ astınan eki közi mınaday qiyındıqqa, qayta egeskendey, ot bolıp jaynaydı.

At bir jürüp, bir toqtaydı. Jüris öndimeydi.

Mine, tağı toqtap tur. At toqtağanda, şananiñ soñınan üyme-jüyme bolıp şubağan balalar da toqtaydı.

Şanada azıraq şöp bar. Atqa şöp jegizip, äldendirip aldıq. Qiyımsız otıra bergenge, qaltırıp toñıp baram. Şanadan tüsip, olay-bulay jügirip, jılınıp aluwğa qaytıp otırğızbay qoya ma dep qorqam.

Qıstıñ bir tutam küni sarqılıp, keşke aynalıp baradı. Sarıbastawdıñ äli qarası da körinbeydi.

Tağı qozğaldıq. Az jürdi de, at tağı diñkeledi. - Tüs, biraz dem aldıñ ğoy, endi jayawjür, - dedi Jünisbay. Jayaw jürüwdiñ azabın oylap, jüregim zırq ete qaldı. Biraq bağınbasqa amalım jok.

76

Tağı da jayaw jürüp kelem. Tağı da balalarga ilesse almawğa aynaldım, – Jünisbay, şarşadım. Jüre almaymın... Balalardıñ keybiri:

-Jüre almasañ, qal, – dep jınıma odan betertiyedi. Jünisbay eresek balalarmen birdeñeni kübirlep söz etisip tur. Men ökpem öşip qastarına keldim.

– Jaraydı, biz seni şanağa otırğızayıq. Sen ol üşin bizge bir taba nan ber, – dedi Jünisbay.

Balalardıñ qay-qaysısınıñ da äkele jatqan azıqtarı bar. Köbi talqan-tulqan, nan siyrek. Bir dorba talqan, eki taba nanım bar meniñ. Nan dorbanıñ awız jağına salınğan. Dorbanıñ awzı jamaw jippen köktelip tigilgen. Büytip qolğa tüse bermeytin qayran ğana

nanımnan bir üzip jesem dep, özüm de zar bolıp kele jatır edim. Bir taba nandı tekten-tekke bere saluwğa tipti de qiymaymın. Eki büyregimniñ birin suwırıp beretindey işim aşıydı. Al jayaw jürüwdiñ azabı odan da jaman.

-Ne isterimdi bilmey, küyzelip turmın.

– Öziñ bil. Bermeseñ, biz seni qiynamaymız, – dep Jünisbay bastatqan obır top mağan kegjiye qaraydı. Bizdiñ bul şartımızğa könesiñ ğoy, könbey, qayda barasıñ degendey boladı.

Men qinaluwdamın. Oñbağandar nağız jandı jerimnen ustağanın qaraşı!

-Bol! Beresiñ be, joq pa? Bermeseñ, Sarıbastawğa deyin jayaw jüresiñ.

Sarıbastaw äli jer tübi. Oğan deyin jayaw jürüp, ölmeymin be! Bir taba nandı tekten-tekke bere saluw...

Eki ottiñ ortasında turmın. Ekewi de nağız tozaq otı.

-Jaraydı, jartı taba nan bereyin, – dedim. Jılağanday bolıp äzer aytım.

Ülken balalar öz ara tağı aqıldasa bastadı. Bular Şıqabaydıñ Tursınbayı, Wälibaydıñ Äbegi, Özibektiñ Äripbayı sekildi kileñ qadalğan jerinen qan almay tınbaytın kökjaldar edi. Aqıldastı da, köndi olar.

Dir-dir etken ayanşaq qolmen qorjınnıñ awzın sögip jatırmın. Sarıbastawğa barğannan keyingi xaldi tağı da oylaymın. Ağayım Mırzatay deytin adamniñ üyine tüsesiñ. Mırzatay tosıp aladı. Sol üyde jürüp oqiysiñ degen. Jol-jönekey qorjınnıñ awzı sögilip qalğanın, jartı taba nan ğayıp bolğanın körip, olar ne aytadı? Men ne aytam?

Nan toñ bop qalğan eken. Küş jumsap, sındırıp jatırmın. Özimnen özüm ayap kele jatqan qayran nan qazır tuw-talapayğa tüsedı. Kim köringen suğanaqtıñ awzında ketedi. Bul degen qorlıq-aq edi.

-Mänder...

Arıq at ombılap tağı da qozğaldı. Men ğana şananın üstindemin. Jambastap jatıp alğam. Aqısı tölendi. Endi mağan eşkim de jayaw jür dep ayta almaydı. Tek nanıma işim aşuwı oñaylıqpen basılatın emes.

Tün bolğan, bir toqtap, bir qozğalıp, itşilep jürüp kelemiz. Aldan jıltıladağan ot körindi. Sarıbastaw eken dep, quwanıp şuw ete qaldıq. Söytsek, qırman eken. Birew sabanğa ot qoyıp ketipti, qıp-qızıl bop, qozdap janıp jatır. Attı tağı da şaldırıp, özimiz jılınıp aldıq. Jäne qozğaldıq. İt ürğeni estildi. Kele jatqan jolımız qatqıldanıp, tüzele bastadı. Qarawıtqan tam üyler, jilt-jilt etken şam jarıǵı körindi. Küni boyı diñkeletip jetkizbey qoyğan Sarıbastaw osı edi. Ras keldik pe, ötirik keldik pe!

<<M. S. S >>

Sarıbastawda oqıp jürüp jattım.

Mundağı bastawısh mektep tört klastıq. Qostöbedey emes, bala sanı mol, köñildi. Pioner uyımı degeniñ şaqşaq etedi. Sabaqtan tıs uwaqıtta oyın-sawıq üyirmesi, qabırğa gazetin şıǵartuw, t. t. qol tiymeydi. Äytewir qalay bolǵanda da künde keşke qaray mektepke jıynalamız. Tım bolmaǵanda, är türlü ultoyındarın oynap qaytamız. Mektep ol bizdiñ äri köñil köterüwge baratın klubımız tärizdi.

«Közden ketse, köñilden boladı umıt» dep, qazekem beker aytpasa kerek. Mayra, meniñ Mayram endi umıt bola bastadı. Köñildiñ köbelegin özine magnitтей tartıp turatın basqa gül tabıldı. Ol - Külän edi. Men üşin endi dünüyedegi eñ suluw, eñ süykimdi qız osı Külän.

Külän menimen birge oqıydı. Menimen bir partada otıradı. Men onı basqa birewdiñ qasına otıruwǵa qıymaymın. Küreñ şaşın däl jelkeden jelibiretip qıyıp qoyǵan, suñǵaq boylı, aqquba, ädemi qız.

– «Jüz qızǵa ǵaşıq boldım men» dep, Rasul Ğamzatov aytqanday men-dağı ömirimde jüz qızǵa ǵaşıq boldım. Sonıñ ärqaysısı dünüyedegi eñ sulu qızdaredi. Külän sonıñ biri.

Külän ekewimiz sabaqqa birge kelemiz. Sabaqtan birge qaytamız. Men jüretin Mırzatay üyimen Külän üyi körşi. Külänniñ äkesimen Mırzatay aǵayındas adamdar. Jay uwaqıtta da Külän bul üyge kelip-ketip jüredi. Küländi jartı saǵat körmesem elegizip turatın edim. Sonı sezgendey Külän, kenet, jarq ete qaladı. Äytewir bir sıltawmen Mırzatay üyine jetip keledi. Küländi körgende, kişkentay jüregim kümbirlegen quwanışqa tolıp ketedi.

Sabaqta otırmız. Muǵalimimiz Qatuwbaev degen öñi suwıq qara sur adam. Külänmen meniñ sözim tawsılǵan ba! Oǵan birdeñeni sıbırlay aytıp otırmın. Jartı nazarım sabaq tüsindirip turǵan muǵalimde bolsa, jartı nazarım Külända.

Külända köbirek.

Muǵalim söylespey, tınış otırıñdar dep, bir ret eskertti. Eki eskertti. Ölip-öşken «ǵaşıqtarǵa» bul eskertüwler äser ete qoymadı. Bastarımız odan beter tüyisip, sıbırımız jalǵasa berdi.

Qatuwbaev endi odan beter qatuwlandı:

– Sen ekewiñ şıǵıñdar klastan! Dalaǵa barıp söylesiñder!

Bizdi бүкіл класс болıp көздеримен uzatıp saldı.

Bundağı mektep üyi eki ğana klastıq, yađni eki bölme. Ortada däliz. Biz dälizde bürisip biraz turdıq. Dala qar, kün suwıq. Qarsıdağı klasqa qulaq türip bayqasaq,tım-tırs. Eşbir sıbıs estilmeydi. Esikti aqırındap aşıp körsek, bos. Mundağı oquwşılar tarap ketipti. Külän ekewmiz quwanıp, jılı klasqa kirip aldıq.

Ekewden-ekew oñaşa, añgimelesip otırmız. Quday tilekti berdi, endi ne aytsaq taerkimiz. Jay uwaqıtta meniñ Külänğa aytsam-aw deytin sözderim köp bolatın.

Külän ekewmizdi osılay mäñgi-baqıyoñaşa qamap qoysa, men ökinbes edim. Quday ärkimniñ bir tilegin beremin dese, men tek osını tiler edim.

78

Älgi aradan bir jırtım aq qağaz tawıp aldım. Qaltamda bir tutam qarındaşımbar.

– Külän, men sağan birdeñe jazayın ba? – dep, quwlana qaradım.

– Ne jazasıñ?

– Birdeñe...

– Jaz.

Men jazbaq boldım. Jüregim lüpildep, qolım dir-dir etedi.

– Sen qarama, – dedim.

– Qaramaymın, – dep Külän arı burıldı.

Men qağazğa «m. s. s.» degen üş äripti asıǵıs jazdım da, Külänğa usındım.

– Bul ne?

– Tap öziñ.

Külän qaydan bileyin degendey iyıǵın qompañ etkizdi. Men endi özim taldap aytbastadım.

– Mınaw «m» men degen söz.

– «s» şe?

– Seni degen söz.

– Al mına «s»?

Meniñ tilim baylanıp qaldı. Mañdayımnan burq etip ter de şıǵıp ketse kerek. Öytkeni päleniñ bäri osı soñǵı «s» da jatır edi.

– Al ayt? Bul ne degen söz?

– Tap öziñ?

Däl osı kezde qoñıraw sıñǵır ete qaladı. Sabaq bitti.

Jamırağan qozıday bop, qazir oquwşılar jügirip şıǵadı. Külän ekewmizdiñ oñaşalıq ömirimiz bitedi. Jumbaqtasıp turuwǵa endi uwaqıt joq. Aytsam, aqırına deyin aytıp qaluwım kerek.

– Bul ma... bul «süyemin» degen söz...

Düniyede teñdesi joq erlik is istedim. Külänǵa aytarımdı aytıp saldım. Külänöz qulaǵına özi senbegendey maǵan tesireyip qaraptı da qalıptı. Kenet ol meniñ qolımdaǵı qaǵazdı julıp aldı.

– Muǵalimge beremin, – dedi de jügirip şıǵıp ketti.

Töbemnen tas qulaǵanday melşiyip otırdım da qaldım.

Külänniñ awzınan munday söz estigense, jeti qat jerdiñ astına túsip joǵalǵanı mıñ ese artıq edi.

Pälenşe qızǵa xat jazıptı...

Süyemin depti...

Oquwşılardıñ arasınan munday söz estilwi mektepke ört şıqqanmen birdey. Kimjazıptı, kimge jazıptı? Jurt lezde bilip aladı da, ekewin de aǵaş attıñbasına mingizip qoyadı. Budan soñ ömir sürgennen de sürmegen artıq.

Älgi minuttan – Külän qolımnan qaǵazdı julıp alıp, jügire jönelgen minuttan bastap, mende zäre qalmadı. Ajal saǵatın kütken tutqın tärizdi işi-bawırım qaltırıp kütüwdemin. Meniñ endigi ömirim sanawlı.

Bir kün ötti, tınış.

Eki kün ötti, tınış.

Buniñ bäri de men üşin azaptı kunder edi. Sabaqta burınǵısa Külänniñ qasında otıramın.

Biraq tildespeymin. Sabaqtan tıs uwaqıtta oǵan jolamaymın.

79

Muǵalimdi nemese vojatıydı körgen jerde jüregimzuw ete qaladı. Mine, osı tapqazir:

– Öy, uyatsız, sen ne istep jürsiñ? – dep, jerley bastaytın tärizdi.

Sabaqta otırǵanda da muǵalim betime qarasa, janım tırnaǵımniñ uşına keledi. Qara qarındaşpen asıǵıstaw bolıp «m. s. s.» deytin üş qana ärip jazılǵan, uwmajdalǵan bir jurtım jaman qaǵaz – meniñ kündiz-tün oylaytınım tek osı. Külän muǵalimge beremin dedi, yaǵni berdi. Muǵalim onı qaltasına salıp alıp, endi ädeyi ündemey jür. Meniñ janımdı qıynay tüskisi keledi. Qayda keter deysiñ? Erte me, keş pe jazasın tartadı deytin şıǵar.

Bul künderi meniň işkenim iriň, jegenim jelim. Kütüwdemin! Küte-küte tipti jalıqtım. Endi ne bolsa da, bolsa eken! Qurtatın bolsa, qurtsa eken. Birdeñeni kündiz-tüni qaltırıp kütüwden jaman is joq.

Muğalim atımdı atasa, dir ete qalam.

– Taqtağa şıq, – dedi. Ölim sağıtı jetti, qurıdım dep oylaymın. Balalardıñ aldına şığarıp alıp, jer etpek qoy.

Joq, tınış. Äñgime «m. s. s.» jayında emes, sabaq jayında.

Vojatıy şaqırıp jatır dese de zärem qalmaydı. E, sol üşin şaqırıp jatırğoy deymın. Qaşan jetip, estigenşe işime qan quyılğanday bolam.

Söytsem tınış.

Büytken tınıştığı bar bolsın. Bir ölem-aw dep, mıñ ölip, äbden qor boldım. Jäne birneşe kün ötti. Köñilim azdap ornığayın dedi. Üyde jalğız otır edim. Külän kirip keldi. Keli suray kelgen eken. Artınan esik aldına ere şıqtım. Mañayda eşkim joq ekenin körip:

– Külän, – dedim.

– Ne?

– Sen änewküngi qağazdı bermeşi muğalimge...

– Qay qağazdı... A! Onı men bayağıda-aq jırtıp tastağam.

Uh ! Jüregim ornına jaña tüsti.

QARA ŞAPAN

Klasta sabaq jürip jatqan. Kenet esik ayqara aşıldı da, ar jaqtan bizdiñ awılда brigadir bolıp isteytin Nurğazı körindi. Üstinde etegi jerge şubalğan señseñ ışık, ayağında pima. Bir qolında jumarlap ustap alğan qap tärizdi birdeñesi bar.

– Bizdiñ awıldıñ Berdibek deytin balası osında oqiy ma? – dep Nurğazı bärimizge şola qarap tur.

Üydiñ işi mağan birdeñe berip jibergen eken ğoy degen quwanıştı oymen «ağa, men ğoy» dep, ornımnan uşıp türegeldim.

Tabanıñ qarı sıqır-sıqır etip, Nurğazı beri klasqa kirdi.

– Äy, ağan men jeñgeñ ajırasqalı jatır. Sen jeñgeñniñ şapanın kiyip ketipsiñ. Jeñgeñ şapanımdı berip jibersin dedi. Sağan mınanı kiysin dedi, mä, – dep Nurğazı qolındağı närсени alda otırğan balalardıñ töbesinen mağan qarayasıra laqtırması bar ma, Söytsem, älgi närse qawdırlağan bir jaman plaşç eken.

80

Tuwra meniñ aldıma partanıñ üstine top ete qaldı. Siya sawıt, qağaz-qalamdı şaşıp, maşaqattap ketti.

Men ne isterimdi bilmey, sasıp qaldım. Masqara! Munday da masqara is boladı eken. Kirip ketüwge jer tesik emes. Bükil klass mağan qaraydı, men jerge qaraymın.

– Bol, bol! Jeñgenniñ şapanı qayda, ber! – deydi Nurğazı. Sabaqqa böget jasadım-aw degen oy onıñ basına endi ğana kelgen tärizdi.

Klasta kiyim ilgiş bolmaytın. Sırt kiyimderimizdi terezenniñ aldına üyip qoyatınbız. Qara şapan sol kiyimderdin arasında. Kirmegenim qara jer, qara şapandı Nurğazığa alıp berip jatırmin.

...Bos klass. Balalar tarap ketken. Men ğana ornımda tapjılmastan otırmın. Jılap otırmın. Ağayımnan ajırasıp ketip bara jatqan Äliman jeñgemdi qiymaymın. Nurğazı alıp ketken bütün qara şapandı qiymaymın. Ataña nälet joqşılıq, munşama qor eterlik men sağan ne istedim dep, ıza bolıp jılaymın. Qurğır Nurğazı-aw! Sen meni mektepke izdep kelmey-aq, sabaq bitüwin tossañqaytetin edi. Sosın men jürgen Mırzataydıñ üyine kelseñ, älginiñ bärin sonda aytsañ, qara şapandı üstimnen sonda sıpırıp alsañ bolmas pa edi?

Qayran ğana nadandıq-ay! Köñildiñ körsoqır boluwınan jaman ne bar eken!

...Bos klass. Qawdırlaq jaman plaşçı üstime olay kiyip körem. Bılay kiyip körem. Bizdiñ üyde bul tärizdi kiyim joq sekildi edi. Ağalarım bunı qaydan aldı eken? Ädekimniñ bastan qulaq sadaqa dep, küresinge laqtırıp tastağan salabası emespe? Bul plaşçı buğan deyin ne traktorşı, ne mal soyatın qasapşı kiygen. Öytkeni may bolmağan jeri joq. Äsirese, eki jeñniñ uşı men eki qaltanıñawzı mayga adeyi malıp alganday.

Plaşçıñ işine men tärizdi eki adam mol siyatın. Etek şubalıp jerge tiyedi, jeñ salaqulaş. Är jeñniñ keñdigi qasqırdıñ apanınday. Qanşa sorlı bolsam damına plaşçı kiyip, köşege şıǵuwğa betim şıdaytın emes. Tım qursa, öz denemeşaq bolsa eken-aw! Bunı kiyip alğanda, qoyşılardıñ it-qustı ürkitüw üşin qoraşetine ornatıp koyatın qaraqşısının awmaytın tärizdimin.

Ne isteymin? Basqa kiyer kiyim tağı joq. Tım qursa, jılı kez bolsa eken, jeydeşeñ-aq jürer edim. Qazır qıs, kün suwıq. Kebinin süyretken ölik tärizdenip jeksurin plaşçı qawdır-qawdır etkizip, Külän üyiniñ esiginiñ aldınan ötip bara jatqanşa, ölgenim artıq emes pe?!

Külän tipti tanımay da qalar.

Külän şoşır! Nağız «m. s. s.» endi bopsıñ demey me?

O, tağdır! Körsetken azabıñnıñ bärine de könip kelem. Tek osıña - mına jeksurın plaşçtı kiyim etüwge köne alatın emespin.

Bunı kiyip, köşege şığa kelsem, awıldıñ бүkil iyti meniñ soñımda boluwında daw joq. «Bul» plaşçtı kiyip, sıy elge külki bolıp jürgense. Öşir qarañdı! Ket! Joğalbul aradan», deydi ar-namısım.

Mektep üyi köşeniñ tömen jaq şetinde. Qostöbege qaray qasqayıp ketip jatqanşana joldıñ boyında. Etegi jer sızğan jaman plaşçqa oranıp, kitabımdı qoltığıma qısıp aldım da, urışa jan-jağıma sığalap qarap, sırtqa şıqtım. Mañayda eşkimniñ qarası bayqalmaydı. Mağan keregi de, mine, osı edi. Janadamğa körinbegen qalpımda Qostöbe qaydasıñ dep, tartıp otırdım.

81

Qostöbedemin. Üydemin. Anada arıq at bir kün süyrep äreñ jetkizgen aralıqqa eki sağıttay uwaqıtta zımırıp keldim. Künniñ suwıqtığı zımıramasına qoymadı. Jay jürsem, toñıp, ölip baram.

Sezingiş jüregim esikten attap kirgen bette-aq üy işin ala quyın kezip ötkenin, ağa, jeñgemniñ arasındağı äwelgi süttey uyığan tatuwlıqtan tük qalmağanın birden bayqadı. «Qulınım, neğıp keldiñ? Toñıp ketipsiñ-aw» dep, jeñgem üstime tönip tüspedi. Buringi tazalıq, buringi bereke bəri ğayıp bolğan.

Keşki şaydı qos basında otırğanday ärkim är jaqqa qarap, tomsırayıp otırıştık. Äliman jeñgemniñ qabağı tüsip ketken. Küyewine dep quyğan şaydı Satılğanniñ aldına jetkizbey, orta jolğa tors etkizip qoya saladı. Bul tärizdi turpayılıq burın odan şıqpaytın edi.

Ağayım men jeñgem birewine birewi til qatıspaydı.

Tünde de ekewi arı jat, beri jat dep, keñ tösekke sıymay şıqtı.

Ol ekewiniñ arasın kezip ötip, munday xalge tüsirgen eldiñ sıpıldap örşi bergen esegi edi. Ösek ol ağaş tamırına tüsken qurt tärizdi emes pe? Der kezindebir şara qoldanbasañ üñgip jey beredi de, sap-saw ağaştı qulatıp bir-aq tınadı. Mäwelep turğan jas terek, jas semya – ğumırı bitip qulawğa jaqın edi.

Ertesinde Äliman özine tiyesili nährselerin buwıp-tüyip aldı da, ketip qaldı.

Ösekşi ağayınıñ tilekterin berdi. Satılğanğa endi ülbiregen qız alıp berüwlerine boladı.

Äyeli ketken üydiñ qanday bolatının sizder suramañızdar, men aytpay-aq qoyayın.

Äyel men erkek qosılğanda bir-birine dünıyedeđı eñ asıl sözderdı tawıp aytsa, ajırasqan kezde ne bir adam qulağı tözbeytin las sözderdı tüydek-tüydegımen boratadı eken. Ol sözdı men aytpayın da, sizder suramañızdar.

Söytip, Älıman jeñgem ketip tındı, biz bayağı taz kebımızge qaytadan tüstik. Qara şapan Älımanın üstinde ketti.

SÜMBE SAPARI

Keş boyına döñbekşip jılawmen boldım. Satqaq-satqaq jeksurun plaşçı kiymeymin, kiyim tawıp beriñder. Bunı kiyip, Sarıbastawğa endi qayıp ölse de barmaymın deymın ağalarım. Oquwdan qalatın boldım-aw dep jäne qayğıram.

Bir jağınan äyeli ketip, bir jağınan kiyim tawıp beriñder dep, men jılap, äpter- täpteri şıǵıp jatqan sorlı üyge sol küni keşke şeşemniñ ağası Qağazbay nağaşım kele qalar ma! Äldeqanday şaruwamen Narınqol barıp, qayıp kele jatqan beti eken. Öziniñ kişkene qaraker biyesin jekken täypigen jeñil ğana şanası bar.

Eki közim, bılawday bop, murnımdı qors-qors tartıp otırğan meni nusqap, Qağazbay:

– Mınağan kim tiydi? Bul neğip jılap otır? – dedi. Äkem meniñ jılawımnıñ jayın ayttı.

– Jılama. Jür, seni erteñ Sümbege alıp keteyin. Sonda oqiysiñ. Kiyim de, bäri de tabıladı,

– dedi Qağazbay.

82

Men buğan quwana-quwana kelistim.

Qazir köktem bası. Qar bosap eri bastağan. Jol üsti tüske deyin müyiz, tüsten keyin kiyiz. Şanağa kündizgi jol awır. Sondıqtan Qağazbay nağaşım el jata jol qatqaqta jürıp ketemiz degendi ayttı. Tañerteñ tük körmegendey bop, Sümbede otırmaqpız.

Ağalarım jeksurun plaşçı Sümbedeyin kiye ket dedi. Men kiymedim. Qağaz ağakiyim de, bäri de tabıladı demedi me? Sol sözdi kökeyime tüyip alğam. Ädeyi sırt kiyimsiz jurday bolıp baruwdı durıs kördim. Nağaşım üyi mına suwıqta meni mektepke köylekşeñ tipti de quwalamaydı. Bir sırt kiyim, qalayda tawıp beredi. Qanday kiyim tawıp berse de, mına lağınat plaşçıtan jaman bola qoymas.

Jırtıq şalbardan jalañbutım artıq degen eken bir kedey. Men tupadan-tuwra sol printsipti ustadı.

Qağaz ağanıñ ülken sarı tonı bar eken. Meni soğan tumşalap oradı da, şananıñ art jağına köldeneñ jatqızıp qoydı. «Sümbege jetkenşe, uyqıñdı qandırıp», – dedi.

Ol özi beşpentşeñ, Qaraker biye bülkektep jürüp keledi. Keşki suwıqta qatqaq bop qalğan jolmen şana jeñil sırğıydı. Qarnı kebejedey buwaz biye qattı jüriske jaramaydı. Örlaw jerge kelgende Qağaz ağa onı erkine qoyıp, jay ğana ayañmen jürgizedi.

Joldıñ künes jaq şetiniñ key tusı qarayıp aşılp qalğan. Qara jer şana tabanına döp kelse, jabısıp ustap aladı. Qaraker biye sol kezde mıqşayıp, jiñişke ayaqtarı maymañdap, küşke salıp tartadı. Qara jer şananı alıp qalmaq bop, qaraker biye könbey, küş sınasıp jatqan tärizdi. Delbe ustapotırğan Qağaz ağa quyırğın qopañ-qopañ etkizip, qaraker biyegge kömekteskendey boladı. Sonıñ arqasında biye şananı julıp äketedi.

Bala kezimde men, oy, uyqışıl edim (Sol ädetim äli qalmağan. Düniyede eki raqat bolsa, uyqını sonıñ birewi dep qaraymın). Tongğa oranıp, qiysayğannan keyin-aq mawjırap uyqım kele bastadı. Sodan uyıqtap ketken ekem. Birew:

– Ey, Berdibek! Tur! Tur-ey! – dep dawıstağanda, közimdi aşıp aldım. Qasqa joldıñ üstinde, aspanıñ astında jatırmın. Bul ne ğajap?

Söytsem, mına qızıqqa qarañız: jolda Tereñözek deytin şuñğıl say bar. Sonıñ şığa beris qabağında şananıñ şöñkie bergem artınan men domalap tüsip qalıppın. Oyanbappın. Qağaz ağa eşteñe sezbeydi de, kete beredi. Älden uwaqıtta artına burılıp:

– Berdibek, toñğan joqsıñ ba? – deydi.

Söytse, men tügil, meniñ köleñkem de joq, şananıñ artı bop-bos. Qağaz ağanıñ jüregi suw ete qaladı. «Yapıraw, bul qayda ketti? Jın bop uşıp ketti me?»

Qağaz ağa at basın keyin buradı. Tereñözektıñ şığa beris qabağında qasqa joldıñ üstinde tongğa oranğan qalpımda pır-pır uyıqtap jatqan meni köredi. Oyanıp alıp, ne bolğanın bilgen soñ külmeske lajım joq. Qağaz ağa da küledi.

– Sol boyda artıma qaramastan kete bersem ğoy, qalasıñ. Qasqırğa jem bolasıñ. Adamnıñ uyqısı munday da qattı boladı eken, oy toba! – deydi.

Xalqınıñ jarım bölegi uyğır bolıp keletin Sümbede tawıq köp. Tawıq köpjerde qoraz köp. Tañ atqanın bildirip, qalıñ qoraz öñeşterin jırta änge salıp jatqanda, qıstaqtıñ şet jağındağı nağaşım üyine at basın biz de tiredik.

Nağaşım üyi segiz janı bar ülken semya. Olar: Sembay atam, Böpke äjem. Ekewiniñ jası da jetpis birde. Odan soñ olardıñ balaları Qağazbay, qırıq jetijasta. Qağazbaydıñ äyeli Zäwre, küyewinen eki-üş jas kişi.

Qağazbaydıñ eki ul, eki qızı bar. Uldarı Qasımqan, Ramazan. Qasımqan menen üş jas ülken, Ramazan qurdas. Qızdarı Oralxan, Orazxan – ekewi de mektepke bara qoymağan.

Tıqsa, tıgın şaq kelmeytin mawızday segiz awızdıñ üstine men toğızınşı bolıp qosıldım. Bul üyde jumıs jasında sanalatın eki ğana adam bar. Olar Qağazbay men Zäwre. Zäwre nawqasşañ, awır eñbekke jaramaydı. Tañerteñ brigadir kelip:

– Jumısqa şıǵıñdar! – dep ayqay salǵanda, qıs demey, jaz demey, eşqanday bögelissiz suwırılıp şıǵatın könbis Qağazbay ğana.

Bul – bir adam toğız awızdı asıraydı degen söz. Toğızı da erekek, saw awızdar. Tamaq tügil, tas tastasañ qarş-qarş şaynap, qılǵıp qoyuwǵa dayın. Mıqtıbolsañ, toyındırıp kör endi!

Qazaqtıñ boyındaǵı bir asıl minez jaqın dalaǵa tastamaydı. Awzındaǵı asınan jırıp beredi. Nağaşım üyi mağan eşqanday da awırsınǵan qabaq bildirgen joq. Osı üydiñ öz adamınday, meniñ basqa jaqqa barmay, osında salmaqsalıp kelüwim zañdı degendey şurqırap qarsı aldı.

Atam Sembay tip-tik biyik deneli, burıl saqaldı, kelbetti, minezi qataldaw adam. Mañdayımnan bir iyiskedi de qoydı. Jaqındıǵın, meyirimini solay bildirdi.

Böpke äjem onday emes, köñilşek. Meni körgen jerde-aq köñili bosap, kemseñdewge dayın turdı. Betime bar silekeyin juqtıra jabısıp, süyip-süyip aldı da, qaytı bolǵan qızı Äsbetti – meniñ şeşemdi eske alıp, joqtay jöneldi. «Äsbet-aw! Asılım-aw! Şımimen-aq köz körmes. qulaq estimeske ketkeniñ be!»

Qağazbaydıñ äyeli Zäwre orta boylı, şubar jüzdi, salmaqtı adam. Talaydan awruşañ, äri balanı köp kötergen. Özi şubar bet-awzın jıpırlaǵan äjim qosa basıp, apamnan da beter käre etip jibergen. «Aynalayın Berkenim. Jigit bopsıñ ğoy», – dep, ol-daǵı betimnen meyirlene süyip jatır.

Balalardı qoyşı, meniñ kelgenime olar müldem qarıq. Meniñ endi osında oqıytınımıdı bilip, äsirese, Ramazan mäs, öytkeni ol ekewimiz bir klasta oqıymız.

– Qasımnan orın tawıp berem, qatar otıramız, – deydi Ramazan. Tura-bara ol ekewimizdiñ aramızda awız jalasuwdan ğori şekiysuler köbirek bolatının äwelgi küni ol da, men de boljay almağan tärizdimiz.

Qağazbay nağaşım nağız ğajap adam. Birewge iyneniñ jasuwınday jamañsılı qoylawdı bilmeydi, özim degen kisige qoñ etin oyıp berüwge dayın turadı. Qağazbaylar köp bolsa, jer betinde eşqanday qayğı da, qasiret te, urıs ta, talasta bolmas edi. Kün ılgıy külimdep, adamdar bir-birine tek izet etip turar edi.

Qağazbay tärizdi adamdar köp bolsa, jetimdik pen jesirlik bilinbes edi.

Boy jağınan äkesine tartpağan, alasa kelgen, betjüzinen, közinen adamşılıq sezimniñ ne bir jaqsı nışandarı nur bop sawlap turatın bul tamaşa janniñmeyir ıqlasına qurıq boylamaydı.

84

Tañerteñgi şaydan keyin Ramazan ekewmiz mektepke jijnala bastadıq. Qağazbay sol kezde äyeline:

– Zäwre, sen beşpentiñdi Berdibekke ber. Berdibektiñ sırt kiyimi joq eken. Mına suwıqta mektepke jeydeşeñ bara almaydı ğoy, – dedi.

Zäwre qıñq demesten berdi.

Astarına jılılap maqta salğan, qalıñ matadan tigilgen könetoz beşpent eken. Jeksurın plaşçqa qarağanda täwir. Kiyip aldım. «Mä, belinñdi Mınawmen buwıp al,jılı boladı», – dep, Qağaz ağa öziniñ jiñişke qayıs belbewin belinen şeşipberdi.

Meniñ belim bir uwıs. Talıstay äyel kiyim etip jürgen beşpentiñ eki öñirinay qastırıp salıp qapsırınğanda, bir emes, eki beşpenti qabat kiyip alğanday boldım. Belbewdiñ burınğı tesikteri bir jaqta qaldı da, Qağaz ağa belime layıqtap, jañadan tesik tesip berdi. Özimmen boyı uzın, qoñqaaq murın Ramazanniñ kökten salañ etip tüse qalğan kömekşisi tärizdenip, mine endi onıñqasına erip, özim äli üyir bolmağan jat mektepke jüregim dürs-dürs etip, tolqıp kele jatırmin.

Sümbe bul aymaqtağı seloniñ birewi. « Qızıl şekara », « Intımaq », « Ülgili », «Bolşevik» atalatın tört kolxozdın ortalığı.

«Bolşevik» kolxozı tügeldey uyğırlar.

Basqa üş kolxoz qazaqtıñ osı aradağı negizgi üş ruwınan: «Qızıl şekara» – Ayt. « Ülgili » - Janbaba. « Intımaq, - Qışpaq ruwınan. Kädimgi Qara Qışpaq Qoblandınıñ tuqımdarı.

Işkeri jaqtan awıp kelip, osında siñisti boppız dep,özderi aytıp otıradı. Körip otırsızdar, üş ruwdıñ da qonıstarı bir. Bir özennen suw işip, bir jerdin otın ottaydı. Mektep bir, magazin bir. Awıl sovet, yaғni, ökimet bir. Al biraq üş ruw öz aldına bölek-bölek üş kolxoz.

Uygırlar qazaqtay emes, jer kásibine şeber xalıq. Tam üydi de jutındırıp ädemi saladı. Balşıqtan qamır iylep, tüyme tüyedi. Är uygırdıñ üyiniñ irgesinde qorıq soğıp, qorşap alğan baqşası bar. Kartop, piyaz, säbiz, asqabaq, künbağıs, kapusta egedi.

Qazaq awıldarında, aytalıq, bizdiñ Qostöbede bunıñ biri joq. Qazekeñ mal, mal deydi. Mal joq bolsa, esinep aş otıradı. Tamaqtıñ kökesi ayağımıñ astında, qara jerde jatqanın tüsinbeydi. Uygırlar jer şuqılap, jer emedi.

Sümbedegi qazaqtar uygırlardıñ üy saluw, jer iygerüw şeberligin üyrene bastağan. Olar da qorıq soğıp, baqşa egedi, qus ustaydı. Nandı tandırğa pisiredi.

Mundağı mektep jeti jıldıq. Mektep üyi kesekten qalanıp salınğan ülken, şatırlı. Terezeleri köşedey. Munday ülken terezelerdi meniñ birinşi ret körüwim. Awılda tam soqqanda qısta suwıq boladı dep, terezelerin sığırayıp kişkentay jasaytın. Munşama ülken terezeli üyde qısta adam qalay şıdaytınına tañmın.

Keyin, qıs tüsken soñ bildim, ülken terezeden jariq köp tüsedi eken de, qısta dajılı boladı eken.

Terezesi ülken üy äri jariq, äri köñildi.

Mekteptiñ astı da, üsti de taqtay. Qabırğası bir metr. Men üşin dünüyede budan äsem, budan berik üy joq sekildi.

Klasqa böten balanıñ kirip kelüwi mundağı kâri turğındar üşin zor oqiyğa. Bäriniñ nazar tige qalğanı men boldım. Ex, şirkin! Bundayda üstindegi kiyimderiñ iyeneden

85

qazir ğana şıqqan jaña kiyimder bolsa. Mına sumurındarğa «jolamañdar, kiyimdi bılğaysıñdar » degendey şekeñnen qarap tursañ. Al endi men sekildi jabağı jamılğan bayğusqa bular adam dep qaramaydı. Moynıña bir-aq sekirip minedi.

– Mınaw kim-ey?

– Bul qaydan keldi? – desip jatır. Äp-sätte biraz bala özimdi qorşap ta aldı.

Awıl iyтиниñ quyrıǵı qayqı. Al sen bolsañ, öziñdi kirmedey sezinesiñ, jüregiñ qobaljıp, artı ne balatının kütesiñ.

Degenmen men sır bildirmewge tırısam. Ä degende, mä demeseñ bulardıñ jelkelep alatinın jaqsı bilem. Sondıqtan körgen quqayım bul ğana emes degendey özimdi tosın jağdaydıñ qandayına da dayın ustaymın.

Täkappar suraqqa täkappar jawap qayıram. «Bul menmin! Qaydan kelgenimde senderdiñ ne şaruwalarıñ bar? » deymın.

Menen göri boyı uzındaw, taqırbas surşa bala basqalardı kiyip-jarıp, tuwra betpe-bet keldi. Közqarası ötkir, osıların işindegi nağız pälesi körinedi. Menen emtihan alatın adamşa taq-taq etip:

– Bilsen aytşı, neşe kösem bar? – dedi.

– Törtew, – dedim men.

– Kim-kim?

Men sanap berdim.

Galstugimniñ tüyininen şap berip ustay aldı. Bundayda ne aytuw kerek ekenin jaqsı bilem:

– Ärqaşan dayımmın, – dedim.

– Mınaw ne? – dep, taqırbas galstugimniñ uzın uşın körsetti.

– Partiya.

Qısqaraq uşın körsetti.

– Mınaw şe?

– Komsomol.

Galstuktiñ jelkedegi üşkilin nusqadı.

– Mınaw?

– Pioner.

Galstuktiñ tüyinin körsetti:

– Mınaw ne?

– Üşewiniñ birliği.

Sol zamanda pionerler bir-biriniñ sayasiy sawattılığın osılay sınaytın.

Jattamalı suraqqa jattamalı jawap, müdirmedim, sarnap aytıp berdim. Taqırbas meni sürindire almağanğa ökingen tärizdenip, jelkesin qasıp, müdirip qaldı. Sonda da taqala tüsip, tüymeñ qanday-ey, beldigiñ qanday dep, endi ol mağan tiyisuwdiñ basqınşılıq jolına aşıqtan anıq tüse bastadı.

Men jäwteñdep, sen mağan nege bolıspaysıñ dep, Ramazanğa qaraymın. Söytsem, boyı up-uzın bolıp, şettep, Ramazanım beyqam tur. Tegi, ol taqırbastan jasqanatın tärizdi. Meni qorğap bir awız da emewrin bildire almaydı. Özim aman bolsam, degendey qalıp tanıtadı.

Sırıyğan qayran boy, qayran dene! Jasqanşaq Ramazanğa bitkenşe, mağan nege bitpegen!

Kenet taqırbas meni kökiregimnen oqıs iyterip kelip qalsın. Şalqalağan qalpımda moynım astıma qayırılıp, oñbay qulap tüseyin. Şüydem qaq

86

ayırılıp, mıyım awzıma tögilgendey boldı. Taqırbastıñ imdawımen basqa birbala artıma tört tağandap jata qalğan eken. Älgige sürinip jıǵılğan edim.

Meniñ öle jazdağanımınmen eşkimniñ şaruwası joq, bəri duwıldasıp külisip jatır. Olarğa bul ermek.

Men osı arada tilmen aytıp jetkizgisiz jalǵızdıq körip, qorlanıp qaldım. Izadan jarılıp ketüwge barımın. Özimniñ Qostöbemde bolsa, taqırbaspen şaynasıp öler edim. Al däl qazır, Minaw jat orta, böten balalardıñ arasında, menen onday erlik şıqpadı. Şañıraq iyesi biz degendey elirip, örekpi külgen sodır toptıñ mısı eñsemdi basıp ketti. Jılawdı namıs körip, jılamawğa şıdamım äreñ jetip turmın.

SEMBAY ATAM JÄNE BİZ

Nağaşım üyindegı bar adamdı äsker dep qarasaq, sol äskerdıñ bas qolbaşısı Sembay atam. Üydiñ işi-tısındaǵı tirşiliktiñ bəri de bas qolbaşısınıñ buyrıǵımen istelip jatadı. Bul bedelge atam qartayǵan jasımen qaraday bolğan saqalın satıp, sol arqılı jetip otırǵan adam emes. Şındıǵına kelseñiz, ol osı üydiñ, osı ülken seymanıñ Qağazbaydan göri de beldi asırawşısı. Ömirde körgen, tüygeni mol, jaqsılıq-jamandıqtı alıstan tanıp, aqqaptal bolğan täjiriybeli qoruwşısı. Osı qara şañıraqtıñ bereke-panası.

Jelkesinde zildey bop jetpis otıruwına qaramastan, atam eñsesin tik ustaydı. Boyındaǵı qaruwı bir jigitten kem emes. Eñbeksüygiş, äri şaruwaqor. Qaraker biyeden özge, bul üyde adal ettiden, qarnı şermiygen sınıq müyiz ala siyır bar. Ekewine de Sembay atam jem-şöpti özi dayındaydı, ekewin de özi kütıp-baptaydı. Sol kütimniñ arqasında siyırı da, biyesi de jıl sayın töl beredi. Biyıl da buwaz. Sembay atam bir qora tawıq, bir qora qoyan ösiredi.

Bülkeñ-bülkeñ etken kileñ qara kök qoyan tam üydiñ irgesin iş jaǵınan üñgip, in qılıp alǵan. Sol inderden biri kirip, biri şıǵıp, örip jüredi. Adamnan ürkip, qorıqqandı bilmeydi, senimen seyleskisi kelgendey qol sozım jerde qulaǵı tikireyip, közi möldirep, şoqıyıp qarap atıradı.

Bul üydiñ erkekteri men qızdarınıñ bastarında osı kezde qoyan terisinen istelgen bir-bir qarakök malaqay. Äri jibektey jumsaq, äri jılı. Osı tärizdi malaqayım bolsa dep, qızıǵamın.

Uyğırlardıñ dästürimen esik aldınan qorıq soğıp, qorşap alğan az ğana jer bar. Jarımına kartop egiledi, jarımına pişen ösiriledi. Osı jumıstıñ bərbärin atam bir özi tındıradı.

Däl qazır, men kelgen kezde, atam üyinde jartı ura kartop bar eken. Kespege mol etin kartop tuwraw bulardıñ dästürine aynalğan. Äri unğa ünem, äri kespe dämdi. Bir qora tawıq bir qora jumırtqa beredi. Mawızday toğız awızğa jem tawıptığındaw da atam atqaratın qızmet, osal emes ekenin endi öziñiz de kördiñiz.

Qonaqqa qoy ala jügirip üyrengen qazekeñ tawıq etin et dep qaramaydı. Onısı bekersilik.

Al jumırtqanı atam bizge jegizbeydi. Kebek salğan jäşikke mol qılıp jiynaydı da, är talın bes tiyınnan dükenge ötkizedi. Äytpese, bular aqşanı

87

Qaydan aladı? Aqşasız bularğa dükende satılatın şaydı, kezdemeni kiyim-keşekti kim beredi?

Nağaşım üyindegi adamdar kiyim sändemeydi. Düniye, jiyhaz jiynamaydı. Kündiz-tüni oylaytındarı keñirdektiñ qamı ğana. Kün jılıda jalañaş, kün suwıqta üsip ölmese boldı. Adamnıñ jası molayğan sayın uyqısı azayadı. Qus uyqılı Sembay atam tañerteñ bärimizden burın türegeled. Malğa şöp saladı, tawıqqa jem şaşadı. Sodan keyin esiktiñ aldın sıpıra jürip, dawıstap, üydegi kempirin oyatadı, – Böpke! Äy, Böpke! Tur!

Ayqay tek äjeme arnalğanmen, bärimizge birden jetedi, bärimizdi birdey oyatadı. Öytkeni bärimiz bir bölmede uyıqtaymız.

Eki kisilik bir ğana köne ağaş tösek. Onda Qağazbay men Zäwre jatadı. Basqamız tör aldına jerge jappaq tizilip, «kolxoz» bolıp uyıqtaymız.

Böpke äjem atam tur degende birden uşıp turmaydı. Estise de estimegen bolıp, tıpır etpey jata tüsedı. Az kidiristen keyin atam tağı dawıstaydı. Bul jolı üni älgindegiden qatuwıraq şıǵadı.

– Äy, Böpke! Turamısıñ, joq pa? Ana siyırda badağa qos!

Şalınıñ maza bermesin bilgen äjem:

– Tañ atpastan qañqıldap, osı qaqpastan tarttımaw, jaǵıñ qarısqr? – deydide, turıp jatadı.

Atamda äyel zatın kemsitip qaraytın minez bar. Äsirese, öz kempirine qatal-aq. Eki-üş dawıstağanda Böpke äjem uşıp turmasa, qolındağı sıpırǵını bırǵağa süyey salıp, ol üyge kirip keledi. Jırtıq körpeniñ astında bir uwıs bolıp jatqan apama töne tüsip, kijinip:

– Öy, mına neme äli jatır ma? Jıl kelgendey tırayıp, ne köringen! Öy, Böpke,ölip qalğannan sawmısıñ?! – deydi.

Atamniñ tili nayzaniñ uşı tärizdi. Jerlep, zekip ursa bastağanda, etiñ tügil, süyegiñnen ötedi.

Tarşılıq ömir atamdı ünemşil boluwğa üyretken. Bir tal şege jatqanın körse, ol attap ötpeydi. Aydalada bir jañqa kezikse, üyge alıp keledi.

Tañerteñ juwınğan kezde biz sabındı qolumızğa köbirek ezip jibersek, jāne oniābden uwqalap siñirmey, şayıp, juwa bastasaq, atam zekip ursa bastaydı.

– Öy, sanasız neme! Sabındı sonşa köpirtip ezip... Äne, ne boldı? Bärin qurtekke suw şayıp ketti!

Atam bar jerde biz neni de bolsa ünemdep, bayqap istewge tırısamız.

Sümbede otın tapşı, jaqın mañda orman joq. Otqa quwray, sabın, tezек, köñjağıladı. Qarağaydı tawday küşi jetkender ğana äkeledi.

Şaylıq suwdı nağaşım üyi sabın jağıp, äweli qara qazanda qaynatıp aladı. Sosın samawırğa quyadı. Üstine tamaq işetin alasa döñgelek stoldı mundağı qazaqtar uyğırşalap <<jozi>> dep ataydı. Şayğa toğız awız lap berip, birden kelip otıramız. Tördiñ taq töbesinde atam. Atamnan arı qızdar: Oralxan men Orazxan. Orazxañğa jalğas apam.

Atamnan beri qaray tağasha iyilip Qasımxañ, Ramazan, men otıramız. Menen tömenirek Qağaz ağa. Qağaz ağağa jalğas Zäwre. Zäwre men apamniñ eki aralığında bayağı zamanda Tuwlada jasalıp, sodan beri talay teperişti bastan keşken, talay-talay jandarğa qızmet etip, büyiriniñ talay jeri mayısqañ, sonda da isten qalmaq

88

kele jatqan köne jez samawır. Diyometri bir metrden asatın qına tüsti taqtay jozi jutınğan toğız awızdiñ tas qorşawında qalğanın siz endi körip otırsız. Tamaqqa otıruwdiñ osı tärtibini eş uwaqıtta da özgermek emes.

Nandı nağaşım üyi tandırğa pisiredi. Pisken nan tördegi sırtına äşekey üşintemir şegelengen qara kök kebejede saqtaladı. Kebejeniñ awzı iş jağınan qulıptawlı. Joq, joq, şegemen aşamın dep, äwre bolmañız. Ramazan ekewmiz munday äreketti oñaşada talay jasağanbız. Tük şıqpaydı. Qulıbi o basta osı kebejemen birge jasalğan. Jer betindegi kiltiñ bir de birewisi oğan şaq kelmeydi. Birde bir şege onı aşmaıdı. Kilt salatın oyğın aqjemdep, mayıstırıp, bosqa büldiresiz.

Bul kebejeniñ kilti äri ülken, äri tumsığı oyılı-qırlı bir türli.

Xa-xa! Siz-dağı qiyaldıydı ekensiz! Bul kiltti kolğa tüsirüw – ol ertegilerde aytilatın xor qızın qolğa tüsirüwmen birdey. Ol üşin siz Zäwre jeñeşemniñ jar degende jalğız burımın pısaqpen kesip aluwıñız kerek. Qalaysa deysiz ğoy. Mine, bulaysa: kebejeniñ kiltin bul üyde tek Zäwre jeñeşem ustaydı. Ol onıñ bawın burımına qosıp örip, şaşınıñ uşına baylap aladı. Kilt baylanğan burımınıñ uşı ämende beşpenttiñ qaltasında. Al endi mıqtı bolsañ ol kiltti qolğa tüsirip kör!

Dastarqan jayılp, äbden şay işiler kezde Zäwre kebejege baradı. Ğajap kiltti suğıp jiberip, işki muzıkalı qulıptı «dziñ» etkizip aşadı da, dastarqanğa tandırdıñ keyde eki, keyde üş toqaşın äkep saladı. Eki toqaş salğan küni kemsalınğan bir toqaştıñ ornına tostağanmen talqan qoyadı.

Kebejeniñ awzı derew qayta bekitiledi.

Bas qolbasınıñ buyrıǵınsız atakağa şıǵuw – dastarqandağı nanğa şabuwl jasaw bolmaydı.

Atamniñ qolında müyiz saptı ötkir qara pısaq. Nandı ol sonımen jup-juqa etip, biypazdap tuwrawğa kirisedi. Biz bul kezde silekeyimizdi jutıp, tamsanıp qarapotıramız. Jañağı şaǵın ğana eki nemese üş toqaş älgindey qañıltaq boptuwrala kele ğajap köbeyip ketedi. Bereke darıp, üyeme dastarqan nanğa aynaladı. Iri, kesek-kesek etip tuwrasa, köbeymes edi. Toǵız jaqtan toǵız qol lap qoyǵanda, birden oysırap qalar edi. Atamniñ nandı sonşama usaq etip, köpsitip tuwrawında ülken psihologiyalıq esep jatır.

Tuwralğan nandı ol dastarqanğa birdey etip tegistep şaşıp tastaydı da, birtalın özi alıp, awzına saladı. Bul telmirip, tosıp otırğan toǵız awızğa endi atakağa şıǵuwlariña boladı dep, komanda berilüwi. Saqaday-say turğan toǵız jawınger – toǵız qol lap beredi. Toǵız tuwram nan dastarqanda joq bolıp şıǵadı.

Ülkenderdiñ qoldarı bir barganda, bizdiñ qoldarımız eki barıp ülgiredi.

– Aqırın! Aqırın! Nemene, jaw quwıp kele me? – dep atam bizge surlana qarap qoyadı.

Ört tiygendey japırılıp, dastarqandağı nanniñ äweli biz otırğan – er balalar otırğan jağı sap boladı. Ülkender jaqta ğana azdağan nan qaladı. Bizdiñ nısapsız qoldarımız endi solay qaray sumañdap, tıqsıra beredi. Sol kezde atam, – Boldı! Endi talqan jeñder! – dep buyradı. Keyde dastarqanda talqan bolmaydı. Bizdiñ jalaqtap, toymay qalğan türimizdi körip, ondayda Qaǵaz aǵa:

– Zäwre, naniñ bar ma? Äkel, mina balalar toymay qaldı, – deydi.

- Bügin nan jappaymın. Az ğana nan tur. Tüste, keşke nelerin jeydi? – deydi jeñeşem.

– Äkel. Sabaqtarına toyıp barsın. Keşke köjelerin işer.

Jomart beyildi Qağazbaydı biz janımızday jaqsı köremiz.

Élekt ol kezde mundağı jurttıñ oyı tügil, tüsine kirmeydi. Äynekti şam jermaydı köp tartadı deydi de, nağaşım üyi bötelke şam jağadı. Kädimgi jartı litrlik bötelke, farfor şaynektiñ qaqpığı. Maqtadan esilgen bilte. Şam dayın.

Dükende maqta satılmaydı.

Onıñ esesine maqtalı kiyim kimniñ de bolsa üstinde bar. Ol kiyimnen bir tügil, birneşe jırtıq, izdemey-aq tabıladı. Maqta kerek bolsa, menen al dep, ärjırtıq awzın aşır turadı.

Jermay ol-dağı oñaylıqpen tabılatın päle emes.

– Qarañğı üyde qaldıq. Bir qasıq, jarım qasıq kăräsiniñ bar ma? – dep, birewden birew suranşaqtap jürgeni.

Nağaşım üyindegı jandar äñgimeşi, ertegişi jandar emes edi. Äñgime aytıp otıruwğa, tipti uwaqıt bar ma? Keş bolıp, tamaq işilisimen jatıwdıñ qamı.

– Bolıñdar! Kiräsin bitip baradı. Jatıñdar! – dep, atam janalqımğa aluwmen boladı.

Uyqıñ kelgen-kelmegeni esep emes.

Uyıqtamasañ, uyıqtama, bötelkedegı jermay ünemdelsin. Köp jatqannan jambasıñ tesilmeydi. Al köp jansa, jermay bitip qaladı da, erteñ tağı daqolıña bötelke ustap, körşilerdi aqtap şığasıñ.

Bötelke şamnıñ bir jamanı işindegı jermaydıñ qalay azayğanı körinip turadı. Bilte jetpes bolğanda, maydıñ üstine suw quyıladı. Fizikaniñ zañı öz qızmetin mültiksiz atqarıp şığa keledi. Suwdı astına, maydı üstine quyadı.

Maydan bir eli qaldı.

Jarım eli qaldı.

Äne, pışaq qırınday ğana qaldı. Atam endi qalay küyinbesin:

– Jat! Jatıñdar! Öñkey kör soqır! Köresiñder me, ana şam qazır sönedi.

Üydegı jalğız ağaş kerewetke kimder jatatının aytqam. Basqalarımızğa tösektör aldına qatar salınadı. Uzındığı üş metr, köldeneñi eki metr keletinqalıñ aq kiyiz bar. Kündiz bas jaqta büktewli jatadı da, keşke qaray jazıp jiberedi. Bir-eki jırtıq körpe üstimizden jappay jabıladı. Tösek dayın!

Tereze jaqta eñ şette atam, odan soñ apam. Odan beri: Oralxan, Orazxan, Qasımqan, Ramazan, men. Qoldıñ salasınday bop tizilgen adam denesi birtin-birtin kişireye kelip, Qağaz ağanıñ kerewetine taqalğanda bir-aq tawsıladı.

Üş er bala bir körpeniñ astındamız. Astarı süzilip, tozıp ketken şoqpıt şıt körpe. Aqjayma degendi biz bilgen be ekenbiz? Qısı-jazı monşa körmegen denemen aqjaymanıñ üstinde tırayu obal da ğoy.

Bes uwaqıt namazın atam qaza jibermeydi. Oraza kezinde awız bekitip, azan şaqıradı. Diniy merelerdi, şama-şarqı kelgenine, qurmettep atap ötedi. Atamniñ erekşe jağdayda ğana kiyetin kiyimleri bar. Olar: qulın terisimen qaptalğan qara señseñ börki, jaña şekpeni, kümistegen jalpaq qayıs belbewi. Jay künderi atalğan üş kiyimniñ üşewi de törde ağaş qazıqta ilüwli turadı. Är-är kezde atam olardı sırtqa alıp şıǵıp, şańın qaǵıp, qaytadan ilip qoyadı.

90

Atam bu duniyeden ğori o duniyeniñ qamın köbirek oylaydı. Bügin bolmasa, erteñ tırayıp öle qaluwım zañdı. Bu duniyede jalba-julba bolıp jürsem de, o duniyege jalba-julba bolıp barmaymın. Älgi atalğan baǵalı kiyimderdi rızıǵım tawsılıp, demim bitken küni süyegime tuskender alsın deydi. Sol üşin de şań juwıtpay qorıp, köziniñ qaraşıǵınday saqtaydı. Ölip jatıp, öligine jiynalğan jurttan:

– E, beysara-ay! Bir kiyer bütün kiyimi de joq eken-aw! – degen ayanış söz estigisi kelmeydi.

BÖPKE ÄJEM JÄNE BİZ

Böpke äjem de süyegi asıl adamniñ birewi. Üydegi äyelge tän jumıstıñ bärin de Zäwre joqta sol tındıradı. Erteden qara keşke tınım alǵandı bilmeydi. Tabiyǵat onı jasağan kezde mäs bolıp, külip otırsa kerek. Böpke äjem jomart tabiyǵattıñ awzınan jaz künindey jayrañdap tüse qalğan. Saldırılğan aq köñil, aşıq adam. Körgen-bilgenin aytıp sap, qarap otıradı.

Köktem şıǵısımın Qaǵazbay men Zäwre üy körmeydi. Osıdan jeti şaqırım jerdegi Uşqa – egin jayǵa ketedi. Altı ay jaz – küzgi jiyın-terin bitkenşe sonda boladı. Osı uwaqtıñ işinde bizge tamaq jasap beretin, kirimizdi juwıp, üy işine qaraytın jetpis jasar qawsağan kärei kempir – Böpke apam.

Äjemdi biz «apa» deymiz.

Joq, qawsağan degen söz oǵan jaramaydı.

Tañerteñgi şaydı apıl-ǵupıl beredi de, apam qap alıp tezek terüwge ketedi. Mal jayılatın qırqa jaqtı kezip, tüske taman bir qap tezek terip äkeledi. Murnınan suw ketip jürüp,

tüski şaydı beredi. Sosın, qol oraq arqan aladı da, sonaw tömengi jazıqtan bir arqa quwray nemese şiy orıp äkelüwge ketedi.

Öristen mal qaytatın keşki mezgil. Apam äli joq.

– Älgi Böpke körine me, qarañdarşı, – deydi atam.

Biz üydiñ üstine şığamız. Apam keletin jolğa qaraymız.

Apam joq, tüye belindey etip nıǵarlap buwǵan bir arqa nän quray kele jatır. İyä, iyä, tek quwray. Olay-bulay säl ırǵalıp, kädimgidey jılıp kele jatadı. Taǵı biraz jaqındaǵan kezde siz kuraydıñ astında jıbırlaǵan ayaq bar ekenin bayqaysız. Adam ayaǵı. Quwray tuwra bizdiñ üyge qaray kele jatadı.

Quwray äbden jaqındaǵanda, siz endi onıñ astınan awır jüktiñ salmaǵımen jerge tiye jazdap kele jatqan, kiymeşek kiygen äyel basın qosa bayqaysız. Bulmenin äjem, Qajımas Böpke äjem. Tüye belindey nän jükti arqasına qondırıp alǵan. Üy irgesine kelgende, ol quwray-muwrayımen şalqalap birden qulaydı. Bu dünüyenıñ bir azabınan qutulǵanday kewdesin kere kürsinip, kiymeşegin basınansırıp jiberedi. Ter şümek-şümek aqqan käre basın keştiñ salqın samaljeline tosıp, jan şaqıradı. Tüye belindey quwrayǵa süyenip otırıp, qaltırmaştap alǵan jibin aǵıladı. Dem alıp, esin jiynaydı.

Üş mezgil künine tamaq pisirüwge jumsalatın jäne qısta üy jılıtatın otın bulüyge osılay jiynaladı.

Biz otqa quwray jaqpaymız, Böpke apamnıñ terin jaǵamız.

91

Böpke apam käriliktiñ basına tewip jürgen adam.

Bir kün jumıssız otırса, eki qolı aldına sıymaydı. Esine, kenet, Uştaǵı Qaǵazbay men Zäwre tüsip ketedi. Ol ekewi ne kün körıp jür eken? Xalderin bileyin. Şaylarına qatatın qaymaq aparıp bereyin, änewgüni barǵanda Qaǵazbay tisimdep jür edi. Sonısı qoydı ma eken, ne boldı eken deydi de, äjem jeti şaqırım jerdegi Uşqa jayaw tartıp jöneledi. Keşke mal kelgenşe, kep qalarmın deydi. Arı jeti, beri jeti şaqırım jayaw jürıp qaytuw oǵan tük te emes. Körşiniñ üyine kirip şıǵayın degenmen birdey ğana.

Apam sözinde turadı. Oyǵa alǵan jumısınñ bärin tındırıp, mal qaytar kezde üyge ol da keledi. Bos qol jäne kelmeydi. Jol üstinde kez bolǵan kebüw japalardı terip, bir etek tezek ala keledi. Köpirdiñ sınıq taqtayı kezikse, onı datastamaydı.

Men apamnıñ oybay, awırdım degen sözün ömiri estigen emespin. Öle-ölgenşe awzına дәri salǵanın körgen emespin. Kütinüw, demalüw degendi, marqum bilmeytin edi.

Apam 1953 jılı, seksen toğız jasında dünüye saldı. Bul degen moyımaytın, tozbaytın bolat adam edi.

Böpke apamniñ boyındağı bir kemşilik ol ayağına suw juqpas qıdırmaşı. Üy jumısınan qolı qalt etse-aq toqtamaydı, awıldı şarlay jöneledi. Bas-ayağına at şaptırım uzun köşelerdiñ o şetinen bir körseñ, bu şetinen qılañ etip şıǵa kelgenin jäne bir-aq köresiñ.

Joq, ol tekten-tekke qıdırmaydı, öz üyiniñ jumısı azdıq etkendey eldiñtınbay, bitpey jatqan is-misi bolsa, jiynap, ternep jüredi. Birewge jip iyirip bermek bop, bir dorba jün äkeledi. Birewdiñ jırtıq qabın alıp kep, jamap otıradı. Tağı birewdiñ qatıp qalğan eltirisin uwqalap, äwrelenip jatqanı.

Nemese, apam sol ketkennen mol ketedi. Keşke deyin üyge oralmaydı. Artınan izdep barsañ, äldekimniñ körpesin qabısıp otıradı.

Qızmet etken üyinen apam bos qaytpaydı, beşpentiniñ dorba tärizdengen tüpsiz tereñ qaltalarına salıp, kiymeşeginiñ uşına tüyip nan, bawırsaq, qurt, kämpit, qant sekildi birsıpıra oljamen oraladı. Keyde bir tabaq un, bir jilik et äkelip, bizge dämdi etip kespe istep beredi.

Apamniñ el qıdırıp, tabıs tabuw käsibin biz, balalar, namıs körüwşi edik. Äsirese, jigiti bop qalğan Qasımqan qattı renjitin:

– Apa, qayırşı qusap buniñ ne? Uyat emes pe? Osı el qıdırǵanıñdı qaşan koyasıñ?

– deydi.

Apam moyımaydı:

– Qayırşı bop men birewdiñ birdeñesin surap aldı deymisiñ? Özi berdi.

– Sen alma!

– E, nege almaymın! Men onıñ bir şekpendik jibin qudayı qıp iyirip berdi deymisiñ?

– Äne, qayırşı söytedi. El qıdırıp, kim köringenniñ jumısın isteydi. Al sen isteme! Üyde otır! Üydegi öz jumısıñ az ba?

– Men jurttan ne jumıstariñ bar dep suraydı ğoy deymisiñ, jalınatın özderi. Böpke, aynalayın, mınanı istep bere salşı deydi.

– Isteme! Jalınbaq tügil, ölip ketsin!

92

– Maqul, endigäri istemeyin, – deydi Böpke äjem. Onısın bes minuttan keyin umıtıp ketedi.

El qıdırıwdan oralğan Böpke apama jan-jaqtan jamırap, ursa turıp, biz onıñ qaltaların aqtarıp, qarawmen bolamız. Äkelgen pisi-küyik närselerin tala-paylap jep apamız. Sol kezde Böpke äjem bizdi äjüwalap:

– Käne, meniñ el qıdırğanım senderge jaman boldı ma? Bir-bir qawjañdasıp qaldıñdar,– deydi.

El bolğan soñ birew qız uzatqan, birewdiñ äyeli bosanıp, ul tapqan. Birew jegeni jelkesine şığıp, qamalıp qalğan. Birew türmeden kelgen. Birewdi iyt qapqan, endi birew qatının sabağan... Osı xabardıñ bär-bäri de biz Böpke apamnan estitin edik. Awıladağı jañalıq atawlını Böpke apam elden burın bilip aladı. Sosın körşilerge, bizge jetkizedi. Men bilgendi jurttıñ bäri bilse eken deydi.

– Älgi Nurbekti iyt qawıp alıptı. Barıp, bilip, keleyin, – deydi de jönep otradı.

Kelgen soñ:

– İyä, Nurbekti qappaptı, Nurbektiñ Jumabek deytin sotanaq balası bar emes pe? Sonı qawıp alıptı. Baltırınıñ mına aradağı kök etin oñdırmay bölip tüsipti,– deydi. Uzun balaq dambalın türip jiberip, ittiñ дәl qay aranı qapqanın sawsağımen ustap körsetedi.

Qazaq täwir degen tamağın keşke işedi. Nağaşım üyinde keşke qaray, ädette, дәw qazan kespe isteledi. O, Böpke apam jasağan kespe erekşe! Düniye jüzindegi aytuwlı restorandardıñ bir de birewinen siz onday kespe tappaysıñ!

Awız üydegi qara qazanda qara suw şımır-şımır qaynap jatadı. Osı jetedi-awdegen şamamen apam baspaqtan bir uwıs tuz aladı da, tastap jiberedi. Kespe dämdi boluw üşin qasıqtıñ basınday toñmay saladı.

Kespe isteytin undı apam elep, äwrelenip jatpaydı. Kebek şıqsa, un azayıp qaladı deydi ol. Qamır tüye terisindey qalıñ iylenedi. Kesken kespeniñ -juwandığı sawsaqtay boladı. Jiñişke etip kesuge apam, birinşiden asığadı. Ekinşiden, közi körmeydi, kespe ornına sawsağın qosa tuwrap almasına kim kepil? Sosın, siyirdi kim sawadı? Quwraydı kim orıp äkeledi?

Tuwralğan kespeni apam qazanğa sebezdep, taldap salıp jatpaydı. Umar-jumartastay saladı. Bılay da juwan kesilgen kespe pise kele tayaqtay boladı. Qamır tüyin-tüyin baylanısıp jüredi. Kespege kartop salınadı. Biz köz bolıp otırmasaq apam kartoptı qazanğa qabığımen salıp jiberüwge bar. Ortasınan bir-bir ğana bölengen kartoptıñ är tüyiri torğayday.

Sıpiranıñ betinde qamır keskennen qalğan un bar emes pe? Köje mañızdıboladı deydi de, apam kespenin üstinen onı jäne sebedi.

Tamaq qazanniñ saqır-saqır qaynawı äbden basılğan soñ tüsiriledi. Awırqaqpaqtıñ astında tunşıqqan buw bükil awız üydi alıp ketedi.

Apam buwdıñ arasınan körinbeydi. Tek qazandağı kespeni temir şekekke qotarıp,quyıp alıp jatqan dıbısı ğana estiledi.

Qına tüsti döñgelek taqtay üstel tağı da jutınğan toğız awızdıñ (Zäwre men Qağazbay joq bolsa, jeti awızdıñ) qorşawında.

Ärkimniñ kespe işüwge arnalğan tiyesili ıdısı bar. Birewdiki tabaq, birewdiki qursawlı ülken kese, tostağan... Ülken ojawdı şekekke malıp aladı da, apam

93

kespeni ıdısına toltıra bir-aq quyıp beredi. Kespe derlik kespe emes. Botqa derlik botqa emes. Qasıǵıñdı şańşısañ, jıǵılmay, tip-tik turadı. Qarın şıǵaruw jaǵına kelgende, özge tamaqtıñ bärin alıp uradı.

Al, işe ber. Toymay qalsañ, apam tağı da quyıp beredi. Tek saq bol! Torǵayday kartoptıñ sırtı salqın bolǵanǵa, işi de sonday eken dep, aldanıp qalıp jürme.Tüyilip qalǵan qamırdıñ arası ol da sonday – oñaylıqpen suwımaydı. Tis etineıp-ıstıq bolıp jabısa qalsa, qoldıratıp tüsedı.

Böpke apamniñ kespesine qarnımız şeñbirek atıp toyıp alǵannan keyin, endıbirazdan soñ şöldey bastaymız. Awız üyde şeekte turǵan suwǵa damıl joq. Birese birimiz, birese ekinşimiz temir kruwjka men ilip alıp, simirüwmen bolamız, Beltoǵan üydiñ däl qasında, suw arzan. Şelegimen tügel qotarıp işseñ de, eşkimeşteñe demeydi.

RAMAZAN JÄNE MEN

Sarıbastawda böten birewdiñ üyinde jürgendey emes, naǵaşım üyine kelgeli köñilim ösip, koñayıp qaldım. Sabaqtı da jaqsı oqıp jürmin. Şımımdı aytsam. Qostöbege tipti barǵım kelmeydi. Ne qızıq körem dep barmaqşımın?

Ramazan ekewmiz egiz qozı tärizdimiz. Kündiz de, tünde de jolımız jazılmaydı. Mektepke birge baramız. Birge oynaymız. Birge uyıqtaymız. Ekewmizdiñ tatuw boluwımız da, araz boluwımız da op-oñay. Bolmaşını narseden bala qorazdarşa kidiñ-kidiñ etip, şekise qalamız. Arada jartı saǵat ötpey, tağı da awız jalasamız.

Ramazanǵa qaraǵanda men quwşıkeş pısıqpın. Onı op-oñay aldap ketem. Ramazanniñ jibi bos, ańqaw. Aldanǵanın artınan bir-aq bilip, dürse qoya beredi. Qara küşiniñ menen göri artıqtıǵına senedi.

Denem kişi bolğanmen, şaqarmın, berispeymın. Ramazanday emes, ädis-aylağa şebermin. Üydiñ däl qasındağı kögal alañda jatıp kep küresemiz. Birde oljıǵadı, birde ädisimdi asırıp, men jıǵam,

Är aluwan öner jarıstıramız: jügirüw, tas laqtıruw, biyikten, uzındıqtan sekirw, t. t. Munda, köbinese, men ozatın edim.

Tek ozıp qana qoymaymın. Pälekeştigim ustap, Ramazandı neşe saqqa jügirtip mazaq etem. Qırşañqı tilimnen ızasın keltirip, şaǵıp alam. «Kemiyeq» deymın. Ramazannıñ kemiyeq ekeni ras, ol bul sözge qattı namıstanadı. Ese qayıрмаq bop, onıñ meni qorlap aytatın sözi «mırtıq». Mırtıq dese, men namıstanam. Ramazanday uzın boylı bop tuwmaǵanıma kädimgidey qorlanıp qalam. Keyde künine birneşe ret qızıl şeke bolıp töbelesip te alamız.

Töbelestiñ şıǵuw sebepi tipten oñay: aytalıq men küresken kezde Ramazandı alıpurdım. Jıǵıp, jayıma kete bermeymın. Qiyañqılıq istep, «küşiñ maǵan» dep, basınan attap ötem. Balalardıñ uǵımında bul jaman ırım. Ramazannıñ barküşi endi maǵan bitedi de, ol küşsiz qaladı.

Ramazan ıza boladı:

– Qaytar küşimdi! Men jaña seniñ basınnan attañ joqmın ğoy? – deydi.

Men qaytarmaymın.

94

Qaytarsam, öz erkimnen eñkeyip, Ramazanğa basımnan attatuwım kerek. Oǵan men ölmey könermin be!

– Qaytar, ittiñ balası!

Ramazannan nendey päle kelse de tosıp aluwğa barmın. Al biraq onıñ küşin qaytarmaymın.

Osıdan soñ ekewmiz jat ta kep töbelesemiz. Äkeñ, şeşeñ, jeti atañ degen sözderge tejew joq ketip jatadı. Jaǵa, jeñ päre-päre boladı. Kektesken qorazdarday ölimtiktenip, birimizge birimiz berispeymiz.

Ekewmizdiñ töbelesip jatqanımızdı bir kezde Qasımqan köredi.

– Öy, ittiñ balaları, senderge ne jetpey jatır! Qasımqan jügirip kep, balǵaday awır judırıqtarımın kök jelkeden ayamay tüyip-tüyip jiberedi. Onıñjudırıǵı tiygen jer talayǵa deyin zırqırap awırıp jüredi.

Ülkeygende qızıl asker boluw Ramazan ekewmizdiñ kökeytesti armanımız. Tek osı üşin tezirek össe, tezirek mektep bitirsek dep, arman etemiz.

Ramazan meni qorlap:

– Seni äskerge almaydı. Kişkentaysıñ, – deydi.

– Meni emes, seni almaydı. Öytkeni seniñ qolıñnan tük te kelmeydi. Seni äskerge alsa, eñ mıqtağanda, povar bolasıñ. Al men komandir bolam, – deymen.

– Bolmay, qal, mırtıq neme!

Komandirlik orıñğa talasıp, Ramazan ekewmiz tağı da töbelesemiz.

Qazaqtıñ qumar asınıñ biri qımız.

Qaraker biye qulındağan. Özi tärizdi ädemi qaraker qulın tapqan. Jer otıqqan kezde atam, jıldığı ädetimen, jalğız biyeni sawıp, qımız jasaytın boldı.

Ol kezde, sirä, mal azdıqtan bolar, awıl mañı qazirgidey şañı burqırıp, taqırayıp jatpaydı. Qorıq-qorıqtıñ tübi, arıq-arıqtıñ jağası kögal şöpboladı. Qaraker biyeni atam üyden onşa uzatpay, şiderlep qoya beredi. Qulınıñ aldına jas kök salıp, qorada ustaydı. Jalğız biye erteden keşke deyin altı-jeti ret sawıladı. Är eki, üş sağatta atamonıñ bawırnasülüktey jabısıp alıp otırğanı. Ağaş kübimen orta kübidey süt aladı. Oğan siyir sütin qosadı. Sonımen kübi az tolmağan qımız bolıp şığadı.

Keşte, jatar kezde bizge, balalarğa, atam kübidegi sawmaldı ärqaysımızğa pälen jüzden sanatıp piskizedi. Betine qap-qara may tüsip, kübi sırtı ıp-ıstıq bolğanşa pisilgen sawmaldı öziniñ awır tonımen balaşa qundaqtap orap tastaydı.

Tañerteñ atam bärimizden burın türegeledi. Beti-qolın şayadı da, şampanşa bojıldap, dayın turğan qımızdan bir tostağandı öñeşine tastap aladı. Raqattanıp kekiredi.

Jalğız biyeniñ qımızınan dämetip, qıdırıp keletin jurt birsıpıra. Olardıñ köpşiligi atamniñ dostarı – şaldar. Qıdırmaşılar kelmes burın atamkübidegi qımızdı ıdıs-ıdısqa bölektep quyıp, jayğap ülgeredi. Şaldar da qurawız qayta qoymaydı.

Qasiyetiñnen aynalayın Qambar atanıñ süti, şımında da şıypa ğoy. Ülken birkese qımızğa aq talqandı qoymaljiñ etip sewip, tastap alsañ, budan artıqtamaqtıñ ne keregi bar? Küni boyı eki betiñ albırıp, balqısıñ da jüresiñ.

95

Kekirseñ ädemi iyisi murnıña keledi. Ünemi qımız işip jürgen adamniñ bet nurıda, közindegi ot ta bölek emes pe?

Atamniñ düñgirlegen qoşqar müyiz köne torsığı bar. Özine degen qımızdı soğan bölektep quyıp, jüktiñ astına tıǵıp ustaydı. Küni boyğı tamağı da, susını da mine, sol. Torsıqtağı qımızdı biz atama jalğız işkizbeymiz.

... Ramazan ekewmiz, ädettegişe sabaqta qarnımız aşır keldik. Üyde eşkim joq (Awıl qazağı ol kezde esik qulıptawdı bilmegen. Ketem degen jağına esiktiaşıq tastap, kete bergen).

Jey qoyatın pisi-küyik tamaq izdep, taba almadıq. Osınday oñaşalıqtı paydalanıp, torsıqtağı qımızdan urlap işpekşi boldıq. Suwıq qolımızdı budan burın da talay suqqan täjiriybemiz bar.

– Äweli men işeyin, sen terezeden qarap, baqılap tur, – dedim Ramazanğa.

– Maqul.

Jüktiñ astınan özim biletin quwıstan torsıqtı şeşip aldım. Şayqap-şayqap jiberdim de, juta bastadım. Şaqtap işpese, bolmaydı, atam bilip qoyadı.

Endi kezek Ramazandiki. Men qarawılda turmın.

Ramazan qorraq. Torsıqtı qolına alısımın közderi alaqtap, berekesi qaşır ketti. Äne, endi işeyin dep jatır!

Quwaqılığım ustap, basıma qiyañqı bir oy kele qalar ma! Ramazan qımızdan qılqıldatıp juta bastağan kezde, qayter eken dep, qarbalasıp:

– Atam kep qaldı! – dedim.

Suwjürek Ramazanda ürey qalmasa kerek. Awzındağı qımızdı jutıp ülgermesten, bırış etip, qaçalıp, şaşaldı da qaldı. Awzınan, eki tanawınan kerı atılğan qımız omırawın, üstin jawıp ketti. Sasqanı sonşa, torsıqtı ornına jöndep qoya almay jatır.

Men külkiden ölip qappın.

Kenet, qarasam, atam, şınında da, üyge kirip kele jatır. Közim atızday bolıp, külkim birden tıyıldı. Sırtqa perip urıp jöneldim.

Ramazan qaşa almay, qalıp qoydı.

Üydiñ sırtında anaday barıp, qarap turmın. Ramazan joq äli. Qılmısımın qolğa tüsken batırdıñ xali ne bolıp jatqanın men körmey de jobalaymın.

Bir kezde Ramazannıñ sıñsıp jılağan dawsı estildi. Äne, özi de şığıp keledi.

Eki qulağın qolımın basıp ustap alğan. Atam ıza bolğanda, qulaqtan sozatın.

Men özüm qolğa tüsip qalmağanıma täwba dedim.

JİBEK BELBEW

«Qimbattı, jannan artıq körüwşi, ay jüzdi, altın didarlı ağıyım Satılğan, äkem Idırıs, tätem Smağul, inişegim Turdıbek. Qalay, bäriniñiz de saw-salamat Tekestiñ keñ dalasında, jupar awasında densawlıqtıñ arqasında quday dep, aman-esen, ökimet pen

partiyaniñ tapsırmasın adal atqarıp, jürip jatqan bolarıızdar. Al endi menen amandıq bilmek bolsañızdar, men de aman-esen oquwşılıq borışımı adal orındap, Sümbeniñ jupar awasında, öz teñ-qurbımnıñ teñ qatarında jürip jatırmin. Nağaşım üyi tügel özderiñiz.

96

körgendey aman-esen. Atam men apam da aman-esen. Qağazbay nağaşım da aman-esen. Uşta Zäwre jeñeşem ekewi jumıs istep jür. Men ökimet pen partiyaniñ tapsırğan oquwın jaqsı oqıp, mektepke Zäwre jeñeşemniñ beşpentin kiyip barıp jürmin. Jeydem äbden tozıp ketti. Apam künde jamasa, künde jırtıladı. Sımımnıñ quyrığı ol da jırtılıp edi, apam bir sarı şübere k tawıp, jamap berdi. Sondıqtan sizderden ötinip suraytınım: qatınağan adamnan mağan bir-eki ezim siya jäne bes-altı qalamuş berip jiberiñizder. Jäne jeydem äbden tozıp ketti. Bir jeyde tikkizip, berip jiberseñizder eken. Jäne arifmetika kitabın aluwğa aqşam joq. Mağan qatınağan adamnan azıraq aqşa berip jiberseñizder eken.

Amandıq xat jazuwşısı Berdibek.

1935 jıl, 13 aprel».

Däpterdiñ bir parağına jazılıp, üş burış etilip büktele salğan, eşqanday marka japsırılmağan meniñ bul xatım osı aradan äweli bizdiñ Qostöbeni basıp ötip, Narınqolğa poçtağa baradı. Sol arada sorttawdan ötip, älgi izimen qaytadan keyin qayıp, Qostöbege keledi. Talay jerdi şarlap, ayqış-uyqış sapar şegip, Satılğan aғayımnıñ qolına tiyedi. Jaydan-jay tiye salmaydı, ol onı markasızxat bolğandıqtan bir somğa satıp oqıydı. Sondağı xat mazmunı joғarğıday.

Men oquw oqıp jürgen Sümbe men Qostöbeniñ arası salt attı adamğa tüstik jer. Kisi üzbey qatınap jatadı. Aytılmış xattı men solardıñ birewinen berip jibersem de bolar edi ğoy. Äri tez, äri äwresi az.

Joq, men öytpeymin. Adamzat poçtanı ne üşin oylap taptı deymen de, reti kelip turğanda, paydalanıp qaluwğa tırısam. Poçta arqılı barğan xat mändirek, jawaptıraq bolatın tärizdi.

Sümbede düken bar. Dükenşi jigiti meni jaqsı tanıydı. Bir küni sol kezdesip qaldı da:

– Ağañ sağan jıyırma bes som aqşa berip jiberip edi, jür, bereyin, – dedi.

Mına xabardı estip, Ramazan ekewimizde es qalmadı. Bir som, eki somemes, baqanday jıyırma bes som! Biz munşa aqşağa ömiri iye bolıp körgeñbiz be? Jüregimiz alıp-uşıp, dükenşige ilesip, onıñ üyine keldik.

Nege ekenin bilmeymin, dükenşi jiyırma bes somdı tügeldey tiyinnan sanap berdi. Äytewir baqır bergen joq, on bes, jiyırma tiyındıq kümister. Sonıñ özine qos uwıstan asıp ketti. Bunı endi qalay alıp jürem? Qaltama salıp edim, birqaptalım salbırıp tüsip ketti. Salbırağan qaptaldı qos qoldap kötere ustap, tanawımız jelp-jelp etip, üyge keldik. – Satılğan Berdibekke jiyırma bes som aqşa berip jiberipti! – dep Ramazan anadaydan jar sala keldi.

Bala minezdi Böpke apam:

– Ras pa? Qane, körsetşi? – dep, üyirile qaldı.

– Mine! – dep, qaltamdağı tiyındı sawdır-sawdır etkizem.

– Mağan bes-altı somın berşi, şay alıp işeyin.

– Özim kitap-qağaz alam.

Otırip, sanaymın aqşamdı. Däl jiyırma bes som ba? Ne artıq, ne kem emes pe? Ramazanniñ bolısqısı kelse, qolın qağıp, jolatpaymın.

97

Mine, endi Ramazan ekewmiz dükenge kele jatarmız. Jol-jönekey kezdesken balalarğa murnımdı kökke şüyirip, bugün jer betinde bizden bay adam joq ekenin aytamın. Qaltadan kumis aqşalardı uwıstap alıp körsetkende, kim de bolsa esinen tanıp qala jazdaydı. Soñımızdan ilesip, birge jüredi.

Aqşanıñ töl iyesi menmin ğoy. Olar mağan qızğanışpen qaraydı. Däl qazir dünüyege men bolıp kelmegege ökinedi.

Dükenge kep kirgende, meniñ soñımda şubırğan bes-altı atqosşılarım bar.

Bir qazaq tüye satıp, bazar bazarlağanda, on şaqtı qazaq tırp-tırp etip, älğiniñ qorjın-keşegin arqalap, artında bosqa jüretin. Quldı sol tärizdimin, tüye satqan mıqtınıñ özimin.

– Ne alsam eken? – dep düken sörelerine täştıyıp köz tastaymın.

Qaltamda jiyırma bes som emes, qazına tunıp jatqanday.

Atqosşı balalarda kinä jok. Ananı al, ananı al dep, birimen-biri jarısıp aqıl beredi.

Bir-eki oquwlıq, däpter, bloknot, sızğış sekildi özime asa qajet zattar satıpaldım. Tağı ne alsam eken?

– Anaw barabandı satıp al! – deydi keñesşimniñ biri.

– Bäki al!

– Belbew al!

– Anaw aynanı al. Qaltaña salıp, betiñdi körıp jüresin.

– Betmay al. Bəri de qajet nürseler. Aqşam jetse bärin alar edim, eşteñe qaldırmas edim. Bir kilo qant satıp aldım. Bir-bir kesegin özimiz jep, basqasın üyge aparmaqız. Osınday bayıp turğan kezde atam men apamdı da quwantpasam, adamşılıq bola ma? Kışkentay döñgelek ayna satıp aldım. Plastmassadan jasalğan jiyekşesi bar. Sıqpa vazelin aldım. Keñeşilerimniñ tilimen aytqanda, betmay. Ayaq-qolım tilik-tilik bop, azap körüp jürmin. Keşke, bālem, sılap jağıp tastamaqın.

Eseptep körsem, aqşam tağı da qalıp baradı. Endi ne alsam eken?

– Belbew al! Beliñe tağıp jüresiñ.

Uşında kültelengen sändi şaşaqı bar, aq jibek belbew meniñ köpten qızığıp jürgen nürsem. Äri osı küni sän. Sıqlım bozbalalar aq köylektiñ sırtınan şaşaqın salbıratıp, buwınıp aladı.

Qalğan aqşama belbew satıp aldım.

Atqosşılarımdı şubırtıp, dükennen şıǵıp kele jatırmin. Menen bay, menen baqıttı adam joq.

Köşeniñ qaq ortasında turmin. Atqosşılarım qasımda. Satıp alğan nürselerimniñ ärqaysısın olar bir ustap körisedi.

Men üşin eñ qımbat mülük – şaşaqtı aq jibek belbew. Sonı qoñır beşpenttiñ sırtınan belime buwınıp körüp jatırmin. Sıqlım bozbalalardıñ ädetimen şaşaqtarın uzındı-qısqalı etip, jambasına salbıratıp tüsirip:

– Qalay, jarasa ma? – deymen.

– Qatıp ketti! – deydi keñeşilerimniñ birewisi.

– Bunı büytip beşpenttiñ sırtınan buwına ma eken? Jeydeniñ sırtınan buwınadı, – deydi ekinşisi.

98

Täwir, bütin jeydem joq bolsa, qaytuwşı edim? Qaşan täwir jeyde bitkenge deyin buwınbay, saqtap qoyuwım kerek pe?

– Beşpent tügil, şapanniñ sırtınan buwınsa da bola beredi. Bilsen, bul qayıs belbewden on ese mıqtı – deymen. Bul änşeyin, özimdiki durıs dep, ber jağımnan aytıp jatqanı. Al ar jağım basqanı arman et edi. Äweli, basımdı taqıraytpay, şaş qoysam. Şaşımdı bir şekeme qaray jıltırata tarap,qayırsam, Şalbarımniñ qırı pışaqtay bolsa. Ayağımda jıp-jıltır qara tufli, üstimde appaq qarday aq jeyde. Mine, osıdan keyin şaşaqtı jibek belbewdi buwınıp köşege al qane, mağan qarañdar dep, şıǵa kelsem!

Ex, şirkin!

Biri tabılsa, biri joq. Mine, belbewli boldım. Belbewime sän beretin basqa kiyimnen mende tük joq.

Kedey bayısa, jomart keledi. Bügin men jomartpın. Atqosşılarımdı da bir-bir quwantıp tastawdı borış sanadım. Sıqpa vazelinnen ärqaysısınıñ alağanına küzgi torğaydıñ sañğığanınday etip, şoqiytıp-şoqiytıp salıp berdim. Beti-qoldarı jarılıp, suw tiyse aşıp, azap körip jürgen beyşaralar mäs bolısıp jatır. Oljağa batıp, quwanısıp jatır.

Meyli, quwansın! Meniñ bul jaqsılığım birinen bolmasa da, birinen qaytar.

Qaytpasa jäne boptı.

Küs-küs qoldar men qarala tumsıqtarğa may jağılğan soñ, jıltırap şığa-şığa kelisti. Juwıp jaqpağan soñ, kir qosa eziledi eken. Betti bir süykep öitse, bes sawsaqtıñ izi battıyıp, tügel tüsip qaladı...

– Öy, aqımaq neme! Şapanıñ sırtınan jibek belbew buwınğan kimdi kördiñ? Buwınsañ, jeydeniñ sırtınan buwın, – dep, meni atam da äjüwamen qarsı aldı. Birinşiden, kün äli salqın. Jeydemen jürer kez emes. Ekinşiden, jeyde deytin jeyde emes, qırıq jamaw.

Kün äbden jılıp, qaşan täwir jeyde bitkenge deyin belbewimdi saqtap qoyıp, şıday alar emespin. Ertesinde mektepke täwekel dep, beşpentimniñ sırtınan buwınıp barayın. Tım bolmasa, bir ret körsin balalar. Sodan, soñ, mümkün, tıgıp ta qoyarmın.

Balalar bir degennen-aq qorşap aldı. Biri quptaydı, biri keleke etedi. Belbewimniñ şaşaqınan tartqılap, tälkek etüwşiler köbirek. « Komissar bolıpketipsiñ! », « Ökil bolıp ketipsiñ! », « Prokuror bolıp ketipsiñ » dep, mazaqtaydı. Sabaq bastaldı.

– Berdibektiñ jibek belbewi bar! – dep, birewler eñ mañızdı soñğı xabarday etip, muğalimge aytıp jatır.

Muğalim Nazar deytin juwas, süykimdi adam. Mıyığınan külip, jımıydı da qoydı. Bir sabaq bitken. Üziliske tısqa şığıp kelem. Änewgi taqırbas Baymırza bastatqan birneşe bala jan-jağımnan jabısıp, qorşap alğan. Bular munşa nege jabısadı?

Baymırza jürgen jerde bir soyqan qosa jüretinin jüregim sezinetin tärizdi.

Dalağa şıqqan kezde älginde üymelep qorşap alğan balanıñ biri:

– Öy, belbewiñniñ şaşaqı qayda ketken! – deydi. Jüregim suw etip, jalt burılıp qaradım. Belbewimniñ eki şaşaqı birdey joq. Birew pısaqpen şort kespey de alğan. Şolтийip juqanağı qalğan. Balalar endi odan ärman mazaqtap, duw-duw külisedi.

99

Men ızadan jarıla jazday turmın, kimge tiyiserimdi bilmeymin. Baymırzağa:

– Sen! Sen kesip aldıñ! – deymen.

– Ottama! Kesip alsam, mä qara! Tawıp al! Baymırzadan tabarsıñ!

Qayran ğana belbewim-ay! İşim uwday aşıp baradı. Özim de aqımaqın-aw! Mektepke nege buwınıp keldim? Atamdı tıñdap, kün jılıñğaşa nege tıǵıp qoymadım!

Sabaq bitken. Mektepten tarap kele jatırmız. Baymırzanıñ üyi köşeniñ basqa jaǵında. Anaday uzañqırıp alıp, ol maǵan ayqay saladı. Ölgen torǵay sekildi jalbıraǵan birdeñelerdi aspañǵa laqtırıp, kördiñ be deydi. Kördim, tanıdım, meniñ belbewimniñ şaşaqtarı.

Boqtap, tura quwdım. Tura qaştı, jetkizüw qayda. Qaşıp bara jatıp ta şaşaqtardı aspañǵa atadı.

– Toqtap tur, erteñ aǵayǵa aytam!

Aǵay ne isteydi? Kesilip qoyılǵan şaşaqtardı qayta japsırta almaydı.

Qırwar aqşa tölengen qayran belbew, osılayşa isten şıqtı.

MENIÑ KERBEZ JEŃGEM

Üşinşini Ramazan da, men de maqtaw gramotasimen bitirdik. Bul biz üşin, äriyne, zor quwanış.

Qostöbeden taǵı da bir jaqsılıq xabar kelip jetti. Satılǵan aǵayım üylenipti. Bul jolı ol aǵayınıñ köñilinen şıǵıp, ülbiregen qız alıptı. Qostöbedegi kädimgi kerbez Külimbala sulu bar emes pe? Onıñ esigin üyir-üyir bolıp torıǵan jigit-bozbalalardıñ awzın añqıyıp, sonıñ дәl özine üylenipti. Külimbala şal-kempirdiñ ortasında bulañ ösken jalǵız qız. Äkesi qoy baǵadı. Orta boylı,tolıqşa, qası-közi qiyılǵan qara torınıñ ädemisi.

Kädimgi jurt tanıp moyındaǵan Külimbala sulu.

Satılǵan somı alıptı!

Jolşıbay bir arbamen Qostöbege keldim. Üydiñ işi taǵı da jöndelip qalǵan. Jaña tösek-orın, biraz jaña mülikter payda bolǵan. Äyel bolǵan osı dep, ülbirep jas jeñgem otr.

Aǵayım bul kezde kolxozda esepşi.

Idiris pen Smaǵul kolxoz jumısında. Üyde bolǵandarınan bolmaǵandarı köp. Jas jeñgem jumıs istemeydi. Qız küninde de ol kolxoz jumısına aralaspaytın. Brigadir kerbez Külimbalanı mazalamawǵa üyrenip alǵan. Jeñgem boyın kütip, üyde otıradı. Aynanıñ aldında bir saǵat şaşın tarap, qasın jöndep turadı. Erinbese, küyewine şay qaynatıp beredi.

Kolxoz bizdi, balalardı, üyde otırğızıp qoymaydı, oquw tarasimen jumısqa quwalaydı. Eginniñ aram şöbin julamız. Kök egindi tazartıp, qarıq qılğannan dataptap büldiruwmiz köbirek.

Şildeninñ дәл qaynap turğan kezinde aғayımdı kolxoz Almatıǵa üş aylıq esepşilik kursqa oquwǵa jiberdi. Endi üyde jas sılıqım jeñgem ekewmiz ğanamız.

100

Brigadir – Köpekbayulı Bāzil. Qara küške mıǵım, boydaq jigiti. Tañerteñ üy-üydi kezip, jurttı jumısqa şıǵaradı. Buringıday emes, endi ol bizdikine de keledi. At üstinen:

– Kim bar? – dep, dawıstaydı.

Bul Idrıs pen Smaǵul üyde bar ma, joq pa dep teksergeni onıñ.

Joq ekenin biledi de, attan tüsedi. Atın esiktiñ дәл közine qañtarıp qoya saladı. Esekten juwas mal qoyǵan jerden tıpır etpeydi. Alasa tar esikten Bāzil qorbiyǵan ülken denesimen eki büktelip, äreñ sıyıp kiredi.

– Äy, sen neǵıp jumısqa şıqpay otırıñ? Bar! – deydi Bāzil maǵan.

Onı-munı sıltawmen men derew kete qoymay, bögele berem. Bāzekeñniñ basında jaman oy bar ekenin sezem.

– Sen keliñşektiñ üyde otıruwıñ jetti, endi jumısqa şıq, – deydi Bāzil Külimbalaǵa.

Buyırıp, şındap aytqan boladı. Biraq arǵı kömekeyi bos, Külimbala sızılıp:

– Sonda ne jumıs beresiñ?

– Kürek al da, ana Māriyalarman birge arıq qaz.

– Oǵan meniñ küşim kelmeydi.

– Onda qamba tazala.

– Şañǵa tunşıǵıp ölmeymin be?

– Şömele sal.

– Kün ötse, basım awıradı.

– Sonda ne jumıs isteysiñ? Tepseñ, temir üzgendey küşiñ bar, – deydi de, Bāzil jeñgemdi büyirdentürtip kelip qaladı. Külimbala «öy, şeşek!», «Mına şeşekqaytedi!» dep sılıq-sılıq küledi. Bāzekeñe kereginiñ özi de osı. «E, nemene, ötiñjarılıp ketti me» deydi de, endi ol jeñgame dürse qoya beredi. Tısqandı bassalǵan mısıqşa nāzik jeñgemniñ äpter-täpterin şıǵaradı. Oynaǵan bolıp quşaqıtay ma-aw, şımşıyma? Tösekke alıp urıp, qıtıqtay ma, äytewir bilgenin isteydi. Meni adam eken dep, közge ilmeydi.

Jeňgem menen qaymıǵıp qana «qoy, ey bala, qoy» degen boladı. Biraq onısında zil joq. Onıñ «qoyı» e, taǵı türt, taǵı şımşı degenmen birdey. Ayu tulǵalı Bázilge äli kelmesin bilse de, Külimbala oǵan öş alǵan bolıp, endi özi tiyisedi. Bázildi öşıktire tüsedı.

On eki, on üş jasar bala bola tursam da, meniñ bilmeytinim biyt işinde. Bázildiñ bizdiñ üyge kelüwin jaratpaymın. Ol attan tüse bastaǵannan-aq kewdemde jeňgеме degen qızǵanış otı tutanıp, qolımnan kelse, Bázildi şaynap jep qoyuwǵa dayınmın.

Kündiz Bázil bizdiñ üyge köp bögele almaydı. Jeňgem men üydiñ işiniñ äpter-täpterin şıǵaradı da, jönep otıradı. Keşke jatar kezde taǵı da sopañ ete qaladı. Bul jolı ol at minip, ayqay salıp kelmeydi. Jayaw.Ün-tünsiz, «keşjarıq» dep, kirip keledi. Jeňgem keste tigip, men kitap oqıp otıraymın. Alasa esikti denesimen jawıp, Bázil qalbiyıp turıp qaladı.

– İdirıs, Smaǵul qayda? Kelmegen be? – deydi.

Olardıñ qayda jürgenin brigadir bilmese, kim bilüwşi edi.

Bázil qasaqana suraydı.

– Kelgen joq, – dep jeňgem durıstap jawap qayıradı.

101

-Sen kelinşek ne istep otırsıñ? Bu ne bul? Kündiz-tüni qadalıp, tigesıñ de otırasıñ? Kolxoz jumısına şıq dese, şıqpaysıñ. Toqtap tur, bayıñ kelsin.

Bázil eşkim otır demey-aq tösek üstindegi jeňgemniñ qasına, zildey bop, setkalı kerewettiñ belin qayıstırıp, otıra ketedi. Ädemi jıynalıp qoyılǵan jasıqtar orındarınan sorşıp-sorşıp tüsedı.

Keşqurım kelgen Bázilge meniñ közqarasım bölek. Biraq onı ol bayqamaǵan boladı. Jeňgеме zalalsız qaljíñ aytqan bolıp, ara-tura kolxoz jumısın dasöz etip qoyıp, asıqpay otıra beredi. Qoldan tuwralǵan kök temekini tayaqtay etip şılım orap tartadı. Jeldetkişi joq, üydiñ işi aşçı kök tütinge tolıp ketedi.

Jeňgem maǵan qamqorsıǵandıq bildirip:

– Uyqıñ kelse, jatıp, uyıqtay ğoy, – deydi.

Bázil ketpey, işimdi – saqarday qaynatqan qızıl köz päle ketpey, meniñ uyqım keletin be edi!

Aqırı Bázil ketpek boladı, ornınan turadı.

– Äy, kelinşek. «Quwıs üyden qur şıqpa» degen. Tipti ırımǵa jaman ğoy, tım bolmasa, bir şını suwıñ bar ma?

Jeňgem awız üyden Bázilge suw äkelip beredi. Bázil jarımın işedi de, jarımın Külimalanıñ betine şaşıp jiberip, tura qaşadı. Jeňgem «quw şeşek, seni me!»deydi de tura kep quwadı. Awız üydiñ, tör üydiñ esikteri añqıyıp, aşılgan küyinde qaladı.

Dala qarañğı. Tas qarañğı. Qaşuwşı da, quwuwşı da qara siyağa batqanday joq boladı.

Men jeňgem tez oralsa eken dep, kütüp otırayın. İşim bezgek bolğan adamday bir suwıp, bir qızınadı.

Jeňgem keşigedi.

Jügirip, esik aldına şığamın. Olay-bulay köz tigip, qulaq türem. Eşbir sıbıs estilmeydi.

Meniñ bezgegim asqına tüsedi.

Bir kezde ökpesi öşip, alqınıp, jeňgem keledi:

– Quw şeşekti sonaw köşeniñ basına deyin quwdım, jete almadım. Bäle, toqtaptur!

Erteñ osı üyge kelersin!

Jeňgemniñ şaşı men kiyimderi Bázildi «quwamın dep», odan beter uypa-tuypa bolğan.

Arqasına şöp-şalañ jabısıp qalğan...

«KEÑSE ANA AWILDA!»

Jurt tügel kolxoz bolıp birikken. Jekeşe degen söz endi awızğa da alınbaydı. Bäreni kolxozdiki: jer de, suw da, adam da.

Qostöbede turaqtı düken aşılgan. Awıl sovet keñsesine telefon tüsirilgen. Jeke adamdar jazdırıp alatın gazet-jurnal köbeygen. Sawını, malı joqtarğa bir-bir eşki, buzaw, tana sekildi mal ülestirip bergen.

Bizdiñ üyge tiygeni täypigen qoñır qunajın. Keler jılı buzawlawı mümkün. Ol buzawlasa, quday bizdi jarılqaydı, özimizdiñ sütimiz, ayranımız boladı. Köjeqatığımız boladı.

May, qurtımız boladı.

102

Qazaqtıñ qarnı malmen ğana toğayadı.

Qoradan mal iyisi şıqqanniñ özine bereke kirip qalğanday boladı.

O sı jaz Qostöbede jappay otırıqşılanuw bastalğan. Jaña poselik – «töşke»saluw qolğa alınğan. Kiyikbay awılı men Nayza awılıniñ eki aralıǵı bos jatqanjazıq edi. Qazir sol jazıqta qıbırlağan köp adam balşıqtan kesek quyıp, eki päterli, eki-eki bölmeli, tüzüw köşedi eñseli üyler turǵızıp jatır. O sını awıl adamdarı «töşke» deydi.

Qabırğası qalanğan üylerdiñ sanı birtin-birtin köbeyip keledi. Işı-sırtın sılap, esik, tereze ornatsa, töbesin japsa, qazirgi qojalaq tamdardan on ese artıq, aq sarayday ädemi üyler bolıp şığadı. Nağız jaña awıl, mine, sol.

Biz, balalar, buğan quwanamız. Qalanıp bolğan üylerdiñ işin aralap, tamaşalap qaraymız da, Mınaw bizdiñ üy boladı. Mına üyge biz kiremiz dep, ülkenderdiñ atınan söz söylep, ton pişemiz.

Töşke saluw jumısı jaz boyına bir bäsenedemedi. Qayta, körşi kolxozdardan kömekşiler kelip, eki-üş aydıñ işinde onnan asa üy tizilip tura qalğan edi. Kün-derdiñ bir küninde bul jumıs toqtadı. Nege ekenin kim bilgen, qaytıp qolğa alınbadı.

Küz ötti. Köktem ötti. Jaña üyler sol küyde umıt boldı. Töbeleri jabılmay, esik-terezeler ornatılmay, qalıp qoydı. Bitpegen üylerge bir de bir adam köşip barıp, kirmedi. Jawın ezip, jel sabalap tozdırğan qabırğalardıñ üstinde zayaketken mol eñbektiñ joqtawşısı tärizdenip, suñqiyıp qarğalar otiratın boldı. Eşqanday paydağa aspay qurığan sol üylerge meniñ künibüginge deyin janım aşıydı.

At ornına adamdar jalañaş ayaqtarımın balşıq keşkeni, zildey awır kesektariq qabırğaları turbiñ-turbiñ etip, qayısıp qalap jatqanı meniñ köz aldımında.

Tüski üzilistiñ kezinde jurttı «köp otırıp qaldıñdar» dep bol, boldıñ astına alıp, şaq-şaq etken ökilder köz aldımında. Süyretpe şanamen balşıqqa qosatın saban tasıp, ıstıq künde tili salaқтаğan ögizder, emşektegi balaların köleñkege jatqızıp qoyıp, kesek quyıp jürgen äyelder köz aldımında. Mezgilimen embey,şır-şır etip jılağan jas säbiyeler meniñ köz aldımında.

Sonıñ bäri ne üşin? Qarğa-quzğınğa qonaqtap otiratın jar jasap berüw üşin be? Tekestiñ jarı da solarğa jetetin edi ğoy.

Aytpaqşı, bitpey qalğan sol köp jaña üydiñ birewi ğana paydağa astı.

Qostöbede Awğanbay deytin bala-şağası mol, kirme birew bar-dı. Älğiniñmenşikti tamı bolmaytın da, ärkimniñ şańırağın bir panalay, kün köretin. Qısqa qaray Awğanbay kesekten qalanğan eñseli üydiñ şetki birewisin öz küşimen jabadı da, kirip aladı. Awğanbay burın orıs arasında bolğan, üysaluwdıñ jön-josıgın biletin adam eken. Üyine biyik esik, ülken terezeler ornatadı. Işı,sırtın ädemilep sılap, äkteydi. Sonımen, Qostöbedegi eñ biyik, eñ körnekti üy Awğanbaydıñ üyi boladı da şığadı.

Jäne onıñ turğan ornı qanday? Kiyikbay men Nayza awılıniñ qaq ortasında, oqşaw. Töñiregi tap-taza kögal jazıq. Burqırağan şań, bıqığan köñ-qoqırdan oñaşa.

Narınqol jaqtan kele jatqan adamğa äweli Qostöbede birinşi bop jarqırap Awğanbay üyi körinedi. Awıladağı eñ täwirüy, ädette, ne keñse, ne mektep.

103

Qostöbege tosın keletin jolawşınıñ köbi keñse eken dep, endi Awğanbay üyine tüsip, şatasa bastaydı.

Söytse, keñse emes. Bıqığan jas bala, bıqsıp janğan ot. Awğanbaydıñ äyeli balabastı salaqtaw adam.

– Öy, keñse qayda? – deydi tañırqağan jolawşı.

– Keñse ana awılda!

Şatasıp jön surawşılardan Awğanbay balaları birazdan soñ mezi bola bastaydı. Endi osı üyge bettep kele jatqan tosın adam körse-aq aldınan jügirip şıǵıp:

– Keñse ana awılda! – dep, ayqay saluwdı olar ädetke aynaldıradı.

ŞAYTAN EKEN DEP GALSAM

Meniñ erteñdi-keş üyde, jas jeñgemniñ qasında küzet bolıp otıruwım Bázilge unamağan tärizdi. Bir küni ol mağan:

– Şöpke barasıñ, şömeleniñ atına minesiñ, – dedi. Şöp oruw – astıq oruw sekildi ol-dağı qarbalas nawqan. Şabındıq awıl mañınan alısıraq boladı. Şöp orağında isteytinder sonda tünep, sonda tamaqtanadı. Bägekeñ meniñ közimdi awıldan joyǵalı otır.

Qarsılasar mende şama joq. Brigadirge mingestim de, kete bardım.

Tekestiñ arǵı öñiri toǵaylı alqap,sazdawıt. Şöbi qalıñ. Şöp maşına erkindep jüre almaydı. Şöpti jigitter toǵay arasındaǵı alań-alañnan şalgımen şabadı. Maya salatın jerge şömeleni arqanǵa orap, atpen süyrep jetkizedi.

Atqa bala minedi, ol – men.

Maya saluwşı Jılcıqbay, meniñ eski «dosım».

Ortaqazan Tekestiñ bergi soltüstik qabağında, äri biyik, äri aşıq taqır jazıqta.

Toǵay arasında masa köp, bul arada az.

Külimbala endi üyde kündiz de, tünde de jalǵız özi.

Tünde men qosta jatıp, jöndep uyıqtay ayamaymın. Üydegi jas jeñgemdi oylaymın. Közim ilinip ketse, jaman tüster körem. Tüsimde Bázildi körem. Äne,ol şılımdı burq-burk sorıp, jeñgemniñ kerewetiniñ üstinde otır, Külimbala qasında. Ol da şılım şegip otır. Ekewi sıqılıqtap küle me-aw. Birin-biri quşaqtap, biriniñ awzına biri tütünürlep, oynay ma-aw. Men tör aldında ötirik uyıqtağan bolıp jatır ekenmin deymın.

Men endi şıdamaymın. Ayqay salıp, tura umtılğanda öz dawsımnan özim oyanıp ketem. Söytsem qos basında jatırmin. Qasımndağı adamdar qosa oyanadı. Jılqıbay mağan zekip ursa bastaydı: «Ne körindi ey? Birdeñe basıp jatır ma? Osı nemeniñ deni saw emes qoy deymın!».

Meniñ şoşıp oyanuwımdı ärkim är saqqa joriydi.

– Şeşesi tüsine kiretin şığar, – deydi birewler.

– Etpetinen jatıp, bastırılıp qalğan ğoy, – deydi ekinşiler.

Keyde şoşıp oyanğan soñ, qasaqana, äldeneniñ şalıǵı tiygen tärizdenip baqırıp jılay berem. Qos basındaǵılardı dürliktirip tügel oyatam. Talayǵa deyin jubanbay, älek qılamın. «Ne boldı? Ne tüs kör-

104

diñ? Aytşı?».

Men eşteñe de aytpaymın, üyge baram deymın.

Tüsime şeşem kiretini ol da ras.

Östi-östi men, şınında da, awru bola bastadım. Birden elge qattı renjisem, aşuwlansam, etim qızıp şığa keledi. Eki şekem solqıldap, basım awırıp, jatıp qalamın. Bunday kezde dünüyeniñ bärinen bezer bolam. När tatıp almaymın. Ayqay-şuwdı jaqtırmaymın, tek öli tınıştıqtı qalaymın. Basımdı tañıpalıp, jatqandı bilem. Ne uyıqtap tursam, ne qussam, sonda täwir bolam. Jurtendi meni:

– Bunıñ basınıñ saqiynası bar, – deytin boldı.

Künde tüste tamaqtanuwǵa Tekestiñ suwınan ötip, Ortaqazanǵa keletinbiz.

Ortaqazan masa az, döñes jerge tigilgen oqşawkiyiz üy. Muqamedidiñ Qant deytinäyeli tamaq jasaydı. Tanerteñ şay, keşte şay. Tüste keyde şay, keyde talqan köje.

Oqta-tekte ölgen maldıñ eti kelip qaladı. Tartqılasañ tis ötpeytin kökjasıq şandır.

Bir küni, ädettegişe tüski üziliske şıqtıq. Attılı-jayawlı şubap, Tekestiñ arǵı betindegi ortaqazanǵa kele jatırımız. Mässağan, bezgeldek! Toǵaydıñ işin qaptağan suw basıp ketken. Kökten tüsken suw emes, äriyne. Şildeniñ naǵız ıstıq kezinde taw basındağı qar aqıl-tegil eriydi de, Tekeske quyadı. Äñşeyinde mop-momaqan bolıp jatatın Tekes östip şarasınan asıp tasiydi.

Bügin kün erekşe ıstıq bolğan edi. Soğan oray Tekestiñ tasuwı da soyqan eken. Suwdıñ tüsi qızıl küreñdenip özgerip ketken. Toǵay işindegi suw munşa bolğanda, Tekestiñ öz arnasınan däl qazir kölik ötip bolmaydı. Attı da, adamdı da jañqa qurlı körmey, aǵızıp äketedi.

Şöpşiler Ortaqazanğa bara almay, kañtarılıp turmız. Ne istew kerek? Köpir tömen Qostöbeniñ tusında. Köpir aynalıp baruwğa tım alıs.

Mayaşı tört adam. Şömele satuwşısı tört-bes äyel jäne bar. Bärimiz on şaqtımız.

– Men barıp, tamaq äkeleyin. Suwdan öte alamin, – dedim.

– Qalay ötesin?

– Jüzip ötem. Jurt jamırap ketti: «Qoy! Sumen oynama! Ağıp ölesin», – deydi birüwler.

Birewler: «Ölgin kelse, bara ğoy», – deydi. Üşinşiler: «Bul ölmeydi. Tekestin suwı arıq emes pe, Berdibek balıq emes pe dep, beker ayıldı deymisiñ.

Barasin», – deydi.

Men baratın boldım.

Toğaydağı suwdın biraz jerine deyin atpen keşip keldim. Ärmen qaray tereñ, jumıstan qajıp jürgen arıq atqa senüw qiyın. Attı sol arada qaldırmaq boldım. Bar kiyimimdi şeşip, erdiñ üstine bayladım. Endi, mine, tır jalañaşpın.

Trusi mende joq-tı. Şalbarmen jüze almaysın.

Toğay işindegi suwdın özi kökiregimnen keledi.

Montiyıp jatatın Tekes kök dolı dariyağa aynalğan. Jüreksinip biraz qarapturdım da, qoyıp kettim. Qulaştay jüzip kelem. Özime özim senem.

Ağın kündeğiden qattı, mağan ırıq bergisi kelmeydi.

Jağa jaqın. Mine, qolım ilindi.

105

Tır jalañaş bolıp jağada turmın. Ar jağında jüz metrdey jerde kiyizüy. Ortaqazan. Onda qazır tım-tırıs. Suwdın bu jaq betinde isteytin basqa şöpşiler tamaqtanıp, tarap ketken.

Ne isteymin? Tapaydın tal tüsünde tır jalañaş qalay baram?

Barmay jäne bolmaydı.

Kiyiz üyge qaray jügirip kelem. Kim bolsa, sol bolsın, üyge tez kirip, qolıma ilikken kiyim, birdeñemen tänimdi bürkey qalmaqpın. Esik tüsirüwli, tım-tırıs. Üyge jaqındap qaldım.

Kenet, kiyiz üydiñ esigi jalbañ etip aşıldı da, qolında tegeşi bar Qant şığa keldi. Ol üyde jalğız eken. Tır jalañaş jügirip kele jatqan meni körip, şaytan körgendey baj ete qalsın!

Qolındağı qamır salğan tegeş qulap qaldı. Meniñ bögelip, tüsinsip jatuwğa uwaqtım joq. Toqtamastan üyge zıp berip, kirdim dekettim. Keregeniñ köginde Muqamedidiñ uzın şekpeni ilüwli tur eken. Üstime sonı jamılıp, dalağa qayta şıqsam, Qant joq. Söytsem jawlıgınıñ uşı jelbeñ-jelbeñ etip, anadayda bezip baradı.

– Qant! Qayda zıtıp barasıñ? Bul men ğoy! Qant senbegendey tañırqap qarap qalıptı.

Aqırı tanıdı. Uhlep, bırıbıq qolımen jüregın ustay beredi:

– Oy, quw şeşek! Tırday bop jügirip kele jatqanğa, qaydan bileyin. Şaytan ekendep qaldım.

Men külkige qarıq bolıp jatırмін.

Birer şını ıstıq şay işip, äldenip aldım. Endi ar jaqtağı şöpşilerge tamaqalıp qaytwım kerek. Qazanğa qarıp pisirilgen ülken bir jappa nan berdi Qant.

– Bunı qalay äketesiñ?

– Bir şüberек ber, soğan orap, arqama baylap alam.

Qanttıñ ülken qızıl şıt dastarqanı bar eken. qiynala turıp, äreñ degende sonı berdi. Dastarqanı ağıp ketip jürmesin dep, taptap ayta berdi. Bayqa, suw jaman, öziñ ağıp ketip jürme demeydi.

Suw boyına deyin Muqamedidiñ şekpenin jamılıp keldim. Qant anadayda qaraptur. Nandı arqama keltirip, dastarqandı moynıma baylap jatırмін.

Şekpendi sıpırıp tastap, suwğa qoyıp kettim. Jotamdağı nan suw bolmas üşin kewdemdi, mümkün bolğanşa, kötere maltuwğa tırısam.

Şöpşiler riza bolıp, qawjañdasıp qaldı. Töbemnen tögilip jatqan maqtaw sözder qanşama!

KÖNE ZATTAR MUZEYİ

Törtinşi oqımaqqa tağı da Sümbege keldim.

Nağaşım üyi burınğı tamda emes. Ol aradan köşip, basqa tamğa kirgen. Bülkeñ-bülkeñ etken köp qara kök qoyan bar emes pe? Eski üydiñ tübine solar jetken eken. Irgeden üñgip qazıp alğan qalıñ inniñ birinen bir küni tün işinde sarqırıp suw kire bastaydı. Tör aldında jatqandar dürkirep, şoşıp oyanadı. Şam jağıp qaraydı. Söytse, koyanekeñ indi qaza-qaza, üydiñ sırtındağı suw ağıp jatqan arıqqa jetken eken. Arıqtağı suw üyge qaray lap qoyğan.

106

Onsız da astı şılqıp jatqan suw tam endi turuwğa jaramsız bop qalğan.

Osıdan soñ atam qoyan atawlınıñ bäriniñ basın kesipti. Endi qoyan asırasam, eki közim jelkeme bitsin dep, ant işip otr.

Nağaşımdar otırğan qazirgi üy de burınğı üy sekildi üş bulıñ qorjınğa uqsas. Bir bölmede özderi turadı, ortañğı bölmede as dayındaladı. Kitap betindey ğanaoyıq terezesi bar soğan jalğas üşinşi bölme – qoyma. Onda är aluwan zat saqtaladı.

O, bul bölmede joq närse joq!

Qap-qap arpa, biyday, qısta jağatın otın (quwray, tezek) sonaw köşpendilik zamanda baspana etken kiyiz üydiñuwıq, keregeleri, kiyizderi. Eski er-turman, t.t. Qısqası, bul bölmede ne zat bar ekenin tügel sanap şıǵuw mümkin emes.

Odan da siz kiriñiz de, öz köziñizben köriñiz.

Mınaw üñireygen ülken quwıs – esik. Töbeñizdi soǵıp almay, eñkeyip, bayqap ötiñiz. Jarıq bul bölmege kitap betindey oyıq terezeden emes, negizinde, osı esikten tüsedı. Sırtqı esik jabıq bolsa, bunda tas qarañğı. Sırt esik aşıq bolsa, osınday alakewgim.

Qapa bolmay, az ğana sabır etiñiz. Kim de bolsa, közi üyrenip bolğansa östedi –ešteñe bayqay almaydı. Äne, endi körine bastadı. Anaw burıştaǵı tekşelep jiynalğan zat – tezek. Oğan qatarlas qattap tizip tastağan qalıñ baw – şiy-quwray. Bunıñ bäri Böpke apamniñ qısta jaǵu üşin tasıp jiynay bergem otın qorı. Anaw üyilip jatqandar älgi aytqan kiyiz üydiñ aǵaş, kiyizderi. Mınaw ülken fanera jäşikte un saqtaladı. Anaw kişirek jäşikte kebek, kebektıñ işi tolı jumırtqa. Toqtañız! Töbe jaqtı bayqap almay, ilgeri qaray baspañız. Onday aǵattıq isteseñiz, ökinesiz. Käne, joǵarıǵa qarañızşı! Belaǵaşıñ quwıs-quwısına, töbeni japqan sırgawıl men talǵa jıpırlatıp ilip tastağan, sümelenip şañbasqan Mınaw narselerdiñ bäri-bäri de qajet zattar. Qajet bolmasa da atam qajetdep, tastamay ilip qoyǵan. Eski besik, eski erdiñ kümistegen jügen-quyısqanı, awzı salpiyǵan eski bäteñke, eski pımanıñ qonışı, tot basqan kösew temir, sınıqşalǵı, sapsız oraq...

Joq, bul bölme qoyma ğana emes. Sembay äwletiniñ báz zamannan beri paydalanğan köne zattarın saqtaytın muzey tärizdi. Osındaǵı är buyım – är zamanniñ küwäsi, közi esepti.

– Ata, anaw besik qaşan jasalğan? – dep, surañızşı.

– Äkemnen qalğan besik, – dep jawap beredi Sembay atam.

Sonda bul besikte, eñ beri bolğanda, üş urpaqtıñ bala-şaǵası terbelip ösken.

– Al Mınaw qamşı şe?

– Jigit kezimde Böpkeni alarda osı qamşını ustap bargan edim.

– Al Mınaw eski kümis belbew?

– Bul äkemniñ äkesiniñ belbewi eken. Qayın atası zerger adam bolıp, oğan onı sol sıylasa kerek.

Qañsıǵan köne zattardıñ ärqaysısınıñ osınday ärige ketip jatqan tariyhı bar.

107

QAPASQA QAMALĜANIM

Künde keşqurım, öristen mal qaytatın kezde, bala-şağa tabınnıñ aldınan şığamız. Jan saqtap otırğan bir-bir siyırımızdı tosıp alıp, üyge aydap kelemiz. Ädette, ala siyirdi qarsı aluwğa Ramazan ekewmiz şığatın edik. Bir küni, Ramazan sırqattanıp qaldı ma, esimde joq, qolıma jıñışke bir şıbıqtı ustaysalıp, dağdı bolğan qızmetime men jalğız kettim.

Tabın Sümbeniñ sayınıñ işine jayıladı. Qarındarı şeñbirek atıp toyınğanmama siyırlar qara joldıñ boyımen şubap kele jatır. Buzawın sağınğan keybir şıdamsız qunajındar jıñışke dawsımen öñeşin soza möñirep, men kele jatırmin dep, xabar berip qoyadı.

Bizdiñ jasanıs ala siyır özin mañğaz ustaydı, jön-josıqsız möñiremeydi. Äne,ol ekewmiz birimizdi-birimiz alıstan tanıdıq. Mağan kele jatırsıñ-aw degendey ala siyır aldım tüsip, aydaluwğa beyimdele berdi.

Jalañaş ayağımmen joldıñ may şaın burq-burq keşip, qannen-qapersiz siyirdiñ soñında kele jatırmin. Qay jermen qalay jürüp otıruwdı ala siyirözi bileidi.

Jolda kolxozdıñ at qorası bar. Sol arağa kelgende, kenet, ağaştan mılıq,qılış asınıp, jasanıp alğan üş bala jaw körgendey elirip, qalqadan uralap şığa keldi. Üşewdiñ biri meniñ eski jawım Baymırza. Bular meni anadaydan körip, buğınıp tosıp turğan.

Qaraqşılar jolımdı bögep, qorşap aldı. Kewdelerimen qağıp, qılıştarın kötere ustap, qoqañ-qoqañ etedi. Baymırza buyırıp:

– Qayt keyin, – dedi.

– Nege?

– Bizdiñ köşemen nege jüresiñ? Ana öz köşeñmen jür.

Şataq izdegen Baymırzağa bul tek siltaw ğana. Jigitti namıs öltiredi. Jalğız bola tursam da aybarımdı saqtawğa tırısamın:

– Seniñ äkeñ salğan köşe me?

– Qayt degen soñ qayt!

– Qaytpaymın!

Baymırza men onıñ nökerleri endi sözden iske köşti. Kökiregimnen iyterip, tıqsırıp, küş körsete bastadı. Baymırza kewdemnen bir tüyip qalsa, men de birtüyip qalam. Ol eki tüyse, men de eki tüyem. Tüygen olay emes, bulay dep, esemdi jibernewge tırısam.

Jerde judırıqtay tas jatır eken. Sonı tez eñkeyip, ilip aldım. Al bālem, endimen-dağı qur qol emespin. Analar qılıştarımen uratın bolsa, men bas, közdemey taspen urwğa dayınmın.

– Al ura ğoy, – dep, Baymırza kewdesin aldıma tosıp, qasqaya qaraydı.

– Sen ur!

– Joq, sen ur!

– Sen urañ, men de uram!

Töbelesqoy Baymırzada ötkirlik te, şapşañdıq ta bar edi. Tas ustağan qolımnanqalay şap bergenin bayqamay da qaldım. Ekewmiz alısıp jatırmız. Baymırzamağan qarağanda süyektilew, äri küştilew. Ayt dese, şap berüwge dayın turğan eki kömekşisi tağı bar. Men lezde-aq üşewiniñ astında qaldım. Bir ayağımnan basıp, atamanniñ özi ör kewdeme atşa minip aldı.

108

Meniñ aşuwım şegine jetken. Berispewdiñ bar äreketin istep bağam. Bulqınıp, tıprılaymın. Baymırzanı jelkeden teppek bolam. Awzima ilikken jerin bökserip, tistep te almaqpın.

Biraq üşewdiñ atı üşew, älimdi keltirmeydi. Baymırza kewdemdi odan beter janşıp, eki qolımdı eki jaqqa tarbiyta jerge tirep, ustap alğan.

– Ağatay de. Jalın. Jalınsañ turam, – deydi. Basımdı kesip alıp jatsa, jalınarmın. Jalınbaq tügil, jeti ata, jeti babasınan tartıp, tilimniñ jetke-ninşe tuzdıqtap turıp boqtaymın. Quday küşti mol etip bermese de, qalaqayday aşçı til bergen. Baymırza men onıñ serikteriniñ ar-ojdanın pışaqşa tilgileytin nebir ayawsız uwıt sözderdi tawıp aytam. Ölgen-qatqan, tiri jürgenderinen birde birewin qur tastamaymın.

Baymırza men onıñ nökerleri odan beter egese tüsedı.

– Bir jip tawıp äkeliñder! İttiñ balasınıñ ayaq-qolın baylap, şuñqırğa tastayıq!

Nökerleriniñ biri qorağa kirip ketti de, jip tawıp äkeldi. Üşewlep, qolımdı artıma qayııp baylap jatır.

– Bayla! Bayla, äkeñniñ awzın... Bärıbir, tübinde öşimdi bir alamın.

At qoranıñ töñireginde bir kezde balşıq jasağannan qalğan tereñ apan şuñqırlar. Meni sonıñ birewine tastap jibermekke üşewlep süyrep äkele jatır. Ala siyır älginde artına birer qarap, bögelgendey bolıp edi, endi ol da körinbeydi. – Tastañdar! Tastap köriñder!

– deymın ses qılıp.– Şuñqırğa tastamay-aq, özin mına jäşikpen bastırıp tastasaq qaytedi?

– Durıs!

– Beri tart! Bastırıp tastayıq. Şığa almay jatsın, bālem!

At qoraniñ aldında astıq tasiytın ülken arbanıñ qalıñ taqtaydan istelgen zildey awır qorabı jatqan. Meni soğan bastırmaq.

– Bastır! Bastır äkeñniñ...

– Ağatay de! Ağatay deseñ, bastırmaymız? Ölip ketsem de, degenimnen qaytatınmen emespin. Qoraptıñ däl qasına meni etpetimnen sulatıp jıqtı da, Baymırza tizesimen mıqşınıday basıp turdı. Ana ekewi qoraptı op-oñay awnatıp, üstimnen kömip tastadı. Tabıtqa salınğan adam tärizdenip, awır qoraptıñ astında qaldım. Tek tumsıgımnen jer süzip jatırmin.

Jeñüwşi ärqaşan da mäs. Jeñilüwşi qor. Üş qaraqşı qoraptıñ üstine şığıp, tasırlatıp biy biyleydi. Tabandarınıñ astında jatqan meni mazaq etedi. Kenet tısirlap ötkinşi jawın jawa bastadı. Üş qaraqşı meni tastap, ketip qaldı. Birdeñe etip qoldarımı bosatıp alsam, qoraptı qalay da köterip, şıgar edim. İttiñ ğana küşigi Baymırza, bir bilegimdi bir bilegine qabıstırıp, ayamay, qattı baylağan. Qanşa julqısam da şeşilmeydi, kendir jip eki bilezigimdi qiyıp, awırtıp baradı.

Jawın bir mezette satırlap küşeyip ketti. Taqtaydıñ jariğınan üstime tamşıtama bastadı. Tamşıdan qaşıp, qoraptıñ bir qaptalına taqalıp, endi birqırımnen jatırmin. Bulay jatuw kişkene jaylıraq körinedi.

Tiri bolsam Baymırzadan, qalay da, öş alatınım dawsız. Onıñ mına körsetken qorlığı esimnen, sirä, kete qoymas.

109

Jawın basıldı. Qaraqşılar tobınan xabar joq. Siyır aydağan bala-şağa mana-aq ketip qalğan. Töñirek endi tım-tırıs. Ayqay salıp, baqırğanmen eşkim esti qoymaydı. Jaqın mañda turğın üy de joq.

At qora qazir iyesiz. Kolxoz munda jumıs köligin tek qısta ustaydı. Baymırzalar özderi kelip bosatqanşa, şıdap jatqannan basqa laj joq.

Al olar kelmese şe? Erteñ tañerteñ üy işi meni qayda joğalıp ketti dep, izdey bastağanda bir-aq kelse şe?

Men özimdi batır boluwğa dayındap jürgen adammin. Eger patşa kezinde ädilsizdik zamanda tuwsam, onda revolyutsiyoner bolar edim dep oylaymin. Revolyutsiyonerler ottan, suwdan qorıqpaydı. Aylar, jıldar boyına qol-ayağı kisendelip türmede jatadı. Aş-jalañaş boladı, neşe türliqiynaw köredi. Sondada duşpandarınıñ aldında tize büğüwdi,

jalinuwdı bilmeydi. Öz degenderinen qaytpaydı. Ölimdi qasqayıp, betine tükirip qarsı aladı.

Sol üşin de revolyutsiyonerlerdiñ attarı tariyhta mäñgi qaladı.

İyä, men patşa kezinde tuwmağanıma ökinemin. Ol kezde tuwsam, qazir atım tariyhta jüredi. Balalar men tuwralı oqıp, meniñ erlik isterime tañırqasadı.

– Netken batır adam! – dep, bas şayqasadı.

– Netken qaysar!

– Netken tözimdi!

– Men, quday aqında, munşa azapqa tözbes edim. Şınımdı aytqan bolar edim, –deydi keybir janı tättiler.

Meniñ ruhim, meniñ äruwağım bügingi jas urpaqtın arasında qızuw talas tuwğızadı.

Men olarğa kitap betinen tek külimsirep qarağandı bilem.

Osı kezde bizdiñ Atımtaev deytin ağa pioner vojatıyımız bar, qaltañdağan taramıs arıq qara jigiti. Öz jumısına janın saladı. Sabaqtan tıs uwaqıtta bizge maza tapqızbaydı.

Künde tañerteñ mektepke sabaq bastalardan jartı sağat burın kelemiz. Atımtaev tañ asıp şıqqan atşa bizdi silañ urıp qarsı aladı. Mekteptiñ aldındağı aşıq alañğa tizip turğızadı da, dene şınıqtıruw jattıǵuqların jasatadı. Jügirtedi. Keşigip qalsañ, nemese kelmeseñ, o, onda ol äkeñdi tanıtadı. Mäseleñdi pioner jiyinında qaraydı.

Atımtaev sayasatsız bir awız da söz söylemeydi.

Pioner jiyinında ne mäsele qaralmasın, Atımtaev äñgimeni 1917 jıldanbastaydı. Tap tartısı. Lenin, Oktyabr revolyutsiyası. Barlıq sözdñ tüyini mine, osıǵan kelip sayadı.

– Patşa zamanı bolsa, sen oquw oqımaq tügil, qoy bağıp, qul bop jürer ediñ. Osını nege tüsinbeysiñ? Fizzaryadkağa nege keşigesiñ? Uyıqtap qappın degen desöz bola ma eken? Burıñǵı zaman bolsa, bay seni tañ bozarıp atısımen oyatıp, malğa quwar edi. Uyqı qanbaw degenniñ ne ekenin sonda anıq, biler ediñ! – deydi Atımtaev. Endi az jıldı bizden başka elderde de revolyutsiya boladı. Kapitalizm jer betinen müldem quriydi dep. Atımtaev kün demey, tün demey qulağımızǵa siñiruwmen bolatın edi. Yağni, revolyutsiya äli bitken joq.

Revolyutsiyaniñ kökesi äli alda! Ol dñniye jüzilik proletariat revolyutsiyası. Men, tım qurısa, soǵan qatıssam dep armandaymın. Osıǵan iştey dayındalıp jürgen adamмін.

Qoraptıñ astında jatıp, özimdi özim sınaymın. Qiyınşılıqqa töze alam ba, töze ayamaymın ba? Mina tar quwıs patşanıñ türmesi bolsın.

Men batır revolyutsiyonermin. Al, Baymırzalar meni azaptawşy jendetter. Men olarğa eşuwaqıtta da jalınbaqşy emespin. Özderi bosatpasa, qıñq demesten jata berem.

Bir kün tügil, bir ay jatsam da şıdaymın.

Qayta olar kelmese eken, bosatpasa eken dep tileymin. Öytkeni talaydan köksegen armanına jetken adamın.

Kün keşkirip, qarañğı tartıp baradı.

Bir kezde birewdiñ kele jatqan dıbısı estiledi. Söytsem, Qasımqan eken. Meniñ qamawğa tüsip qalğanımdı jendetter özderi aytqan.

Qasımqan olardı boqtay jürüp, meni türmeden bosatıp aldı. Özimdi özim aqırına deyin sınap körüwge mümkindik bolmay qaldı.

ÖLEM-AW, ÖLEM!

Baymırzanıñ ızası äbden ötip bitti. Bir emes, eki emes, üş ret ol mağan bilgenin istedi.

Birinşi ret osı mektepke alğaş kelgen küni şalqamnan omaqastıra jıǵıp, miyımdı awzıma tüsire jazdadı ma? Jazdadı. Ekinşi ret qırwar aqşağa satıpalğan jibek belbewimdi şasağın kesip, isten şıǵardı ma? Şıǵardı. Üşinşi ret, bügingi istep otırğan isi jāne Mınaw. Künbe kün ol ekewmizdiñ aramızda talay bolıp turatın usaq-tüyek teke tirester bul esepke kirmeydi.

Joq, men buğan töze almaymın – Baymırzanı şeksiz basındırıp qoya almaymın. Şeşem meni tuwğanda da qalja jegen. Meni de ul dep tapqan. Baymırzadan qalayda öş aluwım kerek.

Basqalardı qaydam, al meniñ qayda jürsem añdısqan bir jawım boladı. Qostöbedegi jawım Janbosın edi. Munda kelip, Baymırzanı taptım.

Baymırzadan qalay da öş aluwım kerek. Qalay alam?

Baymırza jalğız jürmeydi, ılgıy da soyl soǵar nöker jiyip jüredi. Endeşe mağan da nöker kerek.

Bir nökerim dayın, ol – Ramazan. Tek azdap jüreksizdew.

Taǵı bir nöker taptım, ol – Irgebay.

Irgebaydıñ üyi bizben körşi. Äkesi Jappar qart adam añ awlap küneltedi. Şeşesimeniñ şeşem tärizdi o dünyeye sapar şegip ketken. Eki äpkesi bar Irgebaydıñ. Ülken äpkesi boyjetken, soytalday qız. Osı üydi üy etip otırğan sol. Kişisi men quralıptas.

Irgeş bizden kişi – ekinşi oqıydı, Bizdiñ köşede Irgebaydan quw, Irgebaydan şaqarbala joq. Janıña kelse, denesindegi miñ bir qurtı jıbırlap, tiyiskisi kep, qutırınıp turadı.

Tiyispey qoymaydı, tilimen bolsa da şağıp aladı. Bükil Sümbede boqtasuwğa Irgebaydan şeber bala joq.

Añşılıqtan özge käsibi joq Jappardıñ xal turmıstarı naşar-aq. Eki bölme üydiñ awız bölmesin jawıp aluwğa küşteri kelmeydi. Qar jawsa, jawın jawsa, awız üy tolarsaqtan saz bolıp jatadı. Sonda özderi törgi bir ğana bölmede

111

turadı. Tamaqtı sonda işedi, otın-suw da sonda saqtaladı. Jalğız siyirdiñ buzawı sonda baylanadı.

Äri üy, äri qora.

Esikti aşıp kep qalğanımızda, jaman bir iyis kewdeñizden soğıp kirgizbeydi.

Irgebay, mine, osı üydiñ turğını. Tañerteñ turğan soñ Irgebay juwına ma, juwınbay ma, bilmeymin. Al biraq onıñ qolı men moynına, qulağıñıñ işine jerjoqta, kartop ekse bolar edi...

Irgeştiñ denesinde qısı-jazı, negizinen, eki-aq kiyim boladı: qap jeyde, taqırteri şalbar. Eki ayağı altı ay jaz jalañ ayaq. Aldına jan salmay, zımırıp jügirgende, taqır şalbar qawdır-qawdır etip, mañayda jayılıp jürgen maldı ürkitedi.

Irgebay oyun izdep (äri şataq izdep), Ramazan ekewmizge kelüwşi edi. Birinşi bop özi tiyisedi, ülken eken dep, bizden jasqanuwdı bilmeydi. Biz ekewlep Irgebaydı jıǵıp salamız da, ayamay mıtıp-mıtıp alamız. «Ağatay, ağatay! Endi öytpeyin de, büytpeyin», – dep, ol astımızda jatıp, ant-suw işip, jalınadı.

Bosatsañ, perip urıp jöneledi. Jäne jay qaşpay, jer-jebiriñe jetip, boqtap bara jatadı. Äkeñiñ awzı... kem iyek! Kemtar iyek! Kesilip qalğan sor iyek dep, neşe saqqa jügirtip, şubırtıp boqtağanda, şıdap turuw eş mümkin emes.

Tura kep qaşqan Irgebaydı biz tura kep quwamız. Ayağı ayağına juǵıspay, buldırañdap jügirgende, teri şalbar mıqımına tüsip ketedi. Ol onıñşırınan eki qoldap şeñgeldep ustap aladı. Jetseñ, tülkişe bult-bult etip, oñaylıqpen ustapay ıza qıladı. Äbden qutılmasın bilgende ğana kün ilgeri oybaylap, laqtırğan tumaqtay bop, domalap jata ketedi.

Köldeneñ qarağan adam tört müşesiniñ birewi qiyrap jatır eken degendey. Oybaylağan dawsı «qudayğa» jetedi.

Irgebaydı tağı da mıtıp-mıtıp alamız, ol ağataylap tağı jalınadı. Endi odan müsäpir, odan könbis jan joq. Ayt degeniñniñ bärin qaytalap aytadı.

– Ağatay de!

– Ağatay!

– Köketay de!

– Köketay!

– Endi tiyissem, it, şoşqa bolayın de!

– Endi tiyissem, it, şoşqa bolayın! Doñız bolayın! haywannıñ işinde eñ jamantağı ne bar? Sonıñ naq özi bolayın! – dep Irgebay artıgımen qaytalaydı.

Irgebaydın boyındağı bir qasiyet odan tayaq ötpeydi. Bükil denesi et pen süyekten emes, temir pruwjinadan jasalğanday. Urıp jatsañ, birese oybaylaydı da, biresesaq-saq küledi. Mazağı, jalınğanı bəri birdey. Şımbayına batırıp, meylinşe qattı urayın deseñ öziñniñ qolın awıradı.

Araz kezimizde biz onı «apar-jappar...» dep, keleke etemiz, isimiz tüsse, Irgeş dep, erkelete qalamız.

Men mine, oğan Irgeş dep qiyılıp turmın. Mağan nöker bol, oñbağan Baymırzalarğa biz äli tanıtamız. Olardıñ qaruwları qaruw ma, täyiri. Biz nağızatılattın qaruwdıñ özin jasap alamız deymın.

Şataqqumar Irgebayğa tamaq bermeseñ berme, töbeles tawıp ber. Ol meniñusınısıma quwana-quwana kelisti. Ramazan men Irgebay nöker, men komandır. Endi tek qaruwlanuw qaldı.

112

Şındap qaruwlanuw.

Kädimgi tars etip atılattın nağanniñ özin jasamaq boldım. Bälem Baymırzaniñ üreyin mıqtap bir uşırmaqpin. Közdep atıp, jazım qıp, pälesine qalıp jürmeyin, äriyne. Basınan asıra gümp etkizsem de eki közi alaқanday bolmay ma?

Meniñ atağı jer jarğan konstruktordıñ iyıǵında turuw üşin jaralğan tapqış basım şın nağandı qalay jasawğa bolattının op-oñay-aq oylap taptım.

Atamniñ köne zattar «muzeyinde» bel ağaştı şıbıq tärizdi jiñişke, işi quwıs mıs tütikter qıstıruwlı turattın. Sonıñ birin dünüyeqor qartqa bildirmey jimqırdım da, nökerlerimden birge üy mañınan awlaq oñaşa ketip, iske kiristim. Tütikten bir süyemdey kesip aldım. Bul bolaşaq nağanniñ stvolı. Ağaştan istelgen oynışiq nağanniñ üstine älgi stvoldı eki jerden simmen buwıp bekittim. Stvoldıñ tüp jağı qayırıp japırılğan, bitew. Däri awzınan salınadı. Tübine taqaw aradan egewmen egep, tebenniñ közindey tesik jasadım. Därige osı aradan siriñkemen ot bermekpin. Sonımen, kisi öltirüwge jaraytınsustı qaruw op-oñay dayın boldı.

Irgebay taqır şalbarın qawdırlatıp, üyine jügire jöneldi de, añşı äkesiniñoq-däri saqtaytın qobdiyınan bir uwısqa juwıq däri urlap äkeldi. Şırpınıñ kükirtin uwatıp salsa da atılar edi. Mümkindik bop turğanda şın därimen atqanğane jetsin!

Stvolğa äweli şaqtap däri salındı. Odan soñ qağazben tığındaldı. Oq ornına birneşe tüyir tas salındı. Jäne tığındaldı. Endi aybındı qaruwdı tek atıp sinaw ğana qaldı.

Üy mañınan alıs ketip atpasaq, atam estip, sezik aluwı mümkün. Ülgiliniñ bas jağındağı jaman tamdarğa qaray kele jatırmız. Qur dalağa atpay, sawısqa, qarğa atıp, mılığımızdıñ keremet küşin közben körip bilgenşe asıǵıspız. Sodan keyingi kezek meniñ ata jawım Baymırzaniki.

Awıl mañında ne köp – qarğa köp. Jarbiyğan bir qarğa tamniñ qırında arı qarap qonaqtap otır. Bizden sezik alıp, uşayın demeydi. Bizdi tipti adam ornına oqınbaydı. Şaması otız metrdey jaqın kep, tura qaldım.

– Al at!

Äskeri adamdardıñ tik turıp, nağan atqanın körgenim bar. Solarğa uqsap, bir ayağımı alğaraq jiberip, közdep turmın. Irgebay men Ramazan ekewi eki jağımda. Qarğa tipti selt etpeydi. Tiygizbey qal dep, meni keleke etkendey jalpiyğan jonarqasın qayta tosa tüsedi.

Stvoldıñ tüp jağına, tesikşeniñ däl awzına taqap bekitilgen şırpı talinsiriñke qorabımen süykep kelip qalayın. Bjt!

Budan soñ ne bolğanın esime alsam, küni büginge deyin denem türşigedi. Jarqetken qızıl jalın beti-basımdı kömip ketti. Nağan ustağan qolımdı äldekim keremet qattı küşpen artqa qaray serpip laqtırıp jiberdi. Közimdi tars jumıp, mäñgirip turıp qaldım.

Közimdi qaytadan aşsam, kök ala tütinniñ işinde tur ekenbiz. Barmısıñdar, tirimisiñder degendey eki nökerime qaraymın. Bar, tiri, biraq ekewiniñ de türleri tür emes. Közderi baqırayıp, bop-boz bop, qandarı qaşıp ketken. Siya şaşırağan tärizdi şup-şubar birdeñe betterine juǵıp qalğan.

113

Meniñ qolımdağı nağan qayda? Nağan joq. Nege ekenin bilmeymin, jarbiyğan jaman qarğa ölmek tügil eşteñe de bolmağan. Anadayda qalbaqtap uşıp bara jatır. Artına jaltaqtap qarap qoyıp uşadı. Ölmese, ölmesin, zäresi zär tübine ketip, qorıqtı.

Nağan tabıldı. O, ğalamat! Jerde jatır, stvoldıñ ornında ottan suwırıp alğanmıj-tij jaman qara temir...

Birtindep esimizdi jiyıp, birimizdiñ birimiz ne bolğanımızdı zerttep, qarap jatırmız.

Irgebaydın şekesin oq sızıp ketken, bolar-bolmas qan şığadı. Qolına juqqanqandı körip, derew jılap jiberdi.

– Öy, nege jılaysın?

– Ölem-aw, ölem! – deydi Irgebay.

– Osığan da kisi öle me eken?

– Oq tiygen adam ölmegende...

Irgebay jılap-jılap basıldı. Sirä, ölmesine közi jetse kerek. Biraq onıñ esesine:

– Men sağan nöker bolmaymın! – dep, üzildi-kesildi bas tarttı.

JOL ÜSTİNDEĞİ KEZDESÜW

-Almatıdan oquwdan aña kepti. Sağan bastan-ayaq jaña kiyimder äkepti!- degen, men üşin dünyede teñdesi joq, quwanıştı xabar jetti. Özimdi qoyarğa jer tappadım. Qostöbe qaydasın dep, jayaw tartıp jöneldim.

Qol köterseñ, biri bolmasa biri toqtay qalatın qazirgidey maşınanıñ ağılıp jatqan kezi emes. Arbanıñ özi siyrek. Dalanıñ tösin şubalıp tilip ötken şañdawıt qara jolğa tüsip ap, jalañ ayaq tartıp kelem.

Bastan-ayaq jaña kiyimder... Ne kiyimder ekenin tez barıp körgeñse ıntıqpın. Üstimdegi Mınaw jaman salabalardan qutılattın, mağan da jaña kiyimder kiyetin zaman boladı eken-aw.

Mektepke barmağan kezim. Şeşem qızıl ala şıttan qolmen köktep, jeyde tigip bergen. Sonı kiyip, quwanıp, körşilerden bayğazı surap jürmin. Janbosın kezdesse ketti. Meniñ maqtanış etken jeydemdi nusqap:

– Qızteke, qızteke! – dep keleke ete bastadı. Men äweli tüsinbedim. Söytsem, qızıldı tek qızdar kiyedi, sen endi qızsın degen sözi eken.

Maqtanuwdıñ ornına, sosın, qorlanatın boldım.

Eski bılğarı etiktiñ qonışın bastatıp, ayağıma şapşaq etik tikkizip bergen. Älgini kiyip, qur at mingendey jetisip quwanğan edim. Jas kezimnen osı eki waqıyğamenıñ esimde qalıptı.

Budan basqa jaña kiyim kiyip quwanğanımdı bile qoymaymın.

Söytip, Qostöbege jayaw kele jatırmin.

Bul, sirä, oktyabrдің işi boluwğa kerek. Aspan sol küni qubılıñqı. Jentek-jentek tüsi suwıq sur bulttar şığısqqa qaray awır sırgıp köşüwde. Bult qarası birtin-birtin qalıñday

tüsetin tärizdi. Meniñ bet aldımnan ızbar jel soğadı, omırawımnan kirgen jel qoiyn-qoltıǵımdı aralap, denemdi titiretip ötedi.

114

Qara sur bulttar äri tünerip, äri tömendep keledi. Äne, tısırlap tamşısı tama bastadı.

Men bul kezde Sümbe men Uştıñ däl eki arasında qara molanıñ jelkesinde kele jatırmin. Aydala. Joldıñ astı-üsti qulazıǵan añız. Jañbırdıñ tısırlawı jiyiley bastadı. Qulaǵımdı, mañdayımdı tamşılar sap-salqın bolıp şertip-şertip ötti. Bir tamşısı tämpiş murnımnıñ uşına tiydi.

Jañbır lezde nöserge aynala bastadı. Üdep, köp jawatın türi bar. Ne isterimdi bilmeymin, jaqın mañda jügirip barıp, bas sawǵalar pana joq.

Ne bolsa da köndim.

Nöser de eşteñe emes eken. Tamşısı ornına aspannan barmaqtaı-barmaqtaı burşaq tüse bastadı. Naǵız masqara endi boldı. Tüye qumalaǵınday köksoqta şımır burşaqtar jerdi tütüp, tesip jibere jazdaydı. Bas kiyimsiz şekege döñete qaluwı taspen urǵannan bir kem emes. Beşpentimniñ jaǵasın eki qoldap sozıp, qulaqtardıñ bürkeymin. Taqırayǵan töbem sonda da aşıq, burşaq ekilenip töbeme, qolımnıñ sırtına kelip soǵıladı. Qolı qattı birew ayamay şertip jibergendey tız etkizedi.

Bul da eşteñe emes eken. Kelesi birneşe minuttıñ işinde jer beti burşaqtan appaq aq qarǵa aynaldı. Jalañ ayaqpın ğoy! Endi qalay jürem? Qar-burşaqtıñ suwıqtıǵı muzday, tabanımdı qarıp, öltirip baradı, ızǵarı şekemnen şıǵadı. Aq körpesin jerge tösep tastadı da, burşaq basıla qaldı. Seldiregen suyıq bulttıñ arasınan jarqıraǵan kün körindi. Odan maǵan ne payda? Jol şetindegi biyik bir şeydiñ ıq jaq tasasında alaqanday qara jerde bürisip, jan sawǵalap turmin. Düniyeni sel alǵanda bir tüyir tomarǵa şıǵıp aman qalǵan qoyan tärizdimin. Endi mına jolmen kim öter eken? Meni mına awır xalden kim qutqarar eken?

Eger eşkim kezikpese, qaşan burşaq erip, jol qarayǵanşa östip tura bergennen özge laj joq.

Biraq kezdespewi mümkin emes. Bul aymaqtaǵı ülken jol tek osı. Xalıq üzbey qatnap jatadı.

Ura! Men netken baqtıttı edim! Quday meni öltirmeyin degen eken. Sümbe jaqtanbir attıq arba zırlatıp keledi. Uşqa toqtamay, Qostöbege birden baratın arba bolsa iygi edi.

Arba jaqındap qaldı.

Uşqa barsa da mağan bäribir. Uşta Zäwre jeñeşem men Qağaz ağa bar. Sol aradaşay işip, jılınıp, joldıñ qarayuın tosam.

Arbağa biyik qara at jegilgen. Jalğız adam. Joldıñ awırlıǵın elemestey ekpindep qattı kele jatır. Yağni, jügi jeñil. Men arbanıñ aldın torıp, jolğa qaray jügirdim. Kim de bolsa, meniñ mına xalimdi körip, otırǵızıp alatınına senimim kämil.

Ressorlı jeñil arbanıñ üstinde mağan qodiya qarap otırǵan jas öspirim, söytsem, Janbosın! Meniñ eski jawım, äri jerlesim. Astında arbanıñ ön boyına qarayuzınınan sulatıp salıp qoyǵan bir qap unı bar. Sümbege diyirmenge barıp kele jatqanın birden bildim. Janbosın meni tanıp, toqtar emes. Atına odan beter qamşı basıp, zırlatıp öte şıqpaq. Men aq burşaqtı jalañ ayağımnen şalp-şalp keşip, arbadan qalmaq, jalınıp jügirip kelem:

– Aǵatay, Qostöbege deyin ala ketşi!

115

– At tarta almaydı, ayamaymın.

– Aǵatay, qaraşı, ayağım üsip ketetin boldı!

– Üsise qaytuwşı em? Jalañ ayaq nege şıǵasıñ?

– Aǵatay, söytşi!

Men endi Janbosınnan ruqsat kütpey-aq arbağa art jaǵınan jabısa bastadım. Janbosın öñin suwıtıp:

– Tüs! Tüs! – deydi.

Men tıñdamadım. Meni biraz bürseñdetip jügirtkisi kelgen oyını şıǵar depoyladım. Arbanıñ kindik aǵaşına minip te alǵan edim.

– Tüs deymın! Uram! Tüsesiñ be, joq pa?

Men äli de bolsa Janbosınıñ dombıtıwı şıǵar dep, tüspedim.

Söytsem, älgı iyt naǵız jansızdıñ özi eken. Şubalǵan arba qamşımen tartıp kelip jibersin.

Juqa kiyimniñ sırtınan şıp etip, osıp tüsti. Janıma batıp ketti.

Bul az degendey taǵı urǵalı keledi.

Amalım joq, arbadan sekirip tüsip qaluwğa mäjbür boldım. Janbosın endi qarqıldap külip ketip baradı.

Tilim jetkenşe sıbap boqtap jatırmin.

Anaday uzaǵan soñ Janbosın atınıñ basın tejep, toqtayın dedi. Mağan qarap dawıstadı:

– Kel otır!

Bäse, ala ketpey ne körinipti, Qap, boqtawıma sıǵıstaw bolǵan eken-aw!

Arbağa qaray jügirip kelem.

Jaqındap qaldım.

Janbosınnıñ bul mazaqtawı eken. Kenet, men jetkenşe, atına qamşı basıp, quwa jöneldi. Men aq burşaqtıñ üstinde aqımaq bolıp, bürseñdep qala berdim. Tağı da bir şiydiñ qarayğan tübin basıp turmın. Tabanıñ men sawsaqtarım burşaqqa toñıp, qıp-qızıl bolıp ketken. Tızıldap, aşıp, janımdı közime körsetedi. Şirkin-ay, tım qursa, bas kiyimim bolar ma edi. Oylanıp-tolğanbastan, ayaqtarımdı soğan orap, jılıtar edim.

Kenet, Sümbe jaqtağı oydan bir salt attı şığa keldi. Börik, şekpen kiygen egde adam. Astındağı biye bolsa kerek, siypap qana qamşılanıp, bülkek jelispen keledi. Nağasımdardıñ Üseyin deytin jamağayımı boluwşı edi, sol eken.

Üseyin meni müsirkep ketti, artına mingesirip aldı. Toñğan ayaqtarımdı şekpeniniñ uzun eteklerine orap, biyeniñ mayda jelisimen lezde Uşqa alıp keldi. Uş qup-qurğaq, bul arağa burşaq ta, jawın da tambağan.

JAÑA KIYIMDERDEN KÖRGEN AZABIM

Bastan-ayaq tügel bolmasa da, ağayımniñ mağan biraz sırttıq kiyimler äkelüwi raseken. Teri jağalı qıstıq bobrik palto, kaloşimen jaña sur pıma äkelgen. Jüni sabalaqtaw malaqay alıp kelgen. Jazda kiyimniñ bar, joğı onşa bilinbeydi, jalañ ayaq, jalañ bas şapqılap jüre beresiñ. Kiyimi joq adamniñ qor bolıp bitetini qıstıgünü. Ağayım mağan kiyim satıp alarda köpten-köp osını oylağan.

116

Ömiri kiyim kiyip jarımağan, bazar kiyimin iyığına da ilip körmegen men bayğusta quwanğannan es qalmadı. Paltonı da, malaqaydı da, pımanı da (äriyne kaloşimen) kiyip alıp, bılay-bılay jürüp qaraymın. Jaña kiyimniñ atı jaña kiyim, üstime qonımı da, deneme sezinüwi de müldem bölek. Aynağa qarap, özimdi özim tanımay qalğanday bolam. İyä, adam körki şübere, ağaş körki japıraq dep, beker ayılmağan. Kündegi jarbiyğan jaman emespin, süykimdi äp-äde mi bolıpşığa kelgem.

Şirkin-ay, däl qazir dalada qıs bolsa dep tileymin. Qar borap, ayaz şıtınap tursa. Mına kiyimdermen ayağımdı şirep basıp, köşege şıqqan bolar edim.

Jurtqa körsetip, maqtanar edim.

Jer qara, kün jılı kez. Bul kiyimdermen qazir köşege şıqsam, maqtanşaqtıñ özi bolıp qalamın.

Üstim köpsip, terlep baram. Jaña kiyimderimdi sonda da şeşkim kelmeydi. Malaqaydñ qulağın birese tösirip, birese türüp kiyip qaraymın. İyâ, endi mağanqıstñ qandayı da qorqınıştı emes.

Tösekke jatqannan keyin de oylağanım: ağayım äkep bergen jaña kiyimderim. Üyde jeke özim bolsam, men olardı kiyip jatıp uyıqtawdan da tayınbas edim.

Almatıda oqığan birneşe aydñ işinde-aq Satılğan ağayım kädimgidey özgerip, mädeniyettenip qalğan. Aq jeydege galstuk tağatın bolğan. Galstukti awılda tekbalalar tağadı jäne qızıl galstuk. Al ağayımñ moynında kök ala galstuk. Men üşin bul söleket bolıp körinedi.

Awıldağı kempir-şaldar Satılğanğa üdireye qarasadı. Qay biri qasına şaqırıp alıp:

– Qarağım, moynıñdağı ne zat? – dep suraydı. Ağayım külip jawap beredi:

– Bul galstuk.

– Oqığan balalardıñ bäriniñ moynına östip baylap jibere me?

Şın suraq bolsın, kekesin suraq bolsın, Satılğan aşuwanbaydı. Odan beter küle tösip, durıstap jawap beredi. Qalada galstukti jurttñ bäri tağatın, magazinde erkin satılattın aytadı. – Kempirler awızdarın sılp etkizip:

– Qurıp qalsın, iyt qusatıp adamğa qarğı baw taqqanı ne sän eken, – deydi.

Mundağı jurttñ uğımında galstuk tağuw ol ökimetşi boluwdıñ, komsomol boluwdıñ jäne bir mıšan-belgisi tärizdi. Eskilik salt-sanadan alşaqtaw, orıstanuw. Äsirese, qarttar jağı Satılğanñ bul minezin qup ala qoymaydı. Qalada ağayım ärqiyli bolıp suretke tösken, öziniñ birtalay suret-kartoçkaların äkelgen. Tör jaq burısta üstine kitap jurnal jıynalğan stol baremes pe? Sol tusqa qabırğağa gazet qağıp, gazetke birsıpıra suretterdi şet-şetin kirgizip ilip qoyğan.

Üyge kelgen qarttar osı suretterge köp üñilip qaraydı. Adamnñ özinen aynıtıpaydı eken dep, ğajap qalıp, bastarın şayqasadı. Orıstan öner qalğanba, degen tärizdi sözder aytadı.

Men äli künge suretke tösip körgen emespin. Kolxozlarda suret tartatın adam joq. Suret ketüsuw, qağaz betinde tür-tösım qanday bolıp şığatın körüw - olmenin añsawlı armanımñ birewi.

Kim de kim suretke tösse, men onı baqıttı dep qaraymın. Satılğan ağayım mine, baqıttı.

117

Sümbege jayaw qayıp kele jatırmın. Ağayım äkep bergen jaña kiyimderimdi tügel orap, köterip alğam. Ağa-jeñgem:

– Qazir kün jılı, bäribir kiymeysiñ, tastap ket. Soñınan qatınağan adamnan berip jiberemiz, – dep edi. Könbedim. Ölgende körgen kiyimderimdi közimnen tasaetip, şıday alatın emespin.

Nağaşılarıma körsetip, maqtanğaşa jäne asıqtım.

Künbügin jılı, jarqırıp tur. Aydala, qara joldıñ üsti. Ne aldımda, ne artımda menen basqa qıbir etken pende joq. Mınaw elsiz dalada jaña kiyimderimdi tağı da tügel kiyip alamın. Tağı da qaqağan qıs bolıp turmağanına ökinemin. Eki qolımdı qaltama salıp, biraz jer jürüp baram. Sodan soñ jügiremin. Qudaydan qıstıñ tez tüsuin tileymin.

Jaña kaloştıñ izi jolğa mör basqanday bolıp tüsedi. Men oğan üñilip tamaşalap qaraymın. Bir kezde Janbosınnıñ ayağındağı bujır taban bäteñkeniñ izine sonşa qızığatın edim. Men üşin ol qol jetpes arman edi. Söytsem, armanı qalay orındalğanın adam bilmey de qaladı eken.

«Ağası bardıñ jağası bar» degen ras söz-aw. Men osı jolı Satılğan ağayıma şeksiz razımın.

Ömir boyı osınday därmensiz balalıq xalde turıp qalmaytın şığarmın. Men de ösip, erjetermin. Mal tabarmın. Sonda ağayımniñ osı jaqsılığın on ese, jüz ese qaytarmasam iyt bolayın.

Sonaw köz uşınan adam qarası körinse, üstimdegi kiyimderimdi derew şeşem de, orap alam. Kün jılı, jer qarada qıstıq kiyimden qorbiyğan qanday esuwas demey me?

Birazdan soñ şarşay bastadım. Qalıñ palto, pima, malaqay, kaloş – jayaw adamğa birsıpıra jük eken. Sümbege qas qaraya äreñ jettim.

Meniñ bir quşaq jaña kiyimler arqalap kelüwim nağaşım üyindegilerge ğajap äseretti. Ramazan men Qasımqan işteri küyip qaraydı. Däl sol küni Sümbede Qali deytinniñ üyinde toy bar eken. Toy dese, quw bas domalaydı. El şubap ketip jatır. Mundağı jurtaqa şaqırğan, şaqırmağanı esep emes.

Bir üy toy jasaptı dese, elirip ketetin ädet bizde, balalarda da bar. Bizsiz toydıñ säni kelmeytin tärizdi. Mine, Ramazan ekewmiz toyğa baramız dep, qamdanıp jatarmız.

Keş, äriyne, kündizgidey emes, salqın. Sonı siltawratıp, jaña kiyimderimdi tügel kiyip barmaq boldım. Awıldıñ bar balası jiynaladı, körsin bälem. İşteri küysin. Qaşan qıs tüskenşe tosıp, şıday alatın emespin.

– Bul kiyimderdi qaydan aldıñ, ey? – dep, olar suraydı ğoy.

– Ağayım Almatığa oquwğa barğan edi, sol äkelip berdi!

Almatı bul aranıñ xalqı üşin jer tübi, ekiniñ biri bara almaydı. Bul kiyimderdiñ Almatıdan äkelinüwiniñ özi-aq biraz jurttı «ow!» degizedi.

Almatıda oqıp kelgen aǵayım bar ekenin Baymırza sekildiler bilip qoyuwı jäne teris emes.

Sonimen, Ramazan ekewmiz toyǵa kele jatırımız. Ramazan beşpentşeñ, basında kepka. Samdaǵay. Men bolsam, soltüstik polyusten samoletpen kelip tüse qalǵan adamdaymın: üstimde qorbiyǵan qalıñ palto, basımda malaqay, ayaǵımda pima kaloşımın.

118

Men buǵan deyin ömiri kaloş kiyip körgen adam emespin. Kaloştıñ qajettigi, meniñ tüsinigimde, tek ayaqtan sız ötpew üşin emes. Äri pimaniñ tabanı tozıp, tesilmew üşin. Yaǵni, ayaq kiyim köbirek kiyis berüw üşin. Bul bir.

Ekinşiden, kaloştı jäne sän üşin de kiyetin tärizdi. Äsirese, öñin kirbiñ şalmaǵan jaña kaloş ayaqta jalt-jult etip tursa, ğajap emes pe?

Töñirek qarañǵı tartıp, köz baylanıp qalǵan.

Mınaw sol toy jasap jatqan üy. Süyek-sayaq dämetken iyter men balalar esik aldın toruwıldap jür. Biz de kelip qosıldıq. Qarañǵıda meniñ qanday kiyim kiyip kelgenimdi jurt onşa bayqamaydı. « Qorbiyǵan Mınaw kim ey » dep, birewler üñilip qarap ötti.

Küresip, alısıp-julısıp oynay bastadı balalar. Men aralaspaymın, awlaq turmın. Äli kiyilip, jumsarmaǵan pima jürgende tobiqtarımdı qajap, awırta bastadı. Arqa-basım terlep, pısınay bastadım. Oynawǵa da, alısuwǵa da eşqanday iykemim jok.

Toy asınan balalarǵa da däm tatqızadı. Biz munda, negizinen, sol üşin kelip jürgen joqpız ba? Aspaz äyelderdiñ biri esik aldına şıǵıp, ayqay saldı:

– Balalar, munda kirip, şay işiñder! Oyin da, alısıp-julısuw da jayına qaldı. As üyge kirip, irgeni jaǵalap otırısa bastadıq. Stol joq, birimizge birimiz taqalıp, jerge otırıp jatırımız. Balalar meniñ ne bop ketkenimdi endi anıq kördi!

– Oxo! Mınaǵan qarañdar!

– Öy, saǵan ne bolǵan!

– Jer qara, kün jılıda pima kiyip alıptı äweli!

Közge şıqqan süyeldey elden erek oǵaş bop kelgenimdi men daǵı anıq bayqadım. Oǵaş tügil, tipti uyat eken. Ömiri kiyim kiyip jarımaǵan sorlı ekenimdi budanartıq äşkereley qoymaspin, sirä da. Bir özim eki adamniñ ornın alıp, ayaqtarım jöndi bügilmey, äreñ otırıp jatırmın. – Kiyimderin jurtqa körsetip, maqtanayın degeni ğoy! – deydi birewler. Solay ekenin el tügel bilip otır.

Qısıla bastadım.

Jerge dastarqan jayılğan, bawırsaq tögilgen. Endi ıstıq şay quyıla bastadı. Şay quyuşı kelinşekter mağan qarap, mırs-mırs küledi:

– Mına Qağazbaydıñ jiyenine qaydağı qıs kelgen?

– Qarağım, üyde tağı da kiymegen kiyimiñ qaldı ma?

– Balanı müyızdey bermey, qoysañdarşı. Ayaq astınan qar borap, kün suwıtıp ketse, üyine qalay jetpek!

Qatındardıñ tilderi tikennen de jaman, pisip-pisip aladı.

Qalıñ kiyimniñ pısınatuwı, uyalıp-qızaruwım bări aralasıp, jazamdı bere bastadı. Terlep kettim, bawırsaqtan emin-erkin eñkeyip, alıp jey de almaymın. Esem ketip baradı. Istıq şaydan urttasam, odan beter terleymin. Menen basqalar jayılmğa şıqqan siyırlarşa japırıp baradı.

Men adam emespin, buwıp qoyğan teñmin.

Aqımaq bolğanımdı oylap, qısılğan sayın ter anan da, mınan da sorğalap, erkin ketti. Monşada, ıstıq buwda otırğandaymın. Ter arqamnan, şaşımniñara-arasınan jorğalap, jıbrılap şıqqanı özime ap-anıq bilinedi. Sürtineyin desem, oramal joq. Meniñ qaltama ömiri oramal bitip körgen be!

Terimdi alağanımmen sürtem de, jambasıma süykeymin.

119

Murın... Mınaw kişkentay tämpiş murın bul-dağı nağız oñbağan zat. Osınday janıñ qısılğan kezde özine-özi bekem boluwdı bilmeydi, bir vinti bosaydı da ketedi... Murınmen, termen alısıp otırıp, endi as alıp kör!

Qazir mende bir ğana arman bar, ol – bärin qoyıp, tezirek sırtqa şıǵıp jönelüw. Biraq oğan jol joq. Tım qursa, esik jaqqa, şetke de otırmappın. Sıǵılısqan balalardıñ ortasına tüsip qalğam. Aldım dastarqan, artım üy qabırğası, qozğala almaymın.

Basımdı kegitip tik ustap, murnımdı pış-pış tarta berem. Säl eñkeysem, tanawdıñ işindegi mülikkeiye bola almay qalatındaymın...

Öldim-taldım degende şıqtım-aw sırtqa! Burıştı aynala berip, zıñq etkizip, murnımdı bosattım. Paltomniñ tüymelerin ağıtıp, kewdemdi samal jelge tosıp, jan şaqırıp jatırmin. Büytken jaña kiyimderi qurıp qalsın! Körmegen azabımdı körsetti, ömiri esten ketpes xalge duşar etti. Bir qızıqtıñ birşijığı boladı degen osı eken.

Kisi üyi qanşa jaqsı bolğanmen adamnıñ öz üyindey bolmaydı eken. Öz üy, öleñ tösegim-ay dep, beker aytpağan ğoy. Şañıraqtıñ basqalıǵı köñilge köleñkesin tüsiredi de turadı.

Oquwdan qarnımız aşıp keledi, äriyne. Zäwre jeñeşem Ramazan ekewmizge nan üzip beredi. Mağan azdaw, oğan köptew etip üzip beretin tärizdi. Köje quyǵanda, Ramazanǵa şeлектin tübinen alıp, qoyuwıraq, mağan suyıǵıraq quyatın tärizdi. Osımnıñ bäre dıq bolıp işime jiynala beredi. Aqımaqtıq deseñşi.

Jaraydı, solay-aq bolsın. Meyirban ana jüregi işten şıqqan şubar jılanına burıp-aq tursın. Bul zañdı emes pe? Öz balasına büyiri burmaytın pende bolama? Bul üşin işime aramdıq jiynap burtıyuǵa meniñ qanday qaqım bar? Sonşama kinämşil bolatınday men bularǵa nemdi ötkizip qoyıppın? Qayt, ket äri demey, awırsınbay pana bolǵandarı üşin mıñ da bir raqmetimdi aytuwǵa tiyis emespin be? Bergenderin işip-jep, jarqıldap jüre berüw parız emes pe mağan? Joq, buloydıñ bir de biri meniñ aqımaq basıma jolamaydı. Älgindey usaq-tüyekke kinämşil boluwım sızdawıqşa isinip, asqına beredi. Anda-sanda Qostöbege kelgende naǵaşım üyin jamandap söyleytin ädet taptım. Meni öz balalarımın teñ körmeydi, alalap qaraydı, t.t. Jaman ittiñ basın altın tabaqqı salsañ, şorşıp tüsedı sekildi, meniñ bunım, naǵız esirik eken.

Sarıbastawdaǵı künim umıt boldı. Esimdi jiynap aldım da, endi dandaysı bastadım. Öz balalarıñmen birdey, tipti olardan ğori de täwir jaǵday jasamasañdar ketem degende qır körsetetin boldım.

Qayda ketpekpin?

Sümbede, «Ülgili» kolxozında meniñ atalas äpkem Tınımjın turadı. Küyewi Älğoja kolxoz predsedateli. Tınımjın osıdan eki-üş jıl burın tüskün ülbiregen jas kelinşek. Äri sulu, äri mırza. Odan on-on bes jastay eresek küyewi Tınımjandı älpeştep ustaydı.

120

Tınımjannıñ mırzalığı sonşa, tamaqtı qus tösekten tüspey otırıp işedi, otın-suwǵa aralasuwdı bilmeydi. Şeşesi Älipa qolında, tamaqtı sol jasaydı. Tınımjandı bawır tartıp men bul üyge kelip turam. Dastarqanı mol, dämdişip, dämdi jeydi. Tınımjın äri meyirban, äri aq köñil adam. Kelgen sayın quşaǵın jayıp qarsı aladı, meylinşe toyǵızıp jiberedi. Basqa sıydıñ mağan keregi joq.

Naǵaşım üyinen ketsem, osı Tınımjın üyinde jürsem dep, arman etem.

Biraq jaydan jay kete saluw ıñǵaysız, sıltaw kerek. Şirkin, bir sıltaw tabılsa! Qıs.

Sümbeniñ soltüstik-batıs jağı biyik qırqa, şaňgımen sırğanaq tebüwge qolaylı. Bazarda şaňğı tabılmaydı, dükende satılmaydı. Kädimgi qazaq üydiñ uwıǵın eki-ekiden qabattap şegelep, qoldan şaňğı jasap alamız.

Atamniñ köne zattar muzeyinde bir buwma uwıq jatqanın oquwşı biledi. Ramazan ekewmiz sodan eptep jımqırmaqşı boldıq. Eki uwıqtı suwırıp alıp, endi üşinşisin tartqılap jatqan kezde atam kirip kelip qalsın.

Ramazan burın körgen eken, perip urıp jöneldi. Qutılıp ketti. Men sasqalaqtap, qasha almay, qolğa tüsip qaldım. Qılmıs üstinde ustalğan soñ ayaw bolsın ba? Atam zirk-zirk etip, qulaǵımdı şıtırlatıp soza bastadı. Päle aldımnen menen şıǵatınıñ ol biledi.

Qulaǵım müldem julıñan adamşa qoymadan eñirep şıqtım. Endi bitti, bunday naǵaşidan bezdim. Bul qorlıqqa şıdaǵanşa qaňǵıp jönelgenim artıq dedim de, üyge kirip, kitap-qaǵazdarımdı jıynay bastadım. Naǵaşım üyinen ketüwdiñ sıltawı ädemi tabılǵanğa işimnen quwanıştı edim.

«Ülgili» kolxozı sol köşeniñ boyında, tömen jaqta. Ayaǵım qazdañ-qazdañ etip Tınımjın üyine kele jatırmin.

Osılayşa, meniñ Tınımjın üyindegi ömirim bastaldı.

Tınımjanniñ şeşesi Älipa pısıq, aq sur kempir. Qarsıdaǵı as üyde bölek jatıp, bölek turadı. Burın anda-sanda kelgende ol meni jaman qarsı almaytın. Pälendey men ürikkendey qatımır minez körsetpeytin. Söytsem, onıñ bäribelgili bir şekke deyin ğana eken.

Edireygen sarı murtı bar Älgoja äri tabısker, äri seri jigit. Üyinen konaq üzilmeydi. Kün ara mal soyılıp, tegeş-tegeş bawırmaq quwırılıp jatadı. Sonşama köl-kösir mol dastarqannan Älipanıñ añdıǵan-baqqanı endi meniñ işip-jegenim bola bastadı.

Men tañerteñ oqıymın, sondıqtan erte turam. Älipa menen de erte turadı. Aq şaynekpen bir şaynek şay ısıtadı. Keşeden qalğan, dastarqandaǵı köp tuwrawlı nanniñ tildey eki japıraǵın bölektep aldım qoyadı. Taq-tuq bop, toyıñqıramay qalam. Tağı surawğa uyalam.

Tüste üyge işimde it qıñsılap äreñ jetem. Jalpı dastarqanniñ üstine tüsselsem, onda erkimşe işip-jeymin. Äytpese, Älipa maǵan tağı da tamaqtı bölektep berip, jarıtpay qatıradı.

Keşte bul üy qonaqsız bolmaydı, äste, et asıladı. Awıl belsendileri jıynalıp, araq işip, qarta oynaydı. Dükende spirt köp, suwqosıp, spirtışedi. Jartıstaqandı qılqıldatıp bir-aq jutadı da, közderin tars jumıp, murındarın nanmen bitep, tım-tırıs otırıp qaladı. Qiynalǵanı ma, joq älde raqat tapqanıma, maǵan tüsiniksiz.

121

Bosağan bötelkeler tösektiñ astında masterşa qılıyıp-qılıyıp jatadı.

Keşki astıñ üstinde Älipağa meni bölek tamaqtandırwdıñ reti kelmeydi. Dastarqanğa jalpı jurtpen qatar otıram. Meniñ дәl qasıma taqalıp Älipa otradı. Köziniñ qiyıǵımen onıñ ańdıǵan-baqqañı endi men bolam. Qolıma baqqa qaray qozǵalǵanda, Älipanıñ közi quwalap birge qozǵaladı. Toq jürıpatqan jalañaş sımdı ustaytın adamşa sawsaǵımnıñ uşı dir-dir etip, men ettiäzer ilip alamın. Awzıma asıqpay salıp, toqmeyilsip, öte bir sabırmen şaynap jeymin. Älǵoja men Tınımjandıǵa bul unamaydı. «Äy, jöndep al! Jigit adamşa asap-asap je!» – deydi Älǵoja. «Sen özge jurta qarama, jep-jep, toyıp al», – deydi Tınımjan äpkem.

Osı sözder qamşı boladı da, meniñ qolım tabaqqa batıñqırıp ketedi. Bul endi Älipağa unamaydı, süyekti qatqıl şıntaǵımen ol özge jurta sezdimey, büyirime türtip kelip qaladı. Suǵanaq bolma, bayqa degeni.

Tabaqtaǵı et azaya bastaǵanda Älipa qonaqtarǵa «alıñdar, jeñder» degen bolıp, meniñ aldımdaǵı etti arı qaray sırap-sırap tastaydı. Meniñ aldım taqırayıp bos qaladı. Bul onıñ sen endi toydıñ, doǵar degen sözi.

O, Älipada ayla köp! Tamaqtan şet qaǵıwdıñ ol neşe aluwan täsilin oylap tabadı. Et tuwralıp bolıp, jurttı jappay suǵınǵan kezde ol kenet: «Qoranıñ awzı jabılmadı ğoy deymen. Böten siyır kirip ketip jürmesin, barıp jawıp kelşi», – deydi maǵan. Men tura kep jügirem. «Jabıq eken» dep, qayta qaytıp kelem. Etenendi ala bastaǵanımda, Älipa taǵı jumsaydı: «Samawırdıñ otın qarap kelşi, öşip qalmap pa? Söne bastasa, üstemelep jañqa salıp qoy».

Men örtke jügirgendeı zamǵaymın. Älǵiniñ bärin birer minutta tındırıp, qaytıp kelem. Tez oraluwım Älipağa unamaydı, «ne körindi sonşama, jaw quwdıma» dep, alara qaraydı. Tamaq jelinip bolmıstan «ana üyden sorpa işetin eki-üşkese alıp kelşi» dep jāne jumsaydı.

Men oralǵanşa tamaq jıynalıp qaluwı mümkün. Osını oylap, qalay da esem ketpesin dep, etke şeñgelimdi mıqtap bir batıramın. Körşi üyge jetkenşe asap jep baram.

Tınımjan äpkem şeşesine tartpaǵan altın adam ğoy! Meni älsin-älsin bezektetip jumsay bergenge ol şıdamay ketüwşi edi.

– Nemene, balaǵa tamaq jegizbeytin boldıñ ğoy! Barma! Tamaǵıñdı jep bir-aq bar! – deydi.

Käri süyek Älipa keyde awırıp qaladı. Sonda da pisi-küyik tamaqtıñ kiltin qolınan şıǵarmaydı. İñqıldap jürıp, dastarqandı özi jayadı, özi jıynaydı.

Degenmen, qıtımır kempirge men-dağı esemdi jibermewşi edim.

Kündiz sabaqqa as üyde otırıp dayındalam. Älipa bir kirip, bir şığıp, şaruwa istep jüredi. Keyde onı-munı jumıspen körşige – Älğojanıñ aǵası Qojanıñ üyine ketedi. Tez oralmay, şay işip, bögeñkirep qaladı.

Men bul kezde sabaqtı qoya salıp, janbaǵıstıñ biraz äreketine kirisem. İqtıyattap, buwıp qoyǵan dastarqandı tez şeşip, tuwrawlı nannıñ birneşe japıraǵın qaltama jımqırıp alam. Sosın oynañ bolıp, dalaǵa şığıp ketip, jep kelem.

Keyde dastarqanda tuwrawlı nan bolmaydı. Tapa nandar kebejede. Kebejeniñ awzı qulıptawlı. Tüp jaǵınan aşılatın kişkentay aq qulıp.

122

Meniñ qulıp aşuwüşin jasap alǵan birneşe istik sımdarım, şegelerim boladı. Mınaw aq qulıp buyım ba? Bunıñ kökesindey qulıptarıñdı aşıp ta, jawıp ta, bilgenimdi istey alam.

O! Bar baylıq kebejede! Tapa-tapa nan, qurt, may, qant... Meniñ közim tunıp ketkende boladı. Qurttıñ eki-üşewi, birneşe şaqpaq qant lezde qaltamıñ tübinde jatadı. Tapa nannıñ bütinine tiymeymin, tiysem, päle emes pe? Qay nannıñ qaşan üzilgeni Älipanıñ köñilinde jattawlı.

Üzik nan bolsa, sodan ğana öte eppen, Älipa sezbeytindey etip, üzip alam.

Aq qulıp basıp kalsañ, şırt etip, özi jabıladı.

Osınıñ bärin men bas-ayaǵı birneşe minutta istep ülgeremin. Qoldarım kebejeniñ işin «rettep» jatqanda eki közim terezeden sırttı baqılawda boladı. Älipanıñ qarası köringende, alasa stolǵa jabısıp, sabaqpen basım qatqan bop, tunjırap otıra qalam.

Älğoja üyi sawınsız bolmaydı. Bir siyır jäne birneşe qoy, eşki sawıladı. Süt mol, biraq Älipa tatırmaydı. Ayran uyıtadı da, dorbaǵa quyıp, qatıq süzedi. Qazanda betindegi qaymaǵı sap-sarı bolıp kisini eriksiz qızıqtırıp, pisken süt turadı. Men arı ötip, beri ötkende köz qıyıǵımnen qarap ötem. Qalıñdıǵı bireli bal qaymaqтан asaǵım, süt işkim keledi. Bermese, qalay asap, qalay işesiñ?

Meniñ basım konstruktordıñ bası dep, beker aytpaymın ğoy. Qaymaqqa tiyise almasam da, süt işüwdiñ ädisin taptım.

Awlada ne köp – saban köp. Uzındıǵı süyemdey saban tawıp alam. Bir jaq uşın pısaqpen jonıp, üşkirleymin. Boldı, bitti, qazandaǵı süttiñ qaymaǵınıñ birşetinen älgini suǵıp jiber de sora ber.

Kädimgi osı kezdegi restoranda kokteyl işken tärizdi. Sorğan sayın täp-tätti salqın süt tañdayıña fontan bolıp tiyedi. Sabandı qayta suwırıp alğanda, ornı bilinbey, jabılıp qaladı. Älipa eşteñe de sezbeydi.

Äriyne, munda da nısap kerek. Süttiñ dämdiligine qızığıp juta berseñ, qazan ortayıp qaladı. Qaymaq buzılmağanmen şögip, tömen tüsip ketedi de, Älipa sezik aladı. Yapıraw, mına sütke ne boldı? Qaymağı bütün turıp, bul nege ortayadı demey me? Tirşilik üşin, bir qarınıñ qamı üşin men Älipamen osılay arbasamın.

TABILĞAN TÄSİL

Älğoja üyimen betpe-bet, bir qoranıñ işinde onıñ ağası Qojanıñ üyi bar. Qoja awıldıq sovettiñ predsedateli. Elemes deytin ulı jäne eki qızı bar Qojanıñ. Elemes ekewmiz bir klasta oqıymız. Al qızdarı mektep jasına tolmağan. Äkelerine tartqan ürpiygen-ürpiygen sarı qızdar.

Qoja men Älğoja bet süyekteriniñ bitimi qazaqı bola turıp, şiykil sarınıñağız özi. Olardan tarağan balalar da tülkiniñ küşikleri tärizdenip birewinen-birew awmay sap-sarı bop, tüse-tüse qalğan.

Bul tuqımnıñ erekşeligi, jalpı, bul ğana emes. Äkeleri Küşigen - mılqaw. Küşigeniñ qarındası, osı küni kempir bop qalğan Altınbala, ol da - mılqaw.

123

Küşigen şal. Qabağı tüksiyiñki jüretin, süyekti törtbaq adam. Şaruwaqor. Eki üydiñ otın-suwdayındaw, baqşa saluw, malğa qaraw sekildi bükil şaruwasın ögizşe pıs-pıs etip, ünsiz qiymıldap jürip, bir özi tındıradı. Altınbala da, ol dasöylegen söziñdi awzıñnıñ qiymılına qarap tüsinedi.

Bul ekewi dım bilmes bitew mılqawlar emes. Bir buwındı, eki buwındı qısqa sözderge tilderi ara-tura kelip te qaladı. Birdeñeni şüldirlep, qısqa qayırıp ayta aladı.

Küşigen qaruwlı adam, şarşaw degendi bilmeydi. Birdeñege aşuwlansa, şoq basıp alğanday jaman bajıldaydı.

– Jügiriñder! Ana kisi nege aşuwlandı? – deydi Älğoja.

Qojanıñ kişi qızı erke, qolınan tamaq tüspeydi. Töseginen «apa, nan» dep türegeledi. Oyin üstinde qurt pa, kämpit pe, maljañdap jep jüredi.

Şeşesi taptap qoya ma, qaydam, kişi sarı qız sonday sarañ. Qolındağısınan surasañ, bermeydi.

Bir küni kişi sarı qız esik aldında oynap otır eken. Qolında dobalday nanı bar. «Nanıñnan berşi?» dedim.

– «Mm... bermeymin».

Qalay da qızdı aldap, nanın jegim keldi. Tartıp aluwğa bolmaydı, jılaydı.

– Nanıñnan berseñ, qarındaş berem.

– Köyset?

Körsettım – bir süyemdey qara qarındaş.

– Immq... – dep, qız basın şayqadı, unatpağanı. – Bäki berem. – Immq...

Basqa usınar nârsem joq. Az turdım da:

– Sen nandı orıssa jegendi bilesiñ be? – dedim. Qız añ-tañ bop turıp qaldı da, tağı da:

– Immq, – dedi. Bilmeymin, bilgim kelmeydi degeni.

– O! Orıssa jegen qızıq boladı. Sen körseñ, ölip qalar ediñ!

– Öy quw-ay! Aldaysıñ!

– Aldamaymın. Senbeseñ, nanıñnan bir üzip berşi, körseteyin.

Qız nanınan kişkene etip üzip berdi. Aldım. Endi buni qalay jesem orıssa bopşığadı dep, oylanıp turmın. Jay asay salğanmen endigäri qız aldanbaytın boladı. Men de jarımaymın.

Nandı közime taqap äkeldim de, bir türli ürikken jüzben tesilip qarap aldım. Sosın eki tanawıma kezek-kezek basıp, iyiskedim. İyiskegen sayın tıjırınıp, basımdı qaltıratıp qoyam. Awzımdı aranday etin aşıp, közimdi bir jumıp, biraşamın. Awzımdı jäne bir aşqan kezde nandı öñeşime qaray tastap kelip jiberdim. Sosın közderim alaқ-julaq etip, obırlanıp şaynay bastadım.

Quday oñdap, osı qiymılımnıñ bäre de sarı qızığa äserli şıqsa kerek. Ol işek-silesi qatıp, küldi – Mä, tağı da orıssa je!

Tağı jedim. Jañağıdan göri de qubılıtıp, äserge baqtım. Jaña tıñ qubılıstar oylap tabam.

Qız riza, nanınan üzip bere berdi. Eñ qızığı bir üzim nanıqalğanda qız:

– Qalmaq qalay jeydi? – dep suradı. Endi ol meni tsirktiñ bir oyınnan biroynı qızıq daraqışısı tärizdi körip aldı.

124

-Qalmaq pa? Qalmaq nan jemeydi.

– Endi ne jeydi?

– Qalmaq tek kämpit nemese qant jeydi.

Sarı qız üyine jügirip ketip, bir uwıs etip kämpit alıp şıqtı. Qoydıñ qumalağında domalaq arzan kämpitter. Mä dep, mağan qalmaqşa jewge äweli sonıñ bir tüyirin berdi. Kämpitti qolıma alıp, tağı da oylanıp turmın. Qalay jeseñ «qalmaqşa»boladı? «Qalmaqşa» bul jaqsı sätti jelinse, ana basqa kämpitter de meniki boladı ğoy.

Jañağı körsetkenderimdi qaytalaw jaramaydı. Onıñ endi eş qızıǵı bolmaydı. Esinegen adamşa awzımdı keñ etip aştım. Qayta japtım. Tağı aşıp, tağı japtım. Murnımdı tujırıp, basımdı şayqap-şayqap qoydım. Bunıñ bäre tük oylap taba almağanıñ dalbasası edi.

Awzımdı jäne bir aşqanda, kämpitti kömeyime qaray jiberip kep qalayın. Közdep, däl jiberse de munday bolmas, öñeşimdegi tilşikke jabıstı da qaldı. Jutpaq bolsam, jürmeydi, keptele tüsedı. «Qıx, qıx» dep, kädimgidey şındapqaqala bastadım. Kämpiti qurğır ne arı, ne beri ketpeydi, tınısımdı bitep,öltirip baradı. Közim alaqtap, öz moynımdı özim tırnalap, jantalasıpjatırın. Nağız «qalmaqşa» jew osı boldı. Öldim-taldım degende keptelgen kämpit arı etkendey boldı. Tınısım aşıldı. Özim terlep te kettim. Jağamdı ağıtıp, esimdi jiynay almay jatsam, sarı qız jäne bir tal kämpitti awzıma tıqpalap:

– Mınanı da qalmaqşa je, – deydi.

– Öy, kämpitiñ de, öziñ de qurıp qal! Joǵal awlaq!

Soñıra tipten qızıq boldı. Bärimiz şay işip otırǵanbız. Kenet sırttan sarıqız kirip keldi. Eki üydiñ erkesi, oǵan jol bos. Ärkimderdi kiymelep, dastarqanğa kep, bir japıraq nan alıp:

– Mä, orıssa je! – dep, meniñ awzıma tıqpalap jatır.

Men ne aytarımdı bilmey, sasıp qaldım. Otırǵandar jäne añ-tañ.

– Mınaw ne aytadı? – deydi Älgöja.

– Mına nemeniñ orıssası nesi? – deydi Tınımjan.

– Mınaw nandı orıssa jeydi, qızıq jeydi. Mende bir päle bar ekenin birden seziktengen Älipa boldı.

– Tasta nandı! Orıssası nesi? Däw de bolsa mına quw birdeñe oylap tapqan ğoy!

Artınan oñaşa jerde sarı qızǵa tüsindirip jatırın:

– Sen mağan jurt közinşe orıssa je deme, uqtıñ ba? Jurt bar jerde bolmaydı.

Nandı da, kämpitti de oñaşağa alıp kel.

– Maqul.

ELEMES EKEWMİZ

Sizder Elemesti bilesizder, sarı qızdıñ aғası. Ekewmiz birge oqıymız. Boyımenen uzın,dürdik erin, awzınan sözi, qoynınan bözi salbırağan momın. Ol dasarı. Biraq äkesi tärizdi şiykil sarı emes, qoñırlaw. Elekeñ juwınıp şayınuwğa

125

onşa quştar adam emes, onıñ qoñırlaw körinetini, mümkün, sondıqtan da şıǵar. Elemestiñ jası menen üş-tört jılǵa eresektew. Onımen teñ-tus balalar ortalaw mektepti bayaǵıda bitirip, orta mektepte oqıp jür. Al Elekeñ asıqpaydı, klastan klasqa jayımen, keyde, eki jılda attaydı.

Elemes eki nãrseden qattı qorqatın edi. Biri daladaǵı qasqır (Qasqırdan kimqorıqpaydı?). Al ekinşisi mekteptegi oquw.

Qasqırmen ol äli bir de bir ret betpe-bet kelip körmegen bolar. Al oquwı tüskirmenkün sayın betpe-bet keledi. Oquw onıñ jınına künde tiyedi.

Men Elemespen jetinşi bitirgenşe birge oqıdım. Osı uwaqıtıñ işinde sabazıñ kartanıñ şıǵısı men batısın ayıra almay-aq ketti.

Üyimiz esiktes bolǵandıqtan Elemes ekewmiz mektepke birge baramız, birge oynaymız. O, Elemes önersiz de jan emes. Lãñgi tebüwden ol osı köşeniñ çempioni.

Elemestiñ ayaǵında qoldan basqan taypaq qara pima, lãñgi tebüwge sonday qolaylı. Şapannıñ eki etegin belbewge qıstırıp alıp, malaqaydıñ qulaqtarın tikirey-tip türip alıp, mäymeñdep tebe jönelgende, ol tabiyǵat özin tek osı üşin jaratqanday şabıttanıp ketedi. Lãñgini tepken sayın basın bir şulǵıydı, bir,eki dep sanap kete beredi. Kökşil laq terisinen tigilgen malaqaydıñ bir qulaǵısınıq ta, ekinşisi tip-tik. Tik qulaq ol şulǵıǵan sayın selteñ, selteñ etip, onımen qosa sanasqanday boladı.

Oquw dese, qabaǵı qars jabılatın Elemes lãñgi oynaǵanda tilmen aytıp jetkizgisiz raqatqa batıp, gül-gül jaynaydı.

Tañerteñgi mezgil. Elemes ekewmiz mektepke barmaq bolıp, üyden şıǵıp kelemiz. Kün bulıñgır, ip-iri bolıp, ünsiz japalaqtap qar jawıp tur. Qar tünimen jawǵan, jol atawlını kömip qalǵan. Birli-jarım attı adamdardıñ izinen basqa mañaydaiz de, jol da joq. Mektepke deyin köp jer.

– Búgin oquwǵa barmay-aq qoysaq qaytedi? – dedi Elemes öte bir eñsesi tüsken pişinmen.

– Ne isteymiz?

– Mına tamǵa kirip, lãñgi oynayıq.

Awa rayınıñ köñilsizdigi meniñ de adımımdı aştırmay, tusaw bolğanday edi. Maqul dep, kelise kettim. Däl qasımızda terezesi üñireygen bos tam tur. Töbesibar, esigi de bar. Tek terezesi joq. Mınaday qar jawıp turğanda sol üyge kirip, läñgi oynap uwaqıt ötkizüwden raqat eşteñe joq sekildi. Sabaqqa bir kün barmasamne qıladı? Künde kalıp jatqan joqpın jäne özim sabaqtı jaqsı oqiyмін.

Kirdik tam üyge. Jawınnan saya, tıp-tınış. Töbesi, qabırğaları ädemilenip sılanğan, köñildi. Edeni osındağı barlıq üyler sekildi jer. Qabırğanıñ birinde ülken ağaş qazıq bar eken. Sırt kiyimderimizdi şeşip, ilip qoydıq. Tüskekeyin raqattanıp läñgi oynap, tüste, balalar mektepten qaytqan kezde, oquwdan kelgen bop, üydi-üyimizge salañ ete qalmaşımız.

Biz qayda boldıq, ne bitirip qayttıq, onı olar qaydan bileledi?

Elemes jürgen jerde onıñ qaltasında läñgi de jüredi, ekewi birinen biri ajıramaydı. Bismilla dep, oyındı bastap kelip jiberdik.

Oyın ol oquw emes, uwaqıttıñ qalay zımıray ötkeni bilinbeydi. Mümkün bir sağat, mümkün jartı sağat ötken bolar. Äytewir, eñbek vaxtasınıñ nağız qızğan kezi. Elekeñ öziñiñ qumar isine jan-tänimen berilgen, basqa dünüyeni tügel umıtqan.

126

Mañdaydan buwı burqırıp, malaqaydı bir şekesine edireytip kiyip alğan. Osıqazir läñgini tewip jatqan da sol edi. Kenet sırtta at tuyağınıñ dübiri estilgendey boldı. Qojanıñ uzındığı esik pen tördey sarı atı boluwşısı edi. Ssniñ bası apanday terezeniñ ar jağınan köldeneñdep körine berdi.

Attıñ üstinde Qoja özi!

Qoja – Taras Bulba sekildi murttı, deneli adam. Üstinde qalıñ señseñ ışık, olonı odan beter dāw etip körsetedi. Attıñ bası körinisimen-aq biz burış-burışqa tığılıp tura-tura qalğanbız. Söytsek, onımız beker eñbek eken. Qoja bizdiñizimizdi quwalap, bilip kelgen.

– Äy, jügermekter! Şığındar!

Jügermekter sonda da tıpır etpeymiz. Ekewimiz eki burışqa köleñke bolıp jabısıp alğanbız. Ätteñ, qolımızdan kelmeydi-aw! Kelse, sol boyda qabırğağa batıp, siñip, joq bolıp keter edik. Qojanıñ aşuwı qatal ekeni Elemeske de, mağan da jaqsı mälim.

– Şığasıñdar ma, joq pa? Älde bit-şıt qıp, süyrep alıp şığayın ba?!

Bul Qojanıñ rası. Endi bir minut böğelsek, ol attan qarğıp tüsedi de, kirip keledi. Ekewimizdi eki qolmen laqtay baqırtıp süyrep alıp şığadı da, bilgenin isteydi.

Şapanın tez kiyindi de, birinşi bop esikke qaray Elemes jöneldi. Onıñ soñında men.

– Oquw qayda, sumpayılar?!

Altı örme dıraw qamşı Elemesti arqadan kömip ötti. Oybay degen dawsımen qabattasıp, Elekeñ qayqañ ete qaldı. Meni de uradı-aw dep, urğan kezde arqamqalay awıratının küni burın sezingendey bop, jasqana berdim. Qoja biraq meni urmadı. Ekewmizdi mal qusatıp aldına salıp aldı da, mektepke qaray dedektetip aydap jöneldi.

Qojadan körgenimiz az bolğanday, endi direktor Näsirden köremiz. Onıñ da öñi suwıq, qatal adam.

Mektepke biz de keldik, üziliske şıǵuwğa qoñıraw da soǵıldı. Bizge bul unamaydı. Klass-klastan jügirip şıqqan balalar aydalıp kelgen bizdi kördi. Özderi sabaqtan qalmaytın jandarday-aq uwlap-şuwap, mazaqtap qorşap aldı.

Muǵalimler bölmesi. Qabağınan qar jawğan Näsir direktor. Elemeske köbirek şüyildi.

– Men sendermen sabaq soñınan söylesem, – dedi de, onı-munı şaruwaşılıq, zattarı turatın eñ şetki kişkene bölmege aparıp, qamap qoydı.

Bul bölmege ot jaǵılmaydı, suwıq. Oquwşılar esiktiñ jariǵına üymelep, sıǵalap qarap, bizdi mazaq etedi. Mıltıqtıñ awzınan säl ülken tesik – butaqtıñornı. Äldkimniñ quwaqı közi jıltıñ-jıltıñ etedi. Izam kelip, tükirip kelip qalayın. Jıltındağan közge tükirik däl tiysin. Söytsem, mına qızıqqa karañız– köz meniñ qas jawım Baymırzaniki eken. Ar jaqtaǵı balalar sıbağasın mıqtapalǵanı üşin endi Baymırzanı mazaq etip, qarq bolıp jatır.

Men de rizamın. Talaydan oşım ketip jür edi oñbağanğa. Sol kerek özine.

Taǵı da qoñıraw. Balalar klastarına qaytadan kirip ketti. Dälizde endi janqalmadı. Jay tura berip toñatın tärizdimiz.

– Elemes, kel, odan da läñgi oynayıq. Aqır osı üşin jazalanıp otırmız ğoy.

127

Däl osı arada läñgi oynaw Elemeske äbestik bolıp körinetin tärizdi, batılı jetiñ kiremeydi.

– Körip qoysa, päle bolmay ma?

– Körmeydi, qaydan köredi. Birew kele jatsa, qoya qoyamız.

Elekeñ şapanınıñ, beşpentiniñ, jeydesiniñ tüymelerin tügel aǵıtıp, qolın jalañaş etine suǵıp jatır. Bunısı nesi dep, men äweli tüsin bep edim. Söytsem, älginde Qojap qalğanda läñgini eñ işki qoynına tastap jiberген eken. Tintse, taba almasın degeni boluw kerek.

Özgeler sabaqpen bas qatırıp jatqanda biz taǵı da läñgi oynap, jetisip qaldıq. Bul üşin tamaşa jaǵday jasap bergen Näsir muǵalimge raqmet aytar jönimiz bar.

QAYRAN MENİŇ ÄLİMAN JEŇGEM

Tamıljıǵan äsem jaz. Dalanıñ qara jolı. Qos at jegilgen saldırlaq jüksiz arbada eki adam kele jatırmız: men jäne arba aydawşı.

Arba «Ülgili» kolxozıniki. Narınqoldıñ bas jaǵındaǵı aǵaş tiletin zavodqataqtay aluwǵa bara jatır. Meniñ de barar jerim Narınqol.

Narınqol bu künde jaña qurılǵan awdanniñ ortalıǵı. Osı biyıl köktemde Kegen awdanınan bölünip shıqqan. Jaña awdan qurılıwımen baylanıstı kolxoz-kolxozdardan sawatı bar birsıpıra adam awdandıq, mekemelerge qızmetkeşaqırıladı. Sonıñ işinde meniñ Satılǵan aǵayım da bar. Ol osı kezdeprokuraturada xatşı bolıp isteydi. Külimbala ekewi Narınqolǵa köşip barǵan. Mine, oquw jılı ayaqtaldı, törtinşi artta qaldı. Men endi jazǵı demalısqıa shıǵıp, bul künde Narınqoldıñ turǵını bolǵan aǵa-jeñgemniñ qolına kele jatırmin.

Narınqoldı burın körgen emespin, quday qoysa, birinşi ret körem.

Sümbege ökpem joq, men üşin quttı jer, quttı mektep boldı. Biyıl da törtinşini ozat bitirip, maqtaw gramotasın aldım. Osı kele jatqanda özimdi oñınan ayı, solınan küni tuwıp kele jatqan naǵız baqıttı adamday sezinem. Öytpey şe? Munda men munday tabıstı bolsam, ana jaqta aǵayım anadayqızmetten qızmetke örlep baǵadı. Bügin prokurordıñ xatşısı, erteñ özibolmasına kim kepil?

Bul aymaqtıñ xalqı duniyede sot pen prokurordan ülken, odan mañızdı qızmet bar dep, oylay qoymaydı.

Kün bügin äsem. Aspanda iyne şanşım bult joq, lüp etken jel joq. Joldıñ astımen üsti birkelki bop jayqalǵan kök maysa egin. Boztorǵay biyikke shıǵıp alıp, äsem jazdı jır etip şertedi. Arba jaqın kelip qalǵanda uşa jönelip, jüz-jüz elüw metrden alıstap barıp, taǵı da äwege ilinip tura qaladı. Üzilgen änin qayta jalǵaydı. Jelindegen biyedey balbıraǵan dala tösinde, budan da basqa qulaqqakeler ğajayıp ünder köp. Tirşiliktiñ mıñ bir urıǵı oyanǵan, mıñ san tamırǵajan bitip, nár jügirgen kez. Töñirek tolı qıt-qıt etken toqtawsız, tolassız näzik sırlı küy, ömir küyi. Qawlaǵan jaña jas ömirdiñ sezimtal köñilmen uǵarsırşıl küyi.

128

Köşir taqırayǵan şekesin künnen qorǵap, qalpaǵın osqırayta kiygen qartañ adam. Men onıñ art jaǵında bügingi ğajap jazdı tamaşalap, neşe aluwan qiyalǵa berilip otırmin.

Sonaw alıs bolaşağım da tamıljığan jaz bolıp elesteydi. Mınaw töbemdegi kök aspanday tap-taza, möldir, şetsiz-şeksiz. Men qıranday qanat qağıp, birden birge biyiktep uşa berem, uşa berem. Mümkün, bir kezde dawılğa da urınarmın, suwıqqa da toñarmın degen oylar ol kezde basqa kelmeydi...

Ox, şirkin! Adam ömirden tek bala bolıp ölse! Oyın-külkimen ölse! Ömirge qalay kelip, qalay ketkenin bilmey qalar bolsa!

Qostöbede biz ayaldamaq emespiz. Kimgе ayaldaymız? İdirıs ta, Smağul da boydaq. Kolxozdñ jumıs iyeliginen olardıñ eş ayırması joq qazır. Brigadir qayda quwalasa, sonda baradı. Oy-qırdıñ birinde eñbek etip, jandarın bağıp jürgen şıǵar.

Jawırtoğanda jer qoynawında mãñgilik uyqıǵa batıp, anam jatır. Öz erkim özimde bolsa, men soğan burılıp barar edim. Qayran anam! Sen köz jumǵalı mine, eki jarım jıl boptı. Eki jarım jıldan beri men jetimniñ «Jetim» degen tajalday suwıq sözdi esti-esti bul künde qulağım äbden üyrengeñ.

Suwıq, tünek jerdiñ qoynına, anaşım, sen de üyrengeñ bolarsıñ.

– Şeşesi joq jetimder, qoldarıñdı köteriñ-

der! – dese, osı kezde men birinşi bolıp qol köterem. Bul üşin arlanbaq tügil, oylanbaymın da. Jetimdik mãñdayıma tuwğannan jazılıp qoyılğan sıbağamday körem.

Äne, adamniñ köngiştigi, tözgiştigi solay boladı eken. Tek tağdır basqa salmasın. Basqa salsa, biraz bılğañdap tuwlaysıñ da, sosın kök esekşe bülkildep jürip beresiñ.

Öz tizginim özime tiygen kezde, anaşım, seniñ basıña äli talay kelermin. Jürek-qaltama jıynalğan muñ-zarımdı tögip, bosatarmin. Al, äzirşe xoş bol, anaşım, kinälama!

Tawlı jerdiñ awa rayı erke qızdñ minezindey qubılmalı. Jarqırıp turıp, tünere qaluwı tipten oñay. Biz Qostöbeden ötkende kün aşıq bolatın. Kemerге jetkende, aspan bulttana bastadı. Ükirşi jaqtan jentek-jentek qara bulttarjel aydap, oynap şıqtı.

Narınqolğa tayaw Jağatam deytin şağın qıstaq bar. Soğan taqalğanda tırsıldap jañbır jawa bastadı.

– Mına kün qaytedi, jawa ma? – dep, arba aydawşı kökke üreylene qaraydı.

Eki qara bult birimen biri süzisetindey jaqındasıp keledi. Äne, süzisti. Jer qayısқан eki ülken armiya birewine birewi lap qoyıp, şabuwlğa şıqqanday edi: zeñbirekter gür-gür, bolat qılıştar şaq-şaq...

Eki bult aralasıp, mıylasıp, bir bultqa aynaldı. Jañbır töpep quyıp ketti. Endi oylanıp jatuwğa murşa joq.

– Bala, anaw üyge barıp panalayıq, – dedi de, arbakeş attardıñ basın joldan bura berdi.

Oñ qol jağımızda qabaqşada sırtın äktegen, toqal töbeli oqşaw tam üy tur.

Bul «Jağatamnan» ötkennen keyin.

Jüksiz arba üy aldına tañqıldap kelip toqtay qaldı (Älgi aranınñ jeri tastaq edi). Şiy-şiydiñ arasında jayılıp jürgen tawıqtar da jawınnan bezip, qorağa

129

kirip ketip jatır. Arbadan sekirip tüsip, üyge umtıldıq. Sırt esik aşıq, awız üyge tasırlatıp kirip-kirip keldik.

Osı kezde tör üyden kiymeşek kiygen äyel sıqtı. Älgini körip, meniñ qolqa-jüregim solq ete qaldı. Közime ottay basılğan bul adam özimniñ bir kezdegi ayawlı jeñgem Äliman edi.

Äliman da meni birden tanıdı.

– Qaydan kelesiñ? Qayda barasıñ? – dep, jön surap jatır.

Ayttım.

– Al, üyge kiriñizder. Kirdik.

– Törletiñizder!

Törletüwge bizde qulıq joq. Üydiñ işi tap-taza, esikke deyin alaşa, kiyiz töselip tastaılğan. Äliman ustağan üy ekeni birden-aq körinip tur. Üstimizden tamşılağan suwdı qağıp, silkip, esik aldına bögele berdik.

– Eşteñe etpeydi, joğarı şıǵıñızdar!

Törge tekemet, onıñ üstinen uzınşa atkörpe töselgen eken. Mina türimizben jürgen jolımızdı bılǵap, onda barıp, suqsiyıp-suqsiyıp otıruwğa bet şıdaremes. Sol arağa jaqın tereze jaqqa, jay ğana tekemettiñ üstine şöge-şöge kettik. Äliman дәl qasımızğa bir tizerlep ol da otırdı. Sol qalpı – özgermegen, jüris-turısı jumsaq, biyazı.

– Aǵañ awdanda qayda istep jür?

– Prokurorda xatşı bolıp isteydi.

Äliman «mm...» dedi. Öskен eken degeni tärizdi. Aq şubar öñine bir sätke biraz oy köleñkesi tüsip ötkendey boldı.

– Al otırıñızdar, men şay qoyayın. Şay işip, bir-aq jüretin şıǵarsızdar.

Oǵan deyin kün de basılar.

Jup-jumsaq mäsi kiygen ayaqtarın ünsiz basıp, Äliman awız üyge şıǵıp ketti. Onıñ soñınan qaray otırıp, men ötkен ömirdi esime aldım. Qayran, Äliman jeñgem! Qayteyin, bizge buyırmadıñ ğoy. Ösekşi jurt Satılğan ekewiñdi eki jaqqa ajratıp tındı. Onıñ zardabın mina men tarttım. İyä, bizdiñ üydi üy etip, el qatarına qosıp ediñ. Az tursañ da,

ömir boyı umutılmastay talay jaqsılıq istep ediñ. Aq kiyizden sırap jasap bergen, äri jeñil, äri jılı pimañ umıt bola ma?

Qayran, Äliman jeñgem! Üy işin däl sendey retti, taza ustaytın adam bar ma eken? Osındağı kez kelgen zattan, tösektiñ, jüktiñ jiynaluwınan men seniñ önerli, biypaz qolıñdı ap-anıq tanıymın.

Üy işindegi biraz zat mağan burınnan tanıs. Anaw tördegi kesteli kiyim japqış bir kezde däl osılay bizdiñ üyge körik berip turğan edi. Toqılğan şaşığı da, kestedegi suretteri de älginde közime birden jılı uşıray ketken. Biriniñ soñınan biri şubağan, birinen birin ayırғыsız on eki qızıl qoraz. Altawı oñjaqtan, altawı sol jaqtan qarama-qarsı kelip, eñ aldağı eki qorazdıñ bastarı tüyisiñ kirep toqtağan. Kiyim japqışqa tigilgen keste-suret mine, osı edi.

Men qorazdardı osı otırғanda sanap ta şıqtım – tuwra on eki. Ne azaymağan, ne köbeymegen. Bizden ketkeli bergi uwaqıttıñ işinde bir de birewi şetinmegen. Nedegen janı berik qorazdar deseñşi.

Mine, şay da kelip qaldı. Älimanniñ şayı osınday – tez qaynaydı, sarğaytıp küttirmeydi. Köñildi-taza dastarqan, appaq aq nan, qant. Keseniñ tübinen etip, süt

130

qatıp quyğan şayı qanday dämdi Älimanniñ! Tañdayña balday tatiydı, işesiñ, işe bergiñ keledi.

Awıl äyelderine tән iybalıqtı Äliman berik ustaydı. Jawlıqtı kirşiksiz appaq etip kiyedi, bir tal şaşın sırtqa şığarmaydı. Qolına kümis bilezik, jüzik saladı. Köylekti mol kiyedi. Qaraşı, şay urttawınıñ özinde qanşama ädeptilik jatır! Urtağanı erniniñ uşın ğana tiygizgeni tärizdi – tük estilmeydi.

Jawın basılğan. Terezeden tördegi burışqa qiyğaştap kün säwlesi tüsip tur. Üydiñ basqa jeri tup-tunıq bolғanda, älgi jarıq säwleniñ işi bıjınap uşıp jürgen miñ-million usaq şañ-tozañ.

Şay quya otırıp, Äliman öz jayınan da ayttı. Küyewge şığıptı. Eri awdandıq awruhananıñ osındağı kömekşi şaruwaşılığında jumısker eken. Awruhana osı arağa är türlü ovoşç egedi, bular sonı kütıp, küzetedı.

Şay işilip boldı. Biz endi jürmekşimiz. Osı kezde Äliman ornınan serpile turıp, tördegi qoñır äbdiranı aşıp, bir oram kökala şıt alıp şıqtı.

– Quday jolıñdı tüsirip, kelip qalğan ekensiñ. Tay mingizip jiberer ek, şamajoq. Tım qurısa, jeyde kiyip ket. Ana jılı Sarıbastawda oqıp jürgeninde aşuw-men üstiñnen qara

şapandı sıyrıp alğan edim. Qayteyin, quw joqşılıq adamğane istetpeydi? Sol jeñgem sol kezde söytip edi deme, şıǵar esiñnen. Quday qoysa,äli-aq adam bolasıñ. Adam boldı degen mine, osı...

Kökala şıttı Äliman qoynıma tıǵıp berdi. Jüregimdi talayǵa deyin jılıtıp jüretindey köp-köp analıq sözder ayttı. Bul künde jat bop ketken adamnan men däl munday jaqındıq, däl munday beyil kütpep edim. Rizaşılıǵım öz aldına,men Älimandı qiymastay bop attandım.

JAÑA DOS

Narınqoldı bul ölkeniñ qazaqtarı, özderinşe, qala sanaydı. «Qalada ne bareken?» dep jatadı. Mine, biz sol qalaǵa kirip kele jatarmız. Tüzüw keñ köşe, qoldıñ salasınday bop, tizilip ösken terekter, şatırlı ağaş üyler. Buniñ bärimaǵan ülken äser qaldırdı.

Arba raymagtıñ aldına kep toqtadı. Xalıqtıñ mol jeri. Bir emes, birneşe düken, asxana. Birewler şubap kirip baradı, birewler şıǵıp keledi. Telegraf baǵandarına, terektiñ köleñkesine baylaǵan şoǵır-şoǵır ertewli at.

Orıs bul arada köbirek körinedi. Olar da qatın-balaların ertip, şubap jür.

Söylegen sözderinen dım da tüsinbeymin.

Tal tüste erigip, mas bop jürgenderdi men birinşi ret osında kördim. Birew üsti-bası şañ-şañ bop lastanıp, dükeniñ köleñkesinde uyıqtap jatır. Betine,awzına şıbım qonsa, qolın sermep, ürkitip qoyadı.

Arbakeş: «Aǵañniñ üyin izdep taba alasıñ ba», – deydi. Adresi qaltamda bolsa da, men taba alatın emespin, jüreksinem. Mına jürgen xalıqtıñ maǵan bəri jat,bəri böten.

Arbakeş bir äyelderdi toqtatıp, söylesip tur. Meni şaqırdı. Keldim. Äyelderdiñ biri ağa-jeñgemniñ qayda turatının biledi eken. Jür, ertip aparayın dedi.

131

Qalanıñ qaq ortasımen kele jatırmız. Mañdayşasına jarnama qaǵılǵan üylerdi de tuñǵış körüwim. Awdandıq är qıylı mekemeler, Oñǵa qaray burıldıq.Töbesin qos töbe etip japqan biyiktew ağaş üy, qasında jäne bir ağaş üy. Osı soñǵısı bizdiki eken. Külimbala jeñgem şıyratılıp qarsı aldı.

Bala özine dostı tez tabadı. Men erteñine-aq jaña dos tawıp aldım. Atı Joldıbay.

Qolında müyizatı bar, dembelşe aq sarı bala qasıma keldi. Jalañ ayaq, jalañbas. Üstindegi boz maykanıñ tozıǵı bayaǵıda jetken, är-är jeri irip, oydım-oydım tesilip

ketken. Ol, sirä, budan basqa kiyim kiymeytin boluwğa kerek –denesiniñ aşıq jeriniñ bäre qoladay qızarıp künge küygen. Ol meni birden tergewge ala bastadı:

– Kimsiñ sen?

Men jönimdi aytım.

– Jür, şomılamız!

Men quwanıp, ilesip berdim.

Boldı, bitti. Joldıbay ekewmiz dospız endi.

Tañerteñ şayımdı işer-işpesten Joldıbay bosağadan qarap, keledi de turadı. Men ilesip berem. Qayda baramız, ne isteymiz dep, suramaymın. Joldıbaydıñ tür-tüsi onı suratpaydı. Tek oğan ilesip, joldas boluwğa jarağanım men üşin zor märtebe. Joldıbay ne istep, ne qoyıwdı sarapqa salıp jatpaydı, tek bastap jöneledi. Ol kele jatqanda balalar jarılıp, jol berip turadı. Törtbaq şımır Joldıbayda ayla da, küş te jeterlik. Töbeles dese, onıñ közi jaynap ketüwşi edi. Jaña dosımnıñ boyındağı osı qasıyetter meni oğan birden tabındırdı.

Ol menen bir-eki jas eresek edi.

Joldıbaydıñ arqasında bas-ayağı birer künniñ işinde Narınqoldıñ oyşuqırın tügel bilip aldım. Men bunı qala dep, jüreksinip jürsem, piştüw, tükte emes eken. Qazır mağan Qostöbe nemese Sümbe qanday bolsa, Narınqol дәl sonday.

Kündiz, köbinese, suw boyında bolamız, şomılamız, qarmaq salamız. Keşte klubtı toruwıldaymız.

Awdandıq klub bar munda. Onda künde keşkinin kino bolıp turadı. Qaltada aqşañ bolmasa da, kino körüwge ärqaşan da qulqıñ soğıp turatının jöndi tüsin-beytin birewler, kinoğa bilet alıp kiriwdi şığarğan. Bul bizdiñ keşti köñildi ötkizüwimizge qıyındıq keltirmey qoymaydı.

Jaraydı, qaltamızğa bir som, eki som aqşa tüsken eken. Onı äkel beri dep, arbap, tilep turatın orın tek kino ğana ma? Klubtıñ дәl qasındağı, kinomen qabattasıp künde keşqırım aşılatın kezektі dükendi qayda qoyasıñ? Onda, negizinen, araq, kämpit satıladı. Arağınıñ tuqımı qurısın. Al neşe aluwan kämpitti köre turıp, qaydarı bir kinoğa bola, qaltada aqşa ustap şıdamaysıñ. Äri kämpit sorıp, äri kino ğabilet satıp alıp şirenüw– bul biz üşin tım jomart ketkendik boladı.

Sonimen, kino bolar kezde klubtı toruwıldap kelemiz.

Klub üyi eski ağaş üy. Onıñ jaña bolmay, qawsağan eski üy boluwı jāne uwaqtılı jöndelmewi, şının aytqanda, bizdiñ baqıtımız. Jay ğana tastan qalay salğan fundamenttiñ

är-är jeri omırılıp qulap jatır. Jäne bir-eki tas alsañ, qasqırdıñ apanınday üñireyip şığa keledi. Sodan inge kirgen tışqanşa zıp

132

berip, kiremiz de ketemiz, Ékranniñ art jağındağı sufler otıruwğa arnalğan tesikten bir-aq şıǵamız. Kinonı saxnaniñ teris jağınan köremiz.

Keyde kinoğa deyin klubta körkem öner üyirmesi jumıs isteydi. Üyirmege qatısatındar emin-erkin kirip-şıǵıp jüredi. Sol kezde biz de kirip, jasırınıp qalamız. O, eski klubtıñ işinde jasırınar jer köp! Qaşan kinoğa xalıqtı jibere bastağanşa jatamız buǵıp. Bir saǵat ötedi, eki saǵat ötedi. Klubtıñ esigibir kezde aşıladı. Jurt biletterin körsetip, kire bastaydı. Sol kezde quwıs-quwıstan bayqatpay şıǵamız da, qalağan jerimizge otırıp alamız.

Orın tañdaw jağınan munda ärkimnin öz erki. Bilette orın körsetilmeydi, ärkim qalağan, jurttan burın basıp alğan jerine otıradı.

Osinıñ bärine de meni bawlıp, közimdi aşuwşı Joldıbay edi.

Joldıbaydıñ şeşesi jesir äyel, bir keñsede üysıruşu bolıp isteydi. Bir äpkesi, bir qarındası bar, turmıstarı naşar. Üylerinde tamaq bolsa, Joldıbay işip-jeydi. Bolmasa, qıñq demeydi, öz janın özi baǵadı. Birewlerdiñ üyiniñ töbesinde öreşede qurt jayulı turadı. Endi birewler baqşasına kapusta, säbizgedi. « Er azıǵı men böri azıǵı jolda » deydi de, meniñ dosım ebin tawıp, solardı bir aralap ötedi. Qay üydiñ qurtı tätti, qay üydiñ baqşasındağı säbiziri – Joldıkeñ bärin biledi.

Men şiyki kapustanı ömirimde jep körgen emespin. Joldıbay raqattana qarş-qarşaynaydı da:

– Sen bilesiñ be, kapusta adamdı tez semirtedi, – deydi.

Olay bolsa semirip alayın deymin de, men de jeymin.

Narınqoldıñ turğan jeri äsem – tawbawrayı. Bir jaǵı sarqırıp aqqan özen, qalıñ toǵay. Ekinşi jaǵı taw – kädimgi ataqtı Tyan-Şan. Jeri quyqalı qara topıraq. Awa rayı salqın bolǵandıqtan tek jemisi öspeydi, basqanıñ bəri ösedı. Astıǵı attıñ qaptalınan keledi, kartobı kesedeı-kesedeı boladı. Tawlı jer,şirkin, maldıñ jeri ğoy. Say-saladağı kögal şöpke jazdıǵını şökken tüyejasırınadı. Jaylawında ızıñ etken şıbın bolmaydı. Qısta tawdıñ küngey betinde qar jāne jatpaydı. Jıldıñ on eki ayna maldı aydap salıp, tek qarada otır. Narınqolda otın-suw qanday ırǵın. Tawdağı zäwlim kebüw qaraǵaydıñ ojağınan baltamen bir, bu jağınan jāne bir şawıp, ırǵap qalsañ, ajalı jetken alıptay jerdi

solq etkizip, qulap tüsedı. Butağın arşın, siydamdap, tömen qarayağızıp, ayda da jiber. Zawlağannan zawlap, esigiñniñ aldına bir-aq kelip toqtaydı...

Qıstaqtan joğarı Qayşı deytin saydıñ awzında diyirmen bar, suw diyirmen. Birküni bir qap biydaydı astıma salıp alıp, un tartqızuwğa soğan keldim. Diyirmen turğan jerdiñ, oy, ädemisi-ay! Sınaptay tunıq, kürkiregen taw özeni. Boyjetken qızday jelkildegen sulu köktaldar, däl qasında tawtiyip tur. Menen burınkelgen birneşe adam bar eken. Solar tartqızıp bolğanşa meniñ küte turuwıma tura keldi. Bul üşin men onşalıq ökingen joqpın. Tabiyğattıñ mañaydağı sululıǵına ğajap qalıp, tamaşalawmen boldım.

Bir kezde diyirmenniñ işine kirdim. Eşkim joq. Terezeniñ aldında üstine bir elibop unniñ tozañı qoñğan juqaltañ kitap jatır. Alıp qarasam, Muxtar Äwezov, «Qaraş-Qaraş». Äñgimeler jiynağı.

Muxtar Äwezov deytin jazuwşı ekenin bilem. Älgi arada tikemnen tik turıp, kitaptı oqiy bastadım. Qızıǵınan bas ala almaymın, neşe türli adamdar men

133

Waqiyğalar köz aldıma elestep, qazirginiñ bärin umıttım, tamaşa bir dünüyege endim de kettim.

Äñgime uzaq, tawsılmaydı.

Diyirmenge kirip-şıqqan jurtt böget jasay bergen soñ sırtqa şıqtım. Toğaydıñ arasına barıp, jayğasıp otırıp alıp, al kep oqı! Siñiri şıqqan eki kedey adam

– Baqtıǵul, Tektiğuldardıñ joqsılıq turmıstarı, tasmeyir Sälmen baydan körgeñ qorlıqtarı... İyä, endi ne bolar eken? Endi ne bolar eken dewmen äñgimeniñ soñına jetkenşe asıǵuwdamın. Tektiğul soylğa jıǵılar jerde janımaşıǵanı sonşalıq közimnen jasım şıǵıp ketti. Jawız Sälmeni atarğa oǵımjoq edi.

Oqiyğa tereñine tarta berdi.

Baqtıǵul qaşqın. Sälmen baydıñ jılqısınan jılqı urlap äkeldi. Elsiz tawda aş otırğan qatın-balasına soyıp, azıq etpek.

Jas et qazanda bılqıp pisip jatır, Baqtıǵul et tuwrawğa pışağın janıp, dayın otır. Silekeyin jutınğan şıdamsız aş balalar. Däl sol kezde sırttan tısır estildi. Bul kelgen quwğın edi. Et jelinbey qaldı. Baqtıǵul tayaqqa jıǵıldı, qatın-bala uw-şuw boldı...

Osınıñ bär-bäri mağan tım jaqın, tanıs ömir tärizdi. Bir ısıp, bir suwımay, tolqımay oquw, eş mümkin emes. Qanday ayanış! Qanday qatigez tirlik! Jazuwşı bäriniñ izin añdıp, öz közimen körüp, bilip jazğan sekildi.

«Qaraş-Qaraş» attı uzaq äñgimeni ayaqtap, esimdi biraq, jiyğanday boldım. Qarasam, kün keşkirip qalğan eken. Endi äripter buldırıp, körinbewge aynalğan. Oqığan äñgimeniñ äseri köñilimnen tipti de suiytın emes. Üyge tez barsam, osınıñ bärin Joldıbayğa aynıtıpay aytıp bersem deymın.

Tün. Diyirmenniñ işi. Sıǵırayğan may şam. Juqaltañ kitaptan men äli köz almay, qadalıp oquwdamın. Anda-sanda ayağın sılıp basqan aqsaq diyirmenşi şal kiredi. May şamniñ tübinde kitapqa üñilgen meni köredi.

– Äy, sen munda ne üşin keldiñ? Kitap oqıǵalı keldiñ be? Sat ana uniñdı! Qazirseniñ biydayıñ bitedi! – deydi.

Men bul keşte ömirdegi qızıqtıñ bäre de kitapta eken degen qorıtındıǵa keldim. Şirkin, Muxtar Äwezovti bir körsem dep, arman ettim.

Ertesinde Joldıbayğa oqığan äñgimelerimniñ waqıyǵasın birinen soñ birin, mayın tamızıp aytıp berdim. Eñ soñında:

– Joldıbay, qızıq kitaptardı qaydan alıp oquwǵa boladı? – dep suradım.

Öytkeni, oniñ bilmeytini, tappaytını joq.

– Osında kitapxana bar, sodan aluwǵa boladı. Kitapxana degendi estigem, biraq körgen emespin.

– Men barsam, bere me?

– Mümkın, berer.

Joldıbay meni seloniñ orta tusındaǵı oqşaw bir üyge ertip keldi, Bulawdandıq kitapxana eken. Keñ üydiñ jarım bölegi tolı kitap, söre-söre tizip jıynap tastağan. Düniyede munşama mol kitap bolatının, oniñ bäre bir arada jıynawlı turatının tuñǵış ret körıp otırmın. Közim tunıp, tañırqap qaraymın.

Stol üstinde qat-qat bop jıynalğan gazet-jurnal qanşama! Muniñ bärin kimoqıydı? Qalay oqıp tawısadı?

134

Birewler kitap tapsırıp, kitap alıp jatır. Köbi, biz sekildi balalar.

Men de oquwǵa kitap suradım. Kitapxanaşı äyel kimsiñ dep surap aldı da, awıldıq sovetten, mektepten äldeqanday anıqtamalar atıp kel dep, men üşin tüsiniksizdew bir maşaqat jumıs ayttı. Onsız kitap berilmeydi.

Men sırtqa asa jabırqap şıqtım. Sonşama mol kitaptıñ birine de qolım jetpewi korlıq edi. Meniñ bul xalimdi jete tüsingen Joldıbay:

– Sen wayım jeme, bermese, qoysın. Sağan keregi kitap pa? Men tabam, – dep, közin quwlana qısıp qoydı.

– Qaydan, tabasıñ?

– Ündeme, keş batsın.

Keş batıp, el orınga otırğan kez. Joldıbay ekewmiz kitapxananıñ tusında köşede turmız. Kitapxana qazır jabıq, terezeleri qarañğı. Töñirekti äbden bayqap, qarap aldı da Joldıbay ımdap, bastay jöneldi. Men odan qalmaymın. Kitapxananı bir aynalıp, terezelerdi, qulıptı Joldıkeñ bayqap ötti. Däw qara qulıp, Joldıkeñ qayqı bas sımman türtkilep körip edi, aşpadı.

Terezeniñ bäri köşe jaqta, onşalıq biyik emes, boy jeter jerde. Joldıkeñ bäkimen şuqılay bastap edi, äynektiñ birewisi sıñır etip, bosap, onıñ qolına keldi. Terezeniñ bir közi üñireydi de qaldı.

Qazaqtıñ et jayatın qoymasınıñ alaqanday jeldetkiş tesigi boladı, urımısıqtar sol tesikten artına bir qarap alıp, zıp ete qaladı. Joldıbay tap sol. Üñireygen kişkentay közge basın suğıp, turbañdap, arı qaray süñgip, kirip, ketip baradı. Men ayağınan säl demep jiberip edim, qara tesik Joldıkeñdi juttıda aldı.

Degbirim qaşıp, jan-jağıma qaraymın. Bir pälege urımbasaq neğılsın. Säl seziktener jağday tuwsa, Joldıbaydı qaldırıp, bezip jönelüwimde daw joq.

– Mä, al!

Dawıs Joldıbaydiki. Ar jaqtan bir quşaq kitap alıp kelip, tesikke tıqpalap jatır. Men kitaptardı qabıldap ala bastadım. Bir-eki kitap şaşılıp, jerge tüsip te qaldı.

– Jete me? Tağı äkeleyin be? Joldıbay kitapxananı köterip ketpek.

– Jetedi!

Joldıkeñ tesikten äweli eki qolın, odan soñ basın şığardı. Salbırıp tüsip keledi. Ömir boyı tereze közinen kirip-şığuwdı käsip etip alğan adamday-aq opoñay salañ ete qaldı.

– Kettik!

Bir-bir quşaq kitaptı bawırımızğa qısıp alıp, köşeniñ qarañğı şetimen bezip kelemiz.

Ertesi. Tağı da bosağadan jıltırap qarap, Joldıbay kelip tur. Endi onıñ küнге küygen iyıǵı men moynı tülep, jawır bola bastağan. Men Joldıbaydıñ kelüwin kütıp otır edim. Ekewmiz köşege şıqtıq. Tünde iri bir jumıs tındırğan adamdarmız, birimizdi birimiz qas-qabağımızdan uǵıp, jumıñ-jumıñ etemiz. Olja kitaptardıñ bärin de tünde Joldıbay üyiniñ tawıq qorasındaǵı jaman-juman jüktiñ arasına tıǵıp tastağanbız. Bizdiñ üyge äkelüwge bolmaydı. Satılǵan aǵayım körse, qaydan aldıñ deydi.

Kündiz Joldıbay üyinde adam bolmaydı.

135

Mine, biz olja kitaptardı qarap otırmız. Jarım-jartısı qazaqşa, jarım-jartısı orıssa. Orıssa kitaptardıñ bizge qajeti şamalı – oqıy almaymız.

– Qarañğıda qanday kitaptar ekenin qaydan bileyin, stol üstinen quşaqtap aldımda jöneldim, – deydi Joldıbay.

Men, oqıytın kitaptardı şetinen bir-birlep alıp turmaqşımın.

Oyımızda kitapxana. Onda ne bop jatır eken? Tük bilmegen bolıp, kitapxananısırttan torıp keldik. Terezeniñ közin ornına qaytadan salıp qoyğan, tım-tırıs. Biz kitapxanağa kirgen joqpız.

Arada üç-tört kün etti.

Bizdiñ üymen körşi üy Tanabaev deytindiki. Küyewi bir keñsede bastıq, äyeli kerbez jas kelinşek. Küyewin qızmetke şıǵarıp saladı da, ol ädette, bizdikine keledi. Külimbala jeñgem ekewi ösek keytip uwaqıt ötkizedi.

Sol Tanabaevtıñ äyeli ayağın şiyratıla basıp, bizdiñ üyge kelgen. Men kitapoqıp otırmın.

– Bul ne kitap?

Iliyas Jansügirovtıñ «Küy» deytin öleñder jıynağı edi. Kelinşek birneşe betin awdarıp, köz jügirtti de:

– Berşi, men oqıp şıǵayın, – dedi.

– Alıñız.

Kelinşek kitaptı alıp ketip qaldı. Ertesi. Kündizgi uwaqıt. Bizdiñ üyge murtı tikireygen Bürkitbay militsioner kelip tur.

– Osında pälen deytin bala bar ma? – dep, meniñ atımdı ataydı, – Bar.

Bürkitbay meni köp sözge keltirmedi. Jür dep, aydap aldı. Militsiyağa äkeldi. Men eşteñe tüsinetin emespin. Jan-jağı bitew qorağa, odan bir bölmege kirgizdi. Portuwpeya tağınıp, şpal qadağan ädemi qazaq jigiti otır. Bürkitbayğa baraberiñiz dedi, men qaldım. Onıñ menimen jöndep söylesetindey türi bar. Äweliatı-jönimdi suradı, aytтым.

– Mına kitaptı tanıysiñ ba?

Stoldiñ tartpasınan suwırıp alıp körsetken älgi kitap «Küy» edi. Közime jılı uşıray ketti.

– Taniymın.

– Seniñ kitabıñ ba?

– ... meniki...

– Qaydan aldıñ sen munı?

Ne aytarımdı bilmeymin.

– Ayt, qaydan aldıñ? Ün joq.

– Bul qaytıp seniñ kitabıñ boladı? Mına mör ne? Arada bir minut ötkende men tergewşiğe barlıq şınımdı aytım.

Suraq bitti. Meni qanattağı bos bir bölmege kirgizdi de, qamap qoydı. Esikti jawıp, sırtınan qulıp salıp jatuwı adamğa jaman äser etedi eken.

Tün boldı, jibergen joq. Osında tünep şıqtım. Tañerteñ Külimbala jeñgembir şaynek şay, bir japıraq nan alıp keldi. Kädimgi qamawdağı adam tärizdimin, şayımdı jaman bir eski matractı tösey salğan jer tösektiñ üstinde otırıp iştim.

Kenet, qora jaqtan birewlerdiñ şuwlasqan dawısı estildi. Tanıs dawıs. Joldıbay. Ornımnan uşıp turıp qaradım. Tağı da sol Bürkitbay,

136

Joldıbaydı aydap alğan. Anaw jür dep iytermeleydi. Joldıbay iyterme, özim dejüre alam dep, Bürkitbayğa ırıq bermey, kijinip tur.

Tüske taman meni de, Joldıbaydı da bosattı. Olja kitaptıñ bäri militsiya arqılı kitapxanağa qaytarıldı. «Urılıq tübi qorlıq» bolatının men täjiriyyede osılayşa bir sınap kördim.

MAXABBAT XATI

Äy, osı maxabbat xatı degendi qoysañızşı. Bağıştalğan adamına jetpey qap, qoldı bolıp jatatın da osı xat. Qanşama tatuw-tätti jürekterdi qızğanıştıñ qızıl şoğına qariytın da osı xat. Oylap otırsañ, bul xattıñ raqatı damaşaqatı da mol. O, maxabbat xatın jazuwğa qumartuwşılar! Meniñ mına aytayın dep otırğan äñgimemnen sabaq alındar.

Ağayım tağı da Almatığa bir aylıq kursqa oquwğa ketti. Üyde endi Külimbala ekewmiz ğanamız. «Ey, kelinşek, sızılıp bos otıruwıñ jetedi, jumısqa şıq» dep, qujbanday bop, kelip turatın Bázil brigadir munda joq. Munda biraq, Qazbek bar. İyä, iyä, ağayım barda bizdiñ üyden şıqpaytın, ağayımniñ jan joldası, anaw sanaq mekemesinde isteytin jıltır bet Qazbek...

Bir küni bizdiñ üyge Joldıbay keldi. Ekewmiz özenge qaray ketip bara jatır edik, art jağımızdan Külimbala şıǵıp, ayqay saldı:

Qasına barğan Joldıbaydı Külimbala üyge ertip kirip ketti.

Men älgı ornımda tañırqağanday bolıp turmın. Jeñgem, meniñ jeñgem, nege meni şaqırmay Joldıbaydı bölektep şaqıradı?

Joldıbay köp keşikpey şıqtı. Anaday jerde turğan mağan, sağan aytatın qızığım bar degendey jimıyıp, köziniñ astimen qaraydı. Onıñ soñınan Külım-bala da şıǵıp, bizdi baqılap tur.

Jeñgem sağan ne ayttı dep, Joldıbayǵa jabısa ketüwge ädeyi bayqawǵa alıp turğan Külımbaladan qaymıqtım. Bılay taman uzağan soñ suramaqın. Joldı-bay özi de aytpay şıdamas. Suwǵa barar jolda älginde aytqan sanaq mekemesi bar (Qazbektiñ mekemesi). Sol araǵa taman kelgende, Joldıbay ündemesten keñsege qaray burıldı. Men de burıldım. Börene üydiñ aldına kelip, mine, endi irkilip toqtap turmız. Külımbala bul aradan bizdi körmeydi.

– Ne, ayttı ol sağan?

Joldıbay qılmañ-qılmañ etedi, bir qolı qaltada.

– Sağan bir narse körseteyin be?

– Körset!

Joldıbay mağan konvertke salınıp, awzı jelimdelgen, eki büktelgen xat körsetti. Adres jazılmağan.

– Jeñgeñ Qazbekke ber dep, berdi.

Meniñ işim muzday bolıp ketti. Jeñgem Kazbekke ne jazuwı mümkin? Aytatınım bılay-aq aytpay ma? Munda bir gäp bolmasa neğilsın!

– Aşıp, oqısaq qaytedi? – dedim Joldıbayǵa.

– Qalay aşamız?

– Aqırın eptep aşamız da, oqıp, sodan soñ qayta jelimdep, aparıp beremiz.

137

Joldıbay birden kelisti. Äyel-erkektiñ qupiyasın ol menen göri köbirek bilede, köbirek tüsinedi.

Ekewmiz keñsege de kirmey, Külımbalaǵa da körinbey, tartıp otırdıq. Qawipsiz oñaşaǵa kezigip, konvertti aşı bastadıq. Kerege köz däpterdiñ bir paraǵınıñ eki beti tolı jazuw. Siyamen mänerli etip, asıqpay jazuwǵa tırısqañ. Mümkin, birden jazılǵan xat emes te şıǵar. Bul tärizdi xattar, ädette, talay jazılıp, talay jırtıladı. Talay ret öñdewden, jöndewden ötedi.

Talay öşirilip, talay köşiriledi. Är sözi mıq şegedey, bekem bolǵanda ğana jiberiledi.

Xat mazmunı qısqaşalap aytqanda mınaday: Qazbek bir kezde Külımbalaǵa, meniñ jeñgеме, sen meniñ periştemsiñ, seni körmesem tura almaytın awruǵa duşar boldım degen. Säbiydey añqaw Külımbala oǵan sengen de, torǵa túsken...

Arada birtalay künder ötti, Satılğan joq. Külimbala eki közi tört bolıp, Qazbekti kütedi, al Qazbek bolsa, jolamaydı. Bu nesi onıñ? Kelekesi me?..

Iza menen küyiniş işin mısıqtay tırnalap otırıp jazğan şarasız äyel osınıñ bärin qağaz betine qanday sözdermen tüsiretinin, oquwşı, endi öziñ jobalap bilersin.

Joldıbay üşin bul xat qızıq, tamaşa. Al men üşin qasiret. İşim qızğanıştan alay-düley bolıp ketti. Külimbalanı atarğa oğım joq- Bälem, toqtay tur! Kelsin, ağayım!

Ağayım kelgende sonda ne istemekpin? Şirkin, mına xattı qolına bere salsam!

– Joldıbay köner emes, xattı Qazbekke bermesem, Külimbala meni qurtadı, –deydi.

– Onda men bul xattı köşirip alayın?

Joldıbay buğan köndi. Waqıyğaniñ şiyelenise tüsuwi oğan da qızıq. Ekewmiz Joldıbaydıñ üyine keldik. Men xattı köşirüwge kiristim. Tüpnusqa aldım da jatır. Bir de bir sözün buzğan da, qaldırğan da joqpin.

Köşirilgen xattı endi qayda saqtamaqpin? Qaltamda jürse, birinşiden, tozadı. Ekinşiden, jeñgem tawıp alıp qoyuwı mümkin.

Bizdiñ üydiñ qasında bir tüp dolana ağaşı ösedı. Älginiñ basında qaratorğaydıñ uyası bar, işine jumsaq bolsın dep, şöp töselgen. Xattı eşkim eskermes dep, sol uyağa, şöptiñ astına tıqtım da qoydım. Endi tek kelsin ağayım.

Künder ötip jattı.

Xattı alğan soñ, Qazbek bizdiñ üyge tağı da kele bastadı. Orta boylı, ädemi, surşa jigit kiyimdi qatıp kiyinedi. Ayağında aynaday jaltırağan jeñil xrom etik, galife şalbar, sırt. keyde. Belinde qıp-qızıl jalpaq qayıs belbew. Basında jeydesi tüstes qoñır furajka.

– Keliñsek, amansın ba? Satılğannan xat bar ma? Qaşan kelem deydi?

Qazbek jaydan-jay kelmeydi bizdiñ üyge. Almatıda oqıp jatqan joldasınıñ – meniñ ağayımniñ amandığın bilüwge keledi. Onı körgende Külimbala jeñgemniñ közi jaynap ketedi. Üydegi arqalı jalğız orındıqtıñ üstin oramalmen biypazday sürtip, Qazbekke usınadı:

– Otır, Qazbek jaylap otırıp jatadı. Onıñ qiymıl-qozğalısnıñ bäre de kiyim kiyisi tärizdi sıpayı, äsem.

138

– Satılğan joq bolsa, bir de biriñ jolamaysıñdar. Kelip, amandıq bilüwge de jaramaysıñdar, – deydi Külimbala. Qazbekke kinä tağıp, bürip alğanday boladı.

Qazbek söz taba biledi:

– Bayı joq qatınıñ üyinde ne bar? Bir küni bolmasa, bir küni ösekke qalarsın!

– E, qorqadı ekensiñ ğoy?

– Bul qorquw emes, saq boluw.

Işimnen zıǵırım qaynap men otırmın. Eki sayqal, sayqaldanıñdar! Meni eşteñe bilmeydi dep oylaysıñdar ğoy! Küliñder, äzirşe, jetisiñder! Kükileriñ qaşanğa barar eken.

Sarǵayıp kütken kün jetti – oquwdan aǵayım keldi. Külimbala şay qoyıp, jaytappay jür. Küyewin küte-küte eki közi tört bolıp, zarıqqan adam tärizdi.

Aǵayımnen amandasuğa joldas-joraları keldi, işinde Qazbek. Ol Külimbalağa qaljuñ ayta keldi:

– Keliñsek, küyewiñ kep, közayım bolıp jatırsıñ ba? Aldın ada bizdi şaqırıp, toqımqaǵar jasasañ ğoy, Satılǵan budan da erterek keletin edi.

Qazbek qaljuñdı mänerlep, ölşep aytuwğa tırsadı. İşinde ne Külimbalanıñ, ne onıñ küyewiniñ köñiline keletindey ebeteysiz, artıq söz ketip qalmawın qattı qadaǵalaydı. Äldekimderge uqsap, joldasınıñ äyeline öz äyelindey turpayılap jatıwdı bilmeydi. İyä, juwastan juwan şıǵatınnıñ naq özi.

Men aǵayım kelgen bette-aq dolananıñ basına şıǵıp, anadan beri közimniñ qaraşıǵınday saqtap jürgen köşirme xattı qaltama qattap alǵam. Endi retin tawıp, sonı aǵayıma tabıs etkennen basqa mende oy da, maqsat ta joq.

Bul küni xattı berüwdiñ iñǵayı kelmedi.

Ertesi boldı, şay işildi. Aǵayım qızmetine baruwğa üyden şıǵıp ketti.

Säl ayaldap, soñınan men de şıqtım. Aǵayımniñ artınan jügirip kelem, quwıp jetip, tük aytpastan, xattı qolına ustata saldım...

Bul ne degendey aǵayım sol arada turıp oqıy bastadı da, öñi buzılıp ketti...

Tüski üziliske ol qasına birneşe adam ertip keldi. İşinde awıldıq sovetniñ predsedateli bar. Köbinese birtoğa jüretin, sabır saqtay biletin Satılǵannıñ tür-tüsi ört söndirgendey tütigip, qarayıp ketken. Ol Külimbalamen ajıraspaq bop, qasındaǵı kisilerdi küwälikke ertip kelgen eken.

Sot arqılı ajırasu ol kezde joq.

Külimbala tek qos qoldap, betin basıp, jılaǵandı bildi. Üydegi bar zat ekige bölünip jattı.

Satılǵannıñ ekinşi ret üylenüwi, söytip, taǵı da sätsiz tındı.

ÖGEY ŞEŞE

Men, mine, taǵı da Qostöbedemin. Quttıqtap qoyıñızdar – ögey şeşeli bolǵam. Külimbala tütetip otrǵan tütün söngennen keyin basım awǵan jaqqa qañǵıp jönelmey,

endi ögey şeşeni de bir köreyin, körmegenim osı edi dep, Kümis deytin adamnıñ qolına keldim (Munda kelmey, qayda baruwşı edin dep, nege suramaysızdar?). Kümis äkemnen ülken be dep qalam (Jas jağınan). Al boy

139

jağınan İdiristan biyik: bet bitimi kesek, qalbiğan qara äyel. Atı Kümisdemeseñ, özi de, kiygen kiyimi de şoyınğa köbirek uqsaydı.

Lastıǵı jağınan awmağan meniñ bir kezdegi Biybijamal jeñgem. Sonıñ özi bolmağanmen, köşirmesi.

Kümis deni saw da adam emes edi. Oqta-tekte talıp jıǵılıp qaladı. Özinen özi kübirlep söylep, äruwaq-qudayǵa sıyınıp, solarmen tildesip jüredi.

Talma awrudı qazaq qoyanşıq deydi. Kümistiñ qoyanşıǵı kürt ustaydı. Şay quyıp, nemese ot jaǵıp otıradı da, sereyip jıǵılıp qaladı. Tisin şıqır-şıqır etkizip, ayaq-qolınñ tamırı tartılıp, keyde awzınan aq köbik aǵıp, közderi alarıp, tırbañdap jatadı. Burın mundaydı körmegen mende zäre qalmaydı. Derew sırtqa atıp jönelemin, körşi kempirlerdin birewin ertip kelem. Turdıbek inim bul kezde üş jastan asqan. Kütimsiz boluwdin saldarınan iyt awrumen awırıp, ayaǵı äli şıqpağan – meşel. Türegep jüre almaydı, quyırǵımen qozǵaladı. Köbine köp siz edenge töselgen qurım kiyizdin üstinde, moynı qılday bolıp közderi baqırayıp, jarbiyip otırǵandı biledi.

Özi meşel bolğanmen tili saw, söylese taq-taq etedi. Biraq köp söylemeydi. Öziniñ meşel bolıp qaluwına osı jürgen adamdardın bärin kinälap, qarǵıs aytqanday säbiy qabağın tüyip alıp, tüksiyip ünsiz otıradı. Bul künde awıldın ülken-kişisiniñ bəri onıñ Turdıbek deytin atına «meşel» deytin sözdi qabattap, qosa ataytın bolğan.

«Turdıbek meşel!»

Juwınuw, kiyim awıstıruw degendi Turdıbek şeşesi ölgeli bilgen emes. Onıñ üstinde kiyim be, bolmasa jabaǵı tärizdi japsırıp tañıp qoyğan birdeñe me, ajıratuw qıyın. Ayaq, qolı şiydey, şaşı ösip, qulaqtarın kömip ketken... Säbiydiñ sol kezdegi keypi kezime elestegende osı küni de meniñ jüregim şoşınuwdan qaqayrıla jazdaydı.

Kümis talıp jıǵılıp jatqan kezde Turdıbekte de es qalmaydı. Biraq ol men qusap üyden qaşıp kete almaydı. Quyırǵımen tez-tez sırǵanap, üydiñ alısıraq burısına qaray şegine beredi. Eki közi esik jaqtı bögep, up-uzın bop, sereñ-sereñ etip jatqan Kümis te.

Meniñ üyde bolğanımdı Turdıbek jaqsı köredi. Ekewden ekew qalsaq, qabaǵı aşılıp, sergip, birdeñe-birdeñe söyley bastaydı. Kädimgidey balalıq minezi ustap, oynamaq boladı. Meniñ janım Turdıbekke keremet aşuwşı edi...

Kümis Turdıbekke qatal qaraydı. Oñaşada urıp-soğadı eken, onı mağan Turdıbek özi aytadı. Qayteyin, ara túsuge mende şama bar ma? Inimniñ awır xali işime uw bop quyıladı.

Men bul kezde jurttan jasırıp, öleñder jazatın edim. Köbi öz basımdağı qayğı-qasiretim. Äli de bolsa öldige qiyğım kelmeytin ayawlı anam, onı joqtaw. Turdıbektiñ basındağı awır xal. Kümistiñ onı uratındığı.

Qara bulttay qalbiğan Mınaw Kümis,

Soğadı Turdıbekti gürs-gürs, –degen eki jol öleñ esimde qalıptı.

Küz. Narınqolda besinşi oqıp jürmin.

Osında Nurğabil deytin bizben tuwısqan keñ beyil tamaşa adam bar, muğalim.

Satılğan ekewmiz sonıñ üyinde jüremiz.

Bir küni osı üyge sümpiyip äkem kelip tur.

140

–Jayşa keldiñ be?

– Turdıbekti bälniske äkep em.

– E, oğan ne boldı?

– Suweken dep, aptol işip qoyıptı...

Waqiyğa bılay bolğan: äkem äyeli ekewi qırmanda molotilkada isteydi. Awıldan birğawım jer. Sonda jatıp, sonda turadı. Turdıbekti de alıp barğan. Ayağı joq meşel beyşara uzaq küнге qırmanınñ şetinde küнге borsıp, otırğandı ğana biledi. Ögey şeşe oğan qaramaydı.

Panasız säbiy bir küni älgidey otırıp, qatqaqsıp şöldeydi. İşüwge suw izdeydi. Mañayında är türlü şekek, böşkeler turadı eken. Solarğa üñilip qaray bastaydı. Şelektiñ birewin demolotilkaniñ motorına quyatın avtol turadı. Säbiy oniñ ne zat ekenin bile me? Basın suğıp jiber edi de, qılqıldatıp juta bastaydı... Bayqus inim awruhanada bir jetidey jatıp şıqtı. Talayğa deyinoniñ işine as toqtamaytın boldı.

Qıs kezi. Qazaqı jaypaq şanamen tağı da Qostöbeden äkem kelgen. Şanasında töselgen kiyiz, jaman bir körpe jatır.

– Birewdi alıp keldiñ be, ne jumispen keldiñ?

– Turdıbekti bälniske äkep em...

– E, tağı ne bop qaldı?

– Usta dükenindegi otqa qolın tıǵıp alıptı. Waqiyğa bılay bolğan: Öskembay ustaniñ dükeni bizdiñ üydiñ qasında. Turdıbek bul kezde üydiñ qabırğasına, duwalğa süyenip

jüretin bolğan. İlgiy da japadan-jalğız otıra berüwden işi pısqan säbiy bir küni tam-tamdı jağalap, sırğıp, usta dükenine keledi. Turdıbekpen şamalas Qırğızbay deytin bala bar. Ol meşel emes, saw.

Qaltırap äreñ turğan Turdıbekti Qırğızbay qızıq üşin julqıp, iyterip kelip qaladı. Turdıbek omaqasa jıǵılıp, bir qolın köriktiñ qıp-qızıl şoǵına bileğine deyin oñdırmay tıǵıp aladı.

Bul xabardı estigende meniñ arqa-basım şımırıp ketti.

Bayǵus säbiytaǵı da awruhanada.

Inime men kün sayın kelip turam. Pryanik, kämpit äkep berem. Munda onı kelisimen monşaǵa salǵan, şaşın alǵan. Tap-taza iş kiyim, xalat bergen. Küygen qolın dobalday etip tañıp, aq jaymalı, setkalı temir kerewetke jatqızıp qoyǵan. Men alǵaş kelgende öz inimdi özim tanımay qala jazdadım. Türinen kisi şoşıǵanday burınǵı Turdıbek emes, eki közi qaraqattay, süp-süykimdi birew. Meni körip, ädemi jumıyıp küledi. Inim ekenin sonda ğana tanıdım.

Adamdı adam etetin de, haywan etetin de turmıs eken, men sonı bildim.

Bir küni sabaq, soñınan Turdıbekke taǵı da kelgen edim. Töseginiñ qasında otırmın. Turdıbek saw qolımen jastıǵınıñ astın siypalap, birdeñe izdey bastadı. Söytsem, üş tal domalaq kämpit eken.

– Mä, aǵa, je, saǵan saqtap qoydım, – dep, usınıp jatır.

Bul kämpitterdi tañerteñ şaymen bergen. Turdıbek jemey, öz awzınan jırıp, maǵan saqtap qoyıptı. Inimniñ bawırmaldıq qılıǵına işi-bawırım eripketkendey boldı.

– Öziñ jey ğoy...

Men eki türli mamandıqtıñ adamına jasımnan keremet qadirleytin edim. Biri –muǵalim, ekinşisi – däreiger. Düniyedegi eñ aqıldı, eñ meyirban jandar osılar

141

tärizdenetin. Men muǵalim men däreigerden tek jaqsılıq kütüwşi edim. Olarǵa özata-anama sengendey senüwşi edim.

Muǵalim men däreigerden oñbaǵan adam şıǵadı dep, men eşuwaqıtta da oylamaytın edim.

Amal qanşa, şıǵadı eken.

Qatigez taǵdır, Turdıbek inimdi däreigerdiñ oñbaǵanına kez keltirgen. Ol onıadam-aw dep, keleşegi bar-aw dep, qaramaǵan. Ayaǵın sındırıp alǵan laq tärizdi körgen. Küygen qoldıñ är sawsaǵın jeke-jeke daralap baylap emdemey, qosıp,bir-aq baylaǵan. Sonıñ

saldarınan jazıla kele bes sawsaq birine biri jabısıp, birigip bitken. Alaqanı qasıqtıñ bası tärizdenip şuqanaq, quwıs bolıp qalğan.

Bunı biz inim awruhanadan şıqqanda bir-aq körip bildik.

Därigerdiñ öz isine nemquraydı qarawı, öse kele, Turdıbekke asa qımbatqa tüsti. Küygen qolı eñbek etüwge (ayır, kürek, balta sekildi eñbek qaruwın ustawğa) jöndi jaramaytın boldı. Bayğus bala, söytip, mäñgilikke mügedek bolıp qaldı.

Men üşin jazğı demalısıñ bolğanınan bolmağanı artıq. Qayda baram? Tağı da kimniñ kolına telmirip qaraymın? Qostöbege – Kümis şeşeme jolağım kelmeydi.

Qostöbeden, özimniñ Qostöbemnen, bezer boluwıma jäne bir sebep bar, ol – kolxoz jumısı. Brigadir töbemdi körisimen atınıñ basın burıp, jetip keledi. «Öy, äke, oquwıñ bitti me, kep qaldıñ ba? Olay bolsa, erteñnen bastap jumısqa şıq, ana şöp maşınanıñ birewiniñ atına min», – deydi.

Biz üşin, jalpı balalar üşin, jazğı demalısıñ demalıs degen tek atı ğana. Al zatı älgidey – jaz boyı kolxozda jumıs isteymiz. Küz bop, oquw bastalarda, sonda ğana jumıstan moynımız bosap, uh deymiz. Biz üşin nağız demalıs ol – oquwdıñ bastalwı.

Amal qanşa, Qostöbege keldim, basqa barar jer joq. Äkem bul kezde jalğız üybop, awıldıñ sırtında boydaq tana bağadı eken. Eski bir tamdı pana qılıp otr. Bir bölmede özderi turadı, karama-qarsı töbesi aşıq basqa bölmege tünde siyır qamaydı. Dalan üy ekewlerine ortalıq, ol da töbesiz.

Adam turatın bölmede, kerek deseñiz, esik te joq. Esik ornına eski bir dağar ustap qoyğan. Keyde, üyde adam joqta, suğanaq siyırlar tamaq iyisin bilip, kirip ketip, onımunını şaşıp, qazan-ayaqtıñ äpter-täpterin şığaradı.

Kün ıssıda oqıra quwğan siyirdan ötken aqımaq närse bar ma? Quyrıqtarın qayqaytıp tigip alıp, közderi şarasınan şıǵıp, bas sawğalar köleñke izdep, jantappağanda, üyde kisi otırğanına qaramastan, tasırlatıp kirip keledi. Äweli öziñdi basıp kete jazdaydı. Bärimiz birdey şuw ete qalamız. Sol kezde, älgi sasıq qors etip, qayta ürkip jönelgende, dağar esikti müyizine ilip, qosa alıp ketedi.

Meniñ Qostöbem awdandağı eñ älsiz, köterem kolxozdıñ biri edi. Malşıları tigetin baspana bolmağandıqtan, serpilip jaylawğa da köşe almaydı. Östip, jaman-juman tamdardı pana etip, awıldı töñirektep, bijınağan qara şıbın, kök sonamen alısıp, bıqsıp otıradı.

Awıldan oqşaw jalğız üy bolğandıqtan men, äzirşe brigadirdiñ közine tüse qoyğan joqpın. Şınında da demalıp uwaqtı ötkizüwdemin. Jiynağan bir jäşikönimdi menşikti körkem ädebiyet kitaptarım bar, solardıñ una ğandarın pälen qaytara oquwmen bolam.

142

Bir sumdıq şıqtı – kitaptarımniñ ara-arasınan bir bet, eki betin birew mağan bildirmey jırtıp äketedi. Men kimnen körerimdi bilmey, zarlaymın da qalam. Äkem: «Sonşa ne körindi, qalğan saw betterin oqısañ da jetpey me?» – dep, zekip, jubatuw aytqan boladı. Söytsem, urı alıstan kelmeydi eken, urı äkemniñ öz eken. Ol şılım şegedi, gazet jazdırıp almaydı. Bir küni bayqasam, temeki orawuşın qaltasınan alıp jatqan qağazı – meniñ kitabımniñ jırtılğan beti.

Jaltaruwğa äkede jol qalmadı.

Mına qızıqqa qarañız: älipti tayaq dep bilmeytin äkemniñ kitap jöninde tüsinigi özinşe eken. Kitapta bet köp. Onıñ bir-ekewin jırtıp alğannan ol nesi ketedidep qaraydı. Mazmunı oysırıp qaladı dep, oylamaydı. Bir qora qoydıñ birewin soyıp jegennen mal qarası azaya ma? Ol solay oylaydı.

Tek öleñ jazuwğa arnalğan qatırma tıstı qalıñ дәpterim bar. Üyden awlaq oñaşa barıp, kögal şöpke bawırımıdı tösep, jatıp alam da, öleñder jazam. Budan burınraq jazğan öleñderim özime unamaydı. Naşar öleñderdiñ közin eñ soñğiret tıp-tıypıl etip joyam. Endi tek bir sözi de özgermeytin ädemi sulu öleñder jazbaqşımın. Dәpterim kil asıl öleñge tolı bolğan soñ tarix üşin onı saqtap qoymaqşımın.

Bolaşaqta kim bolam? Osı kezde bul мәseleniñ bası äbden aşıq şeşilgen, äriyne, jazuwşı bolam. Kitaptar jazam...

Şeşemniñ beyiti älgi aradan onşa qaşıq emes, tuspa-tus. Şiy-şiydiñ arasimen ayañdap solay qaray kelem. Anaşıma jolamay ketüwdi qılmıs körem. Beyitter –bular da özinşe bölek jatqan bir awıl esepti. Jurttıñ bäri, aqır tübinde, osında keledi, osı awıldıñ мәñgilik turğımına aynaladı.

Eñ ortada bayağıda jüzge kelip ölipti deytin Tapi kümbezi. Odan ülken kümbez joq. Är türlü şağın kümbez, sıpaşalar, köpşiligi basına tük te turğızılmağan jay ğana tömpeşikter. Adamdar ölgen soñ da birdey bola almağan, kimniñ bay, kimniñkedey bolğanı bep-belgili.

Meniñ anamniñ beyiti jay tömpeşik, üstine şöp ösip, tömpegi alasarıp ketken. Anaşım, asıl anam. Basıña balañ kep tur. Artıña añıratıp tastap ketken jetimegiñ kelip tur. Sen sezemisiñ, bilemisiñ. Sağındım-aw, anaşım, öziñdi!

Men o dүniye bar degenge senem. Sengim kelmese de senem. Erte me, keş pe mendağı ölem ğoy. O dүniyeye baram. Mine, sol arada anammen kezdesem. Jүrek qaltamniñ alıs tükpirine tıǵıp qoyğan meniñ endigi jalǵız ümitim osı.

O duniye mağan osı üşin qajet. Sonda anammen qalay köriser ekem?

SARI AT MİNDİM, SAZĞA TÜSTİM

Narınqolda besinşi oqiymin. Tätem attas Smağul deytin adamniñ üyinde jürem. Smağul äyeli men ekewi ğana. Zayıbınıñ puşpağı qanamağan. Balasız. Qudaybalanı surağan adamğa bermeydi, suramağanğa beredi. Bala ösirüwge mümkindigi barlarğa quwanış etip berüwdiñ ornına, mümkindigi joqtarğa masıl etip, qayğıtip berip, pendesiniñ ızasın keltiredi.

143

Smağul men Ülmeke bir jas iyisti añsap jürgen adamdar. Jası qırıqtı ortalağan Smağul ğajap şaruwaqor, eñbeksüygiş. Bir kezde, şekara boyı qutırıpturğan zamanda, komotryadqa qızmet etken, bandımen talay atısıp, şabısқан.Sodan bir közi kemtar bolıp qalğan. Orısşa jaqsı söyleydi, garmon tartıp,jır jırlaydı. Minezi qızday, aq köñil, aşıq Smağuldı xalıq jaqsı köredi,sıylap «Smaş» dep turadı.

Smaş bir kezde meniñ Satılğan aǵayimmen tös soǵıstırıp dos bolğan adam eken. Satılğan bul kezde munda emes, Tekeste. Osıdan on bes şaqırımday, MTS-tanusqawşı – buǵalter bolıp qızmet isteydi. Jumıs sabımen ol munda jiyi kelip turadı. Astında tüyedey qızıl at, bılǵarı bazar er-toqım, moynında sumka. Aydarınan jel esken baqıttı komsomol jastıñ birewi bolğan da qalğan taǵı da. Bir tüstes qoñırkökşil matadan özine şaq etip ädemi kitel, galife şalbar tikkizip kiygen. Kelgen sayın ol mağan qaǵaz-karındaş al dep, bes-on som aqşaberip ketedi.

Jürgen üyim meni awırlaytın jandar emes. Smaş özi Narınqoldan Sümbege poçta tasiydi. Bir qonıp, qaytıp keledi. Sosın eki kün demaladı, yaǵni, öz şaruwasın isteydi. Qolınan qazınanıñ at-şanası üzilmeydi. Munda kimde at, şanabolsa, turmıs sonda (otın äkelüw, şöp äkelüw, t.b.).

Osı Narınqolda Smağul jasadı deytin bes-altı üy bar. Bir üydi jasaydı da, biraz uwaqıt kirip otradı, sosın satıp jiberip jāne bir üy saladı.

Onı jāne satadı. Joq, sawdagerlikten emes. Biriniñ ornı, biriniñ anawsı, biriniñ Mınawısı unamay qaladı. Unamağan üydi satıp, unaytın jāña üy salıp ala qoyuw eñbekqor Smağul üşin pälendey bas qatıratın qiyın şaruwa emes.

Ülmeke Smağuldan beter aq köñil jaydarı jan. Ekewi birine-biri tawıp qosılğan. Ätteñ, ne kerek, balaları joq. Äytpese, birewine birewi qıñq demesten ömirden nağız baqıttı ötetin abzal jandar.

Balanıñ joqtıǵın Smağul köbirek wayımdaytın tärizdi. Sondıqtan ba, ol işüwdi täwir körüwşi edi. Biraq salınıp işpeydi, oğan onda uwaqıt ta, murşa da joq.

Küni boyı şaruwa istep şarşağan Smağul keşke qaray juwınıp, täwir kiyimderin kiyedi.

– Sen qayda barasıñ? – deydi Ülmeke.

– Düken jaqqa barıp, şılım äkelmesem, şılımım tawsılıp qaldı.

Smağul düken jaqqa künde barmaydı, al barsa, saw qaytpaydı. Onı Ülmeke jaqsı biledi.

– Älgi birewleriñ kezdesip, taǵı da işesiñ ğoy? – deydi Ülmeke.

– İşpeymin.

Bul sözdi Smağul äyeliniñ betine tuwralap qaramay, bostaw etip aytadı. Özi desenbeytin tärizdi.

– Körermin işpegeniñdi.

Smağul ketedi. Tez qayta qoymaydı, keşigedi. Ol keşikken sayın Ülmeke mazasızdana bastaydı.

– Berken, barıp bayqaşı älgi ağañdı. Bir jerde mas bop, tırayıp jatpasın.

Mine, men Smağuldıñ soñınan kele jatırmin. Keñ köşe, jürginşi az. Magazinderge jaqındap qalğanımda, burıştaǵı üydiñ qalqasınan Smağul şığakeledi. Ämende duris kiyiletin qalpaǵı artqa qaray şalqayıp ketken, ayaq basqanı da bir türli. Tayğanap, jıǵılmayın dep, muzdıñ üstimen kele jatqan

144

adam tärizdi. Äbden jaqındamayınşa ol meni körmeydi, alısraqtan körse de tanımaydı. Äbden betpe-bet kep tirelgende, sonda bir-aq köredi.

– Äketey, qayda barasıñ, mağan kele jatırsıñ ba? – deydi. Meni Ülmeke jibergenin birden bilip, qoltıqtap aladı.

– Mine, özim de kele jatırmin, äketay.

Smağul işip alıp jelikkendi bilmeydi, odan beter meyirimdi, jumsaq bolıp ketedi. Eki söziniñ biri «äketay». Kişkentay qoñır közi jumılıp, qıyaq murttarı jıbırlap külimsirey beredi.

Qarsı kezdesken adamdardıñ bir de birewi Smağulmen amandaspay ötpeydi. Minezdi, jurtqa süykimdi Smağuldıñ araq işip alǵanı olarǵa bir türli qızıq sekildi. Smağul

bärimen de iyilip, eñ bir bawırmal jılı sözderin aytıp amandasadı. Onıñ osılayşa köñildenip, şalqıp jürüwi tek osı jurttıñ arqası tärizdi.

Üyge jaqındağan kezde Smağul toqtap, şılım tutatadı. Burq-burq sorıp, betaldın qaptap ketken tütindi qolimen olay-bulay sermep quwadı. Ilgeri qozğalmas burın mağan:

– Äketay, qazır mağan äpkeñ ursadı ğoy,ä? Älgi Sultanğoja kezdesip, azdap işip aldım,– deydi.– Al sen ülkeygende işpe. Araq, ol bilesiñ be... İşpe. Uqtıñ ba?

Vot, solay. Şılım da tarpa...

Smekeñ esik aldına kele bere dawıstaydı:

– Ülmeke, äy, Ülmeke! Qaydasıñ? Sen qazır mağan ursasıñ ğoy, ä?! Men azdap işip qoydım.

– Azdap işkeniñ osı ma? Teñselip äzer tursıñ. Endi şeşin de, jat. Jatıp, demal. Smağul jatpaydı.

– Berken, meniñ garmonım qayda, äperşi? Garmondı iyıǵına iledi de, bölmeniñ qaq ortasında türegep turıp, äweli dar etkizip, qulaştap tartıp qaladı. Sosın basın oñ jaǵına qiysaytıp, on sawsaǵı mäymeñdep, jartılay qazaqşa, jartılay tatarşa tilmen jırlay jöneledi:

Sarı at mindim, sazǵa tüstim,

Sarı at salqın bolsın dep.

Qalam alıp, xat jazamın,

Duşlım aman bolsın dep

BEL-BELESTER

Narınqolda altınşı oqıp jürip, komsomolǵa kirdim. Komsomolǵa ol kezde on tört jastan qabıldaytın. On törtke tolsam, komsomol bolsam dep, armanetpeytin bala joq. Men de sonıñ birewimin.

Äweli jalpı jiynalısqabıldaydı – qalbır elewişten öttim dep, üyge äriquwlanıp, äri quwanıp keldim.

Odan soñ awdandıq komsomoldar komitetiniñ byuro mäjilisinde bekitedi. Buljolı eki ezüwim qulaǵıma jetip, torqa elewişten öttim dep, masayrap keldim.

145

Byuro müşeleri meniñ tärtibim jaylı söz bolǵanda kidiristep qaldı. Mektepte atım köbirek atalatını, men jürip ötken köşede iyt ürip, qaz qañqıldap jatatını olarǵa da mälim edi.

Sonimen, Lenin komsomolınıñ müşesimin. Komsomol bileti qolıma tiygen kün– men üşin dünüyedegi esten ketpes eñ baqıttı kün. Ömirdiñ ülken bir bel-belesinen astım, eseydim degen maqtanıştı sezim kewdeme sıymay turdı.

Tağı da sol quttı awıl Sümbedemin. Keñpeyil nağaşılardı qayta aynalıp tapqam, Öz – özekke tepse, ketpeydi, jat – arqandasa turmaydı. Adasqanıñ ayıbı joq, qayıp üyirin tapqan soñ.

Biyıl jetinşi oqıp jürmin. Ömirdiñ jāne bir belesinen asatın – ortalaw mektepti bitiretin jılım. Egiz qozıday jubımız jazılmaytın Ramazan ekewmiz tağı da birgemiz. Ol biraq burınğısınan beter sereyip ösip ketken, qatar tursa, meniñ töbemnen qaraydı.

Jetinşi – mekteptegi eñ joğarı klass, biz sol eñ joğarı klastıñ oquwşılarımız. Endi bir sekirse, muğalim de bop şığamız (Mektepte institut bitirgen bir de bir muğalim joq. Köbi pedwçilişçede sırttay oqıydı). Özimizden tömengi klastardıñ oquwşılarna mardımsınıp şekemizden qaraymız.

Sol bir tusta men keremet mansapqor edim (Mümkin, basqalar da solay şığar?). Mansabı zordıñ bedeli zor ekenin künbe-kün körüp jürmiz. Endeşe, mansaptıñ biyigine umtıluw – ol ösimdiktiñ künge umtıluwı sekildi tabiyğiy qubılıs.

Mektep qabırğa gazetiniñ redkollegiya müşesimin. Komsomol komitetine müşemin. Komsomol jarnasın jıynawşı kaznaçeymin. Komsomoldıñ jalpı jıynalıısında, mindetti türde, prezidiumğa saylanam. Öytkeni qawlı jazam. Qawlı-qararda menen şeber, menen tez jazatın adam joq.

Qara tobırdıñ arasında otırmay, alda prezidiumda otıruw märtebeli is ekenin ärkim bileidi. Qolınan kelse, ärkim-aq otırar edi. Sol sekildi, mansaptı boluw olda märtebe. Az bolsın, köp bolsın, biraz adamnan artığıraq ekeniñdi ayqınsezinesiñ, biraz adamğa komanda bere alasıñ.

Men qanşa qızıqqanmen, bir mansapqa qolımdı jetkize almay kelemin, ol –klass starostası boluw. Osığan qumar-aqpın. Klass starostası, ädette, oquwjılınıñ basında tağayındaladı, klass jetekşisi tağayındaydı. Balalardıñ betine qarap otıradı da, köñili tüsken birewge sen bol deydi. Odan basqa da birazadam dāmetip, elip otırğanımen esepespeydi.

Sol kezdegi muğalimderdiñ işinde Galieva Sofiya erekşe jan. Büldirşindey jas kelinşek, bir üyde jalğız turadı. Awıl äyelderinen bölekşe, jartılay erkekşe, jartılay äyelşe kiyinedi. Minezi de tik, erkekşora. Qap-qara qoyuwşaşın jalbıratıp dāl jelkeden küzep qoyadı.

Jüris-turısı jaraw attay pısıq Galieva bir kisidey öjet te. Erkekpen erkek bop birge aralasıp jüredi, äyeldik näzik minez boyınan onşa köp bayqalmaydı. Kimniñ kim ekenin xalıq bilip ala qoyadı ğoy. Jurttıñ sıbır-sıbır äñgimesi bizge de jetedi. Galieva bir kezde Järkenttegi uyğır teatrında aktrisa bolğan eken, küyewge tiyip, egiz bala tapqan eken. Biraq balaları ölip qalıptı, semyalıq turmısı bayandı bolmaptı. Sodan qayıp küyewge tiymewge ant etipti deydi...

Ol kezde mektepte qızdar uyımı deytin bolatın. Galieva basqaradı. Belgili bir künderi keşqurım ereseq qızdardı jiynap alıp, qızdardıñ jabıq jiynalısnı ötkizedi. Oquwşılar tügil, muğalimderden de eşbir erkek katıstırılmaydı.

146

«Qorşawlı baqtıñ jemisi tätti», – degen orısta maqal bar. Älgi tärizdi jiynalısta ne ayılıwı mümkün? Galieva qızdarğa er balalardan awlaq jürinder, jolamañdar dep, bizdiñ jaña-jaña bürşik jarıp, kökteyin dep kele jatqan balawsa maxabbattarımızğa qastandıqtıñ uwin şasıp jatqan joq pa?

Sırt qarañğı. Biz jiynalı bolıp jatqan klastı toruwıldap kelip, tüñtündaymız. Terezege boy erkin jetpeydi, biyik. Jeldetkiş joq, işki dawıs jöndi estilmeydi. Şeginip, keyindep barıp qarasaq, Galievaniñ julqınıp, qolınsermep tastap söylep turğanın köremiz. Biz ne oylasaq, däl sonı aytıp jatqan tärizdi.

Ertesinde özimizben ımıralas qızdardan suraymız: tünde qızdar jiynalısnı ne mäsele qaraldı? Galieva ne ayttı? Galievaniñ qaharı qanday ekenin jaqsı biletin qızdar ölmey ayta ma?

Oquw jılı ayaqталayın dep qaldı. Mektep bitiruwşiler üşin biyıl memlekettik emtihan boladı. Memlekettik emtihan! Bizge budan ötken jawaptı, budan ötken qater is joq endi. Ustazdarımız jıl basınan qulağımızğa quyıp, siñirip qoyğan. Bayqañdar, osı bastan dayındalıp, jaqsı oqıñdar. Biyıl jay emtihan emes, memlekettik emtihan tapsırasızdar!

Soñğı söylem ayılğanda, suq qol awağa birge köteriledi. Bayqa degen sözdi ol daqaytalağanday bop, lep belgisindey qazdiyıp turıp qaladı.

Bayqa, joğarı qısımdı tok bar!

Bayqap öt, muz tüsip ketüwi mümkün degen tärizdi.

Qawip-qater äli alıs jatqan kezde adam ayılın onşa jiya qoymaydı, jaqındağan şaqta köp qatarlı kerip atarmın deydi. Jaqındamaq tügil, mine endi tirelipturmız: qay küni, qay sağatta, qay pännen tapsıratınımız bäre ayqın.

Qolımızdan oquwlıq tüşpeydi. Tañ azannan turıp alıp oqıymız. Memlekettik emtihan jay emtihan emes ekenin üydegiler de uqqan, böget jasmawğa tırısadı. Mine, kütken kün jetti – birinşi emtihan. Awdandıq oquw böliminen ökil kelgen. Onı: «Awdannan komissiya kepti. Emtihandı awdannan kelgen komissiya aladı eken», – deydi, Birinşi emtihan tapsırıldı. Jan qaldı. «Awdannan kelgen komissiya Smağulov deytin öñi jılı, qarapayım ğana birew. Ešteñemen jumısıjoq, gazet oqıp nemese özimen özi bolıp, esinep qoyıp otıradı.

Jetinşide jiyırma shaqtı bala barmız, mektepti tügel bitirip şıqtıq. Kartanıñ oñ, solın ayıra almaytın Elemes te bitirdi. Memlekettik komissiya osı qarqınıñnan tayma, bögelme, ğılım şınına qaray örley ber dep, oğan da joldama berdi.

Bıltır Sümbe mektebinde tuñğış bitirüw bolğan, mektep pen kolxoz birigip, toy jasağan. Biyıl da sonday toy jasmaq.

İyun ayınıñ jarqırağan jılı kunderiniñ biri, Sümbe jetti jıldız, mektebinde bugün toy – mektep bitirüwşiler toyı. Qoy soyılıp jatır sırtta. Ülken-ülken tastar qalanıp, dāw tayqazandar asılıp, otın jarılıp, otjağılıp jatır. Qoñırsığan iyisi süp-süykimdi bop, bas-siyraq üyitilip jatır. Osı awılдаğı eñ ülken, eñ meşkey samawırlar äkelingen.

Mekteptiñ aldındağı taqır kök alañda äweli saltanattı jijnalıs boldı. Mektep direktori Näsir Äliev söz söyledi. Jäne birewlerge söz berildi. Sosın, jetinşini ozat bitirgen birneşe oquwşığa maqtaw gramotaları tapsırıldı.

147

Jülde aluwşı baqıttınıñ biri men edim. Atım atalğan kezde, sirä, quwanğannan bolar, qulağım şınıldap ketti.

Gramota tügel tapsırılıp bolğannan keyin Näsir:

– Söz mektep bitirüwşiler atınan pälenge beriledi! – dep meniñ atımdı atap kelip qalsın.

Men bunı kütken joq edim. Öytkeni eşkim mağan aldın ala sen söyleysiñ dep, eskertip aytqan joq, dayındağan joq. Töbemnen jay tükendey boldı. Jurttıñ aldına şığıp, özime qadala qarağan köp közdi körş, esimnen müldem tanıp qalğanday boldım.

Sondağı sasıp-salbirap aytqanı:

– Joldastar, jaqsı oqısañdar da, jaman oqısañdar da özderiñ üşin. Mine, men jaqsı oqdım.

Bar aytqanı osı.

3.2. Kazak Türkçesiyle Yazılmış Berdibek Sokpакbayev'in “Balalıq Şaqqa Sayaxat” Adlı Eserinin Kiril Alfabeli Metni

1

БЕРДІБЕК СОКПАКБАЕВ

(1924-1991)

15 қазанда Алматы облысының Нарынқол ауылында туған. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын, кейіннен Мәскеуде Жоғары әдеби курсты бітірген. Біраз жыл ауыл мектебінде бала оқытқан. <<Қазақ әдебиеті>> газетінде, <<Балдырған>> журналында, Ш.Айманов атындағы <<Қазақфильм>> киностудиясында істеген. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөніндегі әдеби кеңесші болған.

Шығармашылық жолын өлеңмен бастап, 1950 жылы <<Бұлақ>> атты жыр жинағын шығарған. Кейін балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман кітаптарын ұсынды. <<Менің атым Қожа>>, <<Балалық шаққа саяхат>>, <<Бозтөбеде бір қыз бар>>, <<Өлгендер қайтып келмейді>> және <<Қайдасың, Гауһар>> секілді туындылары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тілдеріне аударылып, сахналық, экрандық нұсқаға айналған. 1967 жылы Балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің Канн қаласында өткен халықаралық фестивалінде <<Менің атым Қожа>> фильмі арнаулы жүлдеге ие болды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған.

Дерек көзі: <http://writers.kz>

Бердібек СоКпаКбаев

БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ

EPUB нұсқасын әзірлеген Тимур Бектұр

Word нұсқасын дайындаған Ержан Алаш

Хат-хабарламалар үшін: yeralash@yahoo.com



3

ҮЗІК-ҮЗІК СУРЕТТЕР

Жаз. Жайлау. Шұбала қонған киіз үйлер. Қанаттас бір ауылға апам мені жетелеп, қыдырыстап келген. Үш-төрт әйел үйде шай ішіп, әңгімелесіп отыр да, мен сыртқа асық ойнаған балалардың қасында қызықтап қарап тұрмын.

Ересектеу баланың бірі кенет иығымнан жұлқып қалды:

- Әне, сені тастап, шешен кетіп бара жатыр! Ауылдың ортасын қақ жарып, тарам-тарам соқпақ жол өтеді. Сол жолмен түйеге мінгескен екі әйел соқтырып кетіп барады. Екеуі де кимешек киген. Артындағысы аумаған менің шешем. Мені бөтен ауылда қалдырып, жөнep барады.

Мен шешемнен өлмей қалармын...

- Апа! Апа! - деп, артынан қуып бердім. Құлындағы дауысым құдайға жетіп, бақырып жүгіріп келем. Аяулы шешемнің маған бұрылып қарағысы да келмейді.

- Апа! Апа!

Бақырудан өңешім жыртыла жаздайды. Жол шетіндегі үйлердің адамдары бәрі маған қарап қалған. Тек шешем ғана қарамайды. Ұзын аяқтарымен тайрандай желген жүрдек түйе оңайлықпен жеткізбейді.

Бір әйел көлденеңнен дауыстай:

- Әй, қатын, балаң жылап келеді! - деді.

Шешем енді ғана маған жалт бұрылып қарады. Сөйтсем, шешем деп жылап келе жатқан адамым мүлдем бөтен... Алдындағысы да мен танымайтын басқа әйел.

Өз шешем сол әлгі шай ішкен үйде отыр.

Уақыттың көбін су бойында өткіземіз. Су бойында ойнаймыз. Міне, енді қалжырап үйге қайтып келем, қарнымда түк қалмаған, ашпын.

Шешем құр талқан берді. Дәмсіз қара талқан. Жейін десем, тамағымнан жүрмейді...

Біздің ауылдан жоғары бір шақырымдай жерде Киікбай ауылы. Сонда күйеуге тиген немере әпкем тұрады. Қалай келгенімді білмеймін, сол үйде қазанға қарып жапқан күйелештеу нан жеп отырмын.

4

Бір кезде есіктен шешем кіріп келді. Мені көріп, жылап бас салды. Неге жылайтынына түсінбеймін.

Сөйтсем, шешем мені аяқ астынан жоғалтып алған. Бүкіл ауылдан іздеп таппаған. Суға ағып кеткен деп ойлап, есі қалмаған.

Бұдан аз бұрын шешем мені осында ертіп келіп, нан жегізген екен.

Тағы да киіз үй тіккен көшпелі ауыл. Күз кезі болар, жердің оты қашқан. Ауылға төрт-төрттен сап түзеген салт атты көп әскер кіріп келеді. Бастарында шошақ төбелі шлем - буденовка. Мойындарында найзалы мылтық. Алдыңғы біреу желбіретіп қызыл ту ұстаған. Кілең шолақ құйрық аттар.

Жұрт үйді-үйлерінің есіктерінен бастарын шығарып, қарап қалған.

Әскер ауылдан өлеңдетіп шығып кетіп барады. Дауыстарынан жер солқылдайды.

Ауылдың қасындағы қара жолдың шаңын аспанға көтеріп, қора-қора мал айдап өтеді. Аттылы-жаяу адамдар малмен бірге кетіп бара жатады. Кейі мойындарынан айқастырып тапанша, сумка салған.

Бұл <<кәмпеске>>.

Кешқұрым от басын айнала отырып алып, үлкендер әңгіме шертеді. Іштерінде менің әкем, ағаларым. <<Жұрт колхоз болады. Бір қазаннан ас ішіп, бір көрпенің астында ұйықтайды>>... деген тәрізді үрейлі әңгіме айтылады.

Бай-құлақты жояды екен дейді.

Байы бай, түсінікті. Жоя берсін. Ал құлақты неге жояды? Кесе ме сонда? Түсінбеймін.

<<Бәлшейбек, <<социализм>>, <<комсомол>> деген тәрізді жаңа сөздер жиі айтылады.

Пәленше комсомолға жазылыпты десе, тындап отырғандар үдірейісіп қалады.

Біздің үйдегі бірден-бір хат танитын <<оқымысты>> Сатылған ағайым. Ол үлкендігі тоқымдай-тоқымдай қарала қағаздар ұстап келеді.

- Аға, бұ не?

- Кәзит.

<<Кәзит>> те бұл ел үшін соны зат.

Сатылған оқиды. Басқалар жапырлап құлақ түріп тындайды. Содан соң <<кәзит>> олай депті, <<кәзит>> былай депті деп, таратып әкетеді.

5

Оқылған газет жыртылмайды. Үйге көрік беретін кілем орнына қабырғаға жағалата ілініп қойылады. Әр-әр жерінде адамның және бірденелердің суреттері.

Мен суреттерге тамашалап караумен болам. Мұншама ұқсас салынғанына таңырқаймын

- Аға, кәзит қайдан келеді? - деп сұраймын

- Алматыдан келеді, өкімет шығарады.

Алматы жер түбі, үлкен қала екенін білем. Ал өкімет не?

- Өкімет ол осы жұрттың бәрін билейді. Байларды кәмпеске жасайды. Түсіндің бе?

Мен басымды изеймін, еміс-еміс бірдеңелерді түсінетін тәріздімін.

Жігіт болып қалған Сатылған ағайым кішкентай ойық терезенің алдында тікесінен тік тұрып, кітап па, газет пе, бірдеңе оқып тұр. Қарағым, көргім келеді. Бірақ қазекөң көңілі түскен жерден оя салған терезе тым биік, бойым жетпейді. Сатылғанның о жақ, бұ жағына шығамын, көре алмаймын.

Ал бірақ көруім керек.

Сатылғанның сол жақ қасында қабырғаға сүйелген келсап тұр. Келсаптың қасында сүйеулі шалғы тұр. Әлгінде шешем келсапты төсеніш етіп, сапсыз шалғымен тері сүргілеген. Содан соң екеуін қатар сүйеп қоя салған.

Келсаптың қол ұстайтын жері ойық. Соған аяғымның ұшын тіредім де, сатыға өрмелеген адамша созылып, көтеріле бердім. Жалаң аяқпын. Көтеріліп үлгермедім. Аяғым тайып кетті де, құлап түстім. Бір аяғымды құшақтап, зарладым да қалдым. Асыл шалғының ащы жүзі май табанымды ырситып сойып түскен.

Бұрқ ете қалған қара қан жаралы аяғымды шеңгелдеп ұстап алған қолымның сыртына көл-көсір жайылып барады.

Ас үйден шешем жетіп келді. Жараға киіз күйдіріп басып жатыр. Ыстық киіз қарып өлтіріп барады.

- Шыда! Шыда! Қаны тоқтайды.

Сүмбеден әжем Бөпке келген. <<Әже, маған не әкелдің?>> - деп, қалта-қалтасын ақтарып жатырмын. Әжемнің қалталарында түп болмайды. Түп болатын шығар-ау, бірақ оған менің қолым оңайлықпен жетпейді. Қолтығыма дейін сұғып жіберіп іздегенде, қалта түбінен қолыма ілінбейтін нәрсе жоқ: жіп-шу, қол орамал, оймақ, құрт, кәмпит - бәрі аралас.

Кешкі уақыт. Бәріміз үйде отырмыз. Мен әжемнің мойнына асылып, мазалап ойнай бердім. Әжем көнбіс, әрі иі жұмсақ. Мазаладың деп ренжімейді. Зекіріп, дауыс көтергенді білмейді. Қазандықтың алдында жайнап жатқан отты көрсетіп:

- Ана отқа түсесің, қой, - дейді.

Мен қоймаймын. Қой деген сайын ерегісіп кетем. Арт жақтан тағы да жүгіріп келіп, мойнына асыла кетем дегенде, Бөпке әжем еңкейіп қалсын. Мен екпініммен ары асып, домалап түсейін. Жайнап жатқан қызыл шоктың тура үстіне құладым. Отырғандар шу ете қалды. Әсіресе, шешемнің даусы ащы шығып кетті. Мен және бір домалап, шоктың үстінен ары асып кеттім. Қазақшылап айтқанда, құдай қаққан, еш жерім күймеген.

Шілденің ыстық күні. Әжем екеуміз Сүмбеге нағашым үйіне жаяу келе жатырмыз. Даланың шаңдауыт қара жолы. Жүргінші аз. Бойы шағын әжем аяғын тыпың-тыпың тез басады. Мен енесіне ілескен құлын тәріздімін, біресе о жағына, біресе бұ жағына шығамын. Зорға ілесіп келем.

Судың арғы өңірі ойпат, тоғайлы алқап. Одан әрі тау. Таудың аппақ басы күн нұрымен шағылып көзді ұялтады. Әжемнен ол аппақ не екенін сұраймын. Қар дейді. Жаздыгүні де қар бола ма? Болады дейді әжем. Қызық. Қалайша еріп кетпейді?

Таудан бері жазық сардала. Дала төсінде жарқырап аққан өзен. Тау өзені. Одан да әрі саржазықтың бетінде темір пештің қызуына ұқсаған жалындаған ғажайып бір толқын байқалады. Жерден будақ-будақ шығып жатқандай болады. Мен қызықтап қарап, көз алмаймын.

- Әже, анау алыстағы будақ-будақ толқын немене? Әжем оның сағым екенін айтады.

- Сағым деген немене? Түтін бе?

Әжем күледі. Сағымның түтін емес екенін түсіндірген болады.

- Қасына барып, қолмен ұстауға бола ма?

- Ақымақ неме, сағым ол жел секілді. Желді қолмен қалай ұстамақсың?

Жауыннан соң кемпірқосақ пайда болады. Дөңнің ар жағында жап-жақын жерде тұрады. Мен қанша рет оның қасына жақын бармақболып жүгірдім. Бірақ жете алған емеспін. Бір дөңнен ассам және бір дөңнің ар жағына секіріп шығып, алыстай беретін тәрізді. Сағым да соған ұқсас болғаны ғой. Көруін ап-айқын көресің. Ал бірақ жақындап қолмен ұстай алмайсың. Қызық. Бұған да менің ақылым жетпейді.

Мен шаршай бастадым.

7

- Апа, Сүмбе әлі алыс па?

- Бүгін Ұшқа жетіп, қонамыз. Сүмбеге ертең барамыз.

- Ұш алыс па?

- Жоқ, онша алыс емес.

Мен әжемнің арқасында келе жатырмын. Аяқтарым тынығып, жетісіп қалдым.

Жолдың екі жақ жағасы биік шилер. Қияқтары желкілдеп қау болып көрінеді.

Шидің арасы толы шырылдауық шегіртке. Төңіректі мың құбылтып әнге толтырады. Екі көзі маржанға ұқсаған, шекесінде екі тал қыл мүйізі бар, ұзын сирақ қанатты көк шегірткені көк шөптен айыру қиын. Адам жақындаған кезде әндетуін қоя қояды. Әбден үстінен басар болғанда тыз етіп бір-ақ ұшады.

Анадай барып, лақтырған тасқа ұқсап, торс етіп салмақпен қонады. Сосын, сен ұзай бастағанда тағы да сайрап жөнеледі.

Ұшта әлдекімнің жер үйінде отырмыз.

Төте оқу дейтін сөз шыққан. Ауылдың бар адамын оқуға, хат тануға шақырады. Шалдарға дейін қойындарына қағаз, қарындаш салып жүреді. Жұрт бір үйге жиналып, сабақ оқиды. Оқытушы Сатылған.

Мен есікті ақырын ашып, сығалап қараймын. Тақтаға жазылған әріптің біреуін Сатылған өзінің зіңгіттей оқушыларының бірінен мынау қай әріп деп, таяқшамен көрсетіп, сұрап тұр. Анау жауап бере алмайды, шатып-бұтады.

Ол қай әріп екенін мен білемін. Есікті кеңірек ашып, айқайлап айтып жіберем де, тұра кеп қашам.

Кейде Сатылған оқушыларына дәптер, қарындаш үлестіреді. Бір дәптер, жарым қарындаш маған да тиіп қалады (Қарындаштың аздығынан екі адамға біреуін бөліп беретін). Қуанышым қойныма сыймай, үйреніп алған әріптерді шимайлап жазумен болам.

Балалық шақтың ең арғы түкпірінен есімде қалған суреттер, міне, осы тәрізді: біреуіне біреуі жалғаспайды, үзік-үзік. Мас болып немесе ұйықтап отырып көрген кино тәрізді. Басы болса, аяғы жоқ. Аяғы болса, басы жоқ. Көгендеген қозыдай уақыттың желісіне тізіп тастап, рет-ретімен баяндауға келмейді.

8

ҚОСТӨБЕ. <<ЗАСТАП>>. ШЕКАРА.

Қазақстан картасынан Алматыны көзіңізді жұмып тұрып тауып алатыныңызға мен дауласпаймын. Астанаға дәл барып тірелген саусағыңызды енді тау сілемімен шығысқа қарай сырғытыңыз. Тоқтаңыз! Мен әңгіме етіп отырған үркердей шағын ауыл Қостөбе, міне, осы арада шекараның дәл түбінде.

Менің Қостөбем.

Менің Текесім.

Әне бір көкшіл жіптей тартылған жіңішке өзенді көрдіңіз бе? Текес сол. Белгілі Іле өзенінің басы.

Қостөбеде, негізінен, Құрмандар тұрады. Құрманның <<Киікбай>>, <<Найза>> деп аталынатын екі руы. Біз Найзамыз, дұрысы Беснайза.

Беснайза екіге бөлінеді: Байназақ, Жолыш. Біз - Жолышпыз.

Беснайзалар ежелден жауынгер, ұры ел болған. Рудың Беснайза атануы да тегін емес. Бір үйдің шаңырағынан сорайған бес найзаның ұшы шығып тұрыпты, содан Беснайза атаныпты деген сөз бар.

Текестің күнгей-шығыс бетінде біреуіне біреуі жалғаса біткен екі қырат-төбе тұр. Қостөбе деген сөз содан шыққан.

Қостөбенің тап іргесінен шекара күзететін қалашық (застава) орнады. Қазақтар <<застап>> дейді. Конфискациялау кезінде шекарадан ауа қашқан байлардың қора жайлары иесіз қалған. Соларды жамап-жасқап жөнделді де, солдаттарға мекен-жай етті.

Шекаралардың көбі орыстар. Қазақша білмейді. Бірлі-жарым қазақ солдаттар бар, аудармашылық жасайды. Украин, белорус дейтін де ұлттар барын қараңғы халық біле қоймайды. Түсі сарының бәрін орыс деп қарайды.

Ту сонау Украинадан, ішкі Россиядан әкелінген, басқа орта, басқа жағдайда өскен өрімдей жас солдаттар мұндағы тіршілікке бір дегеннен бейімделе кетпейді. Елге де, жерге де жұғымдары аз. Таулы аймақта жөн тауып жүріп-тұрудың өзі олар үшін әуелгі кезде оңайға түспейді.

Сондықтан солдаттар шекараға нарядқа барып, қайтқанда адаспас үшін олар жүретін соқпақ жолдардың бойына сырғауыл ағаштар қадап, ол ағаштардың бастарына сыпырғы тәрізденіп буған шөптер байлап қойған.

МАЛ - АДАМНЫҢ БАУЫР ЕТІ

Ауылда күнде жиналыс. Елді коллективке тарту.

Салақтатып сумка салған өкілдер келеді. Өкіл келсе, жиналыс шақырылады. Қараңғы халық аңқау бала тәрізді: кім не айтса, ауыздарын ашып тыңдайды. Өкіл боп келген адамды құдай көреді.

Колхоз жөнінде, болашақ өмір жөнінде неше алуан гу-гу әңгімелер. Колхоз болмаймын деп, қашып жатқандар бар.

9

Қазақтың бар өмірі малмен байланысты. Мал - тамақ, мал - киім, мал - көлік, мал - отын (отқа мал тезегі жағылмай ма?), мал - баспана (киіз үйдің бар жамылғысы малдың жүнінен жасалмай ма?).

Жәркенттен біздің үйді мият тұтып Мұқамеди, Жүніс дейтіндер келген. Жүніс шал, Мұқамеди оның баласы. Жігіт, әйелдерінің аттары есімде қалмаған.

Мұқамедидің мен құралпы бір ер баласы бар, аты Садық. Екеуіміз бірге ойнаймыз. Садықтың сары резинкадан істелген мүйізатары бар (Рогатка). Біз, Қостөбенің балалары, бұрын мұндайды көрмегенбіз. Біздің қару-жарақ қорымызда мұндай аспап бұрын-соңды болмаған. Біздің қаруларымыз: садақ, сақпан.

- Бұнымен атса, адам да өледі! - дейді Садық. Біз сенеміз. Керемет қаруына бола басқа балалар Садықтан именеді.

Адал етіден Жүніс, Мұқаммедилерде бір кәрілеу торы ат бар. Бізде түк жоқ. Екі үйдің аяқ лау етері сол ғана. Отқа жағатын көк тал тоғайдан сонымен әкелінеді.

Ауылдың дәл қасындағы түбекшеге тұсап қойған тор ат бір күні тұсауымен Текеске түсіп, өліп калыпты. Ішіне су толған, қарнын қампитып бірнеше адам жағаға сүйреп шығарды. Мал иелерінің сондағы боздап жылағанын көрсеңіз. Шал да, Мұқаммеди де, әйелдері де, тіпті кішкентай Садық, та мал емес, ең бір аяулы жақын адамдары өлгендей көздерінің жасы көл болып, еңіреп жүр. Қазаққа малдың қаншалық жақын екенін мен сонда білдім. Бір үйдің бүкіл үміт тіршілігі, күн көрісі торы атпен қоса өлгендей еді.

ОҚИМЫН!

Жас кезінде өзіміз үйде барда күндіз біздің үйдің есіктері еш жабылмайды. Даладан жарық пен таза ауа кіргізіп, есік жабық болса, мұрынды дереу бітеп қалатын көк иісінен жайымызды сақтап тұрады. Егер бар болып, қарынға тамақ

салып алса, жан сақтаудың бұл да таптырмайтын тәсілі. Ал жоқ болса, уақысы жоқ. Адам тамақ ішпей де өмір сүре алатынын біз тәжірибеде көріп жүрген жандармыз.

Есік жабық кезде үй ішіндегі адамдар біреуін біреуі әзер көреді. Дастарқандағы тамақты әзер таниды. Әйнектерін кір басқан бір ғана ойық терезе үйге түсер жарықтың қас жауы.

Әлгіндей терезеде желдеткіш бола ма?

Есік жабық болса, еңсең басылып, үйде емес, үңгірде отырғандай боласың.

Таңертеңгі уақыт. Екі есіктің екеуі де ашық. Төр үйде сыз еденге төселген құрым киіздің үстінде төрт көзіміз түгел азанғы шайымызды ішіп отырмыз. Шай емес-ау, ақ су.

<<Төрт көзге>> кіретіндер: әкем Ыдырыс, шешем Әсбет, тәтем (әкемнің інісі) Смағұл, ағайым Сатылған және мен.

Бір үйде бес жанбыз. Ауылдағы үлкен де емес, кіші де емес, орташа семья.

Арық тізесі ағаштай сорайып, иегін тіреген аурушаң шешем жез шәугімнен ақ су құйып отыр. Еденге жая салған жамаулы шыт дастарқан. Дастарқанның дәл орта тұсына құрсаулы қоңыржағал ағаш тостағанмен қара талқан қойылған. Тостағанда бір ғана ағаш қасық.

10

Жұмыскер қасықта дамыл жоқ. Тостағанды шыр айналып, әркімнің алдына бір барады. Әр ауызға талқанды бір жеткізіп қайтады.

Әкем Ыдырыс кең өңеш, қомағай адам. Қасық оның қолына тиген кезде тостағандағы талқанның бір жамбасы үңірейіп қалады.

Науқасшаң шешем қасыққа сирек қол созады. Жұтсаң, кебек жұтқандай өңешті тұтқырлап ұстап қалатын дәмсіз қара талқанды ол дені сау біздерге ұқсап қарпып жей алмайды. Мүмкін болса, бір уыс, жарым уыс ақ талқанды өзіне бөлек жасап жейді. Бір түйір, жарты түйір тәтті табылса, аузының дәмін алып, ақ суды сонымен ішеді.

Мен ішерімді бағана ішіп болғам. Сонда да дастарқан басынан тұрып кете алмай, жіпсіз байланып отырмын...

Оның сойылдай мықты себебі бар...

Кенет, ауыл қазағының дағдысымен есік қақпастан екі адам салаң етіп кіріп келді.

- Ассалоумағалейком!

- Әликсалам. Төрлетіңіздер.

Ұзынды-қысқалы екі еркек аласа есікті денелерімен бітеп, қалбиып тұр. Оның бірі - тәпелтек бойлы жалпақ жігіт Ұзақбай - осындағы ауыл совет хатшысы. Екіншісі - дембелше толық денелі ақсары жігіт - бейтаныс.

Ұзақбайдың қолында папкасы бар (Мен оның папка ұстамай жүргенін көрген емеспін). Бейтаныс жігіттің де қолында кітап, қағаздары бар.

- Шайға келіңіздер, - деп, әкем мен ағаларым былай-былай сырғып, тосыннан салаң ете қалған қонақтарға төрден орын босатысып жатыр.

Папка, қағаздарын төрдегі жүктің үстіне қойды да, қонақтар отырысты. Бейтаныс жігіттің кигені қайырма жағалы сырт жейде, галифе шалбар, етік. Беліне жалпақ қайыс белбеу буынған. Кепкасын шешіп, оны да жүк үстіне қойып жатыр. Басы қасқа бас екен. Жалтыр кең маңдайы алакеуім үйдің ішінде жарқ ете қалды.

Тосын кісілердің келуіне байланысты туған аз қарбалас маған жақсы болды. Дастарқанның шешем жақ бұрышында шоғыр болып, төрт-бес тал домалақ арзан кәмпиттер жатқан. Манадан сұғымды қадап, тұрып кете алмай отырғаным да сол еді ғой. Қолыма ілінген бір тал кәмпитті көз ілеспейтін жылдамдықпен қақшып алдым да, мен-дағы қонақтарға орын босатқан болып, түрегеп кеттім. Ұры мысықша жымып, есікке қарай жөнөп барам.

Дәл осы кезде Ұзақбай:

- Әй, тоқта! - деп, дауыстай қалсын.

Селк етіп, тоқтай қалдым. Қолға түсті деген осы! Ұзақбай үлкен басын әкеме қарай бұрып:

- Ыдыке, мына балаңыздың жасы сегізге толды ма? Нешеде?

- Қайтеді?

- Биыл біздің ауылда мектеп ашылады, - деді Ұзақбай. - Мына кісі бала оқытуға келген мұғалім. Соған мектепке баратын балалардың тізімін алып жүр едік. Мен уһ дедім. Қолға түспеген екем.

Мектеп ашылады деген хабарға құлағым елең ете қалды. Менің жасым түгіл өз жасынан жылда шатасатын момын әкем менің қаншада екенімді дәлдеп айта алмады.

- Қайдам, Әсбет білмесе? - деп, өзінен гөрі зейінді шешеме қарады.

11

- Алдағы наурыз көжеде тоғызға толады. Рысжан күйеуге берілетін жылы туған,

- деді шешем.

- Рысжан қайда, мұнда берілмеді ме?

- Мұнда емей-ақ, дәл осы жылы болатын. Кебеже жәкемдікі бәріміз ана ар жақта қара судың бойында отырғанда туған. Молдағожаны құтырған ит талайтын жыл.

- Иә, иә, шөп шабыс кезі болатын, - деп, әкем есіне енді түсіре бастады.

- Бұның туған жылы қай жыл екенін айтсаңыз, мен есептеп шығарайын, - деді ақсары мұғалім. Ол салмақпен баптап сөйлейтін адам екен.

Шешем менің тышқан жылы туылғанымды айтты. Қасқа бас мұғалім саусақтарын жұмып, есептей бастады:

- Тышқан жылы болса, тышқаннан кейін сиыр, - бір; сиырдан кейін барыс, - екі; барыстан кейін қоян, - үш; қояннан кейін ұлу, - төрт; ұлудан кейін жылан, - бес; жыланнан кейін жылқы, - алты; жылқыдан кейін қой, - жеті; қойдан соң мешін - сегіз... Биыл мешін. Дұрыс айтасыз, балаңыз сегіз жасқа толып, енді тоғызға қараған. Оқу жасына толыпты.

Қасқа бас мұғалім тізімге жазбас бұрын:

- Оқығың келе ме? - деп сұрады. Мен құлшынып:

- Келеді! - дедім.

Өмірі тіл сындырып, оқу оқымақ түгіл, оқулық дейтін нәрсені қолға ұстап көрмеген дүм қараңғы әкем үшін оқу - ол менің қолымнан келе қоятын нәрсе емес.

- Бала неме миы ашып кетіп жүрмесе? - деп, ол мұғалімнің бетіне шүбәлана қарады.

- Ашымайды, оқимын! - дедім мен.

Біздің үйдегі бірден бір оқудың дәмін татып көрген адам Сатылған ағайым. Ол бұдан төрт-бес жыл бұрын осы ауданның Қолтық дейтін жерінен үш класс оқып келген. Сатылған мені қостады:

- Оқиды!

МЕКТЕП

- Қостөбеде мектеп ашылатын бопты! Бала оқытатын мұғалім кепті! - деген қуанышты хабар әр үйдің түндігін бір желпең еткізді. Бұған, әсіресе, балалар мәз. Сіз тақыр шөлге су келгенін көргеніңіз бар ма? Бұл аспаннан нұр жауғанмен бірдей. Жұрттың бәрі қуана дабырласып, мәз-мейрам болысады. Үйден үйге жүгіріп:

- Су келді!

- Су! - деседі.

Ғасырлар бойы қараңғылықтан соққы жеп келген халыққа жарқырап білім сәулесінің жетуі қуарған қу мекиен шөлге тіршілік нәрін алып, сыбдырап су жеткенмен бірдей еді.

Үркердей аз ауыл Қостөбеде бұған дейін жаңаша мектеп болмаған. Жұрт балаларын Нарынқол, Сүмбе, Жалаңаш тәрізді жырақтағы мектептерге апаратын. Оған өзі аш-арық қолы қысқа халықтың бәрінің бірдей шамалары келмейді.

12

Сондықтан да біздің ауылдың оқу жасындағы балаларының көпшілігі әлі күнге мектеп есігін ашып көрмеген. Оқу оларға созса қол жетпейтін алыс армандай көрінетін. Сол арман бір-ақ күнде топ етіп алақанға өзі келіп қонғалы отыр.

Қазақ айналайынды шілдей тоздырып, көгертпей келген бір көне дерт бар. Ол аталастық, рушылдық алакөздігі. Киікбай мен Найза түбі бір атадан тараса да, екеуі ылғи екі жік. Бір артельге бас қосып отырса да екеуі екі бригада. Іргелері тиіссе өрт шығатындай екеуі бөлек қоныстанған. Найза ауылы, Киікбай ауылы деп, бөлек-бөлек аталады.

Мектептің ашылған жері - Киікбай ауылы.

Таңертеңгі шайымызды ішіп алып, Садық екеуміз, күндегі дағды бойынша, жар жағалап, ойын қуып кетіп бара жатыр едік. Кенет қарсы алдымыздан салт атқа мініп одыраңдаған бригадир Нұрғазы шыға келді. Бізді мал қайырғандай қайырып:

- Әй, қайтыңдар! Мектепке барасыңдар! Бүгін оқу басталатын күн екенін білесіңдер ме?

- Қайдан білейік?

- Бүгін сентябрьдің бірі - оқу басталатын күн екен. Бүкіл жан-тәнім ойынға бейімделіп келе жатқандықтан мен әнеугүні оқимын деп, тізімге құлшынып жазылғанымға тап осы арада қатты өкіндім. Қазір маған оқудан ойын мың есе қымбат еді. Оқудың бүйтіп міндет болып келетінін мен қайдан білейін. Мойынға бұғалық болып түсерін қайдан білейін. Нұрғазы еркімізге қоймады, алдына салып айдап алды. Басымыз ауған жаққа қаңғып жөнелетін қайран еркіншілік өмір енді біткен екенсің деген қайғылы ойға келдім. Үйден жоспарлап шыққан неше алуан қызық ойындардың бәрі қалғалы отыр...

Ана үй, мына үйден жинастырған бала саны көбейе берді. Айдаушымыз Нұрғазы. Қойша топырлатып, қуалағаннан қуалап, екі шақырым жердегі Киікбай ауылына алып келді.

Мынау, міне мектеп - ауылдан шеткерек шаңы аз көгал жерге тігілген кәдімгі киіз үй. Осы киіз үйде біздің тұңғыш сабағымыз басталды. Мұғалім әнеутүнгі қасқа бас жігіт. Ныспысы - Сағатбай Хасенұлы.

Ол кезде жарымыншы класс дейтін болатын. Біз сол жарымыншы класқа жиналған, бұрын мектеп есігін көрмегендерміз. Жалпы санымыз отыз шақты. Жарым-жартымыз Киікбай, жарым-жартымыз Найза ауылының балаларымыз.

Парта жоқ. Бірімізге біріміз сығылысып, малдас құрып, жерде отырмыз. Киіміміз былғанады, астымыздан сыз - өтеді деп, қорыншақтайтын біз емес. Күл мен топыраққа еркін аунап өскендігімізді көрсетіп, мұғалім отырындар дегенде шөгешеге кеткенбіз.

Сауатымыз бірдей болғанмен жастарымыз бірдей емес, ала-құламыз. Ең кіші дегендер мен шамалас. Ең үлкен дегендер он бес, он алтыға келіп қалғандар. Кәдімгідей мұрт шығып, жігіт бола бастаған балалар бар.

Бәріміз жарымыншы класс.

Көпекбайдың Жүнісбайы, Батырқанның Жанбосыны, Шықабайдың Тұрсынбайы баяғы заман болса, әйел алуға жарап қалған соқтауылдай жігіттер. Олар да жарымыншы класс.

13

Мұғалімнің алдында шағын тақтай стол. Жап-жаңа қызыл шүберек жабылған. Осы қызыл шүберек бүгін салтанатты күн екенін аздап та болса білдіріп тұрған секілді.

Қасқа бас мұғалім сүйкімді жұмсақ адам. Көзқарасынан жып-жылы нұр себелеп тұрғандай болады. Дауысы мәнерлі де, құлаққа жағымды.

Бірінші күнгі сабақты ол түгелдей әңгімемен өткізген еді. Өзім өз боп, мен дәл осындай әңгімешіл адамды көрген емеспін. Дүниеде білмейтін нәрсесі жоқ: ғылым жайлы, қазақ халқының өткені мен болашағы жайлы, патшаның құлауы жайлы. Ленин жайлы... көп-көп әсерлі әңгімелер айтып берді. Біз аузымызды ашып, ұйып тындағанды ғана білдік.

Сағатбайдың әңгімелерінен мен дүниенің төрт бұрышына сапар жасап қайтқандай әсер алдым. Бір ғана күннің ішінде білмесімді біліп, ақыл-ойға кемелденіп, іштей түлеп шыға келгендей болдым.

Бағана, Нұрғазы оқуға барасың дегенде, ойынды қимай, көңілім күрт түсіп кеткенін есіме аламын. Оқуды мойныма бұғалық түскендей көріп едім. Оның бәрі бекершілік екен. Оқуға жазылғаным қандай жақсы болған, Сағатбай әңгімесінен мен біз секілді кедей балаларының оқуға қолы жетуі тек Совет өкіметінің арқасы екенін білдім. Лениннің арқасы. Бұрынғы заман болса оқу қайда бізге. Байдың қой-қозысын бағамыз, малай боп өмір кешеміз.

Лениннің <<оқы, оқы, және оқы>> деген әйгілі сөзін сол күні Сағатбайдың аузынан естідім.

Сағатбай әңгімелері ғажайып қызық ертегі тәрізді. Қанша тыңдасам, тыңдай бергім келеді. Еш жалықтырмайды. Мен дүниедегі данышпанның данышпаны мұғалім екен деген ойға келдім. Өскенде Сағатбайға ұқсап мұғалім болуды армандадым. Балаларды аузыма қаратып, мен-дағы неше алуан қызғылықты әңгімелер айтып берсем деймін.

Киіз үй мектепте оқып жүріп жаттық.

Әліппе жетіспейді. Екеу ара бір оқулық дәптерді тіземіздің үстіне қойып немесе жерге етпеттеп жатып жазамыз.

Бір күні бормен жазатын тақта пайда болды.

Класком, тазалықшы сайлап алдық. Класком болып пысықтығымен бүкіл ауылға әйгіленген Жүнісбай, тазалықшы боп ішіміздегі ең таза, ең ұқыпты Майра сайланды.

Сағатбайдың алдында кішкентай сары жез қоңырау. Шылдыр-шылдыр еткізіп, үзіліске шығарады. Сағатбай бала мінезді ойын құмар адам. Үзіліс кезінде бізбен бірге қосылып ойнайды. Қалайда бізді зеріктірмеудің өзі де зерікпеудің амалын ойлап табады. Мысық-тышқан, ақ серек-көк серек, үшінші артық секілді ойындар ойнайды.

Сағатбай ойынға жан-тәнімен беріліп, осыдан өзіне рақат тауып, қызып ойнаушы еді. Кішкентай балалардың біреуін мысық боп қуалағанда көздері мысықтың көзіндей жайнап, түр-түсі бір түрлі айбаттыланып, еліріп кетеді. Сен шын тышқан болғанда артыңнан нағыз шын мысық қуып келе жатқандай зәрең қалмайды. Ауыр да мол денесімен қатты қызып жүгірген кезде Сағатбай иегін алқымына

тығып алушы еді. Қашан тышқанды қуып жетіп, бас салмайынша жаны жай таппайды.

Оқулық қана емес, қарындаштың да тапшы кезі.

14

Бір күні Сағатбай класқа бір уыс қарындаш алып келді. Екеу ара бір қарындаштан үлестірді де, өздерің пышақпен бөліп алыңдар деді. Осы арада класта біраз дау, жанжалдар туып қалды. Бөлінген қарындаштардың бір жағы ұзындау, бір жағы қысқалау болып шығады. Әркім ұзынырағын алғысы келеді.

- Тоқтаңдар! Бөлмей тұра тұрыңдар.

Сағатбай осыны айтты да, жерден қарындаштың ұзындығындай бір тал шөп тауып алды. Оны қарындаштың бойына дәл етіп туралады. Сосын екі бүктеп сындырды да, әр сынық қарындаштың тең жарымы болатынын, яғни қарындаштың дәл ортасын табудың қарапайым тәсілі осы екенін көрсетті.

Осы бір оп-оңай ақыл біздің басымызға неғып келмеген?!

Ал енді ұзынды-қысқалы боп бөлініп қойылған қарындаштар бар емес пе? Оларды қалай етеміз?

Сағатбай бұған да ақыл тапты. Жеребе салып, ешкім ренжіместей етіп бөліп берді. Жеребесі мынадай: қарындаштың екі бөлегінің де ол кесілмеген ұштарын теңестіріп, кесілген жағын көрсетпей ұстап тұрады. Таласушы балалардың біріне, қане, қалағаныңды суырып ал дейді. Суырасың. Ұзыны кез келе ме, қысқасы кез келе ме, өз бақытың.

Ақылдылық тек үлкен істен байқалмайды. Ұсақ-түйектен де анық көрініп тұрады. Сағатбай сабақ беруде ғана емес, тұрмыста кез боп қалатын ескерусіз жәйттардың бәрінде де тапқыр адам еді.

<<КИКБАЙ!>>, <<НАЙЗА!>>

Мектеп түпкілікті болып басқа үйге көшті.

Сол Киикбай ауылында бұрын мешіт болған бір ұзынша там үй бар-ды. Діннен қадыр кеткен соң терезелері қирап, сырт қабырғасының сылағын жауын езіп түсіріп, қаңырап бос тұратын. Сол үй қайта жөнделіп, ортасына темір пеш орнатылып, терезелері бүтінделіп, мектеп болған. Біз қазір осында оқимыз.

Бір кезде дін ордасы болған мешіт, қазір білім ордасы - мектеп.

Жалпыып жерде отырудан құтылғанбыз. Қозғалсаң, шикыл салып бірге қозғалатын, ыңыршақ ұзын парталар пайда болған.

Сағатбайдың үйі мектептің бет алдында жақын. Сабақ соңынан ол бізбен хош айтысады да, сол арада қалып қояды.

Киікбай ауылының көпшілік үйлері мектептен берірек - Батырбай түбегі аталатын шағын түбекшенің аузында. Сабақ соңынан жол айырығына дейін Киікбай. Найза болып бірге келеміз. Киікбай балалары осы арадан төмен бұрылып кетеді де, Найзалар қара жолды бойлап, ауылымызға тура тартамыз. Қай күндері дәл осы жол айырығына жеткен кезде кеудені құрт боп жайлап алған рушылдық алакөздігінен туатын сойқанды уақиғалар басталып кеп кетеді.

Бұл індет, бұл жексұрын ауру балаларға үлкендерден жүкқан.

Пәленің басы Киікбай, Найза деуден басталады. Жік-жік боп, бөлектеніп шыға келеміз. Біреуімізді біреуіміз қалайда кемсітуге тырысамыз. Найзалар Киікбайды, Киікбайлар Найзаны жамандап өлең айтамыз.

Найза, Найза, нақұрыс,

15

Көк есектің сүтін іші!

–Ал шыдап көр мықты болсаң!

Сөзбен жамандасу өршіп, шегіне жетеді. Енді ашықтан-ашық боқтасу кетеді. Боқтасудың арты - төбелес.

Надандықтан туатын осы бір жікшілдікті өте-мөте қоздырып, еліріп тұратындар төбелесқой жуан білек балалар. Оларға қандай жолмен болса да шатақ шығару керек. Ең оңай, ең сыналған сенімді жол әлгі <<Киікбай!>>,<<Найза!>>.

Бір күні мұғалімнің қарасы көзден таса болып, жол айырығына жеткен кезде, дағдылы майдандасу басталды. Әуелі төбелесқой ересек балалар шартпа-шұрт қойғыласып қалды. <<Ұр, Киікбайды!>>, <<Ұр, Найзаны!>>. Бұл ұран делебесін қоздырмайтын жан жоқ. Бізге кішкентай балаларға дейін желігіп, қым-қиғаш қойғыластық та кеттік.

Бұндайда бейбітшілік сақтайтындар тек қыздар. Олар төбелеске араласпайды. Кімді кім жеңер екен дегендей шетке іркіліп шығып, қарап тұрады.

Найзаның қарасы молдау, әрі біздің балалар ересек. Найза еңсеріп, Киікбайлар шайлығып, қаша бастады. Біз тырқыратып қуып келеміз:

- Ұр, Киікбайды! Ұр!

Киікбай ауылы әлгі арадан жап-жақын.

Мен нәзіктігіме қарамастан, өзім қатар балалардың ішіндегі төбелесқойдың бірі едім. Шатақ шығар жерді іздеп жүрем. Шапшаң жүгірем. Оспан дейтін менімен өшігіңкіреп жүретін бір баланың соңына түсіп алғам. Жетсем, желкеден бір түйсем деп, еліріп қуып келе жатырмын. Ауылдың қақ ортасына келгенімді бірақ байқадым.

Өкпе тұстағы бір үйдің қалқасынан бақан ұстаған ересек бала шыға келді. Ол да Киікбай еді. Ұзын бақанмен басымнан қасқайтып салып қалды. Мен жасқанып та үлгермедім. Шекеме дәлдеп тиген ауыр сокқыдың ете қалды да, басымның бүкіл бір қапталын жарып түскендей болды. Көзім қарауытып, жер-дүние айналып, дөңгеленіп барады. Таяқ тиген шекемді ұстай алған кезде қолыма жып-жылы боп аққан қан білінді...

Үйде жер төсекте жатырмын. Шекемдегі жараға шешем киіз күйгізіп басып, домбаздай етіп байлап берген. Әрі оңай, әрі даяр ем. Ақ бақанның не болғанын білмеймін, ал менің басым әжептәуір зақымданып қалған екен. Ісік кернеген оң көзім жылтырап зорға ашылады. Үстімдегі жейдемнің бір қапталы мен омырауы қызыл жоса қан.

Дәрігер дегенді біздің ауыл білмейді. Амбулатория, емхана осыдан он екі шақырым Нарынқолда ғана бар. Аурулар ішінара соған барып емделеді. Әйтпесе, негізінен, ауылдағы бақсы-балгердің ақылымен өздерін өздері емдейді.

Мені ешкім дәрігерге апарған жоқ. Апаруға жағдай да жоқ. Бас сүйегім сынғаннан сау ма, сау емес пе? Оны рентген арқылы зерттеп білу мұндағы жұрттың ойы түгіл, түсіне де кірмейді.

Екі-үш күндей сабаққа бара алмадым. Шешеме салса, енді тіпті мені мектепке жіберетін түрі жоқ. Биылша оқымай-ақ қой. Келер жылы, бұдан гөрі есейіңкірегенде барарсың дейді.

Менің хал-жағдайымды білуге біздікіне әдейілеп Сағатбай келді. Болған уақиғаны ол түгел естіп-білген. Ашуланған. Балалар арасында руға бөлушілік болмасын деп, қатаң тыйым салған.

16

<<Найза ауылы>>, <<Киікбай ауылы>> деудің орнына Сағатбай бізге <<бірінші бригада>>, <<екінші бригада>> деп айтындар дейтін еді.

Бара-бара осыған үлкендер де үйрене бастады.

КӨПЕКБАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАЛАРЫ

Көпекбайұлы Жүнісбайдың қолына класкомдық тізгін тимей-ақ тұр екен. Арба қамшыдай шартылдап ол енді бізді бір шыбықпен айдайтын болды.

Жүнісбай кластағы ересек баланың біреуі. Бойы сұңғақ, талдырмаш, сірінке өңді. Мінезі әрі шапшаң, әрі қызба. Сабаққа алғыр. Мұғалімнің аузынан шыққанды заңдай көріп, шаш ал десе бас алуға дайын, лыпып тұрады.

Жүнісбай Найза да, Киікбай да емес, ішкері Шелек маңындағы Қыстық дейтін рудан. Найзаға жиен. Әкесі Көпекбай осыдан үш-төрт жыл бұрын үйелмелі-сүйелмелі төрт ер баласы мен шүйкебас момын әйелі Әйнекті шұбыртып, жекжат-жұрағаттарын сағалап жанбағыс іздеп келген.

Көпекбай үйінің сол кездегі өзгеше жүдеу халі менің көз алдымнан кетпейді. Ауылдан шеткерек тігілген үш-төрт керегелік сомпиған шұрық-тесік құрым үйлері болушы еді. Таңертең сол құрым үйдің ішінен әдейі кісі қорқыту үшін солай киінгендей жалба-жұлба, шаштары құлақтарын жауып өсіп кеткен балалар өре шығып, киіз үйдің сырт босағасына тізіліп, күнге қыздырынып тұрады. Ең үлкені Бәзіл жігіт болып қалған. Одан кейін Жүнісбай, Жүнісбайдан кейін Қожақан, Қожақаннан кейін Мәсімбай.

Аралары екі-үш жастан ғана. Біреуінен біреуі сүйемдей аласарып, белбеуге арқаларын тіреп, тізіледі де тұрады. Әлдекім бойларына қарай әдейі тізіп тұрғызғандай. Істеуге, іс жоқ. Ішуге тамақ жоқ. Күн нұры мен таза ауаны қорек етіп, маужырап тұрғанды біледі. Ара-тұра бала мінездері ұстап, бірін-бірі бүйірге түртіп ойнап та қояды.

Жалба-жұлба киімнің жыртығынан жылтылдап жалаңаш еттері көрінеді.

Бір ғажабы осынша ауыр тұрмыста жүрсе де, Көпекбай балалары шетінен пысық. Көздерінде шақпақтың отындай жылтылдаған от, жігер бар.

Көпекбай өзі еңгезердей тіп-тік, шокша сақалды, қара торы жүзі ызбарланып ашумен қарайтын, зор дауысты адам. Қараша үйдің көлеңке жақ іргесінде сыртта ол қашанда қамшы өріп, немесе аяқ киім жамап, әйтеуір бір ісмерлік істеп отырады. Басында тер сіңген қара тақия, бұтында бура сан тері шалбар, аяғында қоншы мен жұлығына жамау түскен жеңіл мәсі - етік.

Жоқшылықтың тепкісін қанша жесе де Көпекбайдың жүні жығылмаған, еңсесі түспеген. Тек болар-болмасқа қабаған ит тәрізді арс ете қалатын ашуланшақ.

Балалары Көпекбайдан керемет қорқатын еді. Оның алдында аяқтарының ұшынан жорғалайды. Әкелері <<Жүнісбай!>> немесе <<Мәсімбай!>> деп дауыстай

қалғанда, аты аталған бала қандай қызық ойынды болса да тастай салып жүгіреді. Әкелерін екінші рет дауыстатқызбайды. Екінші рет дауыстатса, одан әрі арқаны осып-осып түсетін қамшы даяр тұратынын олар жақсы біледі.

Көпекбай өте-мөте әйеліне қатал еді. Тұрмыстың зардабына деген ашуын содан алмақ болғандай шүйкебас момын Әйнекті кейде ол үйден үйге қуалап сабайды.

17

Қолына не ілінсе, сонымен ұрады. Жеткен жерде зілдей ауыр аяқтарымен аяусыз жаншып, тепкілеп жатады

Ашуланған кезде Көпекбай құтырған бура тәрізденіп кетеді. Оңайлықпен араша бермейді.

Араша түсетін Көпекбайдың төрт баласы. Әлжуаз байғұс шешемізді біржолата өлтіріп қоймасын дегендей олар шыр-шыр етіп Көпекбайдың қолына, аяғына жармасады. Бір уыс әлсіз Әйнекті өздерінің сәби денелерімен бүркейді. Аяулы аналарына жан аямай пана болып, ол үшін басы-көздерін Көпекбайдың аяусыз қатты соққысына тосады.

Екі көзі қанталап құтырған бура ештеңеге қарамайды. Төрт баланы төрт жаққа допша лақтырып, әйелін мылжалап сабай береді.

Таяққа көнбіс болып алған Әйнек өлмейді де, мертлікпейді. Артынан басы-көзі көкала болып, түрегеп, үй шаруасын істеп жүреді. Үш бұтты ошақ темірге қара шәугімді асып, Көпекбайға шай қайнатып береді.

Әңгіме тұжырымды болу үшін уақыттан жеті-сегіз жылдай алға озып, Көпекбай семьясының кейінгі тағдыры жайлы айта кетейін.

Кейін, заман оңала бастағанда, Көпекбай балалары шеттерінен жігерлі, қасқыр жігіттер болып ержетті. Тұрмыстарын тез түзеп алды. Бәзілі колхоз құрылысын қолдан тұрғызысқан еңбеккер азаматтың бірі еді. Отан соғысына дейін колхозда бригадир болып істеді. Әйел алды, бала сүйді.

Жүнісбай Бәзілден асып кетті. Ол ғажап зерек оқитын еді. Кластан класқа мезгілсіз аттап (ол кезде бұған жол берілетін), он жылдықты бізден бұрын бітірді. Армияға алынды. Офицерлік училищеде оқып жүріп, 1940 жылдың Қызыл Алаңдағы Бірінші май әскери парадына қатысты.

Жүнісбайдан үйлеріне хат үзбей келіп тұратын. Әскери формамен қатып түскен әдемі суреттерін жіберетін. Жарау аттай қағылез, бойшаң жігітке солдат киімі әдейі сол үшін тігілгендей керемет жарасатын. Өлгі суреттерді бүкіл ауыл болып тамашалап көретін едік.

Көпекбайдың үшінші ұлы Қожақан жас жағынан менімен шамалас. Оның өнер-қабілеті екі ағасының екеуінен де артық еді. Сабақты озат оқумен қабат, талантты музыкант болатын. Домбыраны жас кезінен безілдетіп тартатын. Домбыраны және өзі жасап алатын.

Музыка аспаптарының қай түрін де Қожақан өздігінен меңгеріп, төпеп әкететін. Қыз-бозбала кешқұрым Қожақанның маңына жиналатын.

1940 жылы Қожақан Алматы педучилищесіне оқуға түседі. Ол сонда оқып жүргенде Көпекбай бір рет сонау үш жүз елу шақырым жердегі Қостөбеден Алматыға баласына салт атпен араға пәлен қонып, азық түлік жеткізіп беріп қайтады.

Соғыс басталғанда Қожақан өзі тіленіп майданға аттанған еді.

Осы аталған үш жігіттің үшеуі де сай тасындай ірік, аяулы жандар еді. Ащы өмірдің батпағын белшеден кешіп жүріп, қайғырып-қапалануды білмейтін.

Үшеуі де өмірге ғашық жандар, жалын атқан арман иелері еді. Алда сәулетті болашақ барына кәміл сенетін. Сол үшін жан қиюға дайын тұратын.

Үшеуі де адал коммунистер еді. Ауылдың көркі еді, сәні еді.

Жұрт балаларына <<Көпекбай балаларындай неге болмайсың? Солардан неге өнеге алмайсың?>> - деп ұрсушы еді.

18

Шіркін, амал нешік, үш әсем қызғалдақтың үшеуін де соғыс тажал мезгіл жетпей мерт етті. Үшеуі бірдей майданда қаза тапты.

Бура шал көз жасы алты тарам болып аңырап қалды.

Кішкентай шүйкебас Әйнек балаларының қайғысынан одан бетер жаншылып өлермен болды.

Көпекбай балаларының ең кішісі Мәсімбай қазір бар. Іргелі бір совхозда салауатты парторг.

Өңгіменің бастапқы мерзіміне - 1933 жылдың күзіне - қайта оралайық.

Көпекбай үйі бірінші бригадада, яғни, Найза ауылының ішінде. Жүнісбай таңертең елден бұрын тұрады. Үй-үйді кезіп, мектепке баратын балаларды

оятады. Сөйтiп, бiздi жинап алып, түгендеп, мектепке бастап келедi. Бiрде-бiр баланы ол себепсiз мектептен қалдырмайды.

Бұны өзiнiң класкомдық мiндетi деп ұғады.

Сабақ кезiнде де Жүнiсбай жан-жағына алақтап қарап, бiздi бақылауға алып отырады. Бiреуi қыбыр етсе, мұғалiммен қабаттасып: <<Пәленше, тыныш отыр!>>, <<Жап, кiтабыңды!>> немесе <<Артыңа бұрылшақтамай отыр!>> - деп, шақ-шақ етедi. <<Өте қырғыш қазанның түбiн теседi>> дегендей, кейде ол мұғалiмнен асып та кетедi. Бала, артық кетiп қаласың дегендi Сағатбай оған үлкендеу жұмсақ мұрнының танауы сәл делдиiп, жымиюмен бiлдiредi де, Жүнiсбайды қас, қабағымен басып қояды.

Мұғалiм барда өстетiн Жүнiсбай, мұғалiм жоқта тiптi шырқап кетедi. Бiздi бiр шыбықпен айдап бағындырады. Кейде Сағатбай класты Жүнiсбайға тапсырады да, өзi оны-мұны шаруамен бiр жаққа аз уақытқа кетiп қалады. Жүнiсбай класкомның қатаңдығын сiз сонда көрiңiз! Алға мұғалiмнiң орнына барып, қаздыып тұрып алады да, класқа дегенiн iстетедi.

Жүнiсбайдың әмiрiне бағынбайтын, одан сескенбейтiн бiр жан жоқ.

Бiреуге ашумен қараған кезде Жүнiсбайдың көздерi найзаның ұшындай суытып, екi бетi iшке қарай сұрлана қабысып, жақ жүндерi тiкiрейiп көтерiлiп кетедi. Сәл ғана тәртiп бұзған оқушыны қысырақтың айғырынша жымқырынып, шайнап тастауға дайын тұрады.

Бiзбен бiрге Жанбосын деген бала оқиды. Жасы Жүнiсбаймен шамалас. Ауыл совет председателi Батырқанның баласы. Ұлдан әке-шешенiң жалғызы болып ерке өскен. Маңайындағы балаларға өктемдiк жасап үйренген шатаққойлау. Киiмдi сылқым бозбалаларға елiктеп, сәндеп киiнедi.

Жанбосын бүгiн-ертең өзi де дайын тұрған бозбала.

Қостөбеде мектеп ашылмай тұрған кезде Жанбосын Көпекбай балаларын адам демейтiн. Олардың маңынан жүруге жиренетiн. Жүнiсбай, Қожақанға кемсiтiп, шекесiнен қарайтын.

Сол Жанбосын ғана бұрынғы әдетiмен кейде Жүнiсбайға қодилана қарап, бетiне қарсы келiп қалады. Жүнiсбайды тыңдамай, содырлық мiнездер көрсетпек болып тұрады. Тежелетiн бiрақ Жүнiсбай емес. Ол одан бетер шақылдап, өзiнен гөрi денелi Жанбосынға тiстене тақалып:

- Сен немене, бағынғың келмей ме? Әкем ауылнай екен деп дандайсыма! Бағынасың! Сенiң мына бүтiн киiмiң құны мен үшiн бiр-ақ тиын! - дейдi.

19

Жанбосынды айбынымен еріксіз еңсеріп алады. Жүнісбай өжеттің өжеті еді. Ешкімнен қорықпайтын да, қаймықпайтын. Алдына әзірейіл келіп тұрса да қасқайып, айылын жимай сөйлесетін.

Сабақтан, мектептен тыс уақытта біз мұғалімді ұмытуға бармыз. Ал Жүнісбайды ұмыта алмаймыз. Қайда жүрсек те Жүнісбай ойымызда жүреді. Оқушыға лайықсыз сәл ғана қылмыс жасасақ, жерден шыққандай болып Жүнісбай сопаң етіп шыға келеді де, сол арада тұрып, жер-жебірімізге жетеді.

Бүкіл Қостөбеде Жүнісбайдың көрмейтіні, білмейтіні болмайды.

Бала біз түгіл, Жүнісбайдан үлкендер қаймығатын еді. Біреудің бір арқа шөп әкеле жатқанын көрсе, ол тергемей жібермейді.

- Мына шөпті қайдан әкеле жатырсың? Колхоздан ұрлап алған жоқсың, ба? - дейді. Шүбаланса, кеңсеге ертіп келеді.

Біреу қой сойса, колхоз қойы емес пе? Өз қойы ма? дереу біліп алады. Жүнісбайды анайдан көрген жұрт:

- Көпекбайдың осы баласы өскенде не болар екен? Қырар біреуді, қырар! - деп, жағаларын ұстайды.

МАЙРА

Ауыл совет председателі Батырқанда бір ұл, екі қыз бар. Ұлы Жанбосынды оқушы азды-көпті біледі. Тетелес екі қыздың үлкені Майра, кішісі Сайра.

Қазақ балаларының аттарын ұйқастырып қоюға құмар болады.

Шешелері Айсұлу кербез, келбетті адам. Үй ұстауы, бала өсіруі керемет. Екі қыз егіз қозы тәрізденіп бірдей киінеді, аршыған жауқазындай тап-таза болып жүреді. Қазіргідей жоқшылық, қиын кездің өзінде Айсұлу балаларын елден ерек жұтындырып қояды.

Батырқан шалағат болғанымен өмір сүруге өте бейім адам. Орысша біледі, шекарашылармен байланыс күшті. Қол астына екі колхоз қарайды. Сырттан келген дәрежелі қонақтар, өкілдер Батырқанның үйіне түседі.

Қостөбедегі бір-екі күйлі тұратын семьяның біреуі осы Батырқандікі.

Кластағы ең таза оқушы Майра болғандықтан біз оны тазалықшы етіп сайлағанбыз.

Майра шешесі Айсұлуға тартқан пысық та, сүйкімді қыз. Ойын десе құйынша үйіріліп, жанып кетеді. Көбінесе, ер балалармен достасып ойнайды.

Күнде таңертең оқу басталардың алдында Майра бізді есіктен бір-бірлеп тексеріп кіргізеді. Қолымыздың, құлақ, мойнымыздың тазалығын қарайды. Мін тапса, кіргізбейді. Бар, жуынып, таза боп кел. Тырнағыңды сояудай етпей, алып кел дейді.

Майра өз қызметіне адал, қатал тазалықшы. Солқылдағанды білмейді, кімге де болса айтқанын істетеді.

Ауыл балаларының қай-қайсысы да үсті-бастарын күтуге ұқыпты емес. Қысы-жазы монша дегенді білмесе, ауыстырып отыратын таза іш киімдері болмаса,

20

үйде кір төсекте, сабалақ жыртық көрпенің астында ұйықтайтын болса, қалай ұқыпты болады?

Үсті-басын күтуге ұқыпсыз баланың біреуі - алдыңызда отырған әңгімешіңіз.

Жас кезден тазалық сақтап дағдыланбағандықтан, әрі ол үшін қолайлы жағдай болмағандықтан таңертеңгі жуыну маған бүтін бір азап болып көрінетін. Суық сумен жуынып жатқым келмейді-ақ. Ат үсті жуынуға және болмайды, тексеретін Майра бар. Қолдың күсін, құлақтың ішіне қақ болып тұрып қалатын кірлерді қалайда кетіріп жуынуың керек. Азаптың азабы емей немене?

Тырнағы құрғыр да өскіш-ақ. Ызаланып отырып бүгін алып тастасаң, ертең көстиіп шыға келеді. Тырнақтың қаншалық өскені астындағы кірден білініп тұрады.

Ал шаш алдыру ше? Мен үшін бұл азап қана емес, қасірет! Өйткені табиғат менің басыма шаш орнына ұстара өтпес қалың сым темір қадап қойған. Шашымды кім алса да бір дегеннен ұстарасы жүрмей, тұтқырланып қалады.

- Ту, шашың шаш емес, сым темір ғой! Мұндай да қайратты шаш болады екен! - деп, таңырқап жатқаны.

Шошқаның қылындай қатты шаш күшпен әрең сыпырылады.

Күшпен жұмсалған ұстара басымның құйқасын қоса сыпырғандай болады. Жаным көзіме көрінеді. Тістеніп аламын да, шыдап бағам. Екі көзімді бірдей тарс жұмып алам. Мықшиып жерге кіріп кете жаздаймын.

Мен шашымды ұстарасы өткір, қолы жұмсақ деген адамдарға таңдап алғызатын едім. Ондай адам Әубәкір Қарт. Қинала бастасам Әубәкір жігерлендіре біледі:

- Өй, жаман неме. Өзің жігіт емес екенсің ғой. Біз сендей күнімізде шашымызды қабырғамен алғызатынбыз, - дейді. Қабырға шашты қалай алды деп, таң-тамаша боламын.

Жуынуға қол сабын түгіл, кір сабынның өзі тапшы.

Ауыл қазақтары сабынды өздері жасайды. Алаботаны шауып алып, өртейді де, күліне май қосып, қайнатады. Қап-қара сабын пайда болады. Кәдімгі қара балшық тәрізді, әрі ауыр, әрі қатты, Қол жууға арналған кішкентай қара сабынды бұзаушық дейді.

Бүтін қол бізде бола ма? Көбесі шыт-шыт боп жарылып кеткен. Жуынған кезде қара сабынның көбігі тұз қайнағандай дуылдатып ашытып жібереді.

Қолың кір, мойнын, кір деп талай рет Майра мені класқа кіргізбей қуған. Мен бірден мойындамаймын, дау шығарамын.

- Менің етімнің өзі осындай - қара, - деймін.

- Жоқ, мынау еттің қаралығы емес, күс, - дейді Майра. Қолымның көбесін тырнап дәлелдейді. Тырналаған кезде күс көшеді де ар жағынан ақшылданып тері көрінеді.

Енді мойындамасқа лажым қалмайды.

Класта Майраның желке тұсында отырамын. Үзіліске шыққанда ол қайда болса, сондамын. Әлдеқандай бір сиқыр күш мені Майрадан алысқа жібермейді. Арқандап атша Майраның төңірегінде ұстайды.

Майра күн болса, мен күнбағыспын, онсыз тұра алмаймын. Майра гүл болса, мен көбелекпін, айналсоқтап шықпаймын.

21

Мектептен қайтып келе жатқанда бойымда табиғат сыйға тартқан қандай өнерім болса, Майраның алдында соны түгел көрсетуге тырысамын. Құс болып құбылжытып ысқырамын. Арық-ордың қайдағы жалпақ, жерін таңдап секірем. Жаяу жарыста қалайда озбақ болып, жанымды салып жүгірем. Соның бәрінде де көз қиырым Майрада болады.

Майраның жүзінен құптағандай белгі керсем, немесе оның аузынан бір тамшы мақтау сөз естісем, онда дүниеде менен бақытты адам жоқ.

Жуынып, тазалануды қанша азап санасам да, мен мектепке, мүмкін болғанынша, таза келуге тырысатын едім. Қолдың күсін тырналап күшпен кетірем. Зорлықпен тазарған терінің түсі түте-түте болып қалады. Мейлі. Алақанымды төмен қаратып,

алдына жайып ұстай қалғанда бұл бәтшағар қолдарды менің қаншама азаптанып тазартқанымды Майра білсін қайта. Бағаласын. Өйткені осының бәрі Майра үшін ғой. Майрадан ескерту алып, қызармас үшін. Майраға ұқыпты, таза болып көріну үшін!

БІР, ЕКІ, СОЛ АЯҚ!

Күз - колхоз жұмысының аса әбігер, қарбалас кезі. Бір жағынан шөп орылып бітпей, екінші жақтан ал, мені ора баста деп, қабаттасып астық, піседі. Орылған астықты басу, тазалау, он бес шақырым жердегі заготзерноға арбамен, көлікпен тасу.

Зябь жырту. Қолдағы азын-аулақ малды қыста қырып алмас үшін жылы қоралар салу.

Жұмыс көп, адам аз. Бір жұмысқа бір жұмыс қабаттасып, нашар елдің есін шығарады.

Трактор, комбайн секілді қуатты машиналар ол кезде жаңа пайда бола бастаған. Жұмыс түгел дерлік қол күшімен істеледі. Күш көлігі және жеткіліксіз. Қолда бар ат, өгіздің мойнынан қысы-жазы қамыт түспейді, арқасынан ер түспейді. Шетінен арық, шетінен көтерем.

Салақтатып сөмке асынған өкілдер келеді. Екпіндерімен өрт өшіргендей. Пәлен жұмыс неге бітпей жатыр? Түген жұмыс неге бітпей жатыр? Пәлен күнде бітірмесен, қырам, жоям деп келеді. Жұрт жұмысқа таңқасқадан шығады, түнде бірақ қайтады. Ай жарықта жұмыс түнімен тоқтамайды.

Жеке меншіктің ат, өгіздері колхоз жұмысына түгел алынады. Соқаға құлынды бие, бұзаулы сиыр жеккен күндер болған.

Буаз биелердің зорыққаннан адамша шыңғырып, тікесінен тік тұрып, құлын тастағанын өз көзіммен көрдім...

Ауыл үстінен ат мінген жолаушы өтіп бара жатса, атын аударып алатын күндер болған.

Көлік жағы әлгіндей болғанда, соқа-сайман жағы тіптен сорақы. Қамыт, доға, ершік, постремка, дағар секілді нәрселер мүлдем жетіспейді. Колхоз председателі, бригадирлер, ауыл совет қызметкерлері үйден үйге қыдырып, жіп-шу, киіз, тулак, ноқта-жүген, дағар жинайды. Оған да болмаса, сен ананы тауып бересің, сен мынаны тауып бересің деп, түтін басына салық етіп салады.

22

Сумка асынған шадыр көз Сарманов өкіл менің көз алдымнан кетпейді. Үлкен түгіл одан бала-шаға да қорқып, қалтырап тұратын. Маңайындағы елді Сарманов қырып кете жаздап жүреді. Екі сөзінің бірі - жаусың! Колхоз жұмысына зиянкессің! Атам, шабам! Айдатам! Шаш ал десе, бас алатын әлгідей әпербақан өкілдер-ге әй, батыр, бұның қалай деп, бетіне тура қарайтын адам ол кезде санасы жаңа оянып келе жатқан ауылда сирек еді.

Суырдың айғырындай шақ-шақ еткен Сарманов бір күні сабақ уақытысында қамшысын бүктеп ұстап, класқа кіріп келді. Тері шужурка, тері кепка киген. Галифе шалбарының құйрығына ер қажап тозбас үшін тері қапталып алған. Бойы шағын, жуантық, бұлтиған қозы қарны бар шәнтік адам. Қара сұр өңді қабағын үнемі түйіп алады. Біз сыйлағаннан бұрын қорқып, дүр етіп түрегелдік. Сармановтың жақсылық алып келмейтінін білгендейміз. Ол Сағатбайға жақындап, бізге бір қырынан тоқтады.

- Так, сабақ бүгіннен бастап тоқтатылады. Мына мырқымбайларды күнде таңертең масаққа алып барасың. Масақ тереді.

Қарсылық айтуға Сағатбайда шама жоқ.

Оқу тоқтап, біз масақ теретін болдық.

Жүнісбай класком Сармановтан бетер шақылдауық. Таңертең ең бір тәтті ұйқының құшағында жатқан кезде терезені өрт шыққандай тақ-тақ ұрып оятады. Өзінде ұйқы деген жоқ па, білмеймін. Қаңқылдаған дауысы миыңды найзаша тесіп өтеді.

Тұрмасқа лажың жоқ. Апыл-ғұпыл киініп, болмашы бірдеңені қарынға салып алып, ұйқымыз әлі ашылып болмаған қабақпен кіржиіп үйден шығамыз. Түскі азыққа бір бөтелке арпа көже құйып, құшақтап алғанбыз.

Жүнісбай үй-үйді кезіп, бір бала қоймай жинайды. Бойымызға қарай тізіп сапқа тұрғызады. Жұмысқа саппен алып жүреді.

Команда беруші өзі. Еңсемізді түзу ұстап, аяғымызды дұрыс алып жүрмесек, пәле қылады.

- Әріпбай, көтер еңсенді!

- Әбек, есінеме!

- Ұлдақан, қалма!

Төсектен ұйқы қанбай тұрғандықтан біз оңайлықпен серги алмаймыз. Аяғымыз түзелмей, бұзыла береді.

- Қане, жүгіріңдер! - дейді Жүнісбай. Жамыраған қозыша дүрлігіп, бірімізден біріміз

озып, араласып кетеміз.

- Тоқтаңдар!

Тоқтаймыз. Әрқайсымыз өз орнымызды табамыз. Қашан аяғымыз түзелгенше Жүнісбай бір орында тұрғызып, жер тепкізеді:

- Бір, екі, сол аяқ!

- Бір, екі, сол аяқ! Күләйхан, сол аяқ қайсы екенін білмейсің бе? Түзе аяғыңды!

Тоқтаңдар! Қайта бастаңдар! Бір, екі, солаяқ! Сол аяқ! Пірам шагім марш!

Өлгіден гөрі сергіп қалғандаймыз.

- Қане, өлең айтыңдар! Мәлік, баста!

Мәлік ересек қыз. Әрі әнші, әрі биші. Тартынбай бастай жөнеледі: Ленин біздің атамыз.

23

Саясына жатамыз,

Қарсы келген дұшпанды

Қақ жүректен атамыз!

- Жамырап кеттіңдер! Жамырамай, жөндеп айтыңдар! - дейді Жүнісбай. Және бір өлең басталады:

Біз жастар жұрттың таңын атырамыз,

Дұшпанды су түбіне батырамыз.

Еңбекші ел қызыл туын тіккен жерге,

Кедейдің бар баласын шақырамыз.

Қайырмасы:

Ахау, социализм, коммунизм, Жасасын жер жүзінде ленинизм!

Бойым кішкене болғандықтан менің орным саптың арт жағында. Бұған қорланамын. Алға таман тұруды арман етем. Сапқа тұру басталғанда өкшемді көтеріңкіреп, немесе жердің төмпегін пайдаланып қалуға тырысам.

Әсіресе, қыздардан да кейін тұру намысымды шоқтай қаритын еді.

Майраның бойы менімен шамалас. Сапқа екі-екіден тұрғанда ол менімен қатарласып қалады. Бұл кезде алғарақ тұруды арман етпеймін. Қолына қолым тиісіп, Майрамен қатар жүру - ол мен үшін бақыт.

Мен қу тілді тықылдаған пысық бала болдым. Сабақты тәуір оқимын. Тыз етпе жеңілтек, әрі шатақ құмар едім. Біреумен дос болуым да, араз болуым да теп-тез. Кекшілмін. Біреуден таяқ жесем, ызадан өле жаздаймын. Күндіз-түні өш алудың жолын ойлаймын.

Дене шынықтыру сабағын өте сүйетін едім. Жүгіру, секіру, суға малту секілді өнерден ешкімге есе жібермеймін.

Сұмдық намысқой едім. Жұрттан кем болуды дүниенің қорлығы санаймын. Үйдегі елден ерек кедей тұрмысқа қорланам да, әкем мен ағаларымның жұрт қатарлы бола алмағаны үшін ызаланам.

Үстімдегі киімдерім нашар-ақ. Жанбосынша қатып киініп жүруді арман етем. Ауылдағы бірден бір сылқым киінетін бала Жанбосын. Батырқанның баласы болып тумағаныма өкінетін едім.

Біз жаз бойына аяғымыз күс-күс боп, жалаңаяқ жүргенде Жанбосын бәтеңке киіп жүреді. Бәтеңке болғанда қандай! Өкшесі мен табанында сәнді бедері бар. Дымқыл жерге мөр басқандай боп сайрап ізі түсіп қалады. Жанбосынның аяғындағы бұжыр табан бәтеңкеге мен қатты қызығамын. Шіркін, осындай бәтеңкем болса деп арман етем.

Көктем шыға бастағаннан қашан қар жауғанша менің аяғымның өз киімі өзінде. Үнемі жалаң аяқ жүргендіктен табан сүйел боп қатып қалады. Оны-мұны тікен кірмейді.

Кейде тоғайдың арасымен елікше орғып келе жатқанда қараағаштың сояудай мықты шөңгесі май өкшеге кірш етіп кіріп кететіні бар. Қара тікеннің уыты жаман болады, миыңнан солқ етіп бірақ шырады. Ойбай деп, мықшиып отыра қалып, садақтың оғындай боп қадалып тұрған тікенді күшпен суырып аласың. Бәлекеттің орны енді одан жаман ашиды. Бірақ оған қарап жатуға мұрша жоқ. Озып кеткен балалардың соңынан ақсандай жүгіресің. Біраздан соң ақсау басылады, табанға тікен кіргені естен шығады.

Жаз бойы жалаң аяқ жүрген аяқ крокодилдің терісіндей қара бұжыр болады, үсті шыт-шыт жарылады. Ол жарық тередеп, қан шығады. Су тисе, ашып, жаның көзіңе көрінетін болады.

Шешең байғұс емдейді.

Емнің түрі мынадай: жатарда қара бұжыр аяқты ащы қара сабынмен тырнап отырып жуады. Сосын қалың етіп сүттің кілегейін немесе вазелин жағады. Тілім-тілім жарықтар майды қанша сылап жақса да жұтып ала береді.

Ашығанның көкесін осыдан соң көресің! Босанатын әйелше бебеулеп, зар жылайсың.

Бірақ ертесіне аяғың тәуірленіп қалғанын көріп, қуанасың.

Тәуір аяқпен қатарға тағы да келіп тұрасың. Жүнісбай команда береді.

- Бір, екі, сол аяқ!

- Бір, екі, сол аяқ!

Жердің бұрқ-бұрқ еткен шаңын енді жігерлене тебесің.

ӘДЕМІ ӨМІР ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Егін қол орақпен, шалғымен орылады. Бірлі-жарым лобогрейка жұмыс істейді. Комбайн жоқ.

Орылған аңыздан біз масақ тереміз. Әрқайсымыздың қолымызда атдорба секілді бір-бір дорба. Сол толған кезде қырманға әкеп төгеміз. Қырмандағы астық тұлықпен, аттың тұяғымен басылады. Күрекпен ұшырылып тазаланады. Қазіргідей әлеп-жәлеп тұрған механизация ол кезде біздің өлкеде дүниеге келмеген.

Масақ теру - ол азап жұмыс. Белің жағылмайды, бір талдап терген масақ өндімейді. Кішкене дорбаның өзі оңайлықпен толмайды. Жалқаулана бастасаң, Жүнісбай әкіреңдейді.

- Жөндеп тер! - дейді.

Жүнісбай өзі шаршау дегенді білмейді.

Кей күні масақ теруге Сағатбай да келеді. Ол бірге болса, шаршағанымыз білінбейді, уақыт көңілді өтеді. Демалып отырған кезде Сағатбай неше алуан қызғылықты әңгімелер айтып береді.

Сағатбай көп оқушы еді. Қолынан кітап, қағаз түспейді. Сәл ғана демалыс болса, Сағатбайды қоршап алармыз. Әңгіме айтып беруін өтінеміз. Текестің суы мен

тоғайынан өзге түк көрмей, ауыл арасының өсек-аяңынан басқа түк естімей көрбала болып өскен біздің көзімізді кең дүниеге тұңғыш ашқан адам осы Сағатбай. Маңайымызды қоршаған надандықтың кара түнек тұманын Сағатбай әңгімелері дауыл болып ысырып, ар жағынан бізге ұшы-қиырсыз кең өмір, жарық сәуле көрсеткендей болады.

Менің Ыдырыс әкемнің де дүние турасында өз ұғым-білімі бар. Ол маған кейде кешкі астың соңынан көңілденіп, ерігіп отырып, әңгіме айтып беретін. Жер стол беті тәрізді төрт бұрышты жалпақ нәрсе, оны мүйізімен көк өгіз көтеріп тұрады.

25

Бір мүйізі талып, екінші мүйізіне ауыстырғанда жер сілкінеді. Аспан, көк, жұлдыз, ай, күн бәрі құдайдың жаратқаны. Өлген адам о дүниеге барады. Тозақ, бейіш дейтіндер болады, т. т...

Сағатбай бұның бәрін басқаша айтады. Жер шар секілді домалақ... Құдай жоқ, қараңғы адамдар құдайды қолдан жасап алған дейді. Әкемнің айтқандары мен Сағатбайдың айтқандары менің басымның ішінде таласқа түседі. Жер домалақ деген сөз ақылыма сыймайды. Жер домалақ болса, біз құлап кетпей, қалай жүреміз? Өзен-көлдер қалайша төгіліп кетпейді? Жер айналса, анау тау айналып, неге ана жаққа келмейді? Біздің басымыз неге айналмайды?

Қандай қиын мәселе болса да Сағатбай біздің ұғымымызға лайықтап түсіндіре біледі. Шұбалануға жол қалдырмайды. Сайып келгенде, әкемнің айтқандарынан Сағатбайдың айтқандары беделді болып шығады.

Саясат мәселесін де Сағатбай әдемі ертегідей етіп айтушы еді. Он жетінші жылғы революция, патшаның тақтан құлауы, болашақ коммунизм заманы туралы Сағатбай майын тамызып айтады.

- Ленин кім, қазақ па? - дейміз. Соншама жақын болып, жүрегіміздің түбіне орнап алған адамды қандас, бауырлас етіп, біржола өзімізге қосып алмақшымыз. Біздің аңқау сұрағымызға Сағатбай мырс етіп күледі. Күлген кезде мейірбан көкшіл көздері одан бетер жадырап, жып-жылы болып кетеді.

- Лениннің ұлты орыс, - дейді Сағатбай, - бірақ ол барлық ұлтты бірдей көрген. Орыс, қазақ деп бөлмеген. Ұлттардың татулығы, теңдігі үшін күрескен.

- Қазақтарды Ленин білген бе?

- Білген, - дейді Сағатбай. - Қазақтың отырықшылануы, ауылда мектептер ашылуы.

- Осының бәрі-бәрі де Ленин бастап кеткен іс екенін айтады.

Ленинді Капланның қалай атқанын біз аса күйзеліспен тыңдаймыз. Ертегілерде неше алуан жауыздық істеп жүретін мыстан кемпірлер болады ғой. Каплан біздің көзімізге сол мыстан кемпірдің нақ өзі боп елестейді.

- Сосын, ұстап алғаннан кейін, Капланды не істеді? Атты ма?

Капланды атпағанын, тек айдауға жібергенін айтады Сағатбай.

Жоқ, біз бұған риза емеспіз. Ату керек еді Капланды! Ату аз. Басын төмен қаратын, азаптап іліп қою керек еді! Кескілеп, қинап өлтірсе, сол лайық болар еді. Мен қиялыммен мыстан кемпір - Каплан жасап алам. Шашы жалбыраған албастының нақ өзі. Ленинді атқан сенсің ғой? Олай болса, тарт жазаңды!

Қиялымдағы Капланға менің көрсетпеген азабым қалмайды. Ұрамын, атамын, асамын, отқа салам...

- Енді аз жылда социализм орнайды, - дейді Сағатбай. – Колхозда жақсы-жақсы үйлер салынады, киім, тамақ көп болады. Социализмнен кейін коммунизм орнайды.

Нағыз рақат өмір, міне, сол. Тамақ та, киім де, дүние-мүліктің бәрі де тегін болады.

- Дүкенде сатушы болмай ма?

- Болмайды.

Менің көзіме есігі айқара ашық тұрған, сатушы жоқ дүкен елестейді. Жұрт шұбап кіріп жатыр, керек деген нәрселерін құшақ-құшақ алып жатыр. Жоқшылықтан көз ашпай келе жатқан мен байғұсқа коммунизм өте-мөте ұнайды. Орнаса, тезірек орнаса екен деп арман етем. Коммунизм орнаған күні дүкенге бірінші боп барар едім. Бастан-аяқ түгел жаңа киімдер алмақшымын. Қалта-қалтамды толтыра

26

кәмпит салып алам. Еркімше тойына жеймін. Ешкім алма, жеме деп айтпайды. Өйткені коммунизм.

Өзім қатты қызығатын Жанбосынның аяғындағы бұжыр табан қара бәтіңке бар емес пе? Бәлем, түстің бе қолға деймін де, біреуін таңдап киіп алам. Және бірнеше парың үйге әкеп, әбдыраға салып қоямын. Бұрын қолыма түспей, ыза қылғаны үшін енді күн сайын жаңасын киіп шығатын болам.

Коммунизмнің рақатын осылай көрмекшімін.

ТЕПЕҢ-ТЕПЕҢ

Менің масақшылық мамандығым тамамдалды. Кішкентайсың, көлікке салмақ аз түседі деп, тұлықтастың атына мінгізіп қойды.

Қазіргі балалар тұлықтасты біле қоймайды. Бұл ұзындығы бір метрдей жұмыр сүйретпе тас. Постремка арқылы аттың артына жегіледі де, астық сонымен бастырылады. Қырманда үш тұлық жұмыс істейді. Әр тұлықтың атының үстінде тепеңдеген бір-бір бала.

Қырманның қақ ортасына мая етіп, шоқитып үйген бау. Тұлықтас жегілген аттар сол маяны айналып, желеді де отырады. Ересек бір адам баудан тұлық жолына оқтын-оқтын лақтырып, шашып тұрады.

Дүниеде қарғыс атқан екі жұмыс болса, оның бірі тұлықтастың атына міну.

Жұмыс таңқасқадан басталады. Тәтті ұйқыдан тұр, тұр деп, зорлықпен тұрғызып алады. Шала ұйқы боп атқа конғаннан түнге дейін тыным таппайсың. Бір басқан ізіңе қайта айналып келіп, жортақтайсың да отырасың. Бейне бір құдай қарғап мәңгіртіп, тоқтаусыз зырылдатын қойған нәрсе тәріздісің. Біріңнің соңыңнан бірің тынымсыз айнала бересің, айнала бересің. Әр-беріден соң қажып, мезі боласың. Басың айналып, көзің бұлдырап, төңірек бірге көшіп айнала бастайды. Сонда да тоқтамайсың.

Астындағы атың жарау, жүрдек ат болса ғанибет қой. Арық жауыр ат. Тепең-тепең тебінудің күшімен әрең жүреді. Екі саның салдырап талып кетеді. Мінгенің қикы-шиқы жаман ер. Тартпа, үзеңгі бауын үзік-үзік жіп-шу бірдеңе. Отыруға жайлы емес, Тақымға батып, қажап, иттей қылады. Соның біріне де қарауға шамаң болмайды.

Арық кежір аттың тоңқ-тоңқ еткен желісі келі түйгенмен бірдей, ішек-қарныңды үзіп жібере жаздайды. Қатқыл ердің үстінде отыра беруге құйрық шыдамай кетеді. Жамбастап отырасың. Бір жамбасың талғанда, екінші жамбасқа аунап, күйзеліп бітесің.

Тепең-тепең тебіну, қамшылану - арық ат осының күшімен ғана жүреді. Титықтап әбден болдырғанда баспай қалады. Ұрмақ түгіл етінен ет кесіп ал. Өлтір. Екі құлағы салбырап, теңселіп құларман болады.

Мал ол адам емес, қулық-сұмдықты білмейді. Болдырғаны - әл-қуатының біткені. Жылқыбай безбүйрек қатал адам. Аттың болдырғанымен шаруасы болмайды.

- Жүргіз! - деп ақырады.

Қырманшы жүрмеген атты басқа ұрады. Басқа ұрғаннан ат жасқаншақ болады. Кейін жай қамшыласаң да басын ала қашып тұрады.

27

Көзіне қамшы тиіп, соқыр болып қалған аттар бар.

Сол тұлықтастың атына мінген кезімді ойлап отырсам, қазір де жүрегім солқ ете қалады. Ой, шаршаушы едік-ау! Атпен бірге сен де қажып болдырасың. Бел омыртқаң сырқырап, аяқ-қолың салдырап, ерде отыра алмай кетесің. Жерге түсіп, бір сағат, жарым сағат бой жазып жата кету қол жетпес арманыңа айналады.

Адам ол мал емес, қулыққа басасың. Ат тізгінін босатыңқырап жіберем де, екі қолымды ішіме басып, бұралып, қинала бастаймын. Ортада бау шашып тұрған қара сұр сұсты Жылқыбай:

- Әй, не болды? Жүргіз! Немене, шешең есіңе түсіп кетті ме? - дейді.

- Ішім-ай, ойбай, ішім.

- Е, ішіңе не болды?

- Бұрап ауырып барады.

Қулық екенін Жылқыбай бірден біледі:

- Оттамай, жүргіз! - дейді зекіп.

Жылқыбай шын ауру болсаң да тыңдамайды. Жеті атаңнан тартып боқтап, керек десе, ұрып та жібереді. Қаршадай сенде әкесінің құны бардай-ақ қағып қаныңды, соғып сөліңді алады. Мен Жылқыбайды тажалдай жек көруші едім.

Кешке жұмыс соңынан екі аяғымыз талтаңдап жүре алмай қаламыз. Көзге ұйқы тығылып кешкі тамақты ішуге шамамыз әрең келеді.

Тамағымыз - талқан. Қадімгі қара талқан. Кішкене пияламен таңертең бір пияла, түсте бір пияла, кешке бір пияла арпаның талқанын береді.

О, қасиетіңнен айналайын, қара талқан! Сен де мені тұлықтастан артық болмаса, кем зығыр еткен жоқсың-ау. Туғаннан көзімді сенімен аштым. Аузым алғаш асқа талпынғанда апам бөкпен етіп талқан берген. Міне, содан бері қарай сен, қара талқан, менімен ылғи да серіктесіп, бірге жасап келесің. Қайда барсам айрылмас досымсың. Мен міне деп, жарқырап алдымнан шығасың.

Қыста да талқан, жазда да талқан. Ерте де талқан, кеште де талқан. Ана үйге барсаң да талқан, мына үйге барсаң да талқан. Талқан... талқан... талқан...

Ақсуды талқанмен ішеміз. Көжені талқаннан жасаймыз. Майға да қосылатын осы талқан, шайға да қосылатын осы талқан.

Талқанды тамақ етудің тәсілі көп-ақ. Мәселен, сарымайға немесе қаймаққа шылап жеу. Оған шекер сепсе, тіптен абзал.

Майға шыланған талқан шайнау тілемейді, өңештен өзі сырғанап өтеді. Сүтке, айранға шылап жесе де ауыздан түсіп қалмайды.

Талқанды тамақ етудің бұл айтылған бапты тәсілдері уақыты тапшы еңбек адамдары үшін жарамсыз. Біз <<әуресі аз>> болсын дейміз де, талқанды тамаққа былай жаратамыз: ортада үлкен тай қазанда беті жыбыр-жыбыр етіп шымырлап қайнаған бір қазан қара су тұрады. Содан ыдыспен керегімізше көсіп алып, тиесілі талқанымызды үстіне саламыз. Дәмін кіргізіп тұз себеміз. Бұдан кейін қасықпен немесе ағаш қалақпен, ол да болмаса ортасынан екі бүктеп сындырған шимен былғап-былғап жібер де, аузыңды күйгізіп алмай, кәдімгі балқаймақ жеген секілді ұрттап, көмейіңнен өткізе бер.

Бұдан соң келесі пияла талқанға қалай да өлмей жетуіңе мен кепіл.

Қырман мен ауыл арасы бірғауым жер, қонуға үйге жібермейді. Таңертең бригадир айқай салған кезде ұшып-ұшып түрегелу үшін қырманның басына түнейміз.

28

Ұйықтайтын төсегіміз қырман шетіндегі үймек сабанның іші. Соны төбесінен төмен қарай үңгіп, інге кірген суырша, кіреміз де кетеміз. Мойнымызға топан түсіп, жыбырлатпас үшін жағамызды көтеріп, қымтап аламыз. Сабан төсеніш, сабан жастық, сабан жамылғы. Үңгірдің аузын ауа кіретіндей етіп себездеп, бүркемелеп жауып қоямыз. Таңқасқадан бригадир:

- Тұр! Тұрындар! - деп, сұңқылдай бастағанда оянып кетеміз. Ұйқының ең тәтті кезі. Тұрғымыз келмейді. Дүниені өрт басып бара жатса да жата тұрғымыз келеді. Алда күні бойы атқа мініп тепеңдеу, жан қинау бар екенін ойлағанда жүректі қайғының уы көміп кеткендей болады.

Бригадирмен қабаттасып айқайлаған қырманшы Жылқыбайдың зәрлі даусы естіледі:

- Әй, жүгірмектер! Тұрасындар ма, жоқ па? Өне, ат келді! Тұрып, аттарыңды ұстаңдар!

Жылқыбайдың даусы ұйқыны шайдай ашып жібереді. Енді жату қауіп. Ұшып-ұшып тұрмасақ, бураша зіркілдеген Жылқыбай маяның үстіне шығады. Бізді аяғымен теуіп жүріп тұрғызады. Қайда тығылғаныңды таппаса, сабанға айыр

сұққылайды. Айырдың ұшы біреуінің бір жеріне кіріп кетер деп, сескенуді білмейді ол.

Күн сайын осы. Күн сайын ұйқы қанбай мәңгірт боп түрегелеміз. Аштық уайым емес, ұйқы уайым. Ұйқысы қанып бір ұйықтаған адамда арман бар ма екен дейміз. Құдайдан жауын тілейміз. Жауын жауса, жұмыс тоқтайды. Демалып жетісіп қаламыз. Қашан жауын басылғанша пырылдап ұйықтағанды білеміз.

Бірақ жауын оңайлықпен жаумайды. Күн бұлттанып келеді де, желдетіп, әлгінде жауар деп үміт еткен бұлттың бәрі басқа жаққа ауып кетеді. Сөйтіп, бізді келеке еткендей болады. Аспанның жарқырап келе жатқанын көргенде көңілді тағы да қайғы бұлты басады.

Жауын бермеген құдайдан мен енді ауру тілейтін едім. Шын ауырсам, үйге қайтам. Төсек тартып жатқанды білем. Ұйқым мейлінше қанған болар еді.

Ауру бірақ жоламайды.

Тағы да тепең-тепең аттың үсті. Зырылдауықша шыр кебелек айналу...

ЖЫЛҚЫБАЙДЫҢ СҰМДЫҒЫ

Жылқыбайдың арғы аталары дәулетті адамдар болған. Жылқыбай үш ағайынды. Ең кішісі Жылқыбай. Ата-баба дәулетінің бұларға сүзіле келіп, жұғын-жұрнағы ғана бұйырған. Ана екі ағасы Жылқыбайдан гөрі малдырақ болып, кәмпеске кезінде малын айдап Қытайға қашқан.

Жылқыбай колхозға дейін орта шаруа. Ағаларына ілеспей, ата мекенді сағалап қалып қойған. Жылқыбай колхозға бірден кіре қоймайды. Алғашында жекеше боп, оқшау жүріп көреді. «Ортақ өгізден оңаша бұзауым» деп, аз ғана дөңгелек шаруасын қанатының астына тығып ұстайды.

Бірақ жекешеге төнген құрық көбейді, жекешенің тынысы күннен күнге тарыла берді. Жер, су бәрі колхоз меншігі саналып, Жылқыбайға аяқ басар жер қалмай бара жатты.

29

Колхозға Жылқыбай тістеніп, амалсыз кіреді. Бұрынғы кеудесіне нан піскен бай тұқымы енді кетпен-күрек арқалаған қара құрық көптің біріне айналады. Бұрын «Жықа» деп тұратындар енді «Жылқыбай, ей, Жылқыбай» дейтін болады.

Жылқыбайдың түсінігінде, «заман азды, ел тозды». Жаңа құрылысқа көзін алартып, тісін басып қарайды. «Күресерге дәрмен жоқ, іш қазандай қайнайдының» нақ өзі.

Міне, осы себептерден де қырманшы Жылқыбай әрқашан ұрысқақ, тырысқақ. Өзінен шатынап, ұрынарға қара таппай жүреді. Бізді қаталдығымен безек қақтырғанда, колхоз жұмысының қамы үшін емес, әрине. Ішіндегі зәрін ретін тауып төгіп қалу үшін.

Шықыр-шықыр етіп қышыған тістерімен кімді де болса жалбыратып қабу үшін. Ара-тұра Жылқыбайдың да көңілденер кездері болушы еді. Ондай кезде ол «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» бұрынғы рақат заманды аңсайды. Бұрынғының бәрін мақтап, армандап отырады. Қазіргінің бәрі де оған құбыжық. «Ақырзаман тақалғаны осы да. Елдігімізден не қалды? Балаң кәпірше оқиды, түгел кәпір болып шығады», — деп түңіліп, маңындағы жұртты да түңілдіріп, шошытып отырғаны.

Жылқыбай осы кезде де көп жұрттан ауқатты. Жеке меншігінде екі жылқы, екі сиыр, бірқауым қой-ешкісі бар. Жұрт оның әр-әр жерде тамыр-таныстарына тығып ұстайтын малдары және жоқ емес деген әңгіме айтады.

Жылқыбайдың асаудан жаңа үйретілген әдемі кер биесі барды. Өзі ғана мініп, қырманның маңайында арқандап ұстайды. Үш уақ қырманнан жем береді. Мезгілімен суарып, үстін тарап, балаша күтіп мәпелейді. Кер биенің үстіне өзінен басқа адам мінгізбек түгіл, шыбын жорғалатпайды.

Басы кішілеу, қамыс құлақ, аяқтары сидам кер биенің тұлғасы, шіркін, сурет еді. Күлтеленіп қалың біткен құйрығы жерге төгіліп, сауырсыны тақтайдай боп, аққу мойнын жан-жағына біртүрлі кербез бұрып, сәнмен қарайды.

Жұмыс соңынан Жылқыбай кер биені ерттеп мінеді де, түнделетіп ауылға барып келеді. Аяны желдей ескен, жүрісі қандай шіркіннің. Қамшы салдырмайды, лыпып отырады. Қасына ілескен басқа да атты кісілер болса, одан бетер желігіп, шабыттатып кетеді. Өзге аттан мойны озық жүріп отырмаса, көңілі көншімей, ауыздықты қарш-қарш шайнап, тізгінді жұлқа тартып, иесінің қолын қарыстырып бітеді.

Бүкіл Қостөбеде кер биімен жарысуға жарайтын ат бар ма!

Бір күні менің астымдағы тұлықтасқа жегіп жүрген ат болдырып, жүрмей қалды. Атты отқа қойып, тұлықты доғарып, мен қырман шетінде демалып сұлап жатырмын. Осы кезде қырманға өкіл Сарманов келе қалар ма.

- Бір тұлық неғып жүрмей қалған!?

Жылқыбай аттың болдырғанын айтты.

- Тұлықты тоқтатуға бола ма екен? Ауыстырып, басқа ат жегу керек!

- Басқа ат жоқ, — деді Жылқыбай.

Сарманов ат үстінен жан-жағына қодилана қарап, анадайда арықтың жағасында көкпеңбек көк жоңышқаны бырт-бырт орып, арқандаулы тұрған кер биені көрді.

- Ана ат кімдікі?

- Ол ат емес, бие, Асау бие...

- Кімдікі? Иесі кім?

- Иесі мен, — деді Жылқыбай.

- Мініліп жүрген бие ғой?

- Мінілгенмен, мінезі жаман. Өзім әрең деп мініп жүрмін.

Сарманов бұйыра сөйледі:

30

- Болдырған аттың орнына соны жегіңіз! Тұлықты бір минут та тоқтатуға болмайды! Мініліп жүрген бие ғой, ештеңе етпейді, көндігіп кетеді. Жылқыбай одан бетер безілдеп:

- Ойбай-ау, қамыт салынып көрмеген асау бие. Тұлыққа жүруші ме еді? Әуелі жеккізбейді де, — деді.

Сарманов қазір осы елдің құдайы. Айттым — болды, кестім — үзілді дейді. Аудан оны өкіл етіп жібергенде, бар билікті қолына ұстатып жіберген.

Ол саудаласып жатпайды. Бұйырады

- Ничего! Ничего! Осы аттың қай-қайсысы да асаудан үйретілген. Жегіңіз, көрейік. Бір тұлықты тоқтатып қоюға болмайды ғой.

Жылқыбай тұйыққа мықтап тірелді. Қарақоңыр жүзі одан бетер қарайып, түтігіп кетті. Сармановты тыңдамасқа лажы жоқ. Бермеймін деп көрсін, күшпен алады. Колхозға кер биені басы бүтін алам десе, алады. Табады жолын. Жылқыбай бұның бәрін жақсы біледі.

Кер биені қырманға жетелеп келе жатып, Жылқыбай бырқылдап сөйлеп келеді:

- Мейлі, мен айтарымды айттым. Бие асау, мінезі жаман десем, тыңдамайсыңдар. Не үстіндегі баланы, не басқа біреуді жазым етсе, мен жауапты емеспін.

Сарманов пен Жылқыбайдың арасында нендей әңгіме болғанын, қырманға не үшін жетелеп келе жатқанын кер бие, әрине, білмейді. Көздері жалт-жалт етіп,

әдемі жұмыр тұяқтарымен тақыр қыrmанды тық-тық басқанға үріккендей боп, пысқырынып қояды. Кер биенің тізгінін маған ұстатып қойды да, Жылқыбай ерттей бастады. Енді мойнына қамыт кигізгелі жатыр. «Бұ несі, мыналардың не ойлағаны бар» дегендей, кер бие қамытқа үркектеп қарайды. Тер сіңген қамыттан жат иіс сезініп, сескенгендей қорс етіп, басын аулақ алып қашады. Сарманов ат үстінен бақылап қарап тұр. Қамыт та кигізілді. Мойнындағы ап-ауыр затты қолапайсыз сезінгендей кер бие бүкіл денесімен дір-дір етіп қояды. Постремканың ұштары тұлыққа жалғанып жатқан кезде кер бие бір тықырдың тақалғанын сонда анық аңғарған тәрізді. Көздерінде үрейлі ұшқын ойнап, екі құлағын бірдей жымқырып алды.

- Кел, мін.

- Мінбеймін, қорқам, — дедім мен. Кер биенің асаудан үйретілген мал екенін, бұрын тұлыққа жегілмегенін жақсы білем. Және Жылқыбайдың әлгінде: «Үстіндегі баланы жазым етсе, мен жауапты емеспін», — деп сұмдықты тақап айтқан сөзі есімде.

Жылқыбай бекер сөйлемейді, бір нәрсені болжап, біліп сөйлейді.

Ызадан онсыз да жарылғалы тұрған Жылқыбай:

- Сен мінбегенде, мен мінем бе, иттің баласы! — деп, мені жерден көтеріп алып, үркектеп әзер тұрған биенің үстіне бір-ақ атты.

Ерге жабыса қалғанды ғана білдім. Енді бітті, болар іс болды. Енді ойбайлап, тыпырласам, кер биені одан бетер үркітем. Тақымымды қысып, тізгінді қымқырып ұстап алдым.

- Жүргіз!

Кер бие жүріп кетті. Артындағы тоңқылдаған ауыр тұлыққа оңды-солды қорсылдап қарап қояды. Бірден мөңкіп, алып жөнелмеген соң, менің көңілім аздап та болса орнығайын деді. Арбаға, тұлыққа алғаш жегілгенде аттың қай-қайсысы да азды-көпті тосырқап елендейді. Дегенмен, кер бие өте сақ мал, құлағын бір жымқырып, бір қайшылап, жағдайды мүлт жібермей барлап келеді. Сәл бір оғаш жағдай бола қалса, ытырылып алып жөнелуі даусыз. Астымдағы мал емес, тағы аң секілді маған.

Кер бие тулап, алып жөнелсе, не істеймін деп, оны да ойлап келем. Ондайда тоқтатам, еркіме бағындырам деп әуре болу бекершілік. Тек өлмесімді, өз басымның аман қалуын ойлауым керек.

Кер бие тұлық жолын бір айналды, екі айналды. Үш айналды. Енді ештеңе бола қоймайтынына менің де, басқалардың да көздері анық жетті.

- Қане жүрмегені? Жүрді ғой. Тұлыққа жүрмейтін ат бола ма? Шетіңнен қырсығып, колхоз жұмысына кеселдік келтіргенді ғана білесіңдер! — деп Сарманов Жылқыбайға және бір шүйілді де, орта қазан тұрған үйге қарай кете барды.

Жылқыбай үнсіз. Ортадағы мая азайып, таусылайын деген. Баудың қалған-құтқанын ол тұлық жолына айырман шаша тастап, әкесі бүгін өлгендей қабағын қарс түйіп алған.

Өйтпей қайтсін. Кер бие оның ең бір аяулысы еді. Үстіне өзінен басқа адам мінгізбеуші еді. Мініп, пайдалануынан да мәпелеп күтуі көп болатын. Сол аяулысы колхоздың ең бір ауыр да, оңай бітпес жұмысына жегілді. Енді кер бие кер бие болудан қалады. Колхоздың көн тулақ қыршаңқы аттарының біреуіне айналады. Дәніккен колхоз енді оны иесіне оңайлықпен қайтармайды. Жылқыбайдың еңсесін жаншып алған, міне, осы ойлар. Қара тастай тұңғиық ауыр ойлар.

Мен екі тұлықтың соңында келе жатырмын, Жылқыбай ортада. Тұлық жолына төселген астықты деміл-деміл айырман қопсытып, аударыстырып тұр. Біз жақындап келгенде, қопсытпай тұра тұрудың орнына, неге екенін, екіленіп кетеді. Жерден басын көтермеген қалпы сабанды әуелетіп шашады. Айырдың жарқ-жарқ еткен болат ұшы аттың бауырына тие жаздап қалады.

Жылқыбайдың қолындағы айырға мен секемдене қараймын. Оның ойында сұмдық бірдене барын жүрегім сезе бастағандай. Айыр түгіл, оқыс қопсытылған сабанның бір талы шабына тиіп кетсе, кер бие, сөз жоқ, алып жөнеледі.

Осылайша мен Жылқыбайды, Жылқыбай мені аңдыған минуттар өтіп жатты.

Қасына және бір келіп қалғанымда, Жылқыбай ойға алған сұмдық ісін істеп те үлгерді. Сабанды көтере сілкіп, қопсытқан болып, айырдың өткір ұшымен кер биені тақыр шаптан түртіп жіберді. Аңдып келе жатқан мен анық байқап, көріп қалдым. Кер бие оқ тиген тағыша қорс етіп, алып жөнелді. Қырманнан шығып, артындағы тұлықты сарт-сарт тепкілеп, лағып барады. Бұл ара егіні орып әкетілген аңыз еді. Әйтеуір жер жұмсақ.

Қырман жақтағы жұрт соңымнан улап-шулап жатыр.

Осындай бір сұмдықтың болып қалуын әуел бастан күткендіктен, мен онша саса қоймадым. Ақыл тоқтатып, енді қалайда мерт болмаудың жолын қарастырдым.

Осындай ат алып қашқан кезде өлетіндердің көбі аяғы үзеңгіге ілініп қалып, сүйретіліп, содан өледі. Бұны мен талай естігем. Екі аяғымды бірдей үзеңгіден шығарып алдым. Енді секіруге дайынмын.

Артымдағы ауыз тұлық анда бір тиіп, мұнда бір тиіп, дөңкілдеп келеді. Мен енді секірген кезде сол тұлықтың астына түсіп қалмауды ойладым. Зілдей тұлық зірк етіп, салмақпен жаншып өтсе, күлше қылады.

Құдай оңдап, дәл сол кезде тұлықтың бірдеңесі бырт етіп сынып кетті. Ауыр тас өз бетімен дөңгелеп барады. Кер бие одан құтылды. Тек шұбалған постремкалар ғана аяғына сарт-сарт оралып, есі кеткен биені одан бетер шошытады. Ердің алдыңғы қасын екі қолыммен тірей ұстап көтерілдім де, тәуекел деп секірдім. Лақтырған тымақтай боп жұмсақ аңызға топ ете қалдым.

32

Кер бие, сенен де құтылдым ба дегендей, артына бір қарап алып, постремкаларды артқы аяқтарымен шошына тепкілеп, безіп барады. Қайда барса, онда барсын, енді менің онда шаруам жоқ.

Шіркін, адам қиялындай ұшқыр не бар екен! Аттан секіретін шақта, бас-аяғы бірнеше секундтың ішінде, мен талай нәрсені ойлап үлгердім. Құлаған кезде аяғым не қолым шығып, онша кеп қирап қалмай, шамалы зақымдансам. Сонда үйге барып, біраз күн демалыс алып, тынығар едім деймін. Қанбай жүрген ұйқым мейлінше қанар еді.

Қырсық Құдай менің бұл тілегімді де бермейді. Құлап түскен бетте өзімді өзім сынамаққа орнымнан ұшып түрегелдім. Сөйтсем, төрт мүшем бірдей сау. Зақымданбақ түгіл, мұрным да қанамаған. Тек бетімнің, қолымның әр-әр жерін егіннің тікірейген баясы болар-болмас қанатып, тырнап кеткен. Бұған бола мені үйге ешкім де жібермейді. Еңбегім еш кеткендей болып, біраз ренжіп қалдым.

Пәлені өз істеп алып, Жылқыбай енді айтқаны келген адам болып, масайрап жүр: — Өне, мінезі жаман ол иттің деп айтпадым ба? Мен мал аяғандай көріп қалдыңдар. Бәрінен де, біреудің қаршадай баласын жазым қыла жаздады ғой. Өңгіменің үлкені, міне, сонда болатын еді. Қайта, байғұстың ажалы жоқ екен.

Жылқыбай менің таңдайымды көтеріп, жерден топырақ алып тастап, ырым қылып жүр.

ҮЙГЕ ҚАШУ

Тұлықтастың атына міну мені әбден қажытты. Бір де рет ұйқым қанбай, өлермен болдым. Тоғыз жасар балаға таңқасқадан түнге дейін ат үстінде тепеңдеу оңай боп па?!

Масақ теру бұның қасында пейіш екен.

Бұл азаптан қалай құтылам?

Құтылудың бір ғана жолы бар. Ол - үйге қашу.

Бір күні кешкі тамақтың соңынан мая сабанға кіріп, ұйқтаудың орнына, түн жамылып үйге қаштым.

Жауыртоғандағы қырман мен ауыл арасы төрт-бес шақырымдай. Жер жазық, шилеуіт. Қалың шидің арасындағы соқпақ жолмен безіп келем. Ай қараңғы. Біреу қуып келе жатқан жоқ па дегендей артыма қарап-қарап қоям. Менің бойымнан да биік қалың шидің арасы бір түрлі қорқынышты. Ойымда қасқыр. Шыға келіп, бас салатындай бойым тітіркеніп қояды.

Және бір қорқатыным аруақтар. Жын-шайтан. Жолда мола бар. Қазіргідей қараңғыда сол тұстан өтуім азап болып келеді. Сайтан да, аруақтар да мола маңында болатын тәрізді.

Кейбіреулер жын-шайтанды көрдік деп, неше түрлі қорқынышты әңгімелер айтатын. Құлағыма титтей бір бөтен дыбыс шалынса, елеңдеп қараймын. Қалбиған қорқынышты бірдеңелер көргендей болам.

Төбе тұсы ойылған үлкен жарық күмбез анадайдан көрінді. Ойылған жері түннен де бетер қап-қара. Қап, әлгінде құр қол шыққанымды қарашы. Қараңғыда жерден сипалап тас іздеймін. Тас табылмайды.

Моланың қасынан өтіп бара жатқанда жаным тырнағымның ұшында. Біреу әйт десе, жүрегім жарылып, сеспей қатар едім. Уһ, өттім-ау, әйтеуір. Енді моладан аруақтар шығып қуатындай безіп келем.

Алдан ауыл қарасы көрінді. Жүрегім орнына жаңа түскендей болды. Елдің көбі жатып қалған. Біздің үйдің терезелері де қараңғы. Тықылдатып есік қақтым.

33

- Бұ кім?

- Мен, апа.

- Беркенбісің? - деді де, шешем есікті ашып жіберді. Жеті қараңғы түнде сонша жерден жанұшырып жалғыз келгенімді білгенде, жаным, қалай қорықпадың деп, елжіреп бауырына басты. Мен қашып келгенімді айттым. Кер биенің алып қашып өлтіре жаздағанын естігенде, шешемде ес қалмады.

Ана бауыры балаға жау алмас қорған тәрізді. Мен міне сол қорғанға аман-есен жетіп, паналадым. Қауіп-қатерден құтылдым. Енді алаңсыз жетісіп ұйықтауыма, тынығуыма болады.

О, жалған дүние! Ана құшағындай ыстық та, мейірбан не бар сенің жүзінде?! Осы құшақ тұрғанда мен басқа ештеңені де арман етпеймін. Ешбір бақыт-байлыққа, салтанатқа мен бұл құшақты айырбастамақшы емеспін. Алтын анам, аяулым, тек сен аман болсаң, болды маған. Үлкейіп адам болған кезде мен сенің осы жақсылықтарыңды қалайда ақтауға тырысамын. Ең жаңа киімдер алып берем, ең дәмді, ең тәтті тамақ ішкізем. Кәмпітті жәшігімен сатып ап, қанша жесең же деп, қасыңа қойып қоям.

Алтын анам, менің сенен аяйтын ештеңем де болмайды.

Ып-ыстық шоқпыт көрпенің астында, шешемнің көрпеден де ыстық мейірбан төсіне, салбыраған құр тері арық мамаларына тұмсығымды көміп, рақаттана маужырап, ұйқыға кеттім.

Тәтті ұйқыдан селк етіп, шошып ояндым. Со бір тажалдай жексұрын зәрлі дауыс. Жылқыбайдың дауысы. Қырман шетінде сабанда жатыр екенмін деп, көзімді ашып алсам, жоқ, үйде, анамның төсегінде жатырмын. Шешем қасымда жоқ, тұрып кеткен. Үйдің іші жап-жарық. Терезеден жарқырап күн нұры құйылады. Сыртта есік алдында ат үстінен айқайлап, зірк-зірк еткен Жылқыбай:

- Әй, Әсбет. Әлгі жетпегір балаң қайда, үйде ме? Ауыз үйден оған шешем үн қатады.

- Жетпегір боп ол саған не істеді? Төбеңе құй қазды ма?

- Айтпай, неге қашып кетеді? Бір тұлықты тоқтатың деп, ана Сарманов бәрімізді қыратын болды.

- Менің баламнан басқа бала құрып қалып па? Балам енді бармайды. Асау биеге мінгізіп, өңкей қаныпезер, баламды өлтіріп қоя жаздапсындар. Жетеді сол да!

- Маған айтпа ол сөзіңді! Мықты болсаң, ана өкілге айт!

Жылқыбайдың аттан тақыр жерге секіріп түскен дыбысы естілді. Өне ол үйге келе жатыр! Менде ес қалмады.

Жылқыбай төр үйге кіріп келді. Төсекте қорыққаннан көзім бақырайып жатқан мені көрді.

- Жүгермектің жатуын! Тұр, киін!

Балапанын қорыған тауықша шешем Жылқыбайдың алдын тосқауылдай ұмтылып еді. Ол оны қолымен тұрпайы сермеп, қағып жіберді. Менің үстімдегі көрпені

сыпырып алды. Мен бар даусыммен бақырып, пана іздеп, шешеме ұмтылдым. Әкем де, ағаларым да жұмысқа ерте тұрып кетіп қалған. Олар үйде жоқ еді.

Жылқыбай мені шешеме жібермеді. Өңгерген лақша бақыртып, төсектен көтеріп алды. Аурушаң шешемді қаға-соға сол күйде сыртқа алып шығып барады. Мен одан бетер бақырып, тыпырлап, Жылқыбайды басқа-көзге ұрғылап келем.

34

Үйге кірерде Жылқыбай кер биені есіктің тұтқасына байлай сап кірген екен. Менің ойбайымнан шайпау бие қорс етіп, үркіп жөнелді. Онсыз да әрең жан сақтап тұрған жаман есікті маңдайша, таяныштарымен қоса қопарып алып кетті. Жан-жағына қалаған кесектері сау ете төгіліп, үйдің бүкіл бір қапталы үңрейіп, қирап қалды.

Шешем зарлап жатыр:

- О, үйің күйсін, Жылқыбай! Шаңырағың қирап, ортаңа түссін! Жұртым-ай, тал түсте мекенімді талқандап, бұл не деген сұмдық! Көгерме, көктеме, қанішер неме! Шешемнің зарлы дауысы ауылдың бас-аяғына түгел естіліп тұрды. Ешкім оған жәрдемге келмеді...

МЕНИҢ ӘКЕМ

Мен бір жағдайда әкеме өте риза болатын едім - ол өмірбаян жазып, анкета толтырған кезде. Кез келген қарапайым анкетада әке, шешен кім болған деген сұрақ тұрады. О, бұл сұрақ барлық сұрақтың ішіндегі ең маңыздысы. Болашақ өмір маршрутының сызылуына оның жасайтын ықпалы өте зор. Мінекей, әлгі сұрақ алдымнан шыға келген кезде менің көзім жайнап кеткендей болады. Жауапты құлшына жазамын, - әкем де, шешем де кедей болған! Жай кедей емес, қу тақыр кедей.

Мен бұны шынайы мақтаныш етіп жазамын. Ата-тегіміз кедей болуы ол совет өкіметі үшін менен сенімді, менен бағалы адам жоқ екенін білдіретін бас бұрғызбас дәлел секілді. Ана Жылқыбай балалары өйдеп - ата-тегіміз кедей болған деп жаза алмайды.

Анкета толтырғанда қолдары дірілдеп, жүректері толқып тұрады. Кедей болмай, бұрын бай адамдар болғаны үшін олар әкелерін тап сол кезде бір-бір боқтайды. Ал менің жалқау әкем дүниеге кім болып келуді, тарих үшін қай таптың өкілі болу артық екенін ерте білген. Міне, осы үшін де әкеме риза едім. Ыдыке, -жарайсың!

Ыдыкенің жасы бұл кезде отызды орталап қалған. Соған қарамастан, жүріс-тұрысы қарт адамдар тәрізді. Ырғалып-жырғалып, ол қозғалып болғанша, өмір керует біраз жерге барып та үлгереді.

Жақсылық, жамандықтың бәрін де әкем тәңіріден күтеді. Дұрыстау өмір сүруге талпыну, ертеңгі күннің қамын ойлап мазасыздану ол үшін жат нәрсе.

Шешем Әсбет - тілді де отты адам еді. Тек ауру иектеп алған да қор қылған. Әкемнің ынжықтығын бетіне басып, қайрап айтып отыратын. Бірақ әкем ағаш пышақ тәрізді, қанша қайраса да өтпейді.

Кедей іздеген, кедейшілік өмірдің қандай болатынын көргісі келген адам біздің үйге келсін.

Ауыз үй, төр үй деп аталынатын, соқырдың көзіндей сығырайған бір-бір ойық терезелері бар аласа екі бөлмеде тұрамыз. Жер еден. Шиқылдақ тапал есік. Үйдің төргі бұрыштарында қадімгі бірнеше тал көк шөп өсіп тұрады. Не шөп екен деп, жұлып алып қарасаң, арпаның не бидайдың дәні болып шығады.

35

Біздің үйде бір қара жағал ағаш кебеже болушы еді. Мүлік атаулыдан менің есімде сақталғаны сол.

Жалпиған ескі ағаш төсек. Онда әкем, шешем, мен үшеуміз ұйқтаймыз.

Ауылдағы кез келген үйде самауыр, темір кереует, жүк етіп жинап қоятын азын-аулақ көрпе-жастықтары болады. Көпшілігі кереуеттеріне шымылдық ұстайды. Кестелеген киім жапқыштары болады. Екі киім жапқышы бар үй әлді үй. Мәселен, Батырқанның үйі. Бір киім жапқышы бар үй орта шаруа.

Түгі жоқ үй - кедей үй. Мәселен, біздікі. Өлгі аталған нәрселерден біздің үй тап-таза.

Жұртта бар тәуір мүліктер біздің үйде неге жоқ деп, қорланып, ыза болатын едім. Самауыр неге жоқ? Киім жапқыш неге жоқ?..

Көп үйде сауын сиыр бар, аздаған да болса, уақ малдары бар. Бізде ол да жоқ. Ең барып тұрған қара жаяу кедей қазақтың аты болмаса да, ер-тұрманы болады. Ат сұрау ұят емес, ал ер-тұрман сұрап жүру ыңғайсыз-ақ. Бір жаққа баруға ат табылса, әкем мен ағаларым енді ер таба алмай жүргені. Мен бұған да ыза болушы едім. Жұртта бар зат бізде неге жоқ?

Жұрт қайдан табады? Біз неге таппаймыз? Жұрт қайдан алады? Біз неге алмаймыз? Жұрт бізден неге артық болады? Біз неге кем боламыз?

<<Бәрі құдайдан, құдай өзі жеткізеді>> дейді әкем. Қашан жеткізеді? Сарғайып қанша тосуға болады оның жеткізуін? Ол жеткізгенше, желкеміз үзілетін болды ғой.

Әкемнің бойы ортадан төмен, иықты. Өзі құсап селбіретіп қияқ мұрт қояды. Уайымсыз адам, күйіп-піскенді білмейді, жайбарақат. Мезгілсіз тозып, шаршамайды. Аш болса да, тоқ болса да екі беті қып-қызыл. Тамақ таңдамайды, өңешінен өткеннің бәрін ішіп-жейді. Ауырмайды.

Таңертең әкем шайнамсыз жайдақ шайды сораптап, еркіне салсаң, түске дейін қамсыз отыра береді. Ол тоғайдан колхоздың ұста дүкеніне көмір жағып әкелуші еді. Келіп

мүйізі абажадай үлкен арық қызыл өгіз. Әкем шай сораптап отырғанда қызыл өгіз сыртта есік алдында оны күтіп, аш, қаңтарылып байлаулы тұрады.

Бригадирді бес келтірмей әкем жұмысқа шығып көрген емес. Бағана байланған қызыл өгіздің мызғымай әлі тұрғанын көріп, бригадир терезе тұсына шауып келіп, айқай салады.

- Оу, Ыдырыс! Әлі отырмысың? Ойбай-ау, күн түс боп кетті ғой! Болсаңшы!

- Қазір, міне, шыққалы жатырмын, - дейді әкем. Өзі тапжылмастан отыра береді.

- Болды, барсаңшы жұмысыңа. Құр суды сіміре бергеннен бірдеңе шыға ма? -дейді шешем.

- Тағы бір шыны құйып жібер. Содан соң болды. Сосын тағы бір шыны. Шәугім сарқылғанда әкем орнынан бір-ақ түрегеледі.

Ыдыкең қысы-жазы бірдей қалың киінеді. Үстінен етегі делдиген ақ тоны, басынан жарбиған жаман малақайы түспейді. Күн ыссыда малақайының құлағын қайырып, байлап қоюға бір бауы қалай да шүнтиған үзік болады, байлауға келмейді. Сондықтан малақайдың құлақтарын әкем жай жымқырып бүктеп қояды. Әменде бір құлақтың бүктеуі жазылып кетіп, есектің құлағынша қалқиып, былғаң-былғаң етіп жүргені.

36

Неге екенін қайдам, әкемнің тонында түйме дейтін нәрсе болмайтын. Киеді де, тонның екі өңірін айкастырып, беліне май жағудан қап-қара болған жіңішке қа-йыс белбеу буынады. Қатты тартып буынған белбеудің әсерінен тонның етегі делдиіп, таңқия қалады. Әкемнің аласалау жалпақ денесі сол кезде одан бетер аласарып кеткендей болады.

Шыжыған ыстық күнде де әкем әлгіндей қалың киіммен жүреді. Бұның қалай десе:

- Қалың киімнен ыстық өтпейді, - дейді.

Дәл арқасына белбеуден өткізіп, балта қыстырады.

Үйде ер болмағандықтан әкем қызыл өгізге ыңыршақ ерттейді. Тартпа орнында құр жіп. Үзеңгінің біреуі ағаш, біреуі темір.

Әрі қалың киініп, сіресе қалған, әрі шайнамасыз құр шайды қарнын сыздатып тоя ішкен Ыдыкең қызыл өгізге бірден қарғыш міне алмайды. Күшеніп, үзеңгіге аяғын әрең жеткізіп, артылып міне бергенде, ыңыршақ ауып кетеді. Немесе сарғайып тұра беруден жалыққан қызыл өгіз тыпыршып жүріп кетіп, міне алмай әуре болады. <<Өй, әкеннің>>... деп, Ыдыкең қызыл өгізді келістіре бір боқтайды да, үйден мені шақырады. Ар жақтағы үзеңгіні басып ұстап тұр дейді.

Мен жоқ болсам, тамға, дуалға тартып мінеді.

Күн бұл кезде сәске болып қалған. Өзге жұрт жұмысқа бағана кеткен, Жолшыбай кезіккен белсенділерден түгел сөз естіп, әкем жұмысқа енді ғана кетіп бара жатады.

Кетіп барады деймін-ау. Өне, ауылдан ұзай берді де, ол қайта қайтты. Не болды екен? Бірдеңесін ұмыт қалдырғаннан сау ма?

- Өй, Ыдырыс, неге қайттың?

- От жағатын сіріңке алмапшын, - дейді әкем жайлап қана.

Мен үйден сіріңке алып шығып беремін. Сіріңке жоғалып қалмас үшін оны ішкі қалтасына салып алмаққа әкем белбеуін шешеді. Белбеуін шешу үшін беліндегі балтаны маған бере тұрады. Осының бәрі ешқандай асығыссыз кері қайталанып және істеледі.

Уақыт зымырып өтіп жатады. Күн түске тақалады.

- Мына ит бүгін аяғын баспай қалыпты, - деп, кінәнің бәрін енді қызыл өгізге аударып, әкем тоғайға қарай маңып кетіп бара жатады.

Әкемнің іш пыстыратын қимылдарына менің төзімім зорға жетуші еді. Ішімнен ыза болып, тістеніп, қаным қайнап тұрам.

Ұста дүкені біздің үймен қанаттас, жақын... Әкембай ұстаның шың-шың соғылған балғасының дауысы ұзақ күнге бір сембейді. Күн сайын там-тұмдап әкелінген көмір кейде бітіп қалады да, ол әкемнің көмір шағып әкелуін күтіп, жұмыс істей алмай, сарғайып күтіп отырады.

Ұста дүкенінің бүкіл жұмысы маған қарап тұр-ау деп, Ыдыкең абыржи қоймайды. Әкем тоғайдан кеш қайтады. Қас қарайған кезде егіннің арасымен келе жатып, тік тұрған астықтың масағынан қойын-қоншын толтырып, үзіп алады.

Жатар кезде терезенің сырт жағынан жарық көрінбестей етіп ішінен бітейді де, әлгі алып келген масақты тонның тақыр жағына салып, уқалауға кіріседі. Бұл ер-теңгі ішіп, жейтін талқан көженің қамы.

37

Масақ ұрлауды әкем егін ет алып, сарала тартқан кезден бастайды. Пісіп жетілмеген дән қуырғанда тырысып, шөжіп кетеді. Талқаны көкшіл, дәмі қант қосқандай тәттілеу.

Көктемгі көкөзек кезде әкем көк талқанға іліксек өлмейміз деп, бізді жұбатып, армандап отырады. Оның арман еткен көк талқаны әлгі.

Егіннен масақ ұрлап әкелетіндер тек менің әкем емес.

Таңертең бригадирдің айқайымен оянатын әкем түнде жатар кезде бей-берекет шашып тастаған киімдерін таба алмай, үй ішінің астан-кестеңін шығарады. Әрқайсымызды бір қозғап, жастығымызды қопарып, төсеніштің ар жақ, бер жағын ашып қарап, белбеуін, тымағын іздейді. Сөйтпін, бәрімізді түгел оятып бітеді. Шұлғауының бірі менің жастығымның астынан, малақайы Сатылғанның қойнынан табылады.

Әкемнің жоғалғыш бұйымдарының бірі оның белбеуі. Барлық киімін киіп ап, енді белбеуін таппай, есік алдында сілейіп тұрғаны:

- Ой, тоба, бұл әкеңнің аузын... жер жұтты ма? Қайда кетті?

Белбеу табылмай, ауырып жатқан шешеме де маза жоқ.

- Әсбет, қарашы, менің белбеуімді. Жер жұтты деймісің, бір жерде жатқан шығар. Шешем бейшара ыңқылдап қоса іздеседі.

- Түнде шешкенде бір жерге белгілеп қоймайсың ба? Күнде-күнде бұл не? - дейді ренжіп. Қырсық белбеу соңынан қорадағы ақырдың ішінен табылады. Түнде әкем баздан онымен өгізіне салатын шөп буып әкелген. Ақырдың ішінде шөпті шешкен кезде ұмыт қалдырған.

Қыстыгүні әкем аяғына қолдан басқан добалдай пима киеді. Галошсыз. Екі аяқтағы пиманың түрі екі басқа; бірінің басы бақаның басына, екіншісінің басы бұзаудың басына ұқсайды. Ол тәрізді пимаға тұра келетін галош дүниеде әлі жасалмаған болуға керек.

Пималардың ішіне әкем құрым киізден ұлтарак салады. Осы үйде іске алғысыз ескі-құсқы шүберек қанша болса, соның бәрін шұлғау етіп оранады.

Кешқұрым ол бүйірі шұрық-тесік қаңылтыр пешке отты толтырып жағады да, күні бойы сусінді болған шомбал пималарды шешіп, жайып жатады. Ең ішкі орамына дейін су өткен сарала шұлғаулар, ұлтарактар самсап түгел жайылған кезде қайнаған қазанның буындай бу көтеріледі. Кісі қақалғандай қоңырсық жаман иіс үйдің ішіне толып кетеді. Жер төсекте пешке арқасын қыздырып тыныстап жатқан ауру шешем сол кезде үстіне от түскендей басын көтеріп алады:

- Ыдырыс, тағы да сен бе? Тұншықтырып өлтірдің ғой сығыр құдай. Қақтамай, қоя тұршы. Жатар кезде жайсаң да кебеді ғой. Тым болмаса, пешке тақамай, әрірек жай.

Түнде біздің үйге ұры кіре ме, қайдам, таңертең әлгі аталған мүліктердің бірсыпырасы жайылған орнында тағы да жоқ болып шығады. Әкем үйдің ішін копарып тағы іздеуге кіріседі.

38

АҒАЛАРЫМ

Ағаларыммен танысудың реті енді келді.

Смағұл - әкемнің інісі. Мұрт шыға бастағанына аз ғана жыл. Мен бұл кісіні тәте деймін. Шешем қазақ әйелдерінің салты бойынша атын атамайды, тергеп <<шырақ>> дейді.

Шырақ үйленбеген, бойдақ.

Смағұл әкемдей сылбыр емес, әрі пысық, әрі өнерлі адам. Қолынан өрімшілік, ұсталық, бәрі келеді. Тегі, ол не жұмысқа болса да бейім. Істеген ісін жапырып, өндіріп істейді.

Қаршадайынан байларға малай жүріп ысылған. Колхоз қайда жұмсаса барады, ерінгенді білмейді.

Аурушаң шешеме үйде бірден бір қолғабыс болатын осы кісі.

Ол әйел жұмысын да, еркек жұмысын да талғамай, бәрін істейді. Су әкеледі, отын жарады, арпа кеузеп, қол диірменмен талқан тартады.

Смағұл шешеме әрі қайын, әрі келіні есепті. Қажет болса, кір де жуады. Шешем Смағұлды жақсы көреді.

Тәтемнің мінезінің шайпаулығы бар. Ашуланса, су тамған ыстық майша шатыр ете қалады. Мен үйде тәтемнен ғана жасқанып, шын қорқамын. Ашуланса ол ұрып та жібереді. Қолы балғадай қатты. Бірге туған ағайым Сатылғанның жасы жиырмаға жаңа ілінген. Азды-көпті оқуы бар, жаңалыққа бейім интеллигентіміз. Мінезі, жұмсақ, майда жүріп, майда тұ-рады. Ешкіммен қақ-соғы болмайды. Аз уақыттан бері қарай Сатылған ауыл советте секретарь болып істейді.

Сатылған жиырма тоғызыншы жылдан бері комсомол мүшесі, қолынан газет-журнал түспейді. Күнде кешқұрым сығырайған бөтелке шамның түбінде тесіліп кітап оқып отырады.

Жиырмамыншы жылдардың ортасында осы өлкенің Қолтық дейтін жерінен төте оқу бойынша бастауыш мектеп ашылғанда, Сатылған сонда үш класс оқып бітірген. Кейін латын әрпіне көшкенде оны өздігінен меңгеріп, біліп алған.

Сатылған мінезінің сынықтығымен жұрттың бәріне жағады. Біреуден озсам деп, жағаласуды білмейді. Шамасы келсе, бой түзеп, тәуір киініп жүруге тырысады, Ағайым мені ұрмақ түгіл, дауыс көтеріп, ұрсып көрген жан емес.

Мен болсам ағайыма тартпағанмын, тез ысып, тез суимын. Ыза болсам, күйіп-жанып дызақтап кетем. Ойланбай істеп, ойланбай сөйлеп, өкінетін кездерім көп болады. Соңынан сол үшін өзімді өзім жек көріп жүрем.

Сатылғанды мен өте сүйетін едім. Ол мен үшін алдымдағы өнеге болатын. Ылғи да жақсы мінез-қылыққа тәрбиелейтін: өтірік айтпау, біреудің бірдеңесін ұрламау, жақсы оқу, темекі тартпау, т. т.

Менің білімге, адамгершілікке тәрбиелейтін түздегі ұстазым Сағатбай болғанда, үйдегі ұстазым Сатылған еді.

Сатылған Отан соғысынан оралмады.

ШЕШЕМ ЖАЙЛЫ

Әкемді алсаң, ал құдай, шешемді қой,

Шекпен тоқып берсе де өлмеймін ғой.

Халық бұл өлеңді текке шығармаған. Шешелі балада бәрі бар. Менде қазір бәрі бар.

Үйде түк болмай қалған күнде де шешем мені аштан өлтірмейді, әйтеуір бірдеңе тауып, өз аузына салмастан менің аузыма тосады.

Қыз кезінде шешем көрікті болыпты. Орта бойлы, қыр мұрын, қызыл шырайлының әдемісі болғанға ұқсайды. Ал мен ес білгелі ол науқасшаң. Ауру мен жоқшылық қоса қабаттасып құр сүлдері қалған. Отырса, тұрса, аузынан ойбайы түспейді. Соған қарамастан күні кешке қыбыр-қыбыр қимылдаумен болады. Жоқты бар етіп түгін түтетеді.

Біздің үйдегі адамдардың қай-қайсысы да шешемді сыйлайтын еді. Ол не айтса, сол болады.

Біз тату тұратын едік. Айқай-шу, жанжал болғанын білмеймін. Момын әкем шешеме дауыс көтеріп, қораздана алмайтын. Қайта, шешем оған ынжықсың деп ұрсып отырушы еді. Еркектік намысына тиіп, күйініп небір қатал сөздер айтатын. Әкем сонда да былқ етпейтін.

Мен оқуға ынталы болдым. Шешем оған қуанатын. Шұқшиып сабақ жазып отырсам:

- Менің жаным үлкейгенде өкіметші болады, - деп көтермелеп қоятын.

Оқыған, ел басқару қызметінде жүрген адамдарды ауыл қазағы <<өкіметші>> дейтін. Ал менде арман көп. Бір арманым Сағатбайға ұқсап мұғалім болу; екінші арманым дүкенші болу.

Өзге балалар секілді жас кезімде мен де тәттіге құштар едім. Кәмпит түгіл, қант қолға оңай түспейді. Дүкенде қант қабымен тұрады. Қанша жеймін десе де дүкеншінің еркі.

Мен дүкеншіні дүниедегі ең бақытты адам деп есептеймін. Ертеден кешке дейін ол аузы босамай кәмпит жеп тұрмайтынына таңырқаймын. Мен болсам, еркімше жер едім.

Дүниеде кәмпит жегеннен басқа да қызық бар деп мен ойламаймын.

Қолыма он, жиырма тиын түссе, дүкенге жүгіремін. Бірақ тиыны құрғыр біздің қолымызға лотореяның ұтысы секілді тым сирек түсетін еді.

Бір күні Сатылған ағайым маған қант алып же деп, бүтін бір сом берді. Бұрын он тиын, жиырма тиын беретін. Өмірімде тұңғыш рет қағаз ақша ұстауым осы шығар. Өлгінде ауылға арбамен көшпелі дүкен келген. Ауыл совет кеңсесінің қасында сауда жасап тұрғанын көрген едім. Жерден жеті қоян тапқандай болып, жүгіріп сол араға келейін. Арба жоқ, кетіп қалыпты.

- Өне, кетіп барады, - деді біреулер.

Қос ат жеккен жүрдек арба ауылдан шығып кеткен. Сүмбенің жолымен зымырап барады. Арбада бір қап қант бар. Қуып берейін. Жалаң аяқ, жалаң баспын. Екі өкпемді қолыма алып, ұшып келем.

Арбаны қуып жеттім. Сатушы не боп қалды дегендей аң-таң. Мен еңтігіп сөйлей де алмаймын. Тек бір сомды ұсынып:

- һант... һант, - деймін.

Дүкенші болуды армандауыма және бір себеп - бүтін, жақсы киіну үшін.

Шешеме де бастан-аяқ жаңа киімдер алып бермекпін: жаңа мәсі-калош, жаңа орамал. Батырқанның әйелінің кемзалындай жаңа барқыт кемзал, т. т. Беркенім

40

әперді деп, жарқылдап киіп жүрсін. Сүмбеден Бөпке апам келгенде мақтанып айтып отырсын. О, Бөпке апам қандай! <<Дүкеншімін деші, жаман неме. Жүр дүкеніңе, не бар, көрсет? Көйлегім тозып кетті, көйлек алып бер. Басыма кимешек алып бер. Әсбеттің мәсі-калошындай мәсі-калош алып бер. Сен дүкенші болғанда, кимеген киімді қашан кимекпін?>>.

Немене, аяймын ба? - Бөпке апамды да бастан-аяқ су жаңа киіндірем. Басқа кемпірлер оған қызғанышпен қарайтын болады. Несі бар, кисін менің арқамда. Мен үйлеріне барғанда оның жаны қала ма? Қалмайды.

МЕНИҢ ЖАУЫМ – ЖАНБОСЫН

Жиын-терін қарға араласып, әрең бітті. Астық, астық деп қарбаласқан айқай-шу басылды.

Мектептің тарс бекілген есігі қайта ашылды. Кішкентай жез қоңыраудың шыңғыр-шыңғыр еткен сүйкімді дауысы бізді талайдан бері бос қаңырап қалған

класымызға қайтадан шақырды. Аузын ашса, ғылым мен білім, неше алуан қызғылықты әңгімелер фонтанша атқылайтын Сағатбай мұғалім өзінің құтты орнына қайтадан келіп отырды. Бұл күнді менің қалай сағынып күткенімді сіз білсеңіз етті.

Мен сабақтан қалмауға тырысушы едім. Әлдебір себеппен қалып қойсам, ол күн мен үшін ең бір қайғылы күн. Сағатбай неше алуан қызғылықты жаңа әңгімелер айтты, мен оны ести алмай қалдым-ау деп, өкініп қасірет жұтам.

Жақсы оқыған баланы мұғалім де жақсы көреді. Жаман оқысаң, жаман көреді.

Батырқан ұлы Жанбосын нашар оқушы еді. Көбейту кестесін айта алмай, түйедей боп, шатып-бұтып тұрады.

- Бердібек, сен айтып жібер, - дейді мұғалім.

Мен орнымнан тұрар-тұрмастан құран оқығандай заулатам:

Екі жерде екі - төрт,

Екі жерде үш - алты,

Екі жерде төрт - сегіз,

Екі жерде бес - он.

Кідіріп-мүдірместен <<тоғыз жерде он - тоқсан>> деп, бір-ақ тоқтаймын.

- Жарайсың! - деп, мұғалім мені риза болып мақтайды. Қатарымдағы Жанбосын әлі отырмай, түрегеп тұр. Сағатбай оны көзге шұқып:

- Мынаны қара, сенен жасы да, бойы да кіші. Ал сен оның қасында өгіздейсін, ұялмайсың ба? - дейтін.

Мен мақтағанға мәз болып, Жанбосынға сенен асып кеттім бе дегендей қутың-кутың қараймын. Жай кез болса ол мені иығымен қағып, аяғымен тапап кетер еді ғой. Ал қазір өйте алмайды. Маған деген қыжылы ішінде болады.

Сабақ бітсін, үзіліске шығайық, мен сенімен сонда сөйлесем дегенді Жанбосын көзқарасымен білдіреді.

Сабақтан тыс жерде, мұғалім жоқта ол менің итімді шығарады. Ойнаған боп, басымнан тоқай алып, құлағымды созып, жерге аунатып, мойныма қар тыққыштап, істемегенді істейді. Жанбосын екеуміз сондықтан да жау едік. Ит пен

41

мысық тәріздіміз. Ол мені өле алмай жүріп, одан асқан білгіштігім үшін, тілімнің кейде оны шағып алатын қыршаңқылығы үшін жек көреді.

Жанбосынды менің жек көруім үстіндегі киімінің бүтіндігі үшін. Аяғындағы менде жоқ бұжыр табан әдемі бәтеңкесі үшін.

Балалар мектепке қалталарына әр түрлі тамақ салып әкеліп, үзіліс кезінде малжандап жеп жүретін әдет бар. Көп жұрт қуырған бидай әкеледі. Қалталарына бұрқыратып талқан салып әкеліп, үзіліске шыққанда ауыздарына уыстап құйып жүретіндер бар.

Жанбосынның алып келетіні - аппақ нан. Үзіліс кезінде анадай көрнеңкі оқшау жерде тұрып, әдейі біздің көзімізді қызықтырып, баппен шайнап жей бастайды. Біз оған көңіл аудармаған боламыз. Қарамауға тырысамыз. Бірақ қарамау қайда. Көзі құрғыр еріксіз бұрылшақтап, түсіп кете береді. Ауызға бір кездерде жеген ақ нандардың дәмі келіп, сілекейіміз шұбырады.

Біздің бұл халімізді қаскөй Жанбосын өте жақсы біледі. Осыдан соң онымен қалай жау болмассың?

Мен Батырқанның баласы болып тумағаныма өкінетін едім. Батырқанның баласы болып тусам ғой - әдемі киім киіп, ақ нан жеймін. Әлгінде Жанбосын жеген ақ нан сабақта отырғанда да көзіме елестеумен болды. Тапа-тапа ақ нандар менің түсіме де кіреді. Апам есік алдында көң жағып, көмбеге нан пісіріп жатады. Маған жей ғой деп, үлкен етіп үзіп береді. Мен қауғаңдап жеп жатам. Ояна кетсем, түсім. Ішім удай боп ашып кетеді. Көзімді тез қайта жұмып, әлгіндегі ақ нандарды қайтадан іздеймін.

Бірақ, амал қанша, ақ нандар сол жоғалғаннан ғайып боп жоғалады. Аузымда дәмі, ойымда сырқыраған өкініші ғана қалады.

Ересек жігіттер не істесе, Жанбосын бәрін істейді. Мұғалімнен жасырып шылым шегеді. Әкесінің папиросынан ұрлап алатын болуға керек. Түтінді аузынан сақинаша дөңгелетіп, лек-лек етіп шығарып, бізді таңқалдырады.

Бір күні ол:

- Мен түтінді құлағымнан да шығара алам, - деді.

- Шығаршы.

- Ол үшін біреуің аузымды қолдарыңмен басып тұрыңдар.

- Мен басайын, - дедім.

Жанбосын түтінді ішіне толтыра сорып алды. Мен алақаныммен оның аузын бастым. Екі көзім құлағында. Құлақтың тесігінен түтіннің сыздықтап шыға бастағанын көргенше асықпын.

Сеніп тұрмын.

Кенет қолымның сырты тыз ете қалды. <<Ойбай!>>

Балалар ду күлісіп жатыр. Сөйтсем, Жанбосын алдаған екен. Қолымның сыртына темекінің шоғын басып алыпты. Қолымның терісі кәдімгідей қызарып, қолдырап күйіп қалды.

Әлгіндей сасық қулыққа Жанбосын шебер болатын.

42

ҚОСТӨБЕГЕ ҚЫС КЕЛДІ

Қостөбеге қыс келді.

Таулы аймақта ауа райы құбылмалы. Текес бойының қысы бірде қатаң, бірде жұмсақ. Қар кейде қалың түседі, кейде жұқа түседі. Үскірік суық бола қалса, онша ұзаққа созылмайды. Төрт-бес күн қысып-қысып алады да, ашуы тез тарқап, маужыраған қалыбына келеді.

Онсыз да дабыр-дұбыры, ойын-күлкісі аз бір шөкім бәкене ауыл қыстыгүні жансыз денедей боп, сұлық жатып қалады. Көшеде бейсауат жүрген адам қарасы сирек байқалады. Қалың қар тұмшалаған үйлер, қора-жайлар сырт көзге бұрынғыдан бетер мыжырайып, шөгіп кетеді.

Жұрт отқа тоғайдан көк тал әкеп жағады. Көлігі барлар атқа, өгізге теңдеп әкеледі. Көлігі жоқтар жаяу арқалап жүргені. Таудай қарағай алып келуге шама жоқ. Отынды жаяу арқалап әкелетіндер - әйел, бала-шағалар. Қарттар, жігіттер бұны намыс көреді.

Өмір бойы көшпенді тіршілік құрған халық кірпіштей отынға үнемді, жылуды жақсы сақтайтын пеш салуды да біле қоймайды. Отты бөлменің қақ ортасына орнатылған темір пешке жағады.

Қаңылтыр пеш от лаулап жанған кезде бірден ысиды. От сөнгенде, бірден суиды. Жылу сақтамайды. Үйдегі бар жылуды бекітері жоқ қаңылтыр труба лезде сорып әкетеді.

Көк тал пыш-пыш етіп жөнді жанбайды. Үрлей-үрлей өнешің құрғап, көзіңнен жас шығады.

Мұндағы жұрт тас көмірді әлі көрмеген де.

Отынды ертеңді-кеш тек тамақ дайындау үшін жағады. Міне, сол кезде әр үйдің есігінің алдында шотпен, балтамен тоңқаң-тоңқаң етіп тал бұтап жатқан адамдар.

Ауылда қанша үй болса, сонша түтін шұбалып көкке көтеріледі. Алыстағы жолаушы осы арада ел мекені бар екенін тек соған қарап біледі.

Қыстыгүні тіршілік өте-мөте көңілсіз: жұрт ерте жатады, кеш тұрады. Электрді білмейді, жермайды үнемдеп жағады. Кітап оқымайды, радио тыңдамайды, кино көрмейді, газет-журнал жаздырып алмайды.

Қазақ тойшыл, сауықшыл халық. Оған қазір жағдай жоқ.

Той болады, өте сирек болады. Және бұрынғы той емес.

Отыз үйлік Қостөбеде тіршіліктің тынысы қыстыгүні де бәсеңдемейтін, ішінен еңбек дүрсілі, адам күлкісі үзілмейтін бір үй бар. Ол - ұста дүкені. Өкембай ұстаның балғасының шың-шың соғылған даусы ауылдың бас-аяғына түгел естіледі.

Суықтан қорынып, үйлерінен шыға алмай отырған жұртқа: зеріккендер, мұнда келіндер! Әңгіме-дүкен құрып, бірінмен-бірін әзілдесіп, көңіл көтеріңдер дегендей болады. Мұнда маздап жанған от бар. Біреуден біреу сұрап алып тартатын ащы көк темекі бар.

Өкембай балғасының шақыруын қабыл алушылар табылады. Қолы бос, зерігіп отырған жігіттер шылымдарын бұрқ-бұрқ сорып, аяқтарын керенау басып, дүкенге қарай келе жатады. Ұста дүкені ауылдың дәл ортасында. Есігінің алдында ашық аспанның астында тот басып, шашылып жатқан, кейі бүтін, кейі сынған неше алуан соқа-сайман, арбалар. Бүкіл қыс бойына Өкембай оларды жамап-жасқап, жөндеумен болады. Колхоз басшылары әр бес күнде көктемгі егіс науқанына қызу дайындалып жатқандары жайлы ауданға есеп беріп отырады.

43

Өкембай ұста ғана емес, осы елдің он қолдан өнер тамған зергері. Колхоз жұмысының ара-арасында сыр-сыпаты қазіргі тіршіліктен басқашалау нәзік жұмыстармен де шұғылданады. Қыздарға, келіншектерге сырға, білезік, жүзік, сөлкебай соғады. Сылқым бозбала, белсенділерге сабына араб әрпімен аттарын жазып, сәндеп бәкі жасап береді.

Өкембайға бәкі жасап берші деп, жалынып жүретіндер көп.

Бұл адамның дене бітімі қол тоқпақтай ғана. Әрі көсе, әрі кемиек. Үп-үшкіл қисық иегіне бір-біріне шатыса жабысып қалған төрт-бес тал қылды сақал деп атау қиын.

Өкембайдың аяғы қамыт аяқ, қолдары ұзын. Біз қос қолдап әрең көтеретін ауыр балғаны ол әлгі шағын денемен-ақ бір қолмен қамшыдай үйіреді. Жуандығы білектей сом темірлерді жалғыз қолдап соққанда, қамырша илейді.

Өкембай еңбекқор және еңбек үстінде өте көңілді жүрегін адам. Түтін мен темір иісі бұрқыраған тар дүкенде балғасын шық-шық соға жүріп, ылғи да ыңырсып өлең айтумен болады. Өлеңді ол жанынан шығарып, өзі қиыстырып айтады. Идеялық тұрғыдан мығым. Көсемдерді, партия мен мемлекет басшыларын мадақтап жыр етеді. Егер тағдыр жоғары оқу орнының филология факультетін бітіруге жазса, ол баяғыда-ақ тәп-тәуір газет ақыны болып кететін адам.

Оқымаған себепті ақынның санын көбейтпей, ауыл ұстасының санын көбейтіп жүр.

Өкембай Қостөбедегі азын-аулақ партия мүшесінің бірі. Қатардағы еңбекшінің үлгілі өкілі ретінде әрқашан санға ілініп, аты аталып жүреді. Оны-мұны комиссия құрылса, Өкембай ішінде. Екпінді колхозшылардың жиыны, слеті болса, міндетті түрде Өкембай барады.

Мейрам сайын трибунадан бір адам колхозшылар атынан құттықтау сөз сөйлейді, ол - Өкембай. Жиылыс болса, Өкембай екі қолын тонының шелектей жуан жеңдеріне тығып алып, есінеп президиумда отырады.

Жиылыс демекші, сол кезде жұрт жиылыстан бас ала алмаушы еді. Ауылға сан алуан өкіл келеді: аупарткомның, ауаткомның, аудандық жер бөлімінің, комсомолдың өкілі. Әйелдер бөлімінің, оқу бөлімінің, денсаулықтың, осовиахимның, құдайсыздар ұйымының өкілі...

Өкіл соңынан өкіл. Өкіл кепті дегенше, жиылыс кепті дей бер. Бригадир үй-үйді кезіп, хабарлаумен болады:

- Ау, жиналысқа жүріңдер! Жиналыс бар! Ауданнан өкіл кепті. Баяндама болады. Тез жүріңдер!

Пәлен сағатта басталады деген сөз қолданылмайды. Ол тұрмысқа сіңбеген.

Мал-пұлдарын жайғап, жұрт кешкі тамақтарын ішіп жиналғанша, түннің бір уақыты болады. Тар кеңсенің ішіндегі аз ғана орындық келген жұртқа түгел жетпейді. Үлкендердің көбі малдас құрып жерге отырады. Алдымен жиналғандар соңғылар жиналғанша қорылдап ұйқыға басады.

Май шамның ала көлеңке жарығымен бір кезде жиналыс басталады. Басында қазандай түлкі тымағы бар Жәкібай председатель:

- Әй, көтер бастарыңды! Уәлібай! Сатыбай! Немене, сендер мұнда ұйықтағалы келіп пе едіңдер? Қылжымай тұрып отырыңдар! - деп, ұйықтап қалғандарды әуелі оятып алады. Күн ара жиналыс ашып жүрсе де өзіне өзі сенбей абдырай беретін сауатсыз председатель қасындағы өкілсіз қия баса алмайды.

44

- Приздум сайлаймыз ба? - деп, ақыл сұрайды.

- Сайлау керек.

Президиумға сайланатын адамдар белгілі: ауданнан келген өкіл, Жәкібай өзі, ауыл совет Батырқан. Жалпы колхозшылардың атынан Өкембай. Әйел колхозшылардың атынан екпінді әйел. Етекбай келіні Мария.

Кейде:

- Комсомолдан бір адам сайлау керек! - деген ұсыныс түседі. Қарсы болмайды. Жүнісбай сайланады. Иә, бізбен бірге оқитын Көпекбай ұлы Жүнісбай.

Ол ауылда болып жататын жиналыстардың бір де біреуін құр жібермейді.

Жарыс сөзде сөйлемей және қалмайды. Жүнісбай сөз алған кезде сезіктілер кипақтап жандары мұрындарының үшін келіп отырады.

Өзін нағыз большевикпін деп есептейтін Жүнісбай ешкімнің бет-жүзіне қарамайды. Әкесі болса да тас-талқан етіп сынайды.

Жиналыс кейде таңға дейін созылады. Қыстыгүні халықтың қолы бос кезде ештеңе емес, жазда жұрт жұмыспен қарбаласып жатқанда өткізілетін өнімсіз мылжың жиналыстардан өткен жексұрын еш нәрсе жоқ. Адамдарды шаршаған үстіне шаршатады.

Жиналыс болса, тым құрса, бір үйден бір адам қатысу керек деген жазылмаған заң бар. Бұл заң кейде күлкілі жайға апарып соғады. Айталық, әйелдер жиналысы болғалы жатыр. Шал мен кемпір. Кемпірі науқас. Енді ол жиналысқа амалсыздан шалы барып қатысады.

Өкембай колхоздың ұстасы ғана емес, бүкіл халықтың ұстасы. Біреуге бәкі, біреуге пышак, біреуге қысқаш, біреуге таға, біреуге шот жасап береді. Есікке топса, құлып салатын ілгешек істеп береді. Жұрт тозған шелек, шылапшынын Өкембайға түптетеді. Қаңылтыр пеш, керней жасатады. Қостөбеде Өкембайға ісі түспейтін адам жоқ, онсыз елдің күні жоқ.

Бала саны Өкембайда баршылық. Салақтау Шолпан дейтін ақкөңіл әйелі бар. Өрбір жыл жарымда құндақталған бір баланы Өкембайға мә, тағы да мұрагерлі болдың деп, ұстатады да отырады.

Қарт шешесі бар, семьясы үлкен.

Тұңғышы Алтын дейтін қыз, менімен бірге оқиды. Пысық.

Өкембай кісі көңілін қалдырғанды білмейді. Жұрттың өтінгенін қалай да істеп береді. Жеңіл-желпі жұмысқа атап ақы сұрамайды.

Ақыны басқа жолмен алады.

Қаншалық кедей үйдің де қазаны бүлк-бүлк қайнайтын көңілді бір күні болады ғой. Қайдан білетінін Өкембай біле қояды. Қазан түсер кезде салаң етіп жетіп келеді. Төрге шығып, отырып алады.

Ірілеу жұмыс істесе, Өкембай ақыны атап сұрайды. Бір пұт арпа немесе бір қап тауық жем, яки болмаса бір табақ ұн бересің дейді. Ақша айтылмайды. Ақшаға жұрттың бәрі зәру.

Ақы алдын ала төленсе, Өкембай көңілденіп істейді.

Жұмыс үстінде Өкембай әндетіп ыңырсып отырады да, басы жоқ, аяғы жоқ бір сөзді қойып қалады:

- Шіркін, Мәскеуді бір көрсе! - дейді.

45

АРАМ СОРПА

Ауылдың тап іргесінен шекаралық застава орнаған. Қысқа қарай заставаға отын кесіп жағатын жұмысшы қажет болады. Менің әкем мен Смағұл тәтем колхоз жұмысынан мойындары босаған соң жанбағысқа себі тиер дейді де, енді осыған жалданады.

Таудай қосақтап сүйреп әкелінген жуандығы түйенің беліндей нән қарағайлар. Заставаның бет алдындағы тақыр алаңда әкем мен тәтем сол қарағайларды күні бойы арамен кертіп турады. Сосын шойын балтамен жаңқалап жарып текшелеп жинаумен болады.

Бұл үшін оларға ешқандай да ақы төленбесе керек. Өйткені еңбек ақы алдық деп, үйге тиын-тебен ұстап келіп жүргендерін көрген емеспін.

Ақының орнына солдаттың тамағынан ішеді, кейде үйге де әкеледі.

Біздің үй заставаға жақын шеткі үйлердің біреуі. Бір күні Смағұл тәтем шелекпен буы бұрқыраған ыстық бірдеңе әкеле жатыр. Далада ойнап жүрген мен алдынан жүгіріп шықтым:

- Тәте, бұл не?

- Сорпа.

Үңіліп қарасам, бетінде кесек-кесек майы қалқып жүр. Сорпаның бұрын сезініп көрмеген әдемі ғажап иісі мұрын жарады.

- Ура! Тәтем застаптан бір шелек сорпа әкеле жатыр! - деп, үйге атой салып кірдім.

Төсегінде қисайып жатқан шешем басын әнтек көтеріп алды. Үйге тәтем де кірген еді.

Сорпаның бұрқыраған тамаша иісі лезде үйдің ішін алып кетті.

- Шырақ-ау, бұның не? - деді шешем үріккен жүзбен.

- Сорпа, жеңеше.

- Тарт әрі! Шошқаның сорпасы шығар. Аулақ әкет! Тәтем ақталып жатыр:

- Шошқанікі емес, жеңеше, Побыр өзі айтты. Кеше өгіз сойған, өгіздің сорпасы.

- Жо-жо, әкет! Көрсетпе!

Тәтем сорпаны ауыз үйге алып шықты. Әкем де келді. Сатылған үйде жоқ болатын. Бұны енді не істейміз деп, ақылдаса бастады.

- Побыр өтірік айтпайтын шығар? - дейді әкем.

- Кеше өгіз сойды ғой, - дейді тәтем. Төгіп тастауға көз қимайды.

Шошқа арам, шошқа лас, шошқа андай, шошқа мындай деген сөз кішкене күннен әбден сіңген. Шешем әлгінде шошқаның сорпасы шығар дегенде менің де денем дір ете қалған. Бастапқыдай емес, енді шелекке сескеніңкіреп қараймын. Ынтығым басылып, десім қайтыңқырап қалған. Дегенмен әкем, тәтем ішер болса, көппен көрген ұлы той деп, тәуекелге басуға дайын тұрмын. Тәтем қасық алып, сорпаны араластырып, тексере бастады. Ішінде капуста, картоп жүр. Енді ойлап отырсам, борщ екен. Бір кезде үлкен жалпақ қабырғаның басы шыға келді.

- Міне, өгіздің қабырғасы, - деп, тәтем қуанып қалды.

- Өгіздікі. Шошқанікі мұндай болмайды, жіңішке болады.

Шешем сонда да безілдеп жолатпады.

- Өгіздікі түгіл, ненікі болса да менен аулақ, өздерің ішіндер!

Шешемнің ойы белгілі еді. Заставада шошқа да, өгіз де сойылып жатады. Тамақ бір қазанда жасалады. Шошқа еті пісірілген қазаннан дәм тату - қарамның өзін жегенмен пара-пар. Яғни ауыр күнә.

Біз, шешемнен басқаларымыз, мұсылмандықтың әлгіндей қатаң жолын сақтай алмадық. Ораза, намаз тоқтықта дегендей майлы сорпаны қарынға салып алуды мақұл көрдік. Қара су, қара талқанмен бүйіріміз қабысып, жұтап жүрген жандармыз. Мынадай ғажап асты құр бекер төгіп тастағанымыз қылмыс емес пе? Төр үйдің есігін жауып қойып, үшеуіміз сорпаны ішіп отырмыз. Неше түрлі иісті шөптер қосып, баптап пісірген астың дәмі қандай? Алғашында көңілдегі сескеніш тарқамай, үркектеп ұрттасақ та, біртін-біртін таңдайға жағып, тілімізді суырып барады. Танаудан кірген әдемі иіс бүкіл денеге жайлады.

Жақсы тамақ қалғанша, жаман қарын жарылсын дедік те, сорпаны түгел қотарып ішіп алдық.

Заставадан тамақ тасып әкелудің басы осылай басталған еді.

Сорпа ғана емес, кейде ботқа, кесек-кесек бөлке нандар әкеледі. Нан мен ботқаға сезік жоқ, одан шешем де жейді. Ал сорпа болса, ол баяғыша жоламайды. Олжа тамақтың үстіне кейде көршілер келіп қалады. Қайдан шыққан тамақ деп, тергеп алады. Бірге отырып, ішіп-жейді де, былай шыға беріп, өсек етеді. <<Қалыптары құрсын. Застаптан орыстың арам сорпасын әкеп ішіп, жан сақтап отыр. Бүйтіп көрген күні құрсын>>, - дейді.

Ағайынның іштарлығы қалмайды.

Бұл өсек радио хабарынан да тез тарайды.

Жауласып жүрген балалар мен сыртқа шыққанда шошқа етін жеген кәпір деп, енді мені ыза қылатын болды. Біреуінен біреуі іліп алып, шу-шу етеді. Арамсың, сенімен ойнамаймыз, арамнан аулақ жүріндер деп қашады.

Мен ыза болам.

МЕНИҢ ҒАЖАП ПИМАЛАРЫМ

Бала аштыққа да, жалаңаштыққа да төзеді. Ал бірақ ойнамай төзе алмайды. Ойын оған өмір тауқыметінің бәрін ұмыттырады.

Бала ішегін сүйретіп ойнайды деген рас сөз.

Қыстыгүні сабақтан тыс уақытта сіз Қостөбенің бар баласын Текестің бойынан, сырғанақтың басынан табасыз. Текес қыста қатып қалады. Жұрт суды ойықтан алады.

Қар жаумаған кезде мұз айнадай жап-жалтыр болып жатады. Беті толған бала. Болат коньки, шаңғы ол кезде таптырмайды. Қайқы бас базар коньки тек Жанбосында бар. Басқалардың аяқтарында табанына сымтемір қағып, Қолдан жасаған ағаш коньки. Жанбосын жұлдыздай ағып зымырағанда, біз бортаңдап ілесе алмай қаламыз. Жанбосын сәйгүлік ат мініп, біз өгіз мініп жүргендейміз. Осы артықшылығын Жанбосын әбден пайдаланады. Ағызып келіп, арамызды жарып өтеді, қағып-соғып жығып кетеді. <<Сиырымыз>> омақасып, тырайып құлап жатқанымыз. Тұра қуып, өш алуға жете алмаймыз. Мықтағанда келістіріп бір боктаймыз.

47

Конькиі жоқтар Текестің тік жарқабағын сырғанақ етіп алады. Содан шанасы барлар шанамен, шанасы жоқтар астарына сиырдың жапасын қойын сырғанайды. Шаналы жұрт аз. Баласына құнттап шана жасап беретін өнерлі ата-ана ауылда сирек ұшырайды.

Ауылда сиырдың кез келген жерге тастап кете беретін жапасынан арзан не бар. Қыстыгүні ол жапалар тоң болып қатып жатады. Шанасы жоқтарға шана болады. Текестің суына бір матырып алсаң, тіптен лазым. Аязға аз ғана қойып қойсаң, сырты одан бетер тоңазып, көкпеңбек көк жалтыр мұз болып шыға келеді. Шананың ең жүйрігі дайын, отыр да сырғанай бер.

Мұз жолақтың басынан жібергенінде, жолдағыларды басып озып, құйындатып алып жөнеледі. Шана тәрізді жолдан не олай, не бұлай қиялап шығып кетуді білмейді. Жалтыр мұздың нағыз ойықтау ортасымен зымырайды.

Жапа - шанада бір ғана айып бар - орнықты емес. Тай мінгендей бұлтылдап астыңда тұрмайды. Сәл қисайсаң, бұлт етіп, жығып кетеді. Сосын етекке құйрықпен немесе жамбаспен сырғанап жетесің.

Осыдан соң киімде тамтық қала ма?

Қай баланы көрсең де құйрығын қасқыр тартып кеткендей жамау құйрық. Жыртықтан жылт-жылт еткен жалаңаш еттері көрініп жүреді. Сырғанақты ол сонда да қоймайды.

Күнде кешқұрым шешең байғұс сығырайған бөтелке шамның жарығымен шалбардың пәре-пәре болған құйрығын, тізесін бырк-бырк ұрсып жамап отырады:

- Сырғанақта басың қалғыр, жүгермек. Кеше ғана қандай етіп жамап бердім. Бір күн болмай, қарашы, тағы да жалбыратып әкелуін. Ендігәрі сенің жар басына жақын барғаныңды көрейін. Мойның үзілгір, мойныңды үзіп жібермесем неғылсын!

Қамқор ананың күйінуден айтып жатқан домбытпасы. Оны өзі де, сен де жақсы білесің. Сырғанаққа ертең мойным үзіледі екен деп қорықпай, тағы барасың. Барғаныңды шешең де көреді. Бірақ ол әлгі айтқан антында тұрмайды-сенің қылдырықтай нәзік мойныңды бір бұрап, үзіп жібермейді.

Құйрық жалбырап тағы жыртылады. Көнбіс ана бырк-бырк ұрса отырып тағы жамайды. Өмір осылай өте береді.

Жалаңаш болуға төзесің. Ал бірақ ойнамай төзе алмайсың.

Өзге киімнің нашарлығы түк емес, аяқ киімнің нашар болса, қыстыгүні адамның қорысың.

Мүгедексің.

Мен бір ескі жаман бәтеңке киіп жүруші едім. Сырғанақтың көмегімен бір күні біреуінің ұлтаны қақырап түсті де қалды. Қабыршағын жарып шыққан балапанға ұқсап ар жағынан кір-кір аяғым көрініп тұрды. Бір аяғымды өкшелеп басып үйге келдім.

Жарақат бәтеңкені әкем төңкеріп олай қарады, былай қарады. Емдеудің еш ретін таба алмады. Жамап-жасқаудың неше түрін ол бұған дейін бастан кешіп үлгерген. Біз шаншатын сау жері қалмаған. Ғұмырың біткен екен деді де, әкем әлгі бәтеңкелерді қораның арт жағындағы күресінге лақтырып тастады.

Мен енді жалаң аяқпын. Ертең оқуға қалай барам?

48

- Осыған дұрысырақ бір аяқ киім қамдап беріңдер деп, күз түскелі қақсап келем. Өне, енді оқуынан қалатын болды, - деп, шешем әкем мен ағаларымды жазғыра бастады.

Қамсыз әкем тап осылай болар деп, күндердің күнінде мені жалаң аяқ қалар деп ойламаған. Қиын болды ғой деп, желкесін қасып біраз тұрды. Төңірегіне қарағыштап, басы артық бейсауат жатқан аяқ киім іздестіре бастады. Басы артық

аяқ киім біздің үйге қайдан келеді? Босағада шешемнің өкшесіне жамау түскен, үшкіл бас азия калошы жатқан. Әкем соны көрді:

- Әсбет, қашан аяқ киім табылғанша оқуға сенің калошыңды киіп барып келіп жүрсе қалай болады?

Әкемнің ойлап тапқаны осы еді.

- Ой, жазған. Онымен қалай барады? Аяғына қар құйылмай ма?

Амал жоқ, әкем маған аяқ киім іздеуге кірісті.

Өзіміздің үйден түк таба алмай, көршілерге кеткен еді. Бір кезде қонышынан басқа түгі қалмаған ескі екі жаман сұр пима алып келе жатыр. Құдай біледі, әлде-кімнің лақтырып тастаған пималары.

Әрі маған шақ емес, үлкен пималар.

Қораның сорайып шыққан бел ағашына ұрғыштап шаңын қағып жатыр. Шаң түтінше бұрқ-бұрқ етеді. Ұра берсе, таусылмай, шыға беретін тәрізді. Түк таппаған әкем енді маған осы пималарды табандап бермек болды.

Немен табандайды? Жай құрым киізбен табандаса, түк болмайды. Екі-үш күнде тесіліп шыға келеді.

- Ей, Смаш, застап жаққа барып келші. Солдаттың ескі пималарының қонышы табылмас па екен? - деп, әкем інісін жұмсады.

Смағұл заставаға кеткен еді. Бір кезде автомобильдің жарты балонын көтеріп әкеле жатыр.

- Бұл табан бола ма?

- Мен болғызамын. Болғанда ең мықты табан болады.

Тәтем айтқанын істейтін адам. Балонды ол кескілеуге кірісті. Мен бұдан қандай табан шықпақ деп, қызықтап қарап тұрмын. Пышақ жүрмейтін ғажап мықты зат болады екен. Қарағайдың үстіне салып балталап, одан соң ұстаға апарып, атауызға тістетіп, күшпен пәре-пәресін шығарды, ұлтанға лайықтап кесіп алғандарының қалыңдығы төрт елі, ап-ауыр.

Тәтем пималарды осымен табандауға кірісті. Пышақ түгіл, біз зорға тесіп өтеді. Біз өткен тесіктен тарамыс өтпей әлек қылады. Не керек, тәтем қажырлылығының арқасында бір күн, бір түн тапжылмай отырып, пималарды табандап бітті-ау әйтеуір.

Ал енді киіп көрейін. Өзі менің бойыма лайықсыз үлкен пималар, табан деген әлгідей шомбал бірдене. Табан емес, зілдей тас байлап қойғандай.

Адымдай жүріп көрейін.

Бір аяғым бір аяғыма шалынысып, жүре алмай жығылып қала жаздадым. Құдай біледі, әр пиманың салмағы бір пұт келер. Оның үстіне шомбал табандар жүрген кезде илікпейді.

Менің зәрем ұшып кетті. Қалай жүрем бұнымен? Көшеге қалай шығам? Мектепке қалай барам? Менің мына түрімді көрген балалар цирктің дарақшысын көргендей мазақтамай ма?

49

- Кимеймін! Бұның киім болғанының әкесінің аузын... - деп, отыра қалып, жексұрын пималарды бірінен соң бірін есік жаққа аттым.

Пималар жығылмай, табанына қорғасын құйған сақаша дік-дік етіп тікесінен түседі.

Менің тулауым онша ұзаққа созылмады. Жоққа жүйрік жете ме? Бұл пималарды кимегенде, не кимекпін? Оқуға қалай бармақпын?

Түн. Дала қараңғы. Жұрт аяғы басылған кез. Жексұрын пималарды аяғыма шұлғау орап, киіп алып, сыртқа шықтым. Антұрған шұлғау шақ келмейді. Табылғанның бәрін орадым. Табаныма ұлтарақ салдым. Қараңғыда олай-бұлай жүріп байқамақпын. Ертең мектепке осымен баруға бола ма, болмай ма? Солай, күн бұрын жаттығып алмақшымын.

Пималар ауыр болғанымен, іші ып-ыстық. Осыған дейін жұқалтаң бәтеңкемен тоңып жүрген аяқтарымды қыз-қыз қайнатып қуантады. Ал бірақ жүруге тым қолапайсыз-ақ. Әрі үлкен, әрі ауыр, тіземді бүгіп, отырайын десем, отыра алмаймын. Қиқиған қатқыл қоныштар тақымымды тіреп қалады.

Жаман бәтеңкелермен терең қарды кеше алмай тек жолмен жүруге тырысатынымын. Ал мына <<автомобиль>> пимаға жолды-жолсыз бәрібір. Тек қонышынан қар асып кетпесе болғаны. Ал қоныштан асатын қар бұл өлкеде жаумайды.

Бұл пималардың жақсы жағы мен жаман жақтары тең еді.

Бұл түнгі ұйқым шала болды. Оянып алып, ертең жексұрын пималарды мектепке қалай киіп барамын деп, қайғырғанды білем. Жоқ әлде бармасам ба екен?

Оқудан қалу және қасірет.

Өзге балалар мен үшін ештеңе емес. Мазақтар да қояр, басылар. Өте-мөте Майраға қалай көрінем деп, қасірет шегем. Басқалардың күлгенін елемеспін. Ал Майра күлсе ше?

Таңертең әдеттегіден ерте ояндым. Тамағымды апыл-ғұпыл ішіп, мектепке басқа балалардан ерте жөнелдім. Ешкімнің көзіне түспей, ешкімнің мазағына шалынбай, жалғыз келе жатырмын.

Класқа кірдім де, құйрығым партаға жабысып қалған адамша тапжылмай отырып алдым.

Біреуден, екеуден басқа балалар да келіп жатыр. Мен болсам қыбыр етпеймін. Аяқтарымды партаның астына жасыра түсемін.

Әдетте класқа қоңырау соғылмай кірмейтін ойын құмардың бірі едім. Сабақтан тыс уақытта байлап қоймаса бүйтіп отырмайтынмын. Құданың құдіретімен енді міне ол мінезімнен өзгере қалғанмын.

Ұшқалақ болу да, отырған орнынан тапжылмас шойын құйрық болу да оп-оңай екен.

Қоңырау соғылды, балалар класқа түгел кіріп отырды. Сабақ басталды. Менің күткенім де міне осы еді.

Қасымдағы Көпекбайұлы Қожақанды шынтағына түртіп, қаратып алдым. <<О не>> деген түрмен Қожақан бетіме қарады. Мен сәл жымыып күлдім де, партаның ас-тындағы аяқтарымды бері таман әкеп, нұсқап көрсеттім.

Қожақан көрді де, бағжаң ете қалды. Сонымен тынды. Сабақ беріп тұрған мұғалімнен қорынып, басқа ештеңе айта алмады.

50

Осылай боларын мен білген едім. Ойлағанымның дәл өзі болды. Сұмдық пималарымды енді біртіндеп басқа балаларға да көрсете бастадым.

Бәрінің әсері бірдей: көздері бағжаң ете қалады. Сабақты бұзып, айқай сап, мені мазақтай алмайды.

Үзіліске шыққанда мазақтар, күлер. Бірақ тосын көріп, таңырқап шуласқандай болмайды енді.

Бұл ақыл менің басыма түнде ұйықтай алмай жатқанда келген еді.

- Мәссаған! Мынаған қараңдар! Мынаның пимасына қараңдар! Әкесінің пимасын киіп алған ба, ей?! Ой-ой, табанын қара! Немен табандаған, ей! Көтерші. Мәссаған, автомобильдің дөңгелегі! Әй, сен мұны қалай көтеріп жүрсің? Қане, жүріп көрші! Ой-ой! Ізін қара, құдды машинаның ізі!

Бұны айтып жатқан менің ата жауым Жанбосын. Әлгінде сабақтың үстінде отырып, пимамды оған да көрсеткенмін. Көзін бағжитып, аузын қусыра созып,

таңырқап қарап қалғаннан өзге ол онда ештеңе дей алмаған. Кесір неме үзіліске шығуды күткен екен.

Мен қашанғы тапжылмай отыра берейін. Мазақтайтын иттер тезірек мазақтап тынса екен. Киімімнің нашарлығынан мазаққа көкпар болуым менің осы ғана ма? Өлмеспін, бұдан да тірі қалармын.

Сыртқа шығар-шықпастан-ақ балалар мені қоршап алған.

- Бұған енді тақаның да қажеті жоқ, - дейді біреулер.

- Жүріп көрші, қалай жүрер екенсің? - дейді екіншілер.

- Жүре аласың ба? - дейді үшіншілер. Жанбосын сөзбен тәлкектеп қоймайды.

Пимамды аяғымен теуіп, жүгір деп, қолымнан жетелеп, осы тұста мені басынып-ақ жатыр.

Тоқтай тұр, бәлем, Жанбосын. Өш алатын кез әлі-ақ келер, <<Автомобиль>> пиманы мен сол жылы қыстап киіп шықтым. Біраз күннен кейін өзіне үйреніп кеттім. Үлкендігі де, ауырлығы да байқалмайды. Кәдімгі дағдылы аяқ киім тәрізді онша елемейтін болдым.

Бұл пимамен сырғанақ та тебем, ләңгі де ойнаймын. Тек тосын көрген біреулер:

- Өй, мынаның пимасы өзінен де үлкен ғой! Қалай көтеріп жүрсің?! - деп, таңырқаса, аяқ киімімнің бойыма шақ емес екені есіме сонда ғана түседі.

БІР ТАБАҚ ҰН, БІР ТАБАҚ АРПА

Көктем басы. Жуанның созылатын, жіңішкенің үзілетін нағыз көкөзек қиын кезі. Қай үйге барсаң да шықпа, жаным, шықпа деп әрең жан бағып отыр.

Әкем мен Смағұл тәтем бұл кезде заставада жұмыс істемейді. Солдаттар отынды өздері кесіп-жаратын болған.

Әкем мен тәтем күндіз қырман қағып келеді. Бір табақ, жарым табақтай дән әкеледі. Өткен жылдан қар астында қалып, бөртіп бүлінген дән. Ауру шешем оны қуырып, талқан, көже жасайды.

Таңертең сабаққа барар кезде шешем маған бір кружка сұйқылтым арпа көже ысытып береді. Күні бойғы қорегім сол ғана. Мектептен қайтқанда аштықтан көзім қарауытып, бұралып, үйге зорға жетем.

51

Осы күнгі балаларша:

- Апа, қарным ашты, тамақ бер, - деп, есіктен дабыра салып кірмеймін. Ол сөздің әрі пайдасыз, әрі артық екенін білем. Кітап салған шүберек сумкамды терезенің алдына үнсіз қоямын да, шапанын үстіне айқара жамылып, төсекте бүк түсіп жатқан ауру шешеме мәлие қарап тұрам.

Шешем бұл келген мен екенімді көрмей-ақ біледі. Басын бұрып қарамастан, ыңырсыған нашар дауыспен пәлен жерде бір уыс қуырған бидай, немесе бір уыс талқан тұрғанын айтып, соны жей ғой дейді.

Бір күні оқудан тағы да ішім ішіме қабысып, әрең келдім. Ауырып жатқан шешеме өлімсірей қарадым. Шешем үнсіз. Пәлен жерде мен үшін сақталып қойылған бір уыс бидай бар екенін айтпады. Үйде ауызға салар түк қалмағанын бірден білдім.

Бұл бірінші кездесіп отырған жағдай емес.

Бұндайда мен сол үнсіз-түнсіз қалпымда сыртқа шығып кетем. Өз жанымды өзім бағудың қарекетін ойластырам. Колхоз председателі Жәкібайдың немесе тамағы бар басқа біреудің үйін торуылдап келем. Батырқан үйіне жоламаймын. Онда Майра бар. Аштан өліп кетсем де Майраның көзіне үй торыған сорлы боп көрінбекші емеспін.

Менің сағалайтыным көбінесе Жәкібай үйі.

Жәкібайдың менен үш-төрт жас кіші Тілеу дейтін әрі ерке, әрі сотанақтау баласы бар. Әке-шешенің алақанға салып отырған жалғызы.

Председательдің баласы болғандықтан Тілеу аш болу дегеннің не екенін онша біле қоймайды. Қолына добалдай етіп нан ұстап, жеп жүреді. Құрдан құр берші дегенге ол нанынан бере салмайды, әрине.

Мен асық бояуға, сақаны тесіп, қорғасын құюға, ләңгі жасауға шебер едім. Осы үшін де Тілеудің ісі түсіп, жалыншақтап жүретін. Тілеу, асық боямаймыз ба? Немесе, сақаға қорғасын құймаймыз ба деп, оның көңілін тауып, қуанта келем. Бұл тәрізді жұмыстарды үйінің артында оңашада істейміз. Қолында наны болса, енді Тілеу аямайды, маған сұратпай-ақ мә деп, жарымын үзіп береді. Үйден тағы да нан әкелуге кетеді. Қолым қимылдаған кезде аузым қоса қимылдауын менің жақсы көретінімді ол біледі.

Председательдің үйінде де шашылып жатқан есепсіз нан жоқ. Тілеу нанды шешесінен өзім жеймін деп, сұрап алады. Оның нанды үйде жемей, далаға тұра жүгіруінен сезіктенген шешесі артынан кейде қуа шығып, үйдің артында бұғыншақтап тұрған мені көріп қояды.

- Оңбаған, нанды кімге тасып жүрсің?! А!

Мен қолдан әр қилы ойыншықтар жасайтын едім. Тігін машинаның жібі оралатын кәдімгі титімдей жұмыр ағаштың екеуін дөңгелек етіп, ағаштан өзі жүретін трактор жасаймын. Артқы дөңгелектің қуысына резинка өткізем де, резинканың бір ұшын түйіп, қуысқа нығыздап бекітем. Екінші ұшына титімдей таяқша ағаш байлаймын. Дөңгелекті трактормен қоса ұстап тұрып, әлгі ағашты саусақпен айналдырсаң, резинка ширатылып қоса айналады. Жерге қоя салсаң, тракторды жортақтатып қуып әкетеді. Резинканың ширағаны тарқағанда, бір-ақ тоқтайды.

Артқы дөңгелектер пышақпен кертіліп, кәдімгі трактордың дөңгелегіндей ирек-ирек тіс жасалған. Түгін шығаратын мұржа, баранка орнатылған. Алдында бұрап,

52

от алдыратын теміріне дейін бар. Қысқасы, сол кездегі дөңгелек ХТЗ тракторынан аумайды.

Базар ойыншықты білмейтін қараңғы ауылда менің өздігінен жортақтап қозғалатын осы тракторымды көріп, балалар түгіл, үлкендер таң қалатын. Бастарын шайқап, мынаның пәлесін қара дейтін. Тілеуге мен осындай трактор жасап берсем, о, онда ол маған үстіндегі көйлегін шешіп беруге даяр.

Көк талдан иіп, садақты әдемі жасаймын. Жебесінің ұшына қаңылтыр қаптаймын. Дән ұшырған жерге торғай қаптап отырады. Дәл ортасын көздеп, атып қалсам біреуіне қалай да тиеді. Оқ тиген торғай тыпырлап ұша алмай жатады...

Қыста ағаш конькиді де балалардың көбінен әдемі етіп жасаушы едім.

Бұның бәрі сөз арасында айтылып жатқан жайлар. Менің айтайын дегенім басқа. Сөйтіп сол күні мектептен қарным аш қасқырша ұлып, үйге әрең келдім. Шешем жатыр, төсегінде, үндемейді. Пәлен жерде пәлендей тамақ бар, алып жей ғой демейді. Үйде ауызға салар түк жоқ екенін бірден білдім.

Қазақ бұны нырай қалдық дейді. Яғни, ауадан басқа жейтін түк жоқ деген сез.

Өз күнімді өзім көрмек болып сыртқа шығып бара жатыр едім, шешем тоқта деді. Тоқтадым. Шешем ойбайына сүйеніп басын көтерді. Тамақ жасайтын адамша беті-қолын жуды. Бір жаққа қонаққа баратындай әбдірадан таза жаулығын алып киді.

Мен тосып, қарап тұрмын. Біздің үйде үлкендігі кітап бетіндей бір қалың айна бар. Шешем сол айнаны бипаздап тұрып сүртті де, шүберекке орап, қолтығына

қысты. Сосын мені қолымнан жетелей үйден шықты. Ауыл совет председателі Батырқанның үйіне қарай келе жатыр. Маған бәрі де түсінікті болды.

Бармаймын деп айтуға дәрменсізбін. Майрадан ұялып эзер келе жатырмын, Батырқанның әйелі есігінің алдында қазанға бауырсақ қуырып жатқанын біз анадайдан көрдік. Майра үйден жайпақ табакпен туралған қамыр тасып жүр. Шешем амандаса келіп, тізе бүкті. Ошақтағы отты сырып жағыса бастады. Мен тікемнен тік тұрмын. Екі көзім қазандағы қуырылып жатқан бауырсақта. Шымыр-шымыр қайнаған ыстық майға Батырқанның әйелі туралған қамырды тастап келіп жібереді. Ыстық май шыж ете қалады да, көпіршіп тулағандай болады. Әлгіндегі көкшіл шикі қамыр лезде қызара ісініп, торсифан қып-қызыл бауырсаққа айналады. Даяр бауырсақты кепсермен тегешке сүзіп алады.

Піскен бауырсақ осы кезде орта тегеш болған.

Бауырсаққа қараған сайын менің сілекейім шұбырады. Майы шып-шып шыққан қызыл жон томпақ бауырсақтар ауызға түсуге тіленіп-ақ жатқандай. Шіркін, ауызды қарыған ыстық күйде алып жер ме еді!

Жас бауырсақтың бұрқыраған иісі қандай!

Бауырсақ қуырылып бітті. Батырқанның әйелі біздің үйге кіруімізді қаламай сол араға бір тостаған алдырды да, бір уыс бауырсақ салып, шешемнің алдына қойды. Шешем одан бір тал ғана ауыз тиді де, басқасын қотарып менің қалтама салып берді. Сосын манадан қолтығына қысып отырған айнаның орауын жазды.

- Мына айнаны Майраң бетін көріп жүрсін деп, әдейі әкелдім. Үйде бір түйір дән қалмады. Бір кішкене ұн бер, балама күлше пісіріп берейін, - деді шешем.

Майра бұл сөздің бәрін де естіп тұрды.

53

Мен білген едім осылай боларын. Келгім келмегені сондықтан еді. Көрмегенім қара жер, эзер тұрмын. Телміріп қайыр сұрағаннан біздің бұл халіміздің несі артық?

Ұсынған айнаны Батырқанның әйелі алды. Бір табақ ұн, бір табақ арпа салып берді. Біз үйге қайттық.

Кітап бетіндей қалың айна біздің үйдегі бірден бір іске татыр мүлкіміз еді. Біз одан солай айырылдык.

Әкем осы айнаға қарап мұрт басып, сақал қыратын. Шешем күніне бір рет осы айнамен ауру жүдеткен жүзін көретін еді. Екі бетінің ұшындағы сөніп, бітіп бара

жатқан тіршілік нұры азайған сайын көңілі бір түрлі жабырқау тартып қалатын. Сол айна енді жоқ.

<<ЗДРӘСТИ, НӘШЕНДІК!>>

Көктемгі егіс. Қарбалас. Соқа айдау, тұқым себу. Тағы да атам, шабам, қырам деп, дік-дік еткен Сарманов өкіл.

Ат арық, жер қатты. Көлік жетіспегендіктен соқаға буаз бие, сиыр жегіледі. Тағы да таңқасқа. Тағы да мектеп жабылып қалған. Біз, ер балалар, соқаның атына мінеміз. Соқаның атына міну тұлықтастың атына мінуден өткен азап. Бір соқаға төрт ат жегіледі. Көтерем арық аттар. Таңқасқадан түнге дейін тыным болмайды. Тепең-тепең тебініп шаршағанның көкесі осында.

Ата-бабасынан бері қарай шүйгін жер, таза ауаны қуалап кешіп жүріп күнелткен қазекен іші ала көлеңке сыз тамға жазы-қысы қамалып шыдамайды. Күн жылып, жер қарайысымен кеңістікке шығуды арман етеді. Отырықшылық тұрмысты еңселерін басқан қапастай көреді. Оған бейімделгісі, көнгісі келмейді.

Бұл араның халқы бұрынғы кезде қыс кетіп, жаз оралатын құс тәрізді болған. Жаз болса қотарылып, Сырт пен Шәлкөденің көкжасыл жайлауына көшетін, сонда ауыл-ауыл боп, малдары мыңғырып, қасірет пен қайғыны тек құдайдан күтіп отыратын. Қыста Тек ес бойын, таудың күнге жақ сай-саласын қыстайтын.

Қазір артель боп біріккенмен сол әдет бірден үзіліп қалмайды. Халықтың желпініп жайлауға шыққысы келеді. Оған бірақ артынып-тартынып көшуге жарайтын мал жоқ.

Жайлау бұл күнде поселіктің дәл қасы болған. Киікбай мен Найза ауылының екі арасы көңілді көгал жазық. Сыз тамнан жалыққан халық қазір осында көкке шығып қонған. Кйіз үйі барлар киіз үй, киіз үйі жоқтар қалқиған алты аяқ, жаппа тігіп алған. Көң-қоқырға белшеден батқан поселіктей емес, бұл ара қанша айтқанмен көңілді. Қыстай темір пештің көк түтінін жұтып, бүріскен ел тыныстары кеңіп, жетісіп қалған.

Көң-қоқыр поселікте қалғанмен аштық қалмаған. Ол елдің түп етегінен алып, осында бірге келген. Таза ауаға шыққан соң адамдардың тамақ тілейтін араны одан бетер ашыла түскен.

Жортуыл десе көздері жайнап, арқалары қозып, сілкініп шыға келетін көкжал жігіттері Беснайзада көп болған. Боқшабай, Жантай деген адамдар міне

54

осындайлар. Елге аты шыққан батырлар, өмірде қауіп-қатер болатынын елеп көрмегендер.

Боқшабай да, Жантай да бұл кезде тұғырынан тайып қартайып қалған. Колхозда жұмыс істеуге жарамайды. Елге өте сыйлы, бетті адамдар болғандықтан, оларды мазалауға кім көрінгеннің батылы жете бермейді. Өзгеге дік-дік етіп, қамшы үйіруге дайын тұратын белсенділер Жантай, Боқшабайдың үйін алыстан айналып өтеді.

Жантай сұңғақ бойлы, еңкіш. Кішірек қыр мұрынды, сұрша көсе кісі. Бір жамбасынан ақсап басады. Шекара қатаймаған кезде бұл өлкеде шекарашыларға көмектесетін коммунистік отрядтар құрылған. Жантай сонда қызмет еткен. Совет өкіметі үшін басын оққа байлап, бандамен талай шайқасты бастан кешкен. Талай ерлік қимылдар жасаған. Жантайдың ақсақтығы - сол шайқастардан тапқаны - мықын сүйегіне бандының оғы тиген.

Боқшабай құдыс жонды, бурыл сақалды, еңгезердей зор адам. Алпамса денесі селкілдеп, күрк-күрк жөтеліп отырады. Онысы бұрыннан бар көкжөтел. Боқшабайдың қолының үлкендігі ағаш күректің басындай, әр саусағының жуандығы кетпеннің сабындай. Біздің ауылдағы ең зор адам осы еді.

Баяғы жортуыл заманның кезінде жұрт Боқшабайдан сұрайды екен:

- Бәке, сіз осы ұрлыққа қалай қорықпай барасыз? Күрк-күрк жөтеліңізбен барған ауылыңызды оятып, өзіңізді өзіңіз ұстап бересіз ғой? - дейді екен, Боқшабайдың жауабы:

- Е, жөтелетін мен ғана ма, һөһ-һөһ! Мен секілді көксау малда да болады. Қойлы ауылға барғанда, һөһ, һөһ, қойша; сиырлы ауылға барғанда сиырша жөтелем, һөһ, һөһ!

Боқшабайдың бұнысы шын сөз екенін жортуылға онымен бірге қатысқан адамдар рас дейді. Қай малдың болса да даусына салып жөтелісі ғажап дейді.

Бір рет Бәкең қалмаққа ұрлыққа барады. Түн. Көзге түртсе көргісіз қараңғы. Қалмақтың үйінің тап іргесіндегі ірі қара қамалған қораға кіреді. Иттер сезіп, шәуілдеп үре бастайды. Қалмақтар оянып, сыртқа атып-атып шығады. Қорадағы малды тексеріп қарайды.

Боқшабай бұл кезде қатар шөккен екі түйенің арасына жата қалған екен. Жөтелі құрғыр шыдатсын ба. Өңешін жыбырлатып, тіреліп кеп қалады. Дәл қасында

қалмақтар жүр. Көксау Боқшабай түйе боп жөтеле бастайды. Қалмақтар ештеңе сезбейді.

Қалмақтар үйлеріне қайта кіріп кеткен кезде әлгіндегі <<көкжөтел түйе>> қасындағы басқа екі түйені бұйдасынан жетелеп тайып отырады.

Халық күн көрістен тарыққан осы кезде Жантақ мен Боқшабай сол баяғы лас кәсіптерін қайтадан естеріне алады.

Бірақ, қашса құтылып, қуса жеткізетін бұрынғыдай жарамды жүйрік ат жоқ қолдарында, ұрлық жасауға сол ғана бөгет.

Бір көлік бар, ол Боқшабайдың есік пен төрдей жалдас күрең аты. Жұрт оны жамбас күрең деп атайды. Жамбас күрең Боқшабайдың сыралғы кәрі жолдасы. Талай жортуылды ол екеуі бастан бірге кешкен, талай қауіп-қатерден бірін-бірі аман алып шыққан. Күреңнің жамбасына қалмақтың оғы тиіп, содан ол артқы аяғының біреуін сылтып басатын болған. Жамбас күрең атануы, міне, осыдан.

55

Жамбас күрең қазір иесі тәрізді ол-дағы кәрі. Бұдан жасырақ, әрі күйлі кезінде оның ақсақтығы онша көп білінбейтін. Біраз жүріп, еті қыза бастағанда мүлдем сау ат болып кететін. Оқ тиіп, жазылғаннан кейін де Бәкең оны сау аттан артық көріп, оған сау көліктен артық сенім білдіріп, жортуылға талай мініп барады. Соның бір де біреуінде күрең ат Боқшабайдың көңілін қалдырмайды.

Ел ішінде Боқшабай туралы аңыз көп болса, күрең ат туралы одан да көп.

Иесі жортуылға шықпақ боп, жинала бастағаннан-ақ күрең ат біледі дейді. Ерттеп жатқан кезде бір түрлі көңілді оқыранып, ауыздықты қаршылдатып шайнап, сілкініп, неге де болса мен дайын дегендей қалып білдіреді. Біраз күн сапар шекпей қалса, бойына ас батпайтын Бәкеңнің құдды өзі тәрізді. Көзге түртсе көргісіз қараңғыда жыныс тоғайдың арасымен қоянжым соқпақ жолды өзі тауып өтеді. Бір де бір бұтаны сыбдыр еткізіп, дыбыс шығарғанды білмейді. Аяғын тышқан аңдыған мысықша басады.

Алдына түскен малға иесі емес, күрең ат ие дейді білетіндер. Қос құлағын жымқыртып, тістелеп, ауылға қарай қуалап айдап алады. Қашаған түгіл, онан бетер безеген мал болса да күрең ат құтқармайды.

Қауіп төнген жағдайда Боқшабай жат деп белгі берсе, күрең ат жата қалады екен. Тұр дегенде, атып тұрады. Мылтықтың оқыс атылуынан, сойылдасудан, айқай-шудан үркіп-қорқуды білмейді.

Жортуылға шыққанда Боқшабай өзінен гөрі күрең атқа көбірек сенеді екен.

Қартаюмен қатар күрең ат бұл кезде оқта-текте колхоз жұмысына да жегіліп қалып, сансырап, мәңгүрт бола бастаған. Рас, биылғы көктем шыққалы Боқшабай оны жұмысқа берген жоқ. Өзім қарт адаммын, бұт артар жалғыз көлігімді бере алмаймын десе керек. Боқшабайды ауылда кім де болса сыйлайды, оған күш көрсете алмайды.

Сөйтсем, күрең атты қолға алып, Бәкеннің күтімдей бастауында мән бар екен...

Күнде кешқұрым ол жамбас күреңді белдеуге көлденеңдей байлап қойып, ерттеп жатқанын көруші едім. Екі кештің арасында қайда барады? Мал қайырады, өрістен қайтқан малдың алдынан шығады дейтін заман емес. Содан арада бес-он минут уақыт өткенде, бөркі қазандай, өзі шөккен нардай болып, ол аяңшыл күреңнің үстінде елсіз қырқа жаққа қарай соқтырып кетіп бара жатады. Үстіндегі түйе жүн шекпеннің екі шалғайын тізесінің астына өте бір ұқыптылықпен жымқырып алған. Қолында атан өгізді сауырдан бір салып жатқызатын тобылғы сапты өрмелі әйдік, дырау қамшы.

Жартастың шоқысындай болып Боқшабай атқа тікесінен тік отырушы еді. Күреңнің жарақат санын ауыртып алмайын дегендей қамшыны сипап қамшыланып, басын жан-жағына бұрып та қарамастан, кетіп бара жатады. Беталған жағы елсіз түз адырлы қырқа. Өзінің бір құлқынын тығындау жолында кең даланы қажымай, талмай кезетін азуы алты қарыс түз тағысы бар емес пе? Боқшабай алыстай түскен сайын соған ұқсайды.

Боқшабай туысқандық жағынан бізбен аталас. Оның сырын менің әке-ағаларым тәуір біліңкіреді. Олар өзара күбірлесіп:

- Өне, көрдің бе, Боқшабай қалмаққа аттануға ат жаратып, өзін өзі жаттықтырып жүр, - дейді. Шынында да бұл солай екен. Күрең ат қалайсың? Бірлі-жарым сапарға жарайтын, бойыңда бірдемең қалды ма? Өзім қалаймын, жараймын ба деп, Боқшабай өзін де, атын да сынап жүргені екен.

56

- Ыдырыс, Смағұл, тұр, тұрындар! Арқан, пышақ алып шығындар! Бол, болындар! Батырбай түбегіндегі жаман тамға тез келе қойындар!

Осы қарбалас дауыс бір күні біздің үйдің адамдарын дүр еткізіп оятты.

Мен де оянып кеттім. Әлі түн, үй іші қараңғы. Әкем, ағаларым қарбаласып киініп жатыр. Ауылдың шет жағынан шұрқырап кісінеген жылқы дауыстары естіледі. Әкем мен ағаларым жіп-шу, пышақ, қап алып құдайдан сәт тілеп жөнелісті.

Қараша жаман үйдің ішінде шешем екеуміз ғана қалдық. Не болғанын мен-дағы бірден білдім, жас ет жеп тойынатын болдым-ау деген қуанышты ойдан ұйқым шайдай ашылып кетті.

- Апа, қалмақтан жылқы айдап келді ме?

- Тысс... Үндеме. Жат.

Жерге жарық түспей әкем мен ағаларым қайтып келді. Үсті-бастары қан сасиды, қапқа салып көтерген ауыр нәрселері бар. Киіз үйдің ішкі босағасына гүрс еткізіп тастай бергенде-ақ қаптың ішінде не зат екені білініп қалды. Ол ет еді.

Жылқы етінің иісі қандай, шіркін. Үйдің ішін бір дегеннен алып кетті.

Шешем де, мен де ұшып-ұшып түрегелдік. Сойған жылқының терісін төр алдына жайып жіберіп, әкем мен тәтем әкелген еттерін дереу боршалауға кірісті. Таңға дейін жымжылас етіп жайғап алмақ та, түк көрмегендей болып тыныш отырмақ. Есік түсірулі. Мен етшілерге бөтелке шамды жарық етіп ұстап тұрмын.

Қызыл десе қазекенде ес қалмайды. Әсіресе қазіргідей аш кезде. Әкем мен тәтем еттің екі жағынан жүрелей отырып, жеңдерін сыбанып алып кіріскен. Білек түгел қан-қан. Алдарындағы еттен өзге дүниені екеуі бірдей ұмытқан. Олардың осы түрлері өздеріне жемтік тауып алып кенелген даланың аш бөрілеріне көбірек ұқсайтын еді. Смағұл мал союға шебер қазақтың бірі. Бір қойды бір шылым шеккендей уақытта жайғап тастайды. Сылбыр әкемдей емес, оның қимылы ерекше ширақ, қолындағы пышаққа көз ілеспейді. Мүйіз сап кішкене қара кездік сүйектің жықпыл-жықпылын өзі іздеп тауып алады.

Тамақсау әкем ет қашан пісіп, аузына түскенше шыдай алмайтын тәрізді. Қазының сап-сары майынан білемдеп кесіп алады да, бисмилла деп, шикідей шайнамай-толғамай қылғып жібереді. <<Мә, асап қой>> деп, маған да кесіп береді.

Жып-жылы жұмсақ майды шикідей қалай асарымды білмей ұстап тұрамын.

- Жеп қой. Жылқының майы шикілік етпейді, - дейді әкем.

Қазының майын шикідей асап жатқан қазақтарды мен бұрын да көргем. Мен де қазақпын. Солардан кем болғым келмейді. Қолымдағы майды өзімді өзім күштеп, батылданып, қылғып қоямын. Уылжыған жұмсақ май тамағымнан жылып ете

қалады. Шикі дәмі өңешімде ұнамсыздау болып тұрып қалады да, біразға дейін кетпейді. Бірақ оның есесіне бойымды жадыратып тоқтық сезім жүгіреді.

Ауылдағы барлық үйде де бүгін осы хал - елді бір-ақ түнде аспаннан ақ май жауып, басқан да қалған. Тәңірінің құдіретімен болған уақиға емес, Жантақ мен Боқшабайдың арқасы еді. Екі көкжал қарындары қабысқан аштыққа ақыры шыдамаған. Тәуекел деп, баяғыда талай жортқан іздерімен аттанған. Сапар сәтті боп, бір үйір жылқы айдап келген. Батырбай түбегіндегі жаман тамдарға қамап, әлгінің бірін қалдырмастан қан-жоса етіп сойған да, нені жұтарға білмей отырған елге: - Кедейдің бір тойғаны - шала байығаны. Мә, жеңдер! - деп таратып берген.

57

Ертесі. Таңертеңгілік кез. Текестің жарқабағына итіне қонған аз ауыл бүгін сырт көзге әдеттен тыс тым-тырыс. Аспан жарқырап - күн маужырап тұрса да үйлердің бәрі дерлік есіктерін түсіріп, түндіктерін қымтап жауып алған. Сыртта бейсауат жүрген адам қарасы байқалмайды. Әркім өз үйінде, өзінің қуысында. Жұрт бүгін әлденеден бой тасалап, өздерінің құрым үйлеріне кіріп-кіріп алған.

Байқағыш көз ауылда бұдан басқа да өзгерістер бар екенін және байқар еді. Барлық үйдің дерлік шаңырағынан бүгін көк түтін тым ерте будақтайды. Шыжғырылған күйік майдың ашқылтым иісі, асылған жылқы етінің жас иісі түтінмен араласып, жел айдап алысқа тарайды. Ауылдың ық жағымен өтіп бара жатқан жолаушы болса, танауын әлсін-әлсін тыжырып, мына ауыл бүгін түгелдей май сасиды ғой деп, алақтап қарап өтер еді.

Ауылда иесі белгісіз бұралқы иттен көп нәрсе жоқ. Қарындары қабысып, таңертеңнен тышқан аулап, қаңғып жөнелетін сол аш иттер бүгін үй маңын торуылдап шықпайды. Ет пен майдың иісін күндік жерден сезінетін хайуандар босағаны иіскелеп, қыңсылап жан таппайды. Үйден оқыс шыға келген адам болса, дәметіп тұра жүгіреді. Анадайға бірдеңені лақтырып жіберсе, сүйек шығар деп ойлап, соңынан қоса жөнеледі. Әр үйге таңға жуық дағар-дағар болып кірген мол олжа еттен ит түгіл әлі адамдар да сұғынып ауыз тие қойған кез емес.

Мынау, міне, біздің үй. Ауылдағы аяқ астынан береке дарып, май сасыған көп үйдің біреуі. Қақ ортада үш бұтты темір ошаққа асылған қара қазанда шымыр-шымыр қайнап, ет пісіп жатыр. Біз, барлығымыз, қақпағы жартылай ашық қазанды қоршап алып, ет қашан піседі, тісімізге қашан тиеді деп, телміріп тосып

отырмыз. Пісе бастаған еттің иісі шикі еттен мүлдем бөлек, танаудан кіріп, қытықтап, бүкіл асқазанды аралап өткендей болады. Жас малдың еті пісе бастағанда сорпадан жоны шығып, өсіп үлкейе береді, Қазанға енді сыймауға айналады. Қазының сап-сары майы піскендіктен әр жерінен іріп жарыла бастайды.

Өзің жеуге арналған, барлық бабымен шымырлап қайнап пісіп жатқан тамаққа тоқмейілсіп қарап отыру да бір ғанибет-ау.

Әкем өзіне ермек етіп, онсыз да өткір пышағын одан бетер өткірлеп қайрап отыр. Оқта-текте түкірігін жұтынып, қазанға көз салып қарап қояды. Түкірігін жұтынса, өңешіндегі томпақшасы жоғарылы-төмен бір жүгіріп өтеді.

Аурушаң шешем бұл кезде шермиген екіқабат. Айы-күні тақап қалған. Отырған орнынан әрең қозғалады. Қазанның астындағы отты еңкейіп сырып қоюға шамасы әрең келеді. Сорпаның көбігін алып, тұзын көріп, аспазшылық істеуші тәтем Смағұл.

Құдай қойса, тағы біраз шымырлап қайнаған соң қазандағы ет піседі. Тәтем оны жайпақ табаққа буын бұрқыратып түсіреді. Ортамызға әкеліп қояды. Әкем ұстарадай қылпыған өткір пышағымен жапырақтап турай бастайды.

Айтпақшы, турамас бұрын ол әрқайсымызға бір-бірден сүйек шығарып береді. Ет туралып болғанша біз сол сүйекті рақаттанып мүжimiz. Бүгінгідей молшылық күні ол сүйектер ит қажағандай тап-тақыр болып келмейді. Асап-асап жеуге жарайтын мол етімен келеді.

Қарғыс атқыр аштық, сенің көзіңе енді құм құйылады. Қазан астындағы от біртіндеп сөніп барады. Тәтем мені сырттан азырақ тезек алып келуге жұмсады.

58

Киіз есікті желпең еткізіп ашып сыртқа шықтым. Шықтым да, екі көзім бағжиып тұрып қалдым.

Сол жақта, біздің үйді қоса есептегенде, үшінші үй Сәрсекбек дейтіннің үйі. Сол үйдің есігінің алдында солдаттың қос ат жегілген қорапты көк арбасы тұр. Үйге кіріп-шығып жүрген шекарашылар. Мүше-мүше ет алып, арба қорабына лақтырып тастап жатыр.

Және бір үйдің алдында осы сурет.

- Әскер тінтіп жүр! - деп, еңтігіп, үйге қайта қайтып кірдім.

Үйдегілердің төбелерінен жай түскендей болды. Үрейлері ұшып кетті. Құрым үйде не көп, жыртқық көп. Сәрсебек үйі жақтағы жыртқықтардың бір-біреуіне жабыса қалып, әкем де, шешем де, тәтем де сыртта не болып жатқанын өз көздерімен көрді. <<Енді қайттік десіп біреуіне біреуі бағжия қарасты>>.

Өршенің іші тола самсатып жайған ет. Қазан толы ет және пісіп жатыр. Не істеу керек? Қайда тығу керек?

Пысық тәтем бір ақыл таба қойды. Өршенің ішіндегі көп еттің мәнді-мәндісін алып, босағаға жердің тура өзіне жайып тастай-тастай салды. Оның үстіне бірнеше қабат құрым киіз төседі. Құрым киіздің үстіне көрпе жайып, әрі екіқабат, әрі ауру шешемді ыңырантып жатқызып қойды. Жер төсекте бұрыннан ауырып жатқан адам болды да шықты.

Солдаттың сықырлаған көк арбасы біздің үйге қарап қозғалды.

- Келе жатыр!

Шешем жаны қиналған адам боп, дөңбекшіп бебеулей бастады. Басқалар ауруды күткен жандар боп, бірі оның аузына кесемен су тосып, бірі тамырын ұстап, қоршалап төне-төне қалысты. Осындай әбігер халдің үстіне үйге екі-үш шекарашы кіріп келді. Ауырып қиналудан емес, астымдағы етті солдат тауып алып, тағы да аш қалар ма екенбіз деп уайымдап қиналудан шешем, шынында да керемет күйзеліп жатыр. Тер дегенің алты тарам болып ағып, тынысы тарылғанның белгісі тәрізденіп танаулары желп-желп етеді. Шекарашының бірі заставаның бастығы еді. Әкем мен тәтем қыс бойы оның қол астында жұмыс істеген, жақсы таниды. Оны көріп, ағайынды екеуі бірден жамырап амандасты.

- Здрэсти, нәшәндік! <<Нәшәндік>> те таныды:

- О, Аманбаевы! Вы здесь живете?

Әкем мен тәтемнің орысша сөздік қоры <<здрэстимен>> басталып, <<здрэстимен>> бітеді. Нәшәндіктің не айтқанын олар түгел ұққан жоқ. Бұлар енді аудармашы қазақ солдат арқылы сөйлесе бастады.

Әлі де бебеулеп жатқан шешемді нұсқап, <<Нәшәндік>>:

- Мына кісі неғып жатыр, ауру ма? - деді.

- Ауру. Ана мынадай қарын көрдіңіз бе, толғатып жатыр.

- Ауданға ауруханаға алып бару керек қой?,

- Оған, нәшәндік, көлік жоқ. Колхоз арба бермейді. <<Нәшәндік>> енді келген жұмысының жайына тіке көшті:

- Ет бар ма, Аманбаевтар?
- А? Ет... бар.
- Көрсет....

59

Тәтем өзі де көрсеткісі келіп, дайын тұр екен. Өршені ашып келіп жіберді. Керегенің бойымен ұзын етіп байланған сырық ағашта әлгінде самсап тұрған көп еттің әредік жұғын-жұрнағы, сүйек-саяғы ғана қалған.

- Осы-ақ па?
- Осы, нәшендік.
- Басқа тағы қайда бар?
- Басқа жоқ, нәшендік.
- Ұрлыққа сендер де бардыңдар ма?
- Жоқ, нәшендік, біздікі барған жоқ.
- Енді кімдер барды?
- Білмейді, нәшендік, біздікі көрген жоқ.

<<Нәшендіктің>> бұйрығымен екі солдат үйдің ішін тінтіп қараған болды. Төсектің астынан шығғыруға дайындап турап қойған бір тегеш ішмай тауып алды. Қазанның қақпағы бұл кезде жабулы. Мынау не деп, ашып қалғанда бір қазан пісіп тұрған етті көрді. Нәшендік ожау алып, араластырып қарай бастады:

- Аманбаевтар, осынша бір қазан етті бір-ақ жейсіңдер ме?
- Иә, нәшендік, бір-ақ жемегенде... Тінтушілер шешемді мазалаған жоқ.

Өршенің ішіндегі ет, бір тегеш ішмай, қазандағы піскен ет - бәрін әкетті. Бір солдат қазанды сыртқа көтеріп шықты да, сорпасын сар еткізіп төгіп, етті арба қорабындағы шикі еттердің үстіне қотара салды. Қазір жейміз деп жалақтап, сұғымызды қадап отырған бір қазан еттен ауыз тие алмай қалдық.

Тінтушілер ауылдың бар үйін осылайша сүзіп шықты. Күн бұрын бірнеше солдатты сырттан бақылатып қойған. Бір үйден бір үйге қатыстырмайды, ешкімді ешқайда шығармайды. Көзге көрінген ет болса түгел алса керек. Түнде ғана сойылған былбыраған жас етке екі көк арба лықа толған. Әскердің жуан бақай аттары шіреніп зорға тартып барады.

Боқшабай, Жантақ бастатқан бір топ еркекті арбаның соңынан шұбалтып айдап алған. Іштерінде Ыдырыс, Смағұл да бар.

Шекарашылар бұл жолы мейірбандық жасады. Қамалғандардың бәрін-ақ ертесінде босатып жіберді. Тек әрқайсысынан енді ұрлық жасамауға қолқат алып қалыпты.

ЖЫЛАУЫҚ ТҰРДЫБЕК

Шешем босанып, ұл тапты. Сәбидің аты Тұрдыбек деп қойылды. Шешемнің бұған дейінгі бірнеше баласы тұрақтамаған. Мынау енді тұрақты, өмірлі болсын деп, аты әдейі солай қойылған.

Босанған әйелге бесаспап күтім қажет. Ондай күтім жоқ. Баладан соң шешем бұрынғысынан бетер сансырап, жүдеген үстіне жүдеп кетті. Саудыраған құр ғана сүйегі қалды. Бас көтеріп, қалқиып отыра да алмайды, күндіз-түні төсек тартып жатқанды біледі. Жаялығы сап-сары ала, тырбаң-тырбаң еткен Тұрдыбек қойнында. Ол жыламас үшін шешем салпиған құр шандыр мамасын оның аузына салып қояды. Титімдей аузымен Тұрдыбек бүлк-бүлк еткізіп сорғанды біледі. Қабысқан құр шандырда сүт бола ма? Сүт шықпағаннан кейін қу бала еңбегі еш

60

кеткендей тыпырлап кеп жылайды. Қағып жұбатқанға жұбанбайды. Шешем мамасын оның аузына зорлап тығады. Тұрдыбек жұбанбайды, тамыры жоқ шандырдан басын алып қашып, шыр-шыр етеді. Безілдеп жылаған кезде көздерін тарс жұмып, екі беті көкпеңбек болып кетеді. Безілдемей қайтсін, кішкентай қарны қабысып бос жатады.

Шешем шай қасықпен Тұрдыбектің аузына қайнап суыған су тамызады. Тұрдыбек әуелгіде сүт екен деп ойлап, тамсанып жұта бастайды. Сосын сүт емес екенін біледі, шыр-шырға тағы басады. Аузына тамызған суды жұтпай, езуінен шығарып, тағы төгіп тастайды. Жұбанар болмайды. Сендер мені алдайсыңдар дегендей даусы одан бетер ащы шығып, өршелене жылап, өзі ауру шешемнің есін алып бітеді.

Ауру шешем күйзеліп ашуланады. Бауырындағы сәбиді аямай сілкіп-сілкіп қалып, құйрығына шапалақпен тартып та жібереді. Тұрдыбек одан бетер безілдейді. Шешем оны жер-жебіріне жете қарғап жатады.

- Мына жағың қарысқырға сонша не көрінді! Зарлап қал, зарлап қалғыр! Өл! Миымды тесіп, құртатын болдың ғой! Ажалымнан үш күн бұрын өлтіретін

болдың ғой! О, құдай! Құлағы керек, көр құдай! Соқыр құдай! Не жазығым бәр еді мұншалық! Алатын болсаң, ит азапқа салмай, неге алмайсың!

Құдайдың керек екені де, соқырекені де рас болуы керек. Шешемнің зарлап айтқан қарғысын ол естімейді, көзінің алты тарам боп ағатын жасын көрмейді. Естісе, көрсе, мүмкін, бір рақымшылық жасар еді.

Шырылдауы шегіне жеткен Тұрдыбек бір кезде сілесі қатып, үні өшіп, жылай да алмай қалады. Екі беті көгеріп, сазарып әлдекім буындырып жатқандай халге түседі. Енді оны аямасқа мүмкін емес. Шешем мені сауыны бар үйлердің біреуіне сүт сұратып жібереді. О, жалған! Біреуден бір нәрсе сұрап телміруден өткен жаман не бар екен! Жігерім құм болып, амалсыз бара жатамын. Қолымдағы сүт сұрауға арналған ыдысымды көрсетпей, тығып алам.

Қылмысы бар адамша үйге қорыншақтап әзер кірем. Босағамен босаға боп, жабысып тұрып қалам. Үй иесінің қас-қабағын бағам. Не үшін келгенімді олар да біле қояды. Сонда да:

- Неге келдің? - деп сұрайды.

- Апам кішкене сүт берсін дейді Тұрдыбекке...

Осы сөзді айтқанда жарты жасым құрып кеткендей болады. Үнімді тамағымнан күшпен сығып шығарамын. Кей үй бір-екі қасық сүт береді, кейі жоқ деп бермейді.

Сұрап әкелінген бір қасық сүтке сол шамалы қайнаған су қосылады. Молайтылады. Аузына шай қасықпен тамызған кезде Тұрдыбек енді сүттің дәмін бірден сезінеді, обырланып, тамсанып жұта бастайды. Тіршілік, өмір үшін қу сәби осылай күреседі.

МЕНИҢ САЛАҚ ЖЕҢГЕМ

Мен біреуіне біреуі ұқсамайтын неше түрлі жеңгелерді бастан кештім.

61

Шешемнің науқасы күннен-күнге асқына берді. Ары қарамаса, бері қарамайтын болды. Басын да жөндеп көтере алмайды. Тамақты тәтем жасайды, ыдыс-аяқты тәтем жуады. Тіпті арпаға дейін Смағұл тәтем қуырады. Қуырылған арпаны мен келі сұрап әкеліп, кеузеймін. Келі түюге әбден-ақ жаттығып алғам. Алақанымды түкіріктеп, құлашымды кең жазып соққанда, келінің түбін түсіре жаздаймын.

Кеузелген дәнді тәтем ұшырады.

Талқанды қол диірменмен тартамыз. Бұл азап жұмыс. Ап-ауыр шомбал тасты айналдыруға менің шамам әрең келеді. Жіңішке білектерім салдырап талып кетеді.

Тартылған талқанды елеп, майдасын бір бөлек, сағын бір бөлек аламыз. Сатылған мен Ыдырыс даяр тамақты жегенді ғана біледі. Біреуі үй тіршілігіне намыс көріп, мырзалықпен жоламаса, екіншісі аюдай ебедейсіз болғандықтан жоламайды.

Үйде әйел қолы болмай, береке болмайтыны қатты білінді. Ол үшін ағаларымның бірі үйленуі керек. Кезек, әрине, жасы үлкен Смағұлдікі.

Қайдан қалай тауып әкелгені есімде жоқ, тәтем бір күні қалбиған бір қара әйел алып келді. Шектен шыққан олақ та, салақ та жан екені көрініп тұр. Шаш дегенің таралмай, дудырап, орамалдың жан-жағынан шығып кеткен, бөренедей аяқ-қолы қап-қара. Беті балшықтан жасағандай быттиған май бет. Үстіндегі киімдері әрі лас, әрі тозып біткен. Қап-қара күс шынтағы көйлектің жыртық жеңінен көрініп жүреді.

Түр-түсі осындай бола тұрып, әйелдің аты тамаша-ақ еді - Бибіжамал. Соңынан ере келген, өзіне аумай тартқан бес-алты жасар қызы бар. Оның да аты осал емес. - Айгүлсім. Бибіжамалдың бір қолы үй тіршілігін істеп жүрсе, екінші қолы шашының арасына, киімнің тігіс-тігісіне кіріп алып, шағып маза таптырмайтын арамза ұсақ мақұлықтармен үнемі күресуде болушы еді. Қазандағы тамақты сапырып, немесе отты сырып жатып, мықынын қасып-қасып алады. Екі шаруа, екі қанағат бірден орындалып жатады...

Қазан-ошақ күйесінің жарым-жарты бөлегі әменде Бибіжамалдың қолына, бетіне жабысып жүреді. Казанның күйесіне былғап алған қолымен ол құлағын қасиды. Содан қарала құлақ болып шыға келеді.

Қолы бос кезде Бибіжамалдың жаны сүйетін бір ісі болушы еді. Ол үй сыртындағы күнеске астына тулақ төсеп, теңкиіп жатып алып, қызының тізесіне басын қойып, шашын қарату. Айгүлсім бұл істің шебері болуы керек. Тырнағы найзадай болып өсіп кеткен, саусақтарымен шаштың арасын бір-бірлеп ашып, әрбір тал шаштың түбіндегі қайызғағын аяусыз қыратын.

Ақыл-ой жағынан да жеңгем өзінің түр-түсінен оншалық алыс кете қоймаған.

Бір күні Қостөбеге Өмірбек дейтін бір милиционер келеді. Бибіжамалға кезігіп:

- Жеңге, сіздің ауылда жақсылап пима баса алатын әйел бар ма? - деп сұрайды.

- Бар. Мына мен басамын, - дейді жеңгем.

- <<Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан кездеседі>> деген осы екен ғой.

Онда

маған бір пима басып берсеңіз қалай болады? Еңбегіңіз ақталады, - дейді Өмірбек.

- Өзің бір сылқым жігіт көрінесің, қайным. Бассам, басып берейін.

Ертесінде Өмірбек біздікіне орта қап жүн және алдын ала жеңгемнің көңілін аулап біраз шай-шамалақ әкеп тастайды.

Уәделі күн болады. Өмірбек даяр пималарын алуға келеді. Бибіжамал басып бола алмай жатырмын, үш-төрт күннен кейін кел деп, қайырып жібереді.

62

Тағы келсе, тағы басып болмаған.

Бұл екі арада, обалы нешік, жеңгем біздің үйді пима басатын заводқа толық айналдырып бітіп еді. Күндіз-түні қазанда бұрқылдап қайнаған су, үйдің іші толы бу. Бірімізді-біріміз көре алмаймыз. Осы бір шуаш сасыған соқыр тұманның ішінде жеңгем бірдеңені оқтаумен былш-былш ұрады да жатады. Жақын барып қарасаң онысы көлемі жаялықтай киіз болып шығады. Енді бір кезде әлгі киіз байпаққа, одан киіз етікке ұқсағандай болады.

Пиманың ұзын саны екеу болмай, көбейіп барады.

Өмірбек үшінші рет келеді.

- Жеңге, дайын болды ма?

- Дайын...

Өмірбек үйге кіреді. Бибіжамал оның алдына біреуіне-біреуі ұқсамайтын екі пиманы тастай береді:

- Мә, қайным, киіп көр. Қайнысының көзі баданадай болады.

- Ойбай-ау, жеңге, мыналарыңыз пима ма, не зат? Екеуі екі басқа ғой?

- Ендеше, мынаны киіп көр. Осылардың ішінен өзіңе ұнағандарын тандап ал, - дейді де, жеңгем сылқым жігіттің алдына төсектің астынан топырлатып және бірнеше пима алып тастайды. Бірінен-бірі үлкен қиқы-жиқы ұсқынсыз бірдеңелер.

Өмірбек жер қапқанын бір-ақ біледі. Ұялып, қызаратын Бибіжамал емес, сартылдап айтып отыр:

- Бір кезде пиманы тәуір-ақ басатын секілді едім. Не қара басқанын, қара басып, сенің пималарыңды ұқсата алмай қойдым, қайным. Табыскер жігітсің ғой және біреуге бастырып аларсың, қапа болма оған. Ал мына оймаларды алам десең ал.

Ұнағанын өзің киерсің, ұнамағанын әйел, бала-шағаларың бар шығар, солар киер...

- Саған пима басып береді деп, сеніп жүрген мен де ақымақ екенмін! - дейді де, Өмірбек жерде үйіліп жатқан пималарды төрге қарай бар пәрменімен шаша бір теуіп, үйден шығып кетеді.

Жеңгем енді бырқылдап ұрсып, Өмірбекті соңынан тілдеп жүр:

- Өй, қараң қалғыр, о несі! Жарты қап жүнім шығын болды деп өле ме! Алмасаң, адырам қал! Өзім киіп алам. Қызым киеді. Соншама еңбектеніп, мен енді бұларды лақтырып тастар деймісің!

Бұзаубас қикы-жикы ұсқынсыз пималардың екеуін, шынында да, жеңгем өзі, екеуін қызы киіп алды. Сөйтіп, қыстан аяқтары көпіріп тоңбай шықты.

КОНЦЕРТ

Қазір мен екінші кластамын. Сауатым ашылып, өздігімнен оқуға, жазуға жарап қалған кезім. Әліппедегі бүкіл өлең, әңгімелерді жатқа білем. Өйткені одан басқа ермек етіп оқитын кітап жоқ. Күндіз-түні айналдыратыным сол бір кітап. Тышқан мен мысық жөніндегі әңгіме күні бүгінге дейін есімнен кетпейді. Кітаптағы суреті көз алдымда. Мысық тышқанды қуып береді. Тышқан қашып береді. Менің бәтеңкем секілді тұмсығы ырсиған жыртық бәтеңке кездеседі.

63

Тышқан бәтеңкенің қонышынан кіріп, тұмсығынан шығады. Мысық та қуа кірмек болғанда, басы бәтеңкеге кептеліп шыға алмай қалды. Әңгіме мазмұны осы.

Маған бұл әңгіме өте ұнайды. Кішкентай әлсіз тышқанның айлакерлігіне сүйсініп, аман қалғанына қуанамын. Ақымақ болған мысыққа күлемін. Өзімді айлакер тышқанға, Жанбосынды дөрекі мысыққа теңеймін.

Сағатбай ақындық өнерден де қара жаяу емес. Бір күні масақ теруге барған едік. Айша дейтін ересек қыз ауырдым деп, жұмыс істемей, үйге қайтып кетті. Сонда Сағатбай әлгіні былай деп өлең еткен еді:

Масақтан Айша қашты үйге таман.

Кетіпті іші ауырып өте жаман.

Орындап нормамызды топ оқушы

Есен-сау үйімізге қайттық аман.

Жазылуы олақ болғанымен бұл тәрізді әзіл өлеңдер ауыздан-ауызға тарап кеткіш, сыналып отырған адамға әсер еткіш болады.

Өліппедегі өлеңдерге және ұстазым Сағатбайға еліктеп мен-дағы өлең жазуға құмартам.

Октябрь мерекесінің құрметіне біз алдын ала дайындалып, колхозшыларға концерт қойып бердік. Сол кеш менің есімнен еш уақытта кетпейді.

Жаман мектептің іші өзінше тап-таза болып сыпырылған. Темір пеште ерекше жомарттықпен маздап жанған от. Үй іші жылы. Екі жерден шишалы ондық шам қойылған. Шаршылау келген кластың терезе жағы шымылдықпен бөлініп, сахна жасалған.

Ұмытпасам, сары шымылдық.

Осының бәрін ұйымдастырып, әлекке түсіп жүрген адам Сағатбай.

Концертке қатысушының бірі менмін. Өнерім - тақпақ айту. Біз, <<артистер>>, жұрт жиналмастан бұрынырақ келгенбіз. Жүрегім қуаныштан кеудеме сыймайды. Дәл мұндай салтанатты көңілді кешті өмірі көрген емеспін. Қолтығымнан қанат біткендей өзімді-өзім қоярға жер таппаймын. Әлсін-әлсін шымылдықтың сыртына жүгіріп шығам, қанша адам жиналғанын қараймын.

Концертке Майра да қатысады, ән айтады. О, сіз Майраның ән салғанын көрсеңіз! Майраның дауысындай әсем дауыс қыздардың біреуінде жоқ.

Менің бір байқаған нәрсем, табиғат өзінің сүйкімді етіп жаратқан пендесін өнерден еш уақытта да құр тастамайды. Бір өнерді оның кеудесіне қалай да құйып, бірге жаратады. Кейде тіпті сүйкімді сұлу адамға оның тән сұлулығы аздық ететіндей үйіп-төгіп, бәрін береді.

Өзі сұлу болып, өзі ақымақ болған пендені мен сірә, көрмеген тәріздімін. Сол секілді ақылды, талантты адамдардың өңсіз, дөрекі жаралуы және сирек.

Қалай десеңіз де, нені неменеге орауды білген жаратылыс. Майрада, менің Майрамда, бәрі бар: ақыл да, талант та бар. Сұлулығы өз алдына, бүгінгідей өмірде сирек кездесетін әдемі кеште Майра тіптен әдемі. Ол өзінің ең жаңа, ең қонымды киімдерім киіп келген. Бұрымдарының ұшына жібек лента таққан.

Аяғында қардай аппақ, ақ пима. Өзі де аппақ, маржандай тісі де аппақ.

Майраның тал бойында ине жасуындай бір мін болса, ол оның мұрнында. Мұрны сәл тампыштау. Бірақ ол да мін емес. Қазақ жақсы көрген баласын тампышым демей ме? Томпаң қаққан Майраға кішкене тампыш мұрын, қайта, жарасатын тәрізді. Күлімдеген кезде әдемі танаулары делдиіп, қоса күлімдегендей болады.

64

Міне, міне, дәл осы кезде екі бетінің ұшында әсем бір томпақшалар орнай қалады. О, Майраның кісіге көзқарасы қандай! Ол жақсы көрсін, жаман көрсін, бір ғана рет қараған көзқарасымен білдіреді. Айтарының бәрін де сонымен айтып салғандай болады. Кеңе болмасаң, ұғасың, түсінесің.

Сөйтіп, мен концерттің басталуын күтіп, өзімді қоярға жер таба алмай жүрмін.

Жиналған адам саны қанша болғанын байқамаққа тағы да шымылдықтың сыртына жүгіріп шықтым. Дәл осы арада бетпе-бет Майра ұшырасып қалсын. Олдағы көбелектей ұшып-қонып, тыным таппай жүргеннің біреуі. Мен Майраның білегінен қалай шап беріп, ұстай алғанымды өзім де байқамай қалдым. Ол кілт тоқтады. Не айтасың дегендей күтіп тұр. Жүр бері деген кісіше жетелей жөнелдім. Майрада қарсылық жоқ, ілесіп берді. Кластың бүйір қабырғасының орта тұсында бір кісілік бұлттық қуыс бар. Құпия бірдеңе айтатын адамша Майраны сол қуысқа ертіп келдім. Бірақ келіп алып, мелшиіп үнсіз тұрмын, ештеңе айта алмай тұрған сөзімді естіп білгенше ынтық болады.

- Кейін айтам, - дедім де, қаша жөнелдім.

Соңымнан Майра жүгіріп келеді.

Кейін не айтпақ болғанымды өзім де білмеймін.

ҚАЗА

Шешемнің халі күрт түсіп кетті. Далаға әрең шығады. Төсегі қаңылтыр пештің түбіне жерге салынған. Күндіз-түні ыңыранып жатады да қояды. От жанғанда қаңылтыр пеш қызып кетеді де, терлейді. От сөнсе, тез суиды да, жаңа ғана былбырап терлеп жатқан анам енді тоңази бастайды. Сөйтіп, аса жайсыз жағдайда жатқандықтан ауруына ауру жамала береді.

Шешемнің қойнында күндіз-түні жылаудан жағы сембейтін Тұрдыбек. Ауру ананың құр сұлдер шандыр мамасын сүліктей қадалып сорудан ол да жалықпайды.

Бибіжамал жеңгем, өзінің шектен шыққан ластығына қарамастан, Тұрдыбектен сондай жиренгіш. Баланың жөргек-жаялығын төсегінде ыңыранып отырып, шешем өзі жуып тазалайды.

Шешемнің халі төмендеген сайын үй ішінде үлкендер менен жасыруға тырысатын құпия бір әбігер кіре бастады. Олардың өзара күбір-сыбыры көбейді. Өңгімелерінің шет жағасын кейде құлағым шалып, естіп қалам. Шешем жөнінде сөйлеседі. Беті бері қарауы қиын екенін, қамсыз болмау керектігін айтады.

Жалқау, жайбасар әкем енді ширай бастады. Отын-суды дайындап, үй маңынан онша көп ұзамайтын болды, Шешемнің көңілін сұрауға келген әйелдер есіктен шығар-шықпастан-ақ ойындағысын айтып қалады. <<Біткен адам>>. <<Мал болмайды>> дейді. Кім жөнінде екені белгілі. Әлгідей сұмдық сөзді естігенде жүрегім су етіп, ішіме бір қап үрей бір-ақ кіргендей болады.

Шешемнің өлетініне менің де көзім жете бастады. Жылаудан сілесі қатқан Тұрдыбек қалжырап, ұйықтап кетеді. Сол кезде шешемнің де бір сәтке көзі ілініп, үй іші тым-тырыс бола қалады. Мен аяғымды ұшынан басып, апатайымның қасына келем. Оның қайғы мен қасіреттен, жанына батқан сырқаттан әбден

65

жүдеп біткен, ал бірақ, дал қазір соның бәрінен де бірнеше минутке тыныштық тапқан жүзіне барлап қараумен болам. Өлімге бет алған адам қандай болады. Шынымен-ақ рас па өлетіні? Осыны байқағым, білгім келеді.

Шешемнің бір кездегі әдемі нұрлы жүзінде тек бозарған тері ғана қалған. Терінін ар жағынан сүйек көрініп тұрғандай. Әдемі қыр мұрыны әрі жұқарып, әрі биіктеп өсе түскен. Кірпігінің талшығы да ұп-ұзын, сәл ғана ашылған қансыз-сөлсіз еріндері боп-боз. Екі көзінің алдына өлік таңбасындай сұп-суық болып көктандақ көлеңке жұққан. Мен өте-мөте осы көлеңкеден қорқып, селк ете қалғандай болушы едім.

Үңіліп көп қарауға дәтім шыдамайды да, тағы да аяғымның ұшынан басып, дереу шегініп кетем. Шешемнің қу ағашқа ұқсаған арық денесі жұқалаң көрпе астында бір түрлі ұп-ұзын боп, бейне бір жансыз денедей, созыла түсіп жатады.

Шешем өледі, менің күнім не болады деген ой күндіз-түні басымнан шықпайды. Жетімдік, панасыздық өмір бетпе-бет келіп, шабайын деп тұрған қасқырдай сұмдық қорқынышты. Мен оған қандай қайрат көрсетемін? Қалай қарсыласып, жан сақтаймын! Тіпті қарсыласа алам ба? Әлі өмір босағасынан сығалап қарамай жатып менің де біткен, құрыған жерім осы болғаны ма?

Жетім! Не деген суық та, жексұрын сөз!

Ауылда ол кезде қаза көп. Құдай тағала өзі жаратқан пендесінің асыл-асылдарын өзі таңдап әкеліп жатады. Бір күні менімен бірге оқитын Қаншайым деген қыздың шешесі өліп қалды. Үйлерінің іші у-шу. Ауыл адамдары жылап келіп жатыр. Абысын-ажындары үйге жетер-жетпестен дауыс салып, аз ауылды бастарына көтереді.

Топырдың арасымен әлгі үйге мен де бардым. Қаншайым қалай жылап жатыр? Не айтып жылап жатыр? Көрмекшімін. Ертең менің де анам өледі ғой. Сол кезде жөндеп жылай алмасам, масқара емес пе? Топырдың арасымен үйге кіріп, Қаншайымды іздедім.

Қаншайым шешесінің төсегінің үстінде екі бетін қолымен басып алып, етпеттеп жылап жатыр екен. Маған бұл бірден ұнады. Тікeden-тік тұрып, немесе отырып, жұртқа қарап жылаудан бетінді қолыңмен көміп алып жылау тиімді көрінеді. Е, жақсы болды, шешем өлгенде мен де өстіп жылайын деген оймен үйден шықтым. Әйтпесе, шешем өлгенде қалай жылаймын, не айтып жылаймын деп, уайым шегіп жүр едім.

Ноябрьдің іші. Қақаған қара суық. Жыртылған қағаз тәрізді далада болар-болмас ағарандап жатқан қар бар. Мектептен үйге қайтып келе жатырмын. Ойымда үйдегі бағана таңертең мен кетерде халі күндегіден де нашарлай, жөн тартып жатқан шешем, Сабақта отырып та мен шешемді ойлаумен болған едім.

Шешемді күтімілдеп жүрген үлкендердің қас-қабағы да бүгін ерекше болатын. Талайдан күткен сұмдықтары тақалғандай абыржысып, ауру адам шындап жөн тартқанда істейтін әрекеттер істеп жатқан. Көрші Киікбай ауылынан Жақай молданы шақыруға тездетіп адам жіберген.

Одан кейін не болғанын мен әзірше білмеймін. Өзіммен өзім боп, міне енді мәңгіріп, балалардан бір оқшау келе жатырмын. У-шу бірдеңе естілмес пе екен дегендей өзіміздің үй жаққа елеңдеп көз тігемін. Әзірше тыныш секілді.

66

Үйге келдім. Біраз әйел-еркек жиналып қалған. Екі-үш шалдың ортасында көзі сұмдық жайнаңдаған Жақай молда. Біреулер шешемді қоршалап алған. Маған өте бір жат көзбен қарасады.

Жүрегім жаманшылық тақап қалғанын бірден сезінді. Шүберек сөмкемді терезенің алдына елеусіз тастай беріп, дереу сыртқа шығып кеттім.

Жаманшылықты көрмейін, оның басы-қасында болмайын, соңынан бір-ақ естиін дедім.

Жардың астымен Текестің суын жағалап келе жатырмын. Қайда барам, не істеймін, өзім де білмеймін. Тек тезірек үй маңынан ұзап кетсем, ешкімнің көзіне түспесем болғаны.

О, Текес! Жаным қысылып сасқанда мен саған келіпмін. Сендағы менің анамсың. Кішкентайымнан суыңа шомылып, жағанда өстім. Істерге іс таппай зеріккенде, қолдан жасаған, жалмансыз тебен қармақпен балығыңды аулаймын. Сөйтіп, сенен ермек табамын, сенімен көңіл көтерімін. Аш, жалаңаш жүрсем де ауырмауым, берік болуым, Текес, ол-дағы сенің арқаң. Сенің қоймалжың лай суыңа түсе-түсе шынығудың арқасы. Жұрт:

Текестің суы арық емес пе!

Бердібек балық емес пе! –

деген сөзді бекер шығармаған.

Текес, сен мені балығыңмен асыраған, шынықтырған анам болсаң және бір мені осы жарық дүниеге алып келген анам үйде хал үстінде. Ол-дағы өзің секілді аяулым, қимасым еді. Сол асыл анам бұл дүниенің тізімінен сызылуға жақын жатқан секілді. Осы бір мен үшін тіл жетпес ауыр кезенді мен оның шырағы жалп етіп сөнген шағын көзбен көріп, шыдай алар емеспін. Сондықтан да басым ауған жаққа қаңғып кетіп барам. Айналайын, Текесім, ол үшін сен мені кінәлама, кешір. О, ғажап! Адам мен табиғат бір-бірінің тілін түсінетін, бірімен-бірі ұғынысып, сөйлесетін кез болады екен. Жағасына жырым-жырым мұз тұра бастаған Текес менің басымдағы ауыр халді түйсінетін тәрізді. Менімен кәдімгідей тілдескісі келгендей мұз қабаққа жөңкіп келіп, ышқына соғылады. Мұздың үстіне асып шығып, құлдыр-құлдыр етеді де, қайта шегініп кетеді. Ағынның өз тілінде былдырлап, бірдеңе айтқандай болады. Не дейді? Не айтады? Ана тілін бала қалай да ұғады ғой. Текес ана, мен де сенің не айтып жатқаныңды білемін. <<Мен осы өлкеге аты мәлім кәрі Текеспін. Мыңдаған жылдар бойында мал мен жанға, даланың аң-құсына сарқылмас сусынымын. Ғасырдан ғасырға созылған ұзақ өмірімнің ішінде менің көрмегенім қалған жоқ. Бәрін де көрдім, сендей жетімдердің талайының көз жасының куәсі болдым. Балапаным, егілме! Егілгенмен ештеңе өнбейді. Тірліктің осындай бет қаратпас сұрапыл заңы болады. Соған төтеп бере алғандар өмір кешеді де, төтеп бере алмағандар қаусап қалады. Одан да өзіңе-өзің берік бол. Сілкін де бекін!

Жый есінді, балапаным! Қайт үйіңе. Ақымақ болма! Аяулы анашыңның шырағы мәңгілікке сөнетінін біліп, өстемісің? Соңғы иек қағысына дейін, тым құрыса, көз алдында болып, қоштасып қал. Анаң сенің бұл сапардан енді қайтып келмейді. Сен оның аналық мейірбан жүзін енді қайтып еш уақытта да көре алмайсың. Өкінбей, кешікпей тұрғанда, қайт! Тезірек қасына жет шешенің! Өмірінің ең соңғы минутында, үзілетін шағында ол қалай да сені іздейді. Беркенім... Бердібегім қайда? Өкеліндерші, көрсетіндерші дейді. Өзегін жарып шыққан

67

балапаны болғандықтан сенің иісінді бір иіскеп, бетіңнен бір сүюді арман етеді. О дүниеге сенің жұпар иісінді өзіңмен бірге алып кеткісі келеді. Ақымақ бала, сен осыны түсінемісің, сеземісің? Бойындағы ең соңғы тіршілік қуатын уысынан шығармай, анаң сен үшін, сені бір көріп, қоштасу үшін ажалмен арпалысып жатқанын білемісің? Қайт! Қайт үйіңе.

Қайғының кара дүлей жартасы үстіме қаңғыр-күңгір құлап келе жатқандай Текес ананың маған айтып жатқан ақыл-өсиеті міне, осындай еді.

Далада мәңгіріп, қанша қаңғырып жүргенім есімде жоқ. Бір кезде үйге қайттым. Өзіміздің үй жақтан жылаған дауыс күтіп, елеңдеп қараймын. Өзірше ештеңе естілмейді. Қазір, осы енді қазір естілуі керек, жүрегім оны анық сезеді де, үй жаққа жолағысы келмейді.

Қыстақтың су жақ шетінде өзіммен бірге оқитын Сыдықжан досымның үйі бар. Мен сонда келдім. Сыдықжанның әкесі де, шешесі де мейірбан жақсы адамдар. Мен бұл үйге былай да жиі келіп тұрамын. Сыдықжанмен ойнап, уақыт өткізіп қайтам. Нұрақын үйінде сауын бар. Ақ үзілмейді. Айран, сүт ішіп, ішегімнің бір сүйем жері ағарып қалғандай болады.

Сырт киімімді де шешпестен Нұрақын үйінде отырмын. Темір пештің арт жағында бір шөңке тұр екен, соған қалай болса солай жаншылып отыра кеттім. Кенет есікті қатты жұлқып ашып, колхоз председателі Жәкібайдың әрі ерке, әрі сотқар баласы Тілеу кіріп келді. Әлдекімді іздегендей алақ-жұлақ етіп, мені көрді де:

- Ей, неғып отырсың? Шешені өліп қалды! - дегені.

Төбемнен шатыр етіп аспан құлағандай болды.

Өлгінде менің осында кіріп бара жатқанымды Тілеу көрген еді.

Отырған орнымнан қалай атып тұрғанымды білмеймін. Аңырап есікке ұмтылдым. Біздің үй әлгі арадан көрініп тұрады, әрі жап-жақын. Есіктің алдына біраз жұрт жиналып қалған. Іштен жылаған дауыстар естіледі. Міне, енді енесінен айырылған боташа боздап келе жатырмын.

Есіктен кіре беріп оң жақ босағаға ши құрылып қалғанын байқадым. Өлікті соған салған екен. Аңыраған бойда шидің аузына ұмтылдым. Бірақ әлгі арада тұрған әйелдер жібермеді, ұстап алды. Сосын әнеугі Қаншайымша жыламақшы болып, анамның ағаш төсегіне етпеттей барып құладым.

Өкіріп, бақырып жылап жатқандар, негізінен, өзіміздің үйдің адамдары. Бибіжамалда дауыс дегенің бар-ақ екен. <<Ойбой, жеңеше-ау! Басие, ақылшым-ау!>> деп аңырағанда үні көктегі құдайға жетеді. Бөлменің дәл орта тұсында жерде отыр. Екі бүйірін балуан қолдарымен таянып алған. Тебіреніп, шын жылап отырғанымды көріңдер дегендей семіз бетінен сегіз тарам боп сорғалаған көз жасын, құдай үшін, сүртіп те қоймайды.

Сатылған ағайым Тұрдыбекті құшақтап, тікесінен-тік жылап тұр. Алты-жеті айлық жас нәресте аяқ асты нендей сұмдық болып қалғанын біле алмайды. Бас-басына шулағаны несі дегендей жан-жағына бағжаң-бағжаң қарайды.

Әкем арқасын қабырғаға тіреп, жүресінен отырып алған. Дауысын онша шығармай, пыш-пыш жылайды.

Даладан ойбай салып кірген әйелдер үй ішінде және азырақ ойбайлап жылаған болады да, қоя қояды. Сосын, біраз уақыт өткен соң сусып шығып кетіп, жаңадан жылап келетіндерге орын босатады.

68

Ертесінде шешемнің денесі ата-бабамыздың талай ұрпағы мәңгілік мекен тапқан Жауыртоғандағы бейітке апарып жерленді. Жол шетіне таман жаңа бір жас төмпешік қабір пайда болды да, біраз күн арлы-берлі өткен жолаушының назарына шалынып, мұңлы ой салып жатты.

Шешемнің басына қорған соғылған жоқ, ескерткіш тұрғызылмады. Бірдеңе қалқитуға бізде ешқандай да шама жоқ еді. Біздің қолымыздан келгені көзіміздің жасын көл етіп, жылау-сықтау ғана болды.

Мәңгілікке көз жұмар кезде шешем жанталасып мені іздепті. <<Әлгі Бердібек қайда? Бердібек... шақырыңдаршы>> деп сандырақтап жатып, менің атымды атай

беріпті. Алтын анамның дүниеден қайтар алдындағы бір ауыз лебізін ести алмағаным күні бүгінге дейін өкініштімін. Хош бол, ғазиз анам!

...Қазекен де айтады-ақ: <<Шешесіз жетім - шерлі жетім. Әкесіз жетім - арсыз жетім>>. Мен шерлі жетіммін.

Шерлі екенім рас. Қайтыс болған шешемді күндіз-түні ойлаймын. Өлу ол - мәңгі-бақи ғайып болу, жоғалу. Мен енді шешемді еш уақытта да көре алмаймын. Осыны ойлағанда іші-бауырым бір түрлі жидіп кеткендей болады.

Өлген адам мәңгілік өлмейтін болса. Арада он жыл ма, он бес жыл ма өткенде, тіріліп қайта қайтып келсе. Мен онда қайғының түпсіз шыңырауына құламас едім. Аяулы шешемнің қайтып келер мерзімін қалай да шыдап, күтер едім. Басыма нендей ауыртпалық түссе де, төзер едім. Өзімді-өзім жұбатар едім.

Алтын анам енді он бес жыл түгіл, мың жыл өткен соң да қайтып тірілмейді. Мен бұны жақсы білемін. Сондықтан да өмірден қарманар сүйеніш таба алмаймын. Бәрі бітті, сөнді. Мен оның Беркенім деген аналық мейірбан сөзін енді еш уақытта да естімеймін.

Өзегімді өртеген ащы қайғы оңашада көзімнен моншақ болып, домалап-домалап кетеді. Бірақ ешкімге көрсетпеуге тырысамын.

Сөйтіп, жетімдік өмірді бастан кеше бастадым. Жетім деген сөзде нендей суық мағына жатқанына мен бұрын зейін қоймайды екем. Шешем өлген соң енді білдім. Адамның ар-ожданын тілдеуге де дүниеде бұдан қатал, бұдан аяусыз сөз болмайды екен.

Үлкендер жетім екенімді аяушылықпен есіме салады. Ал балалар ұрсып қалғанда жетім деп боқтайды. Мен үшін екеуінің мағынасы бірдей. Аяп айтса да, ұрсып айтса да жетім деген сөз менің жүрегіме қанжар болып қадалады. Дүниеде мен үшін бұдан жексұрын сөз жоқ. Тақиясын қорыған тазшадай осы сөз қай жағымнан сап ете қалады деп зәрем ұшып, үрейленіп тұрамын.

Менің осы осалдығымды жаукес балалар өте жақсы біледі. Сәл шекісіп қалса, даяр тұрған өзге боқтық сөздің бірін де аузына алмай, <<өй, әкеңнің аузың.. жетім! Шешесін жалмаған қу жетім!>> деп шыға келеді. Болды, мен өлдім, күйреп түстім. Бұдан кейінгі қарсылығым - ол арсыздығым.

Балалар, менің қымбатты, жас достарым! Мынау қатал дүниеде әкесі не шешесі өліп, жетім қалу секілді бақытсыздық әркімнің-ақ басында кездесуі мүмкін. Ол секілді жаны жаралы балалар, мүмкін, араларыңда да бар шығар. Сендер қанша араз болсаңдар да оларға жетім деген тажалдай суық сөзді айтпаңдар,

айналайындар. Ұр, соқ, төбелес. Тіпті етінен ет кесіп ал. Ал бірақ әлгідей деп тілдеме. Тағдыр онсыз да аяусыз жазалаған бейшаранын адамшылық менмендігін жетім деген сөз біржолата жер етіп, таптап кететінін сендер ұғындар! Аяндар!

69

МЕНИҢ ӨНЕРЛІ ЖЕҢГЕМ

Бибіжамал біздің үйге пенде болып жарытпады. Шешем өлген соң, аз уақыттан кейін, ол Смағұл тәтем екеуі ажырасып кетті. Біздің үй енді кіл еркек тұратын үйге айналды.

Кіл еркек тұратын үйде ешқандай да береке тұрмайды екен. Түтін уақтылы түтпейді, кір жуылмайды, жыртығымыз жамалмайды... Әкем мен ағаларымның біреуісі тезірек үйленбесе, болмайтын болды.

Бұл жолғы кезек Сатылғандікі. Колхозда есепші болып істейтін мырзалауымыз. Солқылдаған жас жігіт, бұрын бұл тәрізді бұғалыққа басы ілініп көрмеген.

Бір күні аяқ астынан үйленді Сатылған. Нарынқол жақтан түнделетіп бір әйелді алып қашып келді. Аты Әлиман. Күйеуі қайтыс болған келіншек екен. Ерінің туыстары әменгерлік жолмен қайнағаларының біріне қоспақ болған. Әлиман оған көнбеген. Өзінен де гөрі жастау көрікті жігіт Сатылғанмен қол ұстасып, тартып отырған.

Әлиман ақылды да, мінезді, биязы жан еді. Жүріс-тұрысы өте сабырлы. Шешек шығып, шұбарлау болып қалған ақшыл өңі сұлу болмағанмен бір түрлі мейірбан, сүйкімді.

Қашып кеткен әйелдің соңынан бақан алып қуатын баяғы заман жоқ. Әркім сүйгеніне барады. Қостөбеге аман-есен жеткен соң, Әлиман біздікі болып қала берді.

Жоқты бар етіп, ұқсата білетін алтын саусақ әйелдер болады ғой, Әлиман соның нақ өзі еді. Ас жоқта, түтін түтетіп, ас пісіреді. Киім жоқта, бұрын іске аспай жатқан бірдеңелерді жаңартып, киім жасап береді. Ол келді де, біздің үйде бұрын болмаған береке, тазалық орнады. Оның өзімен бірге ала келген біраз төсек-орны, дүние-мүлкі де бар еді. Солар біздің жаман үйді мүлдем басқаша етіп жайнатып жіберді. Даладан кіріп келгенде мен талайға дейін, басқа бір үйге кіріп келгендей әсер алып жүрдім. Бұрынғы ыбырсыған көңілсіздіктің қарасы өшкен.

Үй-іші тап-таза болып жатқан соң әкем екеш әкем де сырттан аяғын тарп-тарп басып кіре бермейтін болды енді. Етігін тазалап сүртіп кіреді. Терге қорыншақтап, әзер шыққандай болады. Кешке қарай ұлтарақ-шұлғауларын, бұрынғыша пештің жан-жағына қоңырсытып жайын тастамайды.

Бұрын жоқ жез самауыр, азын-аулақ бүтін шыны шәйнек пайда болған біздің үйде. Таза дастарқан пайда болған. Бұлар да жеңгем алып келген мүліктер.

Жеңгемнің бипаз қолы тамақты да дәмді етіп істеуші еді. Ол қуырған арпа-бидай еш уақытта жалындамайды, бадырап әдемі қуырылады. Ол тартқан талқан ұндай майда әрі аппақ. Ол пісірген нан алмадай қып-қызыл. Сіз Әлиман жеңгемнің қолына бір уыс ұн, бір борша ет қана әкеп беріп, қараңызшы. Ол одан не істер екен. Бір үйдің іші лықа тоятын, дәмді ауыздан кетпейтін шикеспе істеп береді.

Жеңгем аз сөйлейтін, дауыс көтеруді білмейтін. Ақылға да, мінезге де бай адам еді. Киімді таза киінеді. Басындағы жаулығы, қашан көрсеңіздер де, шаңқандай аппақ. Көйлекті мол етіп, әрі ұзын киеді, үлкен көрсе, алдынан қия басып өтпей, иіліп, сәлем етіп тұрады.

70

Әлиман маған өз шешемдей қалтқысыз мейірбан еді. Бір үйге қыдырып барса, жетектеп ертіп алады. Дастарқанға қолым еркін жететін жерге, өзінің қасына отырғызады.

О, сіз жеңгемнің киім жамағанын көрсеңіз! Жыртық, киім оның қолынан өткенде бүтін киім болып шығады. Қайдан тапса да киімнің өз түсіне үйлесімді жамау табады. Ол жамаған жамау киімге бір түрлі сән беретін еді.

Кәдімгі ақ киізді сырып, ол маған әрі жеңіл, әрі жылы тамаша пима істеп бергені есімде. Аяқта бар-жоғы білінбейді, жұп-жұмсақ. Киіп алсаң, өз-өзіңнен жүгіргің келіп тұрады.

Тап-тұйнақтай әдепті келіннен именіп, әкем енді таңертеңгі шайға ауы мен бауы салбыраған дабы дамбалмен келіп отыруды және қойды.

Қайран ғана, Әлиман жеңгем!

Қайран демей қайтейін, біздің сорлы боп жаралған маңдайымызға ол да сыймады...

Әлиман жеңгем Сатылғаннан үш-төрт жас үлкен еді. Әрі бұрын күйеуде болған адам ғой. Біздің үйдің ел санатына қосылуын көре алмаған ішітар ағайынға енді бірінен-бірі қағып әкетуге жарайтын өсектің тозбас добы табылады. <<Сатылған

жігіт болмай жидіп қалсын! Осы елде қыз құрып қалғандай байы өлген қатынды алғаны несі? Өз теңі табылмағандай, сарықарын қатынды алып, не басына күн туды? Шеше ете ме?>>. <<Е, Әлиманның көрпе-жастық дүниесіне қызыққаны да...>>. Ағатайымды ағаш атқа мінгізген осы тәрізді шақпа әңгімелер Қостөбеде ысқаяқ желдей есе бастайды. Ағайым қайда барса да құйын боп, алдын орап, жүргізбеуге айналады. Он екіде бір гүлі жаңа ашылған жас жігіт бұған, әрине, намыстанады. Сатылғанның Әлиманға деген жылы қатынасы өзгере бастайды.

ЖҰМАБАЙ

Сағатбай басқа мектепке ауысып кетті де, оның орнына аяқ-қолы бір тұтам, тәйпиген өзге мұғалім келді. Аты Жұмабай. Өзіміз жақсы көретін, үйреніскен ұстазбен айырылысу біз үшін, ауыр қайғы болды.

Міне, енді күніміз жатқа қарағандай боп, бұрын сырын білмейтін тосын мұғалімнің алдында отырмыз. Қандай адам? Сағатбайдай сүйкімді бола ала ма, жоқ па?

Екі иығы қушиған тәпелтек Жұмабайды арт жағынан қараған адам бала екен деп қалады. Басын төмен салып, аяғын тырп-тырп еткізіп, сүйрете басып жүрген жүрісі де құдды бала тәрізді. Бірақ қолтығында күйектей қара папкасы бар. Өне, ол тоқтады. Пальтосының сырт қалтасынан әтірден босаған төрт қырлы кішкентай қара флакон алып шықты. Онысы насыбай екен. Алақанына салып, атып тұр. Арт жағынан келе жатқан сенің аяқ тысырыңды естіді де, жалт бұрылып қарады. Сөйтсем бала емес, беті қатпар-қатпар қартамыш біреу...

Жұмабай сабақ беріп тұрып та насыбай ата береді. Салпиған көнтек ерні ішіндегі насыбайды ауырлағандай салпиып түсіп кетеді, ара-арасынан ел кеткендей сапсары шірік тістері үнемі көрініп жүреді. Бұл адамның киім киісі де салдыр-салақ. Пальтосының біраз түймелері баяғыда үзіліп, құрыған. Біразы салбырап

71

үзілуге жақын. Менің әкеме ұқсап, Жұмабай жаздыгүні де пысынап, қалың киініп жүреді.

Үзіліске шыққанда Жұмабай мектептің алдында тәштиіп тұрып маңайдан арлы-берлі өтетін ауыл адамдарын іздейді. Көзіне түскен біреуді, ей, бері кел деп, шақырып алады да, насыбай сұрайды. Насыбай сұрауы әрі өктем, әрі тұрпайы.

- Әй, шал, әкел шақшанды!

Өз насыбайын үнемге сақтайды.

Кейде Жұмабайдың насыбайы шын бітіп қалады. Насыбай атып, көңілі жай таппай, ол енді сабақты жүргізбейді. Бір баланы біреуден насыбай тостаған әкелуге, бір баланы аршаның күлін тауып келуге жұмсайды. Содан соң класқа тапсырма береді де, өзі әлгі арада отырып, насыбай жасауға кіріседі. Көк темекінің ағашын бәкімен бипаздап тұрып тұрайды. Үстіне күл қосады. Сосын таякпей мыжғылап езе бастағанда, үйдің іші темекінің ащы иісіне толып кетеді. Балалар шетінен түшкіріп, қақала бастайды.

Талғампаз әйел затының бір мінезіне таңқаламын. Кейде мынау деген әдемі сұлу қыздар өзінен он есе төмен сумұрындарға тиеді. Не басына күн туды? Неменеге мәжбүр болып тиді, түсіне алмаймын.

Жұмабайдың әйеліндей көрікті әйел <<бұл өлкеде сирек. Сұңғақ бойлы, аққұба, алдынан да, артынан да қарасаң қарап тұрғың келетін келбетті жан. Жұмабай әйелімен қатар келе жатса, бұларды танымайтын адам анау ананың әйелі, анау ананың күйеуі деп тіпті де ойламайды.

Жұмабайдың мінезі әрі ұшқалақ, әрі тұрақсыз. Болмашы бірдеңе үшін аяқ астынан бұлқан-талқан болады, Ұстазға лайықсыз боқтық сөздер аузынан молотилканын топанындай атқылайды, Қол жұмсап, ұрып та жібереді. Қымс етсе, жазалауға дайын тұрады.

Оның жазасының түрі санаулы-ақ: кластан тырқыратып қуып шығады. Немесе қолыңды тік көтертіп, қарсыға тұрғызады.

Жұмабай екеуміздің жұлдызымыз ол алғаш келген күннен-ақ жараспады.

Үзіліс кезі. Бәріміз есік алдына шыққанбыз. Көктемнің жас иісін тамашалап, күн шуақтап тұрмыз. Мен Жұмабайдың артына таман тұр едім. Аяғымның астына төмектеу жер кез келіп, бойым Жұмабайдың бойымен теңеліп қалғанын байқадым. Балалардың ішіндегі ең кішкентай тапалымын деп жүрсем, оным бекер екен. Ойыма осы келіп, қызықтап, беталдыма тұрған балаларға Жұмабай екеуміздің бойымыз бірдей екенін көрсетіп, қутың қақтым. Балалар күліп, маз болысып жатыр.

Еңсемді одан бетер созып, енді тіпті Жұмабайдың төбесінен қарай бастадым.

Кенет Жұмабайдың ағаштай қатты шапалағы бетіме сарт ете қалсын. Көзімнің оты сау етіп төгіліп түссін. Мен бұны тіпті де күткен жоқ едім. Соққының қаттылығы сонша, бір сәтке кәдімгідей мәңгіріп, есеңгіреп қалдым.

Сөйтсем менің сотқарлық қылығымның бәрін де Жұмабай көзінің қиығымен байқап тұрған екен.

Құтырам деп таяқ жеп қалған иттей болдым. Балалардың алдында кірерге жер таппадым. Ызадан жарыла жаздап біраз тұрдым да, бақырып жылап жібердім, Класқа кіріп, кітабымды алдым да, Жұмабайды жеті атасынан тартып боқтап, енді оқымаймын деп, жөнөп отырдым.

72

Оқымау қайда, ерт есінде-ақ Сатылған ағайым қолымнан жетектеп әкеп, Жұмабаймен табыстырғандай болды. Бірақ шекіскен көңілден сыз кетсін бе? Жұмабай осыдан осылай менімен жауығып алды да, болар-болмас бірдеңе істеп қойсам, мысық көрген итше ыр-р ете қалатынды шығарды.

Көркем әдебиетке, әсіресе өлеңге жасымнан құмар болдым. Құлағыма өлең-жыр тыңдағанда ішкен асымды жерге қоятын едім. Хат тани бастаған соң газет-журнал бетінен өлең көрсем, төніп түсемін. Оқу кітабындағы өлеңдердің бәрін дерлік жаттап алғанмын. Өлеңді ақындар шығаратынын білем. Ақын-жазушы дегенді құдай көрем.

Екінші кластың оқу кітабында Абайдың <<Қыс>> дейтін өлеңі бар-тын. Бір күні Жұмабай маған сол өлеңді оқы деді. Мен заулатып оқып шықтым.

- Ал айтшы, Абай осы өлеңінде нені жазып отыр? - деді Жұмабай.

- Қысты жазып отыр.

- Жоқ, дұрыс емес, - деді.

Мен таңмын. Несі дұрыс емес? Қыс жөніндегі өлең екені тақырыбынан да, мазмұнынан да ап-айқын көрініп тұрған жоқ па?

- Қане, кім айтады? Абай осы өлеңінде нені жазып отыр? - деп, Жұмабай енді өзге балалардан сұрай бастады. Олар да: қысты жазып отыр, қарды жазып отыр, суықты жазып отыр деген секілді жауаптар айтты.

- Дұрыс емес.

Жұмабай енді өзі түсіндіре бастады.

- Өлеңді сендер құр өлең деп қарайсыңдар. Ол дұрыс емес. Өлеңде мән болады, идея деген болады. Идея деп өлеңнің жасырынып жатқан мазмұнын айтады. Ақындар өлеңді еріккендіктен жазбайды. Өзінің жасырын ойын, яғни идеясын жұртқа жеткізу үшін жазады. Мінекей, оқып көрейік.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау танымас тірі жанды

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

- Сендер бұны қысты жазып отыр дейсіңдер. Жоқ, қыс емес. <<Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, соқыр мылқау>> дегені ол бұрынғы ел қанаушы буржуй мен байлар. Соларды жазып отыр. <<Үсті-басы ақ қырау, түсі суық!>> Байдың түсі суық бомағанда, жылы болатын ба еді? <<Басқан жері сықырлап келіп қалды>>. Ақын мұнда байдың жүріс-тұрысын жазып отыр. Және кедейлерге бай келіп қалды, қазір сендерді сабайды деп, ескертіп отыр...

Жұмабайдың Абай өлеңін талдап, түсіндіруі, міне, осындай еді. Мен аузымды ашып, ғажап қалып тыңдадым. Мұғалімнің сөзін біз құран сөзіндей көреміз, оған қалтқысыз сенеміз. Олай болса, өлең жөнінде мен бұған дейін түк білмейді екем. Мынау мен үшін жаңадан ашылған Америкадай болды. Иә, мен өлеңге шынында да, тек өлең деп, құлаққа жағымды әдемі сөз тіркесі деп қараушы едім. Өлеңдегі сөздердің ұйқасуына, көзге елестей кететін суреттілігіне қызығатын едім. Тілге жеңіл болған соң жаттап алып, айтып жүруші едім. Сөйтсем... өлең ол жай өлең ғана емес екен. Жатқан саясат екен. Осы күні жұрт ертеден кешке дейін сөз етегін тап тартысы дейтін мұнда да болады екен.

Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,

Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

73

Жұмабай бұны байдың долданып келіп, кедейдің үйін сойылдап сабауы деп түсіндіреді. Менің көзіме уықтар бытыр-бытыр сынып, қатын-бала шұркырап жылағандай боп елестейді.

Соныға малды жайып, күзетіндер,

Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды.

- Абай мұнда қайрат қыл, бұз қамалды деп нені айтып отыр, білесіңдер ме? - дейді Жұмабай, Жауабын өзі айта бастайды: - Езілген еңбекші халықты байларға қарсы күресуге, төңкеріске шақырып отыр. Теңдікті қолдарына алыңдар деп отыр. Мінекей, бұл өлеңде қаншама жасырын мағына жатыр. Көрдiңдер ғой?

- Көрдiк, - деймiз бiз.

- Сұрақтарың бар ма?

- Сұрақ көп. Ақындар айтайын деген ойын бүркемей, жұмбақтамай, ашық неге айтпайды?

- Сендер әлі баласыңдар, түк білмейсіңдер, - дейді Жұмабай.

- Ол кезде үкімет кімнің қолында еді? Байлар мен буржуйлардың қолында болатын. Ақындар әлгінің бәрін ашық айтса, олар не істер еді? Көздерін жойып жіберер еді. Абақтыға тығар еді.

Бізге екінші кластың оқушыларына, бұл да нанымды.

- Бұдан былай өлең оқығанда, - дейді Жұмабай, - құр өлең екен деп оқымай, идеясына түсініп, ақынның жасырын ойын біліп оқыңдар.

Шынымды айтсам, осыдан кейін мен өлең атаулыға басқаша қарайтын болдым. Әр сөзді оқимын да, астына үңілемін. Жасырынбақ ойнаған балаша мені тап деп, бұғып жатқан идеясын іздеймін.

Текстен адам нені іздесе, сол табылады екен. Сонау таршылық заманда ақынның айтпақ боп, бірақ айта алмай кеткен буда-буда ойларын жарыққа сүйреп шығарамын.

Оқу кітабында Абайдың <<Жаз>> дейтін өлеңі бар. Қандай тамаша көркем өлең! Бұл өлеңді оқығанда бұрын менің көз алдыма жаздың тізбек-тізбек ғажайып суреттері келуші еді. Енді осы өлеңді Жұмабай сауатымды <<ашқаннан>> кейін оқысам, мүлдем басқа. Бұлақтай сынғыраған әдемі сөз тізбегі емес бұл. Әр сөз, әр нүктесіне бас қатырып, ойлануды қажет ететін тас түйін сөзжұмбақ (кроссворд) секілді бірдеңе. Бір оқып, бір бөгелем. Екі оқып, екі бөгелем. Ойық судан балық аулағандай үңіліп идея іздеймін.

Жазды күні шілде болғанда,

Көкорай шалғын, бәйшешек

Ұзарып, өсіп толғанда...

Ақын осында құдай біледі, байлардың рақат та, әсем өмірін сипаттап отыр-ау деймін.

Ат, айғырлар, биелер

Бүйірі шығып ыңкылдап.

Бұл байлардың өзі және әйелдері. Тамаққа тойып алады да, ыңқ-ыңқ етеді.

Арасында құлын-тай

Айнала шауып, бұлтылдап.

Бұлар байлардың балалары, немере-шөберелері. Қайғы-қасірет дегенді білмейді.

Тек асыр салып ойнаумен уақыт өткізеді.

74

Абай өлеңін мен енді өздігімнен осылай талдай бастаймын. Ақынның қуын-ай, ә, деймін. Өз ойын сол кездегі үстем тапқа байқатпай, қалай айта білген!

Бірақ өлеңге қызығушылығым бұрынғыдай емес, бәсең тартып барады. Өлең көрсем, енді төніп түспейтін болдым. Тіпті өлең атаулыны әлгідей түсінуге қиын машақаты, жалтақтығы үшін жек көре бастадым.

<<Дүмше молда дін бұзар>> деген мақал бар. Жұмабай, әрине, дүмше еді. Оның кесірінен өзім керемет қадірлейтін поэзиямен талай уақытқа дейін осылайша араз болып жүрдім.

САРЫБАСТАУ САПАРЫ

Қар басқан меңіреу дала. Күн шытқыл. Түні бойы жел соғып, жаяу борасын болған. Шана жолдың көп жерін тып-типыл етіп, жасырып кеткен. Темірдей боп бет қарыған ызғар әлі де басылмай тұр.

Бауырымен жер сызған қазақы тайпақ шана. Қабырғасын сыртынан санап алғандай арық ат. Шана толы бұлтиған-бұлтиған қоржын-кешек жүк. Сол жүктердің үстін басып, үймелесіп отырып алған жеті-сегіз бала. Шана Қостөбеден шығып, он екі шақырым жердегі Сарыбастауға бара жатыр.

Екінші тоқсан біткен соң, біздің ауылдағы мектептің үшінші класы мүлдем жабылып қалды. Бір мұғалім үш класты қабат оқыта алмайтын болды. Жабылған кластың оқушылары осы ауыл советке карайтын Сарыбастауға барып оқысын деген ұйғарым бопты. Колхоз ат, шана беріп, мынау біздің Сарыбастауға ғылым қазынасын одан әрі үңгі түсуге келе жатқан бетіміз.

Арамызда үшінші кластан тек екі оқушы ғана жоқ - Майра мен Жанбосын. Батырқан балаларын Сарыбастауға жібермеді, орысы бар, орыс тілін үйренуге қолайлы Нарынқолда оқытуға алып қалды. Нарынқолға тек қолы жеткен барып оқиды, Нарынқол қала, онда әр алуан кеңселер, шатырлы үйлер көп деп естимін. Бірақ әлі көрген емеспін.

Нарынқолдың көшелері түп-түзу, онда қолдың саласындай болып зәулім бәйтеректер өседі дейді. Бір көруге құмар-ақпын.

Сарыбастаудың қайда екенін білемін. Былтыр Бірінші май мерекесін екі колхоз бірігіп тойлау үшін арбамен ұбап-шұбап осында келгенбіз. Сарыбастау дейтін

поселкені сонда көргем. Ауылдың дәл қасында үсті жап-жазық көгал дөң бар екен. Әр түрлі ойын-тамашалар сол жерде өткен. Соңынан мектеп үйінде Қостөбеден келген қонақтарға қонақасы берілген. Ет, картоп турап істеген бір-бір табақ майлы сорпа ішіп, қарық болып қалғанбыз. Қартопты бұл менің бірінші рет татып алуым болатын. Картоп маған ғажап ұнаған.

Мені бұл тойға тастамай ертіп әкелуші қайран ғана Әлиман жеңгем еді ғой. Қалың нөпір жат адамдардың арасында жеңгемнен ажырап қалмау үшін мен оның қолынан мықтап ұстап алғам. Дастарқандағы дәмді тағамның ол бірін өз аузына алып салса, бірін менің аузыма салатын еді.

Айтпақшы, біз сол жолы Сарыбастауда қонғанбыз. Кешінде мұндағы бастауыш мектептің ересек оқушылары бізге пьеса көрсеткен.

75

Бұл менің тұңғыш рет пьеса көруім. Аты есімде қалмапты, әйтеуір ішінде бай, кедей, кемпір, шал бар.

Балалар сахнаның тура алдына еденге жайғасып отырып алғанбыз. Пьесадан алған әсерім керемет! Өзіміздей жап-жас балалардың сақал байлап, шал болып ойнауының өзі-ақ маған тапқырлықтың шыңындай боп көрінген. Кілең столдарды тізіп, үстіне киіз төсеп, сахнаны солай жасаған екен. Көруші халық бөлмеге сыймайды. Артистер бір сөз айтса, көрермендер бір сөз жалғап айтып, ду-ду етеді. Бұл кеш менің есімнен кетпестей болып сақталған еді.

Сол Сарыбастауға міне, енді тұрғын болуға, оқып, білім алуға келе жатырмыз.

Арық ат ауылдан шыққан кезде бүкеңдеп желген болған. Біз шу-шу етіп, еліріп, камшыны үсті-үстіне баса түскенбіз. Қарды боратып, итті абалатып, Сарыбастауға міне біз келдік деп, құйындатып жетіп бармақпыз. Сөйтсек, бұның бәрі орындалмас арман екен. Ауылдан небәрі үш-төрт километр ұзаған соң аты түскір сыр алдыра бастады. Жол көмілген жерде омбылап, жүре алмауға айналды. Тағы біраз жүрген соң бүкіл денесін қара тер басып, құлақтары салпиып, ұсқыны кетті. Бұл аттың болдыра бастауының нышаны еді. Екі өкпесі солқ-солқ етіп, ұрмақ түгіл басымды алсаң да жүрерге халім жоқ деп, ентігін тұрып қала береді.

Ат айдаушы біздің барлық уақыттағы командиріміз Жүнісбай еді.

- Түсіндер! Енді жаяу жүріндер! Ат болдырды, - деді. Балалардың ішінде жас жағынан да, дене жағынан да ең кішісі менмін. Үстімде Әлиман жеңгемнің сөл-бірейген қара шапаны. Жат елге алым-салым жұтап бармасын деп берген еді.

Жылы болу үшін белімді сыртынан әкемнің жіңішке қайыс белбеуімен буынып алғам. Шананың артынан зорға ілесіп келемін. Қардың тереңдігі қонышымнан келеді. Малтаңдап әрең аттаймын. Жел алдан, Арық атқа қамшы ауыр дегендей, тентек жел көкірегімнен кері итеріп, одан бетер шаршатады. Бір кезде менің де әлім бітті, діңкелеп жүре алмауға айналдым. Балалардан анадай жырылып, қалып қойдым.

- Адымда! Жүр! - деп бұйырады Жүнісбай. Мен жеруге халім қалмағанын айтам.

- Жарайды, отыр шанаға. Мен қуанып отырып алдым.

Жүнісбай өзі шанамен қатарласып, жаяу айдап келеді.

Малақайының бауын тартып байлап алған. Екі бетіне, маңдайына, қастарына қырау тұрған. Кей жерде тізеден келетін омбы қарды ол ұзын сирақтарымен екілене кешеді, шаршау түгіл еңтігуді білмейді. Қырау басқан бурыл қабақтың астынан екі көзі мынадай қиындыққа, қайта егескендей, от болып жайнайды.

Ат бір жүріп, бір тоқтайды. Жүріс өндімейді.

Міне, тағы тоқтап тұр. Ат тоқтағанда, шананың соңынан үйме-жүйме болып шұбаған балалар да тоқтайды.

Шанада азырақ шөп бар. Атқа шөп жегізіп, әлдендіріп алдық. Қимылсыз отыра бергенге, қалтырап тоңып барам. Шанадан түсіп, олай-бұлай жүгіріп, жылынып алуға қайтып отырғызбай қоя ма деп қорқам.

Қыстың бір тұтам күні сарқылып, кешке айналып барады. Сарыбастаудың әлі қарасы да көрінбейді.

Тағы қозғалдық. Аз жүрді де, ат тағы діңкеледі. - Түс, біраз дем алдың ғой, енді жаяу жүр, - деді Жүнісбай. Жаяу жүрудің азабын ойлап, жүрегім зырк ете қалды. Бірақ бағынбасқа амалым жоқ.

76

Тағы да жаяу жүріп келем. Тағы да балаларға ілесе алмауға айналдым, - Жүнісбай, шаршадым. Жүре алмаймын... Балалардың кейбірі:

- Жүре алмасаң, қал, - деп жыныма одан бетер тиеді. Жүнісбай ересек балалармен бірдеңені күбірлеп сөз етісіп тұр. Мен өкпем өшіп қастарына келдім.

- Жарайды, біз сені шанаға отырғызайық. Сен ол үшін бізге бір таба нан бер, - деді Жүнісбай.

Балалардың қай-қайсысының да әкеле жатқан азықтары бар. Көбі талқан-тұлқан, нан сирек.

Бір дорба талқан, екі таба наным бар менің. Нан дорбаның ауыз жағына салынған. Дорбаның аузы жамау жіппен көктеліп тігілген. Бүйтіп қолға түсе бермейтін қайран ғана нанымнан бір үзіп жесем деп, өзім де зар болып келе жатыр едім. Бір таба нанды тектен-текке бере салуға тіпті де қымаймын. Екі бүйрегімнің бірін суырып беретіндей ішім ашиды. Ал жаяу жүрудің азабы одан да жаман.

- Не істерімді білмей, күйзеліп тұрмын.

- Өзің біл. Бермесең, біз сені қинамаймыз, - деп Жүнісбай бастатқан обыр топ маған кегжие қарайды. Біздің бұл шартымызға көнесің ғой, көнбей, қайда барасың дегендей болады.

Мен қиналудамын. Оңбағандар нағыз жанды жерімнен ұстағанын қарашы!

- Бол! Бересің бе, жоқ па? Бермесең, Сарыбастауға дейін жаяу жүресің.

Сарыбастау әлі жер түбі. Оған дейін жаяу жүріп, өлмеймін бе! Бір таба нанды тектен-текке бере салу...

Екі оттың ортасында тұрмын. Екеуі де нағыз тозақ оты.

- Жарайды, жарты таба нан берейін, - дедім. Жылағандай болып эзер айттым.

Үлкен балалар өз ара тағы ақылдаса бастады. Бұлар Шықабайдың Тұрсынбайы, Уәлібайдың Әбегі, Өзібектің Әріпбайы секілді кілең қадалған жерінен қан алмай тынбайтын көкжалдар еді. Ақылдасты да, көнді олар.

Дір-дір еткен аяншақ қолмен қоржынның аузын сөгіп жатырмын. Сарыбастауға барғаннан кейінгі халді тағы да ойлаймын. Ағайым Мырзатай дейтін адамның үйіне түсесің. Мырзатай тосып алады. Сол үйде жүріп оқисың деген. Жол-жөнекей қоржынның аузы сөгіліп қалғанын, жарты таба нан ғайып болғанын көріп, олар не айтады? Мен не айтам?

Нан тоң боп қалған екен. Күш жұмсап, сындырып жатырмын. Өзімнен өзім аяп келе жатқан қайран нан қазір ту-талапайға түседі. Кім көрінген сұғанақтың аузында кетеді. Бұл деген қорлық-ақ еді.

- Мәндер...

Арық ат омбылап тағы да қозғалды. Мен ғана шананын үстіндемін. Жамбастап жатып алғам. Ақысы төленді. Енді маған ешкім де жаяу жүр деп айта алмайды. Тек нанымға ішім ашуы оңайлықпен басылатын емес.

Түн болған, бір тоқтап, бір қозғалып, итшілеп жүріп келеміз. Алдан жылтылдаған от көрінді. Сарыбастау екен деп, қуанып шу ете қалдық. Сөйтсек, қырман екен. Біреу сабанға от қойып кетіпті, қып-қызыл боп, қоздап жанып жатыр. Атты тағы да шалдырып, өзіміз жылынып алдық. Және қозғалдық. Ит үргені естілді. Келе

жатқан жолымыз қатқылданып, түзеле бастады. Қарауытқан там үйлер, жылт-жылт еткен шам жарығы көрінді. Күні бойы діңкелетіп жеткізбей қойған Сарыбастау осы еді. Рас келдік пе, өтірік келдік пе!

77

<<М. С. С.>>

Сарыбастауда оқып жүріп жаттым.

Мұндағы бастауыш мектеп төрт кластық. Қостөбедей емес, бала саны мол, көңілді. Пионер ұйымы дегенің шақшақ етеді. Сабақтан тыс уақытта ойын-сауық үйірмесі, қабырға газетін шығарту, т. т. қол тимейді. Әйтеуір қалай болғанда да күнде кешке қарай мектепке жиналамыз. Тым болмағанда, әр түрлі ұлт ойындарын ойнап қайтамыз. Мектеп ол біздің әрі көңіл көтеруге баратын клубымыз тәрізді.

<<Көзден кетсе, көңілден болады ұмыт>> деп, қазакем бекер айтпаса керек. Майра, менің Майрам енді ұмыт бола бастады. Көңілдің көбелегін өзіне магниттей тартып тұратын басқа гүл табылды. Ол - Күлән еді. Мен үшін енді дүниедегі ең сұлу, ең сүйкімді қыз осы Күлән.

Күлән менімен бірге оқиды. Менімен бір партада отырады. Мен оны басқа біреудің қасына отыруға қимаймын. Күрең шашын дәл желкеден желбіретіп қиып қойған, сұңғақ бойлы, аққұба, әдемі қыз.

- <<Жүз қызға ғашық болдым мен>> деп, Расул Ғамзатов айтқандай мен-дағы өмірімде жүз қызға ғашық болдым. Соның әрқайсысы дүниедегі ең сұлу қыздар еді. Күлән соның бірі.

Күлән екеуміз сабаққа бірге келеміз. Сабақтан бірге қайтамыз. Мен жүретін Мырзатай үйімен Күлән үйі көрші. Күләннің әкесімен Мырзатай ағайындас адамдар. Жай уақытта да Күлән бұл үйге келіп-кетіп жүреді. Күләнді жарты сағат көрмесем елегізіп тұратын едім. Соны сезгендей Күлән, кенет, жарқ ете қалады. Әйтеуір бір сылтаумен Мырзатай үйіне жетіп келеді. Күләнді көргенде, кішкентай жүрегім күмбірлеген қуанышқа толып кетеді.

Сабақта отырмыз. Мұғаліміміз Қатубаев деген өңі суық қара сұр адам. Күләнмен менің сөзім таусылған ба! Оған бірдеңені сыбырлай айтып отырмын. Жарты назарым сабақ түсіндіріп тұрған мұғалімде болса, жарты назарым Күләнде.

Күләнде көбірек.

Мұғалім сөйлеспей, тыныш отырыңдар деп, бір рет ескертті. Екі ескертті. Өліп-өшкен <<ғашықтарға>> бұл ескертулер әсер ете қоймады. Бастарымыз одан бетер түйісіп, сыбырымыз жалғаса берді.

Қатубаев енді одан бетер қатуланды:

- Сен екеуің шығыңдар кластан! Далаға барып сөйлесіңдер!

Бізді бүкіл класс болып көздерімен ұзатып салды.

Бұндағы мектеп үйі екі ғана кластық, яғни екі бөлме. Ортада дәліз. Біз дәлізде бүрісіп біраз тұрдық. Дала қар, күн суық. Қарсыдағы класқа құлақ түріп байқасақ, тым-тырс. Ешбір сыбыс естілмейді. Есікті ақырындап ашып көрсек, бос. Мұндағы оқушылар тарап кетіпті. Күлән екеуміз қуанып, жылы класқа кіріп алдық.

Екеуден-екеу оңаша, әңгімелесіп отырмыз. Құдай тілекті берді, енді не айтсақ та еркіміз. Жай уақытта менің Күләнға айтсам-ау дейтін сөздерім көп болатын.

Күлән екеумізді осылай мәңгі-бақи оңаша қамап қойса, мен өкінбес едім. Құдай әркімнің бір тілегін беремін десе, мен тек осыны тілер едім.

78

Әлгі арадан бір жыртым ақ қағаз тауып алдым. Қалтамда бір тұтам қарындашым бар.

- Күлән, мен саған бірдеңе жазайын ба? - деп, қулана қарадым.

- Не жазасың?

- Бірдеңе...

- Жаз.

Мен жазбақ болдым. Жүрегім лүпілдеп, қолым дір-дір етеді.

- Сен қарама, - дедім.

- Қарамаймын, - деп Күлән ары бұрылды.

Мен қағазға <<м. с. с.>> деген үш әріпті асығыс жаздым да, Күләнға ұсындым.

- Бұл не?

- Тап өзің.

Күлән қайдан білейін дегендей иығын қомпаң еткізді. Мен енді өзім талдап айта бастадым.

- Мынау <<м>> мен деген сөз.

- <<с>> ше?

- Сені деген сөз.

- Ал мына <<с>>?

Менің тілім байланып қалды. Маңдайымнан бұрқ етіп тер де шығып кетсе керек.

Өйткені пәленің бәрі осы соңғы <<с>> да жатыр еді.

- Ал айт? Бұл не деген сөз?

- Тап өзің?

Дәл осы кезде қоңырау сыңғыр ете қалады. Сабақ бітті.

Жамыраған қозыдай боп, қазір оқушылар жүгіріп шығады. Күлән екеуміздің оңашалық өміріміз бітеді. Жұмбақтасып тұруға енді уақыт жоқ. Айтсам, ақырына дейін айтып қалуым керек.

- Бұл ма... бұл <<сүйемін>> деген сөз...

Дүниеде теңдесі жоқ ерлік іс істедім. Күләнға айтарымды айтып салдым. Күлән өз құлағына өзі сенбегендей маған тесірейіп қарапты да қалыпты. Кенет ол менің қолымдағы қағазды жұлып алды.

- Мұғалімге беремін, - деді де жүгіріп шығып кетті.

Төбемнен тас құлағандай мелшиіп отырдым да қалдым.

Күләннің аузынан мұндай сөз естігенше, жеті қат жердің астына түсіп жоғалғаным мың есе артық еді.

Пәленше қызға хат жазыпты...

Сүйемін депті...

Оқушылардың арасынан мұндай сөз естілуі мектепке өрт шыққанмен бірдей. Кім жазыпты, кімге жазыпты? Жұрт лезде біліп алады да, екеуін де ағаш аттың басына мінгізіп қояды. Бұдан соң өмір сүргеннен де сүрмеген артық.

Әлгі минуттан - Күлән қолымнан қағазды жұлып алып, жүгіре жөнелген минуттан бастап, менде зәре қалмады. Ажал сағатын күткен тұтқын тәрізді іші-бауырым қалтырап күтудемін. Менің ендігі өмірім санаулы.

Бір күн өтті, тыныш.

Екі күн өтті, тыныш.

Бұның бәрі де мен үшін азапты күндер еді. Сабақта бұрынғыша Күләннің қасында отырамын. Бірақ тілдеспеймін. Сабақтан тыс уақытта оған жоламаймын.

79

Мұғалімді немесе вожатыйды көрген жерде жүрегім зу ете қалады. Міне, осы тап қазір:

- Өй, ұятсыз, сен не істеп жүрсің? - деп, жерлей бастайтын тәрізді.

Сабақта отырғанда да мұғалім бетіме қараса, жаным тырнағымның ұшына келеді. Қара қарындашпен асығыстау болып <<м. с. с.>> дейтін үш қана әріп жазылған, умаждалған бір жыртым жаман қағаз - менің күндіз-түн ойлайтыным тек осы. Күлән мұғалімге беремін деді, яғни берді. Мұғалім оны қалтасына салып алып, енді әдейі үндемей жүр. Менің жанымды қинай түскісі келеді. Қайда кетер дейсің? Ерте ме, кеш пе жазасын тартады дейтін шығар.

Бұл күндері менің ішкенім ірің, жегенім желім. Күтудемін! Күте-күте тіпті жалықтым. Енді не болса да, болса екен! Құртатын болса, құртса екен. Бірденені күндіз-түні қалтырап күтуден жаман іс жоқ.

Мұғалім атымды атаса, дір ете қалам.

- Тақтаға шық, - деді. Өлім сағаты жетті, құрыдым деп ойлаймын. Балалардың алдына шығарып алып, жер етпек қой.

Жоқ, тыныш. Әңгіме <<м. с. с.>> жайында емес, сабақ жайында.

Вожатый шақырып жатыр десе де зәрем қалмайды. Е, сол үшін шақырып жатыр ғой деймін. Қашан жетіп, естігенше ішіме қан құйылғандай болам.

Сөйтсем тыныш.

Бүйткен тыныштығы бар болсын. Бір өлем-ау деп, мың өліп, әбден қор болдым. Және бірнеше күн өтті. Көңілім аздап орнығайын деді. Үйде жалғыз отыр едім. Күлән кіріп келді. Келі сұрай келген екен. Артынан есік алдына ере шықтым. Маңайда ешкім жоқ екенін көріп:

- Күлән, - дедім.

- Не?

- Сен әнеукүнгі қағазды бермеші мұғалімге...

- Қай қағазды... А! Оны мен баяғыда-ақ жыртып тастағам.

Уһ! Жүрегім орнына жаңа түсті.

ҚАРА ШАПАН

Класта сабақ жүріп жатқан. Кенет есік айқара ашылды да, ар жақтан біздің ауылда бригадир болып істейтін Нұрғазы көрінді. Үстінде етегі жерге шұбалған сеңсең ішік, аяғында пима. Бір қолында жұмарлап ұстап алған қап тәрізді бірдеңесі бар.

- Біздің ауылдың Бердібек дейтін баласы осында оқи ма? - деп Нұрғазы бәрімізге шола қарап тұр.

Үйдің іші маған бірдеңе беріп жіберген екен ғой деген қуанышты оймен <<аға, мен ғой>> деп, орнымнан ұшып түрегелдім.

Табанының қары сықыр-сықыр етіп, Нұрғазы бері класқа кірді.

- Әй, ағаң мен жеңгең ажырасқалы жатыр. Сен жеңгеңнің шапанын киіп кетіпсің. Жеңгең шапанымды беріп жіберсін деді. Саған мынаны кисін деді, мә, - деп Нұрғазы қолындағы нәрсені алда отырған балалардың төбесінен маған қарай асыра лақтырмасы бар ма, Сөйтсем, әлгі нәрсе қаудырлаған бір жаман плащ екен.

80

Тура менің алдыма партаның үстіне топ ете қалды. Сия сауыт, қағаз-қаламды шашып, машақаттап кетті.

Мен не істерімді білмей, сасып қалдым. Масқара! Мұндай да масқара іс болады екен. Кіріп кетуге жер тесік емес. Бүкіл класс маған қарайды, мен жерге қараймын.

- Бол, бол! Жеңгеннің шапаны қайда, бер! - дейді Нұрғазы. Сабаққа бөгет жасадым-ау деген ой оның басына енді ғана келген тәрізді.

Класта киім ілгіш болмайтын. Сырт киімдерімізді терезенің алдына үйіп қоятынбыз. Қара шапан сол киімдердің арасында. Кірмегенім қара жер, қара шапанды Нұрғазыға алып беріп жатырмын

...Бос класс. Балалар тарап кеткен. Мен ғана орнымда тапжылмастан отырмын. Жылап отырмын. Ағайымнан ажырасып кетіп бара жатқан Әлиман жеңгемді қимаймын. Нұрғазы алып кеткен бүтін қара шапанды қимаймын. Атаңа нәлет жоқшылық, мұншама қор етерлік мен саған не істедім деп, ыза болып жылаймын. Құрғыр Нұрғазы-ау! Сен мені мектепке іздеп келмей-ақ, сабақ бітуін тоссаң қайтетін еді. Сосын мен жүрген Мырзатайдың үйіне келсең, әлгінің бәрін сонда айтсаң, қара шапанды үстімнен сонда сыпырып алсаң болмас па еді?

Қайран ғана надандық-ай! Көңілдің көрсоқыр болуынан жаман не бар екен!

...Бос класс. Қаудырлақ жаман плащты үстіме олай киіп көрем. Былай киіп көрем. Біздің үйде бұл тәрізді киім жоқ секілді еді. Ағаларым бұны қайдан алды екен? Әлдекімнің бастан құлақ садақа деп, күресінге лақтырып тастаған салабасы емес пе?

Бұл плащты бұған дейін не тракторшы, не мал соятын қасапшы киген. Өйткені май болмаған жері жоқ. Өсіресе, екі жеңнің ұшы мен екі қалтаның аузы майға әдейі малып алғандай.

Плащтың ішіне мен тәрізді екі адам мол сиятын. Етек шұбалып жерге тиеді, жең салақұлаш. Әр жеңнің кеңдігі қасқырдың апанындай. Қанша сорлы болсам да мына плащты киіп, көшеге шығуға бетім шыдайтын емес. Тым құрса, өз денеме шақ болса екен-ау! Бұны киіп алғанда, қойшылардың ит-құсты үркіту үшін қора шетіне орнатып қоятын қарақшысынан аумамайтын тәріздімін.

Не істеймін? Басқа киер киім тағы жоқ. Тым құрса, жылы кез болса екен, жейдешен-ақ жүрер едім. Қазір қыс, күн суық. Кебінін сүйреткен өлік тәрізденіп жексұрын плащты қаудыр-қаудыр еткізіп, Күлән үйінің есігінің алдынан өтіп бара жатқанша, өлгенім артық емес пе?!

Күлән тіпті танымай да қалар.

Күлән шошыр! Нағыз <<м. с. с.>> енді бопсың демей ме?

О, тағдыр! Көрсеткен азабыңның бәріне де көніп келем. Тек осыңа - мына жексұрын плащты киім етуге көне алатын емеспін.

Бұны киіп, көшеге шыға келсем, ауылдың бүкіл иті менің соңымда болуында дау жоқ.

<<Бұл>> плащты киіп, сый елге күлкі болып жүргенше. Өшір қараңды! Кет! Жоғал бұл арадан>>, дейді ар-намысым.

Мектеп үйі көшенің төмен жақ шетінде. Қостөбеге қарай қасқайып кетіп жатқан шана жолдың бойында. Етегі жер сызған жаман плащқа оранып, кітабымды қолтығыма қысып алдым да, ұрыша жан-жағыма сығалап қарап, сыртқа шықтым. Маңайда ешкімнің қарасы байқалмайды. Маған керегі де, міне, осы еді. Жан адамға көрінбеген қалпымда Қостөбе қайдасың деп, тартып отырдым.

81

Қостөбедемін. Үйдемін. Аанада арық ат бір күн сүйреп әрең жеткізген аралыққа екі сағаттай уақытта зымырап келдім. Күннің суықтығы зымырамасыма қоймады. Жай жүрсем, тоңып, өліп барам.

Сезінгіш жүрегім есіктен аттап кірген бетте-ақ үй ішін ала құйын кезіп өткенін, аға, жеңгемнің арасындағы әуелгі сүттей ұйыған татулықтан түк қалмағанын бірден байқады. <<Құлыным, неғып келдің? Тоңып кетіпсің-ау>> деп, жеңгем үстіме төніп түспеді. Бұрынғы тазалық, бұрынғы береке бәрі ғайып болған.

Кешкі шайды қос басында отырғандай әркім әр жаққа қарап, томсырайып отырып іштік. Әлиман жеңгемнің қабағы түсіп кеткен. Күйеуіне деп құйған шайды

Сатылғанның алдына жеткізбей, орта жолға торс еткізіп қоя салады. Бұл тәрізді тұрпайылық бұрын одан шықпайтын еді.

Ағайым мен жеңгем біреуіне біреуі тіл қатыспайды.

Түнде де екеуі ары жат, бері жат деп, кең төсекке сыймай шықты.

Ол екеуінің арасын кезіп өтіп, мұндай халге түсірген елдің сыпылдап өрши берген есегі еді. Өсек ол ағаш тамырына түскен құрт тәрізді емес пе? Дер кезінде бір шара қолданбасаң үңгіп жей береді де, сап-сау ағашты құлатып бір-ақ тынады. Мәуелеп тұрған жас терек, жас семья - ғұмыры бітіп құлауға жақын еді.

Ертесінде Әлиман өзіне тиесілі нәрселерін буып-түйіп алды да, кетіп қалды.

Өсекші ағайынның тілектерін берді. Сатылғанға енді үлбіреген қыз алып берулеріне болады.

Әйелі кеткен үйдің қандай болатынын сіздер сұрамаңыздар, мен айтпай-ақ қояйын.

Әйел мен еркек қосылғанда бір-біріне дүниедегі ең асыл сөздерді тауып айтса, ажырасқан кезде не бір адам құлағы төзбейтін лас сөздерді түйдек-түйдегімен боратады екен. Ол сөзді мен айтпайын да, сіздер сұрамаңыздар.

Сөйтіп, Әлиман жеңгем кетіп тынды, біз баяғы таз кебімізге қайтадан түстік. Қара шапан Әлиманның үстінде кетті.

СҮМБЕ САПАРЫ

Кеш бойына дөңбекшіп жылаумен болдым. Сатқақ-сатқақ жексұрын плащты кимеймін, киім тауып беріңдер. Бұны киіп, Сарыбастауға енді қайтып өлсем де бармаймын деймін ағаларыма. Оқудан қалатын болдым-ау деп және қайғырам.

Бір жағынан әйелі кетіп, бір жағынан киім тауып беріңдер деп, мен жылап, әптер-тәптері шығып жатқан сорлы үйге сол күні кешке шешемнің ағасы Қағазбай нағашым келе қалар ма! Әлдеқандай шаруамен Нарынқол барып, қайтып келе жатқан беті екен. Өзінің кішкене қаракер биесін жеккен тәйпиген жеңіл ғана шанасы бар.

Екі көзім, былаудай боп, мұрнымды қорс-қорс тартып отырған мені нұсқап, Қағазбай:

- Мынаған кім тиді? Бұл неғып жылап отыр? - деді. Әкем менің жылауымның жайын айтты.

- Жылама. Жүр, сені ертең Сүмбеге алып кетейін. Сонда оқисың. Киім де, бәрі де табылады,

- деді Қағазбай.

82

Мен бұған қуана-қуана келістім.

Қазір көктем басы. Қар босап ери бастаған. Жол үсті түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз. Шанаға күндізгі жол ауыр. Сондықтан Қағазбай нағашым ел жата жол қатқақта жүріп кетеміз дегенді айтты. Таңертең түк көрмегендей боп, Сүмбеде отырмақпыз.

Ағаларым жексұрын плащты Сүмбеге дейін кие кет деді. Мен кимедім. Қағаз аға киім де, бәрі де табылады демеді ме? Сол сөзді көкейіме түйіп алғам. Әдейі сырт киімсіз жүрдай болып баруды дұрыс көрдім. Нағашым үйі мына суықта мені мектепке көйлекшең тіпті де қуаламайды. Бір сырт киім, қалайда тауып береді. Қандай киім тауып берсе де, мына лағынет плащтан жаман бола қоймас.

Жыртық шалбардан жалаңбұтым артық деген екен бір кедей. Мен тұпадан-тура сол принципті ұстадым.

Қағаз ағаның үлкен сары тоны бар екен. Мені соған тұмшалап орады да, шананың арт жағына көлденең жатқызып қойды. <<Сүмбеге жеткенше, ұйқыңды қандырып ал>>, - деді.

Ол өзі бешпентшең, Қаракер бие бүлкектеп жүріп келеді. Кешкі суықта қатқақ боп қалған жолмен шана жеңіл сырғиды. Қарны кебежедей буаз бие қатты жүріске жарамайды. Өрлеу жерге келгенде Қағаз аға оны еркіне қойып, жай ғана аяңмен жүргізеді.

Жолдың күнес жақ шетінің кей тұсы қарайып ашылып қалған. Қара жер шана табанына дөп келсе, жабысып ұстап алады. Қаракер бие сол кезде мықшиып, жіңішке аяқтары маймаңдап, күшке салып тартады. Қара жер шананы алып қалмақ боп, қаракер бие көнбей, күш сынасып жатқан тәрізді. Делбе ұстап отырған Қағаз аға құйрығын қопаң-қопаң еткізіп, қаракер биеге көмектескендей болады. Соның арқасында бие шананы жұлып әкетеді.

Бала кезімде мен, ой, ұйқышыл едім (Сол әдетім әлі қалмаған. Дүниеде екі рақат болса, ұйқыны соның біреуі деп қараймын). Тонға оранып, қисайғаннан кейін-ақ маужырап ұйқым келе бастады. Содан ұйықтап кеткен екем. Біреу:

- Ей, Бердібек! Тұр! Тұр-ей! - деп дауыстағанда, көзімді ашып алдым. Қасқа жолдың үстінде, аспанның астында жатырмын. Бұл не ғажап?

Сөйтсем, мына қызыққа қараңыз: жолда Тереңөзек дейтін шұңғыл сай бар. Соның шыға беріс қабағында шананың шөңкіе берген артынан мен домалап түсіп қалыппын. Оянбаппын. Қағаз аға ештеңе сезбейді де, кете береді. Өлден уақытта артына бұрылып:

- Бердібек, тоңған жоқсың ба? - дейді.

Сөйтсе, мен түгіл, менің көлеңкем де жоқ, шананың арты боп-бос. Қағаз ағаның жүрегі су ете қалады. <<Япырау, бұл қайда кетті? Жын боп ұшып кетті ме?>>

Қағаз аға ат басын кейін бұрады. Тереңөзектің шыға беріс қабағында қасқа жолдың үстінде тонға оранған қалпымда пыр-пыр ұйықтап жатқан мені көреді. Оянып алып, не болғанын білген соң күлмеске лажым жоқ. Қағаз аға да күледі.

- Сол бойда артыма қарамастан кете берсем ғой, қаласың. Қасқырға жем боласың. Адамның ұйқысы мұндай да қатты болады екен, ой тоба! - дейді. Халқының жарым бөлегі ұйғыр болып келетін Сүмбеде тауық көп. Тауық көп жерде қораз көп. Таң атқанын білдіріп, қалың қораз өңештерін жырта әнге салып жатқанда, қыстақтың шет жағындағы нағашым үйіне ат басын біз де тіредік.

83

ТОҒЫЗ АУЫЗ

Нағашым үйі сегіз жаны бар үлкен семья. Олар: Сембай атам, Бөпке әжем. Екеуінің жасы да жетпіс бірде. Одан соң олардың балалары Қағазбай, қырық жеті жаста. Қағазбайдың әйелі Зәуре, күйеуінен екі-үш жас кіші.

Қағазбайдың екі ұл, екі қызы бар. Ұлдары Қасымқан, Рамазан. Қасымқан менен үш жас үлкен, Рамазан құрдас. Қыздары Оралхан, Оразхан - екеуі де мектепке бара қоймаған.

Тықса, тығын шақ келмейтін мауыздай сегіз ауыздың үстіне мен тоғызыншы болып қосылдым.

Бұл үйде жұмыс жасында саналатын екі ғана адам бар. Олар Қағазбай мен Зәуре. Зәуре науқасшаң, ауыр еңбекке жарамайды. Таңертең бригадир келіп:

- Жұмысқа шығындар! - деп айқай салғанда, қыс демей, жаз демей, ешқандай бөгеліссіз суырылып шығатын көнбіс Қағазбай ғана.

Бұл - бір адам тоғыз ауызды асырайды деген сөз. Тоғыз да ересек, сау ауыздар. Тамақ түгіл, тас тастасаң қарш-қарш шайнап, қылғып қоюға дайын. Мықты болсаң, тойындырып көр енді!

Қазақтың бойындағы бір асыл мінез жақынын далаға тастамайды. Аузындағы асынан жырып береді. Нағашым үйі маған ешқандай да ауырсынған қабақ білдірген жоқ. Осы үйдің өз адамындай, менің басқа жаққа бармай, осында салмақ салып келуім заңды дегендей шұрқырап қарсы алды.

Атам Сембай тіп-тік биік денелі, бұрыл сақалды, келбетті, мінезі қаталдау адам. Маңдайымнан бір иіскеді де қойды. Жақындығын, мейірімін солай білдірді.

Бөпке әжем ондай емес, көңілшек. Мені көрген жерде-ақ көңілі босап, кемсеңдеуге дайын тұрды. Бетіме бар сілекейін жұқтыра жабысып, сүйіп-сүйіп алды да, қайтыс болған қызы Әсбетті - менің шешемді еске алып, жоқтай жөнелді. <<Әсбет-ау! Асылым-ау! Шынымен-ақ көз көрмес. құлақ естімеске кеткенің бе!>>

Қағазбайдың әйелі Зәуре орта бойлы, шұбар жүзді, салмақты адам. Талайдан аурушаң, әрі баланы көп көтерген. Өзі шұбар бет-аузын жыпырлаған әжім қоса басып, апамнан да бетер кәрі етіп жіберген. <<Айналайын Беркенім. Жігіт бопсың ғой>>, - деп, ол-дағы бетімнен мейірлене сүйіп жатыр.

Балаларды қойшы, менің келгеніме олар мүлдем қарық. Менің енді осында оқитынымды біліп, әсіресе, Рамазан мәз, өйткені ол екеуміз бір класта оқимыз.

- Қасымнан орын тауып берем, қатар отырамыз, - дейді Рамазан. Тұра-бара ол екеуміздің арамызда ауыз жаласудан гөрі шекісулер көбірек болатынын әуелгі күні ол да, мен де болжай алмаған тәріздіміз.

Қағазбай нағашым нағыз ғажап адам. Біреуге иненің жасуындай жаманшылық ойлауды білмейді, өзім деген кісіге қоң етін ойып беруге дайын тұрады. Қағазбайлар көп болса, жер бетінде ешқандай қайғы да, қасірет те, ұрыс та, талас та болмас еді. Күн ылғи күлімдеп, адамдар бір-біріне тек ізет етіп тұрар еді.

Қағазбай тәрізді адамдар көп болса, жетімдік пен жесірлік білінбес еді. Бой жағынан әкесіне тартпаған, аласа келген, бетжүзінен, көзінен адамшылық сезімнің не бір жақсы нышандары нұр боп саулап тұратын бұл тамаша жанның мейір ықыласына құрық бойламайды.

Таңертеңгі шайдан кейін Рамазан екеуміз мектепке жинала бастадық. Қағазбай сол кезде әйеліне:

- Зәуре, сен бешпентіңді Бердібекке бер. Бердібектің сырт киімі жоқ екен. Мына суықта мектепке жейдешең бара алмайды ғой, - деді.

Зәуре қыңқ деместен берді.

Астарына жылылап мақта салған, қалың матадан тігілген көнетоз бешпент екен. Жексұрын плащқа қарағанда тәуір. Киіп алдым. <<Мә, беліңді мынаумен буып ал, жылы болады>>, - деп, Қағаз аға өзінің жіңішке қайыс белбеуін белінен шешіп берді.

Менің белім бір уыс. Талыстай әйел киім етіп жүрген бешпенттің екі өңірін айқастырып салып қапсырынғанда, бір емес, екі бешпентті қабат киіп алғандай болдым. Белбеудің бұрынғы тесіктері бір жақта қалды да, Қағаз аға беліме лайықтап, жаңадан тесік тесіп берді. Өзімнен бойы ұзын, қоңқақ мұрын Рамазанның көктен салаң етіп түсе қалған көмекшісі тәрізденіп, міне енді оның қасына еріп, өзім әлі үйір болмаған жат мектепке жүрегім дүрс-дүрс етіп, толқып келе жатырмын.

Сүмбе бұл аймақтағы селоның біреуі. <<Қызыл шекара>>, <<Ынтымақ>>, <<Үлгілі>>, <<Большевик>> аталатын төрт колхоздың орталығы.

<<Большевик>> колхозы түгелдей ұйғырлар.

Басқа үш колхоз қазақтың осы арадағы негізгі үш руынан: <<Қызыл шекара>> - Айт. <<Үлгілі>> - Жанбаба. <<Ынтымақ, - Қышпақ руынан. Кәдімгі Қара Қыпшақ Қобландының тұқымдары. Ішкері жақтан ауып келіп, осында сіңісті боппыз деп, өздері айтып отырады. Көріп отырсыздар, үш рудың да қоныстары бір. Бір өзеннен су ішіп, бір жердің отын оттайды. Мектеп бір, магазин бір. Ауыл совет, яғни, өкімет бір. Ал бірақ үш ру өз алдына бөлек-бөлек үш колхоз.

Ұйғырлар қазақтай емес, жер кәсібіне шебер халық. Там үйді де жұтындырып әдемі салады. Балшықтан қамыр илеп, түйме түйеді. Әр ұйғырдың үйінің іргесінде қорық соғып, қоршап алған бақшасы бар. Картоп, пияз, сәбіз, асқабақ, күнбағыс, капуста егеді.

Қазақ ауылдарында, айталық, біздің Қостөбеде бұның бірі жоқ. Қазекең мал, мал дейді. Мал жоқ болса, есінеп аш отырады. Тамақтың көкесі аяғының астында, қара жерде жатқанын түсінбейді. Ұйғырлар жер шұқылап, жер емеді.

Сүмбедегі қазақтар ұйғырлардың үй салу, жер игеру шеберлігін үйрене бастаған. Олар да қорық соғып, бақша егеді, құс ұстайды. Нанды тандырға пісіреді.

Мұндағы мектеп жеті жылдық. Мектеп үйі кесектен қаланып салынған үлкен, шатырлы. Терезелері көшедей. Мұндай үлкен терезелерді менің бірінші рет көруім. Ауылда там соққанда қыста суық болады деп, терезелерін сығырайтып кішкентай жасайтын. Мұншама үлкен терезелі үйде қыста адам қалай шыдайтынына таңмын.

Кейін, қыс түскен соң білдім, үлкен терезеден жарық көп түседі екен де, қыста да жылы болады екен.

Терезесі үлкен үй әрі жарық, әрі көңілді.

Мектептің асты да, үсті де тақтай. Қабырғасы бір метр. Мен үшін дүниеде бұдан әсем, бұдан берік үй жоқ секіл.

Класқа бөтен баланың кіріп келуі мұндағы кәрі тұрғындар үшін зор оқиға. Бәрінің назар тіге қалғаны мен болдым. Ех, шіркін! Бұндайда үстіңдегі киімдерің инеден

85

қазір ғана шыққан жаңа киімдер болса. Мына сумұрындарға <<жоламан-дар, киімді былғайсындар>> дегендей шекеңнен қарап тұрсаң. Ал енді мен секілді жабағы жамылған байғұсқа бұлар адам деп қарамайды. Мойнына бір-ақ секіріп мінеді.

- Мынау кім-ей?

- Бұл қайдан келді? - десіп жатыр. Әп-сәтте біраз бала өзімді қоршап та алды.

Ауыл итінің құйрығы қайқы. Ал сен болсаң, өзіңді кірмедей сезінесің, жүрегің қобалжып, арты не балатынын күтесің.

Дегенмен мен сыр білдірмеуге тырысам. Ә дегенде, мә демесең бұлардың желкелеп алатынын жақсы білем. Сондықтан көрген құқайым бұл ғана емес дегендей өзімді тосын жағдайдың қандайына да дайын ұстаймын.

Тәкаппар сұраққа тәкаппар жауап қайырам. <<Бұл менмін! Қайдан келгенімде сендердің не шаруаларың бар?>> деймін.

Менен гөрі бойы ұзындау, тақырбас сұрша бала басқаларды киіп-жарып, тура бетпе-бет келді. Көзқарасы өткір, осылардың ішіндегі нағыз пәлесі көрінеді.

Менен емтихан алатын адамша тақ-тақ етіп:

- Білсең айтшы, неше көсем бар? - деді.

- Төртеу, - дедім мен.

- Кім-кім?

Мен санап бердім.

Галстугімнің түйінінен шап беріп ұстай алды. Бұндайда не айту керек екенін жақсы білем:

- Әрқашан дайынмын, - дедім.

- Мынау не? - деп, тақырбас галстугімнің ұзын ұшын көрсетті.

- Партия.

Қысқарақ ұшын көрсетті.

- Мынау ше?

- Комсомол.

Галстуктің желкедегі үшкілін нұсқады.

- Мынау?

- Пионер.

Галстуктің түйінін көрсетті:

- Мынау не?

- Үшеуінің бірлігі.

Сол заманда пионерлер бір-бірінің саяси сауаттылығын осылай сынайтын.

Жаттамалы сұраққа жаттамалы жауап, мүдірмедім, сарнап айтып бердім.

Тақырбас мені сүріндіре алмағанға өкінген тәрізденіп, желкесін қасып, мүдіріп қалды. Сонда да тақала түсіп, түймең қандай-ей, белдігің қандай деп, енді ол маған тиісудің басқыншылық жолына ашықтан анық түсе бастады.

Мен жәутеңдеп, сен маған неге болыспайсың деп, Рамазанға қараймын. Сөйтсем, бойы ұп-ұзын болып, шеттеп, Рамазаным бейқам тұр. Тегі, ол тақырбастан жасқанатын тәрізді. Мені қорғап бір ауыз да емеурін білдіре алмайды. Өзім аман болсам, дегендей қалып танытады.

Сыриған қайран бой, қайран дене! Жасқаншақ Рамазанға біткенше, маған неге бітпеген!

Кенет тақырбас мені көкірегімнен оқыс итеріп келіп қалсын. Шалқалаған қалпымда мойным астыма қайырылып, оңбай құлап түсейін. Шүйдем қақ

86

айырылып, миым аузыма төгілгендей болды. Тақырбастың ымдауымен басқа бір бала артыма төрт тағандап жата қалған екен. Өлгіге сүрініп жығылған едім.

Менің өле жаздағаныммен ешкімнің шаруасы жоқ, бәрі дуылдасып күлісіп жатыр.

Оларға бұл ермек.

Мен осы арада тілмен айтып жеткізгісіз жалғыздық көріп, қорланып қалдым. Бізадан жарылып кетуге бармын. Өзімнің Қостөбемде болса, тақырбаспен шайнасып өлер едім. Ал дәл қазір, мынау жат орта, бөтен балалардың арасында, менен ондай ерлік шықпады. Шаңырақ иесі біз дегендей еліріп, өреки күлген содыр топтың мысы еңсемді басып кетті. Жылауды намыс көріп, жыламауға шыдамым әрең жетіп тұрмын.

СЕМБАЙ АТАМ ЖӘНЕ БІЗ

Нағашым үйіндегі бар адамды әскер деп қарасақ, сол әскердің бас қолбасшысы Сембай атам. Үйдің іші-тысындағы тіршіліктің бәрі де бас қолбасшының бұйрығымен істеліп жатады. Бұл беделге атам қартайған жасымен қарадай болған сақалын сатып, сол арқылы жетіп отырған адам емес. Шындығына келсеңіз, ол осы үйдің, осы үлкен семьяның Қағазбайдан гөрі де белді асыраушысы. Өмірде көрген, түйгені мол, жақсылық-жамандықты алыстан танып, аққаптал болған тәжірибелі қорушы. Осы қара шаңырақтың береке-панасы.

Желкесінде зілдей боп жетпіс отыруына қарамастан, атам еңсесін тік ұстайды. Бойындағы қаруы бір жігіттен кем емес. Еңбексүйгіш, әрі шаруақор. Қаракер биеден өзге, бұл үйде адал еттіден, қарны шермиген сынық мүйіз ала сиыр бар. Екеуіне де Сембай атам жем-шөпті өзі дайындайды, екеуін де өзі күтіп-баптайды. Сол күтімнің арқасында сиыры да, биесі де жыл сайын төл береді. Биыл да буаз. Сембай атам бір қора тауық, бір қора қоян өсіреді.

Бүлкең-бүлкең еткен кілең қара көк қоян там үйдің іргесін іш жағынан үңгіп, ін қылып алған. Сол індерден бірі кіріп, бірі шығып, өріп жүреді. Адамнан үркіп, қорыққанды білмейді, сенімен сөйлескісі келгендей қол созым жерде құлағы тікірейіп, көзі мөлдіреп, шоқиып қарап атырады.

Бұл үйдің еркектері мен қыздарының бастарында осы кезде қоян терісінен істелген бір-бір қара көк малақай. Әрі жібектей жұмсақ, әрі жылы. Осы тәрізді малақайым болса деп, қызығамын.

Ұйғырлардың дәстүрімен есік алдынан қорық соғып, қоршап алған аз ғана жер бар. Жарымына картоп егіледі, жарымына пішен өсіріледі. Осы жұмыстың бәр-бәрін атам бір өзі тындырады.

Дәл қазір, мен келген кезде, атам үйінде жарты ұра картоп бар екен. Кеспеге мол етін картоп турау бұлардың дәстүріне айналған. Әрі ұнға үнем, әрі кеспе дәмді.

Бір қора тауық бір қора жұмыртқа береді. Мауыздай тоғыз ауызға жем тауып тығындау да атам атқаратын қызмет, осал емес екенін енді өзіңіз де көрдіңіз.

Қонаққа қой ала жүгіріп үйренген қазекен тауық етін ет деп қарамайды. Онысы бекершілік.

Ал жұмыртқаны атам бізге жегізбейді. Кебек салған жәшікке мол қылып жинайды да, әр талын бес тиыннан дүкенге өткізеді. Әйтпесе, бұлар ақшаны

87

қайдан алады? Ақшасыз бұларға дүкенде сатылатын шайды, кездемені киім-кешекті кім береді?

Нағашым үйіндегі адамдар киім сәндемейді. Дүние, жиһаз жинамайды. Күндіз-түні ойлайтындары кеңірдектің қамы ғана. Күн жылыда жалаңаш, күн суықта үсіп өлмесе болды. Адамның жасы молайған сайын ұйқысы азаяды. Құс ұйқылы Сембай атам таңертең бәрімізден бұрын түрегелед. Малға шөп салады, тауыққа жем шашады. Содан кейін есіктің алдын сыпыра жүріп, дауыстап, үйдегі кемпірін оятады, - Бөпке! Әй, Бөпке! Тұр!

Айқай тек әжеме арналғанмен, бәрімізге бірден жетеді, бәрімізді бірдей оятады. Өйткені бәріміз бір бөлмеде ұйықтаймыз.

Екі кісілік бір ғана көне ағаш төсек. Онда Қағазбай мен Зәуре жатады. Басқамыз төр алдына жерге жаппақ тізіліп, <<колхоз>> болып ұйықтаймыз.

Бөпке әжем атам тұр дегенде бірден ұшып тұрмайды. Естісе де естімеген болып, тыпыр етпей жата түседі. Аз кідірістен кейін атам тағы дауыстайды. Бұл жолы үні әлгіндегіден қатуырақ шығады.

- Әй, Бөпке! Тұрамысың, жоқ па? Ана сиырды бадаға қос!

Шалының маза бермесін білген әжем:

- Таң атпастан қаңқылдап, осы қақпастан тарттымау, жағың қарысқыр? - дейді де, тұрып жатады.

Атамда әйел затын кемсітіп қарайтын мінез бар. Әсіресе, өз кемпіріне қатал-ақ. Екі-үш дауыстағанда Бөпке әжем ұшып тұрмаса, қолындағы сыпырғыны қабырғаға сүйей салып, ол үйге кіріп келеді. Жыртық көрпенің астында бір уыс болып жатқан апама төне түсіп, кіжініп:

- Әй, мына неме әлі жатыр ма? Жыл келгендей тырайып, не көрінген! Әй, Бөпке, өліп қалғаннан саумысың?! - дейді.

Атамның тілі найзаның ұшы тәрізді. Жерлеп, зекіп ұрса бастағанда, етің түгіл, сүйегіңнен өтеді.

Таршылық өмір атамды үнемшіл болуға үйреткен. Бір тал шеге жатқанын көрсе, ол аттап өтпейді. Айдалада бір жаңқа кезіксе, үйге алып келеді.

Таңертең жуынған кезде біз сабынды қолымызға көбірек езіп жіберсек, және оны әбден уқалап сіңірмей, шайып, жуа бастасақ, атам зекіп ұрса бастайды.

- Өй, санасыз неме! Сабынды сонша көпіртіп езіп... Әне, не болды? Бәрін құр текке су шайып кетті!

Атам бар жерде біз нені де болса үнемдеп, байқап істеуге тырысамыз.

Сүмбеде отын тапшы, жақын маңда орман жоқ. Отқа қурай, сабын, тезек, көң жағылады. Қарағайды таудай күші жеткендер ғана әкеледі.

Шайлық суды нағашым үйі сабын жағып, әуелі қара қазанда қайнатып алады. Сосын самауырға құяды. Үстіне тамақ ішетін аласа дөңгелек столды мұндағы қазақтар ұйғыршалап <<жозы>> деп атайды. Шайға тоғыз ауыз лап беріп, бірден келіп отырамыз. Төрдің тақ төбесінде атам. Атамнан ары қыздар: Оралхан мен Оразхан. Оразханға жалғас апам. Атамнан бері қарай тағаша иіліп Қасымхан, Рамазан, мен отырамыз. Менен төменірек Қағаз аға. Қағаз ағаға жалғас Зәуре. Зәуре мен апамның екі аралығында баяғы заманда Тулада жасалып, содан бері талай теперішті бастан кешкен, талай-талай жандарға қызмет етіп, бүйірінің талай жері майысқан, сонда да істен қалмай

88

келе жатқан көне жез самауыр. Диаметрі бір метрден асатын қына түсті тақтай жозы жұтынған тоғыз ауыздың тас қоршауында қалғанын сіз енді көріп отырсыз. Тамаққа отырудың осы тәртібі еш уақытта да өзгермек емес.

Нанды нағашым үйі тандырға пісіреді. Піскен нан төрдегі сыртына әшекей үшін темір шегеленген қара көк кебежеде сақталады. Кебеженің аузы іш жағынан құлыптаулы. Жоқ, жоқ, шегемен ашамын деп, әуре болмаңыз. Рамазан екеуміз мұндай әрекетті оңашада талай жасағанбыз. Түк шықпайды. Құлыбы о баста осы кебежемен бірге жасалған. Жер бетіндегі кілттің бір де біреуісі оған шақ келмейді. Бірде бір шеге оны аша алмайды. Кілт салатын ойығын ақжемдеп, майыстырып, босқа бүлдіресіз.

Бұл кебеженің кілті әрі үлкен, әрі тұмсығы ойлы-қырлы бір түрлі.

Ха-ха! Сіз-дағы қиялдайды екенсіз! Бұл кілтті қолға түсіру - ол ертегілерде айтылатын хор қызын қолға түсірумен бірдей. Ол үшін сіз Зәуре жеңешемнің жар дегенде жалғыз бұрымын пышақпен кесіп алуыңыз керек. Қалайша дейсіз ғой. Міне, бұлайша: кебеженің кілтін бұл үйде тек Зәуре жеңешем ұстайды. Ол оның бауын бұрымына қосып өріп, шашының ұшына байлап алады. Кілт байланған бұрымының ұшы әменде бешпенттің қалтасында. Ал енді мықты болсаң ол кілтті қолға түсіріп көр!

Дастарқан жайылып, әбден шай ішілер кезде Зәуре кебежеге барады. Ғажап кілтті сұғып жіберіп, ішкі музыкалы құлыпты <<дзің>> еткізіп ашады да, дастарқанға тандырдың кейде екі, кейде үш тоқашын әкеп салады. Екі тоқаш салған күні кем салынған бір тоқаштың орнына тостағанмен талқан қояды.

Кебеженің аузы дереу қайта бекітіледі.

Бас қолбасының бұйрығынсыз атакаға шығу - дастарқандағы нанға шабуыл жасау болмайды.

Атамның қолында мүйіз сапты өткір қара пышақ. Нанды ол сонымен жұп-жұқа етіп, бипаздап турауға кіріседі. Біз бұл кезде сілекейімізді жұтып, тамсанып қарап отырамыз. Жаңағы шағын ғана екі немесе үш тоқаш әлгіндей қаңылтақ боп турала келе ғажап көбейіп кетеді. Береке дарып, үйеме дастарқан нанға айналады. Ірі, кесек-кесек етіп тураса, көбеймес еді. Тоғыз жақтан тоғыз қол лап қойғанда, бірден ойсырап қалар еді. Атамның нанды соншама ұсақ етіп, көпсітіп турауында үлкен психологиялық есеп жатыр.

Туралған нанды ол дастарқанға бірдей етіп тегістеп шашып тастайды да, бір талын өзі алып, аузына салады. Бұл телміріп, тосып отырған тоғыз ауызға енді атакаға шығуларына болады деп, команда берілуі. Сақадай-сай тұрған тоғыз жауынгер - тоғыз қол лап береді. Тоғыз турам нан дастарқанда жоқ болып шығады.

Үлкендердің қолдары бір барғанда, біздің қолдарымыз екі барып үлгіреді.

- Ақырын! Ақырын! Немене, жау қуып келе ме? - деп атам бізге сұрлана қарап қояды.

Өрт тигендей жапырылып, дастарқандағы нанның әуелі біз отырған - ер балалар отырған жағы сап болады. Үлкендер жақта ғана аздаған нан қалады. Біздің нысапсыз қолдарымыз енді солай қарай сумандап, тықсыра береді. Сол кезде атам, - Болды! Енді талқан жеңдер! - деп бұйырады. Кейде дастарқанда талқан болмайды. Біздің жалақтап, тоймай қалған түрімізді көріп, ондайда Қағаз аға:

- Зәуре, наның бар ма? Әкел, мына балалар тоймай қалды, - дейді.

89

- Бүгін нан жаппаймын. Аз ғана нан тұр. Түсте, кешке нелерін жейді? - дейді жеңешем.

- Әкел. Сабақтарына тойып барсын. Кешке көжелерін ішер.

Жомарт бейілді Қағазбайды біз жанымыздай жақсы көреміз.

Электр ол кезде мұндағы жұрттың ойы түгіл, түсіне кірмейді. Әйнекті шам жермайды көп тартады дейді де, нағашым үйі бөтелке шам жағады. Кәдімгі жарты литрлік бөтелке, фарфор шайнектің қақпағы. Мақтадан есілген білте. Шам дайын.

Дүкенде мақта сатылмайды.

Оның есесіне мақталы киім кімнің де болса үстінде бар. Ол киімнен бір түгіл, бірнеше жыртық, іздемей-ақ табылады. Мақта керек болса, менен ал деп, әр жыртық аузын ашып тұрады.

Жермай ол-дағы оңайлықпен табылатын пәле емес.

- Қараңғы үйде қалдық. Бір қасық, жарым қасық кәрәсінің бар ма? - деп, біреуден біреу сұраншақтап жүргені.

Нағашым үйіндегі жандар әңгімеші, ертегіші жандар емес еді. Әңгіме айтып отыруға, тіпті уақыт бар ма? Кеш болып, тамақ ішілісімен жатудың қамы.

- Болыңдар! Кірәсін бітіп барады. Жатыңдар! - деп, атам жаналқымға алумен болады.

Ұйқың келген-келмегені есеп емес.

Ұйықтамасаң, ұйықтама, бөтелкедегі жермай үнемделсін. Көп жатқаннан жамбасың тесілмейді. Ал көп жанса, жермай бітіп қалады да, ертең тағы да қолыңа бөтелке ұстап, көршілерді ақтап шығасың.

Бөтелке шамның бір жаманы ішіндегі жермайдың қалай азайғаны көрініп тұрады. Білте жетпес болғанда, майдың үстіне су құйылады. Физиканың заңы өз қызметін мүлтіксіз атқарып шыға келеді. Суды астына, майды үстіне құяды.

Майдан бір елі қалды.

Жарым елі қалды.

Өне, пышақ қырындай ғана қалды. Атам енді қалай күйінбесін:

- Жат! Жатыңдар! Өңкей көр соқыр! Көресіндер ме, ана шам қазір сөнеді.

Үйдегі жалғыз ағаш кереуетке кімдер жататынын айтқам. Басқаларымызға төсек төр алдына қатар салынады. Ұзындығы үш метр, көлденеңі екі метр келетін қалың ақ киіз бар. Күндіз бас жақта бүктеулі жатады да, кешке қарай жазып жібереді. Бір-екі жыртқы көрпе үстімізден жаппай жабылады. Төсек дайын!

Терезе жақта ең шетте атам, одан соң апам. Одан бері: Оралхан, Оразхан, Қасымқан, Рамазан, мен. Қолдың саласындай боп тізілген адам денесі біртін-біртін кішірейе келіп, Қағаз ағаның кереуетіне тақалғанда бір-ақ таусылады.

Үш ер бала бір көрпенің астындамыз. Астары сүзіліп, тозып кеткен шоқпыт шыт көрпе. Ақжайма дегенді біз білген бе екенбіз? Қысы-жазы монша көрмеген денемен ақжайманың үстінде тыраю обал да ғой.

Бес уақыт намазын атам қаза жібермейді. Ораза кезінде ауыз бекітіп, азан шақырады. Діни мерекелерді, шама-шарқы келгеніне, құрметтеп атап өтеді. Атамның ерекше жағдайда ғана киетін киімдері бар. Олар: құлын терісімен қапталған қара сеңсең бөркі, жаңа шекпені, күмістеген жалпақ қайыс белбеуі. Жай күндері аталған үш киімнің үшеуі де төрде ағаш қазықта ілулі тұрады. Әр-әр кезде атам оларды сыртқа алып шығып, шаңын қағып, қайтадан іліп қояды.

90

Атам бұ дүниеден гөрі о дүниенің қамын көбірек ойлайды. Бүгін болмаса, ертең тырайып өле қалуым заңды. Бұ дүниеде жалба-жұлба болып жүрсем де, о дүниеге жалба-жұлба болып бармаймын. Әлгі аталған бағалы киімдерді рызығым таусылып, демім біткен күні сүйегіме түскендер алсын дейді. Сол үшін де шаң жуытпай қорып, көзінің қарашығындай сақтайды. Өліп жатып, өлігіне жиналған жұрттан:

- Е, бейшара-ай! Бір киер бүтін киімі де жоқ екен-ау! - деген аяныш сөз естігісі келмейді.

БӨПКЕ ӘЖЕМ ЖӘНЕ БІЗ

Бөпке әжем де сүйегі асыл адамның біреуі. Үйдегі әйелге тән жұмыстың бәрін де Зәуре жоқта сол тындырады. Ертеден қара кешке тыным алғанды білмейді. Табиғат оны жасаған кезде мәз болып, күліп отырса керек. Бөпке әжем жомарт табиғаттың аузынан жаз күніндей жайраңдап түсе қалған. Салдырлаған ақ көңіл, ашық адам. Көрген-білгенін айтып сап, қарап отырады.

Көктем шығысымен Қағазбай мен Зәуре үй көрмейді. Осыдан жеті шақырым жердегі Ұшқа - егін жайға кетеді. Алты ай жаз - күзгі жиын-терін біткенше сонда болады. Осы уақыттың ішінде бізге тамақ жасап беретін, кірімізді жуып, үй ішіне қарайтын жетпіс жасар қаусаған кәрі кемпір

- Бөпке апам.

Әжемді біз <<апа>> дейміз.

Жоқ, қаусаған деген сөз оған жарамайды.

Таңертеңгі шайды апыл-ғұпыл береді де, апам қап алып тезек теруге кетеді. Мал жайылатын қырқа жақты кезіп, түске таман бір қап тезек теріп әкеледі. Мұрнынан су кетіп жүріп, түскі шайды береді. Сосын, қол орақ арқан алады да, сонау төменгі жазықтан бір арқа қурай немесе ши орып әкелуге кетеді.

Өрістен мал қайтатын кешкі мезгіл. Апам әлі жоқ.

- Әлгі Бөпке көріне ме, қарандаршы, - дейді атам.

Біз үйдің үстіне шығамыз. Апам келетін жолға қараймыз.

Апам жоқ, түйе беліндей етіп нығарлап буған бір арқа нән құрай келе жатыр. Иә, иә, тек қурай. Олай-бұлай сәл ырғалып, кәдімгідей жылжып келе жатады. Тағы біраз жақындаған кезде сіз қурайдың астында жыбырлаған аяқ бар екенін байқайсыз. Адам аяғы. Қурай тура біздің үйге қарай келе жатады.

Қурай әбден жақындағанда, сіз енді оның астынан ауыр жүктің салмағымен жерге тие жаздап келе жатқан, кимешек киген әйел басын қоса байқайсыз. Бұл менін әжем, Қажымас Бөпке әжем. Түйе беліндей нән жүкті арқасына қондырып алған. Үй іргесіне келгенде, ол қурай-мурайымен шалқалап бірден құлайды. Бұл дүниенің бір азабынан құтылғандай кеудесін кере күрсініп, кимешегін басынан сыпырып жібереді. Тер шүмек-шүмек аққан кәрі басын кештің салқын самал желіне тосып, жан шақырады. Түйе беліндей қурайға сүйеніп отырып, қалтырмаштап алған жібін ағытады. Дем алып, есін жинайды. Үш мезгіл күніне тамақ пісіруге жұмсалатын және қыста үй жылытатын отын бұл үйге осылай жиналады.

Біз отқа қурай жақпаймыз, Бөпке апамның терін жағамыз.

91

апам кәріліктің басына теуіп жүрген адам.

Бір күн жұмыссыз отырса, екі қолы алдына сыймайды. Есіне, кенет, Ұштағы Қағазбай мен Зәуре түсіп кетеді. Ол екеуі не күн көріп жүр екен? Халдерін білейін.

Шайларына қататын қаймақ апарып берейін, әнеугүні барғанда Қағазбай тісім деп жүр еді. Сонысы қойды ма екен, не болды екен дейді де, әжем жеті шақырым жердегі Ұшқа жаяу тартып жөнеледі. Кешке мал келгенше, кеп қалармын дейді. Ары жеті, бері жеті шақырым жаяу жүріп қайту оған түк те емес. Көршінің үйіне кіріп шығайын дегенмен бірдей ғана.

Апам сөзінде тұрады. Ойға алған жұмысының бәрін тындырып, мал қайтар кезде үйге ол да келеді. Бос қол және келмейді. Жол үстінде кез болған кебу жапаларды теріп, бір етек тезек ала келеді. Көпірдің сынық тақтайы кезіксе, оны да тастамайды.

Мен апамның ойбай, ауырдым деген сөзін өмірі естіген емеспін. Өле-өлгенше аузына дәрі салғанын көрген емеспін. Күтіну, демалу дегенді, марқұм білмейтін еді.

Апам 1953 жылы, сексен тоғыз жасында дүние салды. Бұл деген мойымайтын, тозбайтын болат адам еді.

Бөпке апамның бойындағы бір кемшілік ол аяғына су жұқпас қыдырмашы. Үй жұмысынан қолы қалт етсе-ақ тоқтамайды, ауылды шарлай жөнеледі. Бас-аяғына ат шаптырым ұзын көшелердің о шетінен бір көрсең, бұ шетінен қылаң етіп шыға келгенін және бір-ақ көресің.

Жоқ, ол тектен-текке қыдырмайды, өз үйінің жұмысы аздық еткендей елдің тынбай, бітпей жатқан іс-місі болса, жинап, тернеп жүреді. Біреуге жіп иіріп бермек боп, бір дорба жүн әкеледі. Біреудің жыртық қабын алып кеп, жамап отырады. Тағы біреудің қатып қалған елтірісін уқалап, әуреленіп жатқаны.

Немесе, апам сол кеткеннен мол кетеді. Кешке дейін үйге оралмайды. Артынан іздеп барсаң, әлдекімнің көрпесін қабысып отырады.

Қызмет еткен үйінен апам бос қайтпайды, бешпентінің дорба тәрізденген түпсіз терең қалталарына салып, кимешегінің ұшына түйіп нан, бауырсақ, құрт, кәмпит, қант секілді бірсыпыра олжамен оралады. Кейде бір табақ ұн, бір жілік ет әкеліп, бізге дәмді етіп кеспе істеп береді.

Апамның ел қыдырып, табыс табу кәсібін біз, балалар, намыс көруші едік. Әсіресе, жігіт боп қалған Қасымқан қатты ренжитін:

- Апа, қайыршы құсап бұның не? Ұят емес пе? Осы ел қыдырғаныңды қашан қоясың?

- дейді.

Апам мойымайды:

- Қайыршы боп мен біреудің бірдеңесін сұрап алды деймісің? Өзі берді.
- Сен алма!
- Е, неге алмаймын! Мен оның бір шекпендік жібін құдайы қып иіріп берді деймісің?
- Өне, қайыршы сөйтеді. Ел қыдырып, кім көрінгеннің жұмысын істейді. Ал сен істеме! Үйде отыр! Үйдегі өз жұмысың аз ба?
- Мен жұрттан не жұмыстарың бар деп сұрайды ғой деймісің, жалынатын өздері. Бөпке, айналайын, мынаны істеп бере салшы дейді.
- Істеме! Жалынбақ түгіл, өліп кетсін!

92

- Мақұл, ендігәрі істемейін, - дейді Бөпке әжем. Онысын бес минуттан кейін ұмытып кетеді.

Ел қыдырудан оралған Бөпке апама жан-жақтан жамырап, ұрса тұрып, біз оның қалталарын ақтарып, қараумен боламыз. Әкелген пісі-күйік нәрселерін талапайлап жеп апамыз. Сол кезде Бөпке әжем бізді әжуалап:

- Кәне, менің ел қыдырғаным сендерге жаман болды ма? Бір-бір қауяндасып қалдыңдар, - дейді.

Ел болған соң біреу қыз ұзатқан, біреудің әйелі босанып, ұл тапқан. Біреу жегені желкесіне шығып, қамалып қалған. Біреу түрмеден келген. Біреуді ит қапқан, енді біреу қатынын сабаған... Осы хабардың бәр-бәрін де біз Бөпке апамнан еститін едік. Ауылдағы жаңалық атаулыны Бөпке апам елден бұрын біліп алады. Сосын көршілерге, бізге жеткізеді. Мен білгенді жұрттың бәрі білсе екен дейді.

- Өлгі Нұрбекті ит қауып алыпты. Барып, біліп, келейін, - дейді де жөнөп отырады.

Келген соң:

- Иә, Нұрбекті қаппапты, Нұрбектің Жұмабек дейтін сотанақ баласы бар емес пе? Соны қауып алыпты. Балтырының мына арадағы көк етін ондырмай бөліп түсіпті, - дейді. Ұзын балақ дамбалын түріп жіберіп, иттің дәл қай араны қапқанын саусағымен ұстап көрсетеді.

Қазақ тәуір деген тамағын кешке ішеді. Нағашым үйінде кешке қарай, әдетте, дәу қазан кеспе істеледі. О, Бөпке апам жасаған кеспе ерекше! Дүние жүзіндегі айтулы ресторандардың бір де біреуінен сіз ондай кеспе таппайсың!

Ауыз үйдегі қара қазанда қара су шымыр-шымыр қайнап жатады. Осы жетеді-ау деген шамамен апам баспақтан бір уыс тұз алады да, тастап жібереді. Кеспе дәмді болу үшін қасықтың басындай тоңмай салады.

Кеспе істейтін ұнды апам елеп, әуреленіп жатпайды. Кебек шықса, ұн азайып қалады дейді ол. Қамыр түйе терісіндей қалың иленеді. Кескен кеспенің - жуандығы саусақтай болады. Жіңішке етіп кесуге апам, біріншіден асығады. Екіншіден, көзі көрмейді, кеспе орнына саусағын қоса турап алмасына кім кепіл? Сосын, сиырды кім сауады? Қурайды кім орып әкеледі?

Туралған кеспені апам қазанға себездеп, талдап салып жатпайды. Ұмар-жұмар тастай салады. Былай да жуан кесілген кеспе пісе келе таяқтай болады. Қамыр түйін-түйін байланысып жүреді. Кеспеге картоп салынады. Біз көз болып отырмасақ апам картопты қазанға қабығымен салып жіберуге бар. Ортасынан бір-бір ғана бөлінген картоптың әр түйірі торғайдай.

Сыпыраның бетінде қамыр кескеннен қалған ұн бар емес пе? Көже маңызды болады дейді де, апам кеспенін үстінен оны және себеді.

Тамақ қазанның сақыр-сақыр қайнауы әбден басылған соң түсіріледі. Ауыр қақпақтың астында тұншыққан бу бүкіл ауыз үйді алып кетеді.

Апам будың арасынан көрінбейді. Тек қазандағы кеспені темір шелекке қотарып, құйып алып жатқан дыбысы ғана естіледі.

Қына түсті дөңгелек тақтай үстел тағы да жұтынған тоғыз ауыздың (Зәуре мен Қағазбай жоқ болса, жеті ауыздың) қоршауында.

Әркімнің кеспе ішуге арналған тиесілі ыдысы бар. Біреудікі табак, біреудікі құрсаулы үлкен кесе, тостаған... Үлкен ожауды шелекке малып алады да, апам

93

кеспені ыдысыңа толтыра бір-ақ құйып береді. Кеспе дерлік кеспе емес. Ботқа дерлік ботқа емес. Қасығыңды шаншысаң, жығылмай, тіп-тік тұрады. Қарын шығару жағына келгенде, өзге тамақтың бәрін алып ұрады.

Ал, іше бер. Тоймай қалсаң, апам тағы да құйып береді. Тек сақ бол! Торғайдай картоптың сырты салқын болғанға, іші де сондай екен деп, алданып қалып жүрме. Түйіліп қалған қамырдың арасы ол да сондай - оңайлықпен суымайды. Тіс етіне ып-ыстық болып жабыса қалса, қолдыратып түседі.

Бөпке апамның кеспесіне қарнымыз шеңбірек атып тойып алғаннан кейін, енді біраздан соң шөлдей бастаймыз. Ауыз үйде шелекте тұрған суға дамыл жоқ. Біре-

се біріміз, біресе екіншіміз темір кружкамен іліп алып, сімірумен боламыз, Белтоған үйдің дәл қасында, су арзан. Шелегімен түгел қотарып ішсең де, ешкім ештеңе демейді.

РАМАЗАН ЖӘНЕ МЕН

Сарыбастауда бөтен біреудің үйінде жүргендей емес, нағашым үйіне келгелі көңілім өсіп, қоңайып қалдым. Сабақты да жақсы оқып жүрмін. Шынымды айтсам. Қостөбеге тіпті барғым келмейді. Не қызық көрем деп бармақшымын? Рамазан екеуміз егіз қозы тәріздіміз. Күндіз де, түнде де жолымыз жазылмайды. Мектепке бірге барамыз. Бірге ойнаймыз. Бірге ұйықтаймыз. Екеуміздің тату болуымыз да, араз болуымыз да оп-оңай. Болмашы нәрседен бала қораздарша кідің-кідің етіп, шекісе қаламыз. Арада жарты сағат өтпей, тағы да ауыз жаласамыз.

Рамазанға қарағанда мен қушыкеш пысықпын. Оны оп-оңай алдап кетем. Рамазанның жібі бос, аңқау. Алданғанын артынан бір-ақ біліп, дүрсе қоя береді. Қара күшінің менен гөрі артықтығына сенеді.

Денем кіші болғанмен, шақармын, беріспеймін. Рамазандай емес, әдіс-айлаға шебермін. Үйдің дәл қасындағы көгал алаңда жатып кеп күресеміз. Бірде ол жығады, бірде әдісімді асырып, мен жығам,

Әр алуан өнер жарыстырамыз: жүгіру, тас лақтыру, биіктен, ұзындықтан секіру, т. т. Мұнда, көбінесе, мен озатын едім.

Тек озып қана қоймаймын. Пәлекештігім ұстап, Рамазанды неше саққа жүгіртіп мазақ етем. Қыршаңқы тіліммен ызасын келтіріп, шағып алам. <<Кемиек>> деймін. Рамазанның кемиек екені рас, ол бұл сөзге қатты намыстанады. Есе қайырмақ боп, оның мені қорлап айтатын сөзі <<мыртық>>. Мыртық десе, мен намыстанам. Рамазандай ұзын бойлы боп тумағаныма кәдімгідей қорланып қалам. Кейде күніне бірнеше рет қызыл шеке болып төбелесіп те аламыз.

Төбелестің шығу себебі тіптен оңай: айталық мен күрескен кезде Рамазанды алып ұрдым. Жығып, жайыма кете бермеймін. Қияңқылық істеп, <<күшің маған>> деп, басынан аттап өтем. Балалардың ұғымында бұл жаман ырым. Рамазанның бар күші енді маған бітеді де, ол күшсіз қалады.

Рамазан ыза болады:

- Қайтар күшімді! Мен жаңа сенің басыңнан аттаған жоқпын ғой? - дейді.
Мен қайтармаймын.

94

Қайтарсам, өз еркіммен еңкейіп, Рамазанға басымнан аттатуым керек. Оған мен өлмей көнермін бе!

- Қайтар, иттің баласы!

Рамазаннан нендей пәле келсе де тосып алуға бармын. Ал бірақ оның күшін қайтармаймын.

Осыдан соң екеуміз жат та кеп төбелесеміз. Әкең, шешең, жеті атаң деген сөздерге тежеу жоқ кетіп жатады. Жаға, жең пәре-пәре болады. Кектескен қораздардай өлімтіктеніп, бірімізге біріміз беріспейміз.

Екеуміздің төбелесіп жатқанымызды бір кезде Қасымқан көреді.

- Өй, иттің балалары, сендерге не жетпей жатыр! Қасымқан жүгіріп кеп, балғадай ауыр жұдырықтарымен көк желкеден аямай түйіп-түйіп жібереді. Оның жұдырығы тиген жер талайға дейін зырқырап ауырып жүреді.

Үлкейгенде қызыл әскер болу Рамазан екеуміздің көкейтесті арманымыз. Тек осы үшін тезірек өссек, тезірек мектеп бітірсек деп, арман етеміз.

Рамазан мені қорлап:

- Сені әскерге алмайды. Кішкентайсың, - дейді.

- Мені емес, сені алмайды. Өйткені сенің қолыңнан түк те келмейді. Сені әскерге алса, ең мықтағанда, повар боласың. Ал мен командир болам, - деймін.

- Болмай, қал, мыртық неме!

Командирлік орынға таласып, Рамазан екеуміз тағы да төбелесеміз.

Қазақтың құмар асының бірі қымыз.

Қаракер бие құлындаған. Өзі тәрізді әдемі қаракер құлын тапқан. Жер отыққан кезде атам, жылдағы әдетімен, жалғыз биені сауып, қымыз жасайтын болды.

Ол кезде, сірә, мал аздықтан болар, ауыл маңы қазіргідей шаңы бұрқырап, тақырайып жатпайды. Қорық-қорықтың түбі, арық-арықтың жағасы көгал шөп болады. Қаракер биені атам үйден онша ұзатпай, шідерлеп қоя береді. Құлынның алдына жас көк салып, қорада ұстайды.

Жалғыз бие ертеден кешке дейін алты-жеті рет сауылады. Әр екі, үш сағатта атам оның бауырына сүліктей жабысып алып отырғаны. Ағаш күбімен орта күбідей

сүт алады. Оған сиыр сүтін қосады. Сонымен күбі аз толмаған қымыз болып шығады.

Кеште, жатар кезде бізге, балаларға, атам күбіндегі саумалды әрқайсымызға пәлен жүзден санатып піскізеді. Бетіне қап-қара май түсіп, күбі сырты ып-ыстық болғанша пісілген саумалды өзінің ауыр тонымен балаша құндақтап орап тастайды.

Таңертең атам бәрімізден бұрын түрегеледі. Беті-қолын шаяды да, шампанша божылдап, дайын тұрған қымыздан бір тостағанды өңешіне тастап алады. Рақаттанып кекіреді.

Жалғыз биенің қымызынан дәметіп, қыдырып келетін жұрт бірсыпыра. Олардың көпшілігі атамның достары - шалдар. Қыдырмашылар келмес бұрын атам күбіндегі қымызды ыдыс-ыдысқа бөлектеп құйып, жайғап үлгереді. Шалдар да құр ауыз қайта қоймайды.

Қасиетіңнен айналайын Қамбар атаның сүті, шынында да шипа ғой. Үлкен бір кесе қымызға ақ талқанды қоймалжың етіп сеуіп, тастап алсаң, бұдан артық тамақтың не керегі бар? Күні бойы екі бетің албырап, балқисың да жүресің.

95

Кекірсең әдемі иісі мұрныңа келеді. Үнемі қымыз ішіп жүрген адамның бет нұры да, көзіндегі от та бөлек емес пе?

Атамның дүңгірлеген қошқар мүйіз көне торсығы бар. Өзіне деген қымызды соған бөлектеп құйып, жүктің астына тығып ұстайды. Күні бойғы тамағы да, сусыны да міне, сол. Торсықтағы қымызды біз атама жалғыз ішкізбейміз.

... Рамазан екеуміз, әдеттегіше сабақтан қарнымыз ашып келдік. Үйде ешкім жоқ (Ауыл қазағы ол кезде есік құлыптауды білмеген. Кетем деген жағына есікті ашық тастап, кете берген).

Жей қоятын пісі-күйік тамақ іздеп, таба алмадық. Осындай оңашалықты пайдаланып, торсықтағы қымыздан ұрлап ішпекші болдық. Суық қолымызды бұдан бұрын да талай сұққан тәжірибеміз бар.

- Әуелі мен ішейін, сен терезеден қарап, бақылап тұр, - дедім Рамазанға.

- Мақұл.

Жүктің астынан өзім білетін қуыстан торсықты шешіп алдым. Шайқап-шайқап жібердім де, жұта бастадым. Шақтап ішпесе, болмайды, атам біліп қояды.

Енді кезек Рамазандікі. Мен қарауылда тұрмын.

Рамазан қорқақ. Торсықты қолына алысымен көздері алақтап, берекесі қашып кетті. Өне, енді ішейін деп жатыр!

Қуақылығым ұстап, басыма қияңқы бір ой келе қалар ма! Рамазан қымыздан қылқылдатып жұта бастаған кезде, қайтер екен деп, қарбаласып:

- Атам кеп қалды! - дедім.

Сужүрек Рамазанда үрей қалмаса керек. Аузындағы қымызды жұтып үлгерместен, бырш етіп, қақалып, шашалды да қалды. Аузынан, екі танауынан кері атылған қымыз омырауын, үстін жауып кетті. Сасқаны сонша, торсықты орнына жөндеп қоя алмай жатыр.

Мен күлкіден өліп қаппын.

Кенет, қарасам, атам, шынында да, үйге кіріп келе жатыр. Көзім атыздай болып, күлкім бірден тыйылды. Сыртқа періп ұрып жөнелдім.

Рамазан қаша алмай, қалып қойды.

Үйдің сыртында анадай барып, қарап тұрмын. Рамазан жоқ әлі. Қылмысымен қолға түскен батырдың халі не болып жатқанын мен көрмей де жобалаймын.

Бір кезде Рамазанның сыңсып жылаған даусы естілді. Өне, өзі де шығып келеді.

Екі құлағын қолымен басып ұстап алған. Атам ыза болғанда, құлақтан созатын.

Мен өзім қолға түсіп қалмағаныма тәуба дедім.

ЖІБЕК БЕЛБЕУ

«Қымбатты, жаннан артық көруші, ай жүзді, алтын дидарлы ағайым Сатылған, әкем Ыдырыс, тәтем Смағұл, інішегім Тұрдыбек. Қалай, бәріңіз де саусаламат Текестің кең даласында, жұпар ауасында денсаулықтың арқасында құдай деп, аман-есен, өкімет пен партияның тапсырмасын адал атқарып, жүріп жатқан боларсыздар. Ал енді менен амандық білмек болсаңыздар, мен де аман-есен оқушылық борышымды адал орындап, Сүмбенің жұпар ауасында, өз тең-құрбымның тең қатарында жүріп жатырмын. Нағашым үйі түгел өздеріңіз

96

көргендей аман-есен. Атам мен апам да аман-есен. Қағазбай нағашым да аман-есен. Ұшта Зәуре жеңешем екеуі жұмыс істеп жүр. Мен өкімет пен партияның тапсырған оқуын жақсы оқып, мектепке Зәуре жеңешемнің бешпентін киіп барып жүрмін. Жейдем әбден тозып кетті. Апам күнде жамаса, күнде жыртылады.

Сымымның құйрығы ол да жыртылып еді, апам бір сары шүберек тауып, жамап берді. Сондықтан сіздерден өтініп сұрайтыным: қатынаған адамнан маған бір-екі езім сия және бес-алты қаламұш беріп жіберіңіздер. Және жейдем әбден тозып кетті. Бір жейде тіккізіп, беріп жіберсеңіздер екен. Және арифметика кітабын алуға ақшам жоқ. Маған қатынаған адамнан азырақ ақша беріп жіберсеңіздер екен.

Амандық хат жазушы Бердібек.

1935 жыл, 13 апрель>>>.

Дәптердің бір парағына жазылып, үш бұрыш етіліп бүктеле салған, ешқандай марка жапсырылмаған менің бұл хатым осы арадан әуелі біздің Қостөбені басып өтіп, Нарынқолға почтаға барады. Сол арада сорттаудан өтіп, әлгі ізімен қайтадан кейін қайтып, Қостөбеге келеді. Талай жерді шарлап, айқыш-ұйқыш сапар шегіп, Сатылған ағайымның қолына тиеді. Жайдан-жай тие салмайды, ол оны маркасыз хат болғандықтан бір сомға сатып оқиды. Сондағы хат мазмұны жоғарғыдай.

Мен оқу оқып жүрген Сүмбе мен Қостөбенің арасы салт атты адамға түстік жер. Кісі үзбей қатынап жатады. Айтылмыш хатты мен солардың біреуінен беріп жіберсем де болар еді ғой. Әрі тез, әрі әуресі аз.

Жоқ, мен өйтпеймін. Адамзат почтаны не үшін ойлап тапты деймін де, реті келіп тұрғанда, пайдаланып қалуға тырысам. Почта арқылы барған хат мәндірек, жауаптырақ болатын тәрізді. Сүмбеде дүкен бар. Дүкенші жігіт мені жақсы таниды. Бір күні сол кездесіп қалды да:

- Ағаң саған жиырма бес сом ақша беріп жіберіп еді, жүр, берейін, - деді.

Мына хабарды естіп, Рамазан екеумізде ес қалмады. Бір сом, екі сом емес, бақандай жиырма бес сом! Біз мұнша ақшаға өмірі ие болып көргенбіз бе? Жүрегіміз алып-ұшып, дүкеншіге ілесіп, оның үйіне келдік.

Неге екенін білмеймін, дүкенші жиырма бес сомды түгелдей тиыннан санап берді. Әйтеуір бақыр берген жоқ, он бес, жиырма тиындық күмістер. Соның өзіне қос уыстан асып кетті. Бұны енді қалай алып жүрем? Қалтама салып едім, бір қапталым салбырап түсіп кетті. Салбыраған қапталды қос қолдап көтере ұстап, танауымыз желп-желп етіп, үйге келдік.

- Сатылған Бердібекке жиырма бес сом ақша беріп жіберіпті! - деп Рамазан анадайдан жар сала келді.

Бала мінезді Бөпке апам:

- Рас па? Қане, көрсетші? - деп, үйіріле қалды.

- Міне! - деп, қалтамдағы тиынды саудыр-саудыр еткізем.

- Маған бес-алты сомын берші, шай алып ішейін.

- Өзім кітап-қағаз алам.

Отырып, санаймын ақшамды. Дәл жиырма бес сом ба? Не артық, не кем емес пе? Рамазанның болысқысы келсе, қолын қағып, жолатпаймын.

97

Міне, енді Рамазан екеуміз дүкенге келе жатармыз. Жол-жөнекей кездескен балаларға мұрнымды көкке шүйіріп, бүгін жер бетінде бізден бай адам жоқ екенін айтамын. Қалтадан күміс ақшаларды уыстап алып көрсеткенде, кім де болса есінен танып қала жаздайды. Соңымыздан ілесіп, бірге жүреді.

Ақшаның төл иесі менмін ғой. Олар маған қызғанышпен қарайды. Дәл қазір дүниеге мен болып келмегенге өкінеді.

Дүкенге кеп кіргенде, менің соңымда шұбырған бес-алты атқосшыларым бар.

Бір қазақ түйе сатып, базар базарлағанда, он шақты қазақ тырп-тырп етіп, әлгінің қоржын-кешегін арқалап, артында босқа жүретін. Құлды сол тәріздімін, түйе сатқан мықтының өзімін.

- Не алсам екен? - деп дүкен сөрелеріне тәштиіп көз тастаймын.

Қалтамда жиырма бес сом емес, қазына тұнып жатқандай.

Атқосшы балаларда кінә жоқ. Ананы ал, ананы ал деп, бірімен-бірі жарысып ақыл береді.

Бір-екі оқулық, дәптер, блокнот, сызғыш секілді өзіме аса қажет заттар сатып алдым. Тағы не алсам екен?

- Анау барабанды сатып ал! - дейді кеңесшімнің бірі.

- Бәкі ал!

- Белбеу ал!

- Анау айнаны ал. Қалтаңа салып, бетіңді көріп жүресің.

- Бетмай ал. Бәрі де қажет нәрселер. Ақшам жетсе бәрін алар едім, ештеңе қалдырмас едім.

Бір кило қант сатып алдым. Бір-бір кесегін өзіміз жеп, басқасын үйге апармақпыз. Осындай байып тұрған кезде атам мен апамды да қуантпасам, адамшылық бола ма?

Кішкентай дөңгелек айна сатып алдым. Пластмассадан жасалған жиекшесі бар. Сықпа вазелин алдым. Кеңесшілерімнің тілімен айтқанда, бетмай. Аяқ-қолым тілік-тілік боп, азап көріп жүрмін. Кешке, бәлем, сылап жағып тастамақпын.

Есептеп көрсем, ақшам тағы да қалып барады. Енді не алсам екен?

- Белбеу ал! Беліңе тағып жүресің.

Ұшында күлтеленген сәнді шашағы бар, ақ жібек белбеу менің көптен қызығып жүрген нәрсем. Әрі осы күні сән. Сылқым бозбалалар ақ көйлектің сыртынан шашағын салбыратып, буынып алады.

Қалған ақшама белбеу сатып алдым.

Атқосшыларымды шұбыртып, дүкеннен шығып келе жатырмын. Менен бай, менен бақытты адам жоқ.

Көшенің қақ ортасында тұрмын. Атқосшыларым қасымда. Сатып алған нәрселерімнің әрқайсысын олар бір ұстап көріседі.

Мен үшін ең қымбат мүлік - шашақты ақ жібек белбеу. Соны қоңыр бешпенттің сыртынан беліме буынып көріп жатырмын. Сылқым бозбалалардың әдетімен шашақтарын ұзынды-қысқалы етіп, жамбасыма салбыратып түсіріп:

- Қалай, жараса ма? - деймін.

- Қатып кетті! - дейді кеңесшілерімнің біреуісі.

- Бұны бүйтіп бешпенттің сыртынан буына ма екен? Жейденің сыртынан буынады, - дейді екіншісі.

98

Тәуір, бүгін жейдем жоқ болса, қайтушы едім? Қашан тәуір жейде біткенге дейін буынбай, сақтап қоюым керек пе?

- Бешпент түгіл, шапанның сыртынан буынса да бола береді. Білсең, бұл қайыс белбеуден он есе мықты - деймін. Бұл әншейін, өзімдікі дұрыс деп, бер жағымнан айтып жатқаным. Ал ар жағым басқаны арман ет еді. Әуелі, басымды тақырайтпай, шаш қойсам. Шашымды бір шекеме қарай жылтырата тарап, қайырсам, Шалбарымның қыры пышақтай болса. Аяғымда жып-жылтыр қара туфли, үстімде аппақ қардай ақ жейде. Міне, осыдан кейін шашақты жібек белбеуді буынып көшеге ал қане, маған қарандар деп, шыға келсем!

Ех, шіркін!

Бірі табылса, бірі жоқ. Міне, белбеулі болдым. Белбеуіме сән беретін басқа киімнен менде түк жоқ.

Кедей байыса, жомарт келеді. Бүгін мен жомартпын. Атқосшыларымды да бір-бір қуантып тастауды борыш санадым. Сықпа вазелиннен әрқайсысының алақанына күзгі торғайдың саңғығанындай етіп, шоқитып-шоқитып салып бердім. Беті-қолдары жарылып, су тисе ашып, азап көріп жүрген бейшаралар мәз болысып жатыр. Олжаға батып, қуанысып жатыр.

Мейлі, қуансын! Менің бұл жақсылығым бірінен болмаса да, бірінен қайтар. Қайтпаса және бопты.

Күс-күс қолдар мен қарала тұмсықтарға май жағылған соң, жылтырап шығашыға келісті. Жуып жақпаған соң, кір қоса езіледі екен. Бетті бір сүйкеп өтсе, бес саусақтың ізі баттып, түгел түсіп қалады...

- Өй, ақымақ неме! Шапанның сыртынан жібек белбеу буынған кімді көрдің? Буынсаң, жейденің сыртынан буын, - деп, мені атам да әжуамен қарсы алды. Біріншіден, күн әлі салқын. Жейдемен жүрер кез емес. Екіншіден, жейде дейтін жейде емес, қырық жамау.

Күн әбден жылып, қашан тәуір жейде біткенге дейін белбеуімді сақтап қойып, шыдай алар емеспін. Ертесінде мектепке тәуекел деп, бешпентімнің сыртынан буынып барайын. Тым болмаса, бір рет көрсін балалар. Содан, соң, мүмкін, тығып та қоярмын.

Балалар бір дегеннен-ақ қоршап алды. Бірі құптайды, бірі келеке етеді. Белбеуімнің шашағынан тартқылап, тәлкек етушілер көбірек. <<Комиссар болып кетіпсің!>>, <<Өкіл болып кетіпсің!>>, <<Прокурор болып кетіпсің>> деп, мазақтайды. Сабақ басталды.

- Бердібектің жібек белбеуі бар! - деп, біреулер ең маңызды соңғы хабардай етіп, мұғалімге айтып жатыр.

Мұғалім Назар дейтін жуас, сүйкімді адам. Миығынан күліп, жымыды да қойды. Бір сабақ біткен. Үзіліске тысқа шығып келем. Өнеугі тақырбас Баймырза бастатқан бірнеше бала жан-жағымнан жабысып, қоршап алған. Бұлар мұнша неге жабысады?

Баймырза жүрген жерде бір сойқан қоса жүретінін жүрегім сезінетін тәрізді. Далаға шыққан кезде әлгінде үймелеп қоршап алған баланың бірі:

- Өй, белбеуіңнің шашағы қайда кеткен! - дейді. Жүрегім су етіп, жалт бұрылып қарадым. Белбеуімнің екі шашағы бірдей жоқ. Біреу пышақпен шорт кеспей де алған. Шолтып жұқанағы қалған. Балалар енді одан әрман мазақтап, ду-ду күліседі.

99

Мен ызадан жарыла жаздай тұрмын, кімге тиісерімді білмеймін. Баймырзаға:

- Сен! Сен кесіп алдың! - деймін.

- Оттама! Кесіп алсам, мә қара! Тауып ал! Баймырзадан табарсың!

Қайран ғана белбеуім-ай! Ішім удай ашып барады. Өзім де ақымақпын-ау! Мектепке неге буынып келдім? Атамды тыңдап, күн жылынғанша неге тығып қоймадым!

Сабақ біткен. Мектептен тарап келе жатырмыз. Баймырзаның үйі көшенің басқа жағында. Анадай ұзаққырап алып, ол маған айқай салады. Өлген торғай секілді жалбыраған бірдеңелерді аспанға лақтырып, көрдің бе дейді. Көрдім, таныдым, менің белбеуімнің шашақтары.

Боқтап, тұра қудым. Тұра қашты, жеткізу қайда. Қашып бара жатып та шашақтарды аспанға атады.

- Тоқтап тұр, ертең ағайға айтам!

Ағай не істейді? Кесіліп қойылған шашақтарды қайта жапсырта алмайды.

Қыруар ақша төленген қайран белбеу, осылайша істен шықты.

МЕНИҢ КЕРБЕЗ ЖЕҢГЕМ

Үшіншіні Рамазан да, мен де мақтау грамотасымен бітірдік. Бұл біз үшін, әрине, зор қуаныш.

Қостөбеден тағы да бір жақсылық хабар келіп жетті. Сатылған ағайым үйленіпті. Бұл жолы ол ағайынның көңілінен шығып, үлбіреген қыз алыпты. Қостөбедегі кәдімгі кербез Күлімбала сұлу бар емес пе? Оның есігін үйір-үйір болып торыған жігіт-бозбалалардың аузын аңқитып, соның дәл өзіне үйленіпті. Күлімбала шалкемпірдің ортасында бұлаң өскен жалғыз қыз. Әкесі қой бағады. Орта бойлы, толықша, қасы-көзі қиылған қара торының әдемісі.

Кәдімгі жұрт танып мойындаған Күлімбала сұлу.

Сатылған соны алыпты!

Жолшыбай бір арбамен Қостөбеге келдім. Үйдің іші тағы да жөнделіп қалған. Жаңа төсек-орын, біраз жаңа мүліктер пайда болған. Әйел болған осы деп, үлбіреп жас жеңгем отыр.

Ағайым бұл кезде колхозда есепші.

Ыдырыс пен Смағұл колхоз жұмысында. Үйде болғандарынан болмағандары көп. Жас жеңгем жұмыс істемейді. Қыз күнінде де ол колхоз жұмысына араласпайтын. Бригадир кербез Күлімбаланы мазаламауға үйреніп алған. Жеңгем бойын күтіп, үйде отырады. Айнаның алдында бір сағат шашын тарап, қасын жөндеп тұрады. Ерінбесе, күйеуіне шай қайнатып береді.

Колхоз бізді, балаларды, үйде отырғызып қоймайды, оқу тарасымен жұмысқа қуалайды. Егіннің арам шөбін жұламыз. Көк егінді тазартып, қарық қылғаннан да таптап бүлдіруіміз көбірек.

Шілденің дәл қайнап тұрған кезінде ағайымды колхоз Алматыға үш айлық есепшілік курсқа оқуға жіберді. Енді үйде жас сылқым жеңгем екеуіміз ғанамыз.

100

Бригадир - Көпекбайұлы Бәзіл. Қара күшке мығым, бойдақ жігіт. Таңертең үй-үйді кезіп, жұртты жұмысқа шығарады. Бұрынғыдай емес, енді ол біздікіне де келеді. Ат үстінен:

- Кім бар? - деп, дауыстайды.

Бұл Ыдырыс пен Смағұл үйде бар ма, жоқ па деп тексергені оның.

Жоқ екенін біледі де, аттан түседі. Атын есіктің дәл көзіне қаңтарып қоя салады. Есектен жуас мал қойған жерден тыпыр етпейді. Аласа тар есіктен Бәзіл қорбиған үлкен денесімен екі бүктеліп, әрең сыйып кіреді.

- Әй, сен неғып жұмысқа шықпай отырсың? Бар! - дейді Бәзіл маған.

Оны-мұны сылтаумен мен дереу кете қоймай, бөгеле берем. Бәзекеңнің басында жаман ой бар екенін сезем.

- Сен келіншектің үйде отыруың жетті, енді жұмысқа шық, - дейді Бәзіл Күлімбалаға.

Бұйырып, шындап айтқан болады. Бірақ арғы көмекейі бос, Күлімбала сызылып:

- Сонда не жұмыс бересің?

- Күрек ал да, ана Мәриялармен бірге арық қаз.

- Оған менің күшім келмейді.

- Онда қамба тазала.

- Шаңға тұншығып өлмеймін бе?

- Шәмеле сал.

- Күн өтсе, басым ауырады.

- Сонда не жұмыс істейсің? Тепсең, темір үзгендей күшің бар, - дейді де, Бәзіл жеңгемді бүйірден түртіп келіп қалады. Күлімбала <<өй, шешек!>>, <<Мына шешек қайтеді!>> деп сылқ-сылқ күледі. Бәзекеңе керегінің өзі де осы. <<Е, немене, өтің жарылып кетті ме>> дейді де, енді ол жеңгеме дүрсе қоя береді. Тышқанды бас салған мысықша нәзік жеңгемнің әптер-тәптерін шығарады. Ойнаған болып құшақтай ма-ау, шымши ма? Төсекке алып ұрып, қытықтай ма, әйтеуір білгенін істейді. Мені адам екен деп, көзге ілмейді.

Жеңгем менен қаймығып қана <<қой, ей бала, қой>> деген болады. Бірақ онысында зіл жоқ. Оның <<қойы>> е, тағы түрт, тағы шымшы дегенмен бірдей. Аю тұлғалы Бәзілге әлі келмесін білсе де, Күлімбала оған өш алған болып, енді өзі тиіседі. Бәзілді өшіктіре түседі.

Он екі, он үш жасар бала бола тұрсам да, менің білмейтінім бит ішінде. Бәзілдің біздің үйге келуін жаратпаймын. Ол аттан түсе бастағаннан-ақ кеудемде жеңгеме деген қызғаныш оты тұтанып, қолымнан келсе, Бәзілді шайнап жеп қоюға дайынмын.

Күндіз Бәзіл біздің үйге көп бөгеле алмайды. Жеңгем мен үйдің ішінің әптер-тәптерін шығарады да, жөнep отырады. Кешке жатар кезде тағы да сопаң ете қалады. Бұл жолы ол ат мініп, айқай салып келмейді. Жаяу. Үн-түнсiз, <<кеш жарық>> деп, кіріп келеді. Жеңгем кесте тігіп, мен кітап оқып отырайын. Аласа есікті денесімен жауып, Бәзіл қалбиып тұрып қалады.

- Ыдырыс, Смағұл қайда? Келмеген бе? - дейді.

Олардың қайда жүргенін бригадир білмесе, кім білуші еді.

Бәзіл қасақана сұрайды.

- Келген жоқ, - деп жеңгем дұрыстап жауап қайырады.

101

- Сен келіншек не істеп отырсың? Бұ не бұл? Күндіз-түні қадалып, тігесің де отырсың? Колхоз жұмысына шық десе, шықпайсың. Тоқтап тұр, байың келсін.

Бәзіл ешкім отыр демей-ақ төсек үстіндегі жеңгемнің қасына, зілдей боп, сеткалы кереуеттің белін қайыстырып, отыра кетеді. Әдемі жиналып қойылған жастықтар орындарынан шоршып-шоршып түседі.

Кешқұрым келген Бәзілге менің көзқарасым бөлек. Бірақ оны ол байқамаған болады. Жеңгеме залалсыз қалжың айтқан болып, ара-тұра колхоз жұмысын да

сөз етіп қойып, асықпай отыра береді. Қолдан туралған көк темекіні таяқтай етіп шылым орап тартады. Желдеткіші жоқ, үйдің іші ащы көк түтінге толып кетеді.

Жеңгем маған қамқорсығандық білдіріп:

- Ұйқың келсе, жатып, ұйықтай ғой, - дейді.

Бәзіл кетпей, ішімді - сақардай қайнатқан қызыл көз пәле кетпей, менің ұйқым келетін бе еді!

Ақыры Бәзіл кетпек болады, орнынан тұрады.

- Әй, келіншек. <<Қуыс үйден құр шықпа>> деген. Тіпті ырымға жаман ғой, тым болмаса, бір шыны суың бар ма?

Жеңгем ауыз үйден Бәзілге су әкеліп береді. Бәзіл жарымын ішеді де, жарымын Күлімбаланың бетіне шашып жіберіп, тұра қашады. Жеңгем <<қу шешек, сені ме!>> дейді де тұра кеп қуады. Ауыз үйдің, төр үйдің есіктері аңқиып, ашылған күйінде қалады.

Дала қараңғы. Тас қараңғы. Қашушы да, қуушы да қара сияға батқандай жоқ болады.

Мен жеңгем тез оралса екен деп, күтіп отырайын. Ішім безгек болған адамдай бір суып, бір қызынады.

Жеңгем кешігеді.

Жүгіріп, есік алдына шығамын. Олай-бұлай көз тігіп, құлақ түрем. Ешбір сыбыс естілмейді. Менің безгегім асқына түседі.

Бір кезде өкпесі өшіп, алқынып, жеңгем келеді:

- Қу шешекті сонау көшенің басына дейін қудым, жете алмадым. Бәлем, тоқтап тұр! Ертең осы үйге келерсің!

Жеңгемнің шашы мен киімдері Бәзілді <<қуамын деп>>, одан бетер ұйпат-ұйпа болған. Арқасына шөп-шалаң жабысып қалған...

<<КЕҢСЕ АНА АУЫЛДА!>>

Жұрт түгел колхоз болып біріккен. Жекеше деген сөз енді ауызға да алынбайды. Бәрі колхоздікі: жер де, су да, адам да.

Қостөбеде тұрақты дүкен ашылған. Ауыл совет кеңсесіне телефон түсірілген. Жеке адамдар жаздырып алатын газет-журнал көбейген. Сауыны, малы жоқтарға бір-бір ешкі, бұзау, тана секілді мал үлестіріп берген.

Біздің үйге тигені тәйпиген қоңыр құнажын. Келер жылы бұзаулауы мүмкін. Ол бұзауласа, құдай бізді жарылқайды, өзіміздің сүтіміз, айранымыз болады. Көже қатығымыз болады.

Май, құртымыз болады.

102

Қазақтың қарны малмен ғана тоғаяды.

Қорадан мал иісі шыққанның өзіне береке кіріп қалғандай болады.

Осы жаз Қостөбеде жаппай отырықшылану басталған. Жаңа поселік - <<төшке>> салу қолға алынған. Киікбай ауылы мен Найза ауылының екі аралығы бос жатқан жазық еді. Қазір сол жазықта қыбырлаған көп адам балшықтан кесек құйып, екі пәтерлі, екі-екі бөлмелі, түзу көшеді еңселі үйлер тұрғызып жатыр. Осыны ауыл адамдары <<төшке>> дейді.

Қабырғасы қаланған үйлердің саны біртін-біртін көбейіп келеді. Іші-сыртын сылап, есік, терезе орнатса, төбесін жапса, қазіргі қожалақ тамдардан он есе артық, ақ сарайдай әдемі үйлер болып шығады. Нағыз жаңа ауыл, міне, сол.

Біз, балалар, бұған қуанамыз. Қаланып болған үйлердің ішін аралап, тамашалап қараймыз да, мынау біздің үй болады. Мынау үйге біз кіреміз деп, үлкендердің атынан сөз сөйлеп, тон пішеміз.

Төшке салу жұмысы жаз бойына бір бәсеңдемеді. Қайта, көрші колхоздардан көмекшілер келіп, екі-үш айдың ішінде оннан аса үй тізіліп тұра қалған еді. Күндердің бір күнінде бұл жұмыс тоқтады. Неге екенін кім білген, қайтып қолға алынбады.

Күз өтті. Көктем өтті. Жаңа үйлер сол күйде ұмыт болды. Төбелері жабылмай, есік-терезе орнатылмай, қалып қойды. Бітпеген үйлерге бір де бір адам көшіп барып, кірмеді. Жауын езіп, жел сабалап тоздырған қабырғалардың үстінде зая кеткен мол еңбектің жоқтаушысы тәрізденіп, сұңқиып қарғалар отыратын болды. Ешқандай пайдаға аспай құрыған сол үйлерге менің күні бүгінге дейін жаным ашиды.

Ат орнына адамдар жалаңаш аяқтарымен балшық кешкені, зілдей ауыр кесекті арық қабырғалары тырбың-тырбың етіп, қайысып қалап жатқаны менің көз алдымда.

Түскі үзілістің кезінде жұртты <<көп отырып қалдыңдар>> деп бол, болдың астына алып, шақ-шақ еткен өкілдер көз алдымда. Сүйретпе шанамен балшыққа

қосатын сабан тасып, ыстық күнде тілі салақтаған өгіздер, емшектегі балаларын көлеңкеге жатқызып қойып, кесек құйып жүрген әйелдер көз алдымда. Мезгілімен ембей, шыр-шыр етіп жылаған жас сәбилер менің көз алдымда.

Соның бәрі не үшін? Қарға-құзғынға қонақтап отыратын жар жасап беру үшін бе? Текестің жары да соларға жететін еді ғой.

Айтпақшы, бітпей қалған сол көп жаңа үйдің біреуі ғана пайдаға асты.

Қостөбеде Ауғанбай дейтін бала-шағасы мол, кірме біреу бар-ды. Әлгінің меншікті тамы болмайтын да, әркімнің шаңырағын бір паналай, күн көретін. Қысқа қарай Ауғанбай кесектен қаланған еңселі үйдің шеткі біреуісін өз күшімен жабады да, кіріп алады. Ауғанбай бұрын орыс арасында болған, үй салудың жөн-жосығын білетін адам екен. Үйіне биік есік, үлкен терезелер орнатады. Іші, сыртын әдемілеп сылап, әктейді. Сонымен, Қостөбедегі ең биік, ең көрнекті үй Ауғанбайдың үйі болады да шығады.

Және оның тұрған орны қандай? Киікбай мен Найза ауылының қақ ортасында, оқшау. Төңірегі тап-таза көгал жазық. Бұрқыраған шаң, бықыған көң-қоқырдан оңаша.

Нарынқол жақтан келе жатқан адамға әуелі Қостөбеде бірінші боп жарқырап Ауғанбай үйі көрінеді. Ауылдағы ең тәуір үй, әдетте, не кеңсе, не мектеп.

103

Қостөбеге тосын келетін жолаушының көбі кеңсе екен деп, енді Ауғанбай үйіне түсіп, шатаса бастайды.

Сөйтсе, кеңсе емес. Бықыған жас бала, бықсып жанған от. Ауғанбайдың әйелі балабасты салақтау адам.

- Өй, кеңсе қайда? - дейді таңырқаған жолаушы.

- Кеңсе ана ауылда!

Шатасып жөн сұраушылардан Ауғанбай балалары біраздан соң мезі бола бастайды. Енді осы үйге беттеп келе жатқан тосын адам көрсе-ақ алдынан жүгіріп шығып:

- Кеңсе ана ауылда! - деп, айқай салуды олар әдетке айналдырады.

ШАЙТАН ЕКЕН ДЕП ҚАЛСАМ

Менің ертеңді-кеш үйде, жас жеңгемнің қасында күзет болып отыруым Бәзілге ұнамаған тәрізді. Бір күні ол маған:

- Шөпке барасың, шөмеленің атына мінісең, - деді. Шөп ору - астық ору секілді ол-дағы қарбалас науқан. Шабындық ауыл маңынан алысырақ болады. Шөп орағында істейтіндер сонда түнеп, сонда тамақтанады. Бәзекең менің көзімді ауылдан жойғалы отыр.

Қарсыласар менде шама жоқ. Бригадирге мінгестім де, кете бардым.

Текестің арғы өңірі тоғайлы алқап, саздауыт. Шөбі қалың. Шөп машина еркіндеп жүре алмайды. Шөпті жігіттер тоғай арасындағы алаң-алаңнан шалғымен шабады. Мая салатын жерге шөмелені арқанға орап, атпен сүйреп жеткізеді.

Атқа бала мінеді, ол - мен.

Мая салушы Жылқыбай, менің ескі <<досым>>.

Ортақазан Текестің бергі солтүстік қабағында, әрі биік, әрі ашық тақыр жазықта.

Тоғай арасында маса көп, бұл арада аз.

Күлімбала енді үйде күндіз де, түнде де жалғыз өзі.

Түнде мен қоста жатып, жөндеп ұйықтай аямаймын. Үйдегі жас жеңгемді ойлаймын. Көзім ілініп кетсе, жаман түстер көрем. Түсімде Бәзілді көрем. Өне, ол шылымды бұрқ-бұрқ сорып, жеңгемнің кереуетінің үстінде отыр, Күлімбала қасында. Ол да шылым шегіп отыр. Екеуі сықылықтап күле ме-ау. Бірін-бірі құшақтап, бірінің аузына бірі түгін үрлеп, ойнай ма-ау. Мен төр алдында өтірік ұйықтаған болып жатыр екенмін деймін.

Мен енді шыдамаймын. Айқай салып, тұра ұмтылғанда өз даусымнан өзім оянып кетем. Сөйтсем қос басында жатырмын. Қасымдағы адамдар қоса оянады. Жылқыбай маған зекіп ұрса бастайды: <<Не көрінді ей? Бірдеңе басып жатыр ма? Осы неменің дені сау емес қой деймін!>>.

Менің шошып оянуымды әркім әр саққа жориды.

- Шешесі түсіне кіретін шығар, - дейді біреулер.

- Етпетінен жатып, бастырылып қалған ғой, - дейді екіншілер.

Кейде шошып оянған соң, қасақана, әлдененің шалығы тиген тәрізденіп бақырып жылай берем. Қос басындағыларды дүрліктіріп түгел оятам. Талайға дейін жұбанбай, әлек қыламын. <<Не болды? Не түс көр-

104

дің? Айтшы?>>. Мен ештеңе де айтпаймын, үйге барам деймін.

Түсіме шешем кіретіні ол да рас.

Өсти-өсти мен, шынында да, ауру бола бастадым. Бірден елге қатты ренжісем, ашулансам, етім қызып шыға келеді. Екі шекем солқылдап, басым ауырып, жатып қаламын. Бұндай кезде дүниенің бәрінен безер болам. Нәр татып алмаймын. Айқай-шуды жақтырмаймын, тек өлі тыныштықты қалаймын. Басымды таңып алып, жатқанды білем. Не ұйықтап тұрсам, не құссам, сонда тәуір болам. Жұрт енді мені:

- Бұның басының сақинасы бар, - дейтін болды.

Күнде түсте тамақтануға Текестің суынан өтіп, Ортақазанға келетінбіз.

Ортақазан маса аз, дөңес жерге тігілген оқшау киіз үй. Мұқамедидің Қант дейтін әйелі тамақ жасайды. Танертең шай, кеште шай. Түсте кейде шай, кейде талқан көже.

Оқта-текте өлген малдың еті келіп қалады. Тартқыласаң тіс өтпейтін көкжасық шандыр.

Бір күні, әдеттегіше түскі үзіліске шықтық. Аттылы-жаяулы шұбап, Текестің арғы бетіндегі ортақазанға келе жатырмыз. Мәссаған, безгелдек! Тоғайдың ішін қаптаған су басып кеткен. Көктен түскен су емес, әрине. Шілденің нағыз ыстық кезінде тау басындағы қар ақыл-тегіл еридi де, Текеске құяды. Әншейінде моп-момақан болып жататын Текес өстіп шарасынан асып тасиды.

Бүгін күн ерекше ыстық болған еді. Соған орай Текестің тасуы да сойқан екен. Судың түсі қызыл күреңденіп өзгеріп кеткен. Тоғай ішіндегі су мұнша болғанда, Текестің өз арнасынан дәл қазір көлік өтіп болмайды. Атты да, адамды да жаңқа құрлы көрмей, ағызып әкетеді.

Шөпшілер Ортақазанға бара алмай, қаңтарылып тұрмыз. Не істеу керек? Көпір төмен Қостөбенің тұсында. Көпір айналып баруға тым алыс.

Маяшы төрт адам. Шөмеле сатушы төрт-бес әйел және бар. Бәріміз он шақтымыз.

- Мен барып, тамақ әкелейін. Судан өте аламын, - дедім.

- Қалай өтесің?

- Жүзіп өтем. Жұрт жамырап кетті: <<Қой! Сумен ойнама! Ағып өлесің>>, - дейді бірулер. Біреулер: <<Өлгің келсе, бара ғой>>, - дейді. Үшіншілер: <<Бұл өлмейді. Текестің суы арық емес пе, Бердібек балық емес пе деп, бекер айтылды деймісің. Барасың>>, - дейді.

Мен баратын болдым.

Тоғайдағы судың біраз жеріне дейін атпен кешіп келдім. Әрмен қарай терең, жұмыстан қажып жүрген арық атқа сену қиын. Атты сол арада қалдырмақ болдым. Бар киімімді шешіп, ердің үстіне байладым. Енді, міне, тыр жалаңашпын. Трусси менде жоқ-ты. Шалбармен жүзе алмайсың.

Тоғай ішіндегі судың өзі көкірегімнен келеді.

Монтиып жататын Текес көк долы дарияға айналған. Жүрексініп біраз қарап тұрдым да, қойып кеттім. Құлаштай жүзіп келем. Өзіме өзім сенем.

Ағын күндегіден қатты, маған ырық бергісі келмейді.

Жаға жақын. Міне, қолым ілінді.

105

Тыр жалаңаш болып жағада тұрмын. Ар жағымда жүз метрдей жерде киіз үй. Ортақазан. Онда қазір тым-тырыс. Судың бұ жақ бетінде істейтін басқа шөпшілер тамақтанып, тарап кеткен.

Не істеймін? Тапайдың тал түсінде тыр жалаңаш қалай барам?

Бармай және болмайды.

Киіз үйге қарай жүгіріп келем. Кім болса, сол болсын, үйге тез кіріп, қолыма іліккен киім, бірдеңемен тәнімді бүркей қалмақпын. Есік түсірулі, тым-тырыс. Үйге жақындап қалдым.

Кенет, киіз үйдің есігі жалбаң етіп ашылды да, қолында тегеші бар Қант шыға келді. Ол үйде жалғыз екен. Тыр жалаңаш жүгіріп келе жатқан мені көріп, шайтан көргендей баж ете қалсын! Қолындағы қамыр салған тегеш құлап қалды. Менің бөгеліп, түсінісіп жатуға уақытым жоқ. Тоқтамастан үйге зып беріп, кірдім де кеттім. Керегенің көгінде Мұқамедидің ұзын шекпені ілулі тұр екен. Үстіме соны жамылып, далаға қайта шықсам, Қант жоқ. Сөйтсем жаулығының ұшы желбең-желбең етіп, анадайда безіп барады.

- Қант! Қайда зытып барасың? Бұл мен ғой! Қант сенбегендей таңырқап қарап қалыпты.

Ақыры таныды. Уһлеп, бырбық қолымен жүрегін ұстай береді:

- Ой, қу шешек! Тырдай боп жүгіріп келе жатқанға, қайдан білейін. Шайтан екен деп қалдым.

Мен күлкіге қарық болып жатырмын.

Бірер шыны ыстық шай ішіп, әлденіп алдым. Енді ар жақтағы шөпшілерге тамақ алып қайтуым керек. Қазанға қарып пісірілген үлкен бір жаппа нан берді Қант.

- Бұны қалай әкетесің?

- Бір шүберек бер, соған орап, арқама байлап алам.

Қанттың үлкен қызыл шыт дастарқаны бар екен. қинала тұрып, әрең дегенде соны берді. Дастарқаным ағып кетіп жүрмесін деп, таптап айта берді. Байқа, су жаман, өзің ағып кетіп жүрме демейді.

Су бойына дейін Мұқамедидің шекпенін жамылып келдім. Қант анадайда қарап тұр. Нанды арқама келтіріп, дастарқанды мойныма байлап жатырмын.

Шекпенді сыпырып тастап, суға қойып кеттім. Жотамдағы нан су болмас үшін кеудемді, мүмкін болғанша, көтере малтуға тырысам.

Шөпшілер риза болып, қаужаңдасып қалды. Төбемнен төгіліп жатқан мақтау сөздер қаншама!

КӨНЕ ЗАТТАР МУЗЕЙІ

Төртінші оқымаққа тағы да Сүмбеге келдім.

Нағашым үйі бұрынғы тамда емес. Ол арадан көшіп, басқа тамға кірген. Бұлкең-бұлкең еткен көп қара көк қоян бар емес пе? Ескі үйдің түбіне солар жеткен екен. Іргеден үңгіп қазып алған қалың іннің бірінен бір күні түн ішінде сарқырап су кіре бастайды. Төр алдында жатқандар дүркіреп, шошып оянады. Шам жағып қарайды. Сөйтсе, қоянекең інді қаза-қаза, үйдің сыртындағы су ағып жатқан арыққа жеткен екен. Арықтағы су үйге қарай лап қойған.

106

Онсыз да асты шылқып жатқан су там енді тұруға жарамсыз боп қалған.

Осыдан соң атам қоян атаулының бәрінің басын кесіпті. Енді қоян асырасам, екі көзім желкеме бітсін деп, ант ішіп отыр.

Нағашымдар отырған қазіргі үй де бұрынғы үй секілді үш бұлың қоржынға ұқсас. Бір бөлмеде өздері тұрады, ортаңғы бөлмеде ас дайындалады. Кітап бетіндей ғана ойық терезесі бар соған жалғас үшінші бөлме - қойма. Онда әр алуан зат сақталады.

О, бұл бөлмеде жоқ нәрсе жоқ!

Қап-қап арпа, бидай, қыста жағатын отын (қурай, тезек) сонау көшпенділік заманда баспана еткен киіз үйдің уық, керегелері, киіздері. Ескі ер-тұрман, т.т. Қысқасы, бұл бөлмеде не зат бар екенін түгел санап шығу мүмкін емес.

Одан да сіз кіріңіз де, өз көзіңізбен көріңіз.

Мынау үңірейген үлкен қуыс - есік. Төбеңізді соғып алмай, еңкейіп, байқап өтіңіз. Жарық бұл бөлмеге кітап бетіндей ойық терезеден емес, негізінде, осы есіктен түседі. Сыртқы есік жабық болса, бұнда тас қараңғы. Сырт есік ашық болса, осындай алакеугім.

Қапа болмай, аз ғана сабыр етіңіз. Кім де болса, көзі үйреніп болғанша өстеді - ештеңе байқай алмайды. Өне, енді көріне бастады. Анау бұрыштағы текшелеп жиналған зат - тезек. Оған қатарлас қаттап тізіп тастаған қалың бау - ши-қурай. Бұның бәрі Бөпке апамның қыста жағу үшін тасып жинай берген отын қоры. Анау үйіліп жатқандар әлгі айтқан киіз үйдің ағаш, киіздері. Мынау үлкен фанера жәшікте ұн сақталады. Анау кішірек жәшікте кебек, кебектің іші толы жұмыртқа. Тоқтаңыз! Төбе жақты байқап алмай, ілгері қарай баспаңыз. Ондай ағаттық істесеңіз, өкінесіз. Кәне, жоғарыға қараңызшы! Белағаштың қуыс-қуысына, төбені жапқан сырғауыл мен талға жыпырлатып іліп тастаған, сүмеленіп шаң басқан мынау нәрселердің бәрі-бәрі де қажет заттар. Қажет болмаса да атам қажет деп, тастамай іліп қойған. Ескі бесік, ескі ердің күмістеген жүген-құйысқаны, аузы салпифан ескі бәтеңке, ескі пиманың қонышы, тот басқан көсеу темір, сынық шалғы, сапсыз орақ...

Жоқ, бұл бөлме қойма ғана емес. Сембай әулетінің бәз заманнан бері пайдаланған көне заттарын сақтайтын музей тәрізді. Осындағы әр бұйым - әр заманның куәсі, көзі есепті.

- Ата, анау бесік қашан жасалған? - деп, сұраңызшы.

- Әкемнен қалған бесік, - деп жауап береді Сембай атам.

Сонда бұл бесікте, ең бері болғанда, үш ұрпақтың бала-шағасы тербеліп өскен.

- Ал мынау қамшы ше?

- Жігіт кезімде Бөпкені аларда осы қамшыны ұстап барған едім.

- Ал мынау ескі күміс белбеу?

- Бұл әкемнің әкесінің белбеуі екен. Қайын атасы зергер адам болып, оған оны сол сыйласа керек.

Қаңсыған көне заттардың әрқайсысының осындай әріге кетіп жатқан тарихы бар.

ҚАПАСҚА ҚАМАЛҒАНЫМ

Күнде кешкұрым, өрістен мал қайтатын кезде, бала-шаға табынның алдынан шығамыз. Жан сақтап отырған бір-бір сиырымызды тосып алып, үйге айдап келеміз. Әдетте, ала сиырды қарсы алуға Рамазан екеуміз шығатын едік. Бір күні, Рамазан сырқаттанып қалды ма, есімде жоқ, қолыма жіңішке бір шыбықты ұстай салып, дағды болған қызметіме мен жалғыз кеттім.

Табын Сүмбенің сайының ішіне жайылады. Қарындары шеңбірек атып тойынған мама сиырлар қара жолдың бойымен шұбап келе жатыр. Бұзауын сағынған кейбір шыдамсыз құнажындар жіңішке даусымен өңешін соза мөңіреп, мен келе жатырмын деп, хабар беріп қояды.

Біздің жасамыс ала сиыр өзін маңғаз ұстайды, жөн-жосықсыз мөңіремейді. Өне, ол екеуміз бірімізді-біріміз алыстан таныдық. Маған келе жатырсың-ау дегендей ала сиыр алдыма түсіп, айдалуға бейімделе берді.

Жалаңаш аяғыммен жолдың май шаңын бұрқ-бұрқ кешіп, қаннен-қаперсіз сиырдың соңында келе жатырмын. Қай жермен қалай жүріп отыруды ала сиыр өзі біледі.

Жолда колхоздың ат қорасы бар. Сол араға келгенде, кенет, ағаштан мылтық, қылыш асынып, жасанып алған үш бала жау көргендей еліріп, қалқадан уралап шыға келді. Үшеудің бірі менің ескі жауым Баймырза. Бұлар мені анадайдан көріп, бұғынып тосып тұрған.

Қарақшылар жолымды бөгеп, қоршап алды. Кеуделерімен қағып, қылыштарын көтере ұстап, қоқаң-қоқаң етеді. Баймырза бұйырып:

- Қайт кейін, - деді.

- Неге?

- Біздің көшемен неге жүресің? Ана өз көшеңмен жүр.

Шатақ іздеген Баймырзаға бұл тек сылтау ғана. Жігітті намыс өлтіреді. Жалғыз бола тұрсам да айбарымды сақтауға тырысамын:

- Сенің әкең салған көше ме?

- Қайт деген соң қайт!

- Қайтпаймын!

Баймырза мен оның нөкерлері енді сөзден іске көшті. Көкірегімнен итеріп, тықсырып, күш көрсете бастады. Баймырза кеудемнен бір түйіп қалса, мен де бір

түйіп қалам. Ол екі түйсе, мен де екі түйем. Түйген олай емес, бұлай деп, есемді жібермеуге тырысам.

Жерде жұдырықтай тас жатыр екен. Соны тез еңкейіп, іліп алдым. Ал бәлем, енді мен-дағы құр қол емеспін. Аналар қылыштарымен ұратын болса, мен бас, көз демей таспен ұруға дайынмын.

- Ал ұра ғой, - деп, Баймырза кеудесін алдыма тосып, қасқая қарайды.

- Сен ұр!

- Жоқ, сен ұр!

- Сен ұрсаң, мен де ұрам!

Төбелесқой Баймырзада өткірлік те, шапшаңдық та бар еді. Тас ұстаған қолымнан қалай шап бергенін байқамай да қалдым. Екеуміз алысып жатырмыз. Баймырза маған қарағанда сүйектілеу, әрі күштілеу. Айт десе, шап беруге дайын тұрған екі көмекшісі тағы бар. Мен лезде-ақ үшеуінің астында қалдым. Бір аяғымнан басып, атаманның өзі өр кеудеме атша мініп алды.

108

Менің ашуым шегіне жеткен. Беріспеудің бар әрекетін істеп бағам. Бұлқынып, тыпырлаймын. Баймырзаны желкеден теппек болам. Аузыма іліккен жерін бөксеріп, тістеп те алмақпын.

Бірақ үшеудің аты үшеу, әлімді келтірмейді. Баймырза кеудемді одан бетер жаншып, екі қолымды екі жаққа тарбита жерге тіреп, ұстап алған.

- Ағатай де. Жалын. Жалынсаң тұрам, - дейді. Басымды кесіп алып жатса, жалынармын. Жалынбақ түгіл, жеті ата, жеті бабасынан тартып, тілімнің жеткенінше тұздықтап тұрып боқтаймын. Құдай күшті мол етіп бермесе де, қалақайдай ащы тіл берген. Баймырза мен оның серіктерінің ар-ожданын пышақша тілгілейтін небір аяусыз уыт сөздерді тауып айтам. Өлген-қатқан, тірі жүргендерінен бір де біреуін құр тастамаймын.

Баймырза мен оның нөкерлері одан бетер егесе түседі.

- Бір жіп тауып әкеліңдер! Иттің баласының аяқ-қолын байлап, шұңқырға тастайық!

Нөкерлерінің бірі қораға кіріп кетті де, жіп тауып әкелді. Үшеулеп, қолымды артыма қайырып байлап жатыр.

- Байла! Байла, әкеңнің аузын... Бәрібір, түбінде өшімді бір аламын.

Ат қораның төңірегінде бір кезде балшық жасағаннан қалған терең апан шұңқырлар. Мені соның біреуіне тастап жібермекке үшеулеп сүйреп әкеле жатыр. Ала сиыр әлгінде артына бірер қарап, бөгелгендей болып еді, енді ол да көрінбейді. - Тастандар! Тастап көріңдер! - деймін сес қылып. - Шұңқырға тастамай-ақ, өзін мына жәшікпен бастырып тастасақ қайтеді?

- Дұрыс!

- Бері тарт! Бастырып тастайық. Шыға алмай жатсын, бәлем!

Ат қораның алдында астық таситын үлкен арбаның қалың тақтайдан істелген зілдей ауыр қорабы жатқан. Мені соған бастырмақ.

- Бастыр! Бастыр әкеңнің...

- Ағатай де! Ағатай десең, бастырмаймыз? Өліп кетсем де, дегенімнен қайтатын мен емеспін. Қораптың дәл қасына мені етпетімнен сұлатып жықты да, Баймырза тізесімен мықшыңдай басып тұрды. Ана екеуі қорапты оп-оңай аунатып, үстімнен көміп тастады. Табытқа салынған адам тәрізденіп, ауыр қораптың астында қалдым. Тек тұмсығыммен жер сүзіп жатырмын.

Жеңуші әрқашан да мәз. Жеңілуші қор. Үш қарақшы қораптың үстіне шығып, тасырлатып би билейді. Табандарының астында жатқан мені мазақ етеді. Кенет тысырлап өткінші жауын жауа бастады. Үш қарақшы мені тастап, кетіп қалды. Бірдеңе етіп қолдарымды босатып алсам, қорапты қалай да көтеріп, шығар едім. Иттің ғана күшігі Баймырза, бір білегімді бір білегіне қабыстырып, аямай, қатты байлаған. Қанша жұлқысам да шешілмейді, кендір жіп екі білезігімді қиып, ауыртып барады.

Жауын бір мезетте сатырлап күшейіп кетті. Тақтайдың жарығынан үстіме тамшы тама бастады. Тамшыдан қашып, қораптың бір қапталына тақалып, енді бір қырыммен жатырмын. Бұлай жату кішкене жайлырақ көрінеді.

Тірі болсам Баймырзадан, қалай да, өш алатыным даусыз. Оның мына көрсеткен қорлығы есімнен, сірә, кете қоймас.

109

Жауын басылды. Қарақшылар тобынан хабар жоқ. Сиыр айдаған бала-шаға мана-ақ кетіп қалған. Төңірек енді тым-тырыс. Айқай салып, бақырғанмен ешкім ести қоймайды. Жақын маңда тұрғын үй де жоқ.

Ат қора қазір иесіз. Колхоз мұнда жұмыс көлігін тек қыста ұстайды. Баймырзалар өздері келіп босатқанша, шыдап жатқаннан басқа лаж жоқ.

Ал олар келмесе ше? Ертең таңертең үй іші мені қайда жоғалып кетті деп, іздей бастағанда бір-ақ келсе ше?

Мен өзімді батыр болуға дайындап жүрген адаммын. Егер патша кезінде әділсіздік заманда тусам, онда революционер болар едім деп ойлаймын. Революционерлер оттан, судан қорықпайды. Айлар, жылдар бойына қол-аяғы кісенделіп түрмеде жатады. Аш-жалаңаш болады, неше түрлі қинау көреді. Сонда да дұшпандарының алдында тізе бүгуді, жалынуды білмейді. Өз дегендерінен қайтпайды. Өлімді қасқайып, бетіне түкіріп қарсы алады.

Сол үшін де революционерлердің аттары тарихта мәңгі қалады.

Иә, мен патша кезінде тумағаным өкінемін. Ол кезде тусам, қазір атым тарихта жүреді. Балалар мен туралы оқып, менің ерлік істеріме таңырқасады.

- Неткен батыр адам! - деп, бас шайқасады.

- Неткен қайсар!

- Неткен төзімді!

- Мен, құдай ақында, мұнша азапқа төзбес едім. Шынымды айтқан болар едім, - дейді кейбір жаны тәттілер.

Менің рухым, менің әруағым бүгінгі жас ұрпақтың арасында қызу талас туғызады. Мен оларға кітап бетінен тек күлімсіреп қарағанды білем.

Осы кезде біздің Атымтаев дейтін аға пионер вожатыйымыз бар, қалтаңдаған тарамыс арық қара жігіт. Өз жұмысына жанын салады. Сабақтан тыс уақытта бізге маза тапқызбайды. Күнде таңертең мектепке сабақ басталардан жарты сағат бұрын келеміз. Атымтаев таң асып шыққан атша бізді сылаң ұрып қарсы алады. Мектептің алдындағы ашық алаңға тізіп тұрғызады да, дене шынықтыру жаттығуларын жасатады. Жүгіртеді. Кешігіп қалсаң, немесе келмесең, о, онда ол әкеңді танытады. Мәселенді пионер жиынында қарайды.

Атымтаев саясатсыз бір ауыз да сөз сөйлемейді.

Пионер жиынында не мәселе қаралмасын, Атымтаев әңгімені 1917 жылдан бастайды. Тап тартысы. Ленин, Октябрь революциясы. Барлық сөздің түйіні міне, осыған келіп саяды.

- Патша заманы болса, сен оқу оқымақ түгіл, қой бағып, құл боп жүрер едің. Осыны неге түсінбейсің? Физзарядқаға неге кешігесің? Ұйықтап қаппын деген де сөз бола ма екен? Бұрынғы заман болса, бай сені таң бозарып атысымен оятып, малға қуар еді. Ұйқы қанбау дегеннің не екенін сонда анық, білер едің! - дейді Атымтаев. Енді аз жылда бізден басқа елдерде де революция болады. Капитализм

жер бетінен мүлдем құриды деп. Атымтаев күн демей, түн демей құлағымызға сіңірумен болатын еді. Яғни, революция әлі біткен жоқ.

Революцияның көкесі әлі алда! Ол дүние жүзілік пролетариат революциясы. Мен, тым құрыса, соған қатыссам деп армандаймын. Осыған іштей дайындалып жүрген адаммын.

Қораптың астында жатып, өзімді өзім сынаймын. Қиыншылыққа төзе алам ба, төзе аямаймын ба?

Мына тар қуыс патшаның түрмесі болсын.

110

Мен батыр революционермін. Ал, Баймырзалар мені азаптаушы жендеттер. Мен оларға ешуақытта да жалынбақшы емеспін. Өздері босатпаса, қыңқ деместен жата берем.

Бір күн түгіл, бір ай жатсам да шыдаймын.

Қайта олар келмесе екен, босатпаса екен деп тілеймін. Өйткені талайдан көксеген арманына жеткен адаммын. Күн кешкіріп, қараңғы тартып барады.

Бір кезде біреудің келе жатқан дыбысы естіледі. Сөйтсем, Қасымқан екен. Менің қамауға түсіп қалғанымды жендеттер өздері айтқан.

Қасымқан оларды боқтай жүріп, мені түрмеден босатып алды. Өзімді өзім ақырына дейін сынап көруге мүмкіндік болмай қалды.

ӨЛЕМ-АУ, ӨЛЕМ!

Баймырзаның ызасы әбден өтіп бітті. Бір емес, екі емес, үш рет ол маған білгенін істеді.

Бірінші рет осы мектепке алғаш келген күні шалқамнан омақастыра жығып, миымды аузыма түсіре жаздады ма? Жаздады. Екінші рет қыруар ақшаға сатып алған жібек белбеуімді шашағын кесіп, істен шығарды ма? Шығарды. Үшінші рет, бүгінгі істеп отырған ісі және мынау.

Күнбе күн ол екеуміздің арамызда талай болып тұратын ұсақ-түйек теке тірестер бұл есепке кірмейді.

Жоқ, мен бұған төзе алмаймын - Баймырзаны шексіз басындырып қоя алмаймын. Шешем мені туғанда да қалжа жеген. Мені де ұл деп тапқан. Баймырзадан қалай да өш алуым керек.

Басқаларды қайдам, ал менің қайда жүрсем аңдысқан бір жауым болады. Қостөбедегі жауым Жанбосын еді. Мұнда келіп, Баймырзаны таптым.

Баймырзадан қалай да өш алуым керек. Қалай алам?

Баймырза жалғыз жүрмейді, ылғи да сойыл соғар нөкер жиып жүреді. Ендеше маған да нөкер керек.

Бір нөкерім дайын, ол - Рамазан. Тек аздап жүрексіздеу.

Тағы бір нөкер таптым, ол - Іргебай.

Іргебайдың үйі бізбен көрші. Әкесі Жаппар қарт адам аң аулап күнелтеді. Шешесі менің шешем тәрізді о дүниеге сапар шегіп кеткен. Екі әпкесі бар Іргебайдың. Үлкен әпкесі бойжеткен, сойталдай қыз. Осы үйді үй етіп отырған сол. Кішісі мен құралыптас.

Іргеш бізден кіші - екінші оқиды, Біздің көшеде Іргебайдан қу, Іргебайдан шақар бала жоқ. Жаныңа келсе, денесіндегі мың бір құрты жыбырлап, тиіскісі кеп, құтырынып тұрады. Тиіспей қоймайды, тілімен болса да шағып алады. Бүкіл Сүмбеде боқтасуға Іргебайдан шебер бала жоқ.

Аңшылықтан өзге кәсібі жоқ Жаппардың хал тұрмыстары нашар-ақ. Екі бөлме үйдің ауыз бөлмесін жауып алуға күштері келмейді. Қар жауса, жауын жауса, ауыз үй толарсақтан саз болып жатады. Сонда өздері төргі бір ғана бөлмеде

111

тұрады. Тамақты сонда ішеді, отын-су да сонда сақталады. Жалғыз сиырдың бұзауы сонда байланады.

Әрі үй, әрі қора.

Есікті ашып кеп қалғанымызда, жаман бір иіс кеудеңізден соғып кіргізбейді.

Іргебай, міне, осы үйдің тұрғыны. Таңертең тұрған соң Іргебай жуына ма, жуынбай ма, білмеймін. Ал бірақ оның қолы мен мойнына, құлағының ішіне жер жоқта, картоп ексе болар еді...

Іргештің денесінде қысы-жазы, негізінен, екі-ақ киім болады: қап жейде, тақыр тері шалбар. Екі аяғы алты ай жаз жалаң аяқ. Алдына жан салмай, зымырап жүгіргенде, тақыр шалбар қаудыр-қаудыр етіп, маңайда жайылып жүрген малды үркітеді.

Іргебай ойын іздеп (әрі шатақ іздеп), Рамазан екеумізге келуші еді. Бірінші боп өзі тиіседі, үлкен екен деп, бізден жасқануды білмейді. Біз екеулеп Іргебайды жы-

ғып саламыз да, аямай мытып-мытып аламыз. <<Ағатай, ағатай! Енді өйтпейін де, бүйтпейін>>, - деп, ол астымызда жатып, ант-су ішіп, жалынады.

Босатсаң, періп ұрып жөнеледі. Және жай қашпай, жер-жебіріңе жетіп, боқтап бара жатады. Әкеңнің аузы... кем иек! Кемтар иек! Кесіліп қалған сор иек деп, неше саққа жүгіртіп, шұбыртып боқтағанда, шыдап тұру еш мүмкін емес.

Тұра кеп қашқан Іргебайды біз тұра кеп қуамыз. Аяғы аяғына жұғыспай, бұлдырандап жүргенде, тері шалбар мықынына түсіп кетеді. Ол оны ышқырынан екі қолдап шенгелдеп ұстап алады. Жетсең, түлкіше бұлт-бұлт етіп, оңайлықпен ұстатпай ыза қылады. Әбден құтылмасын білгенде ғана күн ілгері ойбайлап, лақтырған тымақтай боп, домалап жата кетеді.

Көлденең қараған адам төрт мүшесінің біреуі қирап жатыр екен дегендей. Ойбайлаған даусы <<құдайға>> жетеді.

Іргебайды тағы да мытып-мытып аламыз, ол ағатайлап тағы жалынады. Енді одан мүсәпір, одан көнбіс жан жоқ. Айт дегеніңнің бәрін қайталап айтады.

- Ағатай де!

- Ағатай!

- Көкетай де!

- Көкетай!

- Енді тиісsem, ит, шошқа болайын де!

- Енді тиісsem, ит, шошқа болайын! Доңыз болайын! Хайуанның ішінде ең жаман тағы не бар? Соның нақ өзі болайын! - деп Іргебай артығымен қайталайды.

Іргебайдың бойындағы бір қасиет одан таяқ өтпейді. Бүкіл денесі ет пен сүйектен емес, темір пружинадан жасалғандай. Ұрып жатсаң, біресе ойбайлайды да, біресе сақ-сақ күледі. Мазағы, жалынғаны бәрі бірдей. Шымбайына батырып, мейлінше қатты ұрайын десең өзіңнің қолың ауырады.

Араз кезімізде біз оны <<апар-жаппар...>> деп, келеке етеміз, ісіміз түссе, Іргеш деп, еркелете қаламыз.

Мен міне, оған Іргеш деп қиылып тұрмын. Маған нөкер бол, оңбаған Баймырзаларға біз әлі танытамыз. Олардың қарулары қару ма, тәйірі. Біз нағыз атылатын қарудың өзін жасап аламыз деймін.

Шатаққұмар Іргебайға тамақ бермесең берме, төбелес тауып бер. Ол менің ұсынысыма қуана-қуана келісті. Рамазан мен Іргебай нөкер, мен командир. Енді тек қарулану қалды.

112

Шындап қарулану.

Кәдімгі тарс етіп атылатын нағанның өзін жасамақ болдым. Бәлем Баймырзаның үрейін мықтап бір ұшырмақпын. Көздеп атып, жазым қып, пәлесіне қалып жүрмейін, әрине. Басынан асыра гүмп еткізсем де екі көзі алақандай болмай ма?

Менің атағы жер жарған конструктордың иығында тұру үшін жаралған тапқыш басым шын нағанды қалай жасауға болатынын оп-оңай-ақ ойлап таптым.

Атамның көне заттар <<музейінде>> бел ағашта шыбық тәрізді жіңішке, іші қуыс мыс түтіктер қыстырулы тұратын. Соның бірін дүниеқор қартқа білдірмей жымқырдым да, нөкерлеріммен бірге үй маңынан аулақ оңаша кетіп, іске кірістім. Түтіктен бір сүйемдей кесіп алдым. Бұл болашақ нағанның стволы. Ағаштан істелген ойыншық нағанның үстіне әлгі стволды екі жерден сыммен буып бекіттім. Стволдың түп жағы қайырып жапырылған, бітеу. Дәрі аузынан салынады. Түбіне тақау арадан егеумен егеп, тебеннің көзіндей тесік жасадым. Дәріге осы арадан сіріңкемен от бермекпін. Сонымен, кісі өлтіруге жарайтын сұсты қару оп-оңай дайын болды.

Іргебай тақыр шалбарын қаудырлатып, үйіне жүгіре жөнелді де, аңшы әкесінің оқ-дәрі сақтайтын қобдиынан бір уысқа жуық дәрі ұрлап әкелді. Шырпының күкіртін уатып салса да атылар еді. Мүмкіндік боп тұрғанда шын дәрімен атқанға не жетсін!

Стволға әуелі шақтап дәрі салынды. Одан соң қағазбен тығындалды. Оқ орнына бірнеше түйір тас салынды. Және тығындалды. Енді айбынды қаруды тек атып сынау ғана қалды.

Үй маңынан алыс кетіп атпасақ, атам естіп, сезік алуы мүмкін. Үлгілінің бас жағындағы жаман тамдарға қарай келе жатырмыз. Құр далаға атпай, сауысқан, қарға атып, мылтығымыздың керемет күшін көзбен көріп білгенше асығыспыз. Содан кейінгі кезек менің ата жауым Баймырзанікі.

Ауыл маңында не көп - қарға көп. Жарбиған бір қарға тамның қырында ары қарап қонақтап отыр. Бізден сезік алып, ұшайын демейді. Бізді тіпті адам орнына оқынбайды. Шамасы отыз метрдей жақын кеп, тұра қалдым.

- Ал ат!

Әскери адамдардың тік тұрып, наған атқанын көргенім бар. Соларға ұқсап, бір аяғымды алғарақ жіберіп, көздеп тұрмын. Іргебай мен Рамазан екеуі екі жағымда.

Қарға тіпті селт етпейді. Тигізбей қал деп, мені келеке еткендей жалпиған жон арқасын қайта тоса түседі.

Стволдың түп жағына, тесікшенің дәл аузына тақап бекітілген шырпы талын сіріңке қорабымен сүйкеп келіп қалайын. Бжт!

Бұдан соң не болғанын есіме алсам, күні бүгінге дейін денем түршігеді. Жарк еткен қызыл жалын беті-басымды көміп кетті. Наған ұстаған қолымды әлдекім керемет қатты күшпен артқа қарай серпіп лақтырып жіберді. Көзімді тарс жұмып, мәңгіріп тұрып қалдым.

Көзімді қайтадан ашсам, көк ала түтіннің ішінде тұр екенбіз. Бармысындар, тірімісіңдер дегендей екі нөкеріме қараймын. Бар, тірі, бірақ екеуінің де түрлері түр емес. Көздері бақырайып, боп-боз боп, қандары қашып кеткен. Сия шашыраған тәрізді шұп-шұбар бірдеңе беттеріне жұғып қалған.

113

Менің қолымдағы наған қайда? Наған жоқ. Неге екенін білмеймін, жарбиған жаман қарға өлмек түгіл ештеңе де болмаған. Анадайда қалбақтап ұшып бара жатыр. Артына жалтақтап қарап қойып ұшады. Өлмесе, өлмесін, зәресі зәр түбіне кетіп, қорықты.

Наған табылды. О, ғаламат! Жерде жатыр, стволдың орнында оттан суырып алған мыж-тыж жаман қара темір...

Біртіндеп есімізді жиып, біріміздің біріміз не болғанымызды зерттеп, қарап жатырмыз.

Іргебайдың шекесін оқ сызып кеткен, болар-болмас қан шығады. Қолына жұққан қанды көріп, дереу жылап жіберді.

- Өй, неге жылайсың?

- Өлем-ау, өлем! - дейді Іргебай.

- Осыған да кісі өле ме екен?

- Оқ тиген адам өлмегенде...

Іргебай жылап-жылап басылды. Сірә, өлмесіне көзі жетсе керек. Бірақ оның есесіне:

- Мен саған нөкер болмаймын! - деп, үзілді-кесілді бас тартты.

ЖОЛ ҮСТІНДЕГІ КЕЗДЕСУ

- Алматыдан оқудан ағаң кепті. Саған бастан-аяқ жаңа киімдер әкепті! - деген, мен үшін дүниеде теңдесі жоқ, қуанышты хабар жетті. Өзімді қоярға жер таппадым. Қостөбе қайдасың деп, жаяу тартып жөнелдім.

Қол көтерсең, бірі болмаса бірі тоқтай қалатын қазіргідей машинаның ағылып жатқан кезі емес. Арбаның өзі сирек. Даланың төсін шұбалып тіліп өткен шаңдауыт қара жолға түсіп ап, жалаң аяқ тартып келем.

Бастан-аяқ жаңа киімдер... Не киімдер екенін тез барып көргенше ынтықпын. Үстімдегі мынау жаман салабалардан құтылатын, маған да жаңа киімдер киетін заман болады екен-ау.

Мектепке бармаған кезім. Шешем қызыл ала шыттан қолмен көктеп, жейде тігіп берген. Соны киіп, қуанып, көршілерден байғазы сұрап жүрмін. Жанбосын кездесе кетті. Менің мақтаныш еткен жейдемді нұсқап:

- Қызтеке, қызтеке! - деп келеке ете бастады. Мен әуелі түсінбедім. Сөйтсем, қызылды тек қыздар киеді, сен енді қызсың деген сөзі екен.

Мақтанудың орнына, сосын, қорланатын болдым.

Ескі былғары етіктің қонышын бастатып, аяғыма шапшақ етік тіккізіп берген. Өлгіні киіп, құр ат мінгендей жетісіп қуанған едім. Жас кезімнен осы екі уақиға менің есімде қалыпты.

Бұдан басқа жаңа киім киіп қуанғанымды біле қоймаймын. Сөйтіп, Қостөбеге жаяу келе жатырмын.

Бұл, сірә, октябрдің іші болуға керек. Аспан сол күні құбылыңқы. Жентек-жентек түсі суық сұр бұлттар шығысқа қарай ауыр сырғып көшуде. Бұлт қарасы біртін-біртін қалыңдай түсетін тәрізді. Менің бет алдымнан ызбар жел соғады, омырауымнан кірген жел қоиын-қолтығымды аралап, денемді тітіретіп өтеді.

114

Қара сұр бұлттар әрі түнеріп, әрі төмендеп келеді. Өне, тысырлап тамшы тама бастады.

Мен бұл кезде Сүмбе мен Ұштың дәл екі арасында қара моланың желкесінде келе жатырмын. Айдала. Жолдың асты-үсті құлазыған аңыз. Жаңбырдың тысырлауы жиілей бастады. Құлағымды, маңдайымды тамшылар сап-салқын болып шертіп-шертіп өтті. Бір тамшы тәмпіш мұрнымның ұшына тиді.

Жаңбыр лезде нөсерге айнала бастады. Үдеп, көп жауатын түрі бар. Не істерімді білмеймін, жақын маңда жүгіріп барып, бас сауғалар пана жоқ.

Не болса да көндім.

Нөсер де ештеңе емес екен. Тамшы орнына аспаннан бармақтай-бармақтай бұршақ түсе бастады. Нағыз масқара енді болды. Түйе құмалағындай көксоқта шымыр бұршақтар жерді түтіп, тесіп жібере жаздайды. Бас киімсіз шекеге дөң ете қалуы таспен ұрғаннан бір кем емес. Бешпентімнің жағасын екі қолдап созып, құлақтарымды бүркеймін. Тақырайған төбем сонда да ашық, бұршақ екіленіп төбеме, қолымның сыртына келіп соғылады. Қолы қатты біреу аямай шертіп жібергендей тыз еткізеді.

Бұл да ештеңе емес екен. Келесі бірнеше минуттың ішінде жер беті бұршақтан аппақ ақ қарға айналды. Жалаң аяқпын ғой! Енді қалай жүрем? Қар-бұршақтың суықтығы мұздай, табанымды қарып, өлтіріп барады, ызғары шекемнен шығады. Ақ көрпесін жерге төсеп тастады да, бұршақ басыла қалды. Селдіреген сұйық бұлттың арасынан жарқыраған күн көрінді. Одан маған не пайда? Жол шетіндегі биік бір шидің ық жақ тасасында алақандай қара жерде бүрісіп, жан сауғалап тұрмын. Дүниені сел алғанда бір түйір томарға шығып аман қалған қоян тәріздімін. Енді мына жолмен кім өтер екен? Мені мына ауыр халден кім құтқарар екен?

Егер ешкім кезікпесе, қашан бұршақ еріп, жол қарайғанша өстіп тұра бергеннен өзге лаж жоқ.

Бірақ кездеспеуі мүмкін емес. Бұл аймақтағы үлкен жол тек осы. Халық үзбей қатынап жатады.

Ура! Мен неткен бақытты едім! Құдай мені өлтірмейін деген екен. Сүмбе жақтан бір аттық арба зырлатып келеді. Ұшқа тоқтамай, Қостөбеге бірден баратын арба болса игі еді.

Арба жақындап қалды.

Ұшқа барса да маған бәрібір. Ұшта Зәуре жеңешем мен Қағаз аға бар. Сол арада шай ішіп, жылынып, жолдың қараюын тосам.

Арбаға биік қара ат жегілген. Жалғыз адам. Жолдың ауырлығын елеместей екпіндеп қатты келе жатыр. Яғни, жүгі жеңіл. Мен арбаның алдын торып, жолға қарай жүгірдім. Кім де болса, менің мына халімді көріп, отырғызып алатынына сенімім кәміл.

Рессорлы жеңіл арбаның үстінде маған қодия қарап отырған жас өспірім, сөйтсем, Жанбосын! Менің ескі жауым, әрі жерлесім. Астында арбаның өн бойына қарай ұзынынан сұлатып салып қойған бір қап ұны бар. Сүмбеге диірменге барып келе

жатқанын бірден білдім. Жанбосын мені танып, тоқтар емес. Атына одан бетер қамшы басып, зырлатып өте шықпақ. Мен ақ бұршақты жалаң аяғыммен шалп-шалп кешіп, арбадан қалмай, жалынып жүгіріп келем:

- Ағатай, Қостөбеге дейін ала кетші!

115

- Ат тарта алмайды, аямаймын.

- Ағатай, қарашы, аяғым үсіп кететін болды!

- Үсісе қайтушы ем? Жалаң аяқ неге шығасың?

- Ағатай, сөйтші!

Мен енді Жанбосыннан рұқсат күтпей-ақ арбаға арт жағынан жабыса бастадым.

Жанбосын өңін суытып:

- Түс! Түс! - дейді.

Мен тыңдамадым. Мені біраз бүрсендетіп жүгірткісі келген ойыны шығар деп ойлады. Арбаның кіндік ағашына мініп те алған едім.

- Түс деймін! Ұрам! Түсесің бе, жоқ па?

Мен әлі де болса Жанбосынның домбытуы шығар деп, түспедім.

Сөйтсем, әлгі ит нағыз жансыздың өзі екен. Шұбалған арба қамшымен тартып келіп жіберсін. Жұқа киімнің сыртынан шып етіп, осып түсті. Жаныма батып кетті.

Бұл аз дегендей тағы ұрғалы келеді.

Амалым жоқ, арбадан секіріп түсіп қалуға мәжбүр болдым. Жанбосын енді қарқылдап күліп кетіп барады.

Тілім жеткенше сыбап боқтап жатырмын.

Анадай ұзаған соң Жанбосын атының басын тежеп, тоқтайын деді. Маған қарап дауыстады:

- Кел отыр!

Бәсе, ала кетпей не көрініпті, Қап, боқтауым асығыстау болған екен-ау!

Арбаға қарай жүгіріп келем.

Жақындап қалдым.

Жанбосынның бұл мазақтауы екен. Кенет, мен жеткенше, атына қамшы басып, қуа жөнелді. Мен ақ бұршақтың үстінде ақымақ болып, бүрсендеп қала бердім. Тағы да бір шидің қарайған түбін басып тұрмын. Табаным мен саусақтарым бұршаққа тоңып, қып-қызыл болып кеткен. Тызылдап, ашып, жанымды көзіме

көрсетеді. Шіркін-ай, тым құрса, бас киімім болар ма еді. Ойланып-толғанбастан, аяқтарымды соған орап, жылытар едім.

Кенет, Сүмбе жақтағы ойдан бір салт атты шыға келді. Бөрік, шекпен киген егде адам. Астындағы бие болса керек, сипап қана қамшыланып, бүлкек желіспен келеді. Нағашымдардың Үсейін дейтін жамағайыны болушы еді, сол екен.

Үсейін мені мүсіркеп кетті, артына мінгесіріп алды. Тоңған аяқтарымды шекпенінің ұзын етектеріне орап, биенің майда желісімен лезде Ұшқа алып келді. Ұш құп-құрғақ, бұл араға бұршақ та, жауын да тамбаған.

ЖАҢА КИІМДЕРДЕН КӨРГЕН АЗАБЫМ

Бастан-аяқ түгел болмаса да, ағайымның маған біраз сырттық киімдер әкелуі рас екен. Тері жағалы қыстық бобрик пальто, калошымен жаңа сұр пима әкелген. Жүні сабалақтау малақай алып келген. Жазда киімнің бар, жоғы онша білінбейді, жалаң аяқ, жалаң бас шапқылап жүре бересің. Киімі жоқ адамның қор болып бітетіні қыстыгүні. Ағайым маған киім сатып аларда көптен-көп осыны ойлаған.

116

Өмірі киім киіп жарымаған, базар киімін иығына да іліп көрмеген мен байғұста қуанғаннан ес қалмады. Пальтоны да, малақайды да, пиманы да (әрине калошымен) киіп алып, былай-былай жүріп қараймын. Жаңа киімнің аты жаңа киім, үстіме қонымы да, денеме сезінуі де мүлдем бөлек. Айнаға қарап, өзімді өзім танымай қалғандай болам. Иә, адам көркі шүберек, ағаш көркі жапырақ деп, бекер айтылмаған. Күндегі жарбиған жаман емеспін, сүйкімді әп-әдемі болып шыға келгем.

Шіркін-ай, дәл қазір далада қыс болса деп тілеймін. Қар борап, аяз шытынап тұрса. Мына киімдермен аяғымды шіреп басып, көшеге шыққан болар едім.

Жұртқа көрсетіп, мақтанар едім.

Жер қара, күн жылы кез. Бұл киімдермен қазір көшеге шықсам, мақтаншақтың өзі болып қаламын.

Үстім көпсіп, терлеп барам. Жаңа киімдерімді сонда да шешкім келмейді. Малақайдың құлағын біресе түсіріп, біресе түріп киіп қараймын. Иә, енді маған қыстың қандайы да қорқынышты емес.

Төсекке жатқаннан кейін де ойлағаным: ағайым әкеп берген жаңа киімдерім.

Үйде жеке өзім болсам, мен оларды киіп жатып ұйықтаудан да тайынбас едім.

Алматыда оқыған бірнеше айдың ішінде-ақ Сатылған ағайым кәдімгідей өзгеріп, мәдениеттеніп қалған. Ақ жейдеге галстук тағатын болған. Галстукті ауылда тек балалар тағады және қызыл галстук. Ал ағайымның мойнында көк ала галстук. Мен үшін бұл сәлекет болып көрінеді.

Ауылдағы кемпір-шалдар Сатылғанға үдірейе қарасады. Қай бірі қасына шақырып алып:

- Қарағым, мойнындағы не зат? - деп сұрайды. Ағайым күліп жауап береді:

- Бұл галстук.

- Оқыған балалардың бәрінің мойнына өстіп байлап жібере ме?

Шын сұрақ болсын, кекесін сұрақ болсын, Сатылған ашуланбайды. Одан бетер күле түсіп, дұрыстап жауап береді. Қалада галстукті жұрттың бәрі тағатынын, магазинде еркін сатылатынын айтады. - Кемпірлер ауыздарын сылп еткізіп:

- Құрып қалсын, ит құсатып адамға қарғы бау таққаны не сән екен, - дейді.

Мұндағы жұрттың ұғымында галстук тағу ол өкіметші болудың, комсомол болудың және бір нышан-белгісі тәрізді. Ескілік салт-санадан алшақтау, орыстану. Әсіресе, қарттар жағы Сатылғанның бұл мінезін құп ала қоймайды. Қалада ағайым әрқилы болып суретке түскен, өзінің бірталай сурет-карточкаларын әкелген. Төр жақ бұрышта үстіне кітап журнал жиналған стол бар емес пе? Сол тұсқа қабырғаға газет қағып, газетке бірсыпыра суреттерді шет-шетін кіргізіп іліп қойған.

Үйге келген қарттар осы суреттерге көп үңіліп қарайды. Адамның өзінен айнытпайды екен деп, ғажап қалып, бастарын шайқасады. Орыстан өнер қалған ба, деген тәрізді сөздер айтады.

Мен әлі күнге суретке түсіп көрген емеспін. Колхоздарда сурет тартатын адам жоқ. Суретке түсу, қағаз бетінде түр-түсім қандай болып шығатынын көру - ол менің аңсаулы арманымның біреуі.

Кім де кім суретке түссе, мен оны бақытты деп қараймын. Сатылған ағайым міне, бақытты.

117

Сүмбеге жаяу қайтып келе жатырмын. Ағайым әкеп берген жаңа киімдерімді түгел орап, көтеріп алғам. Аға-жеңгем:

- Қазір күн жылы, бәрібір кимейсің, тастап кет. Соңынан қатынаған адамнан беріп жібереміз, - деп еді. Көнбедім. Өлгенде көрген киімдерімді көзімнен таса етіп, шыдай алатын емеспін.

Нағашыларыма көрсетіп, мақтанғанша және асықтым.

Күн бүгін жылы, жарқырап тұр. Айдала, қара жолдың үсті. Не алдымда, не артымда менен басқа қыбыр еткен пенде жоқ. Мынау елсіз далада жаңа киімдерімді тағы да түгел киіп аламын. Тағы да қақаған қыс болып тұрмағанына өкінемін. Екі қолымды қалтама салып, біраз жер жүріп барам. Содан соң жүгіремін. Құдайдан қыстың тез түсуін тілеймін.

Жаңа калоштың ізі жолға мөр басқандай болып түседі. Мен оған үңіліп тамашалап қараймын. Бір кезде Жанбосынның аяғындағы бұжыр табан бәтеңкенің ізіне сонша қызығатын едім. Мен үшін ол қол жетпес арман еді. Сөйтсем, арманы қалай орындалғанын адам білмей де қалады екен.

<<Ағасы бардың жағасы бар>> деген рас сөз-ау. Мен осы жолы Сатылған ағайыма шексіз разымын.

Өмір бойы осындай дәрменсіз балалық халде тұрып қалмайтын шығармын. Мен де өсіп, ержетермін. Мал табармын. Сонда ағайымның осы жақсылығын он есе, жүз есе қайтармасам ит болайын.

Сонау көз ұшынан адам қарасы көрінсе, үстімдегі киімдерімді дереу шешем де, орап алам. Күн жылы, жер қарада қыстық киіммен қорбиған қандай есуас демей ме?

Біраздан соң шаршай бастадым. Қалың пальто, пима, малақай, калош - жаяу адамға бірсыпыра жүк екен. Сүмбеге қас қарая әрең жеттім.

Менің бір құшақ жаңа киімдер арқалап келуім нағашым үйіндегілерге ғажап әсер етті. Рамазан мен Қасымқан іштері күйіп қарайды. Дәл сол күні Сүмбеде Қали дейтіннің үйінде той бар екен. Той десе, қу бас домалайды. Ел шұбап кетіп жатыр. Мұндағы жұртқа шақырған, шақырмағаны есеп емес.

Бір үй той жасапты десе, еліріп кететін әдет бізде, балаларда да бар. Бізсіз тойдың сәні келмейтін тәрізді. Міне, Рамазан екеуміз тойға барамыз деп, қамданып жатармыз.

Кеш, әрине, күндізгідей емес, салқын. Соны сылтауратып, жаңа киімдерімді түгел киіп бармақ болдым. Ауылдың бар баласы жиналады, көрсін бәлем. Іштері күйсін. Қашан қыс түскенше тосып, шыдай алатын емеспін.

- Бұл киімдерді қайдан алдың, ей? - деп, олар сұрайды ғой.

- Ағайым Алматыға оқуға барған еді, сол әкеліп берді!

Алматы бұл араның халқы үшін жер түбі, екiнiң бiрi бара алмайды. Бұл киiмдердiң Алматыдан әкелiнуiнiң өзi-ақ бiраз жұртты <<оу!>> дегiзедi.

Алматыда оқып келген ағайым бар екенiн Баймырза секiлдiлер бiлiп қоюы және терiс емес.

Сонымен, Рамазан екеумiз тойға келе жатырмыз. Рамазан бешпентшең, басында кепка. Самдағай. Мен болсам, солтүстiк полюстен самолетпен келiп түсе қалған адамдаймын: үстiмде қорбиган қалың пальто, басымда малақай, аяғымда пима калошымен.

118

Мен бұған дейiн өмiрi калош киiп көрген адам емеспiн. Калоштың қажеттiгi, менiң түсiнiгiмде, тек аяқтан сыз өтпеу үшiн емес. Әрi пиманың табаны тозып, тесiлмеу үшiн. Яғни, аяқ киiм көбiрек киiс беру үшiн. Бұл бiр.

Екiншiден, калошты және сән үшiн де киетiн тәрiздi. Әсiресе, өңiн кiрбiң шалмаған жаңа калош аяқта жалт-жұлт етiп тұрса, ғажап емес пе?

Төңiрек қараңғы тартып, көз байланып қалған.

Мынау сол той жасап жатқан үй. Сүйек-саяқ дәметкен иттер мен балалар есiк алдын торуылдап жүр. Бiз де келiп қосылдық. Қараңғыда менiң қандай киiм киiп келгенiмдi жұрт онша байқамайды. <<Қорбиган мынау кiм ей>> деп, бiреулер үңiлiп қарап өттi.

Күресiп, алысып-жұлысып ойнай бастады балалар. Мен араласпаймын, аулақ тұрмын. Әлi киiлiп, жұмсармаған пима жүргенде тобықтарымды қажап, ауырта бастады. Арқа-басым терлеп, пысынай бастадым. Ойнауға да, алысуға да ешқандай икемiм жоқ.

Той асынан балаларға да дәм татқызады. Бiз мұнда, негiзiнен, сол үшiн келiп жүрген жоқпыз ба? Аспаз әйелдердiң бiрi есiк алдына шығып, айқай салды:

- Балалар, мұнда кiрiп, шай iшiңдер! Ойын да, алысып-жұлысу да жайына қалды. Ас үйге кiрiп, iргенi жағалап отырыса бастадық. Стол жоқ, бiрiмiзге бiрiмiз тақалып, жерге отырып жатырмыз. Балалар менiң не боп кеткенiмдi ендi анық көрдi!

- Охо! Мынаған қараңдар!

- Өй, саған не болған!

- Жер қара, күн жылыда пима киiп алыпты әуелi!

Көзге шыққан сүйелдей елден ерек оғаш боп келгенімді мен дағы анық байқадым. Оғаш түгіл, тіпті ұят екен. Өмірі киім киіп жарымаған сорлы екенімді бұдан артық әшкерелей қоймаспын, сірә да. Бір өзім екі адамның орнын алып, аяқтарым жөнді бүгілмей, әрең отырып жатырмын. - Киімдерін жұртқа көрсетіп, мақтанайын дегені ғой! - дейді біреулер. Солай екенін ел түгел біліп отыр.

Қысыла бастадым.

Жерге дастарқан жайылған, бауырсақ төгілген. Енді ыстық шай құйыла бастады. Шай құюшы келіншектер маған қарап, мырс-мырс күледі:

- Мына Қағазбайдың жиеніне қайдағы қыс келген?

- Қарағым, үйде тағы да кимеген киімің қалды ма?

- Баланы мүйіздей бермей, қойсаңдаршы. Аяқ астынан қар борап, күн суытып кетсе, үйіне қалай жетпек!

Қатындардың тілдері тікеннен де жаман, пісіп-пісіп алады.

Қалың киімнің пысынатуы, ұялып-қызаруым бәрі араласып, жазамды бере бастады. Терлеп кеттім, бауырсақтан емін-еркін еңкейіп, алып жей де алмаймын. Есем кетіп барады. Ыстық шайдан ұрттасам, одан бетер терлеймін. Менен басқалар жайылымға шыққан сиырларша жапырып барады.

Мен адам емеспін, буып қойған теңмін.

Ақымақ болғанымды ойлап, қысылған сайын тер анан да, мынан да сорғалап, еркін кетті. Моншада, ыстық буда отырғандаймын. Тер арқамнан, шашымның ара-арасынан жорғалап, жыбырлап шыққаны өзіме ап-анық білінеді. Сүртінейін десем, орамал жоқ. Менің қалтама өмірі орамал бітіп көрген бе!

Терімді алақаныммен сүртем де, жамбасыма сүйкеймін.

119

Мұрын... Мынау кішкентай тәмпіш мұрын бұл-дағы нағыз оңбаған зат. Осындай жаның қысылған кезде өзіне-өзі бекем болуды білмейді, бір винті босайды да кетеді... Мұрынмен, термен алысып отырып, енді ас алып көр!

Қазір менде бір ғана арман бар, ол - бәрін қойып, тезірек сыртқа шығып жөнелу. Бірақ оған жол жоқ. Тым құрса, есік жаққа, шетке де отырмаппын. Сығылысқан балалардың ортасына түсіп қалғам. Алдым дастарқан, артым үй қабырғасы, қозғала алмаймын.

Басымды кегжитіп тік ұстап, мұрнымды пыш-пыш тарта берем. Сәл еңкейсем, танаудың ішіндегі мүлікке ие бола алмай қалатындаймын...

Өлдім-талдым дегенде шықтым-ау сыртқа! Бұрышты айнала беріп, зыңқ еткізіп, мұрнымды босаттым. Пальтомның түймелерін ағытып, кеудемді самал желге тосып, жан шақырып жатырмын. Бұйткен жаңа киімдері құрып қалсын! Көрмеген азабымды көрсетті, өмірі естен кетпес халге душар етті. Бір қызықтың бір шыжығы болады деген осы екен.

АРБАСУ

Кісі үйі қанша жақсы болғанмен адамның өз үйінде болмайды екен. Өз үй, өлең төсегім-ай деп, бекер айтпаған ғой. Шаңырақтың басқалығы көңілге көлеңкесін түсіреді де тұрады.

Оқудан қарнымыз ашып келеді, әрине. Зәуре жеңешем Рамазан екеумізге нан үзіп береді. Маған аздау, оған көптеу етіп үзіп беретін тәрізді. Көже құйғанда, Рамазанға шелектің түбінен алып, қоюырақ, маған сұйығырақ құятын тәрізді. Осының бәрі дық болып ішіме жинала береді. Ақымақтық десеңші.

Жарайды, солай-ақ болсын. Мейірбан ана жүрегі іштен шыққан шұбар жыланына бұрып-ақ тұрсын. Бұл заңды емес пе? Өз баласына бүйірі бұрмайтын пенде бола ма? Бұл үшін ішіме арамдық жинап бұртыюға менің қандай қақым бар? Соншама кінәмшіл болатындай мен бұларға немді өткізіп қойыппын? Қайт, кет әрі демей, ауырсынбай пана болғандары үшін мың да бір рақметімді айтуға тиіс емеспін бе? Бергендерін ішіп-жеп, жарқылдап жүре беру парыз емес пе маған? Жоқ, бұл ойдың бір де бірі менің ақымақ басыма жоламайды. Әлгіндей ұсақ-түйекке кінәмшыл болуым сыздауықша ісініп, асқына береді. Анда-санда Қостөбеге келгенде нағашым үйін жамандап сөйлейтін әдет таптым. Мені өз балаларымен тең көрмейді, алалап қарайды, т.т. Жаман иттің басын алтын табаққа салсаң, шоршып түседі секілді, менің бұным, нағыз есірік екен.

Сарыбастаудағы күнім ұмыт болды. Есімді жинап алдым да, енді дандайси бастадым. Өз балаларыңмен бірдей, тіпті олардан гөрі де тәуір жағдай жасамасаңдар кетем дегендей қыр көрсететін болдым.

Қайда кетпекпін?

Сүмбеде, <<Үлгілі>> колхозында менің аталас әпкем Тынымжан тұрады. Күйеуі Әлғожа колхоз председателі. Тынымжан осыдан екі-үш жыл бұрын түскен үлбіреген жас келіншек. Әрі сұлу, әрі мырза. Одан он-он бес жастай ересек күйеуі Тынымжанды әлпештеп ұстайды.

120

Тынымжанның мырзалығы сонша, тамақты құс төсектен түспей отырып ішеді, отын-суға араласуды білмейді. Шешесі Әлипа қолында, тамақты сол жасайды. Тынымжанды бауыр тартып мен бұл үйге келіп тұрам. Дастарқаны мол, дәмді ішіп, дәмді жейді. Тынымжан әрі мейірбан, әрі ақ көңіл адам. Келген сайын құшағын жайып қарсы алады, мейлінше тойғызып жібереді. Басқа сыйдың маған керегі жоқ.

Нағашым үйінен кетсем, осы Тынымжан үйінде жүрсем деп, арман етем.

Бірақ жайдан жай кете салу ыңғайсыз, сылтау керек. Шіркін, бір сылтау табылса! Қыс.

Сүмбенің солтүстік-батыс жағы биік қырқа, шаңғымен сырғанақ тебуге қолайлы. Базарда шаңғы табылмайды, дүкенде сатылмайды. Кәдімгі қазақ үйдің уығын екі-екіден қабаттап шегелеп, қолдан шаңғы жасап аламыз.

Атамның көне заттар музейінде бір бума уық жатқанын оқушы біледі. Рамазан екеуміз содан ептеп жымқырмақшы болдық. Екі уықты суырып алып, енді үшіншісін тартқылап жатқан кезде атам кіріп келіп қалсын.

Рамазан бұрын көрген екен, періп ұрып жөнелді. Құтылып кетті. Мен сасқалақтап, қаша алмай, қолға түсіп қалдым. Қылмыс үстінде ұсталған соң аяу болсын ба? Атам зірк-зірк етіп, құлағымды шытырлатып соза бастады. Пәле алдымен менен шығатынын ол біледі.

Құлағым мүлдем жұлынған адамша қоймадан еңіреп шықтым. Енді бітті, бұндай нағашыдан бездім. Бұл қорлыққа шыдағанша қаңғып жөнелгенім артық дедім де, үйге кіріп, кітап-қағаздарымды жинай бастадым. Нағашым үйінен кетудің сылтауы әдемі табылғанға ішімнен қуанышты едім.

<<Үлгілі>> колхозы сол көшенің бойында, төмен жақта. Аяғым қаздаң-қаздаң етіп Тынымжан үйіне келе жатырмын.

Осылайша, менің Тынымжан үйіндегі өмірім басталды.

Тынымжанның шешесі Әлипа пысық, ақ сұр кемпір. Қарсыдағы ас үйде бөлек жатып, бөлек тұрады. Бұрын анда-санда келгенде ол мені жаман қарсы алмайтын. Пәлендей мен үріккендей қатымыр мінез көрсетпейтін. Сөйтсем, оның бәрі белгілі бір шекке дейін ғана екен.

Едірейген сары мұрты бар Әлғожа әрі табыскер, әрі сері жігіт. Үйінен қонақ үзілмейді. Күн ара мал сойылып, тегеш-тегеш бауырсақ қуырылып жатады.

Соншама көл-көсір мол дастарқаннан Әлипаның аңдыған-баққаны енді менің ішіп-жегенім бола бастады.

Мен таңертең оқимын, сондықтан ерте тұрам. Әлипа менен де ерте тұрады. Ақ шайнекпен бір шайнек шай ысытады. Кешеден қалған, дастарқандағы көп тураулы нанның тілдей екі жапырағын бөлектеп алдыма қояды. Тақ-тұқ боп, тойыңқырамай қалам. Тағы сұрауға ұялам.

Түсте үйге ішімде ит қыңсылап әрең жетем. Жалпы дастарқанның үстіне түссем, онда еркімше ішіп-жеймін. Әйтпесе, Әлипа маған тағы да тамақты бөлектеп беріп, жарытпай қатырады.

Кеште бұл үй қонақсыз болмайды, әсте, ет асылады. Ауыл белсенділері жиналып, арақ ішіп, қарта ойнайды. Дүкенде спирт көп, су қосып, спирт ішеді.

Жарты стақанды қылқылдатып бір-ақ жұтады да, көздерін тарс жұмып, мұрындарын нанмен бітеп, тым-тырыс отырып қалады. Қиналғаны ма, жоқ әлде рақат тапқаны ма, маған түсініксіз.

121

Босаған бөтелкелер төсектің астында мастарша қылжиып-қылжиып жатады.

Кешкі астың үстінде Әлипаға мені бөлек тамақтандырудың реті келмейді. Дастарқанға жалпы жұртпен қатар отырам. Менің дәл қасыма тақалып Әлипа отырады. Көзінің қиығымен оның аңдыған-баққаны енді мен болам. Қолым табаққа қарай қозғалғанда, Әлипаның көзі қуалап бірге қозғалады. Тоқ жүріп жатқан жалаңаш сымды ұстайтын адамша саусағымның ұшы дір-дір етіп, мен етті әзер іліп аламын. Аузыма асықпай салып, тоқмейілсіп, өте бір сабырмен шайнап жеймін. Әлғожа мен Тынымжанға бұл ұнамайды. <<Әй, жөндеп ал! Жігіт адамша асап-асап же!>> - дейді Әлғожа. <<Сен өзге жұртқа қарама, жеп-жеп, тойып ал>>, -дейді Тынымжан әпкем.

Осы сөздер қамшы болады да, менің қолым табаққа батыңқырап кетеді. Бұл енді Әлипаға ұнамайды, сүйекті қатқыл шынтағымен ол өзге жұртқа сездірмей, бүйіріме түртіп келіп қалады. Сұғанақ болма, байқа дегені.

Табақтағы ет азая бастағанда Әлипа қонақтарға <<алындар, жеңдер>> деген болып, менің алдымдағы етті ары қарай сырып-сырып тастайды. Менің алдым тақырайып бос қалады. Бұл оның сен енді тойдың, доғар деген сөзі.

О, Әлипада айла көп! Тамақтан шет қағудың ол неше алуан тәсілін ойлап табады. Ет туралып болып, жұрт жаппай сұғынған кезде ол кенет: <<Қораның аузы

жабылмады ғой деймін. Бөтен сиыр кіріп кетіп жүрмесін, барып жауып келші>>, - дейді маған. Мен тұра кеп жүгірем. <<Жабық екен>> деп, қайта қайтып келем. Еттен енді ала бастағанымда, Әлипа тағы жұмсайды: <<Самауырдың отын қарап келші, өшіп қалмап па? Сөне бастаса, үстемелеп жаңқа салып қой>>.

Мен өртке жүгіргендей замғаймын. Әлгінің бәрін бірер минутта тындырып, қайтып келем. Тез оралуым Әлипаға ұнамайды, <<не көрінді соншама, жау қуды ма>> деп, алара қарайды. Тамақ желініп болмастан <<ана үйден сорпа ішетін екі-үш кесе алып келші>> деп және жұмсайды.

Мен оралғанша тамақ жиналып қалуы мүмкін. Осыны ойлап, қалай да есем кетпесін деп, етке шеңгелімді мықтап бір батырамын. Көрші үйге жеткенше асап жеп барам.

Тынымжан әпкем шешесіне тартпаған алтын адам ғой! Мені әлсін-әлсін безектетіп жұмсай бергенге ол шыдамай кетуші еді.

- Немене, балаға тамақ жегізбейтін болдың ғой! Барма! Тамағыңды жеп бір-ақ бар! - дейді.

Кәрі сүйек Әлипа кейде ауырып қалады. Сонда да пісі-күйік тамақтың кілтін қолынан шығармайды. Ыңкылдап жүріп, дастарқанды өзі жаяды, өзі жинайды.

Дегенмен, қытымыр кемпірге мен-дағы есемді жібермеуші едім.

Күндіз сабаққа ас үйде отырып дайындалам. Әлипа бір кіріп, бір шығып, шаруа істеп жүреді. Кейде оны-мұны жұмыспен көршіге - Әлғожаның ағасы Қожаның үйіне кетеді. Тез оралмай, шай ішіп, бөгеліңкіреп қалады.

Мен бұл кезде сабақты қоя салып, жанбағыстың біраз әрекетіне кірісем. Ықтияттап, буып қойған дастарқанды тез шешіп, тураулы нанның бірнеше жапырағын қалтама жымқырып алам. Сосын ойнаған болып, далаға шығып кетіп, жеп келем.

Кейде дастарқанда тураулы нан болмайды. Тапа нандар кебежеде. Кебеженің аузы құлыптаулы. Түп жағынан ашылатын кішкентай ақ құлып.

122

Менің құлып ашу үшін жасап алған бірнеше істік сымдарым, шегелерім болады. Мынау ақ құлып бұйым ба? Бұның көкесіндей құлыптарыңды ашып та, жауып та, білгенімді істей алам.

О! Бар байлық кебежеде! Тапа-тапа нан, құрт, май, қант... Менің көзім тұнып кеткендей болады. Құрттың екі-үшеуі, бірнеше шақпақ қант лезде қалтамның

түбінде жатады. Тапа нанның бүтініне тимеймін, тисем, пәле емес пе? Қай нанның қашан үзілгені Әлипаның көңілінде жаттаулы.

Үзік нан болса, содан ғана өте еппен, Әлипа сезбейтіндей етіп, үзіп алам.

Ақ құлып басып калсаң, шырт етіп, өзі жабылады.

Осының бәрін мен бас-аяғы бірнеше минутта істеп үлгеремін. Қолдарым кебеженің ішін <<реттеп>> жатқанда екі көзім терезеден сыртты бақылауда болады. Әлипаның қарасы көрінгенде, аласа столға жабысып, сабақпен басым қатқан боп, тұнжырап отыра қалам.

Әлғожа үйі сауынсыз болмайды. Бір сиыр және бірнеше қой, ешкі сауылады. Сүт мол, бірақ Әлипа татырмайды. Айран ұйытады да, дорбаға құйып, қатық сүзеді. Қазанда бетіндегі қаймағы сап-сары болып кісіні еріксіз қызықтырып, піскен сүт тұрады. Мен ары өтіп, бері өткенде көз қиығыммен қарап өтем. Қалыңдығы бір елі бал қаймақтан асағым, сүт ішкім келеді. Бермесе, қалай асап, қалай ішесің?

Менің басым конструктордың басы деп, бекер айтпаймын ғой. Қаймаққа тиісе алмасам да, сүт ішудің әдісін таптым.

Аулада не көп - сабан көп. Ұзындығы сүйемдей сабан тауып алам. Бір жақ ұшын пышақпен жонып, үшкірлеймін. Болды, бітті, қазандағы сүттің қаймағының бір шетінен әлгіні сұғып жібер де сора бер.

Кәдімгі осы кездегі ресторанда коктейль ішкен тәрізді. Сорған сайын тәп-тәтті салқын сүт таңдайыңа фонтан болып тиеді. Сабанды қайта суырып алғанда, орны білінбей, жабылып қалады. Әлипа ештеңе де сезбейді.

Әрине, мұнда да нысап керек. Сүттің дәмділігіне қызығып жұта берсең, қазан ортайып қалады. Қаймақ бұзылмағанмен шөгіп, төмен түсіп кетеді де, Әлипа сезік алады. Япырау, мына сүтке не болды? Қаймағы бүтін тұрып, бұл неге ортаяды демей ме?

Тіршілік үшін, бір қарынның қамы үшін мен Әлипамен осылай арбасамын.

ТАБЫЛҒАН ТӘСІЛ

Әлғожа үйімен бетпе-бет, бір қораның ішінде оның ағасы Қожаның үйі бар. Қожа ауылдық советтің председателі. Елемес дейтін ұлы және екі қызы бар Қожаның. Елемес екеуіміз бір класта оқимыз. Ал қыздары мектеп жасына толмаған. Әкелеріне тартқан үрпиген-үрпиген сары қыздар.

Қожа мен Әлғожа бет сүйектерінің бітімі қазақи бола тұрып, шикіл сарының нағыз өзі. Олардан тараған балалар да түлкінің күшіктері тәрізденіп біреуінен-біреу аумамай сап-сары боп, түсе-түсе қалған.

Бұл тұқымның ерекшелігі, жалпы, бұл ғана емес. Әкелері Күшіген - мылқау. Күшігеннің қарындасы, осы күні кемпір боп қалған Алтынбала, ол да - мылқау.

123

Күшіген шал. Қабағы түксиіңкі жүретін, сүйекті төртбақ адам. Шаруақор. Екі үйдің отын-су дайындау, бақша салу, малға қарау секілді бүкіл шаруасын өгізше пыс-пыс етіп, үнсіз қимылдап жүріп, бір өзі тындырады. Алтынбала да, ол да сөйлеген сөзінді аузыңның қимылына қарап түсінеді.

Бұл екеуі дым білмес бітеу мылқаулар емес. Бір буынды, екі буынды қысқа сөздерге тілдері ара-тұра келіп те қалады. Бірдеңені шүлдірлеп, қысқа қайырып айта алады.

Күшіген қарулы адам, шаршау дегенді білмейді. Бірдеңеге ашуланса, шоқ басып алғандай жаман бажылдайды.

- Жүгіріңдер! Ана кісі неге ашуланды? - дейді Әлғожа.

Қожаның кіші қызы ерке, қолынан тамақ түспейді. Төсегінен <<апа, нан>> деп түрегеледі. Ойын үстінде құрт па, кәмпит пе, малжаңдап жеп жүреді.

Шешесі таптап қоя ма, қайдам, кіші сары қыз сондай сараң. Қолындағысынан сұрасаң, бермейді.

Бір күні кіші сары қыз есік алдында ойнап отыр екен. Қолында добалдай наны бар. <<Наныңнан берші?>> дедім.

- <<Мм... бермеймін>>.

Қалай да қызды алдап, нанын жегім келді. Тартып алуға болмайды, жылайды.

- Наныңнан берсең, қарындаш берем.

- Көйсет?

Көрсеттім - бір сүйемдей қара қарындаш.

- Иммқ... - деп, қыз басын шайқады, ұнатпағаны. - Бәкі берем. - Иммқ...

Басқа ұсынар нәрсем жоқ. Аз тұрдым да:

- Сен нанды орысша жегенді білесің бе? - дедім. Қыз аң-таң боп тұрып қалды да, тағы да:

- Иммқ, - деді. Білмеймін, білгім келмейді дегені.

- О! Орысша жеген қызық болады. Сен көрсең, өліп қалар едің!

- Өй қу-ай! Алдайсың!

- Алдамаймын. Сенбесең, наныңнан бір үзіп берші, көрсетейін.

Қыз нанынан кішкене етіп үзіп берді. Алдым. Енді бұны қалай жесем орысша боп шығады деп, ойланып тұрмын. Жай асай салғанмен ендігәрі қыз алданбайтын болады. Мен де жарымаймын.

Нанды көзіме тақап әкелдім де, бір түрлі үріккен жүзбен тесіліп қарап алдым. Сосын екі танауыма кезек-кезек басып, иіскедім. Иіскеген сайын тыжырынып, басымды қалтыратып қоям. Аузымды арандай етін ашып, көзімді бір жұмып, бір ашамын. Аузымды және бір ашқан кезде нанды өңешіме қарай тастап келіп жібердім. Сосын көздерім алақ-жұлақ етіп, обырланып шайнай бастадым.

Құдай оңдап, осы қимылымның бәрі де сары қызыға әсерлі шықса керек. Ол ішек-сілесі қатып, күлді.

- Мә, тағы да орысша же!

Тағы жедім. Жаңағыдан гөрі де құбылтып, әсерге бақтым. Жаңа тың құбылыстар ойлап табам. Қыз риза, нанынан үзіп бере берді. Ең қызығы бір үзім наны қалғанда қыз:

- Қалмақ қалай жейді? - деп сұрады. Енді ол мені цирктің бір ойынынан бір ойыны қызық дарақышысы тәрізді көріп алды.

124

- Қалмақ па? Қалмақ нан жемейді.

- Енді не жейді?

- Қалмақ тек кәмпит немесе қант жейді.

Сары қыз үйіне жүгіріп кетіп, бір уыс етіп кәмпит алып шықты. Қойдың құмалағындай домалақ арзан кәмпиттер. Мә деп, маған қалмақша жеуге әуелі соның бір түйірін берді.

Кәмпитті қолыма алып, тағы да ойланып тұрмын. Қалай жесем <<қалмақша>> болады? <<Қалмақша>> бұл жақсы сәтті желінсе, ана басқа кәмпиттер де менікі болады ғой.

Жаңағы көрсеткендерімді қайталау жарамайды. Оның енді еш қызығы болмайды. Есінеген адамша аузымды кең етіп аштым. Қайта жаптым. Тағы ашып, тағы жаптым. Мұрнымды тыжырып, басымды шайқап-шайқап қойдым. Бұның бәрі түк ойлап таба алмағанның далбасасы еді.

Аузымды және бір ашқанда, кәмпитті көмейіме қарай жіберіп кеп қалайын. Көздеп, дәл жіберсе де мұндай болмас, өңешімдегі тілшікке жабысты да қалды. Жұтпақ болсам, жүрмейді, кептеле түседі. <<Қых, қых>> деп, кәдімгідей шындап қақала бастадым. Кәмпиті құрғыр не ары, не бері кетпейді, тынысымды бітеп, өлтіріп барады. Көзім алақтап, өз мойнымды өзім тырналап, жанталасып жатырмын. Нағыз <<қалмақша>> жеу осы болды. Өлдім-талдым дегенде кептелген кәмпит ары еткендей болды. Тынысым ашылды. Өзім терлеп те кеттім. Жағамды ағытып, есімді жинай алмай жатсам, сары қыз және бір тал кәмпитті аузыма тықпалап:

- Мынаны да қалмақша же, - дейді.

- Өй, кәмпитің де, өзің де құрып қал! Жоғал аулақ!

Соңыра тіптен қызық болды. Бәріміз шай ішіп отырғанбыз. Кенет сырттан сары қыз кіріп келді. Екі үйдің еркесі, оған жол бос. Әркімдерді кимелеп, дастарқанға кеп, бір жапырақ нан алып:

- Мә, орысша же! - деп, менің аузыма тықпалап жатыр.

Мен не айтарымды білмей, сасып қалдым. Отырғандар және аң-таң.

- Мынау не айтады? - дейді Әлғожа.

- Мына неменің орысшасы несі? - дейді Тынымжан.

- Мынау нанды орысша жейді, қызық жейді. Менде бір пәле бар екенін бірден сезіктенген Әлипа болды.

- Таста нанды! Орысшасы несі? Дәу де болса мына қу бірдеңе ойлап тапқан ғой! Артынан оңаша жерде сары қызға түсіндіріп жатырмын:

- Сен маған жұрт көзінше орысша же деме, ұқтың ба? Жұрт бар жерде болмайды. Нанды да, кәмпитті де оңашаға алып кел.

- Мақұл.

ЕЛЕМЕС ЕКЕУМІЗ

Сіздер Елеместі білесіздер, сары қыздың ағасы. Екеуміз бірге оқимыз. Бойы менен ұзын, дүрдік ерін, аузынан сөзі, қойнынан бөзі салбыраған момын. Ол да сары. Бірақ әкесі тәрізді шикіл сары емес, қоңырлау. Елекең жуынып шайынуға

онша құштар адам емес, оның қоңырлау көрінетіні, мүмкін, сондықтан да шығар. Елеместің жасы менен үш-төрт жылға ересектеу. Онымен тең-тұс балалар орталау мектепті баяғыда бітіріп, орта мектепте оқып жүр. Ал Елекең асықпайды, кластан класқа жайымен, кейде, екі жылда аттайды.

Елемес екі нәрседен қатты қорқатын еді. Бірі даладағы қасқыр (Қасқырдан кім қорықпайды?). Ал екіншісі мектептегі оқу.

Қасқырмен ол әлі бір де бір рет бетпе-бет келіп көрмеген болар. Ал оқуы түскірмен күн сайын бетпе-бет келеді. Оқу оның жынына күнде тиеді.

Мен Елемеспен жетінші бітіргенше бірге оқыдым. Осы уақыттың ішінде сабазың картаның шығысы мен батысын айыра алмай-ақ кетті.

Үйіміз есіктес болғандықтан Елемес екеуміз мектепке бірге барамыз, бірге ойнаймыз. О, Елемес өнерсіз де жан емес. Ләңгі тебуден ол осы көшенің чемпионы.

Елеместің аяғында қолдан басқан тайпақ қара пима, ләңгі тебуге сондай қолайлы. Шапанның екі етегін белбеуге қыстырып алып, малақайдың құлақтарын тікелей-тіп түріп алып, мәймендеп тебе жөнелгенде, ол табиғат өзін тек осы үшін жаратқандай шабыттанып кетеді. Ләңгіні тепкен сайын басын бір шұлғиды, бір, екі деп санап кете береді. Көкшіл лақ терісінен тігілген малақайдың бір құлағы сынық та, екіншісі тіп-тік. Тік құлақ ол шұлғыған сайын селтең, селтең етіп, онымен қоса санасқандай болады.

Оқу десе, қабағы қарс жабылатын Елемес ләңгі ойнағанда тілмен айтып жеткізгісіз рақатқа батып, гүл-гүл жайнайды.

Таңертеңгі мезгіл. Елемес екеуміз мектепке бармақ болып, үйден шығып келеміз. Күн бұлыңғыр, іп-ірі болып, үнсіз жапалақтап қар жауып тұр. Қар түнімен жауған, жол атаулыны көміп қалған. Бірлі-жарым атты адамдардың ізінен басқа маңайда із де, жол да жоқ. Мектепке дейін көп жер.

- Бүгін оқуға бармай-ақ қойсақ қайтеді? - деді Елемес өте бір еңсесі түскен пішінмен.

- Не істейміз?

- Мына тамға кіріп, ләңгі ойнайық.

Ауа райының көңілсіздігі менің де адымымды аштырмай, тұсау болғандай еді. Мақұл деп, келісе кеттім. Дәл қасымызда терезесі үңірейген бос там тұр. Төбесі бар, есігі де бар. Тек терезесі жоқ. Мынадай қар жауып тұрғанда сол үйге кіріп,

ләңгі ойнап уақыт өткізуден рақат ештеңе жоқ секілді. Сабаққа бір күн бармасам не қылады? Күнде калып жатқан жоқпын және өзім сабақты жақсы оқимын.

Кірдік там үйге. Жауыннан сая, тып-тыныш. Төбесі, қабырғалары әдеміленіп сыланған, көңілді. Едені осындағы барлық үйлер секілді жер. Қабырғаның бірінде үлкен ағаш қазық бар екен. Сырт киімдерімізді шешіп, іліп қойдық. Түске дейін рақаттанып ләңгі ойнап, түсте, балалар мектептен қайтқан кезде, оқудан келген боп, үйді-үйімізге салаң ете қалмақшымыз.

Біз қайда болдық, не бітіріп қайттық, оны олар қайдан біледі?

Елемес жүрген жерде оның қалтасында ләңгі де жүреді, екеуі бірінен бірі ажырамайды. Бисмилла деп, ойынды бастап келіп жібердік.

Ойын ол оқу емес, уақыттың қалай зымырай өткені білінбейді. Мүмкін бір сағат, мүмкін жарты сағат өткен болар. Әйтеуір, еңбек вахтасының нағыз қызған кезі. Елекең өзінің құмар ісіне жан-тәнімен берілген, басқа дүниені түгел ұмытқан.

126

Маңдайдан буы бұрқырап, малақайды бір шекесіне едірейтіп киіп алған. Осы қазір ләңгіні теуіп жатқан да сол еді. Кенет сыртта ат тұяғының дүбірі естілгендей болды. Қожаның ұзындығы есік пен төрдей сары аты болушы еді. Ссның басы апандай терезенің ар жағынан көлденеңдеп көріне берді.

Аттың үстінде Қожа өзі!

Қожа - Тарас Бульба секілді мұртты, денелі адам. Үстінде қалың сеңсең ішік, ол оны одан бетер дәу етіп көрсетеді. Аттың басы көрінісімен-ақ біз бұрыш-бұрышқа тығылып тұра-тұра қалғанбыз. Сөйтсек, онымыз бекер еңбек екен. Қожа біздің ізімізді қуалап, біліп келген.

- Әй, жүгермектер! Шығындар!

Жүгермектер сонда да тыпыр етпейміз. Екеуміз екі бұрышқа көлеңке болып жабысып алғанбыз. Әттең, қолымыздан келмейді-ау! Келсе, сол бойда қабырғаға батып, сіңіп, жоқ болып кетер едік. Қожаның ашуы қатал екені Елемеске де, маған да жақсы мәлім.

- Шығасындар ма, жоқ па? Әлде быт-шыт қып, сүйреп алып шығайын ба?!

Бұл Қожаның расы. Енді бір минут бөгелсек, ол аттан қарғып түседі де, кіріп келеді. Екеумізді екі қолмен лақтай бақыртып сүйреп алып шығады да, білгенін істейді.

Шапанын тез киінді де, бірінші боп есікке қарай Елемес жөнелді. Оның соңында мен.

- Оқу қайда, сұмпайылар?!

Алты өрме дырау қамшы Елеместі арқадан көміп өтті. Ойбай деген даусымен қабаттасып, Елекең қайқаң ете қалды. Мені де ұрады-ау деп, ұрған кезде арқам қалай ауыратынын күні бұрын сезінгендей боп, жасқана бердім. Қожа бірақ мені ұрмады. Екеумізді мал құсатып алдына салып алды да, мектепке қарай дедектетіп айдап жөнелді.

Қожадан көргеніміз аз болғандай, енді директор Нәсірден көреміз. Оның да өңі суық, қатал адам.

Мектепке біз де келдік, үзіліске шығуға қоңырау да соғылды. Бізге бұл ұнамайды. Класс-кластан жүгіріп шыққан балалар айдалып келген бізді көрді. Өздері сабақтан қалмайтын жандардай-ақ улап-шулап, мазақтап қоршап алды.

Мұғалімдер бөлмесі. Қабағынан қар жауған Нәсір директор. Елемеске көбірек шүйілді.

- Мен сендермен сабақ соңынан сөйлесем, - деді де, оны-мұны шаруашылық, заттары тұратын ең шеткі кішкене бөлмеге апарып, қамап қойды.

Бұл бөлмеге от жағылмайды, суық. Оқушылар есіктің жарығына үймелеп, сығалап қарап, бізді мазақ етеді. Мылтықтың аузынан сәл үлкен тесік - бұтақтың орны. Әлдекімнің қуақы көзі жылтың-жылтың етеді. Ызам келіп, түкіріп келіп қалайын. Жылтыңдаған көзге түкірік дәл тисін. Сөйтсем, мына қызыққа караңыз - көз менің қас жауым Баймырзанікі екен. Ар жақтағы балалар сыбағасын мықтап алғаны үшін енді Баймырзаны мазақ етіп, қарқ болып жатыр.

Мен де ризамын. Талайдан өшім кетіп жүр еді оңбағанға. Сол керек өзіне.

Тағы да қоңырау. Балалар кластарына қайтадан кіріп кетті. Дәлізде енді жан қалмады. Жай тұра беріп тоңатын тәріздіміз.

- Елемес, кел, одан да ләңгі ойнайық. Ақыр осы үшін жазаланып отырмыз ғой.

127

Дәл осы арада ләңгі ойнау Елемеске әбестік болып көрінетін тәрізді, батылы жетің кіремейді.

- Көріп қойса, пәле болмай ма?

- Көрмейді, қайдан көреді. Біреу келе жатса, қоя қоямыз.

Елекең шапанының, бешпентінің, жейдесінің түймелерін түгел ағытып, қолын жалаңаш етіне сұғып жатыр. Бұнысы несі деп, мен әуелі түсінбеп едім. Сөйтсем, әлгінде Қожа келіп қалғанда ләңгіні ең ішкі қойнына тастап жіберген екен. Тіптсе, таба алмасын дегені болу керек.

Өзгелер сабақпен бас қатырып жатқанда біз тағы да ләңгі ойнап, жетісіп қалдық. Бұл үшін тамаша жағдай жасап берген Нәсір мұғалімге рақмет айтар жөніміз бар.

ҚАЙРАН МЕНІҢ ӘЛИМАН ЖЕҢГЕМ

Тамылжыған әсем жаз. Даланың қара жолы. Қос ат жегілген салдырлақ жүксіз арбада екі адам келе жатырмыз: мен және арба айдаушы.

Арба <<Үлгілі>> колхозынікі. Нарынқолдың бас жағындағы ағаш тілетін заводқа тақтай алуға бара жатыр. Менің де барар жерім Нарынқол.

Нарынқол бұ күнде жаңа құрылған ауданның орталығы. Осы биыл көктемде Кеген ауданынан бөлініп шыққан. Жаңа аудан құрылуымен байланысты колхоз-колхоздардан сауаты бар бірсыпыра адам аудандық, мекемелерге қызметке шақырылады. Соның ішінде менің Сатылған ағайым да бар. Ол осы кезде прокуратурада хатшы болып істейді. Күлімбала екеуі Нарынқолға көшіп барған. Міне, оқу жылы аяқталды, төртінші артта қалды. Мен енді жазғы демалысқа шығып, бұл күнде Нарынқолдың тұрғыны болған аға-жеңгемнің қолына келе жатырмын.

Нарынқолды бұрын көрген емеспін, құдай қойса, бірінші рет көрем.

Сүмбеге өкпем жоқ, мен үшін құтты жер, құтты мектеп болды. Биыл да төртіншіні озат бітіріп, мақтау грамотасын алдым. Осы келе жатқанда өзімді оңынан айы, солынан күні туып келе жатқан нағыз бақытты адамдай сезінем. Өйтпей ше? Мұнда мен мұндай табысты болсам, ана жақта ағайым анадай қызметтен қызметке өрлеп бағады. Бүгін прокурордың хатшысы, ертең өзі болмасына кім кепіл?

Бұл аймақтың халқы дүниеде сот пен прокурордан үлкен, одан маңызды қызмет бар деп, ойлай қоймайды.

Күн бүгін әсем. Аспанда ине шаншым бұлт жоқ, лүп еткен жел жоқ. Жолдың асты мен үсті біркелкі боп жайқалған көк майса егін. Бозторғай биікке шығып алып, әсем жазды жыр етіп шертеді. Арба жақын келіп қалғанда ұша жөнеліп, жүз-жүз елу метрден алыстап барып, тағы да әуеге ілініп тұра қалады. Үзілген әнін қайта

жалғайды. Желіндеген биедей балбыраған дала төсінде, бұдан да басқа құлаққа келер ғажайып үндер көп. Тіршіліктің мың бір ұрығы оянған, мың сан тамырға жан бітіп, нәр жүгірген кез. Төңірек толы қыт-қыт еткен тоқтаусыз, толассыз нәзік сырлы күй, өмір күйі. Қаулаған жаңа жас өмірдің сезімтал көңілмен ұғар сыршыл күйі.

128

Көшір тақырайған шекесін күннен қорғап, қалпағын оскырайта киген қартаң адам. Мен оның арт жағында бүгінгі ғажап жазды тамашалап, неше алуан қиялға беріліп отырмын. Сонау алыс болашағым да тамылжыған жаз болып елестейді. Мынау төбемдегі көк аспандай тап-таза, мөлдір, шетсіз-шексіз. Мен қырандай қанат қағып, бірден бірге биіктеп ұша берем, ұша берем. Мүмкін, бір кезде дауылға да ұрынармын, суыққа да тоңармын деген ойлар ол кезде басқа келмейді...

Ох, шіркін! Адам өмірден тек бала болып өтсе! Ойын-күлкімен өтсе! Өмірге қалай келіп, қалай кеткенін білмей қалар болса!

Қостөбеде біз аялдамақ емеспіз. Кімге аялдаймыз? Ыдырыс та, Смағұл да бойдақ. Колхоздың жұмыс иелігінен олардың еш айырмасы жоқ қазір. Бригадир қайда қуаласа, сонда барады. Ой-қырдың бірінде еңбек етіп, жандарын бағып жүрген шығар.

Жауыртоғанда жер қойнауында мәңгілік ұйқыға батып, анам жатыр. Өз еркім өзімде болса, мен соған бұрылып барар едім. Қайран анам! Сен көз жұмғалы міне, екі жарым жыл бопты. Екі жарым жылдан бері мен жетімнің <<Жетім>> деген тажалдай суық сөзді ести-ести бұл күнде құлағым әбден үйренген.

Суық, түнек жердің қойнына, анашым, сен де үйренген боларсың.

- Шешесі жоқ жетімдер, қолдарыңды көтерің

-дер! - десе, осы кезде мен бірінші болып қол көтерем. Бұл үшін арланбақ түгіл, ойланбаймын да. Жетімдік маңдайыма туғаннан жазылып қойылған сыбағамдай көрем.

Әне, адамның көңгіштігі, төзгіштігі солай болады екен. Тек тағдыр басқа салмасын. Басқа салса, біраз былғаңдап тулайсың да, сосын көк есекше бүлкілдеп жүріп бересің.

Өз тізгінім өзіме тиген кезде, анашым, сенің басыңа әлі талай келермін. Жүрек-қалтама жиналған мұң-зарымды төгіп, босатармын. Ал, әзірше хош бол, анашым, кінәлама!

Таулы жердің ауа райы ерке қыздың мінезіндей құбылмалы. Жарқырап тұрып, түнере қалуы тіптен оңай. Біз Қостөбеден өткенде күн ашық болатын. Кемерге жеткенде, аспан бұлттана бастады. Үкірші жақтан жентек-жентек қара бұлттар жел айдап, ойнап шықты.

Нарынқолға таяу Жағатам дейтін шағын қыстақ бар. Соған тақалғанда тырсылдап жаңбыр жауа бастады.

- Мына күн қайтеді, жауа ма? - деп, арба айдаушы көкке үрейлене қарайды.

Екі қара бұлт бірімен бірі сүзісетіндей жақындасып келеді. Өне, сүзісті. Жер қайысқан екі үлкен армия біреуіне біреуі лап қойып, шабуылға шыққандай еді: зеңбіректер гүр-гүр, болат қылыштар шақ-шақ...

Екі бұлт араласып, миласып, бір бұлтқа айналды. Жаңбыр төпеп құйып кетті. Енді ойланып жатуға мұрша жоқ.

- Бала, анау үйге барып паналайық, - деді де, арбакеш аттардың басын жолдан бұра берді. Оң қол жағымызда қабақшада сыртын әктеген, тоқал төбелі оқшау там үй тұр.

Бұл <<Жағатамнан>> өткеннен кейін.

Жүксіз арба үй алдына таңқылдап келіп тоқтай қалды (Өлгі араның жері тастақ еді). Ши-шидің арасында жайылып жүрген тауықтар да жауыннан безіп, қораға

129

кіріп кетіп жатыр. Арбадан секіріп түсіп, үйге ұмтылды. Сырт есік ашық, ауыз үйге тасырлатып кіріп-кіріп келдік.

Осы кезде төр үйден кимешек киген әйел шықты. Өлгіні көріп, менің қолқа-жүрегім солқ ете қалды. Көзіме оттай басылған бұл адам өзімнің бір кездегі аяулы жеңгем Әлиман еді.

Әлиман да мені бірден таныды.

- Қайдан келесің? Қайда барасың? - деп, жөн сұрап жатыр.

Айттым.

- Ал, үйге кіріңіздер. Кірдік.

- Төрлетіңіздер!

Төрлетуге бізде құлық жоқ. Үйдің іші тап-таза, есікке дейін алаша, киіз төселіп тасталған. Әлиман ұстаған үй екені бірден-ақ көрініп тұр. Үстімізден тамшылаған суды қағып, сілкіп, есік алдына бөгеле бердік.

- Ештеңе етпейді, жоғары шығыңыздар!

Төрге текемет, оның үстінен ұзынша аткөрпе төселген екен. Мына түрімізбен жүрген жолымызды былғап, онда барып, сұқсиып-сұқсиып отыруға бет шыдар емес. Сол араға жақын терезе жаққа, жай ғана текеметтің үстіне шөге-шөге кеттік. Әлиман дәл қасымызға бір тізерлеп ол да отырды. Сол қалпы - өзгермеген, жүріс-тұрысы жұмсақ, биязы.

- Ағаң ауданда қайда істеп жүр?

- Прокурорда хатшы болып істейді.

Әлиман <<мм...>> деді. Өскен екен дегені тәрізді. Ақ шұбар өңіне бір сәтке біраз ой көлеңкесі түсіп өткендей болды.

- Ал отырыңыздар, мен шай қояйын. Шай ішіп, бір-ақ жүретін шығарсыздар.

Оған дейін күн де басылар.

Жұп-жұмсақ мәсі киген аяқтарын үнсіз басып, Әлиман ауыз үйге шығып кетті. Оның соңынан қарай отырып, мен өткен өмірді есіме алдым. Қайран, Әлиман жеңгем! Қайтейін, бізге бұйырмадың ғой. Өсекші жұрт Сатылған екеуіңді екі жаққа ажыратып тынды. Оның зардабын мына мен тарттым. Иә, біздің үйді үй етіп, ел қатарына қосып едің. Аз тұрсаң да, өмір бойы ұмытылмастай талай жақсылық істеп едің. Ақ киізден сырып жасап берген, әрі жеңіл, әрі жылы пимаң ұмыт бола ма?

Қайран, Әлиман жеңгем! Үй ішін дәл сендей ретті, таза ұстайтын адам бар ма екен? Осындағы кез келген заттан, төсектің, жүктің жиналуынан мен сенің өнерлі, бипаз қолыңды ап-анық танымын.

Үй ішіндегі біраз зат маған бұрыннан таныс. Анау төрдегі кестелі киім жапқыш бір кезде дәл осылай біздің үйге көрік беріп тұрған еді. Тоқылған шашағы да, кестедегі суреттері де әлгінде көзіме бірден жылы ұшырай кеткен. Бірінің соңынан бірі шұбаған, бірінен бірін айырғысыз он екі қызыл қораз. Алтауы оң жақтан, алтауы сол жақтан қарама-қарсы келіп, ең алдағы екі қораздың бастары түйісіңкіреп тоқтаған. Киім жапқышқа тігілген кесте-сурет міне, осы еді.

Мен қораздарды осы отырғанда санап та шықтым - тура он екі. Не азаймаған, не көбеймеген. Бізден кеткелі бергі уақыттың ішінде бір де біреуі шетінемеген. Не деген жаны берік қораздар десеңші.

Міне, шай да келіп қалды. Әлиманның шайы осындай - тез қайнайды, сарғайтып күттірмейді. Көңілді-таза дастарқан, аппақ ақ нан, қант. Кесенің түбінен етіп, сүт

130

қатып құйған шайы қандай дәмді Әлиманның! Таңдайыңа балдай татиды, ішесің, іше бергің келеді.

Ауыл әйелдеріне тән ибалықты Әлиман берік ұстайды. Жаулықты кіршіксіз аппақ етіп киеді, бір тал шашын сыртқа шығармайды. Қолына күміс білезік, жүзік салады. Көйлекті мол киеді. Қарашы, шай ұрттауының өзінде қаншама әдептілік жатыр! Ұрттағаны ернінің ұшын ғана тигізгені тәрізді - түк естілмейді.

Жауын басылған. Терезеден төрдегі бұрышқа қиғаштап күн сәулесі түсіп тұр. Үйдің басқа жері түп-тұнық болғанда, әлгі жарық сәуленің іші быжынап ұшып жүрген мың-миллион ұсақ шаң-тозаң.

Шай құя отырып, Әлиман өз жайынан да айтты. Күйеуге шығыпты. Ері аудандық аурухананың осындағы көмекші шаруашылығында жұмыскер екен. Аурухана осы араға әр түрлі овощ егеді, бұлар соны күтіп, күзетеді.

Шай ішіліп болды. Біз енді жүрмекшіміз. Осы кезде Әлиман орнынан серпіле тұрып, төрдегі қоңыр әбдіраны ашып, бір орам көкала шыт алып шықты.

- Құдай жолыңды түсіріп, келіп қалған екенсің. Тай мінгізіп жіберер ек, шама жоқ. Тым құрыса, жейде киіп кет. Ана жылы Сарыбастауда оқып жүргеніңде ашумен үстіңнен қара шапанды сыпырып алған едім. Қайтейін, қу жоқшылық адамға не істетпейді? Сол жеңгем сол кезде сөйтіп еді деме, шығар есіңнен. Құдай қойса, әлі-ақ адам боласың. Адам болды деген міне, осы...

Көкала шытты Әлиман қойныма тығып берді. Жүрегімді талайға дейін жылытып жүретіндей көп-көп аналық сөздер айтты. Бұл күнде жат боп кеткен адамнан мен дәл мұндай жақындық, дәл мұндай бейіл күтпеп едім. Ризашылығым өз алдына, мен Әлиманды қимастай боп аттандым.

ЖАҢА ДОС

Нарынқолды бұл өлкенің қазақтары, өздерінше, қала санайды. <<Қалада не бар екен?>> деп жатады. Міне, біз сол қалаға кіріп келе жатармыз. Түзу кең көше, қол-дың саласындай боп, тізіліп өскен теректер, шатырлы ағаш үйлер. Бұның бәрі маған үлкен әсер қалдырды.

Арба раймагтың алдына кеп тоқтады. Халықтың мол жері. Бір емес, бірнеше дүкен, асхана. Біреулер шұбап кіріп барады, біреулер шығып келеді. Телеграф бағандарына, теректің көлеңкесіне байлаған шоғыр-шоғыр ерттеулі ат.

Орыс бұл арада көбірек көрінеді. Олар да қатын-балаларын ертіп, шұбап жүр.

Сөйлеген сөздерінен дым да түсінбеймін.

Тал түсте ерігіп, мас боп жүргендерді мен бірінші рет осында көрдім. Біреу үсті-басы шаң-шаң боп ластанып, дүкеннің көлеңкесінде ұйықтап жатыр. Бетіне, аузына шыбын қонса, қолын сермеп, үркітіп қояды.

Арбакеш: <<Ағаңның үйін іздеп таба аласың ба>>, - дейді. Адресі қалтамда болса да, мен таба алатын емеспін, жүрексінем. Мына жүрген халықтың маған бәрі жат, бәрі бөтен.

Арбакеш бір әйелдерді тоқтатып, сөйлесіп тұр. Мені шақырды. Келдім. Әйелдердің бірі аға-жеңгемнің қайда тұратынын біледі екен. Жүр, ертіп апарайын деді.

131

Қаланың қақ ортасымен келе жатырмыз. Маңдайшасына жарнама қағылған үйлерді де тұңғыш көруім. Аудандық әр қилы мекемелер, Оңға қарай бұрылды. Төбесін қос төбе етіп жапқан биіктеу ағаш үй, қасында және бір ағаш үй. Осы соңғысы біздікі екен. Күлімбала жеңгем ширатылып қарсы алды.

Бала өзіне досты тез табады. Мен ертеңіне-ақ жаңа дос тауып алдым. Аты Жолдыбай.

Қолында мүйізатары бар, дембелше ақ сары бала қасыма келді. Жалаң аяқ, жалаң бас. Үстіндегі боз майканың тозығы баяғыда жеткен, әр-әр жері іріп, ойдым-ойдым тесіліп кеткен. Ол, сірә, бұдан басқа киім кимейтін болуға керек - денесінің ашық жерінің бәрі қоладай қызарып күнге күйген. Ол мені бірден тергеуге ала бастады:

- Кімсің сен?

Мен жөнімді айттым.

- Жүр, шомыламыз!

Мен қуанып, ілесіп бердім.

Болды, бітті. Жолдыбай екеуміз доспыз енді.

Таңертең шайымды ішер-ішпестен Жолдыбай босағадан қарап, келеді де тұрады.

Мен ілесіп берем. Қайда барамыз, не істейміз деп, сұрамаймын. Жолдыбайдың

түр-түсі оны сұратпайды. Тек оған ілесіп, жолдас болуға жарағаным мен үшін зор мәртебе. Жолдыбай не істеп, не қоюды сарапқа салып жатпайды, тек бастап жөнеледі. Ол келе жатқанда балалар жарылып, жол беріп тұрады. Төртбақ шымыр Жолдыбайда айла да, күш те жетерлік. Төбелес десе, оның көзі жайнап кетуші еді. Жаңа досымның бойындағы осы қасиеттер мені оған бірден табындырды.

Ол менен бір-екі жас ересек еді.

Жолдыбайдың арқасында бас-аяғы бірер күннің ішінде Нарынқолдың ой-шұқырын түгел біліп алдым. Мен бұны қала деп, жүрексініп жүрсем, пішту, түк те емес екен. Қазір маған Қостөбе немесе Сүмбе қандай болса, Нарынқол дәл сондай.

Күндіз, көбінесе, су бойында боламыз, шомыламыз, қармақ саламыз. Кеште клубты торуылдаймыз.

Аудандық клуб бар мұнда. Онда күнде кешкісін кино болып тұрады. Қалтада ақшаң болмаса да, кино көруге әрқашан да құлқың соғып тұратынын жөнді түсінбейтін біреулер, киноға билет алып кіруді шығарған. Бұл біздің кешті көңілді өткізуімізге қиындық келтірмей қоймайды.

Жарайды, қалтамызға бір сом, екі сом ақша түскен екен. Оны әкел бері деп, арбап, тілеп тұратын орын тек кино ғана ма? Клубтың дәл қасындағы, киномен қабаттасып күнде кешқұрым ашылатын кезекті дүкенді қайда қоясың? Онда, негізінен, арақ, кәмпит сатылады. Арағының тұқымы құрысын. Ал неше алуан кәмпитті көре тұрып, қайдары бір киноға бола, қалтада ақша ұстап шыдамайсың. Әрі кәмпит сорып, әрі киноға билет сатып алып шірену - бұл біз үшін тым жомарт кеткендік болады.

Сонымен, кино болар кезде клубты торуылдап келеміз.

Клуб үйі ескі ағаш үй. Оның жаңа болмай, қаусаған ескі үй болуы және уақтылы жөнделмеуі, шынын айтқанда, біздің бақытымыз. Жай ғана тастан қалай салған фундаменттің әр-әр жері омырылып құлап жатыр. Және бір-екі тас алсаң, қасқырдың апанындай үңірейіп шыға келеді. Содан інге кірген тышқанша зып

132

беріп, кіреміз де кетеміз, Экранның арт жағындағы суфлер отыруға арналған тесіктен бір-ақ шығамыз. Киноны сахнаның теріс жағынан көреміз.

Кейде киноға дейін клубта көркем өнер үйірмесі жұмыс істейді. Үйірмеге қатысатындар емін-еркін кіріп-шығып жүреді. Сол кезде біз де кіріп, жасырынып

қаламыз. О, ескі клубтың ішінде жасырынар жер көп! Қашан киноға халықты жібере бастағанша жатамыз бұғып. Бір сағат өтеді, екі сағат өтеді. Клубтың есігі бір кезде ашылады. Жұрт билеттерін көрсетіп, кіре бастайды. Сол кезде қуыс-қуыстан байқатпай шығамыз да, қалаған жерімізге отырып аламыз.

Орын таңдау жағынан мұнда әркімнің өз еркі. Билетте орын көрсетілмейді, әркім қалаған, жұрттан бұрын басып алған жеріне отырады.

Осының бәріне де мені баулып, көзімді ашушы Жолдыбай еді.

Жолдыбайдың шешесі жесір әйел, бір кеңседе үй сыпырушы болып істейді. Бір әпкесі, бір қарындасы бар, тұрмыстары нашар. Үйлерінде тамақ болса, Жолдыбай ішіп-жейді. Болмаса, қыңқ демейді, өз жанын өзі бағады. Біреулердің үйінің төбесінде өрешеді кұрт жаюлы тұрады. Енді біреулер бақшасына капуста, сәбіз егеді. <<Ер азығы мен бөрі азығы жолда>> дейді де, менің досым ебін тауып, соларды бір аралап өтеді. Қай үйдің кұрты тәтті, қай үйдің бақшасындағы сәбіз ірі - Жолдыкең бәрін біледі.

Мен шикі капустаны өмірімде жеп көрген емеспін. Жолдыбай рақаттана қарш-қарш шайнайды да:

- Сен білесің бе, капуста адамды тез семіртеді, - дейді.

Олай болса семіріп алайын деймін де, мен де жеймін.

Нарынқолдың тұрған жері әсем - тау баурайы. Бір жағы сарқырап аққан өзен, қалың тоғай. Екінші жағы тау - кәдімгі атақты Тянь-Шань. Жері құйқалы қара топырақ. Ауа райы салқын болғандықтан тек жемісі өспейді, басқаның бәрі өседі. Астығы аттың қапталынан келеді, картобы кеседей-кеседей болады. Таулы жер, шіркін, малдың жері ғой. Сай-саладағы көгал шөпке жаздыгүні шөккен түйе жасырынады. Жайлауында ызың еткен шыбын болмайды. Қыста таудың күнге бетінде қар және жатпайды. Жылдың он екі айына малды айдап салып, тек қара да отыр. Нарынқолда отын-су қандай ырғын. Таудағы зәулім кебу қарағайдың о жағынан балтамен бір, бұ жағынан және бір шауып, ырғап қалсаң, ажалы жеткен алыптай жерді солқ еткізіп, құлап түседі. Бұтағын аршын, сидамдап, төмен қарай ағызып, айда да жібер. Заулағаннан заулап, есігіңнің алдына бір-ақ келіп тоқтайды...

Қыстақтан жоғары Қайшы дейтін сайдың аузында диірмен бар, су диірмен. Бір күні бір қап бидайды астыма салып алып, ұн тартқызуға соған келдім. Диірмен тұрған жердің, ой, әдемісі-ай! Сынаптай тұнық, күркіреген тау өзені. Бойжеткен қыздай желкілдеген сұлу көкталдар, дәл қасында тау тиіп тұр. Менен бұрын

келген бірнеше адам бар екен. Солар тартқызып болғанша менің күте тұруыма тұра келді. Бұл үшін мен оншалық өкінген жоқпын. Табиғаттың маңайдағы сұлулығына ғажап қалып, тамашалаумен болдым.

Бір кезде диірменнің ішіне кірдім. Ешкім жоқ. Терезенің алдында үстіне бір елі боп ұнның тозаңы қонған жұқалтаң кітап жатыр. Алып қарасам, Мұхтар Әуезов, <<Қараш-Қараш>>. Әңгімелер жинағы.

Мұхтар Әуезов дейтін жазушы екенін білем. Әлгі арада тікемен тік тұрып, кітапты оқи бастадым. Қызығынан бас ала алмаймын, неше түрлі адамдар мен

133

уақиғалар көз алдыма елестеп, қазіргінің бәрін ұмыттым, тамаша бір дүниеге ендім де кеттім.

Әңгіме ұзақ, таусылмайды.

Диірменге кіріп-шыққан жұрт бөгет жасай берген соң сыртқа шықтым. Тоғайдың арасына барып, жайғасып отырып алып, ал кеп оқы! Сіңірі шыққан екі кедей адам - Бақтығұл, Тектіғұлдардың жоқшылық тұрмыстары, тасмейір Сәлмен байдан көрген қорлықтары... Иә, енді не болар екен? Енді не болар екен деумен әңгіменің соңына жеткенше асығудамын. Тектіғұл сойылға жығылар жерде жаным ашығаны соншалық көзімнен жасым шығып кетті. Жауыз Сәлменді атарға оғым жоқ еді.

Оқиға тереңіне тарта берді.

Бақтығұл қашқын. Сәлмен байдың жылқысынан жылқы ұрлап әкелді. Елсіз тауда аш отырған қатын-баласына сойып, азық етпек.

Жас ет қазанда былқып пісіп жатыр, Бақтығұл ет турауға пышағын жанып, дайын отыр. Сілекейін жұтынған шыдамсыз аш балалар. Дәл сол кезде сырттан тысыр естілді. Бұл келген қуғын еді. Ет желінбей қалды. Бақтығұл таяққа жығылды, қатын-бала у-шу болды...

Осының бәр-бәрі маған тым жақын, таныс өмір тәрізді. Бір ысып, бір суымай, толқымай оқу, еш мүмкін емес. Қандай аяныш! Қандай қатігез тірлік! Жазушы бәрінің ізін аңдып, өз көзімен көріп, біліп жазған секілді.

<<Қараш-Қараш>> атты ұзақ әңгімені аяқтап, есімді бірақ, жиғандай болдым. Қарасам, күн кешкіріп қалған екен. Енді әріптер бұлдырап, көрінбеуге айналған. Оқыған әңгіменің әсері көңілімнен тіпті де суитын емес. Үйге тез барсам, осының бәрін Жолдыбайға айнытпай айтып берсем деймін.

Түн. Диірменнің іші. Сығырайған май шам. Жұқалтаң кітаптан мен әлі көз алмай, қадалып оқудамын. Анда-санда аяғын сылттып басқан ақсақ диірменші шал кіреді. Май шамның түбінде кітапқа үңілген мені көреді.

- Әй, сен мұнда не үшін келдің? Кітап оқығалы келдің бе? Сат ана ұныңды! Қазір сенің бидайың бітеді! - дейді.

Мен бұл кеште өмірдегі қызықтың бәрі де кітапта екен деген қорытындыға келдім. Шіркін, Мұхтар Әуезовті бір көрсем деп, арман еттім.

Ертесінде Жолдыбайға оқыған әңгімелерімнің уақиғасын бірінен соң бірін, майын тамызып айтып бердім. Ең соңында:

- Жолдыбай, қызық кітаптарды қайдан алып оқуға болады? - деп сұрадым.

Өйткені, оның білмейтіні, таппайтыны жоқ.

- Осында кітапхана бар, содан алуға болады. Кітапхана дегенді естігем, бірақ көрген емеспін.

- Мен барсам, бере ме?

- Мүмкін, берер.

Жолдыбай мені селоның орта тұсындағы оқшау бір үйге ертіп келді, Бұл аудандық кітапхана екен. Кең үйдің жарым бөлегі толы кітап, сөре-сөре тізіп жинап тастаған. Дүниеде мұншама мол кітап болатынын, оның бәрі бір арада жинаулы тұратынын тұңғыш рет көріп отырмын. Көзім тұнып, таңырқап қараймын.

Стол үстінде қат-қат боп жиналған газет-журнал қаншама! Мұның бәрін кім оқиды? Қалай оқып тауысады?

134

Біреулер кітап тапсырып, кітап алып жатыр. Көбі, біз секілді балалар.

Мен де оқуға кітап сұрадым. Кітапханашы әйел кімсің деп сұрап алды да, ауылдық советтен, мектептен әлдеқандай анықтамалар атып кел деп, мен үшін түсініксіздеу бір машақат жұмыс айтты. Онсыз кітап берілмейді.

Мен сыртқа аса жабырқап шықтым. Соншама мол кітаптың біріне де қолым жетпеуі корлық еді. Менің бұл халімді жете түсінген Жолдыбай:

- Сен уайым жеме, бермесе, қойсын. Саған керегі кітап па? Мен табам, - деп, көзін қулана қысып қойды.

- Қайдан, табасың?

- Үндеме, кеш батсын.

Кеш батып, ел орынға отырған кез. Жолдыбай екеуміз кітапхананың тұсында көшеде тұрмыз. Кітапхана қазір жабық, терезелері қараңғы. Төңіректі әбден байқап, қарап алды да Жолдыбай ымдап, бастай жөнелді. Мен одан қалмаймын. Кітапхананы бір айналып, терезелерді, құлыпты Жолдыкең байқап өтті. Дәу қара құлып, Жолдыкең қайқы бас сыммен түрткілеп көріп еді, ашпады.

Терезенің бәрі көше жақта, оншалық биік емес, бой жетер жерде. Жолдыкең бәкімен шұқылай бастап еді, әйнектің біреуісі сыңғыр етіп, босап, оның қолына келді. Терезенің бір көзі үңірейді де қалды.

Қазақтың ет жаятын қоймасының алақандай желдеткіш тесігі болады, ұры мысықтар сол тесіктен артына бір қарап алып, зып ете қалады. Жолдыбай тап сол. Үңірейген кішкентай көзге басын сұғып, тырбаңдап, ары қарай сүңгіп, кіріп, кетіп барады. Мен аяғынан сәл демеп жіберіп едім, қара тесік Жолдыкеңді жұтты да алды.

Дегбірім қашып, жан-жағыма қараймын. Бір пәлеге ұрынбасақ неғылсын. Сәл сезіктенер жағдай туса, Жолдыбайды қалдырып, безіп жөнелуімде дау жоқ.

- Мә, ал!

Дауыс Жолдыбайдікі. Ар жақтан бір құшақ кітап алып келіп, тесікке тықпалап жатыр. Мен кітаптарды қабылдап ала бастадым. Бір-екі кітап шашылып, жерге түсіп те қалды.

- Жете ме? Тағы әкелейін бе? Жолдыбай кітапхананы көтеріп кетпек.

- Жетеді!

Жолдыкең тесіктен әуелі екі қолын, одан соң басын шығарды. Салбырап түсіп келеді. Өмір бойы терезе көзінен кіріп-шығуды кәсіп етіп алған адамдай-ақ оп-оңай салаң ете қалды.

- Кеттік!

Бір-бір құшақ кітапты бауырымызға қысып алып, көшенің қараңғы шетімен безіп келеміз.

Ертесі. Тағы да босағадан жылтырап қарап, Жолдыбай келіп тұр. Енді оның күнге күйген иығы мен мойны түлеп, жауыр бола бастаған. Мен Жолдыбайдың келуін күтіп отыр едім. Екеуміз көшеге шықтық. Түнде ірі бір жұмыс тындырған адамдармыз, бірімізді біріміз қас-қабағымыздан ұғып, жымың-жымың етеміз. Олжа кітаптардың бәрін де түнде Жолдыбайүйінің тауық қорасындағы жаман-жұман жүктің арасына тығып тастағанбыз. Біздің үйге әкелуге болмайды. Сатылған ағайым көрсе, қайдан алдың дейді.

Күндіз Жолдыбай үйінде адам болмайды.

135

Міне, біз олжа кітаптарды қарап отырмыз. Жарым-жартысы қазақша, жарым-жартысы орысша. Орысша кітаптардың бізге қажеті шамалы - оқи алмаймыз.

- Қараңғыда қандай кітаптар екенін қайдан білейін, стол үстінен құшақтап алдым да жөнелдім, - дейді Жолдыбай.

Мен, оқитын кітаптарды шетінен бір-бірлеп алып тұрмақшымын.

Ойымызда кітапхана. Онда не боп жатыр екен? Түк білмеген болып, кітапхананы сырттан торып келдік. Терезенің көзін орнына қайтадан салып қойған, тым-тырыс. Біз кітапханаға кірген жоқпыз.

Арада үш-төрт күн етті.

Біздің үймен көрші үй Танабаев дейтіндікі. Күйеуі бір кеңседе бастық, әйелі кербез жас келіншек. Күйеуін қызметке шығарып салады да, ол әдетте, біздікіне келеді. Күлімбала жеңгем екеуі өсек кейтіп уақыт өткізеді.

Сол Танабаевтың әйелі аяғын ширатыла басып, біздің үйге келген. Мен кітап оқып отырмын.

- Бұл не кітап?

Илияс Жансүгіровтың <<Күй>> дейтін өлеңдер жинағы еді. Келіншек бірнеше бетін аударып, көз жүгіртті де:

- Берші, мен оқып шығайын, - деді.

- Алыңыз.

Келіншек кітапты алып кетіп қалды. Ертесі. Күндізгі уақыт. Біздің үйге мұрты тікірейген Бүркітбай милиционер келіп тұр.

- Осында пәлен дейтін бала бар ма? - деп, менің атымды атайды, - Бар.

Бүркітбай мені көп сөзге келтірмеді. Жүр деп, айдап алды. Милицияға әкелді. Мен ештеңе түсінетін емеспін. Жан-жағы бітеу қораға, одан бір бөлмеге кіргізді. Портупея тағынып, шпал қадаған әдемі қазақ жігіті отыр. Бүркітбайға бара беріңіз деді, мен қалдым. Оның менімен жөндеп сөйлесетіндей түрі бар. Әуелі аты-жөнімді сұрады, айттым.

- Мына кітапты танысың ба?

Столдың тартпасынан суырып алып көрсеткен әлгі кітап <<Күй>> еді. Көзіме жылы ұшырай кетті.

- Танимын.

- Сенің кітабың ба?

- ... менікі...

-Қайдан алдың сен мұны?

Не айтарымды білмеймін.

- Айт, қайдан алдың? Үн жоқ.

- Бұл қайтып сенің кітабың болады? Мына мөр не? Арада бір минут өткенде мен тергеушіге барлық шынымды айттым.

Сұрақ бітті. Мені қанаттағы бос бір бөлмеге кіргізді де, қамап қойды. Есікті жауып, сыртынан құлып салып жатуы адамға жаман әсер етеді екен.

Түн болды, жіберген жоқ. Осында түнеп шықтым. Таңертең Күлімбала жеңгем бір шәйнек шай, бір жапырақ нан алып келді. Кәдімгі қамаудағы адам тәріздімін, шайымды жаман бір ескі матрацты төсей салған жер төсектің үстінде отырып іштім.

Кенет, қора жақтан біреулердің шуласқан дауысы естілді. Таныс дауыс.

Жолдыбай. Орнымнан ұшып тұрып қарадым. Тағы да сол Бүркітбай,

136

Жолдыбайды айдап алған. Анау жүр деп итермелейді. Жолдыбай итерме, өзім де жүре алам деп, Бүркітбайға ырық бермей, кіжініп тұр.

Түске таман мені де, Жолдыбайды да босатты. Олжа кітаптың бәрі милиция арқылы кітапханаға қайтарылды. <<Ұрлық түбі қорлық>> болатынын мен тәжірибеде осылайша бір сынап көрдім.

МАХАББАТ ХАТЫ

Әй, осы махаббат хаты дегенді қойсаңызшы. Бағышталған адамына жетпей қап, қолды болып жататын да осы хат. Қаншама тату-тәтті жүректерді қызғаныштың қызыл шоғына қаритын да осы хат. Ойлап отырсаң, бұл хаттың рақаты да машақаты да мол. О, махаббат хатын жазуға құмартушылар! Менің мына айтайын деп отырған әңгімемнен сабақ алындар.

Ағайым тағы да Алматыға бір айлық курсқа оқуға кетті. Үйде енді Күлімбала екеуіміз ғанамыз. <<Ей, келіншек, сызылып бос отыруың жетеді, жұмысқа шық>> деп, құжбандай боп, келіп тұратын Бәзіл бригадир мұнда жоқ. Мұнда

бірақ, Қазбек бар. Иә, иә, ағайым барда біздің үйден шықпайтын, ағайымның жан жолдасы, анау санақ мекемесінде істейтін жылтыр бет Қазбек...

Бір күні біздің үйге Жолдыбай келді. Екеуміз өзенге қарай кетіп бара жатыр едік, арт жағымыздан Күлімбала шығып, айқай салды:

Қасына барған Жолдыбайды Күлімбала үйге ертіп кіріп кетті.

Мен әлгі орнымда таңырқағандай болып тұрмын. Жеңгем, менің жеңгем, неге мені шақырмай Жолдыбайды бөлектеп шақырады?

Жолдыбай көп кешікпей шықты. Анадай жерде тұрған маған, саған айтатын қызығым бар дегендей жымыып, көзінің астымен қарайды. Оның соңынан Күлімбала да шығып, бізді бақылап тұр.

Жеңгем саған не айтты деп, Жолдыбайға жабыса кетуге әдейі байқауға алып тұрған Күлімбаладан қаймықтым. Былай таман ұзаған соң сұрамақпын. Жолдыбай өзі де айтпай шыдамас. Суға барар жолда әлгінде айтқан санақ мекемесі бар (Қазбектің мекемесі). Сол араға таман келгенде, Жолдыбай үндеместен кеңсеге қарай бұрылды. Мен де бұрылдым. Бөрене үйдің алдына келіп, міне, енді іркіліп тоқтап тұрмыз. Күлімбала бұл арадан бізді көрмейді.

- Не, айтты ол саған?

Жолдыбай қылмаң-қылмаң етеді, бір қолы қалтада.

- Саған бір нәрсе көрсетейін бе?

- Көрсет!

Жолдыбай маған конвертке салынып, аузы желімделген, екі бүктелген хат көрсетті. Адрес жазылмаған.

- Жеңгең Қазбекке бер деп, берді.

Менің ішім мұздай болып кетті. Жеңгем Қазбекке не жазуы мүмкін? Айтатынын былай-ақ айтпай ма? Мұнда бір гәп болмаса неғылсын!

- Ашып, оқысақ қайтеді? - дедім Жолдыбайға.

- Қалай ашамыз?

- Ақырын ештеп ашамыз да, оқып, содан соң қайта желімдеп, апарып береміз.

137

Жолдыбай бірден келісті. Әйел-еректің құпиясын ол менен гөрі көбірек біледі де, көбірек түсінеді.

Екеуміз кеңсеге де кірмей, Күлімбалаға да көрінбей, тартып отырдық. Қауіпсіз оңашаға кезігіп, конвертті аша бастадық. Кереге көз дәптердің бір парағының екі

беті толы жазу. Сиямен мәнерлі етіп, асықпай жазуға тырысқан. Мүмкін, бірден жазылған хат емес те шығар. Бұл тәрізді хаттар, әдетте, талай жазылып, талай жыртылады. Талай рет өңдеуден, жөндеуден өтеді.

Талай өшіріліп, талай көшіріледі. Әр сөзі мық шегедей, бекем болғанда ғана жіберіледі.

Хат мазмұны қысқашалап айтқанда мынадай: Қазбек бір кезде Күлімбалаға, менің жеңгеме, сен менің періштемсің, сені көрмесем тұра алмайтын ауруға душар болдым деген. Сәбидей аңқау Күлімбала оған сенген де, торға түскен...

Арада бірталай күндер өтті, Сатылған жоқ. Күлімбала екі көзі төрт болып, Қазбекті күтеді, ал Қазбек болса, жоламайды. Бұ несі оның? Келекесі ме?..

Ыза менен күйініш ішін мысықтай тырналап отырып жазған шарасыз әйел осының бәрін қағаз бетіне қандай сөздермен түсіретінін, оқушы, енді өзін жобалап білерсің.

Жолдыбай үшін бұл хат қызық, тамаша. Ал мен үшін қасірет. Ішім қызғаныштан алай-дүлей болып кетті. Күлімбаланы атарға оғым жоқ- Бәлем, тоқтай тұр! Келсін, ағайым!

Ағайым келгенде сонда не істемекпін? Шіркін, мына хатты қолына бере салсам!

- Жолдыбай көнер емес, хатты Қазбекке бермесем, Күлімбала мені құртады, - дейді.

- Онда мен бұл хатты көшіріп алайын?

Жолдыбай бұған көнді. Уақиғаның шиеленісе түсуі оған да қызық. Екеуміз Жолдыбайдың үйіне келдік. Мен хатты көшіруге кірістім. Түпнұсқа алдымда жатыр. Бір де бір сөзін бұзған да, қалдырған да жоқпын.

Көшірілген хатты енді қайда сақтамақпын? Қалтамда жүрсе, біріншіден, тозады. Екіншіден, жеңгем тауып алып қоюы мүмкін.

Біздің үйдің қасында бір түп долана ағашы өседі. Әлгінің басында қараторғайдың ұясы бар, ішіне жұмсақ болсын деп, шөп төселген. Хатты ешкім ескермес деп, сол ұяға, шөптің астына тықтым да қойдым. Енді тек келсін ағайым.

Күндер өтіп жатты.

Хатты алған соң, Қазбек біздің үйге тағы да келе бастады. Орта бойлы, әдемі, сұрша жігіт киімді қатып киінеді. Аяғында айнадай жалтыраған жеңіл хром етік, галифе шалбар, сырт. кейде. Белінде қып-қызыл жалпақ қайыс белбеу. Басында жейдесі түстес қоңыр фуражка.

- Келіншек, амансың ба? Сатылғаннан хат бар ма? Қашан келем дейді?

Қазбек жайдан-жай келмейді біздің үйге. Алматыда оқып жатқан жолдасының - менің ағайымның амандығын білуге келеді. Оны көргенде Күлімбала жеңгемнің көзі жайнап кетеді. Үйдегі арқалы жалғыз орындықтың үстін орамалмен бипаздай сүртіп, Қазбекке ұсынады:

- Отыр, Қазбек жайлап отырып жатады. Оның қимыл-қозғалысының бәрі де киім киісі тәрізді сыпайы, әсем.

138

- Сатылған жоқ болса, бір де бірің жоламайсыңдар. Келіп, амандық білуге де жарамайсыңдар, - дейді Күлімбала. Қазбекке кінә тағып, бүріп алғандай болады.

Қазбек сөз таба біледі:

- Байы жоқ қатынның үйінде не бар? Бір күні болмаса, бір күні өсекке қаларсың!

- Е, қорқады екенсің ғой?

- Бұл қорқу емес, сақ болу.

Ішімнен зығырым қайнап мен отырмын. Екі сайқал, сайқалданыңдар! Мені ештеңе білмейді деп ойлайсыңдар ғой! Күліңдер, әзірше, жетісіндер! Күлкілерің қашанға барар екен.

Сарғайып күткен күн жетті - оқудан ағайым келді. Күлімбала шай қойып, жай таппай жүр. Күйеуін күте-күте екі көзі төрт болып, зарыққан адам тәрізді.

Ағайыммен амандасуға жолдас-жоралары келді, ішінде Қазбек. Ол Күлімбалаға қалжың айта келді:

- Келіншек, күйеуің кеп, көзайым болып жатырсың ба? Алдын ада бізді шақырып, тоқымқағар жасасаң ғой, Сатылған бұдан да ертерек келетін еді.

Қазбек қалжыңды мәнерлеп, өлшеп айтуға тырысады. Ішінде не Күлімбаланың, не оның күйеуінің көңіліне келетіндей ебетейсіз, артық сөз кетіп қалмауын қатты қадағалайды. Әлдекімдерге ұқсап, жолдасының әйеліне өз әйеліндей тұрпайылап жатуды білмейді. Иә, жуастан жуан шығатынның нақ өзі.

Мен ағайым келген бетте-ақ долананың басына шығып, анадан бері көзімнің қарашығындай сақтап жүрген көшірме хатты қалтама қаттап алғам. Енді ретін тауып, соны ағайыма табыс еткеннен басқа менде ой да, мақсат та жоқ.

Бұл күні хатты берудің ыңғайы келмеді.

Ертесі болды, шай ішілді. Ағайым қызметіне баруға үйден шығып кетті.

Сәл аялдап, соңынан мен де шықтым. Ағайымның артынан жүгіріп келем, қуып жетіп, түк айтпастан, хатты қолына ұстата салдым...

Бұл не дегендей ағайым сол арада тұрып оқи бастады да, өңі бұзылып кетті...
 Түскі үзіліске ол қасына бірнеше адам ертіп келді. Ішінде ауылдық советтің председателі бар. Көбінесе біртоға жүретін, сабыр сақтай білетін Сатылғанның түр-түсі өрт сөндіргендей түтігіп, қарайып кеткен. Ол Күлімбааламен ажыраспақ боп, қасындағы кісілерді куәлікке ертіп келген екен.
 Сот арқылы ажырасу ол кезде жоқ.
 Күлімбаала тек қос қолдап, бетін басып, жылағанды білді. Үйдегі бар зат екіге бөлініп жатты.
 Сатылғанның екінші рет үйленуі, сөйтіп, тағы да сәтсіз тынды.

ӨГЕЙ ШЕШЕ

Мен, міне, тағы да Қостөбедемін. Құттықтап қойыңыздар - өгей шешелі болғам. Күлімбаала түтетіп отырған түтін сөнгеннен кейін басым ауған жаққа қаңғып жөнелмей, енді өгей шешені де бір көрейін, көрмегенім осы еді деп, Күміс дейтін адамның қолына келдім (Мұнда келмей, қайда барушы едің деп, неге сұрамайсыздар?). Күміс әкемнен үлкен бе деп қалам (Жас жағынан). Ал бой

139

жағынан Ыдырыстан биік: бет бітімі кесек, қалбиған қара әйел. Аты Күміс демесең, өзі де, киген киімі де шойынға көбірек ұқсайды.
 Ластығы жағынан аумаған менің бір кездегі Бибіжамал жеңгем. Соның өзі болмағанмен, көшірмесі.
 Күміс дені сау да адам емес еді. Оқта-текте талып жығылып қалады. Өзінен өзі күбірлеп сөйлеп, әруақ-құдайға сыйынып, солармен тілдесіп жүреді.
 Талма ауруды қазақ қояншық дейді. Күмістің қояншығы күрт ұстайды. Шай құйып, немесе от жағып отырады да, серейіп жығылып қалады. Тісін шықыр-шықыр еткізіп, аяқ-қолының тамыры тартылып, кейде аузынан ақ көбік ағып, көздері аларып, тырбаңдап жатады. Бұрын мұндайды көрмеген менде зәре қалмайды. Дереу сыртқа атып жөнелемін, көрші кемпірлердің біреуін ертіп келем. Тұрдыбек інім бұл кезде үш жастан асқан. Күтімсіз болудың салдарынан ит аурумен ауырып, аяғы әлі шықпаған - мешел. Түрегеп жүре алмайды, құйрығымен қозғалады. Көбіне көп сыз еденге төселген құрым киіздің үстінде, мойны қылдай болып көздері бақырайып, жарбиып отырғанды біледі.

Өзі мешел болғанмен тілі сау, сөйлесе тақ-тақ етеді. Бірақ көп сөйлемейді. Өзінің мешел болып қалуына осы жүрген адамдардың бәрін кінәлап, қарғыс айтқандай сәби қабағын түйіп алып, түксиіп үнсіз отырады. Бұл күнде ауылдың үлкен-кішісінің бәрі оның Тұрдыбек дейтін атына <<мешел>> дейтін сөзді қабаттап, қоса атайтын болған.

<<Тұрдыбек мешел!>>

Жуыну, киім ауыстыру дегенді Тұрдыбек шешесі өлгелі білген емес. Оның үстінде киім бе, болмаса жабағы тәрізді жапсырып таңып қойған бірдене ме, ажырату қиын. Аяқ, қолы шидей, шашы өсіп, құлақтарын көміп кеткен... Сәбидің сол кездегі кейпі кезіме елестегенде осы күні де менің жүрегім шошынудан қақ айырыла жаздайды.

Күміс талып жығылып жатқан кезде Тұрдыбекте де ес қалмайды. Бірақ ол мен құсап үйден қашып кете алмайды. Құйрығымен тез-тез сырғанап, үйдің алысырақ бұрышына қарай шегіне береді. Екі көзі есік жақты бөгеп, ұп-ұзын боп, серең-серең етіп жатқан Күміс те.

Менің үйде болғанымды Тұрдыбек жақсы көреді. Екеуден екеу қалсақ, қабағы ашылып, сергіп, бірдене-бірдене сөйлей бастайды. Кәдімгідей балалық мінезі ұстап, ойнамақ болады. Менің жаным Тұрдыбекке керемет ашушы еді...

Күміс Тұрдыбекке қатал қарайды. Оңашада ұрып-соғады екен, оны маған Тұрдыбек өзі айтады. Қайтейін, ара түсуге менде шама бар ма? Інімнің ауыр халі ішіме у боп құйылады.

Мен бұл кезде жұрттан жасырып, өлеңдер жазатын едім. Көбі өз басымдағы қайғы-қасіретім. Әлі де болса өлдіге қиғым келмейтін аяулы анам, оны жоқтау. Тұрдыбектің басындағы ауыр хал. Күмістің оны ұратындығы.

Қара бұлттай қалбиған мынау Күміс,

Соғады Тұрдыбекті гүрс-гүрс, -деген екі жол өлең есімде қалыпты.

Күз. Нарынқолда бесінші оқып жүрмін.

Осында Нұрғабыл дейтін бізбен туысқан кең бейіл тамаша адам бар, мұғалім.

Сатылған екеуміз соның үйінде жүреміз.

Бір күні осы үйге сүмпиіп әкем келіп тұр.

140

- Жайша келдің бе?

- Тұрдыбекті бәліске әкеп ем.

- Е, оған не болды?

- Су екен деп, аптол ішіп қойыпты...

Уақиға былай болған: әкем әйелі екеуі қырманда молотилкада істейді. Ауылдан бірғауым жер. Сонда жатып, сонда тұрады. Тұрдыбекті де алып барған. Аяғы жоқ мешел бейшара ұзақ күнге қырманның шетінде күнге борсып, отырғанды ғана біледі. Өгей шеше оған қарамайды.

Панасыз сәби бір күні әлгідей отырып, қатқаксып шөлдейді. Ішуге су іздейді. Маңайында әр түрлі шелек, бөшкелер тұрады екен. Соларға үңіліп қарай бастайды. Шелектің біреуінде молотилканың моторына құятын автол тұрады. Сәби оның не зат екенін біле ме? Басын сұғып жібер еді де, қылқылдатып жұта бастайды... Байқұс інім ауруханада бір жетідей жатып шықты. Талайға дейін оның ішіне ас тоқтамайтын болды.

Қыс кезі. Қазақы жайпақ шанамен тағы да Қостөбеден әкем келген. Шанасында төселген киіз, жаман бір көрпе жатыр.

- Біреуді алып келдің бе, не жұмыспен келдің?

- Тұрдыбекті бәліске әкеп ем...

- Е, тағы не боп қалды?

- Ұста дүкеніндегі отқа қолын тығып алыпты. Уақиға былай болған: Өскембай ұстаның дүкені біздің үйдің қасында. Тұрдыбек бұл кезде үйдің қабырғасына, дуалға сүйеніп жүретін болған. Ылғи да жападан-жалғыз отыра беруден іші пысқан сәби бір күні там-тамды жағалап, сырғып, ұста дүкеніне келеді. Тұрдыбекпен шамалас Қырғызбай дейтін бала бар. Ол мешел емес, сау.

Қалтырап әрең тұрған Тұрдыбекті Қырғызбай қызық үшін жұлқып, итеріп келіп қалады. Тұрдыбек омақаса жығылып, бір қолын көріктің қып-қызыл шоғына білегіне дейін ондырмай тығып алады.

Бұл хабарды естігенде менің арқа-басым шымырлап кетті.

Байғұс сәби тағы да ауруханада.

Ініме мен күн сайын келіп тұрам. Пряник, кәмпит әкеп берем. Мұнда оны келісімен моншаға салған, шашын алған. Тап-таза іш киім, халат берген. Күйген қолын добалдай етіп таңып, ақ жаймалы, сеткалы темір кереуетке жатқызып қойған. Мен алғаш келгенде өз інімді өзім танымай қала жаздадым. Түрінен кісі шошығандай бұрынғы Тұрдыбек емес, екі көзі қарақаттай, сүп-сүйкімді біреу. Мені көріп, әдемі жымыып күледі. Інім екенін сонда ғана таныдым.

Адамды адам ететін де, хайуан ететін де тұрмыс екен, мен соны білдім.

Бір күні сабақ, соңынан Тұрдыбекке тағы да келген едім. Төсегінің қасында отырмын. Тұрдыбек сау қолымен жастығының астын сипалап, бірдеңе іздей бастады. Сөйтсем, үш тал домалақ кәмпит екен.

- Мә, аға, же, саған сақтап қойдым, - деп, ұсынып жатыр.

Бұл кәмпиттерді таңертең шаймен берген. Тұрдыбек жемей, өз аузынан жырып, маған сақтап қойыпты. Інімнің бауырмалдық қылығына іші-бауырым еріп кеткендей болды.

- Өзің жей ғой...

Мен екі түрлі мамандықтың адамына жасымнан керемет қадірлейтін едім. Бірі - мұғалім, екіншісі - дәрігер. Дүниедегі ең ақылды, ең мейірбан жандар осылар

141

тәрізденетін. Мен мұғалім мен дәрігерден тек жақсылық күтуші едім. Оларға өз ата-анама сенгендей сенуші едім.

Мұғалім мен дәрігерден оңбаған адам шығады деп, мен ешуақытта да ойламайтын едім.

Амал қанша, шығады екен.

Қатігез тағдыр, Тұрдыбек інімді дәрігердің оңбағанына кез келтірген. Ол оны адам-ау деп, келешегі бар-ау деп, қарамаған. Аяғын сындырып алған лақ тәрізді көрген. Күйген қолдың әр саусағын жеке-жеке даралап байлап емдемей, қосып, бір-ақ байлаған. Соның салдарынан жазыла келе бес саусақ біріне бірі жабысып, бірігіп біткен. Алақаны қасықтың басы тәрізденіп шұқанақ, қуыс болып қалған.

Бұны біз інім ауруханадан шыққанда бір-ақ көріп білдік.

Дәрігердің өз ісіне немқұрайды қарауы, өсе келе, Тұрдыбекке аса қымбатқа түсті. Күйген қолы еңбек етуге (айыр, күрек, балта секілді еңбек қаруын ұстауға) жөнді жарамайтын болды. Байғұс бала, сөйтіп, мәңгілікке мүгедек болып қалды.

Мен үшін жазғы демалыстың болғанынан болмағаны артық. Қайда барам? Тағы да кімнің қолына телміріп қараймын? Қостөбеге - Күміс шешеме жолағым келмейді.

Қостөбеден, өзімнің Қостөбемнен, безер болуыма және бір себеп бар, ол - колхоз жұмысы. Бригадир төбемді көрісімен атының басын бұрып, жетіп келеді. <<Өй, әке, оқуың бітті ме, кеп қалдың ба? Олай болса, ертеңнен бастап жұмысқа шық, ана шөп машинаның біреуінің атына мін>>, - дейді.

Біз үшін, жалпы балалар үшін, жазғы демалыстың демалыс деген тек аты ғана. Ал заты әлгідей - жаз бойы колхозда жұмыс істейміз. Күз боп, оқу басталарда, сонда ғана жұмыстан мойнымыз босап, уһ дейміз. Біз үшін нағыз демалыс ол - оқудың басталуы.

Амал қанша, Қостөбеге келдім, басқа барар жер жоқ. Әкем бұл кезде жалғыз үй боп, ауылдың сыртында бойдақ тана бағады екен. Ескі бір тамды пана қылып отыр. Бір бөлмеде өздері тұрады, карама-қарсы төбесі ашық басқа бөлмеге түнде сиыр қамайды. Далан үй екеулеріне орталық, ол да төбесіз.

Адам тұратын бөлмеде, керек десеңіз, есік те жоқ. Есік орнына ескі бір дағар ұстап қойған. Кейде, үйде адам жоқта, сұғанақ сиырлар тамақ иісін біліп, кіріп кетіп, оны-мұныны шашып, қазан-аяқтың әптер-тәптерін шығарады.

Күн ыссыда оқыра қуған сиырдан өткен ақымақ нәрсе бар ма? Құйрықтарын қайқайтып тігіп алып, көздері шарасынан шығып, бас сауғалар көлеңке іздеп, жан таппағанда, үйде кісі отырғанына қарамастан, тасырлатып кіріп келеді. Әуелі өзіңді басып кете жаздайды. Бәріміз бірдей шу ете қаламыз. Сол кезде, әлгі сасық қорс етіп, қайта үркіп жөнелгенде, дағар есікті мүйізіне іліп, қоса алып кетеді.

